



**ҚАБДЕШ
ЖҰМАДИЛОВ**



ДАРАБОЗ

**1
кітап**

Қабдеш Жұмаділов

Дарабоз

БІРІНШІ БӨЛІМ

ТОЛАС

Әй, Абылай, Абылай!
Сен — мен көргенде
Тұрымтайдай ұл едің,
Түркістанда жүр едің.
Әбілмәмбет патшаға
Қызметкер болып тұр едің.
Қалқақтап жүріп күнелтіп,
Үйсін Төле билердің
Түйесін баққан құл едің.
Сен жиырма жасқа жеткен соң,
Алтын тұғыр үстінде
Ақ сұңқар құстай түледің.
Дәулет құсы қонды басына,
Қыдыр келді қасына.
Бақ үйінде түнедің,
Алыстан тоят тіледің...
Уа, сен Қанжығалы Бөгенбай,
Тоқымы кеппес ұры едің,
Түн қатып және жүр едің.
Қабанбайдан бұрын найзаңды
Қай жерде жауға тіредің?!

(Бұқар жырау)

Ғайсаның туған күнінен есептегенде, бір мың да жеті жүз қырық сегізінші ұлу жылы, мамыр айының алғашқы жаңасында, Сарысу бойында отырған Әбілмәмбет ханның ордасында, ежелгі ата салты бойынша, жылда көктемде шақырылатын хан кеңесі өтіп жатты. Алаш ұранды қазақ бұл күнде үшке бөлініп, Ұлы жүз жері Жоңғардың қоластында қалып, Кіші жүз руларының дені орысқа бағынған Әбілқайыр ханның соңына ілесіп, Әбілмәмбеттің құзырында негізінен Орта жүз ғана қалғанымен, осыдан отыз жыл бұрын еткен қазақтың ұлы ханы Әз-Тәукенің аруағын сыйлаған жұрт оның немересі отырған шаңырақты әлі де Ұлы орда деп білуші еді.

Бірақ киіз туырлықты қазақ түгел қарайтын Ұлы орданың баяғы айдыны қазір жоқ, хан жарлығының да дуасы і кете бастаған. Біреулер орысты жағаттап, екіншісі ойратқа кіріптар болып жүрген қазіргі жаугершілік заманда кімнің кімге бағынып, қайда қоныстанғанын тектеп біліп отыру да өте киын еді. Соған орай, екі-үш ай бұрын сауын айтылса да, кеңеске шақырылған жұрттың біразы келмей қалды. Осы жолы қалайда бас қосармыз, ел тағдырын бірге отырып ақылдасармыз деп күткен Кіші жүз ханы Әбілхайыр да, оның балалары Нұралы мен Ералы сұлтандар да бұл жаққа ат басын бұрмады. Өздерінше терезе теңестіргені, үлкен орданы мойындамағаны. Жалпы, Әбілқайыр ен соңғы рет 1730 жылғы Жоңғарға қарсы жорықтарға қатысып, қолбасы ретінде абыройға ие болып жүрді де, Аңырақай соғысынан кейін сабынша бұзылды. Сол жылы қайтыс болған Болаттың орнына мені ұлы хан етіп сайламадыңдар деп өкпелеп, өзіне тиесілі әскермен ұрыс майданын тастап кеткен-ді. Содан қайтып Шығысқа ат ізін салған жоқ. Батыстағы көршімен тіл табысып кетті де, Жоңғарға қарсы соғысты жылы жауып қойды. Бұл жолы да: «Хан кеңесіне бара алмаймын, Петрбордан келетін орыс елшісін күтіп отырмын» деп сәлем айтыпты.

Торғай мен Ырғыз аралығында Кіші жүзбен жапсарлас отыратын, Әбілқайырдың қарындасын тоқалдыққа алып, кейінгі кезде қайнағасымен ым-жымы жарасып жақын жүретін Шақшақ Жәнібек те келер-келмесі екіталай болып, дәл кеңес басталар алдында, бір топ нөкерімен ырғалып-жырғалып зорға жетті. Әсілі, Арғын ішінде Жеті момынның Шақшақ бұтағынан тарайтын Қошқарұлы Жәнібек неше атасынан батырлық, билік үзілмеген, Абылай хан тағына отырғанға дейін, Орта жүздегі төрт тіректің бірі саналған, аса аруақты кісі еді. Бұқара халық өзі жасаған тізімде сол төрт тіректі: «Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек» деп ұйқастыруы жайдан-жай емес. Оның Ақтабаннан кейін ертерек ес жинап, қол бастап, ту ұстаған еңбегін ескергені, құрмет тұтқаны.

Алайда Шақшақ Жәнібек отызыншы жылдарға келгенде, бұрынғы бағытын бірден өзгертіп, қайнағасы Әбілқайырдың әуеніне қосылып кетті. Оның соңынан ерген Шақшақ пен Саржетім ауылдары Әбілмәмбет пен Абылайға бірде бағынса, бірде бағынбай, көбінше Кіші жүзбен қанаттас жайлайтын болған. Ресейге бодан болғандар ішінде Орта жүз рулары да бар

дегізіп, бұлар алғашқылардың бірі боп, Ақ патшаға ант берді. Содан кейін-ақ Шақшақ батыры Әбілқайырмен бірге орыс ұлықтарын жағалап кетті де, Жоңғарға қарсы кейінгі ұрыстарға қатыспады. Осы жағдай Орта жүз сұлтандары мен батырларының арасында Жәнібектің беделін күрт түсіріп жіберген... Бұл жолы да оған бұрынғыдай құрақ ұшқан ешкім болмады. Мұндай салқындықты Жәнібек те сезді, әрине. Сезді де, бұрынғыдан арман шалқая түсті. Бұрын да пандығы мен сырбаздығы бір басына жететін кісі еді, ана жылы Ақ патшадан тархан шенін алғаннан бері сән-салтанатын тіпті ат тарта алмайтын дәрежеге жетіпті... Әдейі қыр көрсеткені ме, бұл жолы Әбілмәмбет ордасына жол-жөнекей амалсыз соққанын, бұдан ары Петрбордан келетін орыс елшісі А.И.Тевкелев мырзамен жолығу үшін, асығыс Орынборға жүретінін екі сөзінің бірінде қыстырып қалып отырды.

Оның есесіне, Сарысу бойында, Қаратаудың күнгейі мен Сырдың төменгі ағысын жайлаған Кіші жүздің Тама, Табын, Алшын, Жаппас руларының біраз батыр, билері ежелгі ата салтын бұзбай, кеңеске дер кезінде келіп жетті. Бұлар негізінен Әбілқайырға бағынбай, Батыр сұлтанның иелігінде жүрген рулар еді. Бұлардан басқа, соңғы жылдары ата қоныстары, ел-жұрты жау қолында қалып, көбінше Әбілмәмбет ордасын қорғап-қоршап жүретін Ұлы жүздің Наурызбай, Бердіқожа, Тілеуке бастаған жаужүрек батырлары өз алдына бір төбе.

Осылардың бәрінін үстіне, кеңес басталарға дәл бір күн қалғанда сонау Ташкенттен жасы сексеннен асқан Төле бидің келіп жетуі — орда басындағыларға мерекеден кем болған жоқ. Ұлы би соңғы он-он бес жылда өз елін артық қан төгістен аман сақтап қалу үшін, амалсыз Жоңғар хандығына бодан болып, Халдан Цереннің Ташкенттегі басқағы болып жүрген-ді. Сол жағдайымен кейінгі бірнеше жылда хан кеңесіне де қатыса алмаған. Сексен бестегі қарттың көкірегі мұңмен шерге толы екен. Көпшіліктің қошемет-құрметімен аттан түсіп, хан ордасына кіргенде көңілі босап, күңіреніп кетті:

— О, жасаған! Ортадан ойып ордаға кірмегелі қай заман?! Алаш ұлы осылай телімге түсіп, тентіреп кетеді деп кім ойлаған?! Дегенмен, жаратқан құдайға мың да бір тәубе! Алтын тақты ақ ордам, өз орнында тапжылмай тұр екенсің ғой! Қасиетіңнен айналайын, Әз-Тәукенің орны жоғалмаған екен ғой! — деп сақалынан алты тарам жас ағып, тізерлеп отыра кетіп, төрде тұрған алтын тақты сүйгенде, анау-мынауға селт етпейтін батырлардың өзі көздеріне жас алып еді.

Ал әзірше басына нөкта кимеген Орта жүздің қол бастар батырлары мен сөз бастар билері кеңеске түгелге жуық жиналды. Қашанда Абылай туынын астынан табылатын Арғынның Бөгенбай, Олжабай, Малайсары, Сырымбет, Байғозы секілді батырлары мен Бұқар, Үмбетей сынды жыраулары әрқайсысы өз нөкерлерімен кеңес басталардан бірнеше күн бұрын келген екен. Ертеңінде олардың үстіне Қабанбай батыр, Ақтамберді жырау, Боранбай, Төбет, Қу дауысты Құттыбай билер бастатқан Найманның қалың

тобы келіп ошарылды. Бұларды қорғап-қоршаған: ер Еспембет, Есенгелді, Баймұрат, Оразымбет, Көкжал Барақ, Тауасар, Дәулетбай секілді әйгілі батырлары қаншама! Осыларға іле-шала ер Жәнібек бастаған Керей кісілері мен батыр Баянды бас еткен Уақ жігіттері де келіп жетіп еді.

Арқадағы алты арыс түгел жиналғанда, Қаз дауысты Қазыбек маңындағы Қаракесек ауылдарының тым-тырыс жатып алуы көңілге біраз кірбең түсіргендей болды. Кәрі бидің өзі белден шойырылып, ауырып жатырмын деп сәлем айтыпты. Бірақ бір кезде Әз-Тәукенің өзіне ақылшы болған қарт Қазыбекті етекпен тартып жібермеген — жасының жеткендігі де, белдің құяңы да емес, соңғы жылдары әкесінің орнына сөз тізгінін ұстаған Бекболат пен Абылай арасындағы қырбайлық болатын. Оған себеп болған да — ағайын арасындағы күндестік, билік, бедел бәсекесі. «Ағайынға қадірім жоқ — бетімді кереді, қатынға қадірім жоқ — етімді көреді» депті ғой бағыда бір дәншіпан. Сол кеп қазір Абылай басына да түсіп еді. Ана жылы, Сәмеке хан өлген соң Абылайды алғаш Орта жүзге хан көтергенде, Арғын атаңның балалары өзара жарысқа түскендей, оған алты рудан алты қыз беріп, алты отауды бір-ақ күнде әкеліп тігіп берген. Кейін еттері үйрене келе әлгілер Абылайға қаһарлы хан емес, жай күйеу бала ретінде қарай бастаған сыңайы бар. Қазақтың бұл мінезіне Абылай да ырық бере қоймай, арада бет жыртысып, көңіл қалдыратын жайлар да болып тұратын.

Бұл күнде хан ордасына өкпелеген ақсақал, би, атқамінер атаулы бес уақыт намазын орыс бекіністеріне қарап оқитын әдет тапты ғой. Кейінгі кезде Қазыбек төңірегінде хан мен сұлтанның басынан аттап, Орынбор мен Омбыға тіке байланыс жасай бастаған. Қазақ арасындағы білікті кісілерді өз жағына тартып, біріне-бірін айдап салуға келгенде патша әкімдері де әбден әккіленіп алған-ды. Екі арада жүретін жансыз, саудагер, тілмаш арқылы әркім-әркімге хат жазып, сый-сыяпат жіберіп отыратын. Ал оның қарымтасына әлгі ақсақал, би, рубасы да қаза даласында, хан ордасында не болып жатқанын таяу бекіністерге хабарлап отыруға тиіс еді. Абылай осындай астыртын әрекеттерге қалай тиым салудың амалын таппай тісін қайрап жүргенде, Омбыға хат апара жатқан сондай шабармандардың бірі қолға түсіп қалған. Ботахан және Жанай деген — Қаракесек руының жігіттері. Қоржындарын ақтарғанда, Сібір әкімдеріне деген тарту-таралғы және Бекболаттың хаты табылды. Қазақ ордасы мен Жоңғар арасындағы байланыс, келіп-кетіп жатқан елшілер жайындағы мәліметтер... Абылай өзгелерге тиым болсын деді ме, әлгі екеуін де Орда маңына әкеліп зынданға салып тастаған. Бірақ былайғы ел шын себебін білген жоқ. Ауыл арасында: «Бір тойда Ботахан абайсызда Абылайдың қалпағын қағып түсіріпті. Хан соған ашулы екен» деген әңгіме тарады... Жас жігіт Жанай жуас та, Ботахан дегені бір көк долы көрінеді. Жеті күннен кейін зынданнан шық десе; «көрге түскен адам тірі шықпайды» деп өз қарнын өзі есіп жіберіпті... Осының арты үлкен дауға айналып, Бекболат бес мың қолмен Орданы шаппақ болғанда, ел ішін егер қылмау үшін Абылай ақыры Ботаханға құн төлеп құтылған-ды. Әйтсе де, арадағы сол мұз жібімей, «Бес Мейрам» деп

аталатын Арғын рулары орталарындағы аз ауыл төреге оқта-текте ірге күш көрсетіп қоятын-ды.

Дегенмен, бұл жолы хан кеңесіне жанағы Қазыбек айналасынан басқа, Арғын, Найман, Керей, Уақ — төрт арыстың ел тұтқасын ұстаған беделді билері мен ру басы ақсақалдары, түмен басы, мың басы батырлары түгел-ақ жиналған-ды. Қазір Әбілмәмбет ордасында отырғандарға бажайлап көз салсаңыз, хан тұқымы саналатын ақсүйек сұлтан, оғланнан гөрі, қарашы халық: батыр мен билердің басым екенін байқар едіңіз. Жаугершілік заманда қашанда батырлардың мерейі үстем, мәртебесі биік. Әз-Тәукенің өзі «Жеті жарғыда» қарулы сарбаздың бағын асырып кеткен. Бұл күнде азаматтың абыройы ата даңқымен емес, ақ білектің күші, ақ найзаның ұшымен өлшенеді. Тіпті хан, сұлтандардың арасында қайраты басым, шайқасқа шайлықпай шыға алатын, жеке басының ерлігімен танылған Абылай, Барақ, Әбілқайыр секілді бірен-саран ержүрек батырлары болмаса, құр ақсүйек атын жамылып жүрген, бай болып елге пайдасы тимеген, батыр боп жауға найзасы тимеген былайғы көп төрелерді жұрт қазір көзге іле қоймайтын. Оларға қарағанда, қара да болса қайраты тиетін, бақ қонған батырлардың беделі әлдеқайда жоғары еді.

Уақыт талабы туғызған осы дәстүр Ордадағы бүгінгі отырыстан да айқын аңғарылады. Қақ төрде, бір кезде сайыпқыран Тәуекел, еңсегей бойлы ер Есім, салқам Жәңгір, Әз-Тәуке тәрізді қазақтың ұлы хандары отырған, қос балдағы мен арқалығын алтынмен аптаған еңселі сандал тақта дәл қазір томашадай ғана боп Әбілмәмбет хан жайғасыпты. Жасы елудің ішін аралап кетсе де артық ет жимаған, орта бойлы, жұқалтаң денесімен ғана емес, ерлік-қайраты, атақ-айбынымен де ұлы тақтың оқпанын толтыра алмағаны сезіледі. Бірақ Ұлы хан беделсіз емес-ті. Алды кең, берекенің адамы. Үш жүздің тізгінін шамасы келгенше тең ұстауға тырысады. Әбілқайырға ермеген Кіші жүздің кейбір рулары мен Жоңғар шебін бұзып өткен Ұлы жүздің біраз батыр, билері қазір осы Әбілмәмбет төңірегінде. Бәлендей тақ құмарлығы да жоқ еді. 1730 жылы қазақтың билері мен сұлтандары әкесі Болаттың орнына оны күштеп сайлаған. Билік басына Әбілқайырды келтірмеудің амалы... Ал Әбілмәмбеттің өз кіндігінен тараған таланты сұлтандар бола тұра, болашақта ұлы тақты Абылайға өсиет етуі соңғы жылдары оның беделін тіпті көтеріп жіберген. Әбілмәмбетті бұл күнде ел бірлігін ойлаған әулие хан деседі... Міне, ол қазір де ақсары, ашаң жүзінен бүлк еткен толқыныс нышаны білінбей, хан асасын сығымдай ұстап, қарсы алдындағы бір ноқатқа қалшия қарап қалыпты.

Басқалар ханның оң-солына тең бөлініп, қос қабат қалы кілем, шағи көрпелер үстінде, жас мөлшеріне, атақ дәрежесіне қарай орын алған. Ханның оң жағында осындағы жұрттың жасы үлкені — Төле би, сол жағында орта жүздің ханы Абылай отыр. Одан ары Бұқар жырау, Қаракерей Қабанбай мен Қанжығалы Бөгенбай, Барақ сұлтан мен Жәнібек тархан, Малайсары мен шапырашты Наурызбай, тағы басқа батыр, билер қос қапталға бөліне жайғасыпты. Әбілфейіз, Уәли, Бөкей, Ханбаба сияқты

жасы кіші сұлтандар мен оғландар олардан әлдеқайда төмен, өздерімен құрбы жас батырлармен бірге отыр.

Бір-біріне тіркестіріле тігілген он екі қанатты екі үлкен Ақ орда — Хан ордасы өзге ақ үйлерден бөлек, малшы-қосшы төленгіт ауылдарынан қозы көш жерде, көк жасаңға оқшау орнаған-ды. Қазіргі жаугершілік заманға, көші-қонға лайықталып ықшамдалғанымен, Орда маңынан ерекше салтанатты сұс байқалады. Артық адам жүрісі, төрт түлік мал шуы естілмейді. Кіре беріс екі босағадан бастап орданың айналасын қарулы жасауылдар қалт етпей күзетіп тұр. Түндігі айқара ашылған зәулім шаңырақтан құйылған мол жарық алдымен алтын тақтың арқалығына шағылып, одан айнала ұсталған сәнді жасау, кілем түктерінде ойнап, көз қуандырады. Орда ішінде бір сәт жым-жырт тыныштық орнаған. Тек іргеден ескен көктемгі салқын самал ғана сырттағы салқар дүниеден хабар бергендей.

Жұрт түгел жайғасып, абыр-сабыр басылды-ау деген мезетте Әбілмәмбет хан сөз бастап, кеңесте қаралатын істерді баян етті. Құлаққа жағымды күмбірлеген қоңыр үнмен мүдіріссіз, еркін сөйлеп отыр. Қазақ ордасының ішкі-сыртқы жағдайы, Жоңғар хандығымен ара-қатынас, көші-қон, өріс-қоныс мәселесі. Сонан соң рулар арасында көптен ушығып бітпей келе жатқан жер дауы, жесір мұңына байланысты жайлар.

Осы айтылғандардың ішінде қазір үлкенді де, кішіні де қатты толғандырып отырған мәселе — Қазақ-жоңғар қатынасы екені даусыз. Рас, 1743 жылғы бітімнен кейін екі ел арасында қан төгіске апаратын ұлығаусар қақтығыс болған жоқ. Абылайды тұтқыннан босату үшін, әрі үсті-үстіне үдей түскен Жоңғар жорығын бәсеңдету үшін жасалған бұл тоқтам, әрине, барлық тармағы Жоңғар пайдасына шешілген, теңсіз бітім болды. Алайда іштей арбасып, сырттай теке тіреске айналған осы бір толас кезең, әсіресе, соғыстан қансырап шыққан қазақ хандығы үшін қажет еді. Шүкір, содан кейінгі арадағы бес жыл із-тұссыз өткен жоқ. Халық ес жинап, етек жапты. Қатары қатты сиреген ер-азаматтың орнын кейінгі жас буын келіп бүтіндеді. Шапқыншылықта шағындалып қалған төрт түлік мал аз жылда қайта мыңғырып, өріске сыймастай өсіп кетті. Қысқасы, соңғы жылдары қазақ пен қалмақтың ара-салмағын теңестіретін таразы басында едәуір өзгерістер болып еді.

Басында бағы, астында тағы бар, қолына мың сан әскер ұстаған қаһарлы хан да ажал құрығынан қашып құтыла алмайды екен. Ең бастысы, осыдан үш жыл бұрын бүкіл өмірін қазақ даласын жаулауға бағыштаған ойраттың ең соңғы ұлы ханы — Халдан Церен өтті дүниеден. Осыдан кейін-ақ жоңғар тағынан бақ қайтты деседі білетіндер. Ұлы қонтайжы көз жұма салысымен-ақ, төрт ойрат арасында ырың-жырың тақ тартысы басталыпты. Халдан Цереннің некелі-некесіз әйелдерінен туған қыздары біршама болғанымен, таққа мұрагерлік ететіндей еркек кіндіктен үш-ақ ұл қалғанды. Күйек астынан туған үлкен ұлы Лама Доржи он тоғызда, ортаншы

занды ұлы Цеван Доржи он үште, ал кенжесі Цеван Даши небәрі жеті жаста болатын. Бұлардың сыртында жоңғар хандығының негізін қалаған Батур қонтайжының тікелей ұрпағы, кезінде қалмақтың қайраусыз қара балтасы атанған, әйгілі ноян Церен Дондубаның немересі — Дабашы мен Халдан Цереннің қарындасынан туған жиені — жиырма үш жасар Әмірсана да хан тағынан үміткер еді. Алайда құрылтай жиналысында Ойраттың орда маңындағы шонжарлары әрі-бері ырғаса келіп, ақыры он үштегі ортаншы ұлы Цеван Доржиға тоқтаған. Ел жуандарының ондағы ойлары — ешкімге ырық бермейтін, тіс қаққан Лама Доржидан гөрі әлі оң-солын танымаған жас баланы таққа отырғызып қойып, негізгі билікті өз қолдарында ұстау еді. Бірақ, білетіндердің айтуынша, тақ үшін шайқас мұнымен тынбай, төрт ойрат қазір де әлденеше жікке бөлініп, өзара қырқысып жатқан көрінеді.

Демек, өз ішіндегі осындай ала ауыздыққа байланысты, қазір Жоңғар ордасының бұрынғы айдыны кеміп, етек-жеңін еріксіз жинай бастағаны байқалады. Халдан Цереннің тұсында Ташкент маңына тігілген хан ордасы өткен жылы Құлжаға қайта көшірілді. Өріс-қоныс жөнінде де қазақ жеріне бұрынғыдай ентелей сұғынуды қойып, кемерінен қатқан теңіздей, күн өткен сайын апшысы қуырылып бара жатқаны анық. Бірақ, сөйте тұра, жоңғар жолбарысының бауырына басқан жемінен оңайшылықпен айрылар түрі жоқ. Алтай мен Тарбағатай өлкесін ата қонысындай иемденіп алғаны өз алдына, бүкіл Жетісу, Талас пен Шу өңірі, Сыр бойындағы қалалар әлі де жау қолында жатыр... Міне, осындай жағдайда Қазақ ордасы не істеуі керек? Жоңғар ордасындағы аласапыранды пайдаланып, қолында қалған аймақтарды азат ету үшін аттаныс жариялау керек пе? Әлде әліптің артын бағып, әлі де болса күте тұрған жөн бе? Әбілмәмбетхан осы жайларды рет-ретімен асықпай баяндап шықты да, ендігі кезек сендердікі дегендей, отырғандарға жағалай көз салып өтті.

Сөзге келгенде қу бастан қуырдақтық ет алатын, қызыл тілден бал тамызған небір шешендер бірінен соң бірі қамшы тастап, сөйлеп жатты. Түбі жоңғарға қарсы жорыққа аттануға ешкім қарсы болмағанымен, аттаныс мерзімін анықтауға келгенде, пікір екіге жарылды. Азшылық топ: Барақ, Әбілфейіз сұлтандар мен Шақшақ Жәнібек секілді бірен-саран билер жоңғарға әзірше соқтықпауды жақтады. Олардың да оз дәлелі бар: бас қонтайжы Халдан Церен өлді дегенмен, дәл қазір жоңғардың әскер қуаты қазақтан әлде-қайда басым. Мұндайда жатқан жыланның құйрығын басып, оларды ашық айқасқа шақырғаннан гөрі, тақ таласынан туған ала ауыздықты пайдаланып, елші жіберу арқылы сырттай қысым жасаған тиімді. Осылайша, бейбіт бітіммен Түркістанды қайтарып алайық, Ұлы орданы байтақ қалаға апарып тігейік. Әлі де екі-үш жыл күш топтап, әскер жасақтап алған соң, қапысыз бір-ақ аттанайық деседі.

Бейбіт бітімді жақтаушылардың да көмейі белгілі. Әбілфейіз болса — тұтқыннан босаған Абылайдың орнында бірер жыл Жоңғар ордасында аманатта болып, содан жақында ғана қайтқан адам. Барақ сұлтанға келсек, оның ортаншы ұлы Шығай оғлан әлі де жау қолында аманатта жүр. Бұл

екеуінің де жоңғарға қарсы қару көтермейміз деп жазып берген қол хаты бар... Ал Жәнібек тарханның айтқандары — қонысы жоңғар шебінен алыс, әзірше жаудан жәбір, жерден таршылық көрмеген, бейғам ағайынның етек басты сөзі еді.

Әбілмәмбет те, Абылай да әзірше көмей көрсетіп, сыр ашпай, жұрттың сөзін үнсіз тыңдаумен отыр. Әсіресе, өткір көзін ашық есіктен көрінген көкжиектен айырмай, сазарып қалған Абылайдың жүзінен қазір қаһарлы ашу байқалады. Іш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқ өзімен-өзі іштей арпалысып отырғаны анық. Ол туралы қазір ел ішінде айтылатын өсек-аяң, алып-қашты әңгіме де аз емес-ті. Қарақалпақтан өзі таңдап алған бәйбішесі, оның үстіне бір-ақ күнде керуенімен көшіп келген Атығай-қарауылдың алты қызы аз болғандай, Абылай тұтқыннан босап елге қайтарында Халдан-Церен оған немерелес қарындасы Топыш сұлуды қосқан. Желауыз жұрт қазір соны да сан-саққа жүгіртеді. Қазақ қолының соңғы жылдары жоңғарға қарсы жорыққа аттанбау себебін де содан көреді: «Абылай қалмақтың бір қиық кез, тобылғы торы сұлуын құшты да, өзге дүниені ұмытып, күрік болған тауықтай жатып алды-ау! Жадыланып қалған соң, қайын жұртқа қарсы қалай қару көтерсін?!» деп жаулары таратқан қаңқу сөз оның құлағына жетпей жүр дейсің бе?! Осының бәрі көкірекке шер боп байланып, кейде алды-артын ойлатпайтын ашу-ызаға дес беріп алатыны да содан еді.

Кеңесте қолайлы сәтті қолдан бермей, таяу арада аттаныс жариялауды жақтаған пікірлер де аз болған жоқ. Бұл жөнде қашанда желдің өті, жаудың бетінде жүретін Керей, Найман батырлары мен Төле бастатқан Ұлы жүз билерінің сөзі бір жерден шықты. Әсіресе, ата-қоныс, ел-жұрты жау қолында қалып, Жоңғар хандығына ауыр алым-салық төлеп тұратын Ұлы жүз азаматтарының араша тілеген ащы даусы кімді де болса елең еткізерліктей. Бұл күнде жасы сексен беске келіп, сақал-шашы селеудей ағарып кеткен Төле бидің сөзі жұртты бірден ұйытып алды.

Мен кәрі сүйегімді сүйретіп, жат қолында қалған сонау Ташкеттен келгенде, жүрегімді жарған екі үлкен арман болатын, — деді жасы жетіп, жағы түсуге айналса да жүрісінен жаңылмаған кәрі тарлан. — Оның бірі — кешегі Әз-Тәукенің алтын тағын, ту тіккен ордасын көріп, көңілімді бір демдеу еді, ол арманым орындалды. Бұдан кейін хан кеңесіне келіп, ағайынның алтын жүзін көремін бе, жоқ па, ол жағы — Алланың ісі... Екіншісі — атажұрттың жау қолынан ада-күде тазарып, азат-еркін ел болғанын көріп өлсем деуші едім. Арман шіркін алтайы түлкідей бұлаңдап, жеткізбейтін сиқы бар ма, қалай?!—деп еңтігін басып сәл отырды. — Өмірі басына нөқта кимеген, көзіне қамшы тимеген азат-асау ел едік. Тегінде қасиетті халқымыздың қазақ деген есімі — азат деген сөзбен төркіндес. Азаттықтан айрылғаны — қазақтың құрып біткені... Міне, Ұлы жүз ұрпағының жоңғарға қарап қалғанына алдына елу жыл, артына отыз жылдай уақыт өтті. Халықты артық қан төгістен үркін-босқыннан аман сақтап қалу үшін, амал жоқ Халдан ханмен тіл табысуға тырыстық. Шама

жетпеске шара бар ма?! Кеше байтақ қала Түркістанда, Өз Тәукенің төрінде отырған Төле би бүгін дұшпанға пенде болып, Ташкенттің босағасын күзетсе, ол да — қызыл қарын жас баланың қамы еді. «Түйені жел қозғаса, ешкіні аспаннан көр» дегендей, Төленің күйі осындай болғанда, басқалардың жағдайы айтпаса да түсінікті. Жараны жасырып керегі не, қандас бауырларын қазір қорлық пен зорлыққа көніп, қалмақтың қойын бағып жүр. Алман-салық ауырлап барады. Мал-мүлік те ештеңе емес-ау, ең қиыны, адамдардың құлдыққа еті өліп кете ме деп қорқамын. Маңдайыңа құлдық таңбасы бір басылса, ол оңайшылықпен өшпейді. Қалмақтан қағажу көргеніміз аздай, енді отбасы отаныңды орысқа билетпексіңдер ме? Бодан-бодан дейсіндер. Боданнан — құл туады, құлдан — жетесіз, жасық ұл туады... Сонда болашақ ұрпақтың жайы не болмақ?! — деп кеше ғана жолсоқты боп шаршап келген есіл қарт тағы бір тыныс алды. — Мұндайда аман кісі ақылды, есен кісі есті көрінетін де кез болады. Сұйылып бара жатқан сөздеріңнен сондай бір кепті аңдадым-ау, ағайын. Әркім өз отының басын, ауыл-аймағының амандығын ғана күйтесе, бұл қазақ ауызбірліктен айрылып, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті деген сол емес пе. Уа, жұртым, елім деп еңіреген ер қайда? Байтағы үшін басын берер батыр қайда? Қазақ жерінің қақ жартысын жау табанына салып қойып, ішкен асымыз қалай сіңеді бойымызға? Уа, айтыңдаршы, ханың бар, қарашың бар, сендерден соны естиін деп келдім: жау қолында қалған жер жаннаты Жетісу мен Орда тіккен оңтүстікті қашан қайтарып аламыз? — деп тақта отырған Әбілмәмбет ханнан бастап, ел ағаларына жағалай көз салып өтті.

Орда ішінде уақыт тоқтап қалғандай, бір сәт өлі тыныштық орнады. Асасын сығымдай ұстаған Әбілмәмбетхан сәл жөткірініп, «не айтасыңдар» дегендей, қасындағы сұлтандарға, билер мен батырларға қарады. Төле биден төменірек, Барақ сұлтан мен Қанжығалы Бөгенбай батырдың екі ортасында отырған Қабанбай қышыған жеріне дәл тиген би лебізін қуаттап, сөз айтуға оқтала бергені сол еді, ханның сол жағында, қарсы қапталда жайғасқан Жәнібек тархан қолындағы бықсыған трубкасын керегенің көгіне қағып қойып, сөйлейтін ыңғай танытты.

— Былай ғой, қадірлі Төке. Әр нәрсенің реті болады ғой... Жер қайысқан қолыңды, қару-жарағыңды сайламай тұрып, жасанған жауға соқтығу — өзінді-өзің мерт етумен бірдей. Ақ патшаға арқа сүйемейінше жоңғарға жалғыз өзіміздің шамамыз келе қояр ма екен?! «Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп, құлағынан айрылыпты» дегеннің кері келіп жүрмей ме? — деген дауысын баппен соза түсіп.

Төле мана таңертеңнен бері-ақ Жәнібектің мынадай тар заманға жараспайтын манаураған маңғаздығын, қолындағы темекісіне дейін ұнатпай, арқасы құрысып отырған-ды. Шамырқанған шабыт үстінде қолма-қол жауап қатты:

— Ал сенің қаптаған қалың қолың, қару-жарағын. қашан сай болады? Әлде Алланың өзі аспаннан тастайды деп күтіп отырамыз ба? Бәлкім,

Әбілқайыр екеуің етегінің астына барып тығылған қатын патшаның рақымы түсіп, жерінді жаудан тазартып беретін шығар? Орыс — өнерлі жұрт қой. Бірақ аузыңды ошақ, мұрныңды моржа етіп, түтін жұтқаннан өзге үйренген өнерің бар ма сол елден?.. Айтпақшы, патшадан тархан шенін алған екенсің-ау. Бірақ сол тархандығың ел қорғайтын қалқан болмай, мойныңа салған арқан болып жүрмесін! — деп салды. Соны айтып, соңғы бір сөздердің жөпелдемеде аузына қалай түскеніне өзі де сүйсінгендей, лекіте күліп алды. Үлкендер жағы емен-жарқын қосыла күліп, жастар үнсіз булығып төмен қарасты.

Төле бидің сөзіне сүйсінген Қабанбай батырдың қарқылдаған күлкісі қаттырақ шығып кеткен еді. Жасы үлкен Жәнібекті табалағандай болдым-ау деп, өзін зорға тежеді. Маңайындағы серіктерінің қарағыштап отырғанынан өзіне сөз реті келгенін де анық аңғарды.

Шынында да, ата қоныс Алтай мен баба жұрты Барқытбелден¹ қол үзгелі жер тапшылығын қатты көрген ұлыстар Керей мен Найман болатын. Түтін саны жағынан болсын, ата үлесі жағынан болсын, олқы соқпайтын қара ағаштай қалың Найманның Төлегетай тармағы өз бауырлары Балталы-Бағаналымен енші бөлісіп, қазір Ұлытау мен Балқаш арасына зорға сиып отырса, шығыстағы Ергенекті Найман: Сарыжомарт пен Терістаңбалының, Көкжарлы мен Бураның да көрген күні одан асып тұрған жоқ. Терістіктен Ертісті бойлай бекініс қала салып жатқан орыс ығыстырса, шығыстан жолбарыстай жортқан жоңғар қысып, олар да көптен бері Шыңғыстау мен Қызылсу-Шардың арасында қыстырылып зорға отыр. Ап Шыңғыстаудың күнгейі мен Лигоз, Ақшатау аралығында, сынадай қыстырылған Абақ керейдің жағдайы тіпті мүшкіл еді. Рас, Арқаның кең даласын кезе берсе, өріс-қоныс табылар да. Бірақ бұл екі ұлыстың да бар назары — батыста емес, шығыста. Бір табан болса да ежелгі атамекендеріне жақындай бергісі келеді.

Алайда дәл қазір халықтың көкейінде жатқан арман-тілекті айнытпай түсінетін хан-сұлтан табыла қояр ма екен? Әр ұлыстың басында хан тұқымы, ақ сүйек-сұлтан отыр. Найман — Барақ сұлтанға табиғы болғанда, Керей — Әбілмәмбет ханның үлкен ұлы Әбілфейіз сұлтанның үлесінде. Әр сұлтанның ұстанып жүрген өз саясаты бар. Халық қамынан бұрын кейде өз бастарын бұлдап өткізгілері келеді... Қабанбай мұндайда батыр боп жауға шауып қана қоймай, амалсыз дауға да түсіп кетуші еді. Ол қамшы ұстаған оң қолын жоғары көтеріп, Әбілмәмбетке белгі берді.

— Сөйле, Қабанбай батыр. Сенін не білген ойың бар, ашып айтшы мына жұртқа! — деді хан бұған еңсеріле бұрылып. Жұрт назары енді осылай қарай ауып еді.

— Мен не дейін, хан ием? Кешегі Әз-Тәукенің алдын көрген Төле биден сөз артылған жоқ. Күлбілтелемей көмейде жүрген ойды айтты, — деді жеңсіз бектер сауыт киген алып денесін жеп-жеңіл қозғап, алға таман

ұмсына түсіп. — Бейбіт күн неге жаман болсын, егер төрт түлігің сай, көңілің жай болса! Жарты жерің жау қолында жатқанда уайымсыз ұйқы, қамырықсыз күлкі бола ма? Қазақта ана құрсағынан қан шеңгелдеп, соғыс тілеп туған ешкім жоқ. Бірақ менің де бар арманым — әкемнің моласы жатқан ата қонысымды көзімнің тірісінде азат ету. Құдай куә, сол арманға жеткен күні қара найзамды қақ бөліп, лақтырып тастауға әзірмін... Қазақ үшін жерден қымбат нәрсе жоқ. «Дұшпан астындағы атыңды сұраса, аяма. Өйткені Қамбар ата аман болса, тұлпар тумай қоймайды. Дұшпан қойнындағы қатыныңды сұраса да, таршылық етпе. Өйткені, елін аман болса, сен үшін тағы бір сұлу бойжетеді. Тек дұшпанға бір сүйем жер беруші болма! Өйткені халық көбейгенмен, асыраушы жер ана ешқашан үлкеймейді!» — деген екен қасиетіңнен айналайын арғы бабаларымыз. Сол өсиет, шынымен-ақ, жадымыздан шыққаны ма?! Қазір қазақ жеріне келіп туған ойрат ұлының соңы жиырмадан асып, найза ұстауға жараған екен. Солар бірте-бірте осы өлкеге бауыр басып, күні ертең жер менікі демесіне кім кепіл? — деп отырғандарға жағалай қарап өтті де, сөзін қайта жалғады. Сондықтан аттанысты тым кешіктіре беруге болмайды ағайындар. Біздің қазақтың бойкүйез, керенаулығы бұрында бастан асып жатушы еді. Осылай әрекетсіз отыра берсек семсердің жүзі қайтып, ақ сауытты тот басып, батырды бақташыға айналдырып аламыз ба деп қорқамын. Біз, әсілі, жау келгенде жұдырықтай жұмылғанымызбен, арқамыз сәл босаса араздаса қалатын жұртпыз ғой. Қазір өріс пен қоныстың тарлығынан жерге таласып, бірінің жағасын бірі жыртатын күйге жетті. Кешегі ел қорғаған батырын — бүгін жер дауы мен жесір дауын қуған барымташы...

— Сонда не істемек керек, Қабанбай батыр? Жер тапшылығынан құтылудың амалын айтшы! — деді манадан тықыршып әрең отырған Абылай оның сөзін бөліп.

— Басқалардың қандай ойы барын кім білсін, өз басым биыл жаз Найман атаңның біраз ауылдарын бастап, шығысқа қарай қоныс аударсам деп отырмын.

Мына сөзге жұрт тегіс үдірейісіп қалды. Орданың әр тұсынан:

— Қоныс аударғаны қалай?

— Жау шебіне жалғыз бармақсың ба, сонда?

— Бәлкім, Қабекең жоңғар нояндарымен тіл табысып, шығысқа біржола бет бұрған шығар? — дескен үндер естіліп қалды.

— Қабанбайды сағынып отырған қалмақ жоғын білесіңдер ғой. Бал ашып, бас қатырмай-ақ қойындар! — деді батыр езу тартып. — Бұрынғыдай қазақ жеріне ішкерілеп енуге ардың да жүрегі шайлыққан болар, соңғы жылдары Барқытбелдің батыс сілемі үнемі бос қалатын болып жүр. Биыл қалың Қаракерей мен Төртуыл, Матай болып, сол өңірді жайласақ деген ойымыз бар. Қалмақ қорықса қонысын берер, туласа

тұрысатын жерін айтар.

— Жау қазақ көшін қапыда бас салса, қансырап қалып жүрмейсіңбе, Дарабозым²? - деді Әбілмәмбет бұған шүйіле қарап.

— Не қылар дейсіз, хан нем. Үйреніскен жау атысарға жақсы, қалмақты жана көріп жүрген жоқпыз ғой. Тақаса қонып, тамырын басып көрейік те. Арамыз асқынып бара жатса, хан жарлығымен санаспаған аңғал батырдың оспадарлығына жабарсыз! — деп Қабанбай кеңк-кеңк күлді.

Найман басшысының бұл сөзін жерден тапшылық көріп отырған Абақ керейдің бас батыры Жәнібек те қостады.

— Хан ием! — деген қызыл күрең жүзі бал-бұл жана, алға таман ұмсына түсіп. — Бұл рет Дарабоздың кеші канат-құйрықсыз болмас. Тар жерде таяқ сілтесіп, өріс-қоныс үшін ағайынмен ащы болғанша, жаумен жағаласып өлген мың артық емес пе?! Биыл жаз, Алла сәтін салса, біз дағы бауыр басқан Бақанастан жыла көшіп, тым құрыса Қалбаның қалың бұйратына тұмсық тіресек деген ойымыз бар.

Бұл сөздің тұсында да Әбілмәмбет пен Абылай не құптаған, не теріске шығарған рай танытпай, үнсіз қалды. Тек Абылайдың қасында отырған Бұқар жырау ғана:

— Жөн-ақ! Талаптарыңа нұр жаусын, қос қыраным! — деп қалды, хан ордасында өзін еркін ұстайтын әдетімен. — Ата жауларыңды алысқа айдап тастамағанмен, осылайша омырау көрсетіп, тықыр таятып қоям дегендерін көңілге қонады. Дүниеде бекер жатқан ештеңе жоқ, судың да сұрауы болғаны сияқты, малдың киесі, жердің иесі бар екенін олар да сезетін болсын!

Бұқар атаңның айтқан лебізі — қашан да хан жарлығының хабаршысындай болушы еді. Қабанбай оны жақсылыққа жорып:

— Айтқаныңыз келсін, жырау! — деп басын изеді.

— Бұған сен не айтасың, Барақ сұлтан? Бұл ұлыстарға бас ие болып жүрген — сен ғой? — деді кенет Әбілмәмбет Бараққа бұрылып.

Шынында да, Қабанбайдың бір аңдыған адамы Барақ болатын. Қалай дегенмен, хан тұқымы, аузы дуалы ақсүйек. Найман ұлысын көптен уысына ұстап келеді. Оның үстіне, Шығай хан әулеті, арысы ұзын оқты Онданнан, берісі Көшек сұлтанның тарайтын Барақтың кейде қарашы түгіл ханға да ырық бермей кететін сыңар езулігі тағы бар. Ал енді Барақтың ерлігінде, қайсарлығында қапы жоқ. Қабанбай оны сол қасиеттері үшін сыйлайтын-ды. Асау сұлтан қазір қай жағына беттер екен? Жоқ, көптің ауқымынан да шыға алмады. Қабанбай жаққа жалт етіп бір қарады да:

Қалмақты түре қумасақ та, бір табан болса да шығысқа таман жылжып, салмақ сала, иықтасып отырғанның әбестігі жоқ, — деді жасы елудің ішіне ілінсе де, сақал-шашына қылау түспеген, еңсегей бойлы, қарасұр Барақ. — Әзер болса, арада аздаған қақтығыс туар. Онда тұрған не бар? Қайта ұлы аттаныс алдында ер қайратын сынап, қолтық жазып қаламыз. Алда-жалда Ордаға сөз келтірмейміз десек, — деген Әбілмәмбетке қарап сәл иіле түсіп. — Жердің таршылығын, кейбір рулардың амалсыз жоңғар шебіне таяу барып жайлайтынын хабарлап, Ойрат ордасына елші жібере салған артық болмайды.

— Шығысқа өзінде қоныс аударасың ба, Барақ сұлтан? — деді Абылай оған сынап қарап.

— Жоқ. Мен Найман атанның өзге ауылдарымен бірге Ұлытауда қала тұрам. Бәріміз бірдей қопарыла көшсек, жау секем алуы мүмкін ғой. Бар есікті түгел жаппай, шығар ауызды өзімізде қалдырайық та.

Түсінікті. Демек, Барақтың да әзірге жоңғармен жұлқысып жатқысы келмейді. Мұндайда жау бетіне жұмсайтын сол баяғы қара қылыш Қабанбай бар, соның қолымен от көсегісі келеді...

Осы тұста жиналған жұртты тегіс күлдіріп, бір сергітіп тастаған қызық жағдай болды. Бүгінгі хан кеңесіне бір емес, екі Бөгенбай қатысып отырған-ды. Бірі — әйгілі батыр Қанжығалы Бөгенбайда, екіншісі — Жәнібек тарханның ағасы, Шақшақ Бөгенбай. Екіншісі де — батыр. Әз-Тәукенің тұсында, 1710-жылы өткен Қарақұмдағы кеңесте біраз уақыт қазақ жасағына қолбасы боп сайланған — осы Шақшақ Бөгенбай еді. Қанжығалы Бөгенбайдан бір мүшел үлкен, жасы жетпістен асқан қарт батырлардың бірі. Соңғы жылдары інісі Жәнібек тарханмен бірге, көбінесе, Әбілқайыр ханның төңірегінде жүретін. 1731-жылы күзде орыс елшісі А.И.Тевкелевті өлімнен арашалап қалған, Ақ патшаға бодан болам деп алғаш ант берген адамдардың бірі... Осы екі Бөгенбайды, арада бірнеше ғасыр өткенде тарихшылар мен жазушылардың шатастырып жүретініндей, кейде өз замандастары да жиі ауыстырып ала беретін. Ана жылы Шақшақ Бөгенбайдың жылқысын шаппақ боп келген Башқұрт барымташылары қапылыста Қанжығалы Бөгенбайдың ауылына соқтығып, таяқ жеп, қолға түскені бар-ды...

Әбілмәмбет хан Ордада аттас екі батырдың отырғанын андамады ма, әлде әдейі сынағысы келді ме, тұтқиылдан:

— Бөгенбай батыр, неге үндемей отырсың? Сөз кезегі — сенікі! — деп қалғаны.

Қос Бөгенбай біріне-бірі қарап аңтарылып қалды. Әсіресе, Шақшақ Бөгенбай інісі Жәнібек тарханнан кейін өзіне сөз тиеді деп күтпесе керек, сасқалақтап берекесі кетті.

— Тақсыр... Хан ием! Біз мұнда екі Бөгенбай бармыз ғой, — деді ұялған тек тұрмастың кебін келтіріп.

Әбілмәмбет ханның былайша иі жұмсақ, алды кең болғанымен, өз әулетіне тән қаталдықтан ол да құр алақан емес еді.

— Сен, Шақшақ Бөгенбай, жасың үлкен болғанмен, көптен бері біздің ордамен араласпай кеттің ғой. Ішкі жағдайымызды біле бермессің. Бүгін бізге жауға қарсы күнде қылыш сермеген Қанжығалы Бөгенбайдың лебізі қымбат! — деді міз бақтастан.

Байғұс батырды бұдан өткен қорлау болмас. Шақшақ Бөгенбайдың өңінде бір тамшы қан қалмай, сұрланған күйі төмен қарап кетті. Ал жасы алпысқа келсе де әлі қайраты қайтпаған Қанжығалы Бөгенбай тұмысынан сөзге құмар адам емес-ті. Үйеңкінің түбіндей төртпақ денесін жеп-жеңіл қозғап, алға таман ұмсынды да, шүйдесі құж-құж, қауғадай басын кекжите, Әбілмәмбетке күле қарады.

— Хан ием, маған сез сөйлетіп қайтесің?! Мені сөз беріп дауға салғанша, қолыма қара тамақ найза ұстатып жауға сал. Сенің жарлығың — мен үшін заң, хан ием. Тіпті бүгін аттан десең де әзірмін. Бір түмен әскермен ту түбінен табылам! — деген қысқа қайырып.

Бәрекелді! Айдының аса берсін, Бөгенбай батыр! — деп Әбілмәмбетте разы боп қалды.

Аты аталып қалған соң, үндемей кетуді намыс көрді ме, оның сөзін Шақшақ Бөгенбай іліп әкетті.

— Көріп отырмын: ақылға кенде емессіңдер. Дегенмен алыстан келген ағайынға да бір уақ құлақ асыңдар, — деген ашумен аптыға, жылдамдата сөйлеп. — Түйенің танығаны — жапырақ. Қазақтың аңдығаны — қалмақ қой, баяғы. Дүниеде қазақтан өзге ел жоқ па, қалмақтан өзге жау жоқ па?! Ақ патшадай арыстанға арқа сүйесек, Жоңғар жолбарысы өзі-ақ құйрығын қысып, жолын таппас па еді. Орыстың от қарулы мың аламан кемеке келсе, қалмақты түре қуып тастауға сол да жетіп жатыр. Ол үшін Ақ патшаның құзырына бас иіңдер. Оған өз қолдарың жетпесе, Әбілқайыр ханның беделін пайдаланыңдар!..

Әңгіме осы тұсқа келгенде, манадан бері бір сұрланып, бір қызарып, әрең отырған Барақ сұлтан қарқылдап күліп жіберді:

— Бөгенбай батыр, жасың үлкен ағасың. Ерлігін мен қайратыңда қапы жоқ. Бірақ аңғалсың-ау! — деді күлкісін тез тиып. — «Батыр — аңғал» деген осы да... Әбілқайырдың ел-жұртты алдаған ертегісіне шынымен-ақ сеніп жүрсің бе? Жолбарыстан қашып, арыстанның аузына барып түс дейсің. Арыстан жұтпайды деп кім айтты? Қазақ даласын басынан бастап мүжиін бе, әлде аяқ жағынан кеміргенім жөн бе деп, қазірдің өзінде-ақ

сілекейі шұбырып, жалақтап отырған жоқ па? Сендердікі — әлгі «өлетін бала молаға қарай қашады» дегеннің кері ғой! — деп сәл бөгелді де, кенет өңі сұрланып қатайып алды. — Сонан кейін бір айтарым: мен отырған жерде әлгі өзін пір тұтқан екі жүзді сұмырайдың атын атаушы болма. Әбілқайыр — ар-ұяттан безген, халықтың қарғысына ұшыраған адам. Сол арамдығы, опасыздығы үшін әлі-ақ сазайын тартады!

Дау-шар бұдан ары созыла берсе, ағайын арасы ушығып кетуі де мүмкін еді. Сондықтан Әбілмәмбет те Барақ пен Шақшақ Бөгенбайға сенікі дұрыс, сенікі бұрыс деп тәптіштеп жатпады. Ең қиыны, Барақта, Бөгенбай да жалғыз емес. Мұндайда өкпелеген ағайын өзі ғана кетпейді, қазақ үшін қасқалдақтың қанындай бірер мың сарбазды соңынан ерте кетеді. Береке-бірлігі жоқ, бәтуасыз елге хан болған адамның да маңдайының соры бес елі...

Әбілмәмбет Алаштың алтын тағын көзге күйік қылмай, осыдан бес жыл бұрын Абылай аман-есен тұтқыннан босап елге оралғанда, соған бергісі келген. Бұл тілегін сонан бері де сан рет қайталады. «Тақ мұрагері — Абылай» деп ел-жұртқа жария етіп қойғалы қашан! Алайда, не ойлағаны барын кім білсін, шөбере інісі әзірше ұлы таққа отыруға асығар емес. Орта жүз ханы және бас сардар міндетін қанағат тұтып, жүріп жатқан жайы бар. Баяғыда «Абылайлап» жауға шапқан түйеші баланың ерлігін қапысыз танып, бағын ашқан — осы Әбілмәмбет қой. Сол жақсылығын ұмытсын ба?! Сондықтан Абылай: «Әз-Тәукенің әулеті тірі тұрғанда қолындағы асасына жармаспаймын» деп ант етіпті деседі білетіндер... Әйтсе де, Ұлы хан аузымен айтылатын көп жарлықтардың түп-төркіні қайдан шығып жатқаны бұл күнде әркімге-ақ аян еді.

Әбілмәмбет бұл жолы да Абылайдың атын атап, түсін түстеген жоқ. «Түбінде тақ иесі — өзің ғой. Мына халқыңа не айтасың?» дегенді сәл иіліп, айрықша мән бере қараған ізетті көзқарасымен-ақ ұқтырды.

Жұрт назары бірден ұлы ханның оң тізесін баса жайғасқан Абылайға ауды. Отыз жеті мүшелін биыл ғана толтырған, тұла бойында артық ет жоқ, бірақ сүйегі тұтас, сіңірлі келген, сұңғақ бойлы Абылай үстіне өңіріне інжу төккен қызыл қамқа шапан, басына сол түстес айыр қалпақ киіп, қос жанарын манағы бір ноқаттан айырмай, қадала қарап отырған-ды. Оның кереметі де — оқтай қадалатын осы қос жанарда. Шаншылып тұра қарағанда қаймықпайтын, назарын бұрып әкетпейтін пенде баласы, әй, жоқ шығар. Ат жақты ақсұр жүзіне құп жарасқан қылаусыз сақал-мұрты мен екі қастың арасындағы өмірі жазылмайтын қос сызық оның бет-әлпетін әрі сұлу, әрі сұсты етіп көрсетеді. Ол бірден сөйлеп кетуге асықпай, тамағын кенеп, Ордада отырған жұртты тағы бір рет көзбен шолып өтті.

- Асыл текті хан ием! Ел ағасы сұлтандар мен билер, айбарынан жау ыққан қаһарман батырлар! — деп аз бөгеліс жасады. — Жаңа сіздерді тыңдап отырғанда маған мынадай ой келді. Қазақты құртатын жау — сыртта емес, өз бойымызда, ниет-пиғылымызда. Оның аты — ала ауыздық,

береке-бірліктің жоқтығы. Сірә, осы дерт түбімізге жететін шығар бір күні... Арғы-бергі тауарыхқа көз жіберіңіздерші: қара қалмақ қашан қазақтан жоғары тұрып еді?! Кешегі Тәуекел ханның тұсында Торғауыт пен Дүрбіт босағамызда жүрген боданымыз емес пе еді? Уақыт оза келе төрт ойрат бірігіп, терезесі тең елге айналды. Жай теңеліп қана қойған жоқ, қазақ жерінің қақ жартысын басып алып, тұлымдынды тұл, айдарлынды құл етті. Айтыңыздаршы, құрметті ел ағалары, осының сыры неде? — деп тағы да көпшілікке қараған. Бірақ суырылып жауап айтқан ешкім болмады. — Мен білсем, күні бүгінге дейін жоңғардың құдіреті ауыз бірлігінде, әскер арасында орнатқан темір тәртібінде болып келді. Жекпе-жек майданда, шағын шайқаста әрбір қазақ қалмақтан кем түспейді. Тіпті қайраты басым, аруағы үстем болуы да мүмкін. Ал түменнен түзем құрып, қаптама шабуылға келгенде қалмақтар қашанда ортамызды ойып түсіп отырады. Немесе қазақ жан-жаққа сауын айтып, жасақ жинап болғанша, қалмақ қапияда басып кіреді... Өздеріңіз білесіздер, қазақта тұрақты әскер жоқ. Біздің аламан әскер деп жүргеніміз — қолына амалсыз қару алған кешегі малшы, бақташы, немесе қыз аңдыған бозбала. Ал Жоңғардың бүкіл халқы — әскер. Бала-шаға, мал-жанымен бірге көшіп жүрген әскер десе болады...

— Қазір «Ақтабан шұбырынды» аталып жүрген ұлы босқын жылдарында да ойраттар біздің осы бейқамдығымызды, етек бастылығымызды пайдаланды, — деді Абылай қолтығы жазыла түсіп. — Дәл іргеңде тұрған жаудың саған қарсы әскер жасақтап жатқанын сезбеу, небәрі үш түмен әскер ел шетіне ілінгенде соның жолына кесе-көлденең тұра алмау деген сұмдық қой! Бұдан өткен бейшаралық, бейғамдық болар ма?! Міне, соның зардабын әлі тартып келеміз... Ардақты ақсақалдар! Қадірлі Төке! — деді сонан соң төрде отырған Төле биге бұрылып. — Мана сіз: «ел қорғайтын ер қайда? Бостандық үшін басын берер батыр қайда?» деп ел ұранын көтердіңіз. Өрендеріңізге өкпе айттыңыз. Орынды. Әдейі намысқа тиіп, қайрағаныңыз шығар. Бірақ дәл сондай өкпе-назды мына біз сіздерге айтсақ не дер едіңіз? Сол жылдары, жаны жәннатта болғыр Тәуке хан о дүниеге аттанғанымен, Орда маңында сол кісі билік басына қойған біраз үлкендер бар едіңіздер ғой? Осыншама сорақылыққа қалай жол бердіңіздер? Халыққа қалқан болу, қауіптің алдын алу, әскерді әзір ұстау — сіздердің парыздарыңыз еді ғой?!

Төр алдында үнсіз мүлгіп отырған Төле би осы тұста селт етіп басын көтеріп алды. Қалай-қалай сілтейді мына Абылай хан? Жаудан жеңілгенімізге, шегінгенімізге алдымен, аға ұрпақ сендер кінәлысындар деп отыр-ау мына көкжал бөрі. Сөзінде қисын жоқ емес. Сөз тәркіні Төлеге қаратылғанмен, оның бір ұшығы жасы үлкен Жәнібек тархан мен сол қарсаңда қазақ әскерінің қолбасшысы саналған Шақшақ Бөгенбайға да тиіп жатыр еді. Олар да қозғалақтап қалды. Ал Төленің көз алдына осыдан жиырма неше жыл бұрын, «Ақтабанның» келесі жылы өз ауылына келіп, түйе баққан он үш жасар Сабалақ деген бала елестеді. Айтпақшы, шаш тырнағы өскен, алба-жұлба түріне қарап, «Сабалақ» деген атты да өзі

қойған еді-ау осыған... Сондағы ешкімнен қаймықпайтын отты жанар, сондағы шалқақ кеуде, тәкаппар көзқарас. Түйеші баланың тегін адам емес екенін бұл сонда-ақ қапысыз таныған-ды. Бірақ оның хан тұқымы екенін, болашақта елге тұтқа боларын кім болжай алған?! Ауылда бір жаз жүрді де, жөнін айтпай, сырын ашпай, жұмбақ күйінде кете барды-ау! Осы жігіттің ішкі сырын қазір де дәл аңғарған кісі бар ма екен?!

Төле қарт бойын тез жинады. Абылайдың жауап күтіп отырғанын аңдап:

Е-е, хан Абылай! Өкпең орынсыз демеймін. Бірақ Төленің қай өкінішін түгендейін деп едің? Бармақ шайнап, сан соғып, құсамен өткен өмір ғой — бұл да бір. Ақыл айтар Төле қашанда бар еді. Бірақ, сөз бір, құлақ екеу болғанмен, кейде соны тыңдайтын пенде табыла бермеді ғой,— 'II-II терең күрсінді.

— Айыпқа бұйырма, қадірлі би! — деді Абылай басын сәл иіп. — Кезінде айтылмаған сөздің әкесі өледі. Табалағаным емес, орайы келгенде айтып отырғаным... Рас, аз жылдан соң қайтадан ес жинадық. Қорғаныс қажеті қазақтың басын еріксіз біріктірді. Жиырма алтыншы жылы Ұлытау, Бұланты бағытында жаудың бетін қайырсақ, отызыншы жылғы Аңырақай, Алакөл соғысында мерейіміз үстем болып, қалмаққа кеткен есемізді мықтап бір қайтардық. Түбегейлі жеңіс тіпті жақын, өз қолымызда тұрды-ау! Егер содан ары жоңғарға ес жиғызбай, жаппай аттаныс жариялап, шабуылды үдете түскенде, басқыншы жаудың халық қаһарына төтеп берері-бермесі екіталай еді. Бірақ, амал қанша, қазақтың береке-бірлігі бір жеңістен артылмады. Кешікпей Қазақ ордасы үшке бөлінді. Ұлы жүз жері түгелге жуық жау қолында қала берді. Жолбарыс хан халықты қанды кекке шақырып, жаумен шайқасқаннан гөрі жоңғарға алым-салық төлеп, бодан болғанды артық санады.

— Одан басқа амалы қалмады ғой, хан ием! Халықты қанды қырғыннан аман сақтап қалудың жалғыз жолы сол болды емес пе?! — деді Төле би оның сөзін бөліп.

— Иә, солай да болды... Қапыда жау басып қалған елдің кебі босқынға ұшырап, ал кешпей қалғандарының қарсы аттануға қауқары жетпеді. Қадірлі Төке, сіз де ел амандығы үшін Халдан Церенмен бейбіт бітімге келіп, соның құзырында он екі жыл бойы Ташкентте әкім болып тұрдыңыз... Жарайды, мұның бәрі лажсыздан болған нәрсе ғой. Қазаққа ең қиын тигені бұл да емес. Ең қиыны — іштен шыққан сатқындық. Болаттың орнына мені үш жүзге хан көтермедіндер деп өкпелеген Әбілқайырдың, өзі бас қолбасы бола тұра, соңынан ерген Кіші жүз жасағымен бірге Аңырақайдағы ұрыс даласын тастап кеткені қазаққа аса ауыр тиді. Мен Әбілқайыр ханды Ақ патшамен әмпей болып, өз елін сырттай саудалағаны үшін де емес, ең зәру шақта ел ішіне іріткі салып, біртұтас қазақ қолын ыдыратқаны үшін кешірмеймін. Лағынет! Лағынет жаусын Әбілқайыр ханға!

Осыны айтқанда Абылайдың даусы қаттырақ шығып кеткен. Орданың іші дүрлігіп барып, қайтадан сабасына түсті:

— Міне, содан бері де жиырма жылға жуық уақыт өтті. Рас, осы уақыт ішінде біз тараптан үлкен аттаныс болған жоқ. Кіші-гірім ұрыстарда қалмақты бірде жеңсек, бірде жеңіліп, алма-кезек күй кешіп келеміз. Қырық үшінші жылы амалсыздан теңсіз бітімге барып едік, биыл оның да мерзімі аяқталды. Кәне, жоңғардың жонын тілем, ойрат ордасын талқан етем дейтін кім бар? Жолына кесе көлденең тұрмайық... Бірақ жеңіс кілті — тек аттаныста, қан төгісте ғана ма? Кейде оңтайлы сәтті күтіп, жаудың аңысын анду да соғыс амалына жатады. Мәселен, осыдан бес жыл, не үш жыл бұрын жауға қарсы аттаныс жасай алар ма едік? Жоқ. Басында біраз ойран салғанымызбен, ақыры жеңіліспен бітіп, онсыз да қансыраған халықты текке қырғынға ұшыратар едік. Ал бүгін, байқаған адамға, жоңғардың баяғы айбыны жоқ. Халдан Церен өлгелі араларына жік түсіп, олар да қазір қазақтың кебін киюде. Былтырдан бері қалмақпен күшіміз теңелді. Алдағы жылы асып түсеміз. Демек, ата жауға қарсы аттанар күн жақын деген сөз. Ұзаса бір жыл, әлде екі жыл. Алаш ұранына шаппаған, ту түбіне жиналмаған хан мен сұлтанды, би мен батырды сонда көріп аламыз!

— Бірақ ойрат ордасының күші әлі де мығым, — деді Абылай. — Шығыс Түркістан ұйғырлары ойраттарға осыдан жетпіс жыл бұрын қарсылықсыз бағынған. Содан бері жоңғарды астықпен, бұл-шаймен, жеміс-жидекпен қамдап келе жатқан — Қашқария қалалары. Бұл күнде Қоқан мен Қырғыз да — жоңғар боданы. Өздеріңіз білесіздер, қырғыз манаптары қаны бір қазаққа қол ұшын берудің орнына қалмақ нояндарымен ауыз жаласып кетті... Бұрын шығыс жақ оқта-текте Маншын хандығы шабуылдап, жоңғарды жұмалап алушы еді, соңғы жылдары олар Халқа-монғолдарды бауырына басты да, ойрат ордасымен бейбіт бітім жасасты. Ойраттар орыс елімен де достық қатынаста... Демек, дәл қазір Жоңғар хандығымен тіресіп тұрған қазақтан басқа халық жоқ. Бізге тек өз күшімізге сүйенуге тура келеді. Сырттағы көрші елдерден көмек күту — қашпаған сиырдың уызы. Немесе, қалай еді әлгі, қошқардың бірденесі үзіліп түседі деп соңынан салпақтап, аштан өлген қасқырдың кебі... Барған жерің — Балқан тау, ол да біздің көрген тау. Осы жұрт «Ойбай, Әбілқайыр хан ақыл тауып кетті! Орыстармен сауда істеп, қару алып, жырғап жатыр» деп дүрліктірген соң, қырқыншы жылы орыс бекінісіне біз де барып көргенбіз, — деді Абылай куәға тартқысы келгендей, тақта отырған Әбілмәмбетке қарап қойып. — Бәрі бекер, алып қашты әңгіме болып шықты. Үміт үзе беріндер, орыстар бізге жәрдемге андыз әскер де, от қару да бермейді. Дайын соғыс қаруын бермек түгіл, жуырда Ақ патша бұратана жұрттарға суық қару жасайтындай шалғы, орақ, күрек, балта секілді темір бұйымдар сатылмасын деп жарлық шығарыпты. Жай қара темірді қимай отырған олар бізге от қару беретін бе еді?! Әбілқайырдың халыққа берген тағы бір уәдесі — Еділ-Жайық екі өзеннің арасына ел қондыру болатын. Ақ патша ол тілегін де қабылдамай тастады. Сұмдық қой: әрі-бері өткен қазақ малы жайылмасын деп, Жайықтың оң жақ қапталын әлденеше шақырымға

дейін от қойып, өртеп жіберген! Ал, шығысқа қарай жылжып көшу жөніне келсек, Дорабоздың бұл талабын құптаймын, — деді Абылай. — Білсе барымта, білмесе сырымта... Ойраттан енді үрейленбей, шама келсе ішкерілеп ене берген жөн. Барқытбелдің күнгей, теріскейі — қазір Дабашы мен Әмірсана нояндардың қарауында. Тек сезік тудырып, үркітіп алмасандар болғаны...

Бүгінгі әңгіме осымен біткен. Рулар арасындағы жер дауы мен жесір дауын, өріс-қоныс жайын сез еткен хан кеңесі тағы екі күнге созылды. Соңғы күні кешке жұрт қонақ үйлерде арнайы айтып сойылған көкқасқаның етін жеп, ән мен жыр, қызық думанға кезек беріп, түн ортасына дейін отырды да, ертеңінде өз ұлыстарына қарай бет түзеді.

II

Осыдан арада тура он бес күн өткенде, Балқаштың теріскей жағасы мен Тоқырауын және Аягөз өзендерінің екі аралығын көктеп отырған қалың ел шығысқа қарай дүрк көтерілді. Биыл қар кетіп, жаздың шеті жылт етісімен-ақ Найманның Төлегейтайдан тарайтын төрт арысы: Қаракерей, Садыр, Матай, Төртуыл ауылдары Ұлытау өңірінен шығысқа қарай жылжып, осы бір ұрымтал өлкеге әдейі қоныс аударған-ды. Жылдағы тәртіп бойынша көші-қон жөніндегі хан жарлығын күтсе де, тілектерінің қабыл боларына сенімді еді. Сарысудағы хан кенесінен қайтқан Қабанбайдың «кешеміз» деген жалғыз ауыз сөзі жағалай отырған қалың елді бір-ақ күнде атқа қондырған.

Қазақ үшін көшу деген де сөз болып па, тәйірі. Қазақтың жаңа қонысқа көшкені — қанатты құстың ұшқаны тәрізді. Көшпенділер үшін жазаның үлкені — жыл бойы жұрт жаңаламай, бір жерде отыру. Түз құсы қанатымды қалай қағам, көк жүзіне қалай көтерілем деп ойлап жатпайтыны секілді, жүздеген ауыл, сан мыңдаған адам ит арқасы қиянға қалай жетер екенбіз деп, бұлар да бас қатырып уайымдаған жоқ. Осы бір көш шеруін көптен күтіп, буынып-түйініп отырған ауылдар кеше ел ағасынан хабар тиісімен төрт түлік малын түгендеп, түйелерін қомдап, көш аттарын матастырып қойды да, бүгін таң ата үйлерін жығып, биенің бір сауымындай уақытта жүктерін артып та болды. Арада тағы бір сүт пісірімдей мерзім өткенде, қора-қора мал мен лек-лек түйелі көштер қайтқан қаздай тізіліп, шығыс солтүстікке қарай бұйда созып бара жатты.

Атам заманнан бері қалыптасқан көшпенділердің өмір машығы, жедел қимылы кейінгі жаугершілік жылдары тіпті кемеліне келіп, бұрынғыдан ары ширай түскен-ді. Енді бірер сағаттан кейін келер жау болса, кеше ғана осы өлкеде шимайдай боп отырған қалың ауылдың жұртын сипап қалары сөзсіз. Бұлар да — өз кәсіптерінің нағыз шеберлері. Атан түйелерге бастыра жүк артып, қыл арқанның бір ұшын белдеріне шалып алған жігіттер, бір-біріне «алдысың ба, артысың ба?» деп алып, шірене тартқанда, қимылдарына көз ілеспейді. Ал әйелдер жағы сабақты жібін, сынық бұрауын жұртқа тастамайды. Азаматтарға қысқа-қысқа бұйрық

беріп, әр затты өз орнына қойғызады да, ең соңында бесіктегі баласын ат үстінен іліп алып, түйесін жетектеп жүре береді... Рас, бүгінгі көріністе жаугершілікте болатын ондай ала бөтен қарбалас, үркін-қорқын байқалмайды. Бұл, әсілі, бейбіт елдің алыс жайлауға қарай бет алған салтанатты, салқар көштерінің бірі еді.

Мана шығыстан құлан иектеп тақ атқанда ортадағы үлкен ауылдан аттанып, қасындағы бір топ адаммен Аягөз өзенінің сол жақ қапталындағы биік төбенің басына көтерілген Қабанбай батыр етектегі елдің осындай қауырт тірлігін түгел шолып, көріп тұрған-ды. Бас сардар азаматтардың жіті қимылына дән риза болды. Қарауындағы жұрт бақуат, бейбіт тұрмысқа бой алдырып, салбөкселеніп қалды ма деп еді, жоқ, қайран ел ежелгі жауынгерлік салтынан айнымаған екен! Бұл күнде жасы елудің ішіне енді ілінген батыр, басындағы алтынды болат дулығасы көкжиектен жаңа шыққан күн нұрына шағылып, жаздық қамқа бешпент сыртынан торғай көз ақ бадана сауыт киген алып денесін жеңіл қозғап, жұрт «Қубас» атандырып жіберген жал-құйрығы сұйықтау, түйедей торы аттың үстінде үзенгіге шірене сәл көтерілді де:

— Әй, мыналар ерледі! Жұрттың бәрі жүгін артып болып, тегіс-ақ атқа қонып қалған екен. Жолымыз болғай-ақ! — деді қасындағы серіктеріне бұрылып.

Қазір Қабанбай қасында Қаракерейдің Байыс тармағынан шыққан аруақты жырау Ақтамберді, оның аталас жақыны, жігіт ағасы Қу дауысты Құттыбай, Мұрыннан Боранбай би, Төртуыл Төбет би, Қызай Есенгелді батыр, тағы басқа Найманның басты кісілері бар еді. Осылардың ішінде бәрінен жолы да, жасы да үлкені, бірақ жетпістен асып кетсе де әлі қайраты қайтпаған, ұзақ өмірінде бұхармен де, қалмақпен де талай қидаласқан, ақындығына батырлығы сай, көпті көрген көнесі осы Ақтамберді болатын. Мына құжынаған қалың елді, сап түзеген лек-лек көш шеруін көрген жыраудың арқасы қозып, шыдай алмай тұр екен. Қапсағай ірі денесін жылдам жинап, іле тіл қатты:

— Мен де соны көріп, сүйсініп тұрмын, жігіттер. Қайран ел аядай жерде қысылып-қымтырылып, қанатын еркін жаза алмай келген екен-ау! Көш тізгіні қолға тигенде, қырандай дүр сілкінуін қарашы! Мынадай ұжымдасқан ұлысты қандай ғана жау басынар?! Не дейін, тіл-аузым — тасқа!.. Көштің көлікті, қонар қонысың құтты болсын, Дарабозым! — деген сөзінің соңын Қабанбайға арнап.

— Айтқаның келсін, жырау! Бұл жай көш емес, жорық көші ғой. Бір тәңірдің өзі жар болсын! — деді Қабанбай да, алды созылып бел асып кеткенде арты ошарылып ойда жатқан көш керуеннен көз айырмаған күйі, толқи тіл қатып.

Осы кезде орнынан жылжып кеткен шоғыр-шоғыр көш тізбегінен үзіліп шығып, осылай қарай етектерін жел көтере аңдыздай шапқан аттылардың

да қарасы көрініп еді. Бұлар әр рудың ақсақал ағасы, қол астында жүз-жүзден аламан әскері бар жас батырлар-тұғын. Осындайда қайраты тиетін атпал азаматтар таң атқалы өз ауылының жүгін артысып, көшін түзеп берген соң, енді бас сардарға сәлем беріп, жағдайды хабарлауға келе жатқан беттері. Бәрі де жақындай бере жүрістерін тежеп, төбе басындағы үлкендерге:

— Көш көлікті болсын, сардар аға!

— Тәңір жар болсын!

Шөп жұғымды, ақ мол болсын! — десіп жамырай сәлем берісті.

Алдымен жеткендердің қатарында Қабанбайдың руластары: Жұмықтан Дәулетбай, Тоғас Қосай, Сыбаннан ер Еспембет, Тумадан Шынқожа, Тоқпақ Қасабайлар бар еді.

Екінші бір жақтан Төртуыл батыры Баймұрат пен Байғана Шөрек, Матай Тентек, Бөрібай батырлар келді. Бұлардың бәрі де алды қырыққа, арты отызға жана ілінген дәуперім жастар болатын. Жігіттердің жүздері жайраң, көңілдері мейрам. Әрқайсысы емен-жарқын тіл қатып, күш-көліктің жеткілікті болғанын, көшкен жұртта сынық бұрау да қалмай, тегіс жолға түскенін баян етті.

Қабанбай бастарына болат дулыға, үстеріне жеңсіз көбе киген, белдеріне наркескен қылыш байлап, иықтарына қорамсақты жақ асынған батырларға жағалай қарап өтті. Бәрі де — күні кеше өзі баулып өсірген, нағыз сен тұр, мен атайын, сайыпқыран азаматтар. Таяуда әр рудың ең жанкешті деген қарулы, мерген жігіттерінен жүздіктер іріктеліп, кеп жылқы мен қалың көшті қорғап-қоршап жүретін ертауыл жасақ құрылған-ды. Қолбасы — Дәулетбай, он қолы — Шынқожа, сол қолы — Баймұрат болсын п.ескен. Ұзын саны үш мыңдай адам ат-көлік, қару-жарақтарын сынап, аламан ойындар өткізіп жатқанына да біршама уақыт болған. Кеше бұларға Шыңғыстаудан бес жүз қолмен Еспембет келіп қосылды. Қабанбай енді сол жігіттерге кезек қарап алды да:

— Қалай, сарбаздарың сай, қару-жарақтарың қапысыз ба? Бізге енді аламан әскерлеріңді көрсетпейсіңдер ме? — деді езу тартып.

— Бәрі дайын, сардар аға!

— Қарулы жасақ мына белдің астына жиналып жатыр, — десті Дәулетбай мен Шынқожа қатар жауап қатып.

— Бұл төңіректен әзірге кезенген жау кезіге қоймас. Дегенмен сақ болыңдар! — деді Қабанбай түсін суытып. — Ойрат шебіне тым жақын келіп тұрғанымызды естеріңнен шығармаңдар.

— Алаң болмаңыз, сардар аға!

— Тәйірі, жоңғарды жаңа көріп жүр дейсіз бе?! — деп жігіттер тым сенімді тұр.

— Әй, дегенмен байқандар. Бір бүйірден шыға келіп, бөріктіріп жүрмесін! — деді Боранбай би де сақтық айтып.

— Шолғыншылар Барқытбел жақтан кеше ғана оралды ғой. Ақшәуліден бері тірі қалмақ ұшыраспапты, — деді Баймұрат батыр жұрттың көңілін біржола орнықтыра сөйлеп.

— Ләйім, солай болсын. Әйтсе де, «жау жоқ деме — жар астында» деген ғой. Жоңғардың жол басар бөрілері ойламаған жерден сан соқтырып кетуі ғажап емес. Сақ болындар, қырандарым! — деп Ақтамберді де сөзге араласты.

Осыдан кейін Баймұрат, Шынқожа, Дәулетбайлар аламан әскерді жорық алдында тағы бір рет тәртіпке келтірмек болып жүріп кетті де, үлкендер сол орында тұрып қалды. Көп өтпей жер құйқасын топылта басып, екі-үш салтатты қосылды бұлардың тобына. Бұл келгендер — сардардың өз ауылының көшін жолға салып, қолы енді ғана босаған Шағалақ және Қабанбайдың кенже ұлы, он бес-он алтылар шамасындағы жас ұлан Әлі болатын. Кекілінің астында танадай ғана төбелі бар, күрең бестісін жайтаң қаққызып, бұрынырақ жеткен балаң жігіт үлкендерге сонадайдан дауыстап сәлем берді.

— Орта толсын, қадірменді әкелер мен ағалар! Көш байсалды, қоныс жайлы болсын! — деп тізгін тартқаны сол еді, астындағы күрең төбел де сәлем еткісі келгендей, алдыңғы екі аяғын көкке көтере, тік шапшып барып, қайта түсті.

— Айтқаның келсін!

— Ортамыздың кем жері өзіңмен толсын!

— Әй, мынау — Қабекеңнің кенжесі ме?

— Қайдан шыға келген хас батыр десек, өзіміздің Әлі екен ғой? — десіп үлкендер жағы қауқылдасып қалды.

Айтты-айтпады, бойында бес қаруы түгел балаң жігіттің сырт тұлғасы жұрт назарын бірден аударған. Басында күн нұрына шағылған алтынды болат дулыға, үстінде қылауы түспеген ақ берен сауыт. Беліне қайқы қылыш тағынып, иығына қорамсақты жақ асынған. Білекте — қалқан, тақымында ұзын сапты көк сүңгі. Осы қазір жекпе-жекке шығуға бата сұрай келген батыр дерсің. Қабанбай баласының мына пошымына қарап, мұртының астынан жымыып күлді де:

— Балам-ау, бізден әлі жау қарасы алыс қой? Жайшылықта атыңның жүгін ауырлатып, бар қаруыңды түгел асынып алғаның не? — деді жай еркелеткен үнмен.

— Ер қаруы қыз жасауы емес — қашан ұзатылғанша сандыққа салып қоятын! — деді екі көзі шоқтай жайнаған бала әкесіне қаймықпай қарап. — Жорыққа аттанған жігіттің бес қаруы бойында болуы керек.

— Жаумен шайқасар күн алда. Күш-қайратың толғанша сабыр ет, балам.

— Өзіңіз қалмақ батыры Өлжежырғалды құм қаптырғанда неше жаста едіңіз, көке?

Қабанбай қарқылдап күліп жіберді:

— Қап, мынау бүгін мені олай да, былай да аунатып жеді- ау!... Осының бәрін үйретіп қойған сен емессің бе, Шағалақ?

Шарға бойлы Шағалақ үйелмені үйдей, жалдас қоңырдың үстінде әкелі-балалы екеуінің әңгімесін күле тыңдап, түбінде сөз төркіні өзіне соғарын сезгендей, насыбайын атып қойып, үнсіз күтіп тұрған-ды. Бөгелместен іле жауап қатты:

— Е, бөрінің бөлтірігі азу тісі шыққан соң қойға шаппай тұра ма! Әкесі — Қабанбай, нағашысы — Малайсары болса, бұл баладан бұдан басқа не күтесің?! Одан да құр сөзге жұбатпай, жас батырдың сауыт-сайманына көрімдік бер! — деген, қашанда Қабанбай алдында еркін сөйлейтін әдетімен.

— Ә, бәсе, қу Шағалақ, манадан осылай демейсің бе?! Әлінің қару-жарағының көрімдігі — атан түйе болсын! — деді батыр сөзге келместен.

Бала жігіттің өңі бал-бұл жанып, көмейінде айта алмай тұрған тағы бір даты бар адамдай, әкесіне жалтақтап қарай берген. Бұл тілегін де Шағалақ жеткізді.

— Әлі бүгіннен бастап аламан әскерге қосылам дейді. Сол үшін жаңа ғана шешесінен рұқсат алып шықты. Енді өзіңнен бата сұрай келіп тұр.

— О, дұрыс-ақ!

— Талабыңа нұр жаусын!

— Сапарың оң болсын! — десіп жатты былайғы үлкендер.

Қабанбай сәл ойланып қалып, қасындағы Ақтамбердіге бұрылды да:

— Жырау, аузыңыз дуалы, көңіліңіз хақ еді. Балама бата беріңізші! — деді бақандай қолдарын алға созып.

Ақтамберді бөгелген жоқ. Бүлдіргелі қамшысын оң қолына ілген күйі ат үстінде алақанын жайды да, шұбырта жөнелді.

Әуелі құдай ондасын,

Оң жолына бастасын.

Қайыперен, қырық шілтен,

Әулиелер қолдасын!

Қарсы келген дұшпаның

Табанға түсіп сорласын.

Атасы басқа қалмақтың

Әмісе жолы болмасын!

Ат артына мінгестір

Әлпештеген ханшасын.

Әкең Дарабоздай батыр бол,

Жұртына салған олжасын!

— Аллауакбар! — деп бетін сипады.

Қабанбай қара қоңыр жүзі бір ағарып, бір бозарып, қатты толқып тұр еді.

— Айтқаныңыз келсін, жырау! Аузыңыз періштенің аузы болғай! — деді даусы тұтқырланып. Сонан соң баласына бұрылды да: — Ал жолың болсын, ұлым! Дәулетбайдың жасағына бар. Айтқанын тыңда! — дегенді қосып қойды.

Төбе басындағы топ елдің ең соңғы легі мойын созып, көш жолына түскенше тағы біраз байырқалап тұрды да, орындарынан дүрк қозғалып, бір белдің астында құралып жатқан жасаққа қарай бет түзеді. Айтқандай-ақ, бұлар келгенде Дәулетбай, Баймұрат бастатқан батырлар аламан әскерді жүз-жүзден бөліп, түзем құрып жүр екен. Жалпы қаралдысы үш мыңнан кем болмас. Сонау шетте Еспембет бастап келген Сыбан, Мұрын жігіттері бір бөлек тұр. Қабанбайлар тобы арқан бойы таяғанда аламан әскер даланы басына көтере:

— Алла жар болсын!

— Дарабоздың даңқы артсын!

— Жаса, Ақтамберді жырау!

- Қабанбай!.. Қабанбай! — десіп көп дауыспен ұранмен қарсы алды.

Қабанбай, Ақтамберді бастаған топ қасына әр рудың батырларын ертіп, қатар-қатар сап құрған аламандарды көзден кешіріп, жағалай қарап шықты. Ежелден келе жатқан үрдіс бойынша, қазақта әскер құрамы ру-тайпаға қарай жасақталатын. Русыз өріс-қонысты бөлісу, әскер жинау мүмкін емес-ті. Әр рудың ағасы — әскердің де басы. Бүгін де сол жоба сақталған. Маңдайда Қабанбайдың өз ауылы - Мәмбет-Қарақұрсақ жүздігі, Жұмық, Тоғас жүздіктері болып, Бәйжігіт қолы бірыңғай тұр. Дәл ортаға Найманның үлкен аталары Матай, Төртуыл, Қызай жүздіктерін қойыпты да, одан ары Тума, Тоқпақ, Семізнайман жігіттері орын алыпты. Ал ағайынды көшірісіп, жаңа жұртқа жеткізіп салу үшін сонау Шыңғыстау, Ақшатаудан келген Батыс атаңның балалары ең соңында, сол қанатта бөлек тұр.

Бұл, әсілі, алыс жорықты мақсат тұтқан аттаныс та, не жау шабуылын күткен қорғаныс та емес, былайша сақтық үшін көш қалқаны ретінде құрылған ертауыл жасағы еді. Үлкен аттаныс кезіндегідей: оң қол, сол қол, тұтқауыл, тосқауыл, бақауыл жасағы дегендер мұнда қарастырылмаған... Қабанбай әр жүздіктің алдында сәл-пәл аялдап, жігіттердің қал-күйін сұрап келе жатты. Бір байқағаны, неменеге жетісіп тұрғанын кім білсін, әйтеуір, жауынгерлердің көңілдері көтеріңкі екен. Араларында талай жорықты бастан кешірген, сан рет қалмақпен қидаласып, соғыстың ащы-тұщы дәмін татқан жасамыс сарбаздар бірталай болғанымен, көпшілігі әлі жаумен бетпе-бет келіп көрмеген сары ауыз жастар көрінеді. Арадағы кіші-гірім қақтығыс, барымта-сырымта болмаса, қазақ-қалмақ арасында үлкен қан төгістер өтпегелі, міне, бес жылдан асып барады. Мына бір мұрттары тебіндеп, иегіне енді ғана түк шығып келе жатқан жастардың көбі — сол соңғы толас кезінде ержеткендер. Қырық жыл қырғын болса да, халық құрымайды екен ғой. Алдыңғылардың қатары селдіресе, оның орнын өртеңге шыққан алшындай, кейінгі ұрпақ басады. Қазір, несін айтасың, осындағы талай жастың жаумен тезірек шайқасып, өз талайын сынағанша тағаты жетпей, асығып тұрғаны анық.

Аламандардың киім үлгісі, сауыт-сайман, қару-жарағы да ала-құла. Біреу көбе, біреу бадана, енді біреулері тот басқан ескі кіреуке киіп алыпты. Тіпті болат сауыт қолдарына түспей, сірі құяқ, киіз тұтқыр киіп алғандары қаншама. Дулыға дегендерің үштің бірінде ғана. Қару-жарақ та солай. Біреу найза, біреу шоқпар, біреу айбалта ұстаған. Тек қылыш пен қалқан, садақ жағы жалпыласыпты. Тобыршығы алуан түрлі: сауыт бұзары, қозы жауырыны бар, қайың оқты қорамсақтары толық көрінеді. Қабанбай жас сарбаздардың бірнешеуін ортаға шақырып, әлгілердің қылыш, найзаларын қылпытып көрді. Жақтарын иіп байқады. Кейбіреулеріне көңілі толмай, іштен тына күрсінді. Әйтеуір, жан алқымға алып, жағаласып тұрған жау жоқ, әзірше көш қалқаны болуға жарап тұр. Тек бірнешеуінің аттары

жарамсыз екен, бүгін-ертең ат ауыстыруға кеңес берді.

— «Жаман ат жауға қалдырады, жаман қатын дауға қалдырады» дегенді естуің бар ма? Мына көк шалақпен не тындырам деп жүрсің? — деген, жауыр көк биесін желқомдап мінген, үстінде киіз тұтқыры бар жүдеу өнді егде жігітке қарап тұрып. — Жорықта ер қанаты ат екенін ұмыттың ба?

— Бары осы болды, сардар аға. Тәуір аты құрғыр қолға түспей... — жігіт мінгірлеп төмен қарады.

— Қай ауылдансың? Жүзбасың не қарап жүр?

Көк биелі сарбаз Тоқпақ руынан екен. Жүзбасы Қасабай батыр шырылдап араға түсті:

- Әй, Күркебай-ай, қарадай жерге қараттың-ау адамды... «Жортуыл сенің не теңің? Ауылдағы малға қара» деп талай айттым осыған. Тыңдамай ілесіп алған өзі...

Қысылғаны болар, Күркебай ырсыңдап күле береді.

- Тәуір көлікті қалмақ жылқысынан ұстап мінеміз ғой... Сонан соң, сол жақтан қатынның да ыңғайы келіп қала ма деп...

- Мәссаған, керек болса! Оу, сен қатын іздеп шыққан кісі болдың ғой? — деді Қабанбай мырс-мырс күліп.

- Қатын алсақ, былай нетеміз бе деп... Былай үй болып дегендей. Қалмақта қыз-келіншек көп деген соң...

Күркебайдың мінезі жігіттерге қанық сияқты. Бәрі қыран-топан күлісіп жатыр.

- Жарайды, талабыңды қайтармайық... Бірақ саптың сиқын кетірмей, мынаған дұрыс ат, ер-тұрман тауып бер, — деп жүзбасыға тапсырды да, Қабанбай атын тебініп, келесі топқа қарай жүріп кетті.

Бұл елдің әлде бағы, әлде соры: қазақта ежелдің ен күнінен-ақ тұрақты әскер болмаған ғой. Қарулы жасақ осындай аттаныс, не қорғаныс кезінде жол-жөнекей, атүсті жиналады. Киіз туырлықты Алаш елі екі лек³ әскер шығаратын Қасым ханның кезінде солай болған. Қазір де солай. Қазақтың ұлы хандары Хакназар мен Тәуекел, Есім мен Жәңгір де тұрақты әскер ұстауды қанша армандаса да, қолдары жетпей-ақ кетті. Оған қазақтың бытыраңқы, көшпелі тірлігі мүмкіндік бермеген. Әзірше көшпенділерден тұрақты әскерге қол жеткізгені — жоңғарлар ғана. Қанша айтқанмен Шыңғыс хағанның салып кеткен жолы бар емес пе, бүкіл қалмақ қауымын тұтасымен көшіп жүрген әскер десе болады... Ал қазақтыкі - ұзын арқау, кең тұсау. Мұнда жасақтың нақты санын белгілеген де ешкім жоқ. Жалпы жоба

бойынша, түтін басы бір сарбаз деп мөлшерленеді...

Ұлы аттаныс кездерінде Наймандар қашанда бір түмен әскер шығарып келген. Қабанбайдың өзі де түмен бастап, Алаш туының астына талай барып тұрған-ды. Қазір де сол сан кеміген жоқ. Егер күні бұрын жаушы шаптырып, шындап дабыл қағылса, бұл күнде қара ағаштай қалын Найманнан бір емес, үш түмен қол жиналатыны күмәнсыз. Бірақ Найман ұлысы жаугершілікке, өріс-қоныс таршылығына байланысты дәл қазір үшке бөлініп жатыр. Жоңғар шабуылы басталғанда Аягөз, Балқаш бойынан ығысқан Балталы-Бағаналы Ұлытау, Жезді өңіріне ауып барды да, сол жақты мекендеп қалып қойды. Ертіс бойын құлдай, Алтайдан ауған: Терістаңбалы, Сарыжомарт, Көкжарлы, Бура да әлі күнге дейін жау басып алған ата қонысына жете алмай, Шыңғыстау мен Қызылсу-Шардың ортасында сығылысып зорға отыр. Ал бір кезде Барқытбелдің күнгейі мен теріскейіне симай сыңсып отыратын, түстігі Токта-Барлық, Алатауды жайлаған Қаракерей, Төртуыл, Матай мен Садыр әулеті жоңғардан ығысып, Арқаға ауды да, ақыры «Ақтабан шұбырындыға» тап болып, қатты тозып кеткен. Содан көп жылдан кейін ес жинап, бытыраған елдің басын қосып, көштің бетін шығысқа — атамекенге қарай бұрғаны осы еді.

Қабанбай әскер жасағын бұдан ары ұстап тұрғысы келмеді. Түземдегі жүздіктерді жағалай көзден көшіріп шыққан соң, батырларды шақырып алды да, қысқа-қысқа жарлық берді. Қарулы жасақ көштен тым қара үзіп кетпей, бес-он шақырымдай алда жүріп отыруға тиіс. Жан-жаққа шолғыншылар жіберіп, олардан түскен мәліметті сардарға хабарлап отырулары керек. Қолбасының рұқсатынсыз бейбіт елді шабуға, қалмақ шебін бұзуға болмайды. Тек ойда жоқта жау шабуылына тап болғанда ғана қылыш суыруға ерікті. Осылардың бәрін қадағалай тапсырып, жігіттерге жол болсын айтты да, өзі қасындағы ақсақал, билерді ертіп, көш соңынан жүріп кетті.

Бұл көш — баяғы Қасым хан заманындағы, одан бергі Хақназар, Тәуекел, Есім хандар тұсындағы көк күймеге мініп, көлден-көлге қонып, Сырдан — Есілге дейін, Балқаштан — Барқытбелге дейін жол бойы сән түзеп, сауық құратын, соныға мал оттатып, асықпай айлап жылжитын, салтанатты салқар көш емес-ті. Қазақтан ондай сән қалғалы қашан! Соңғы жарты ғасырда әр он жыл сайын соқпа дерттей, тойымсыз жұттай қайталап отырған жаугершілік халықтың қанатын қырқып, үрдіс, салттардың талайын үзіп жіберді. Ежелгі көш жолдары бұзылды. Қайта мынау — ұрыс-қағыссыз өткен соңғы бес жылда халықтың ес жинап, етек жапқаны ғой. Әйтпесе, кешегі «Ақтабан шұбырынды» заманында қазақтың талай тайпасы көшке ілесе алмай, жаяу-жалпы босқынға айналған жоқ па еді?!

Шіркін, қайтқан қаздай тізілген қазақтың сол бір көші-ай! Қазақ ұғымында, көш — салтанат, көш — бәсеке. Осынау жарық дүниеге папш етер тіршілік көрмесі. Қазақ жор-ғасы мен жүйрігін көшкенде мінеді. Біркіер асылын көшкенде киеді. Кілем-кілшесі, оюлы сырмағы жүк үстіне

жабылады. Сөйтіп жасыл жайлау, бұла табиғат аясында өзінше бір бой жазады... Әйтседе, бүгінгі мына көштің, өткен күндермен салыстырғанда, тым жұпыны, жүдеу екенін сырт көз бірден-ақ аңғарар еді. Әр лектің алдын түйелі көштер бастағанымен, арт жағы өгізге артқан, атқа теңдеген, ырдуан арбаларға тиеген қара шобырға айналып кетеді. Өз алдарына ат тауып міне алмай, жүк үстіне жабысқан, кебежеде отырған кемпір-шал, мойындары қылқиған бала-шаға қаншама! Амал не, қабырғаң қанша қайысқанмен, жұтаған жұртты немен жеберсің? Аш-жалаңаш кедейді байға қалай теңерсің?!

Қабанбайлар тобы әр көштің тұсынан өткен сайын, ауыл ағалары алдарынан шауып шығып, сәлем беріп, тілдесіп қалып жатыр. Бір тәуірі: бұқара жұрттың еңсесі көтеріңкі, көңіл ауаны жақсы екен. Үлкен-кіші демей, бәрі де ежелгі атамекенге бір табан болса да жақындатып, жаңа кең қонысқа әкеле жатқан бас қолбасыға сәулелі үмітпен мейірлене қарайды. Әрине, жау шебіне жақын барып қонамыз дегенге әлдебір қорқынышпен қобалжып келе жатқандар да жоқ емес. Соған орай, көш маңындағы былайғы халық та қамсыз емес сияқты. Ер-азаматтың көбінің-ақ сауыт-сайманы үстінде, бес қаруы бойында. Бірер қауіпі төнсе, осы көш бойынан-ақ жүздеген сарбаздың суырылып шығары кәміл.

Бүгін күн де шайдай ашық еді. Бұлтсыз аспан жасыл тудай желбіреп тұр. Балқаш бойындағы шоқ-шоқтораңғы, жыңғыл өскен еспе құмнан ұзап, төскейге таман жақындаған сайын, жер құйқасы қалыңдап, боз жусанды, бетегелі, көк майсалы кең алқаптар басталған. Күн қыза келе көк жүзіне бозторғайлар көтеріліп, мына мыңғырған тіршілік иелерін қуана қарсы алғандай, берекелі бейбіт күнді мадақтап, жырға қосқандай болады. Биылғы ұлу жылының қысы қарлы, көктемі жаңбырлы болып еді. Күн нұрына қаныққан жусанды дала, босанған әйелдей бусанып, емірене бөртіп жатыр.

Алды аяңдап, арты желіп, алшандай басқан Қубас аттың бұлаң құйрық жүрісіне Боранбайдың боз жорғасы зорға ілесіп, Ақтамберді бастаған біраз жұрт арт жақта сөлкектеп желіп келе жатты. Тізгін тежемей, атының жүрісін қызықтап, шылбыр бойы алда келе жатқан Қабанбай қазір өз көкірегінде де әлденеге алабұртқан тағатсыздық барын сезеді. Әлдене жүр-жүрлеп шақырғандай, алыс көкжиекке жиі қарағыштай береді. Дәл маңдай алдында, сонау бір қиыр терістікте шөке түсіп жата кеткен жолбарыстай, тұмсығы сүйірленіп бітетін Барқытбел жатыр көсіліп. Бұл оның аласа адырға айналған батыс сілемі ғана. Ал осы тауды бөктерлеп жүре берсең, сонау Сауырға дейін мықты атқа жеті күншілік жол. Соның бәрі — бұл күнде жоңғар иелігінде... Ал шығыс жаққа қараса, күн астында сағымға оранып, сонау алыс-алыстан жоңғар Алатауы мен етегі Алакөлге малынып жатқан Тоқта-Барлық таулары мұнартқандай болады.

Қайран Алакөл! Алакөлді көрмегелі қай заман?! Сәл жел тұрса шарадағы қымыздай көбігі сынып, бейне көл бетіне сан мың аққу қонып

отырғандай, ап-ала боп жатушы еді. Сол көрініске ата қазақ Барлықтың жотасына шығып қарап тұрған да, «Алакөл» деп ат қоя салған. Өттең, дүние-ай, өзің туып өскен сол көлдің жайсаң жағалауын жау ойнағына беріп қойып, Қабанбай басыңмен сен де тірі жүрсің-ау!

Батырдың маңдайынан сұп-суық тер шықты. Бадана сауыттың бас ілгегін ағытып, басынан кіші-гірім қазандай дулығасын алды. Барқытбел жақтан лүпіп соққан самалға омырауын тосып, сәл тыныстады. Екі қастың түйіскен жерінен аз жоғары, дәл маңдайда білінер-білінбес қоян-тобығы болушы еді. Қабақ түйіп қатуланған кезіндегідей сол тобық әрі-бері ойнап кетті.

Ойлап қараса, дәл осы өлкеге қазақ көшінің із салмағанына қырық жылдан асып барады екен. Қалмақ қолы осы ғасырдың бас кезінде-ақ Барқытбелдің күнгейі мен Тоқта-Барлық, Алакөл маңынан қазақ ауылдарын ығыстыра бастаған. Ойраттар қазақтың жайбарақат, бейғамдығын пайдаланып, қашанда қапыда соғып келді емес пе. 1702 жылғы Барлықтағы алғашқы айкаста ғой, мұның әкесі Қожақұл батырдың аз адаммен қоршауда қалып, ақыры ауыр жарақаттан мерт болғаны. Онда Қабанбайдың, Қабанбай емес, Ерасылдың жетіге жаңа толған кезі. Сол жыл ел үріккенде, түңғыш рет жеке атқа мініп, тізгінін өзі ұстап жүргені есінде. Араға біраз уақыт салып, яғни 1711 жылы қалмақтар Жоңғар қақпасынан тағы бір рет асып төгілді. Осы жолы жылқыға шапқан жау қолынан ағасы Есенбай қаза тапты. Сонан кейін көп ұзамай қазақ ауылдары Тоқта-Барлықтан түп қопарылып, батысқа қарай ауған-ды. Содан бері қалың Қаракерей де, Матай мен Төртуыл да ол жаққа аттап баса алған жоқ. Рас, аламан әскер сапындағы жаракты ер-азамат жортуыл-жорық кездерінде бірнеше рет қалмақ қолын тықсырып, Алакөлге дейін барып қайтқаны бар. Ал туған жерін сағынған кәрі-құртан, қатын-қалаш пен ол өлкені тек үлкендердің әңгімесінен ғана білетін жас әулеттің көп жылдан кейін шығысқа ат басын бұрғаны осы еді.

III

Қабанбай, Ақтамберді, Боранбайлар тобы суыт жүріп отырып, бір мезгілде көштің алдыңғы легін қуып жетті. Бұлар — арысы Мәмбет, берісі Қожақұлдан тараған, Қабан-байдың өзіне табиғы ауылдар еді. Ат-көлігі, азаматы сай, салтанатты, сәнді көш. Жақсы жарақтанған жүздей аламан көшті жан-жағынан қоршап келеді. Бестен-оннан бір-біріне тіркелген жүкті түйелер, күміс ер-тұрманды, жуан-жуас ат мініп, көш бұйдасын ұстаған салауатты бәйбіше, сұлу, сәнді келіншектер. Жол-жөнекей атқарылатын жауапты міндеттен ада, тек көштің сәнін кіргізу үшін жаралғандай, алтындаған ер-тұрманы күн нұрына шағылып, саусылдап бос жүрген, жарау атты қыз-бозбала өзінше бір топ құраған.

Үлкендер алдыңғы көшке жақындағанда, үстіне аппақ берен, басына алтынды жеңіл дулыға киіп, садақ асынған бір жас ұлан жаңағы қызылды-жасылды, дулы топтан бөлінді де, астындағы сүліктей жирен жорғасын

тайпалтқан күйі қарсы алдарынан көлденеңдей берді. Жакұттай аппак тістерін жарқырата, сонадайдан ақсия күліп келеді.

— Армысыздар, көкелер? — деді бұлар есік пен төрдей қалғанда даусы санқ етіп.

— Бар бол, балам!

— Көш көлікті болсын! - десті разы болған үлкендер. Біреулері шырамытып, екінші біреулері нақты болжай алмай тұр.

Бұл келген — Қабанбайдың кіші әйелі Майсарадан туған, жасынан ұлша киіндіріп, шолжың өсірген ерке қыз — Назым болатын. Кішкентайынан мына тұрған үлкендердің алдына талай отырып, иығына шығып өскендіктен, ешкімнен қысылып-қымтырылмай, өзін тым еркін ұстап тұр. Әйтсе де әкенің қырағы көзі Назымның қабағындағы кірбіңді бірден аңдады.

— Назыкенжан-ау, жайың жараспай, өзің бірдемеге ренжіп жүрсің ғой? — деді қызын айналып-үйріліп.

— Жәй, әншейін...

— Сені біреу ренжіткен-ау! Айтшы, кім ол? Кім де болса Барқытбелден асырып жіберейін!

— Апам! — деді Назым езу тартып. — Апамды асырып жіберіңізші... Аламандар қосына Әліні жіберді де, маған келгенде тістей қатып отырып алды.

— Ә, солай ма? — Қабанбай қарқылдап күліп жіберді. — Бәлем, апам тұра тұрсын!.. Бірақ көшті қорғауға да кісі керек қой. Қазір көрініп тұрған жау жоқ. Сол Әлі аламан әскер боп, бірдеңе бітірер дейсің бе. Оның есесіне сені алғашқы жорыққа өзім ертіп шығам.

— Шын ба, көке?

— Әлбетте. Мен сені қашан алдап едім?! — деді атын тебініп, жүре сөйлеген Қабанбай.

— Әлі сайыста менен талай рет ұтылған, — деді Назым да қатарласып. — Ол жүз қадам жердегі тулаққа он оқтың жетеуін зорға тигізгенде, мен тоғызын түйредім!

— Әлі де болса жаттыға түс. Нағыз мергеннің атқан оғы жерге түспеуге тиіс, — деді көкесі. — Ал енді біздің көшке барып айт: мына шөлдеп келе жатқан кісілерге сусын әзірлесін.

Назым жирен жорғаның тізгінін босатып, салдырта жөнелді. Боранбай

би соңғы бір-екі жылда Назымға түстеп қарамаған екен. Қазір оның солқылдап бой жеткенін, толыса келе нағыз хаса сұлуға айналарын сезіп, іштей сұқтанып қалды. Кенже ұлы Мырзатай жиырмаға толғанша үйленбей, қыз таңдап, бұлғақтап жүр еді. Соған мына Назымды көрсететін екен!.. Бірақ сырттай сыр бермеді. Қабанбайға бұрылды да:

— Мына балаң да болайын деп тұр-ау! Құдайым құмыр жасын ұзақ қылғай! — деді ұзаққырап кеткен Назымның соңынан қарап тұрып.

— Айтқаныңыз келсін, биеке! Тентектің ұлдардан қалысқысы жоқ, — деді Қабанбай да қызының соңынан қуана қарап. — Майсараның өзі ғой — осы баланы сайыс пен садаққа баулып жүрген!

Әрқайсысы жеке ауыл боп кеткен Қабанбайдың үлкен ұлдары: Үмбетей, Едіге, Байтоқ, Сырымбеттер көш басында жүр екен. Бәрі жамырап алдарынан шығып, сәлем берісті. Жолаушылар да өз тарапынан бәйбішелер мен азаматтарға «қош байсалды, қоныс жайлы болсын!» деген тілек айтысты. Қабанбайдың бәйбішесі, керей қызы Ханбибі бұл күнде жасы елуге келіп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған, бір елдің анасындай білікті адам еді. Қабанбайдан тараған жеті ұл, бес қыздың көпшілігі — осы Ханбибінің құрсағынан. Мал-жанға ие болып отырған адуын бәйбіше көшті сәл кідіртіп, азық-түлік, сусын артылған түйеден кішілеу сабаны алдырды да, жүргіншілерге үлкен сырлы аяқпен қымыз ұсына бастады.

Ал бұл кезде жасы қырыққа келіп қалса да нұры таймаған, сұңғақ бойлы, қызыл шырайлы Майсара сонадайдан аттан түсіп, жаяулап келіп, Ақтамберді, Боранбайдай үлкендерге әдеппен тізесін бүгіп, сәлем етіп тұрған-ды. Бәсентиін Малайсары батырдың қарындасы, Қабанбайдың жорық жолында табысқан сүйіктісі, кезінде жұрт «Гауһар қыз» атап кеткен атақты Майсара осы еді. Кимешегінің екі жағы мен мандайына оқалы зер жүргізген, үстіне тобығына түскен қос етектегі көк торғын көйлек, күрең қатипа камзол киген қазіргі қалпында да жаңа түскен келіндей сызылып тұр. Мына түрінде Майсараны садақ тарту мен семсерлесуден алдына жан салмайтын, сайыстан күш сынасқысы келген қайындарының қамау терін сығып алатын хас жауынгер десе ешкім сенбейтіндей. Үлкендердің алдында ибамен сәлем етіп, сырлы аяқпен майысып тұрып қымыз ұсынғанда, жетпіске келген шалдардың өзі құйрықтары қоныс таппай, қауқалақтап қалды.

Еркектер атқа қонарда, Майсара ұялы нәркес көздерін тұндыра, күйеуіне жәудірей қарап алды да:

— Батыр, бүгін еру болатын жеріміз әлі алыс па? Бір күн де болса балашаға күйзелмейтін, суатты, жайлы қоныс болса игі еді?! - деді назы да, тілегі де аралас, аса бір биязы үнмен.

Оған қам жеме. Осы жүргенде бәрімізде сол жайлы қоныс үшін келе жатқан жоқпыз ба?! — деп Қабанбай жүре сөйлеп, атына қарай бет алған.

Майсара үйдегі әдетінше Қубастың сұлулығынан ұстап тұрып, күйеуін қолтығынан алып өзі аттандырды.

Аттың белін суытып, қымызға қанып алған үлкендер енді көштен озыңқырап, өздерінше бір ошарылған топ құрап, суыт жүріп кетті. Әр ауылдың ру басы ақсақалдары мен беделді билерінің енді бір алуан әңгімесі алдағы өріс-қоныс жайына ойысып еді. Мөлшермен қай рудың қай тұсқа қонатыны әнегүнгі бір бас қосуда алдын ала белгіленіп қойылған. Енді соны жер көріп, жұрт шола келе, көш жөнекей іс жүзіне асыру керек.

Ел тұтқасын ұстаған ұлыс билері мен ақсақалдары арғы-бергіге ой жібере отырып, ақыры мынадай бәтуаға келген. Ана жылғыдай емес, халық өсіп-өніп жатыр, төрт түлік малдың да басы қайта құралып қалды. Мұндайда, әрине, Найманның қалың ауылдарын тар жерге қатар қондыру мүмкін емес. Сонымен бірге жаугершілік заманда, әсіресе, жау шебіне тақау отырған кезде, әркім әр жақтан қоныс іздеп, тым бытырап кетудің де реті жоқ. Қазақ пен қалмақ арасында ұлы аттаныс, қырғын соғыс болмаған күннің өзінде жылқы алу, барымта, кіші-гірім атыс-шабыс толас таппайды. Сондықтан аталас ағайын іргелерін тым алшақ ұстамай, қанаттас, қатарлас қонғаны мақұл. Және де қашан дүние тынышталғанша ат белдеуде, бес қару керегенің басында тұратын болсын! Әлдеқалай ел шетіне жау тиіп, «аттан!» деген ұран көтерілсе, қолма-қол атқа мініп, ту түбіне жиналудың бірден-бір жолы осы.

Сонымен бірге «тірлікте — жерін кен болсын, өлгенде — көрің кең болсын» деген бұрынғылардың өсиетін де ұмытпаған жөн. Қолдан келсе малдың орны толар-ау, жердің орны толмайды. Осының бәрін есепке алып, ақылдаса келгенде, Кенже Матай мен Қаракерейдің Байыс тармағы Шыңғыстаудан шығысқа қарай созылған қазіргі қонысында қалғаны жөн деп тапты ақсақалдар. Ал Қызай ауылдары солармен иық сүйесе, Аягөз, Ақшатау алқабын қоныс етсін. Төлегейтайдың бір баласы Төртуыл мен Қаракерейдің Байжігіт тармағы, Аягөздің шығыс қапталына өтіп, қалмақтан босаған Мыңбұлақ, Ақши, Өкпетіге дейін барып, Барқытбелдің батыс сілеміне ат басын тіресін. Ал былайғы Тума, Токпақ, Семізнайман аталатын Байсиық әулеті Алакөл мен Балқаштың екі аралығындағы ең жазықты қоныс етіп, жоңғарға жөн көрсете тақау келіп отырсын. Сонда ертең аттаныс, не қорғаныс кезінде бір тудың астына жиналатын Найман ұлысы бір-бірінен қол үзіп қалмайды, әрі жерден де ұтылмайды. Балқаштың батысынан — Ұлытауға дейінгі аралықты Балталы-Бағаналы жайласа, Ертістің сол жақ қапталындағы Қалба мен Қызылсу, Шар бойында Көкжарлы, Бура, Терістаңбалы, Сарыжомарт отырады. Бұлардың бәрі де — шекара бойында жоңғар шапқыншылығына ең алдымен ұшырап, ата қоныстарын амалсыз жау қолында қалдырғандар. Бірақ оның есесіне, ертең Жоңғарға қарсы ұлы аттаныс басталса, жақын жерден жауға алдымен шабатындар да, қалмақтан босаған қоныстарға бұрынырақ барып жететіндер де осылар болмақ. Демек, Қабанбай батырдың бұл жолы ұлыс көшін шығысқа бұруы тегін емес, оның астарында болашақ ұрпақ қамынан

туған талай жайттар жатыр еді.

Сонымен, Аягөздің төменгі сағасынан қопарыла қозғалған қалың ел алғашқы күндері түйдегімен тұтас келді де, арада апта өткенде, алдыңғы лектің мойны озғындап, кеш қатары сирей бастаған. Жол-жөнекей талай ауылдар өздеріне бөлінген мекен-қоныстарға көш басын бұрып, бөлініп қалып жатыр. Ай, Таңсық, Шаңырау, Қаракөл тұсынан өтіп, Мыңбұлаққа жақындағанда үш Бәйжігіт пен Төртуыл, ішінара Тума, Тоқпақ ауылдары ғана іріктеліп қалып еді. Бұлар енді бірер ай бөктерде отырып, ел іргесі тыныш болса, жердің көгі жетіле арғы Барқытбел төсіндегі жайлауға шықпақ. Мұндайда көпке қорған, жұртқа қалқан ретінде, осылардың бәрінен озғындап барып, елдің шеті, жаудың бетіне Қабанбай өз ордасын қондырмақ еді.

Алға барып-келіп жүрген шолғыншы топтың айтуынша, Ақшәуліге дейін жау қарасы көрінбейді деседі. Төменгі Итішпестің Алакөлін жағалап, қалың қопаны қыстап шығатын дүрбіттер биыл бұл жаққа ат ізін салмаған. Әйтсе де, сақтықта қорлық жоқ, ел шетінде Қабанбай қарауылда тұрса, былайғы жұрт тыныш ұйықтайтын болады...

Неше күннен бері жер жадысын бағдарлап, жайылым-суаты мол бұлақ-бастау маңына жол бойы ел қондырып келе жатқан ақсақалдар тобы бүгін сәске түс шамасында Мыңбұлақтың етегіндегі көк адырда бір төбенің басына шығып, төңірекке көз салып тұрған-ды. Кенет бір қырқаның астынан айқай-сүрең салып, көлденеңдей шапқан топ аттыға көздері түсті. «Бұл не пәле?» дегендей, жұрт елеңдесіп қалған. Жау дейін десе жауға ұқсамайды. Қырық-елу адам бұлай еліріп шаппаса керек. Былайша көкпар тартып жүрген ел адамдарына да келіңкіремейді. Бұл не сонда? Бері таяғанда мәлім болды: қасқыр ма, түлкі ме, әйтеуір, бір анды ұтылай куған таяудағы бір көштің жастары екен. Араларында тай-құнанға мінген балалар да қаптап жүр. Барлығы даурыға сүрең салып:

— Ұр! Ұрып таста...

— Алдын орай шабындар!

— Қабанбай! Қабанбай! — десіп құйғыта шауып барады.

Бас сардар ұнатыңқырамай қабағын кіржитіп, теріс айналды. Айғай-ұран тынар емес: «Қабанбай!.. Қабанбай!»

— Әй, қайсың барсың? Бейбіт күнде жаман ырым бастап, жұрттың жүрегін алған анау саппастарды тоқтатыңдаршы! — деді сол түнерген қалпында.

— Көкжал ғой, сардар аға... Мыналар көкжал қуып барады екен! — деді атқосшы жігіттердің бірі өзі де елеңдеп, үлкендерді де еліктіргісі келіп.

— Көкжал болса қайтейін?! Қуа берсін, тек ұран шақырмасын! — деді сардар. — Бұл не? Жауға шапсада «Қабанбай», көкжал қуса да «Қабанбай!» Басқа сөз құрып қалған ба?!

Сөз мәнісін енді түсінген серіктері жамырай күлісті. Қабанбайдың өзі болмаса, бұл ұранға басқалардың құлақтары әлдеқашан үйренген. Бәлендей сөкет көріп тұрған жоқ. Осы тұрғандардың бірталайынан жасы үлкен Төбет би лекіте күліп алды да, бір басалқы сөз айтты:

— Шырағым, Дарабоз-ау, оған несіне ренжисің? Құда қаласа, ұлыстың ұраны болды деген осы. Енді оны ештеңемен де тоқтата алмайсың. Қазақта қазір көзі тірісінде ұранға айналған екі-ақ адам бар. Абылай мен Қабанбай! Енді ол ауыздан-ауызға көшіп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса береді.

— Қазірше екеу болғанымен, кейін тағы қосылады ғой, — деді Боранбай би оны қостап. — Ұрпақ ұлғая келе, ұлыстың ғана емес, әр рудың өз ұраны болады. Бүгінгі әр елден шыққан аруақты батырлар күні ертең ұранға айналмасына кім кепіл?!

Бұлар аттарын баяу бастырып, жүре сөйлесіп келе жатқан-ды. Қабанбай екі бидің әңгімесін ақырына дейін тыңдамай, алға түсе берді. Жастардың жаңағы айғай-сүрені құлағында әлі жаңғырығып тұр. «Қабанбай... Қабанбай!» Кім ол — Қабанбай деген? Бұған қатысы жоқ бейтаныс есімдей құлағына біртүрлі тосын естіледі. «Қабанбайдың» бұған қосымша ат болып тіркелгеніне, міне, табаны күректей отыз жыл. Ақтабанның алдында, ойраттардан ойсырай жеңілген Аягөздегі сәтсіз ұрыс кезінде алғаш рет осы атпен елге танылып еді, содан бері талақ боп жабысты да қалды... Ол аз болғандай, енді «Дарабоз» дегенді шығарыпты. Бір кісінің атын құйқылжытып өзгерте беруге неге құмар екен осы жұрт? Ата-анасының бесікке саларда азан шақырып қойған аты — Қабанбай да, Дарабоз да емес, Ерасыл болатын. Осы аты кімнен кем еді? Өзіне керемет ұнайтын. Ойлап отырса, уайым-қайғының не екенін білмейтін, ең алаңсыз, бақытты шағы да сол Ерасыл боп жүрген кезі екен. Қазір мұның бала күнгі атын біреу білсе, біреу білмейді. Мұны Ерасыл деп атайтын — құрдасы Шағалақ пен бәйбішесі Ханбибі ғана. Онда да үй-іші боп оңаша отырғанда... Жұрт көзінше олар да «Сардар» деп сызылып қалады. Құдауанда, адам кейде өз атын естуге зар болады екен ғой!

Әй, бұл қазақ біреуге ат қойып, айдар тағуға келгенде алдына жан салмайды-ау! Ең алдымен бұған ат қоюды ауылдағы жеңгелері бастады. Салт бойынша қайынына ат қою қажет болғанда «Нар бала» дегенді ойлап тапқан — солар. Құдай бұған қара күш пен денені о бастан-ақ аямай берген ғой. Он үш жасар кезінде-ақ бойы үлкендермен теңесіп, ауыл арасына мінген тай-құнанның белін қайыстырып, екі тізесі көліктің мойнын қағып жүретін-ді. Осыны көрген жеңгелер аясын ба, мұнын сорайған бойына қарап, «Нар бала» деген айдарды тақты да жіберді.

Қайран жастық шақ, ол да бір дәурен екен ғой! Тұла бойға симай

кабындап тұратын күшті қайда жұмсарын білмей еріккендіктен, желі басындағы асау құлындарды тырп еткізбей құйрығынан ұстап тұра қалғанды қызық көруші еді. Бертін келе көктемде жылқы таңбалағанда, құлағына қол апартпайтын небір шу асау дөнен-бестілер Ерасылдың қолына түскенде жыны қағылып, қалш-қалш етіп тұрып қалатын-ды... Тек кара күш қана емес, соғыс өнеріне де ерте жетілді. Жеті жасынан жақ тартуды үйренген. Анау-мынау жігіт икемге келтіріп ие алмайтын, әкесі Қожақұлдан қалған кара садақты бұл он үш жасында адырнасын аңыратып еркін тартатын болды. Жас өспірім балалар екіге бөлініп, «қазақ-қалмақ» болып қидаласқанда Ерасылға ешқайсысы төтеп бере алмайтын. Ал «қарсыласына» найза сілтегенде қимылына көз ілеспеуші еді. Ат үстінде шауып келе жатып жердегі түйенің құмалағын найзамен іліп кете беретін. Жастайынан сүйекке сіңген сол машық кейін кәдеге асып, төтелей төнген талай ажалдан құтқарып қалған анық.

Алайда, құдай куә, үлкейгенде батыр болам, қол бастап, ту ұстаймын деп бұл ешқашан ойлаған емес. Ал енді дос болсын, қас болсын, адам қанына ортақ болу, кісі өлтіру дегенді бұл тіпті елестетіп те көрмеген. Сөйтсе, бойдағы артық қайрат алдағы жаманшылыққа, жаугершілікке көрініп тұр екен ғой. Содан бері талай қан төгілді. Жаусырап келген дулығалы бастардың талайы қанжығада кетті...

Мына кереғарлықты қойсайшы, керек десеңіз, Ерасыл бала кезінде соғысты бүкіл болмысымен жек көретін-ді. Бұл жеті жасқа шыққан жылы бір шайқаста қалмақ қолынан оңбай жеңіліп, бастары салбырап, иіндері түсіп қайтқан ауылдастары тұла бойы аяусыз кескіленіп, қансырап өлген әкесі Қожақұлдың сүйегін өзінің төл аты Теңбіл көкке артып әкелгенде, жас бала соғыстың не екенін жан-тәнімен сезінген. Демек, соғыс дегеніміз — қасірет-қайғы, көз жасы, жетімдік екен ғой. Өлім хабары сұмдық суық боп естілген. Әйтсе де, әке өлімі жанына қанша батса да, әлде балалығы шығар, оншалық жасып кетпеді. Тез жұбанған. Батыр кісі соғыста өлмегенде қайтушы еді?! Осылай ойлаған да қойған... Кейін ержеткен кездегі ағасы Есенбайдың өлімі ғой, Ерасылды намыс отына күйдіріп, көзсіз ерлікке жетелеген...

Батырдың ой желісін сәл арт жақта келе жатқан серіктерінің гу-гу сөздері бөліп кетті. Ақылдасып қойғандай, олар да адам аттарына байланысты әңгіме айтып келеді екен. Сыңайы, бір алуан сөз Төртуыл Төбет бидің төңірегінен өрбісе керек. Ақтамберді бір сөздің кезегінде қадірлі бидің аты неге Төбет қойылғанын сұраған ба, қалай? Текең соған енді жауап айтып келе жатқан секілді:

— Сұрап қалдың ғой, Ақа, айтайын. Жалпы біздің түрік әулетінде ежелден батыр ұлдарының атын алып күш иесі — жыртқыш жануарлар есімімен атайтын бір қызық әдет болған. Сол дәстүрді аталарымыз әлі күнге ұстанып келеді. Әлгі аттардың ішінде: Бұқа, Бура, Арыстан, Жолбарыс, Қабан, Төбет, Барақ дегендер жиі ұшырасады. Найман

ұлысының алғашқы атақты ханы — Тайбұқа екенін білесіздер. Одан бергі заманда өткен Бұқалар қаншама. Мәселен, мына Баймұрат батыр екеуіміздің арғы атамыз — Жәңгір хан тұсында өткен Бұқа батыр... Ал Төбет — менің азан шақырып қойған атым. Әкеміздің бұрынғы балалары тоқтамай өле берген соң, мені туа салысымен қаншықтың бауырына салып емізіпті де, атымды Төбет қойыпты... Е, бұл аттың мән-мағынасы сөз сайысы кезінде алдымнан талай шықты ғой. Айтпақшы, ана жылы қызық болды, — деп алып Төбет би басынан кешкен бір жайды әңгімелеп кетті. Бұрын шет-жағасын естісе де, Қабанбай да атының басын тежеп, әңгімеге құлақ салды.

Ана жылы Арғын-Найман арасындағы бір дау кезінде атақты Қаздауысты Қазыбектің баласы Бекболат би әдейі сөзден сүріндіру үшін осы Төбетке мынадай сұрақ қойыпты:

— Найманның батыры — Қабан, сұлтаны — Барақ, биі — Төбет боп келетіні несі? Мұның өзі жай ма, жоқ, әлде аттарың заттарыңа сай ма? Қара ағаштай қалың Найман, көптігіңді көрсетіп, қара күшке салғанды қашан қоясыңдар? - депті. Сонда осы Төбет би бөгелместен:

— Жөн айтасың, Бекболат. Екі аяқты, төрт аяқты, қос қанатты деп жіктегеніміз болмаса, жалпы жан-жануардың түбі бір ғой! Түбі бірге болмаса, әкең Қазыбектің дауысы қазға ұқсар ма еді?! Батырым — Қабан болса, қалмақты қамыстай шалып қырған шығар. Сұлтаным Барақ атанса, қотанын қасқырға бермей, алысқанын алып ұрған шығар. Ал менің атым — Төбет, еліме айбар, жауыма бөгет. Сырттағы ел басынбасын, ешкімнің сөзін басынан асырмасын деп әдейі қойған шығар! — деген екен.

Сонда манадан бері екеуінің сөзін үнсіз тыңдап отырған Қазыбек:

— Қой, Бекболат, жеңілдің. Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз қайта айналып иесін табады. Жатқан жыланның құйрығын басқан өзің ғой. Сол айыбың үшін, қонақтардың шаруасын бітіріп, жолға сал! — деп баласын өзі жығып беріпті...

Бұрын да талай естіген, қанық жайлары болса да, ат үстінде келе жатқан үлкендер Төбет биді көтермелеп, Қаздауысты Қазыбектің әділдігіне сүйсініп, дабырласып қалды. Осылайша, ежелден белгілі әңгімелердің өзін қайталап, пысықтап отыратын әдеттері. Сол үрдіс бойынша жағалап отырып, ендігі әңгіменің беталысы Қабанбайдың қалай Қабанбай аталуына келіп тірелді. Соны батырдың өз аузынан бір естімек. Жастар жағы тіке тілек айтуға батпай, жасы үлкен, әрі сардар алдында өзін еркін ұстайтын Ақтамбердіні алға салған.

— Қабанбай атың бұл күнде ұлыс ұранына айналды, Дарабоз. Осы бір қасиетті сөз о баста, кім де болса, бір дуалы ауыздан шыққаны хақ, — деді қарт жырау самбырлап, қатты сөйлейтін әдетімен. — Бірақ осы оқиғаны жұрт құбылтып әр түрлі айтады. Біреулер алғаш жауға шапқанда

«Қабанбайлап» шауып, сол ат қалып қойыпты десе, енді біреулер «баяғыда Керей ішіне бой тасалап барғанда, өзін жұртқа Қабанбаймын деп таныстырып, жат жерде солай аталып кетіпті» дегенді айтады. Осының анығы қалай? Соны өз аузыңнан бір естікші! — деген шын қолқа салып.

— Дарабоздың жас кезінде ел ішінде тұрақтай алмай, Керейге жылыстап кетуі де бір қызық хикая. Соны мына кейінгі жастардың біле жүргені артық болмайды, — деп қатар келе жатқан Боранбай би де қостаған рай тынытты.

Қабанбай үлкендердің сөзін жыға алмады. Атының басын тежеп, аяңға түсірді де:

— Ой, тәйірі-ай, ол қайбір жетіскен әңгіме дейсің. Іш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқ. Жаудан қайтсек кек аламыз деп жанталасқа түскен заман еді ғой! — деп сәл ойланып қалды. — Алдымен Қабанбай деген аттың қалай пайда болғанынан бастайын. Маған бұл атты қойып жүрген — әулие де, машайықта емес, өзімнің жездем, осы ер Жәнібектің әкесі — Бердәулет марқұм ғой! — деп алып, ұзын сонар әңгіме бастады.

Онда Ерасылдың он алтыдан он жетіге жаңа шыққан кезі. Осының алдында ғана қалмақ шебіне жасырынып барып, ойраттың Өлжежырғал деген ноянын құм қаптырып, із жасыру үшін шалғайдағы Керей еліне өтіп кеткен-ді. Өз ағайындарына өкпелеп, керейдегі апа-жездесінің қолында бірнеше жыл тұрып қалған. Ел азаматтарымен бірге жылқы күзетісіп, ара-тұра жұрт қатарлы жортуылға да шығып қояды. Ұмытпаса, мұның құдалар ауылына алғаш барған жылы. Бір күні Зайсан көл жағасында жылқы қайырып жүріп, ойда жоқта бір тобыр жабайы шошқаға тап болғаны бар. Қамыс арасынан шыға келген құнан өгіздей қара қабан Ерасылға қарай оқтай атылды. Екі ұртынан сорайып шығып тұрған аппақ азу тісі, әй, жарты кезден кем болмас. Бұл да жан дәрмен өндірішekten найза салып үлгірді. Арам неменің даусы мұндай ащы болар ма, найзасын бойлата сұғып, қайта суырып алам дегенше қалың қопадан екіншісі шыға келді. Бұл жолы найза сілтеп үлгірмеді, азу тісі сойдиған әлгі пәленің жанап өте бергені сол еді — астындағы аты көкке шапшып барып, омақаса құлап түсті. Сөйтсе, пышақтай азу тіспен шаптан шалып өткен екен. Жануар ішек-қарны ақтарылып, қорқырап қала берді. Бұл жығылған аттың үзеңгісінен аяғын босатып, тұрам дегенше, әлгі сонадай жерге ағындап өте шыққан қабан кері бұрылып, енді бұған қарай өңмендеп ұшып келеді екен. Енді не де болса жаяу айқасуға тура келді. Ақ сояу тіс пен ақ найзаның қайсысы бұрын тиері белгісіз. Қас пен көздің арасындай ғана уақыт. Әлі ентігін басып үлгірмеген еді, өндірішекке кезелген ақ найза тайқып кетіп, тақыр қолтықтың астынан қадалды. Ерасыл да найзаны бар күшімен сермеген-ді, оған ағындап келе жатқан қабанның екпіні қосылып, ұңғысына дейін еніп кетті. Сірә, найзаның ұшы жүректі жарып өткен болар, қара қабан серең етіп құлап түсті...

Мұның қасында жүрген өзі құралпы балаң жігіт мана қабанның қарасын

көрісімен-ақ, ауылға қарай тұра шапқан екен, сол барып бүкіл елді дүрліктіріпті. Ауыл адамдары шапқылап жеткенде, Ерасыл шабы жарылған атты бауыздап тастап, бір тастың үстінде демалып отырған-ды. Екі жерде екі қабан жатыр теңкиіп. Ерасылдың аман отырғанын кергенде, Бердәулет жездесінің қуанғанын айтпа! Балдызын қапсыра құшақтап, екі бетінен алма-кезек сүйе берген.

— Өй, сен өзің жігіт екенсің ғой! Батыр деп мына сені айт! — дей береді әлсін-әлі. Өңкиген бойы ғана ма десем... Батыр болғанда, нағыз Қабанның өзі екенсің! Уа, жарандар, мұның атын бүгіннен бастап «Қабан батыр» деп атайық! - демесі бар ма.

Жездесінің аузы мұндай дуалы болар ма, қуаныш үстінде әзілмен айтылған бір ауыз сөз кешікпей төңіректегі елге тарап, бұл аяқастынан «Қабан батыр» атанды да кетті. Сол жылы күзде Сауырдағы шайқаста ойрат батыры Долан Дашыға қарсы жекпе-жекке Ерасыл ел қойып алған осы жаңа атымен шықты... Ол Керей арасында бес жылдай тұрып, Ханбибіге үйленіп, кейін Байжігіт ішіне қайта оралған соң, да бұл ат қалған жоқ. 1718-жылғы Аягөз шайқасына ол енді Қабанбай атымен қатысып еді. Рас, бұл жолы қазақ жасағы жоңғардың жойқын күшіне төтеп бере алмады. Әйтсе де осы соғыста көзге түсіп, қалмақ нояны Арсаланды жер жастандырған Қабанбайдың даңқ тұғырына көтерілгені анық. Ал арада тағы бес жыл етіп, қайран ел «Ақтабан шұбырындыға» ұшыраған ауыр күндерде Қабанбай есімі бүкіл қазақ даласына тарап кеткен-ді...

Бұл кезде жүргіншілер Мыңбұлақтың тас бастаулы қайнарларының біріне көштен бұрын жетіп, ат шалдырып отырған-ды. Осы арада қанжығада шайқалып келген сусыннан бір-бір тостаған қымыз ішіп, аз-кем тыныстады. Бірақ әңгіме желісі үзілген жоқ. Көк жасаңға алқа-қотан жайғасып, насыбай атысып отырған бір шамада, әлі де әңгіме әсерінен шыға алмаған жас батыр Еспембет өзінің өжет те өр мінезіне басып, Қабакеннің қарсы алдына жүгініп отыра кетті де:

— Ал енді, сардар аға, бүгін бір ала қаптың аузы шешіліп, әңгіменің тиегі ағытылған күн ғой. Сіздің он алты жасыңызда жауға жеке-дара аттанып, ойрат ордасына ойран салғаныңыз жайында да ел ішінде әр түрлі аңыздар айтылады. Әлгі Бұқар жыраудың Қанжығалы Бөгенбайға: «Қабанбайдан бұрын найзанды қай жерде жауға тіредің?» дейтіні де, бәлкім, содан шығар. Сол алғашқы айқасыңызды да өз аузыңыздан бір естікші! — деген шын қолқа салып.

Еспембет — Қабанбайдың үлкен үміт артқан інілерінің бірі. Алғаш рет жиырма бес жасында Шыңғыстаудағы Шаған шайқасында көзге түсіп еді, содан бері ел құрметіне бөленумен келеді. Ақымбет, Сыбан, Мұрыннан құралған жасақтың мың басы батыры. Сол елдердің найза ұстаған батыры ғана емес, сөз ұстаған биі де. Өзі де екі иығына екі кісі мінгендей, апай төс, алып жігіт болатын. Сардар оның ақсия күліп отырған жайдары жүзіне сүйсіне қарап алды да:

— Шырағым-ау, ол бір ұзақ хикая ғой, — деді ауыр денесін теңселте ырғалып қойып.

— Оразаға көшкен ермек. Қарап отырғанша әңгіме болсын.

— Аттар да көк балаусаға бас қойып, қадалып жатыр екен, отығып алсын! — десті үлкендер.

Қабанбай бұл кезде алыста қалған балалық шақты оймен шарлағандай назарын шығысқа бұрып, алыс көкжиектен бұлдырап көрінген көгілдір тауларға қадала қарап отырған-ды. Құлаққа жағымды, күмбірлеген қоңыр үнмен әңгімесін бастап кетті.

IV

Қожақұл батырдың көзі жұмылған соң бас иесінен айрылған аз ауыл Мәмбеттің құты аша бастап еді. Әсіресе аталас ағайыны Күшік батыр дүниеден өтіп, Өмір батыр тұғырдан тайып қартайған кезде бұл елді ит те, құс та басынатын болған. Емілдің бас жағында иін тіресіп, іргелес отырған ойраттар Барлық тауын кенерелеп келіп, жыл сайын Алакөл бойындағы Мәмбет ауылдарын шауып, тал түсте жылқыларын айдап әкете беретін әдет тапты. Сондай бір кезекті шапқыншылық кезінде қалмақтар жылқы күзетіп жүрген ағасы Есенбайды қолға түсіріп, қорлап өлтірді. Аямас жауыздар қанжармен жас жігіттің қарнын жарып, шала-жансар күйінде далаға тастап кетіпті. Жылқышылар болған оқиғаны ауылға хабарлап, ел жиналып жеткенше қайран ер о дүниеге аттанып та кетіп еді. Ерасыл қанға боялып жансыз жатқан ағасын көргенде өзін тоқтата алмай, аттан ауып түсіп, өгіздей өкіріп, үстіне құлағаны есінде... Есенбай ағасы былайша батыр тұлғалы болмағанымен, адам баласы өлімге қимайтындай керемет көрікті жігіт еді. Батырлық, жауынгерліктен гөрі ән-күйге, серілікке бейім-тұғын. Ал жалғыз інісі Ерасыл дегенде, шығарда жаны басқа, маңдайынан шертпей, қатты еркелетуші еді. Соның арқасында әкесінің де жоқтығы білінбей, жетімдік көрмей, бұла боп өскен.

Аға өлімінен кейін, он алтыға жаңа толып, әлі оң-солын танып үлгірмеген Ерасыл көзге қамшы тигендей мәңгіріп қалды. Адам баласы өз ажалынан өлмей, зорлықпен, кісі қолынан мерт болғаны қандай қиын еді?! Әсіресе, қорлағаны, азаптап өлтіргені!.. Иттер-ай, көзі қиып қалай ғана қол жұмсады екен?! Есенбайдай азаматтың қаны текке кетпес, қалмаққа қолма-

қол аттанармыз, қарымта қайтарармыз деп ойлаған. Жоқ, олай болмады. Бәрінен де жанға батқаны — елдің етек бастылығы, асықпайтын ағайынның керенаулығы. Басында бүкіл Мәмбет, Қаракұрсақ болып ақылдасты. Сонан соң үш Бәйжігітке хабар салды. Игі жақсылар бас қосып, олар сонау жер түбінде — Түркістанда отырған Тәуке ханға шағым айту қажет десті. Не керек, әйтеуір, іргедегі қалмаққа аттанып кек қайтаратын, тым құрыса жауға қыр көрсетіп, азаматтың құнын сұрайтын бір пенде табылмады ғой.

Ерасылдың күте-күте төзімі таусылып бітті. Ағайынның аужайына қараса, Есенбай үшін есе қайтару былай тұрсын, жуық арада қалмаққа қарай қадам басатын түрлері жоқ. Намыс дегенді ұмытқан-ау бұл жұрт?! Сонда ер-азаматтың қаны есепсіз, сұраусыз кеткені ме? Ағасын атаусыз қалдырып, бұл қалай ел бетіне қарап, жер басып жүреді? Күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айрылып, әбден жүдеп кетті өзі... Ақыры тәуекелге бел байлаған Ерасыл не де болса қалмаққа жалғыз аттанбақ болды. Қанға — қан, жанға — жан! Ағасынан жаны артық па? Осы жолы не Есенбайды өлтірген қалмақты тауып, қанын ішеді. Не ағасының артынан бұл да мерт болады — екінің бірі! Барар бағыты белгілі. Білетіндердің айтуынша, бұл елді қан қақсатып, жылқы әкетіп жүрген Олжежырғал мен Арсалаң — Апақөлден тым алыс емес. Тоқта тауының шығыс бауырында, небәрі түстік жерде отырған көрінеді... Ақыры қас жауынан кек алмай жаны жай таппасына көзі жетті де, жылқыдан өзінің төл аты — Ардакүренді ұстап мініп, ешкімге жөнін айтпастан, шығысты бетке алып тартып отырды. Қоржында — екі-үш күндік азығы. Қаруы — әкесінен қалған төрт қырлы қаратамақ найза, қайқы қара қылыш пен екі жүзді алмас қанжары бар. «Жалғыздың жары — құдай деуші еді. Уа, пәруардигар, өзің жолымды оңғара гөр!» деп тіледі ішінен.

Мұның аты ерлік пе, есерлік пе, жіп тағу қиын еді. Сірә, екеуі де емес, жастық албырттық болар. Көкірегі қорқыныш, үрей атаулыдан ада, тек тұла бойды кернеген кекті ашу ғана бар. Ол екі күн бойы аялсыз суыт жүріп отырып, Тоқтаның сыртына шықты да, кеш бата Сарыбелге келіп бекінді. Бұл бір сай-саласынан сарқырап бұлақ ағып жатқан, қойнау-қойнауында қайың, тал, терек сыңсып өскен, шұрайлы қоныс болатын. Жер жадысы Ерасылға бала күннен жақсы таныс. Соңғы жылдары жаудан жасқанып жоламай кеткені болмаса, әкесі Қожақұлдың тұсында Мәмбет ауылдары бұл өңірді емін-еркін жайлап, көшіп-қонып жүретін-ді. Осыдан былай қарай қалмақ шебі тым тақау. Ерасыл түні бойы тоғай арасында бекініп жатты да, ертеңінде бір тұрғыға шығып, төңірегіне бажайлап көз жіберді.

Мөлшерлегеніндей-ақ, Сарыбелдің шығыс қапталына қалмақ ауылдары сұғына кіріп отыр екен. Әр тұстан қора-қора қой, үйздеген жылқы көрінеді. Бүгін-ертең қазақтар жағынан қауіп төнер-ау деп күтпейтін болса керек, әр ауылдың ошағынан жұлындай шаншылған түтін көтеріліп, төңіректен мәре-сәре бейғамдық байқалады. Биік жотадан төмен түскен Ерасыл мал көздеп жүрген адам болып, тағы біраз ішкеріледі. Бір сайдың

аузында қордалы ескі қыстаудың орны бар екен. Сол маңда қалың алабота мен қалақайдың басын шалып бір топ түйе жайылып жүр.

Ерасыл бұлақ бойындағы шіліктің арасына кіріп, атын қаңтарып қойды да, сол арада бір ет асымдай баспалап отырды. Қоржынынан піскен ет, бауырсақ, құрт алып жеп, торсықтан қымыз құйып ішіп, әлденіп алды. Сірә, бақташы болар, әлден уақытта қолына таяқ ұстаған бір жаяу бұдан төменірек, су жағасына таман келді де, жым-жылас көрінбей кетті.

Бұлай отыра берудің орны жоқ. Ерасылға қалайда біреумен тілдесіп, жөн сұрауы керек еді. Ол үшін әлгі жаяудан қолайлысы болмас. Не қылар дейсің, қару-жарағы жоқ көрінеді. Алыса кетсе бір адамға шамасы қаптал жететінін біледі. Тек сөйлесу, ұғынысу жағы қалай болар екен? Амал жоқ, бірдеме қып сөйлеседі де. Бұл көріп жүргенде, тақа бір ноқай біреуі болмаса, әр екі қалмақтың бірі қазақша біледі. Кейбіреуі қазақша мақалдап сөйлегенде өзінді жаңылдырады. Мынаның да төбесі тесік шығар. Тіпті болмай бара жатса, мұнын өзінің де бес-алты ауыз қалмақшасы бар, ымдаса да бірдеме қып түсінесер... Ол үшін алдымен оны шу шығартпай қолға түсіру керек. Сол оймен талдың арасын баспалап, әлгіге мысық табандап жақындай берген.

Кенет, мөлшермен қырық-елу қадамдай қалғанда, құлағына әлдебір талмаусыраған ән естілгендей болды. Ән бе, жыр ма, әлде сыңсыған жоқтау зары ма, әйтеуір, адамның сай-сүйегін сырқыратқандай мұңды әуен. Дыбысын білдірмей, жолбарыстай жымып, тағы да он-он бес қадамдай ілгері жылжыды... Міне, ғажап! Ау, мынау қалмақша емес, басқа бір тілде айтып отыр ғой. Қазақша дейін десе, оған келіңкіремейді. Бірақ сөздері түсінікті. Ән әуені де қазақ пен қалмақтың арасынан шыққандай. Ерасыл әр сөзін қалт жібермей, ұғуға тырысты.

Алатоо асып кеткенім,

Түбіме, қалмақ, жеткенің-ай...

Туған жер, сенен көз жазып,

Арманда болып еткенім-ай! —

деп қайырады да, жалын ата аһ ұрып, бебеулеп кетеді.

«Мынау қазақта, қалмақта емес, қырғыз болды-ау, шамасы, — деп ойлады Ерасыл. — Сондай бір ел барын естігені болмаса, өмірі тірі қырғызды көріп отырғаны осы. Сонда бұл не қып жүр қалмақтың арасында? Осы жақта Сібірден ауып келген кәпір қырғыз дейтіндер бар деуші еді, әлде солардың бірі ме екен?»

Бұқпантайлап келіп, шіліктің арасынан сығалады. Қараса, жас шамасы өзінен сәл қалыңқы, өңі қазаққа келіңкірейтін бір жасөспірім жігіт

белуарына дейін шешініп тастап, көйлегінің битін қарап отыр. Өзі тым жүдеу, бұғанасы шодырайып, қабырғасы сыртынан санап алғандай ырсиып көрініп тұр. Өзі шарға бойлы, ешкінің асығындай ғана шәкене жігіт екен. Ерасыл қарсыласының шама-шарқын байқаған соң, қанжарын қынына салды да, талдың арасынан жаймен шығып көрініс берді. Бейтаныс жігіт ит көрген мысық бастанып, орнынан атып тұрды. Жан дәрмен анадай жерде жатқан таяғына ұмтылған. Бірақ таяққа одан гөрі Ерасыл бұрын жетті.

— Қорықпа, мен саған тиіспеймін, — деді әлгіге жылы жүзбен күле қарап.

— Неден қорқам? Мына сенен қорқам ба? — деді анау да өзінше айбат шегіп.

— Кімсің сен? Қырғызсың ба, қалмақсың ба?

— Оны қайтейін деп едің?.. Өзің кімсің?

— Мен — қазақпын...

— Мен — қырғызбын, — деді анау, сәл сабасына түсіп. — Қазақтардың ауылы алыста ғой. Мұнда қалай келіп қалдың?

— Жоқ іздеп жүрмін.

Қырғыз мұның алпамсадай тұр-тұлғасына, киім киісіне сынай қарап сәл тұрды да, қарсыласудан пайда жоғын сезді-ау деймін, тез жуасып, жерде жатқан көйлегін алып кие бастады.

— Сен қайдан жүрсің мұнда? Кәпір қырғызсың ба, әлде мұсылман қырғызсың ба? — деді Ерасыл бейтанысты әңгімеге шақырып.

— Кәпір қырғыз қандай болады? — Бейтаныс жігіт мұның бетіне аңырая қарады.

— Мешітке барып намаз оқисың ба, әлде күреге барып пұтқа табынасың ба дегенім ғой...

— Күреге табынатындар шығыста, Орқашар, Жәйір, жақта тұрады. Мен — Алатау қырғызымын.

— Солай де... Онда өзіміздің бауыр екенсің ғой. Отыр, әңгімелесейік, — деп Ерасыл көк шөптің үстіне тізе бүкті. — Атың кім?

— Ердене.

Ерасылдың сәл де болса іші жылып қалды. Үлкендердің әңгімесінен Алатау жайлаған байырғы қырғыздар қазақ жағында да, осы ғасырдың басында ойраттар Енесайдан көшіріп әкелген кәпір қырғыздар жоңғардың

сойылын соғып жүр деп еститін. Мына Ердененің мұсылман болғанына да шүкіршілік.

— Мұнда не ғып жүрсің? Қай ауылдансың? — деді Ерасыл сыр тарта сөйлеп.

— Түйе бағып жүрмін. Өлженің түйелерін... Естуің бар шығар, дүрбіттің батыры.

— Солай де... — Өлженің атын естігенде Ерасыл елең ете қалды. Бірақ сыр бермеуге тырысты. — Өзің бұлардың қолына қалай түсіп жүрсің?

— Шабынды да...

— Көп болды ма келгеніңе?

— Жеті жасымда әкелген. Содан бері осылардың қолындамын.

Қазаққа жан тартқаны ма, жоқ, басқа бір ойлағаны бар ма, Ердене бұдан ары тосырқамай, тез шүйіркелесіп кетті. Өзі адамның іші-бауырына еніп тұратын, сөзуар, ашық жігіт екен. Алғашқы аз әңгіменің үстінде-ақ осы маңайдағы дүрбіттердің жағдайынан едәуір хабардар етті. Бұл төңіректің қожасы — қалмақтың батыры, әрі баукеспе ұрылары, ағайынды екі жігіт — Өлжежырғал мен Арсалаң дегендер болып шықты. Мына төбесі көрініп тұрған ауыл — Өлженікі. Арсаланның ауылы да қашық емес, бір белдің астында отыр. Олардың осыдан бір ай шамасы бұрын қазақ ауылын шауып, көп жылқы әкелгенін де Ердене сайрап біліп тұр. Жорықтан қайтқан қалмақтардың әңгімесінен естіп қалыпты: жылқы баққан қазақ жігітінің түбіне жеткен — Өлженің өзі екен. Басқалар қанына ортақ болмай байлап кетейік дегенде, Өлже оларға көнбей өз қолымен жарып кеткен.

— Өлже қазір тойға дайындалып жатыр, — деді Ердене бір сөздің кезегінде. — Қазақтан әкелген жылқының қақ жарымын беріп, үлкен ұлына қатын айттырған. Жақында құдаларына аттанады.

— Қашан? — Ерасыл дауысының қалай қатты шығып кеткенін аңғармай қалды.

— Екі-үш күнде...

Ердене түске қарай ауылға қайтты да, күн еңкейе қайта оралды. Даладағы жүргіншіге деп кепкен құрт, жас ірімшік әкеліпті... Ерасылдың бұдан ары бөгелуге төзімі жетпеді. Не де болса тәуекелге бел буып, түйеші жігітке бар сырын ақтарды. Бұл — жылқы іздеп жүрген жоқ, кек қуып келген адам. Ағасын қорлап өлтірген Өлже мен Арсаланның бірін о дүниеге аттандырып қанын ішпесе, құмары тарқамайды. Тіпті сол жолда мерт болса да, әлгілердің бірін жастанып барып өледі... Ежелден қазақ-қырғыз ағайындас ел едік. Осыған Ердененің қандай көмегі бар? Тар жерде

азаматқа қол ұшын бере ала ма?

Сыр ашуын ашса да, жат жерде тап болған бейтаныс жігіттің бұған қалай қарарын білмей қатты қобалжыған. Бірақ, бір ғажабы, Ердене мұның ойға алған мақсатынан ешқандай оғаштық таппады... Сөйтсе, оның да көкірегінде беріш боп байланған, қалмаққа кеткен кегі бар көрінеді. Осыдан он шақты жыл бұрын қырғызбен екі арадағы кезекті бір қанды шайқаста ойраттар мұның әкесін өлтіріп, шешесі екеуін көп адаммен бірге олжаға түсірген. Шешесінің ажарына қызыққан Өлже ноян өзіне күйек астынан жалғасар күн етпек болған екен, сорлы ана қорлыққа шыдамай, осыдан үш-төрт жыл бұрын құсадан өліпті. Өлерінде жалғыз ұлға табыстап кеткен өсиеті бар: «Әкеңнің құнын, анаңның мұңын өмірі есіңнен шығарма. Ата жауынның есігінде құлдық қамытын киіп жүре бермей, тірі болсаң өз еліңді табарсың» депті көз жұмар алдында. Амал не, жер шалғай болып, әзірге ана аманатын орындай алмай жүр...

— Бәсе, жай жүрген адам емессің-ау деп өзім де ойлап едім, — деді ол Ерасылды ыждаһатпен тыңдап алып. — Жігіт екенсің! Тәйірі, қас жауынан кек қайырмаған жігіт еркек пе?! Бірақ сен соны қалай іске асырасың? Өлжені жекпе-жекке шақырасың ба?

Ерасыл бұл жағын өзі де ойламаған екен, нақты жауап айта алмады.

— Жауымды жекпе-жекте жайратсам арманым болмас еді. Тіпті сол жолда өліп кетсем де өкініші жоқ. Бірақ мені оған жеткізбейді ғой. Жалғыз атты жолаушы екенімді білген соң, әй-шәй жоқ, басымды қағып алмасына кім кепіл? Ол да ештеңе емес-ау, мына сен секілді табанға салып, сіріге тігіп, қорлай ма деп қорқамын.

— Иә, ол да мүмкін. Бұлар тұтқын қазақтарға тым қатал... Сонда не істемек ойың бар?

— Мені Өлжеге оңаша жерде жолықтырсаң! Қалтарыста қапысын тапсам...

— Оның да жөн екен. Әйтпесе, ол жауыз саған оңайшылықпен алдыра қоймас. — деді Ердене. — Қолымнан келген көмекті аянып қалмаспын. Бірақ саған қояр менің де бір шартым бар.

— Не сұрайсың? Айт! — деді Ерасыл шырығып.

— Құдай жолымызды оңғарып, Өлже сұмды о дүниеге аттандырсақ, мен бұл жерде қала алмаймын ғой. Мен де зытам сенімен бірге... Одан ары қырғыз асып кетуіме қол ұшын бересің бе?

Ерасыл қуанғанынан қарқылдап күліп жіберді.

— Ой, Ердене, өзің әлі бала екенсің ғой. Соны да сөзім бар деп айтып

отырсын ба? Қазаққа жеткенің — қырғызға жеткенін емес пе?.. Аман қалсам, қырғызға сені мен жеткізем. Мен жеткізе алмасам, қалың қазақ елі бар, солар жеткізеді!

Ердененің көңілі орныққандай болды. Ерасыл оған өз жағдайын бүкпелемей түгел айтты. Бұл жолы ағайындарына көңілі толмай, өкпелеп аттанғанын да жасырмады. Соңынан қуғын түссе, өз ауылына бастап барып, ағайынға салмақ салғысы келмейді. Қайта із жасырып, басқа бір жаққа беттеуі керек. Ердене алыссынбаса, мұнымен бірге Алтай-Сауырдағы керей еліне жүрсін. Сондағы апа-жездесіне паналай тұрады да, ап-сап басылған соң қырғызға өзі апарып салады. Ал бұл жолды тым бұрыс деп санаса, Ерасылдың сәлемін алып, Бәйжігіт ішіне тете тартады. Одан ары қырғыз асып кету қиынға соқпайды... Екеуі жағдайға қарай осы екі жолдың бірін таңдайтын болып, серт байласты.

Ерасыл тоғай арасында тағы бір күн жатты. Күндіз көзге түсу қауіпті. Қалмақтардың Сарыбелдің жотасына қойған қарауыл қосы бар екен. Олар жоңғар қақпасынын қыр желкесіне шығып, батыстан көз алмай қарап отырады да, қазақ жағынан әлдебір шаң, қара-құра көрінсе, дереу арттағы елге хабарлайды. Қарауылдары күн сайын ауысып тұратын көрінеді.

Ертеңінде түстен кейін түйеші жігіт тосын хабар әкелді. Өлже ертең таңертең осы төңіректің сорпаға шығар біраз қалмағын ертіп, арғы Бұратола жақтағы құдасына жүретін болыпты. Аттарын ерттеп, қоржын-қоланын сайлап, дайын отыр деуге болады. Бүгін күйеу жігіттің тоқым қағар тойы. Осы кеш қалайда қимылдап қалу керек.

Ерасылдың денесі бір ысып, бір суыды. «Я, аруақ, өзің жар бола гөр!» деп тіледі ішінен. Алай-түлей өректіген көңілі көпке дейін басылмады. Не өмір, не өлім! Неде болса бүгін түнде бәрі де шешіледі. Өлем деп қорықпайды: мұның жаны әкесі Қожақұлдан, ағасы Есенбайдан артық емес. Тек тар жерде тая соғам ба, ойға алған мақсатымды орындай алмай кетем бе деп жүрексінеді. Егер қас жауын қапысыз соғып, ағасының аруағын риза етсе, арғы жағында дүние төңкеріліп түссе де бұған бәрібір.

Көлденең көзге сезік тудырмау үшін Ердене кеш бата түйесін айдап ауылға қайтты. Арадағы келісім бойынша, ел орынға отырып, қас қарайған мезгілде, ауылға ақырын аяндап Ерасыл да жақындады. Ай тумаған, өлараның кезі еді. Түн бояуы бетке жұққандай қап-қара. Әр үйдің алдындағы жерошақ басында алаулап жанған от сыртқы дүниені көзден жасырып, төңіректегі түн түнегін одан әрмен қоюлата түседі. Той жасап жатқан ауыл абыр-сабыр, біреуді-біреу біліп болар емес. Ауыл сыртындағы кермеде көп ат байлаулы тұр екен. Ерасыл едәуір жерде аттан түсіп, жаяу жетелеп келді де, Ардакүренді ұзын керменің бір шетіне байлай салды. Ердененің де сол маңда тықыршып тұрғанына көп болған. Мұны қолынан жетелеп, шөккен түйелердің ара-арасымен ертіп келді де, шет жақтағы өзінің жыртық қосына енгізіп жіберді.

— Осы жерден қозғалма. Қалмақтар әркіге⁴ енді ғана бас қойды. Біраз сілтесін... Қимылдайтын кезде өзім келіп айтам, — деді құлағына сыбырлап.

Ердене содан кейін де бірнеше рет соқты. Түйешінің шокпыт күркесіне өзінен басқа кіріп шығатын пенде жоқ көрінеді. Бір келгенінде қолына дүмбілездеу піскен тоқпақ жілік ұстатып кетті.

— Жортар аттың тоғы жақсы. Ар жағына ел қондырып ал! — дейді әзілдеп.

Келгені қандай тез болса, кеткені одан да тез. Басқан ізін білдірмейді. Содан сүт пісірімдей жоғалып кетті де, қайта оралды.

— Қалмақтар ет жеуге кірісті. Жүр, сен алдымен Өлжені дұрыстап көріп ал. Қараңғыда байқамай басқа біреуінің қарнын жарқыратып жүрме! — деді мұның бүйірінен түртіп.

Соны айтып, далаға ертіп шыққан. Ердене оны сырт жақпен алыс айналдырып, ортадағы үлкен ақбоз үйдің қасына алып келді. Қалмақ үйлерінің керегесі кең болғанымен, уығы қарынсыз, тұрқы жалпақ, жатағандау келеді екен. Сыртынан қарағанда шаңырағы ортасына түскелі тұрғандай... Далада ешкім жоқ. Жұрттың бәрі ішке кіріп, көшпенділер тірлігінің ең бір рахат шағы — етке бас қойған кезі болса керек. Ердене үзіктің жиегін күні бұрын көтеріп, түйенің көзіндей саңлау жасап қойған екен. Содан ішке сығалап біраз тұрды да, Ерасылды ымдап қасына шақырды.

— Жақсылап көріп ал. Өлже дегеніңіз — анау бір ақ көйлектің омырауын ашып тастап, шіреніп отырған, басында тоқпақтай тұлымы бар жуан қара, — деді сыбыр етіп.

Айтқанындай-ақ, жұрттың етке сұғына бас қойған қарбалас шағы екен. Ұрттары бұлтылдап, желкелері бүлкілдесіп кетіпті. Күні бойы түлкі құрсак боп жүретін көшпенділердің жүрек жалғап, қарбытып қалатын кезі осы. Мына қалпында жау шапты десе де бұрылатын түрлері жоқ. Үй иесінің қай тұста отыратынын жақсы білетін Ердене жаңағы саңлауды соған қарама-қарсы жақтан әдейі ашса керек, екі-үш жерден қойған балауыз шамның жарығында Өлже үйелмендей болып анық көрініп тұр. Қолына қалмақтың сыйлы асы — кетпектей жауырын ұстаған екен, соның етін қасқырша жұлып, опырып жеп отыр. Ерасыл қас жауына соңғы рет тағы бір қадала қарап алды да, кейін шегініп кетті.

— Бұл ауылда одан өзге ақ көйлек киген ешкім жоқ. Жаңыла қоймассың, — деді Ердене күркеге қайтып келген соң... — Мінетін аттарды белгілеп қойдым. Ал қалғандарының айылын қиып, үзеңгі бауларын үзіп тастармын.

— Өлжені қай жерден күтеміз?

— Қазір ет жеп, сорпа-су ішіп алған соң, жиналғандар үйді-үйлеріне тарайды. Өлженің жатар алдында кермеде таң асып тұратын ақбозды бір көріп қайтатыны бар. Сол сәтті қолдан жібермеу керек.

Бұдан арғы оқиғаның бәрі дерлік сол Ердене айтқандай болып шықты. Бақташының пысықтығында баға жоқ. Қолма-қол бір-екі түйені кермеге таяу әкеліп шөгерді де, Ерасылды солардың далдасына жасырды. Осы арада ұзақ күтуге тура келген. Үй жақтан әркіге тойған қалмақтардың дулыған әні басылар емес. Ара-арасында сым ішекті әлдебір аспаптың шіңкілдеген жіңішке үні талып жетіп, кейде оған қыл қобыздың боздағаны қосылып кетеді.

Мұндайда уақыттың жылжымай қоятын әдеті ғой. Мүмкін арада оншалық көп уақыт өтпеген де шығар, бірақ алда не боларын білмей тықыршып отырған Ерасылға сол аз мерзімнің өзі жылдай ұзақ көрінді... Дегенмен түн ортасы ауа, «Темірқазыққа» арқандаулы ақбоз ат пен көкбоз атты торуылдаған «Жеті қарақшы» жамбасқа түсе берген шақта, дабырласқан жұрт сыртқа шығып, жан-жаққа тарай бастады.

Абыр-сабыр басылып, ел аяғы сирегеннен кейін де арада біраз уақыт өтті. Бірақ Өлженің қарасы көрінбейді. «Егер Өлже осы бетінде далаға шықпай, әркінің қызуымен төсегіне қисая кетсе, не істеймін? — деген ой келді Ерасылға. — Онда ел ұйықтаған соң үйге кіріп, кеудесіне міне түскеннен басқа амал жоқ...»

Сол әредікте үлкен үй жақтан ағарандаған бір сұлба көрінді. Түн қараңғылығында зорайып көрінген әлгі дәу есік алдында қарнын сипап, есінеп біраз тұрды да, сырт жақтағы бұтаға қарай аяңдады. Сол жақта аз-кем бөгеліп, үйге таман жүріңкіреп барды да, әлдене есіне түскендей қайта бұрылды. Ойында ештеңе жоқ, тұп-тура кермеге қарай келе жатыр.

«Я, аруақ, өзің қолдай гөр!» деді қанжарының сабын сығымдай түскен Ерасыл. Жүрегі кеуде қуысын жарып жіберердей атқалақтап, тым қатты соғып кетті. Ойлап қараса, бүгінге дейін адам өлтірмек түгіл, мал бауыздап көрмеген екен. Мал сою — ересектердің ісі ғой қашанда. Рас, бір рет атып алған арқарды бауыздағаны бар. Оның өзі тыпырлап жатқан жаралы аң болатын... Енді, шынымен-ақ, адам қанын мойнына жүктейтін болғаны ма? Амал не, құдайдың өзі басқа салған соң... бұдан ары бөгелуге болмайды.

Ол лып етіп түйенің қалқасынан шықты да, кермедегі аттардың арасына кіріп кетті. Шет жаққа байланған ақбоздың өз иесін танып оқыранғаны, Өлженің ат жалын тарап, кекілінен, сауырынан сипап тұрғаны байқалды. «Бұл ит андаусызда, ес-тұссыз өле салмай, кімнің қолынан, не үшін ажал тапқанын біліп кетуі керек!» деген ой сап етті Ерасылға. Сол оймен аттардың далдасынан шыға келді де, үйге қарай бұрыла берген қалмақты жағасынан бүріп ұстай алды. Өлже мұндайды күтпесе керек, аң-таң сілейіп тұрып қалған.

— Сен Өлжесің ғой, ә?

— Иә, — деді анау жұп-жуас жауап беріп.

— Осыдан бір ай шамасы бұрын қазақ ауылын шауып, Есенбайдай ердің ішін жарып кеткен де — сен емессің бе? Ендеше, мен — сол Есенбайдың інісі Ерасылмын. Қанға — қан! Кек қайтты деген осы болады! — деді де, сол қолын жағадан босатпаған күйі, он қолындағы алмас қанжарды қак жүректің басына ұрып жіберді.

Өлже айғайлап дыбыс бергісі келді ме, әлде тынысы тарылып ауа қармағаны ма, аузын арандай ашып, екі қолын алға соза теңселіп сәл тұрды да, қанжарды қайта суырып алған кезде, етпетінен күрс етіп құлап түсті. Ақ көйлектің омырауынан бұрқ еткен қанды көргенде, Ерасылдың басы айналып кетіп еді. Қанжарын көк шөпке сұртпек болып еңкейе берді де, буыны құрып, сылқ етіп отыра кетті. Егер дәл осы сәтте Ердене жетіп келмегенде оқиғаның немен тынары белгісіз еді. Ол мұны жан дәрмен тұрғызып алды да, әзірлеп қойған аттардың қасына әкелді. Ерасылды өзінің Ардакүреңіне мінгізіп, ақбозды соның қосарына берген. Өзі де жүйрік аттардың бірін тандап мінсе керек. Арт жақта ит үріп, адамдар шулап, болған істің байыбына барғанша, екеуі ауылдан едәуір ұзап кетіп еді.

Бұлар сол бетінде бірден Алакөлге тартпай, із жасырып, Барлықтың батыс тұмсығын асып түсті де, тұп-тура терістікке, Барқытбелге қарай бет алды. Түні бойы тізгін ұшымен шауып отырып, ертеңінде түске таман, арт жақтарында қуғыншы жоғын білген соң ғана ат басын іркіп еді. Айрылысатын шақта жеткен. Ердене ары ойлап-бері ойлап, ақыры еліне бір табан болса да жақындай беруді жөн көрген. Екеуі жылап қоштасты. Ердене жолдасының амандық хабарын айту үшін, Қатынсудың төменгі сағасында отырған Мәмбет ауылдарына қарай кетті де, Ерасыл ертіс бойына ұзатылған әпкесін қара тартып, Керей еліне бет түзеді...

Қабанбай батыр әңгімесін осылай аяқтаған кезде, манадан бері сілтідей тынып тындап отырған жұрт араның ұясындай дуылдасып кетті.

— Қайран жастық дәурен, сенің кереметің — алда қандай қауіп барын ойлатпайтын албырттығыңда ғой!

— Ұлы жорық жолы, кек жолы осылай басталған екен-ау!

— Жастық шақта адамның жаны артында, қартайғанда көз алдында тұратыны несі екен? — десіп жатыр Ақтамберді, Төбет, Боранбайдай үлкендер.

— Айтпақшы, Ердене байғұс не болды? Есіл қырғыз өз еліне аман-сау жетті ме екен? — деді жігіттердің бірі елеңдеп.

— Жетті ғой... Ол біздің елмен бірге Аягөзге дейін шегініп барыпты да,

келесі жылы Қоқаннан келген сауда керуеніне ілесіп қырғызға қайтып кетіпті, — деді Қабанбай, көз алдына баяғы түйеші жігітті елестеткендей, жымия күліп. — Ана жылы Алатау жорығына қатысқан қырғыздардан сұрастырғанымда, біреуі Ерденені білетін болып шықты. Бар екен байғұс. Сондағы Бұғы ауылында тұрады екен. Балалы-шағалы, әл-ауқаты жаман емес көрінеді. Арнайы сәлем айтып, әлгілерден бір боталы түйе сыйлық беріп жібердім.

— Ой, Аллай, ә?!.. Ол байғұс та аман-есен жүріп жатыр екен-ау! — десіп, ақ көңіл қазақ бұл хабарға да қуанып, қауқылдасып қалды.

— «Ер көрмеймін деген жерін үш көреді, ат баспаймын деген жерін үш басады» деген ғой бұрынғылар. Сол рас екен. Жалған ісі ақиретке кетпей, өмірде істеген жақсылығын, да, жаманшылығын да түптің түбінде алдыңнан бір шығады екен, — деді сардар әңгімесін жалғастырып. — Өлжежырғалдан өшімді алғаныммен, ашық майданда кездеспегенімді өзіме мін санап, айызым қанбай, ашу-ызам тарқамай жүретін. Қазақты қан қақсатып, Есенбай өліміне себепші болған Арсалаңның әлі күнге дейін жер басып жүргені жанымды жегідей жейтін еді. Арада жеті жыл өткенде, құдай көктен тілегенімді жерден беріп, Аягөз өзенінің бойында Арсалаңмен кездесе кеткенім... Бұл — өздеріңіз білетін 1718 жылдың күзі ғой. Әбілқайыр мен Қайып хан бастаған қазақ жасағы уәделі жерге жетіп үлгірмей, біз бес мыңдай ғана қолмен жоңғар әскерінің алдыңғы шебіне тосқауыл жасап тұрғанбыз. Бір күні аш бөрідей жалаңған қалмақ мыңдығы Ақшидегі ауылдарды шауып, тонап жатыр дегенді естіп, бес жүз қолмен солай қарай тарттым. Келсек: төрт түлік малдан, іске татыр дүниесі мен қыз-қырқынынан айрылып, ұлардай шулаған ел. Қалмақтар тонап алған дүние-мүліктерін артынып-тартынып, біздің алдымызда ғана жолға шыққан екен. Аз-кем ат шалдырып алып, біз де өкше ізіне түсіп бердік.

Қалмақ мыңдығын дүрбіт нояны Арсалаң бастап жүр дегенді естігенде, тақ бір кептен көріспей кеткен туысымнан хабар алғандай қатты қуандым. Атқа қамшыны баса түстік. Күн екіндіге еңкейе бергенде қоңыр Шәулінің бергі бөктерінен жау қарасы да көрінді-ау! Төрт түлік малдың, көштің жүрісімен баяу ілбіп барады екен. Алдын орай шапқан бізді көріп, олар да жалма-жан түзем құра бастады. Мен де қарсы беткейге келіп, өз жасағымды сапқа тұрғыздым. Ойым — қаптама соғысқа жол бермей, алдымен қалайда Арсалаңмен жекпе-жекке шығу... Арамызға жүз қадамдай ғана жер тастап, бір-бірімізге таяу келіп тұрдық. Онда ойраттардың әлі беті қайтпаған үскінді кезі. Бізді жан екен деп менсінбей, ашық ажуа қылып, қарқ-қарқ күліседі... Әсіресе саптың алдында түйедей қара қасқа атын ойнақтатып, әрі-бері көлбеңдеп жүрген дулығалы дәу қараның айдыны тіпті бөлек. Жеті жыл бойы бір көруге асық боп жүрген Арсалаңым сол боп шықты.

Әсілі, қазақ-қалмақ үрдісінде жекпе-жекке шыққан батырлар алдымен сөзбен сайысып, қатынша салғыласып жатады ғой. Өз басым бұрын

ондайды ұнатпай, текке уақыт өткізіп керегі не дейтінмін. Сөйтсем, оның да қажет жері болады екен. Өте-мөте ұзында өшің, қысқада кегің кеткен қас жауыңмен кездескенде осылайша сөзбен қажасып, іштегі дертті сыртқа шығарып алмасаң айызын қанбайтын секілді. Былайша, арқа қоздырып, ашу шақырып алғанға да септігі бар... Сондай ой болды ма, жоқ, әлде ата жауым Арсаланды көргенде өзімді ұстай алмадым ба, астымдағы Қаракерді қамшымен жанып жіберіп, ортаға ойқастап қалай шыға келгенімді өзім де аңғармай қалдым.

— Осында тек қорғансыз қатын-қалашқа ғана шамасы келетін Арсалаң деген ұры қалмақ бар дейді. Еркек болса шықсын, кәне, ортаға. Жауыздың жанын жағаннамға жіберейін! — деп айғай салдым, найзамды басымнан асыра бұлғап қойып.

Ол да қайтпайтын ер екен, ойланып тұрмады, астындағы қара қасқаны ойнақтатып, ортаға шыға берді. Менің де күш-қайратым толған, жиырма беске келген кезім ғой. Талай шайқастың дәмін татып, жекпе-жектің де қыры-сырын танып қалған шақ. Әйтсе де, Арсалаңның мені алымсынбай, баласынып тұрғаны байқалады. Астындағы атына, үстіндегі сауыт-сайманына да сенетін секілді. Басына болат дулыға, үстіне шорайналы, торғайкөз сауыт киген екен, анау-мынау қаруды дарытатын түрі жоқ.

— Әй, мынау қазақтың шәуілдеген күшігі не деп үріп тұр? — деді мені найзасының ұшымен арт жағындағы серіктеріне нұсқай көрсетіп. Нояндарын қолпаштап, бұл сөзге қалмақ жағы қыран-топан күлісіп қалды.

— Дүрбіттің дүрдиген төбеті, тас құдайыңа табынып, иманыңды айта бер! Бұл майданнан сен бүгін тірі кетпейсің! — дедім мен де өршеленіп.

— Қап! Қазақтың тым құрыса аты-жөні белгілі, дені дұрыс біреуіне де кезікпедім-ау! «Қанжығанда жүрген кімнің басы?» деп сұраса не деймін, жөніңді айтшы! — деді ол мені мүлде жасытып алғысы келіп.

Қалмақтың көмейіне құм құятын соңғы жауапты мен де түпке сақтап тұр едім. Амал жоқ, соны жұмсадым.

— Ендеше, қапы қалма, Арсалаң! Мен — қазақтың Қабанбай деген батырымын. Осыдан жеті жыл бұрын, он алты жасымда ағаң Өлжежырғалды о дүниеге аттандырып едім. Міне, құдайдың күдіретін көрдің бе, сенің де ажалың менен болайын деп тұр... Ал енді шамаң болса, қорғанып бақ!

Менің сөзімнің әсер еткені сонша, ноянның кенет ұнжырғасы түсіп, сілейіп тұрып қалды.

— Шын айтып тұрсың ба?! Өлжені өлтірген сен бе едің?! — деді даусы жер астынан шыққандай құмығып.

— Рас. Соның алдында бір ай бұрын ғана Алакөлдегі қазақтың жылқысын шауып, өрісте ағам Есенбайды қорлап өлтіргендерің естерінде бар ма? Мен сол Есенбайдың кегін іздеп барғам. Еркек болсаң, сен де осы жолы ағаңның кегін қайтарып қал! — деп бойымды ашу кернеп, найзамды білеп, тұра ұмтылып едім, Арсалаң:

— Әй, қазақ, кезек қайда? Кезегімді бер... Ата салтын ұмыттың ба?! — деп қалды.

Есте жоқ ескі заманда кім салып кеткен жол екенін құдай білсін, жекпе-жекте бірінші кезек қашанда қалмақ жағына беріледі. Сол үрдісті бұза алмай, сонадай жерге барып күтіп тұрдым. Арсалаң да едәуір жерге шегініп барып, бетін бері түзеді де, қара қасқа атқа қамшы басып, найзасын оңтайлап тұра ұмтылды. Жұлдыздай ағып қатты келе жатыр. «Осы жолғы соққыдан аман қалсам», — деп тұрмын ішімнен. Бұрын қаптама шайқастарда қайрат көрсеткенім болмаса, жекпе-жекке бәлендей ысыла қоймаған кезім. Қорқыныш пен қобалжуды тек алапат ашу ғана жеңіп тұрғандай. Арсалаң құждай қайратты неме екен. Найзаның ұшы болат қалқанға тигенде, құлақ тұндырған шақыр-шұқыр дауыс шығып, соққының күштілігі мені аттан аударып кете жаздады... Ендігі кезек — менікі. Қайтадан орнымызға барып тұрдық. Алғашқы жолы онша күш жұмсай қоймадым. Қорғанысқа көшкен жаудың қалқан ұстасын барлап, осал жерін көңілге түйіп, найзамен жай нұқыдым да өте шықтым. Амал жоқ, кезегің келгенше қарсы жақтың тағы бір соққысын күтіп алуға тура келеді.

Арсалаңның келесі жолғы екпіні бұрынғысынан да қатты болды. Қалқаным қақ бөлініп, қолымда тұтқасы ғана қалды ма деп едім, әйтеуір аман екен. Бірақ аттан қшып кете жаздағаным анық. Кезек тағы да маған тиді. Осы жолы қамтып қалсам деген ойым бар. Егер үш реткі найза сілтеуден аман қалса, қарсы жақтың шоқпарға, не қылышқа көшуге еркі бар. Ал менің қаһарлы қаруым — найза. Әттең, оңтайыма келтіріп, негізгі нысанаға бір іліксем!.. Қаракерге қамшыны басып, сақпының тасындай ағып келе жатырмын. Манағы алғашқы соққымды бойына тоғытпады ма, Арсалаң «бала, шаманды байқап қалдық» дегендей, тым бейқам тұр. Мана көріп алғам: сауытының жағасы жайдақ, өндірішегі ашық көрінеді. Маған керегінің өзі де — сол. Найзаны кіндік тұстан, не қазан толмастан қадайтын кісіше, еңкейе шауып келдім де, дәл қасына таяғанда көз ілеспес жылдамдықпен өндірішекке ұрып кеп жібердім. Егер найзаның ұшы қате тимесе, кеңірдек пен қызыл өңешті қоса түйреп, жұлынды жара, желкеден бір-ақ шығуға тиіс еді. Иә, қате кетпепті, бәрі ойдағыдай, күні бұрын есептегендей... Найзамен бауыздалған Арсалаң кескен теректей болып, ат үстінен сұлап түсті де, қорқырап қала берді...

Одан арғысы белгілі ғой. Басшысынан айрылған соң ойраттар табан тіреп қарсылық көрсете алмады. Біздің жігіттердің тегеуірініне шыдамай қаша соғысып, олжаға алған кеп мал мен көш-керуенін тастап, Ақшәуліге қарай жосып кетті. Қоршауға түсіп қалудан сескеніп, біз де бой салып қуа

қоймадық. Аттары нарау елу-алпысын ғана қылыш пен жебеге жем еттік те, тізгін тарттық... Сөйтіп, Есенбайдың кегі жолындағы шайқас жеті жыл дегенде зорға тыным тапты. Өлгі бұрынғылардың: «жалған ісі ақиретке кетпейді» дегені рас екен! — деп Қабекең әңгімесін аяқтады.

V

Шығысқа қарай үдере көшкен қалың ел көп жылдан бері қол жетпес армандай көз ұшында бұлдырап шалынатын Барқытбел бөктеріне де жетіп, кереге жайғанына бірнеше күндер өтті. Соңғы жылдары мал тұяғы тимей, соны күйінде тұрған бұл өлкенің биылғы көктеуі де айта қаларлықтай екен. Әсіресе, әр сайынан бұрқырап бұлақ ағып жатқан Мыңбұлақ өңірінің көк шалғыны тұсардан келіп, қараған-тобылғысы тегіс бүрлеп, ұзатылатын қыздай жасанып-ақ тұр. Көктем шыққалы Аягөздің аядай аңғары мен Балқаштың борбас құмына қамалған малшы қауым құйқалы, көк майсалы, сулы-нулы жерге келіп, жасыл жаннатқа еніп кеткендей жырғап қалды. Арғы жонның көгі жетіліп, қашан ел жайлауға шыққанша, көшпелі жұрт осы бөктерде етек-жеңін жиып, біраз күн тыныстайтын болады.

Соңынан ерген қалың Қаракерей мен Төртуыл ауылдарын өздерінің аталас ру жігі бойынша бөктердегі бұлақ-бастау бойларына бөле-жара қондырып, өріс-қонысын белгілеп берген соң, Қабанбайдың өзі үш Бәйжігіттің біраз ауылдарын бастап, жоңғар шебіне тақау, ең шығыс шетке келіп қонып еді. Осылай етпеске амалы жоқ-ты. Жау жақ бетте Қабанбайдың ақ туы желбіреп тұрса ғана былайғы жұрттың көңілі орнығып, алаңсыз ұйықтайтын болады. Әрі дұшпанына көрсеткен қыры. Қарсы алдында кім тұрғанын, кіммен сөйлесетінін олар да бірден білетін болсын.

Бас қолбасының пайымдауынша, қазір қазаққа жетіспейтін бір нәрсе бар. Ол — сенім. Кәдімгі өз ханына, өз батырына, өз күшіне деген сенім. Жаумен шайқаста жеңіске жету үшін ең алдымен көпшіліктің көкірегіне осы сенімді ұялату керек. Бір кезде Алаш ұлы дүниеге тым асқақ қарайтын, ешкімді менсінбейтін-ді. Ол да жақсы емес екен. Сол асқақтықтың сазайын тартты, мінеки... Дүние кезек, енді қоржынның екінші басы аулық тартып тұр. Қазақ елі өзіне деген сенімнен қол үзіп, үрей мен қорқынышқа бой алдырды. Бұл дертке шалдыққанына коп болған жоқ, ұзаса жиырма-отыз жыл. «Ақтабан шұбырындының» алды-арты. Бір заманда етек-жеңін жимай шалқып жататын ел, кейін жау қай жақтан келіп қалар екен деп жалтақтайтын, аттан шықса-ақ үйін жығып, көше жөнелетін күйге түскен. Зайыры, көптің көңіліндегі осы үрейді сейілтпей болмас. Ең алдымен халық өз күшіне өзі сенетін босын. Өлсек өлерміз, бірақ туған жерді тастап, бір адым шегінбеспіз деген берік байлам, сертті сенім болмайынша, құр сандалбайдан ештеңе шықпайды...

Сондықтан да болар, әнегүні жаңа қонысқа келіп түскенде, әйелдер жағы:

— Бұл жұртта қанша отырар екенбіз? Ауыр теңдерді шешіп, ақ үйлерді тігеміз бе, әлде жеңіл-жекен, жолым үйлер дұрыс па? — деп бағдар сұрағанда, Қабанбай:

— Барды аямандар. Дос сүйініп, дұшпан күйінетіндей жайнатып қойыңдар. Енді бұдан кейін үркін-қорқын болмайды, — деп жұрттың көңілін мүлде жайландырып тастаған.

Бүгін қонақтарымен бірге маңайдағы Мәмбет, Қаракұрсақ ауылдарын аралап келе жатқанда байқады: жұрттың бәрі де жұмыртқадай жұтынған ақ үйлерін тігіп, ауыл төңірегінде төрт түлік малы шұрқырап, жердің көркін енгізіп-ақ жіберген екен. Жаңадан бой көтерген жас отаулар қаншама! Қабанбайдан тараған жеті ұлдың қазір Әліден басқасы түгел үйленген. Бәйбішеден туған Үмбетей, Сырымбет, Байтоқ, Едіге сияқты үлкендер өз алдына жеке ауыл боп кетті. Қабанбай қасындағы нөкерлерімен екі-үш күннен бері сол балалар ортасында, Ханбибі бәйбішенің ауылында болып, бүгін кіші әйелі Майсараның ауылына беттеп келе жатыр еді.

Кезеңге шыға келгенде-ақ, бір ұя қаз жұмыртқасындай болып, тізіліп отырған ауылға көзі тойды. Әсіресе, тор жақтағы, босағасында қыл шашақты жорық туы желбіреген, сегіз канат ақ орданың айбыны бөлек. Орданың сырты қандай еңселі, көрікті болса, іші де сондай жасаулы, сәнді екен. Көптен бері қоймада, теңде жатқан киіз үйдің ағашы мен ақ шаңқан туырлық, үзіктері, терме баулары, оюлаған ораулы шым шилері көрініске жаңа ғана шығып, жарасым тапқаны байқалып тұр. Әр затта талғампаз, ісмер қолдың ізі жатқандай. Осынау жасыл жайлау, ақ үйлердің арасында, өзі де сол әсем дүниенің бір бөлшегіндей бұрала басып Майсара жүр. Ақ кимешек-шаршысы, қос етек көйлегі мен оқалы камзолы зипа бойына құп жарасқан, бәденді, сұлу әйел жаңа үй сыртында жасы үлкендерге алыстан иіліп сәлем етіп, қашанғы әдетінше күйеуінің атын өзі келіп ұстаған. Ал былайғы Еспембет, Баймұрат, Дәулетбайлар Майсарадай жеңгелерін қолпаштап, жаңа қонысқа «Құтты болсын!» айтысты.

Құдайға шүкір, әзірше жағадан алған жау, төтеден төнген қауіп байқалмайды. Соны ескеріп, қазақ көшін қорғап-қоршап, жаңа қонысқа жеткізіп салуға сонау арттағы Аягөз, Балқаш, Шыңғыстаудан келген ел ағалары өз жүздіктерін бастап, ертеңдер ауылдарына қайтуға тиіс еді. Бұлардың ішінде Ақымбет-Сыбаннан — Ақтамберді, Еспембет, Қу дауысты Құттыбай, Мұрыннан — Боранбай, Матайдан — Шоңқай, Бөрібай, Қызайдан — Есенгелді, тағы басқа да белгілі би, батырлар бар-тұғын. Ағайын берекесіне дән риза болған Қабанбай үзеңгілес дос-жарандары мен қанды көйлек батыр інілерін бүгін әдейі осы ауылға түсіріп, соңғы рет сый-сыяпат көрсетіп, күтіп аттандыруды ниет еткен.

Әр ауыл жаңа жұртқа қонысымен көк жасаңға желі тартып, бие байлаған-ды. Алғашқы уыз қымыздың да жақсы ашып, бабына келіп тұрған кезі екен. Қонақтар бал қымыздан дәм татып, құтты мекен Барқытбел шөбінің нәрін мақтасып отырғанда, Қабанбайдың кенжесі Әлі

жылқышылардың көмегімен қысырдың бір көк қасқа асау тайын есіктің кезіне жетектеп әкеліп, үлкендерден бата сұрады. Осыдан кейін-ақ көптің көңіліне тоқмейіл желік кіріп, гу-гу әңгіме дүкені қызып сала берген.

Бұлар бір ауық іргеде отырған ойраттар жайын сөз етісті. Өнегүні көштің алды келісімен-ақ, Қабанбай қалмақша жақсы білетін бірнеше жансызды шығысқа қарай түнделетіп аттандырып жіберген. Қалмақ тілін білетіндер бұл төңіректе аз емес-ті. Түрлі себеппен әр жылдар келіп, қазақ ішіне сіңіп кеткен қалмақтар да бар. Бұлардан басқа ойрат ордасында тұтқында болып қайтқандар, қалмақ қызынан туған жиендер де жеткілікті... Міне, осындайлардан бірнеше жігітті Байғана Шөрек батыр ертіп кеткен. Өзі де қалмақшаға ағып тұрған сол Шөрек кеше жақсы хабар әкелді. Оның айтуынша, дәл мына Құлыстайда бүгін-ертең қазаққа төніп тұрған қауіп жоқ. Барқытбелдің бұл бетінде, Ақшәуліден ары Ұрыжар, Қатынсу, Еміл, Алакөл бойларында негізінен төрт ойраттың хойт және дүрбіт аталатын тайпалары жайлап отырған көрінеді. Бас тәйжілері — хойттан шыққан жиырма бестегі жас ноян Әмірсана. Оның мықты боп тұрғаны — Халдан Цереннің қарындасынан туған жиені... Одан ары терістікте Ақсуат, Зайсан, Маңырақта, арғы жағы Алтай, Сауырға дейін атақты Церен Дондубаның немересі, хан тұқымы — Дабашының иеліктері басталады. Бірақ дәл қазір Әмірсана да, Дабашы да елде жоқ, Іледегі хан ордасына, құрылтайға кеткен деседі.

— Қарапайым қалмақтардың айтуынша, бұл күнде Халдан Цереннің артында қалған екі ұлы Цеван Доржи мен Лама Доржи арасында тақ тартысы басталған. Осыған байланысты ойрат шонжарлары екіге бөлініп, өз іштерінде іріткі туып жатса керек. Дабашы мен Әмірсана осыдан үш жыл бұрын, Халдан Церен өлгенде таққа отырған жас жоңғар ханы Цеван Доржи жағына шыққан екен. Егер, жаман айтпай жақсы жоқ, алдағы уақытта билік Лама Доржиға өтіп кетсе, бұл екі ноянға қандай зауал төнері белгісіз деседі. Қазір елде қалған кіші нояндар мен зайсандар хан ордасынан сәт сайын хабар күтіп, әрі-сәрі күй кешіп отырған жайы бар. Енді, бір жағынан, осындай аласапыранды пайдаланып, қазақтар тарпа бассала ма деп, біз жаққа қатты жалтақтайды екен. Ел іші қарулы күзет, самсаған сары қол. Олардың биыл батысқа қарай құлашын кең жая қоймай, төрт түлік малын да шығысқа таман өрістетіп, етек-жеңін жинақы ұстап отырған себебі сол екен, — деді Шөрек көңілге түйгендерін аз сөзбен баян етіп.

— Олай болғанда біз жаққа екі шоқып, бір қарап, қатты сақ отыр екен ғой. Қатал күзет астынан сендер іш жаққа қалай өтіп кеттіңдер? — деді Тоқпақтан шыққан алыптың бірі Қасабай батыр Шөрекке қызыға қарап.

— Е, тәйірі, жау қанша қырағы болғанмен, осынау адыр-қырқа, ұры сайдың қайсысын күзетіп отыр дейсің. Аттардың тұяғына киіз байпақ кигіздік те, қарауыл шебінен түнделетіп өте шықтық, — деді Шөрек қулана күліп. — Қанша дегенмен, қалмақ нағашы жұртым емес пе, жер жадысы

маған біршама таныс. Бәріміз де қалмақша киініп алғанбыз. Күндіз жоқ іздеген адам болып, бір-бірден бытырап кетеміз де, түнге қарай басқосамыз... Сенбесең, қасымдағы жігіттерден сұра, дүрбіт ішінде шешемнің бір жамағайын туысы болушы еді, ойда-жоқта сол ұшырасып қап, қараңғы түсе ауылына барып, бір малының басын мүжіп қайттық, — деп алып денесін селкілдете қарқ-қарқ күлді.

Отырғандар да мәре-сәре күлісіп жатыр. Шөректің сөзін ешкім де бекер дей алмады. Оның ертеде шабындыдан түскен қалмақ қызынан туғаны, «Ақтабан шұбырынды» кезінде шешесімен бірге қалмақтардың қолында кетіп, ол жақтан ержеткенде қайта қашып келгені рас еді. Үлкендер сол бір көне тарихты еске алып, біраз гуілдесіп қалды.

— Қап, мұны білгенде, биыл қалмақты ес жиғызбай, нағыз түре қуатын-ақ жыл екен! Қашанда етек бастылықпен кеш қаламыз да жүреміз, — деді манадан сөзге араласпай іштей шырығып отырған Еспембет қозғалақтап.

— Апыр-ай десейші! Биыл тұтқиылдан бассалғанда жоңғардың жотасынан таспа тілгендей екенбіз-ау. Хан кеңесінде осы жағы қалай сөз болмады екен? — деп оны ұрт мінезді, өткір тілді Шынқожа батыр да қостады.

Бұл жай Қабанбайдың да іште жатқан қыжылы болатын. Бірақ мыналардың алдында хан жарлығына шәк келтіру ордаға үлкен сенімсіздік тудырап еді. Сондықтан сыртқа сыр бермей, шытынып сәл отырды да, тамағын кенеп:

— Неге сөз болмасын. Хан кеңесінде осының бәрі де таразыға түсіп, шешімін тапқан, — деді сол кеңесте бірге болған Ақтамберді мен Боранбай, Төбет билерге кезек қарап. — Қатардағы қарашы ойлағанды хан ойламаса, алтын тақта не қадір-қасиет қалады?! Тегінде, бір нәрсе естеріңізде болсын, қанша ала ауыздық жайлады дегенмен, дәл қазір жығыла кетейін деп тұрған жоңғар жоқ. Ауыл иті ала болғанмен, бөріні көргенде бірігіп кетеді. Жаудың күшін кем санамаңдар, жігіттер. Өз күшіңді — егіз десең, жаудың күшін сегіз де. Күні кеше соларды осал санаймыз деп жүріп, «е, тәйірі, жаман қара қалмақтың қолынан не келеді» деп жүріп, опық жеген жоқ па едік? Қалмақ осал болса, қазақ осы күнге дейін торғайдай тозып, тарыдай шашылып жүрер ме еді?! — деп сәл аял жасаған.

Жұрт енді жартасты жағадан қайтқан толқындай қайта серпіліп, әр тұстан қолбасыны қоштаған үндер естілді.

— Рас-ау, шыр етіп жерге түскенде қан шеңгелдеп туатын атаңа нәлеттер ғой олар.

— Соғыспаса қалмақтың ішкен асы бойына тарамайды...

— Адам жанын шыбын құрлы көрмейтін заты кәпір, дінсіздер емес пе!

— «Ханда қырық кісінің ақылы бар» дегендей, Әбілмәмбет пен Абылайдың да бір ойлағаны бар шығар, — десіп, бірі атып, бірі қағады.

Қабанбай жау шебіне тым жақын жерде отырып, үлкен саясатты бұдан ары талқыға салғысы келмеді білем, сөз аяғын әзілге айналдырып, басқа арнаға бұрып жіберді.

— Солай, жігіттер. «Қайныңа да барарсың, пұшық күйеу де атанарсың» депті ғой баяғыда біреу. Сол айтқандай, қалмақты да шабармыз, қайратты да сынармыз. Сәл сабыр етсеңдер, тұлымдысын тұл етіп, айдарлысын құл етіп, атажаудан кек алатын күнге де жетерміз! — деп аз бөгелді де, қасындағы Ақтамбердіге бұрылып. — Одан да жана жұрттағы бие бау мерекесінде ән мен жырға кезек беріп, көңіл көтерейік. Ендігі лебіз сізден, жырау! — деді сәл иіле түсіп.

— Иә, сөйтіп бір серпілмесек, әбден жабы боп кеттік қой, түге!

— Елдің елдігі, ердің ерлігі — атыс-шабыс, аттаныста ғана емес, салтанат сәнінде, сарқылмас әнінде жатады ғой! — десіп үй иесінің сөзін Боранбай, Төбет билер де іле қостады.

Бұл күнде жасы жетпістің үстіне шығып кетсе де, әлі қайраты қайтпаған, еңсегей ірі денелі, мол бурыл сақалды Ақтамберді түбінде сөз төркіні өзіне қарай ойысарын алдын ала сезгендей, алдындағы еселеп қайта құйылған қымыздан сіміре жұтып алды да, төменірек отырған ат-қосшысына иек қақты. Лып етіп орнынан тұрған қағылез жігіт керегенің басындағы ала қоржыннан қалақтай қара домбыра алып ұсынды. Жыраудың талай жорықта бірге болған жан серігі. Домбырасын қолына алған соң, құлақ күйін келтіріп, тиегіне дым бүркіп, орнықтырып қойды да, көпшілікке қарап:

— Уа, жарандар, құдайдың мұнысына да шүкір деп, тәубе қылайық бір мезгіл. Мына Дарабоз бен Борекең жақсы біледі, жастар, сендер де шет-жағасын көрдіңдер: кеше ел басына күн туып, ер төсектен безініп, қайран ел торғайдай тозып, қайың сауып кеткен бір шақта, күндердің күнінде бүйтіп бас құраймыз, көк жайлауға ел қондырып, кек қасқа тай сойдырып, масайраймыз деген кімнің ойында бар еді?! Ол көңілдегі қиял ғана еді ғой. Сол ақын арманынан осыдан көп жыл бұрын, «Ақтабан шұбырынды» кезінде мынадай бір жыр туған, соны айтып көрейін, — деп домбырасын қоңырлата шертіп аз отырды да, жыр нөсерін төгілте жөнелді.

Тынысы кең, үні керемет күшті екен. А дегенде күндей күркіреп, зор дауысының жеткен жеріне дейін ащы айғайға бір басып алады екен де, содан соң қайта төмендеп, майда қоңыр бүлкілге түседі екен. Ара-арасында арыстандай ақырып, тез қайта шарықтап, одан гөй-гөй бебеуге басып, мың құбылып отыратыны тағы бар.

Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күренді мінер ме екенбіз,
Күдеріден бау тағып,
Ақ кіреуке киер ме екенбіз!
Жағасы алтын, жеңі жез,
Шығыршығы торғай кез
Сауыт киер ме екенбіз!
Ор қояндай жүгінтіп,
Аш күзендей бүгілтіп,
Жолбарыстай шұбарды
Таңдап мінер ме екенбіз?!
Сол шұбарға мінген соң,
Қоңыраулы найза қолға алып,
Қоңыр салқын төске алып,
Қол төңкерер ме екенбіз!
Жалаулы найза жанға алып,
Жау қашыар ма екенбіз!
Тобыршықты әндіген
Толтыра тартар ма екенбіз!
Тобылғы сапты қамшы алып,
Тұмар мойын ат мініп,
Қоныс та қарар ма екенбіз!
Ел жазылып жайлауда,
Жақсылар кеңес құрғанда,
Мұртымыз өрге шаншылып
Бұрын да сөйлер ме екенбіз?!—

деп бір тоқтағанда, жұрт басында есінен танғандай жым-жырт отырып қалды да, іле қызып тұрған қазанға бір кесек май тастап жібергендей ду етіп, орданың ішін айғай-шу көміп кетті:

— Ой, бәрекелді!

— Жаса, Ақтамберді!

— Болашақты пайғамбардай болжаған нағыз көріпкел деп Сізді айтса болады!

— Сол көксеген арманға да жеттік қой, мінеки! Бүгінгі күн ғой — айтып отырғаны!

— Кәне, шуылдамай жыр естиік!

— Жырға кезек беріңдер! — десіп, көпшілік гуілдесіп бара жатыр еді, жырау тыныштыққа шақырғандай, оң қолын сәл жоғары көтерді. Жұрт тына қалған. Ақтамберді салалы келген балуан саусақтарымен қара домбыраны алқымдап, әбден жанын шығара «жүр-жүрлетіп» алды да, жыр маржанын қайтадан тізілдіре жөнелді.

Өзенге бие байлатып,

Төскейге орда орнатып,

Төрткілдеп ошақ қаздырып,

Төбел бие сойғызып,

Төменде бидің кеңесін

Біз де бір құрар ма екенбіз!

Құлаты тауға қол салып,

Садақтың оғын мол салып,

Бетпақтың ен бір шөлінен

Төтелеп жүріп жол салып,

Қолды бір бастар ма екенбіз!

Майданда дабыл қақтырып,

Ерлердің жолын аштырып,

Атасы басқа қалмақты

Жұртынан шауып бастырып,
Түйедегі наршасын,
Әлпештеген ханшасын
Ат артына мінгізіп,
Тегін бір олжа қылар ма екенбіз?! —

дегенде, жұрт шыдай алмай айғайға басып, есік жақта отырған жастардың көбі орындарынан дүрк көтеріліп кетті. Көздері ұшқын атып, осы қазір қарсы алдарынан жау шықса, таптап кететін түрлері бар. Шағалақ, Дәулетбай секілді естияр адамдар дүрліккен қауымды тәртіпке шақырып, қайта отырғызды.

— Ау, сабыр етсеңдерші, жігіттер-ау! Мыналар өлеңге сусап өлген бе, түге?! Тым құрыса аяғына дейін тыңдасандаршы! — деп Шағалақ жасы үлкендігін көрсетіп, жастарға ұрсып жүр.

— Ғапу етіңіздер, ағалар! — Қызу қанды Шынқожа орнына жайғаса беріп, қайта тұрды. — Мынау — аттаныс алдында оқылатын жорық жыры ғой нағыз! Мынадай жалынды жырдан кейін жауға аттанбай, қатынға ұқсап от басында қалай отырып қаламыз, сардар аға! - деді сонан соң Қабанбайға қарап. — Осы қазір қасыма екі жүз жігіт қосып беріңізші: ойраттың отанын ойрандап, ен жайылған етегін бір түріп тастайын!

Қабанбай жас батыр Шынқожаны оттан-судан қайтпайтын осындай жау жүректігі үшін жақсы көруші еді. Сондықтан оның алып-ұшпа, албырт мінезіне де кешіріммен қарайтын.

— Сабыр-сабыр, батыр! Ашуды ақылға жеңдірейік, — деді батыр інісін жас қырандай мәпелеп. — Жатқан жыланның құйрығын басып, өлермен жауды өшіктіре беріп қайтеміз. Жеңіл-желпі барымта-сырымтамен бітпейді біздің кегіміз. Қас дұшпанды қансырата соғатын ұлы аттанысқа да көп уақыт қалған жоқ. Сабыр етіндер!

Қара домбыра қайтадан бебеу қақты. Ақтамберді алмас жырмен ақ семсерді қайрай беріп, от шығарып алармын деді ме, жырдың соңын жайма-шуақ, бейбіт күнге қарай ойыстырды.

Кеуде бір жерді жол қылсам,
Шөлең бір жерді көл қылсам,
Құрап жанды көп жинап,
Өз алдына ел қылсам!

Асқар бір тауды жайласам
Желілеп бие байласам,
Күнде жиын, күнде той
Қыз-бозбала ойнатсам,
Тентегін түзеп байқа деп,
Ішінен биді сайлатсам!
Құлым бір ұлдай киінсе,
Көркемін көрген сүйінсе,
Атымтай жомарт секілді,
Атағым жұртқа білінсе!
Өзім бір бөлек жайласам,
Жігіттен нөкер сайласам,
Ойпаң жерге он отау,
Қыраң жерге қырық шатыр тігіп,
Қонағымды жайғасам!
Пышақтан малым кетпесе,
Қазаным оттан түспесе,
Ауылдан топыр үзілмей,
Ошақтың оты өшпесе!
Май жемесе қонағым,
Қан жемесе барағым,
Он кісіге жараса
Бір кісіге арнап тартқан табағым!!!

Ақтамберді осылайша үйдің ішін кернеген қоңыр-күмбір үнменен жыр жолдарын төкпелеп келді де, кілт тоқтатып, домбырасын ірге жаққа сүйей салды. Көпшілік бұл жолы да өреки көтеріліп, неше алуан қошемет сөздер айтып жатыр:

— Әумин, айтқаның келсін, жырау!

— Аузың — періштенің аузы болғай!

— Өлмесек ол күнге де жетерміз!

— Алдымен атамекенді жаудан бір тазартып алайықшы. Әлі-ақ қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заман орнайды, — десіп сүйінген, алқаған сөздер естіледі.

Боранбай би төрдің дәл төбесінде, Ақтамбердінің оң жақ қатарында жүкке сүйеніп отырған-ды. Кенет сол жаққа күле қараған Еспембеттің:

— Ау, би-аға, мұныңыз қалай? — деген көңілді даусы естілді. — Өзге жұрт жігерін жырмен жанып, жауға аттанамыз деп жатса, сіздің жылағаныңызға жол болсын!

Көпшілік манадан бері дабыр-дұбырмен байқамапты. Борекең ұзын бурыл сақалынан алты тарам жас ағып, жылап отыр екен. Өкініші, өксігі жоқ, тас бастаудан шымырлап өзі бұлқып жатқан, ағыл-тегіл рахат жасындай... Би көлдей орамалымен көзінің жасын сүртіп, ет бауыры езіле күрсінді де:

— Әттең, дүние-ай! Неткен асыл арман еді... Шіркін, сол азат күнге жетіп өлген кісінің де өкініші бола ма екен?! — деді көкірегі қарс айрылып.

— О не дегеніңіз, Биеке. Жоңғардың қақ қасына келіп отырғанымыз мынау! Енді бір секірсек, қыр желкесіне міне түспейміз бе?! — деп Төбет би оны жұбатып жатыр.

Ал асқақ жырдың жан дүниесін мүлде бағындырып, баурап алғаны сонша, Қабанбай жанағы әңгімелердің бірде-бірін елең қылмай, өз алдына сілейіп бөлек отыр еді. Тұла бойы сезімге тұнып, көз алды неше алуан суретке толып кетті. Көшпенді азат қазақтың арман-мүддесін бұдан артық қалай әкеткізіп айтуға болады?! Жыраумен жұп жазбай бірге жүрген соңғы жиырма-отыз жылда оны талай тыңдап жүріп, дәл бүгінгідей толқыған емес... Жастық, жігіттік шағын Қаратау өңірінде өткізген Ақтамберді Сыбан руымен бірге Арқа жеріне «Ақтабан шұбырындыдан» кейін келгенді. Ақындық пен батырлықты қатар ұстанған жырау жас кезінде Бұхарға, Хиуаға қарсы қорғаныс ұрыстарына қатысып, басқыншы жау әскерімен талай-талай қидаласқан. Қара найзадан қолы қалт етсе қара домбыраға жармасып, Алаш ұлын азаттық жолындағы күреске үндеумен болыпты. Ал Қабанбай жасағына келіп қосылғанда, Ақтамбердінің жігіт ағасы атанып, қырықтың жуан ішін аралап кеткен кезі еді. Сонда да ұрыс майданынан шет қалып көрген емес. Қиын-қыстау шақтарда жекпе-жекке де шығып, қалмақтың менменсіген небір ноянын құм қаптырғаны бар. Ал қаптама ұрыс кездерінде жыраудың жебесі жерге түспес мергендігіне, сайыскерлігіне жас батырлардың өзі қайран қалады.

Алайда қолбасыны тәнті еткен — Ақтамбердінің батырлығынан гөрі, оның ақындығы, өлең сөздің құдыреті. Батырлық, байлық кімде жоқ? Қазақта батыр туған ұл аз ба?! Ал өнердің жөні басқа. Жыраудың түзем құрған сарбаздар алдында қырандай саңқылдап, жыр айтқан кезін көрсен ғой! Сиқырлы сездер әр жауынгерді шарыққа ұстағандай, рухын көтере аруақтандырып, қайтпас қара семсерге айналдырады. Соның бір кереметін бүгін, міне, тағы көріп отыр. Санасында сан қилы ойлар сапырылысқан Қабанбай бір кезде еңсесін тіктеп, үлкен отты жанарын жыраудан айырмай сәл отырды да:

— Қайран, Ақа-ай! Қадіріңді білмей жүр екенбіз ғой? Бір өзіңнің бойында қаптаған қалың қолға татырлық қайрат жатыр екен-ау! Әр сөзің садақ тартқан сарбаз, мылтықты мергенге айналып, атой салып бара жатқандай сезілді жаңа маған. Ханның қаһарына, қолбасының жарлығына қозғала бермейтін қазақ баласын ұйқыдан бір оятса, сенің дабылды жырларын ғана оятар-ау! Не айтайын, жасай бер, қадірлі Ақа! Алдағы ұлы аттанысты, қазақ жерінің басқыншы жаудан тазарғанын Алла-тағала сіз бен бізге аман-есен көруге жазсын! — деп бір басалқы тілек айтты.

Көпшіліктің тасып төгілген алқау-алғасына Дарабоздың дана сөзі қосылып, осы отырыста Ақтамбердінің шоқтығы тіпті биіктей түскен. Жыраудың ақсұр жүзінде қан ойнап, қызара толқып отырды да:

— Апыр-ай, сардар қарағым-ай, ағанның төбесін жеті қат көкке бір-ақ жеткіздің-ау! Көктен сауып, жерден тауып алды дейтін емес, қашанда біздің айтарымыз — осы елдің тілегі ғой. Халықтың қамырық мұңы, ашу-кегі кейде осылай еріксіз тілге оралатыны бар, — деді тебірене үн қатып.

Үй ішінде бір сәт тыныштық орнап, бәрі де жырауды бүгін көріп отырғандай сүйсіне қарап қалыпты. Осы отырғандардың арасында жас та болса ел көзіне түсіп, Қаракерей ішінде Боранбайдан кейін сөз тізгінін ұстап жүрген талапты азаматтың бірі — Қу дауысты Құттыбай еді. Сөйлегенде дауысы аққудың үніндей сұңқылдап, сызылып шығатындықтан, ел-жұрт үмітті азаматын әкесі Нар дауысты Нарынбайға ұқсатып, «Қу дауысты Құттыбай» атап кеткен. Қазір де сол жігіт тамағын қудай қаңқылдатып, бір кенеп алды да сөз бастады:

— Туған елің — тұмарлы тұлпарың болғанда, хан — нокта, би — ауыздық, батыр — қамшы дейді екен. Сонда алысқа ататын қозы жауырын жүйрік жебең — ақынның жыры болғаны да. Шынында да, дулығалы батыры, дуалы ауыз биі бар халықтың жыраққа сілтер жырауы болмаса, орны үңірейіп бос қалады екен-ау! Басқаны былай қойғанда, қазір бір Бұқар ағанның өзі хан ордасының сәнін кіргізіп, айбарын асырып отырған жоқ па?! Қарадан шықса да хан ұлына теңеліп, ел ұранына айналған, дара туған Дарабоз бір бәйтерек болғанда, оның бұтағына қырандар ұя салмас па, бұлбұлдар келіп қонбас па? Тек тіл-көзден аулақ, әмісе төрт көзіміз түгел, қанат-құйрығымыз бүтін болғай! — деп осы отырған жұрт тілегін жеткізген.

Тегінде, кара сөздің майын тамызып, тайпалған жорғадай майда сөйлейтін Құттыбайдың өлең-жырға да бейімі бар-тұғын. Тек бірден сурылып жырлап кетуге Бұқар мен Ақтамбердідей алыптардың мысы басып, иба сақтап жүрген. Ал өзі Ташкентке он жыл бек болған атақты би Нар дауысты Нарынбайдан туса да, қашанда биден жырауды жоғары қойып, оларды тәңірінің айрықша жаратқан асыл заты деп санайтын-ды... Бірақ ол дәл осы сәтте өзі жетпеген арманға ұрпағы жетерін, қазір ел ісіне араласа бастаған Байғара деген ұлының ісі Найманға билік айтып, кейін одан өрбіген Ақтайлақ атты немересі мен Сабырбай атты шөбересінің атақты би, әрі даңғайыр ақын боларын білген жоқ еді.

Жырға қанбай қалған жұртшылық кеу-кеулеп, осы елге кең тараған тағы бір әңгімені жыраудың өз аузынан естігісі келді. Ол сөзді бастаған ел ішіндегі дау-шарға құлақ түре жүретін Еспембет еді.

— Ақа, ана бір жылы Дарбозбен бірге Арғын ішіне құн даулап барғанда, Үмбетей жыраумен сөз қағысып қалатыныңыз бар ғой. Мына жастар естісін: соны бір айтып беріңізші! — деген-ді.

Ақтамберді көп тілегін жерге тастамай, қолына кара домбырасын қайта алып, алдымен ол жырдың неден туғанын айтып өтті. Жыраулардың үнемі сыртқы жауға қарсы аттаныс жырын айтып қана қоймай, кейде ағайын арасының дау-шарына да араласатын кезі болады. Ал бұл реткі мажыра мынадан туып еді.

Онда бұл ел Ұлытау өңірін жайлап жүрген. Әр тараптан ауа көшкен рулардың Арқа жерінде иін тіресіп, тым тығыз отыратын кезі. Осы өзімізбен аталас Сыбанның бір жігіті Арғын ішінде айттырып қойған қалыңдығына ұрын барып жатқан мезгілде, қызға көңілі кеткен сол ауылдың бір сотқары қызғаныштан күйеуді жанжалға киеліктіріп, қапыда қанжар салып өлтіргені бар. Жесір дауының ақыры құн дауына ұласып, екі елді егер қылған шатақтың соңы қан төгіске дейін бара жаздаған. Екі жақ алма-кезек жарты жарысып, барымта алыса бастады. Ақыры дау ұлғайып, билердің бітіміне көнбейтін шақ туғанда, Арғын жағынан Қанжығалы Бөгенбай шығып, Найман елінен біраз қолмен Қабанбай мен Ақтамберді баруға тура келген. Мұндайда қанға қызбайтын кім бар, Бөгенбайға Үмбетей жырау ере келген екен. Мойнында қан қарызы бола тұра, «қорыққан бұрын жұдырықтайды» дегеннің кебін істеп, алдымен соқтыққан сол Үмбетей болды. Әдейі даугерлердің бетін қайтарып тастағысы келді ме:

Ей, Ақтамберді, Қабанбай!

Суытпа босқа түсінді,

Қайрама онша тісінді,

Сырт тазасы не керек,

Тазарт әуел ішінді.
Салмақтасаң айта ғой,
Хан алдында күшінді.
Елімді иесіз деймісің,
Ерімді киесіз деймісің,
Алты арысқа білдірмей,
Басып жеймін деймісің?!
Батпан-батпан мінің бар,
Қабынбай, бітім қылыңдар! —

деп, Абылай ордасының өздеріне бір табан таяу тұрғанын бу көрді ме, жырмен жайпап әкетіп бара жатты. Сонда Ақтамберді де шыдай алмай, домбырасын жұлып ап, мынадай жауап айтып еді:

Уа, қарт Бөгенбай!
Құяр жауын аспаннан,
Қара бұлт торласа,
Пәлекет елде көбейер,
Жігітті жігіт қорласа.
Ақбөкен келіп жығылар,
Алдын қазып орласа.
Пенденің бағы ашылмас,
Маңдайы қалың сорласа,
Дұшпан қорлап не қылмақ,
Бақыт басқа орнаса.
Қынаптан қылыш суырмай,
Қарысқан жау бүлк етпес.
Жуылмай қастың қанымен,
Намысқа тиген кір кетпес.

Шабыссаң, кәне, шығып көр,
Жау емессің күш жетпес!
Дарабоздай қолбасы
Абыройын кірлетпес.
Ұрын келген күйеу қайда,
Жесір қайда тіл өтпес?!
Жендетті көрсет көзіме,
Желіккен басты кім кеспес.
Еліңді жүндей түткізіп,
Қанды көбік жұтқызып,
Жайратармыз осы кеш!..

Ақыры жыраулар жығыса алмай, билер бітісе алмай, ушығып бара жатқан бұл дауға қарулас, қанды көйлек достар Қабанбай мен Бөгенбай араласып, Арғын ауылдарына жесірдің қалың малына қоса, айып-анжысымен ер жігіттің құнын төлетіп, ағайын арасын зорға бітістірген. Сол жайды бүгін жыраудың өз аузынан естігенде намысқа қызған жігіттер қайта елеуреп, бір дүрлігісіп қалып еді. «Тәйірі, Дарабоздай батыры, Ақтамбердідей ақыны бар елді кім жәбірлей алушы еді» десіп, көкіректерін мақтаныш кернеп, масайрап қалды.

Бұл күнді осындай қызу әңгіме, өлең-жырмен өткізген қонақтар ертеңінде сәскелік қымызға қанып алып аттанатын болды. Жағаласып тұрған жау төбесі көрінбеген соң, ер-азаматты текке қамап ұстамайық дескен. Бірақ арттағы ел тым жайылып кетпей, бес қаруын сайлап, сақ отыруы керек. Бірер қауіп төнсе, алғашқы дабыл қағылған сәтте, Қабанбай туының астына жиналатын болып келісті.

Мұндайда қазақтың жол-жоралғысын да ұмытуға болмайды. Қабанбай бейбіт күннің берекесі, ағайынның сый-сыяпаты деп, дәл аттанарда Ақтамберді, Төбет, Боранбайдай үлкендерге атан түйе жетелетіп, Есенгелді, Еспембет, Баймұрат, Бөрібай секілді әр елдің бас батырларына бір-бір сәйгүлік ат мінгізді.

VI

Ала шапқын жаугершіліктен, үркін-қорқыннан ада, берекелі бейбіт күндер баяу жылжып өтіп жатты. Қалмақтан төнер қауіп жоғы сезілген соң, ел арқасы кеңіп, ауыл арасында ерулік, қонақасы, той-томалақ көбейді.

Алыс-беріс қалыңмалы төленіп бітсе де, ұзатудың сәті түспей жүрген талай қыз осы биыл құтты орнына қонып жатыр. Бұдан басқа есік көру, ұрын бару, сүндет той дейсіз бе, бұл күнде ел іргесі жиі отырған Ақши, Нарын, Мыңбұлақ, Қарақол өңірі абыр-сабыр қарбалас үстінде еді.

Қазір ақ молайған, мал семірген уақыт. Жаугершілікте жоқ-жұты күй кешіп, жадап-жүдеген жұрт арадағы осындай кеңшілікте ойын-тойларын өткізіп, өздерінше еңсе көтеріп дегендей жырғап қалатын әдеті. Несі бар, тойласын. Қайран ел осы бір аз күнгі қызықты аңсап күткелі қай заман?! Олар да бір мезгіл адамша алаңсыз өмір сүрсін. Ал халықтың тыныштығын қорғау — қолбасы сардардың, батыр мен сарбаздың міндеті. Осының бәрін ой таразысына салған Қабанбай шығыс шепке қойылған күзет қарауылын босаңсытқан жоқ. Әр рудың батырлары өз жүздігімен кезектесіп, барлауға шығып отырады. Мұның сыртында түнге қарай ер-азамат аттан түспейтін жылқы күзеті тағы бар. Әр сәрсенбі сайын Қабанбайдың өзі атқа мініп, аламан әскердің жаттығу ойындарын көзден кешіреді.

Бүгін де сондай сәрсенбінің бірі еді. Таңертең өрістен жылқы қайтып, жұрт мініс аттарын ұстап, бие байлап жатқан шақта, Қабанбай күндегі әдетінше, ауыл сыртындағы дөңнің басына көтерілді. Осы арадан айнала-төңірек алақанға салғандай қалай айқын көрінсе, төбе басындағы қарауыл шоқыдай боп шалынатын сардардың алып тұлғасын да былайғы ел бірден байқаушы еді. Ол жандана бастаған ауыл тірлігіне, сонау тепсеңдегі бие бау басында жылқышы-сауыншылардың асау құлындарды қалай құрықтап ұстағанына тамашалай қарап біраз тұрды. Адамдар мәре-сәре. Бейбіт өмір қайтадан күшіне еніп, қыза бастапты. Жақын арада жау бары, осыдан біраз жыл бұрын бұл өлкеде қиян-кескі, қырғын соғыс болғаны мүлде естен шығып кеткендей.

«Адамдар бакуат, бейбіт өмірге әбден зарығып, шөлдеп қалған екен-ау! — деп ойлады батыр ауыл жақтан көз алмаған күйі. — Осы соғыс деген пәленің қайғы-зар, азап-сордан өзге адамзатқа берері бар ма? Бірақ, амалың қайсы, әлімжеттік, зорлық бар жерде соғыс жалғаса береді. Бейуаз біреудің қанына ортақ болайын деп ойлайсың ба... Ел намысы, ата кегі ғой — шыдатпайтын».

Қабанбай іштен тына күрсінді. Күн ашық, аспан тұнық күндері шығыс көкжиектен Тоқта-Барлық сілемдері белдеулене бұлдырап, алыстан мұнартып тұрушы еді. Сол жаққа көзінің нұры талғанша қадалып ұзақ қарады. Жаңа көтерілген күн астында көгілдір белдеу ап-анық көрініп тұр екен. Одан бері, түстікке таман, сағымға бөккен бозғылт мұнар бар. Әлде Алакөлден көтерілген бу ма екен? Кіндік қаны тамған сол өлке қазір жат қолында дегенге ақылы жеткенмен, көңілі сенбейді. Өттең, дүние-ай, көзіңе көрініп тұрған жердің топырағын баса алмаудан өткен қасірет бар ма екен?! Туған жерден ата жауды ақтабан қып айдап шығу да оңай болмас. Алда жойқын соғыс күтіп тұр. Қайран ел, өмір мен өлім белдескен сол ауыр сыннан қабырғаң қайыспай қалай өтер екенсің?!

Ол жайлы-жайсыз хабар әкелетін суыт жүріс, беймезгіл шаң көріне ме деп, алыс-алыстарға көз салып, төбе басында тағы біраз тұрды да, бір мезгілде атандай алп-алп басып, ауылға қарай аяңдады. Үйірден жаңа ғана ұстап әкелінген мініс аттары тұр екен кермеде. Қабанбай Қубасты көре кетпек болып, солай қарай бұрылды. Жануар Қубас ат та иесін алыстан танып, оқыранып жіберген. Көп жылқының ішінде нар түйедей болып кезге оқшау шалынатын тұлпарының қасына барып, сала құлаш мойнынан құшақтады. Жал-құйрығын тарап, астаудай төңкерілген сауырынан сипады. Ат та мұның иығына иегін төсеп, өзінше амандасу ырымын жасады. Бірдеме дәмеп тұр. Иесі қалтасынан алып ұсынған бір түйір тұзды мақпалдай жұмсақ еріндерімен қарпып, күтірлете шайнады.

«Жануарым-ай, сенін де көптен бері ащы терің алынбай жүр-ау!» деп тұлпарының жалын ұстап көрген. Сол қалыпты ғана еті бар, тоқжарау қалпы. Қанша құр жүрсе де, қапталына май жинап семірмейді. Оның есесіне сүліктей сұлу құлын мүшесін сақтап қалған. Қазірдің өзінде он екі жасар, сары қайрақ, сақа жылқы дейтін емес, сол баяғы өзі алғаш көрген, дөненіне дейін арда емген, құбақан торы қалпында... Осы қазір ер салып, бәйгеге қоссаң, не жорыққа аттансаң, тан асуым кем болды, жын-тоғым басылмады деп шағынбас еді.

Арт жағынан шыққан дабыр-дұбырға бұрылып қараса, кенже ұлы Әлі мен Шағалақ екен. Шағалақтың қолында бір көнек сүті бар. Биенің жаңа ғана сауылған саумал сүті. Қубас аттың күнде таңертең ішіп тұратын сыбағасы. Ат болғанша арда еміп, әбден құныққандікі шығар, сүтін уағында бермесең, желі басына оқыранып өзі келіп тұрады. Қазір де шылбырын шешер-шешпестен көнекке қарай ұмтылды. Шағалақ: «тәк, жануарым, тәк!» деп аттың басына зорға ие болып жүр. Көнекте сүт мол еді, Қубас мейірі қанғанша сімірді де, басын бір-ақ көтерді. Түбінде тағы біраз сүт қалған-ды.

— Сарқынын маған беріңізші! — деді Әлі Шағалаққа қиыла қарап.

— Оны қайтейін деп едің? Ішесің бе?

— Жоға, Сүркөжекке берем, — деді бала жігіт кермеде тұрған сұр дөненін көрсетіп. — Жануар тұлпар болып шығар ма екен, Қубастың сарқытын ішкізіп көрейін.

— Солай ма? Мынаның ырымшылын қарай гөр! — Шағалақ қарқ-қарқ күлді. — Мә, ала ғой... Әй, бірақ сенің Көжегіңе тұлпарлық қайда?

Бала жігіт мәз болып, көнектегі сүттің, қалғанын сұр дөнелдің аузына тосты.

Осы ауылдың мал-жанына бас-көз боп жүрудің сыртында, Қубастың бабы мен күтімі де Шағалақтың мойнында еді. Тұлпардың маңына өзінен басқа көп ешкімді жолатпайды. Жылқыдан ұстап әкелетін де, жауын-

шашында, не аптап ыстық күндерде арнайы тігілген ақбоз үйге кіргізіп байлайтын да - Шақанның өзі. Алыс жортуыл, сыйлы сапар болмаса, бұл атты Қабанбайдың өзіне де өне бойы мінгізе бермейді. «Андағы салмаққа не шақ келеді. Аттың арқасын езіп тастайсың» деп Қубасты қызғыштай қорып жүргені. Оны азырқансаң: «Жау келгенде ел қорғап, қайраты тигені болмаса, әншейінде не тамаққа тойып бермейтін, не көлік шақ келтірмейтін, бұл батыры түскірлер — құдайдың масылы ғой!» деп бұркылдап ұрсатыны тағы бар.

Бұл төңіректе Қабанбайға беті-жүзіне қарамай тіке сөйлейтін жалғыз адам — осы Шағалақ. «Ит ұяласын қаппайды» дегендей, жас кездерінен-ақ екеуінің арасы солай қалыптасқан... Міне, қазір де Шақан торы тұлпарды баласындай мәпелеп, сылап-сипап, кермеге апарып байлады да, аттың бас-аяғына тағы бір рет көз салып өтіп:

— Ей, Ерасыл, мен бірдеңе білсем, алда сені бір суыт жүріс күтіп тұр, — деді Қабанбайға қарап.

— Оны қайдан білдің? Құлағыңа жын сыбырлады ма?

— Кубас ішін тарта береді... Және ұзақ жайылмай, өзін-өзі жаратып жүр.

— Е, құдай сақтасын, әзірге ондай сыбыс білінбейді ғой.

— Жорыққа шықпағанның өзінде алыс сапарға жол түсуі мүмкін ғой.

— Онда бүгін Кубасқа ер салшы. Мен де бұл «жігіттің» аужайын түйіп көрейін.

— Қойшы, ауыл арасына ма? — деді Шағалақ ұнатпай. — Таяу жердің тепкісіне ана Салкүрең мен Нарқызыл да жарап тұр емес пе?!

— Бүгін аламандар ойынына барамыз. Сарбаздар алдына шыққанда жорық кезіндегідей ат-көлігім сай болсын дегенім де! — деді Қабанбай шынын айтып.

— Токпақ Қасабай батыр жақында әкесі Шақарға ас беріп, аламан бәйге шабайын деп жатыр. Не істейміз? Қубасты қосамыз ба? — Шағалақ енді тың әңгіме бастады.

— Оған біраз дайындық, бап керек емес пе?

— Е, тәйірі, Кубасқа не бап керек?! Тек жері тым жақын боп жүрмесе болғаны...

Қабанбай ойланып қалды. Өзге жылқыдай Кубастың бап талғап жатпайтыны рас. Жорық жолында, үздіксіз тоқым астында жүріп те, бәйгеден қара үзіп келе беретін. Бірақ бұл жолы ауыл арасының дырдуына ат сабылтып жатқысы келмеді.

— Тоқпаққа сәлем айт: Қубасты текке терлетпей, бәйгесін шаппай берсін! — деді қысқа қайырып.

Осы бір сәтте үй жақтан ерке қыз Назым көрінді. Көші-қон, жорық кезіндегідей үстіне қызыл қатипа, жеңсіз камзол, кестелі шалбар, аяғына биік өкшелі көксауыр етік киген. Қынай беліне кемер белдік буынып, құндыз бөрік астындағы қос өрім қолаң шашын сол белдікке қыстырып қойыпты. Былайша еркек-шора, жүрдім-бардым киінгендей көрінгенімен, жүргенде балғын денесі қоғадай майысып, бойжеткеннің сұлулық сәнін жасыра алмай тұр.

Ерке қыз келген бойда әкесінің мойнына асыла кетуге бір оқталды да, қасында тұрған Шағалақтан жасқанды. Қабанбай қанша жауға қатал, елге бедел болғанымен, от басында бала десе қоңқылдап тұратын, кәдімгі кең қолтық қазақтың өзі еді. Әлде бала-шағасын сағындырып, түзде көп жүргендіктен бе, үйге келсе болғаны, балалары мен немерелері мойнына мініп, иығына шығып, қойны-қоншы балаға толып кететін. Мына Назым да дап-дардай болғанша әкесінің иығына шығып кетуден тартынбайды.

— Көке, сіздерді кіші апам шайға шақырып жатыр, — деді Назым ізетпен иіліп. Алдыңғы ағаларына еліктеп, Әлі мен Назым да өз шешелері Майсараны «кіші апа» деп атап кеткен. Ханбибінің аты — «дәу апа».

— Жүр, бірге отырып шай ішейік, — деді үйге қарай бет алған Қабанбай Шағалаққа бұрылып.

— Шай дейсің бе?.. Біздің Шойқара да дастарқан жайып жатқан сияқты еді.

— Шойқараның шайы қайда қашар дейсің. Барасың ғой.

Бұлар кіргенде Майсара отауына дастарқан жасап, шайын демдеп, күтіп отыр екен. Өткен жылы Омбыдан қайтқан Бұхар саудагерлерінен сатып алған үлкен ақ самауыр екі иінінен дем алып, еңтігіп тұр. Дастарқан толы құрт, ірімшік, бауырсақ, жент, тоңазыған ет... Әрдайым қонақ-қопсы, жүргінші басып жататын бұл ауылда мұндай оңаша отырыс тым сирек болушы еді. Бүгін Майсара отауынан жылы ұядай бір рахат леп еседі.

Аталас туыс, әрі Қабанбаймен жасы құрбы Шағалақ Майсараға да бата сөйлеп, қалжыңдаса беретін. Мынадай молшылықтың үстінен шыққанда, Шақаң тіпті шалқып кетті.

— Армысың, ақ жеңеше? Ұйқыңыз қанып, жақсы жатып, жай тұрдыңыз ба? Пай-пай... Тіл-аузым тасқа!.. Жаңа жұртқа қонғалы қарға аунаған түлкідей құлпырып барасың-ау, жеңеше! Кейде Дарабоздың дара қалғаны теріс емес-ау, сірә?! — деген дастарқан шетіне жайғасып жатып. Оның бұл әзіліне Майсара да жасып қалған жоқ:

— Қойыңызшы, Шақа, қайдағыны айтпай... Өз келіншегіңіз жас болған соң, ойын керек-ау сізге! — деп ағы ақ, қызылы қызыл, түрлене қалған есті әйел сүйкімін арттыра сыңғырай күлді. — Оданда бәкіңізді шығарып, ет турай отырыңыз.

— О, біздің Шойқараны айтасың ба? Құдай атқыр, ол да менің сорыма күн сайын гүл ашып келеді, — деді табақтағы тайдың жас қазысына қолын соза берген Шақан құтындай күліп. — Несін айтасың, таудан-тастан қайтпаған Шағалақтың жүрегі қалмақтың бір қызынан қайтты ғой, әйтеуір.

— Ә, бәлем, солай ма екен?! Біздің келін әбден мойындатқан екен-ау өзінді. Асқанға — тосқан, менменсіген жігітке сол керек!

Оған Шағалақтың да тоқтайтын түрі жоқ.

— Енді қалай деп ең, жеңеше! Өзің қазақтың бас батырын бауырыңа басқан соң, жұрттың бәрін қайраты қайтпайтын Қабанбай деп ойлайсың-ау, шамасы?! — деп ол да өзінше тобықтан қағып жатыр.

Бірақ Майсара да ойламаған жерден шықты:

— Не керек, біздің үйдегіден де өзің оздың ғой, Шақа. Қалмақты жеңуін Қабанбай жеңеді де, қыздарының қызығын серіктері көреді десіп жүр ғой білетіндер.

— Ой, тіліңе шоқ түссін, жеңеше! Оны кім айтып жүр екен? — деп Шағалақ маңдайының терін сүртті.

Қабанбай қайын мен жеңгенің қағысқан қалжыңына екі иіні селкілдеп, рахаттана күліп отырған. Майсараға разы болатыны: қайындары қанша жабылып, тұзақ құрып жатса да, өмірі сөзден жығылмайды. Жоқтан өзгеге шамданып, ашу шақыратын да ол емес. Бірде осы Шағалақ, Дәулетбай секілді жігіттер Майсараны ортаға алып:

— Айтыңызшы, жеңеше: алдына жау, астына ат шақ келтірмейтін алып ағамыздың тегеуірініне осы сіз қалай шыдап жүрсіз? — деген көрінеді. Сонда Майсара ойланбастан:

— Ой, тәйірі-ай, соны да сөзім бар деп сөйлеп отырсыңдар ма? Жан-жануар өз жеміне өзі қақала ма екен?! — деп жауап беріпті.

Жігіттер арасына таралып кеткен сол әңгіме бір күні айналып келіп, Қабанбайдың құлағына да жеткен. «Қап, мына қатынның ызасын-ай, ә?!» деген сонда тісін басып. Бірақ ұрғашы жұрты қалмақтың нояны емес қой - жекпе-жекте жер қаптыратын. Қабекең намысқа тыртысып, өзін-өзі қанша қайраса да, осы күнге дейін өз әйелін жеңе алмай-ақ келеді.

Ол қазір де Майсараның әлі нұры таймаған келісті жүзіне ұрлана қарап қойды. «Біздің үйдегіден сен оздың» деді-ау жаңа Шағалаққа. Дегенмен,

бұған мін тағу үшін емес, мақтанып айтқаны көрініп тұр. Тәйірі, қалмақтан қатын алам десе, қолынан келмеп пе Қабанбайдың?! Олжаға түскен ойраттың небір қиық көз сұлуларын жолдастарына жомарттықпен үлестіріп бергенде, бір тәуірін өзі иемденуіне болатын еді ғой... Айтпақшы, тұтқын әйелдерге берілетін «таңдау» заңы бойынша, «мен Қабанбай батырға тием» деп қиғылық салған қыздар да болған. Бірақ бұл ондай тегін олжаға қызықпады. Талай рет делебесі қозып, іштей толқыса да, жеме-жемге келгенде өзін ұстап қалды. Қас жауыммен қанымды араластырсам, кеше солардың қолынан ажал тапқан аруақтар күңіреніп жүре ме деп бір жасқанса, сонан кейінгі ең басты себеп — осы Майсараның өзі. Бәденді жас әйел қызға бергісіз қылығымен, ыстық ықылас-пейілімен әзірше мұны тыпыр еткізбей, өз қасында ұстап келеді.

Ал, Шағалаққа келетін болсақ, оның жөні мүлде басқа. Оныкі де асыптасқандықтан емес, зәруліктен. Ана бір жылдары осы Шағалақ әйелі дімкәс болып, туған баласы тоқтамай, шынымен-ақ, дүниеден ұрпақсыз өткенім бе деп қатты уайымдап жүретін. Сырттай сыр бермесе де, жолдастың зар-мұңы Қабанбайға да батушы еді. Сөйтіп торығып жүргенде тағдыр оны ойламаған жерден олжаға кезіктірді. Ұмытпаса отызыншы жылдардың ортасы ма екен, Ертіс бойындағы бір соғыста қалмақ қолын қазақ жеңіп, бұлар жаудың толып жатқан мал-жанын басып қалған-ды. Тұтқынға түскендер арасында қалмақтың қиғаш қас, тобылғы торы сұлулары да аз емес-ті. Мұндай жорық кезінде аламан әскердің азық-түлігін дайындап, көбінше артқы бақауыл топта жүретін Шағалақ тұтқын әйелдерді аралап жүріп, әлгілердің арасынан балпанақтай бала емізіп отырған бір келіншекті көзі шалады да, бірден құлап түседі... Дереу қолбасы Қабанбайға келіп қолқа салған.

— Атасы басқа, діні жат демесек, бұлар да адам баласы ғой, осылармен қанымды араластырып көрсем қайтеді? Бәлкім, буданның бауы берік болып, соңымнан бір жаман ілесер ме екен? — деп әлгі келіншекті қоярдақоймай жүріп сұрап алған. Ол да күйеуі соғыста өлген жесір сорлы екен, елге келген соң көп ұзамай некесін қидырды. Келіншектің қалмақша Шойхор деген тәп-тәуір аты бар-тұғын. Кешікпей Шағалақтың өзі бастап, көпшілік қостап, «Шойқара» атандырып жіберді.

Дегенмен, Шағалақтың бұл ырымы қырын кеткен жоқ. Шойқараның қадамы құтты болып, айналасы он шақты жылдың ішінде бес бала тауып берді. Үш ұл, екі қыз. Бір қызығы; ұлдарының бәрі — шешесі секілді қиық көз, жалпақ бет кара да, қыздары әкесіне тартқан: шетінен көк көз, шикіл сары. Балаларының алды қазір он үш-он төртке келіп, мал түлігі боп қалды. Шақан көңілденген шақтарында: «басқаларың не десең, о деңдер, өз басым қалмақтан зиян көргем жоқ. Қайта қатынға жарып, көгеріп-көктеп отырмын» деп жұртты күлдіретіні бар. Қалжыңы емес, шыны.

Бала жастан құлын-тайдай тебісіп, қатар өскен Шаталақ қысы-жазы Қабанбаймен ірге ажыратпай бірге отыратын. Еншісі бөлек болғанымен,

мініс көлігі, сауыны мен соғымы Қабанбайдың мойнында. Шағалаққа берілген еркіндікті оның бала-шағасы да пайдалана беретін. «Кімді айтсаң, сол келеді» дегендей, міне, босағадан Шойқараның өзі де көрінді. Жасы отыздың ішіне енді ілінген, етті-жеңді, қараторы әйел есіктен сөйлей кіріп келе жатты:

— Үйбай-ау, біздің үйдегі қайда құрып кетті десем, жайы жарасып, тамағын тауып жүр екен ғой? — деп табалдырықтан аттай бере, үлкен шаңыраққа оң тізесін бүгіп сәлем істеді. Сонан соң етегіне оралып еріп жүрген үш жастағы шот маңдай қара ұлды желкеден бір нұқып қалды да: — Кетші әрі, қағынғыр, осы-ақ желімдей жабысып қалмайды екен! — деп Майсараның төменгі жағынан орын алды.

— Ұл тап, келінжан!.. Тәңір жарылқасын! Еңкейгенде егізден болсын! — деді Қабанбай әдейі әзіл араластырып. Оған Шойқара да қайтатын емес.

— Шама-шарқымызша тауып-ақ жүрміз ғой, қайнаға. Ал енді егіз жағын ініңіздің қауқары біледі, — деді жайнаң қағып.

— Ой, бәрекелді! Біздің келін өстіп турасын бір-ақ айтады да, қарап отырады, — деп Қабанбай үйді басына көтере қарқ-қарқ күлді. — Ау, Шақа, сен өзін келінге қолбайлау боп жүр екенсің-ау.

— Қанша бауырыңа басқаныңмен, жаудың қызы ғой, айтып отырған сөзін қарашы! — деп Шағалақ кәдімгідей қызарқтап қалды...

Бұл күнде қазақта қос қатын алғандар көп. Тіпті ішінара үштен, төрттен алғандар да ұшырасады. Бірақ осының өзі — асқандықтан, не болмаса төрт әйел алуға дейін рұқсат ететін ислам шариғатының жомарттығынан емес, басқа амалдың жоқтығынан, шарасыздықтан. Өйткені жаугершілік жылдары ер-азаматтың басы қатты кеміп кетті. Қыз күйеусіз, қатын байсыз қалатын күн туды. Қазір қызы бар үйге құда түсу — құт қонғанмен бірдей. Балалары ер жетіп, қолды-аяққа жарыған бәйбішелер болмаса, күйеуі соғыста өлген былайғы жас әйелдер алатын әмеңгер шыққанына қуанады. Бәлкім, Мухаммед пайғамбар да көп әйел алуға кеңшілік ететін заңды арабтардың азаматы азайған осындай соғыс кезінде шығарған болар-ау... Ал көшпенділерде шаңырақ атаулы бас иесіз отыра алмайды. Жетім-жесірдің малына ие, басына қорған керек. Мұндайда өз туысыңнан артық жанашырды қайдан табасың? Сондықтан «аға өлсе — іні мұра, іні өлсе — аға мұра» демеске амалдары жоқ. Кейде жігіттер қатын алудан әбден зәрезепп болып, ат-тонын ала қашса да, ақсақалдар жеңгесіне, не жесіріне оларды күшпен үйлендіреді. Осының бәрі де түптеп келгенде, халық ретінде құрып кетпеудің, артқа ұрпақ қалдырудың амалы...

Бірде Қытайдан, бірде Бұхардан сауда керуені арқылы келіп жататын қызыл шай — қазақтың қанға сіңген тұрақты асы емес-ті. Шайға әйелдер жағы болмаса, еркектер онша құныға қоймай, жаз шығып, бие байланысымен, «хан сусыны» — қымызға қарай ауып кететін. Бүгін де

солай болды. Кешікпей дастарқан қайта жаңғырып, бір жігіт күміс шытыралы, сылдырмақты, үлкен қоңыр тегенемен қымыз алып келді.

Бұл кезде, күндегі дағды бойынша, батырға сәлем беріп, үлкен шаңырақтан қымыз ішу үшін көрші-қолаң, туыстар келе бастаған. Алдымен кіргендердің бірі — үстіне ақсұр шапан киіп, басына сәлде ораған Жүсіп-қожа. Әсілі, бұл қожаның өкше ізі — башқұрт жұртынан. Осындағы Әлі бастатқан біраз балаға қара танытып, калимаға тілін келтіріп жүрген молдасы, әрі Қабанбайға хатшылық міндет атқарады. Ара-тұра өлгенге құран-хатым түсіріп, жас бүлдіршіндердің шүметейін шетіп, мұсылмандыққа бейімдеп қоятыны тағы бар... Сол кісі табалдырықтан аттай бере оң қолын кеудесіне басып, жіңішке әйел дауысымен соза сәлем берді де, қыр қазағынша баса-көктемей, босағада әдеп сақтап тұрып қалды.

— Төрлетіңіз, молдеке. Жоғары шығыңыз! — деді Қабанбай өзінің оң жақ қатарынан орын сайлап.

Жүсіп-қожа кебісін босағада қалдырып, мәсінің былпылдаған майда жүрісімен төрге озды. Қос-қабат көрпенің үстіне басқалар сияқты малдас құрып жайылмай, шәкіртше жүгініп отырды да, іштей күбірлеп дұға оқып, дастарқан батасын жасады. Тек содан кейін ғана:

— Қалай, барша жамағат, Алланың рахметінде аман ұйықтап тұрдыңыздар ма? Дарабоз әпенді, өз хал-ахуалыңыз жақсы ма? — деп отырғандарға жағалай көз салып өтті.

Қабанбайдың бірадар сопылығы бастан асып тұрмаса да, қожа-молданы аузында дұғасы бар деп қатты сыйлайтын-ды. Қазір де сол әдетпен:

— Шүкір, молдеке. Өзіңіздің қайыр-дұғаңызда қалқақтап жүріп жатырмыз, — деп кеседегі қымызды Жүсіпқожаға өз қолымен ұсынды.

Бұл күнде осы елдің ішінде Қабанбайды пана тұтып, ағайын арасына сіңіп жүрген башқұрт-ноғайдан, сарт-сауан, қалмақтан да біраз адамдар бар. Солардың басым көпшілігі — әлдебір жағдайда басына іс түсіп, қуғын көргендер, өз еліне симағандар. Сондай бір топ 1740-жылы башқұрттардың патшаға қарсы көтерілісі жеңіліске ұшырағанда, жазалаушы әскердің қысымына шыдамай, осы елге келіп паналаған. Оларды кезінде орыс пен ойратты бірдей қан қақсатқан аты шулы Қарасақал бастап келіп еді. Мына Жүсіп-қожа да — сол босқындардың бірі. Мұнда келген соң қазақтың күйеуі соғыста өлген көп жесірінің біріне үйленді де, осы елде тұрып қалды. Аузында пәтихасы бар адам неге жаман болсын, алғаш келгендегідей емес, аз жылда ауқаттанып, шыр біте бастаған...

Бұл келісінде ел ағасы Қабанбайға айтар төтенше шаруасы бар секілді. Бірақ оған жеткізбей, орта жолдан Шағалақ киіп кетті.

— Молдеке, өзіңді күнде көріп жүрсем де, бір нәрсені сұрап алуға құнт

қылмай жүргенім, — деді ол арғы жағынан келіп тұрған күлкі табын мүлде сездірмеуге тырысып. — Мені ғой өзіңіз білесіз: ділі бірге болғанмен, діні бөтен бір адамды үйіме кіргізіп, мұсылманшылыққа баулып жүрген жайым бар. Осындай неке жайында шариятта не айтады? Кәпір қызына үйленгенім күнә ма? Әлде маған ақиретте сауабы тие ме? — деген бет-пішінін аса бір мүләйім қалыпқа келтіріп.

Есік жақтан мырс-мырс күлкі естілді. Бірақ Жүсіпқожа әңгіме астарын аңғарған жоқ. Кеседегі қымызды орталата ішіп, орнына қойды да:

— О не дегеніңіз, Шағалақ мырза? Сіздің ғайри діннің адамын Ислам-шариге енгізуге себепкер болуыңыз зор сауапқа жатады. Мухаммед үммәтіне қосылған ондай пендені Алла-тағала уәтабараканың өзі сүйікті құлым деп танып, хатта бейіштен орын берері хақ, — деді ағынан жарылып.

— Айтқаныңыз келсін, Жүсеке! Аузыңыз — періштенің аузы болғай! — деп Шағалақ қолма-қол айқұлақтанып шыға келді. — Естідің бе, бәйбіше, менің арқамда қазақ кіре алмайтын бейішке сен кіретін болдың!

— Менің етегімнен ұстасаң, сен де дал ада қалмассың, — деді Шойқара да қарап отырмай. — Бұрқынның қарғысына ұшырадық. Енді Аллаға сиынғаннан басқа не қалды біз пақырға?

— Бек дұрыс айтасыз, ханым. Алладан үміт үзбеңіз, — деді Жүсіп-қожа ойын нықтай түсіп. — Отыз күн оразаңызды ұстап, бес уақыт намазды қаза қылмай, шын көңілден мүнәжат етсеңіз, сіз үшін оның сауабы өте зор. Хатта, дін қарындас мұсылманның сауабынан да зор болуы мүмкін.

Әсілі, екі діннің, әр түрлі сенімнің арасында кезек ауытқып жүргенде, о дүниедегі жағдайым қалай болар екен деген бір қорқыныш Шойқара байғұстың да ойынан шықпайтын болса керек. Молданың әлгі сөзінен кейін мерейі тасып, шырайланып қалды.

— Апыр-ай, мынау өзі бір біткен жұмыс болды-ау! — деді Шағалақ ұжмаққа осы қазір еніп кететіндей желпініп. — Бұл дүниеде не бай болып бағымыз ашылмады, не батыр боп атағымыз шықпады. Тым құрыса о дүниенің рахатын көрелік те.

— Демек, біздің Шақаңнан олжалы кісі болмады ғой. Бұл дүниенің қызығы мен о дүниенің иманы қабатынан қанжығасында кетті-ау! — деді Қабанбай әдейі сөз тудыру үшін.

— Әрине! — Шағалақ шалқайыңқырап отырды. — Ол үшін мына мен сияқты сауабы мол, шапағатты шаруалар тындыру керек. Мәселен, мына саған да қалмақтан қатын алудың талай реті келді ғой. Небір тұлымы желбіреген, қима бел, тобылғы торыны өзіңе сыртынан нұсқап көрсеттім де. Соған көндің бе? Майсарадан аса алмай, майрылдың да қалдың. Енді,

міне, Шойқара екеуіміз қол ұстасып, бейіште жеміс теріп жүргенімізде, сендер ауыздарыңның суы құрып, босағада қарап тұратын болдыңдар!

Бұл сөзге үйдегілердің бәрі қыран-топан күлісіп жатыр.

— Қап, мына Шақанды-ай, ә?! — деді Майсара қызарақтай күліп. Сонан соң күйеуі жаққа жалт етіп бір қарады да: — әлі де кеш емес, осынын ызасына келесі жолы қалмақтың бір сұлуын алып-ақ келші! — дегенді қосып қойды.

Ерігіп отырған жұртқа шарифат айтам деп шатаққа қалған Жүсіпқожа әңгіменің аяғы әзіл-қалжыңға ұласып кеткенін ұнатыңқырамай, әрі Шағалақты жұрттың бәрінен, тіпті Қабанбайдан да жоғары қойғанына ыңғайсызданып, қысыла бастаған-ды.

— Шағалақ әпенді, сіз өйтіп асылық етпеңіз, — деді амалсыздан әңгіменің бетін басқа арнаға бұрып. — Алланың рахметіне мастанып күпірлік қылсаңыз, ғұмыр бойы жинаған сауабыңызды бір-ақ күнде төгіп алуыңыз да бек мүмкін, — деп сәл іркіліп барып, сөзін қайта жалғады. — Ал бәріміздің қамқор иеміз — Дарабоз үшін сіз онша қиналмай-ақ қойыңыз. Бұл кісінің орны — онсыз да бейіштің төрінде. Бір құдайдың жүзін бар ғұмырын діні жат дұшпанға қарсы қылыш сермеп өткерген, өлсем шейіт, қалсам — қазымын деп басын күнде қатерге тігіп, дін исламның жолын қорғаған халық қаһарманы көрмесе, енді кім көруге тиіс?! Бұл жағынан Дарабоздың еңбегі пайғамбарымыз Мухаммед расулалланың сүйікті серіктері — төрт шаһаряр халифаттардай болмағанмен, солардан бергі сахабалармен қатар тұрады, — деп салды, бас қолбасыдан о дүниенің бар жақсылығын аямай.

«Ал, қалай екен?» дегендей, Қабанбай мойнын бұрып, Шағалаққа иек қаққан. Ол аса күйінген адамның қалпына түсіп, алдындағы қымызды басына төңкере бір-ақ сімірді де:

— Белгілі болды. Құдай жарықтық та күштілер жағында екен ғой. Жаңа ғана осы жұрттан иығым асып отыр еді, баяғы таз кебіме қайта түстім-ау! — деді тап бір сол үшін қатты күйзеліп отырған кісідей.

«Бар ғұмыры аттың жалы, атанның қомында өтіп, мүлде ауыздықсыз өскен осы қазақтарға шарифат айтып отырған — мен де саппаспын-ау!» деп ойлады Жүсіп-қожа, өзіне-өзі қатты кейіп. Сол ішкі ширығудың әсері ме, енді бірден үй иесіне бұрылып, әдейі келген жұмысына көшті.

Айтып отырғаны Қабанбайды да, басқаны да елең еткізерлік, үлкен жаңалық еді. Жай жаңалық емес, қаралы хабар. Кеше Арқа жақтан Жүсіп-қожаға арнайы кісі келген екен, соның әкелген хабары.

— Қарасақалды өлтіріп кетіпті! — деді ол қысқа қайырып. — Ауыл сыртына мал көздей шыққан жерінде біреу білтелі мылтықпен атып кеткен. Кім екенін білмейді... Сөйтіп дүниенің төрт бұрышын кезген атақты жиһангез ақыры кісі қолынан мерт болыпты.

— Апыр-ай, қарағайдың қарсы біткен бұтағындай, ол да бір қайсар жан еді. Андып жүріп қапысын тапқан екен- ау! — деп Қабанбай дұға қылып, бетін сипады. Қарасақалды жақсы білетін үйдегі басқа адамдар да «иманды болсын марқұм!» десті, қаралы хабарды естігенде түстерін суытып.

Жүсіп-қожаның ендігі бұйымтайы: ертеңдер сол жаққа аттануға рұқсат сұрай келіпті. Кешегі башқұрттағы бұлғақ кезінде қарулас, ниеттес болған, бастарына екіталай күн туғанда қазақ даласына бірге ауып келген қанды көйлек жолдас еді. Топырақ салуға нәсіп етпесе де, басына барып құран оқып қайтпақ.

— Ниетіңіз қалыс екен, жолыңыз болсын! — деді Қабанбай. — Біздің атымыздан да дұға бағыштап, құран-хатым түсіріп қайтыңыз!

Қаралы хабардың жан-дүниесіне қатты әсер еткені соншалық, Жүсіп-қожа шығып кеткеннен кейін де ой-қиялы көпке дейін Қарасақал төңірегінен ұзай алмады. Көктемде бұлар Тоқырауын бойынан бері қозғалғанда марқұм көштен бөлініп, қайын жұрты Қазыбек ауылына қосылу ниетінде Қарқаралы-Қазылық жаққа бет алып еді. Байғұсты қан тартып тұр екен-ау сонда... Ал енді Қарасақалды кім өлтіруі мүмкін? Батыстан келді ме, әлде шығыстан келді ме? Иә, оның басына бәйге тіккендер аз ба еді? Кім де болса — орыс пен ойраттың әдейі жіберген жансыздарының бірі.

Қазақтар «Қарасақал» атандырып жібергенімен, оның бір басында аты

да, атағы да жеткілікті еді. Ол — ноғай сұлтананы Герей, ол — башқұрт бегі Мендіғұл Юлаев, ол — қалмақ ханзадасы Шуно Доба... Әйтеуір, жұрттың көбі Қарасақалдың кім екенін біле алмай-ақ кетті ғой. Оның құпиясын бөлісіп, сырына ортақ болған некен-саяқ адамдардың бірі — Қабанбай-тұғын.

Ол алғаш рет Башқұрт арасында Қырымнан ауып келген ноғай бекзадасы Герей деген атпен мәлім болды. Бұл — 1740-жылдың басы, башқұрт елі түгел атқа қонып, патшаға қарсы бұлғақтың нағыз қызып жатқан кезі еді. Башқұрт бектері бірінің айтқанына бірі көнбей, билікке таласып, енді өздеріне бас болатын, ақсүйек хан тұқымынан шыққан ара ағайын іздеп жүрген-ді. Іздегенге-сұраған, Қарасақал осы шартқа дәл келе кетті. Ақсүйек пе десең — ақсүйек, бекзада ма десең — бекзада. Ноғай сұлтанының баласы — Герейден артық қандай кісі керек?! Оның үстіне аузында иманы, қолында құраны бар адам. Оқу-білімге жетік, Ыстамбұлдан асып, Мекке-Мединеге дейін барып келген. Құдай өзіне кескін-келбет, күш-қайратты да аямай бере салған. Атқан оғы жерге түспейтін мерген, ат үсті сайысында жан шақ келтірмейтін жауынгер... Сонымен, не керек, көтерілісшілердің бір тобы ноғай сұлтанының баласы Герейді — Мендіғұл Юлаев деген атпен өздеріне хан сайлаған.

Алайда көп ұзамай көтеріліс сәтсіздікке ұшырады. 1740-жылдың жазында бұлғаққа қатысқан башқұрттар қанды қырғынға тап болды. Патша әкімдері қолға түскен бүлікшілерді топ-тобымен айдап әкеліп дарға асты. Тек жүздеген қолмен Қарасақал ғана қоршауды бұзып шығып, қазақ даласына өтіп кеткен. Қазақтың кең даласы кімдерге пана болмаған?! Қашқын башқұрттар бестен-оннан бөлініп, әр ауылға сіңіп кетті.

Қарасақалдың өкше-ізін байқап қалған Орынбор шекара комиссиясының бастығы князь Урусов та оның соңына тәуір-ақ түсіп көрді. Шақшақ Бөгенбай батыр Қарасақалды ұстап беруді міндетіне алған екен. Бірақ онысынан ештеңе шықпады. Қашқындар Орта жүзге ішкерілеп енді де, Абылай мен Барақтың, Қабанбайдың қорғауына ие болып, соңына түскендерге қамшысының ұшын да бермей кетті. Орынбор әкімдері Қарасақалдың сары ізіне түсуді бертінге дейін тоқтатқан жоқ. «Егер елге қайтып келіп, қаруыңды тапсырсаң, өткен істі қуыстырмаймыз» деп оған кісі салып та көрді. Алайда бүлік басы алған бетінен айныған жоқ.

Осы бетінде үндемей жүре берсе оған келер ешқандай пәле жоқ болатын. Бірақ Қарасақал тумысында тыныш жүре алмайтын адам еді. Ол патша әкімдерінің құрығынан құтылған соң, өзін қалмақ ханзадасы Шуно Доба батырмын деп жариялап, енді ойрат ордасының зәресін алды. Арыстандай айбатты Халдан Цереннің өзі күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айрылды. Жалғанда ел аузындағы аңызды, өсек-аянды тоқтату қиын екен. Адам айтса нанғысыз «Шуно батыр» туралы аңыз шықты да, қазақ-қалмақ арасын лезде жайлап алды. Халдан Церен әкесі бір, шешесі бөлек тақталас інісі Шуно Добаның әкелері Цеван Рабдан өлген соң бас сауғалап, Еділ

бойындағы нағашысы Аюке ханға қашып кеткенін, сол жақта бес жылдай тұрып, ақыры 1732 жылы жансыздар у беріп өлтіргенін, құрым киізге оралған денесі өртеліп, күлін көкке шашып жібергенін жақсы біледі. Ол баяғыда марқұм болған Шуно Добаның аруағынан емес, мына шыққан аңыздан қорқады. Аңыз бойынша, Шуно батыр ол жолы өлмеген. Өзіне сондай қауіп барын, біреулердің астыртын қастық сайлап жүргенін алдынала сезіп, қашып құтылып кеткен. Денесі құрым киізге оралып өртелген, күлі көкке шашылған — басқа адам. Шуно батыр тірі. Міне, дүние жүзін аралап, ілім-білім жинап, әкесінің алтын тағына ие болу үшін қайта оралып отыр.

Халдан Цереннің бақ күндестері мен хан саясатына наразылар бұл аңызды одан әрмен құтыртып, өршітіп әкеткен. Өзгесін қойшы, «өзіміздің заңды мұрагерімізге барамыз» деп, ойраттардың топ-тобымен қазақ ордасына қашқанын қайтерсің. Ал, мықты болсаң, ел ішін жайлап кеткен алып қашты әңгімені тоқтатып көр! Ойрат ханы тағында отырып арыстандай шабынды. Қазақ ордасына дүркін-дүркін елші жіберіп, жалған Шуно батырды, яғни Қарасақалды ұстап беруді талап етті. «Егер кімде-кім Қарасақалдың тірідей өзін, не кесілген басын әкелсе, ат басындай алтын берем» деп те жарлық шашты. Бірақ жалған мұрагерді қолына түсіре алмады. 1743 жылы Абылайды тұтқыннан босатқан кезде де Халдан Цереннің қойған бір шарты — Қарасақалды ұстап беру болатын. Барақтың баласы Шығайды аманаттан қайтарғанда да, орнына Қарасақалдың басын әкеліп бер деп өтінген. Бірақ ауылға келген қонақты жәбірлеп, біреуге ұстап беру қазақтың мейман-достық салтына жатпайтын болғандықтан, жоңғар ханының ол тілегі орындалмады.

Сонымен, ол ел ішінде қалмақ ханзадасы Шуно батыр болып жүріп жатты. Түрік тілдеріне жетік, қалмақша да мүдіріссіз жақсы сөйлейді. Ол буддадан уаз кешіп, исламға бой ұруын жоңғар ақсүйектері мен ламалардан көңілім қалып, безіп шыққандығым деп түсіндіретін. Осы қылығы күллі мұсылманның көңілінен шығып, жанашырлығын оятқан еді. Шуно Доба жоңғар ордасынан жастау кезінде, бұдан жиырма жыл бұрын кеткен ғой. Білетіндердің айтуынша, Қарасақал қалмақ ханзадасына қатты ұқсайтын көрінеді.

Қарасақал, негізінен, Найман ұлысын паналап, Барақ сұлтанмен тез тіл табысып кетті. Барақ өзі бас құда боп барып, Қаракесек ауылдарынан қыз алып берді. Екеуінің ымы-жымы бірігіп, жоңғарға қарсы жорықтарға да бірге аттанып жүрді. Қарасақал, не үшін екен, Қаракалпаққа — жиі шабуылдап, қашанда сол жақтан мол олжамен оралатын... Ал марқұмның жүрек жұтқан ерлігі мен қайратында қапы жоқ еді. Қабанбай оны сол көзсіз батырлығы үшін сыйлайтын-ды. Оның тіпті ешқандай да қалмақ ханзадасы емес екенін іші сезсе де, қалайда басына іс түсіп жүрген азамат қой деп, түп-тұқиянын көп қазбаламайтын. Қарасақал өзінің кім екенін биыл көктемде, ел екіге айрылып, Қабанбай көші шығысқа беттер қарсаңда бір-ақ айтты. Онда да көпшілік алдында, жария түрде емес, оңаша шығарып,

құпия сыр етіп айтқан. Сөйтсе, қоштасып жүр екен ғой, байғұс. Наурыз кезінде ауылға келіп, екі-үш күн қонақ болып қайтқан-ды.

— Мен, жұрт айтып жүргендей, ноғай бекзадасы Герей де, башқұрт бегі Меңдігүл Юлаев та, қалмақ ханзадасы Шуно Доба да емес, баяғы қарақалпақ әмірі Хасанның кенже ұлы Байболатпын! — деп еді сол жолы ағынан жарылып. — Амалсыздан басқаға өтірік айтсам да, сіздің алдыңызда күнәға батқым келмейді. Әкем Хасан осы ғасырдың басында Үргенішті билеп тұрғанда, Хиуа ханының қаһарына ілігіп, тірі қалмасына көзі жеткен соң, амалсыз бас сауғалап қашуға тура келді. Атырау мен Жайықтың бергі беті пана болмай, Еділден ары қалмақ даласына өтіп кеттік. Әкем қарбаласта басқа үрім-бұтағын тастап, өзінің екі баласын — он бестегі Есім мен он жасар мені ертуге ғана шамасы келген. Біз қалмақ жерінде ұзақ тұрдық. Әкеме ақыры сол жақтан топырақ бұйырды. Кейін Хиуа тағына басқалар ауысып келіп, кеңшілік алған Есім елге қайтты да, мен жат өлкеде тұрып қалдым, — деп әңгімесін бастаған Байболат-Қарасақал бастан өткен хикметтерін сол жолы түгел баяндап беріп еді.

Қалмақ тілін Еділ бойында жүргенде үйреніпті. Ойрат ордасының ханзадасы Шуно Добамен де сол жақта, Аюке ханның елінде ұшырасқан. Екеуі де бастарына күн туып, жер ауып жүрген жандар болғандықтан, бұлар тез тіл табысып, Байболат біраз уақыт ханзаданың қасында нөкер боп жүреді. Шуно байғұстың ішкі сырына ортақтасып, арман-қиялын бөліседі. Оңаша қалған кездерінде бұған не айтпаушы еді сорлы ханзада?! Күндердің күнінде ұлы жоңғар еліне қалай оралатынын, опасыз Халдан Цереннің басын алып, өзінің заңды сыбағасы — алтын таққа қалай отыратынын, ойрат елі бұл қуанышты қалай тойлайтынын, осы бүгін болып жатқандай, майын тамыза баяндаушы еді. Егер ондай күн туса, Байболатты Үргеніш қана емес, бүкіл Хиуағахан көтеруге уәде берген... Бірақ ол арманға екеуі де жете алмады ғой. Сары ізіне түсіп, жең ұшынан жалғасқан Халдан Цереннің жансыздары қапысын тауып, есіл ердің түбіне жетті.

Қарасақалдың өзін «Шуно батырмын» деп жариялау себебі, қайран ханзаданың аруағын сыйлап, еске алғандықтан көрінеді. Мақсат — Шуно Добаның өзі болмаса да, көзі ретінде, аз күн де болса атын қайта тірілтіп, Халдан Цереннің зәресін алу. Сол арқылы Жоңғар ордасына іріткі салу. Оның қазақ сұлтандары мен батырларының қолдауына не болуы да сондықтан еді.

— Жарайды, өзің қарақалпақ екенсің. Сүйте тұра дүркін-дүркін қарақалпақты неге шабасын? — деген Қабанбай бір сөздің кезегінде.

Сөйтсе, оның да себебі бар екен. Төменгі қарақалпақты қазір билеп отырған Шайбек хан — мұның немере інісі, яғни баяғы Есімнің баласы көрінеді. Қарасақал қазақ даласына келісімен, інісіне өзінің амандығынан хабар берген. Екеуі астыртын араласып тұрады. Алайда өз халқы Шайбекке түгел бағынбай, бір бөлігі өзбек бегі — Абдірахман жағына ауытқи беретін тәрізді. Қарақалпақты шапқанда, бұл бәрін емес, жанағы немере інісі

нұсқап берген, өзбек бегіне бейім ауылдарды ғана шабады екен.

Сол жолы Қарасақал басына іс түскен қиын-қыстау күндерде өзіне арқа тірек, пана болған Қабанбайға шын жүректен ризашылығын білдіріп, бұл рет шығысқа бет алған көшке ілесе алмайтынына кешірім сұраған. Ашып айтпаса да, Жоңғар хандығына тым тақау баруға қаймығатыны, одан гөрі қазақ даласының қалың қатпарлы орталығында жүргенді қолай көретіні сезіліп тұрды. Әлде тірлігіне төнген қауіп барын ет жүрегі сезіп жүрді ме екен, сол жолы жер түбіне кетіп бара жатқандай, Қабанбаймен қайта-қайта төс түйістіріп, қимай қоштасқан-ды...

Сөйткен Қарасақал да өте шықты дүниеден. Сонда ол байғұстың түбіне жеткен кім болды екен? Әлде Барақ сұлтанның келді ме? Жоқ, олай болмас. Қанша дегенмен хан тұқымы, ақсүйек деген аты бар. Халдан Цереннің көзі тірісінде аман алып қалған Қарасақалдың басын енді оның қырық пышақ боп қырқысып жатқан балаларына апарып бермек пе? Дегенмен, кім де болса, оның ажалы сырттан келді. Көптен соңына түскен орыс пен ойраттың жымысқы жансыздарының бірі... Әлде қарақалпақ жағынан бірдеменің иісін сезген Хиуаның алысқа сілтер қисық қылышы ма? Әйтеуір, көршілердің бірінен келгені анық. Қарасақал секілді адамның төсекте жатып, өз ажалынан өлуі мүмкін емес қой. Ондайлар қашанда кісі қолынан ажал табады...

Қабанбай бір сәт ойға шомып отырып қалған екен. Кенет үй сыртынан ат дүбірі естіліп, біреулердің түсіп жатқаны байқалды. Кешікпей соза сәлем берісіп, ішке Дәулетбай бастаған екі-үш жігіт кірді. Зор денелі, қияқ мұртты, аққұба, сұлу жүзді Дәулетбай — қазір Байжігіт қолын бастап жүрген дәмелі батырлардың бірі. Бүгін оның жүздігі аламан ойынын өткізбек екен. Жаттығуды көзден кешіруге сардар өзі бара ма, әлде өзге батырлардың біріне тапсыра ма, соны білуге келіпті.

VII

— Барамыз. Ат ерттеп жүргелі отырмыз, — деді Қабанбай іле жауап қатып. — Айтпақшы, бүгін қарауылда жүрген кімдер? Ел іргесі тыныш па? Шолғыншылар не айтады?

— Қарауылда Шынқожаның жігіттері жүр, — деді Дәулетбай алдындағы қымыздан түшіркене сіміріп. — Біз көшіп келгелі қалмақтарда жандана бастаған көрінеді. Ақшәулінің бергі бетінде олардың да қарауыл шебі пайда болыпты.

— Әрине. Іргесіне келіп ошарылған елді көрмей, білмей отыр дейсің бе?!

— Қымызға қанған Қабанбай дастарқаннан сәл шегініп, шытыралы мүйіз шақшадан алақанына насыбай түсіріп, танауына шымшып атты да, атандай ақырып, түшкіріп салды.

— Дүрбіттер биыл бері сұғынуға батпағанымен, жақында Ақшәулі бөктеріне қалың көш келіп орнады, — деді Дәулетбай сөзін жалғап. — Иттер әбден олжаға кенеліп, асып-тасып алған ғой. Шетінен мыңғырған бай ауылдар көрінеді.

— Кімдер екен? Анықтау керек! — деді Қабанбай. Сонан соң Дәулетбайдың төменгі жағында отырған киім реті сәнді, бейтаныс бозбалаға назар салды. Бұрын көрмеген адамы.

— Бұл бауырымыз — Боранбай бидің кенжесі Мырзатай деген азамат, — деді, жасынан сардардың қас-қабығын бағып өскен Дәулетбай көкейдегі сұрауды айтқызбай-ақ ұғынып. — Аанада Борекең еліне аттанарда «бір баламды осында жіберейін. Аламан әскердің ішінде жүріп, өнер үйренсін» деп тапсырып кеткен. Келгеніне екі-үш күн болды.

— Е-е, жөн-жөн... Ол жақтағы ел-жұрт аман ба, айналайын? Борекеңнің дені-қарны сау ма?

— Бәрі аманшылық, сардар аға. Әкем сізге дұғай-дұғай сәлем айтты.

Жадағай жібек шапан ішінен бадана сауыт, шошақ дулыға киген жас жігіт сарбаздан гөрі ойын-тойда серуендеп жүрген серіге ұқсайды... Қабанбайдың іші қылп ете қалды. Мырзатайдың аламан ойынын үйренуге жайдан-жай келмегені белгілі. Есіне әнегүні Боранбайдың оңашалап айтқан сөзі түсті.

113

— Балаларымыз бір-біріне тегі, екен. Түбімізді сүйек айырсын. Құда болайық! — деп қолқа салған.

Қабанбай қапияда не десін. Қызын жат жұртқа қимай, іші құрғыр қоңқылдап тұрса да, жақсы көретін, сыйлас ағайынның бетін бірден қайтарып тастамай:

— Өзіңіз де көріп жүрсіз, Бореке, Назым әлі жас, әрі тым ерке өскен бала ғой. Өз таңдауы болмаса, ешкімнің ырқына көнбес. Балалар бірін-бірі көріп таныссын. Егер дәм-тұздары жарасып жатса, біз қайда барамыз?! — деп сүйей салды жауап қайтарған.

Ендеше, мына Мырзатай әскер ойынын сылтауратып, Назымды көруге келіп жүр. Бұйрық біледі ғой. Былайша, жаман бала көрінбейді.

- Ал онда неге отырмыз? Аттанайық, — деді Қабанбай әлденеге шырығып.

VIII

Арада сүт пісірімдей уақыт өткенде, біраз адам атқа қонып, аламан

ойыны өтетін алаңға қарай келе жатты. Алда Қабанбай, Дәулетбай бастаған үлкендер бір бөлек, олардың соңын ала Әлі мен Назымды қоршаған жігіт-желең, жастар тобы бір бөлек. Алды аяңдап, арты желіп отыратын Қубастың бұлаң құйрық жүрісіне жай аяңмен ілесе алмай, шоқырақтап, желе шауып келе жатқандар да бар. Жануар біраздан бері мінілмей, тоқым сатынып қалған ба, жер қыртысын топылта, жүріс тілегендей етсіз басын изеп тастап, алшандай басып келеді.

Қабанбай осы Қубастың үстінде ғана өзін еркін сезінуші еді. Өзге жылқыға мінсе, арқасына ер батқандай қайқалақтап, тілерсегі майысып, мазаны кетіреді. Кубас жоқта ылғида қосар ат алып жүретіні сондықтан. Әлгі Шағалақтың «көліктің сорына туғансың. Қарыс жерге ат алмастырасың» деп ұрсатыны да осындай кездерде. Жай жүріске, ауыл арасына шыдамаған қылқұйрық алыс сапарға, ауыр шайқасқа қалай төтеп берсін-ау! Ондай жабымен жорыққа шыға қалсаң, кусаң, жетіп, қашсаң құтыла аласың ба?!

Жастау кезінде, сидам бойлы, сыптығыр шағында көп байқалмаушы еді, жасы қырыққа жетіп толысқан тұста атты талғап мінбеске шарасы қалмаған. Не керек, қашан Кубасқа қолы жеткенше аттың зарын тәуір-ақ тартты ғой. Жарамды, жақсы аттар болмады емес, болды. Бірақ солардың біразы оққа ұшып, кейбіреуі мертігіп, әйтеуір, құтаймады. Өсіресе, шын тұлпардың керек болатын жері — жекпе-жекте ғой. Қайратың қанша тасып тұрғанмен, атың әлсіз болса, жігерің құм болып, жау қолында қалдым дей бер. «Жаман ат жауға қалдырады, жаман қатын дауға қалдырады» дегенді бұрынғылар тегін айтты дейсің бе. Бұл сөздің шындығына осы өмірінде талай рет көзі жетті.

Әрине, жекпе-жекке де қалмақтың өзіне-өзі сенген, не қазаққа әбден қаны қарайып, кегі кеткен мықтысы шығады. Жаудың есі-дерті — сені найзамен іліп тастау, не шоқпармен ұрып миыңды бырқырату, не болмаса қылышпен шауып, дулығалы басыңды допша домалату. Сенің де ойлайтының — сол. Міне, сол сәтте төніп келе жатқан өлімнен жақсы ат қана құтқарады. Иесіне не керек екенін тақым қысуынан-ақ сезеді-ау есті жылқылар! Қарсы келе жатқан соққыдан жалтару, иесіне найза дарытпай тікесінен тік шапшу — осының бәрі дағдыға айналған машықтан туады. Мәселен, екі жақтан ағызып келген екі дәу бір-біріне найза шанышып, қат-қабат құрыш көбені, не шарайналы бадана сауытты қақырата бұзып өте алмай, қан түкіре қасарысқан кезде, мұндай теке тіреске аттың аты ғана төтеп береді. Ал азамат ердің күшіне шыдамаған анау-мынау жылқы тілерсегі майысып, тізесі бүгіліп, жата кетеді.

Басқа емес, сондай бір масқараны осыдан біраз жыл бұрын Қабанбайдың да басынан кешкені бар. Алакөл бойындағы атақты ұрыстың қарсаңы. Үш жүздің әскеріне қолбасы болып бекіген Әбілқайыр Балқаштың шығысына ту тігіп, қол жинап жатқан-ды. Уәделі орынға уақытында жету үшін Қабанбай бір түмен қолмен Ұлытаудан шығып, солай

қарай суыт жүріп келе жатты. Бірақ үлкен қосынға күншілік жер қалғанда, ойламаған жерден ойраттың қалың қолына ұшыраса кеткені. Жалтарып кетуге жағдай жоқ. Тал түсте қарсы кезіккен жаумен не де болса шайқасуға тура келген. Қазақ қолын олар да күтпесе керек, аз уақыт ішінде екі жақта асығыс түзем құрып үлгірді. Қазақ-қалмақтың ежелгі салты бойынша, мұндай ұрыс жекпе-жексіз өтпейді. Тілдесіп жөн сұрасқанда, қалмақ қолын дүрбіттің Арқауыл деген нояны бастап келе жатқаны мәлім болды. Анық саны белгісіз, бірақ сырт көзге жау қарасы молдау екені байқалады. Көп кешікпей құйрық-жалы төгілген, нардай қаракөк атты ойқастатқан бір дәу өз шебінен бөлінді де, орта тұсқа келіп, күндей күркіреген зор дауыспен:

— Бұдан бұрын жеті рет жекпе-жекке шығып, қазақтың жеті батырының басын жұтқан, асыл текті Арқауыл батыр мен боламын! Естуімше, араларында Қаракерей Қабанбай бар дейді ғой. Сол немеге көптен қаным қайнап жүруші еді. Сенің де ажал сағатың жеткен екен. Қатын болмасаң, кәне, шық былай! — деп айғай салды.

Аламан әскер ішінде бұрын талай жекпе-жекке шығып, сыннан өткен басқа да айтулы батырлар бар болатын. Мұндайда ту ұстаушы қолбасының бірден сайысқа шығуы шарт емес-ті. Алайда намысқа тиер сөз айтып, арнайы атын атап шақырған соң, шегінетін жер қалмады. Қабанбайдың да жасы отыз беске жаңа келіп, күш-қайраты бойына симай, жау қайда деп жалындап тұрған кезі. Іздегенге — сұраған, астындағы Кертөбел атқа қамшыны басып жіберіп, бұл да көлденеңдеп шыға берді. Арқауыл дегені — айдары тоқпақтай, ердің үстіне екі бүктеліп зорға сиып отырған, қырықтың ішіндегі қырқылжыңның өзі екен. Атаңа нәлет, қайдан үйреніп алғанын кім білсін, қазақшаға судай ағып тұр.

— Иманыңды айта бер, Қабанбай батыр! Сендер шейіт болуға құмарсыңдар ғой: тым құрыса ана дүниеде ұжмаққа барар ма екенсің?! — деп келемеждей күлді.

— Ал сенде айтатын иман да жоқ қой, арам неме. Бәрібір жаһаннамнан бір-ақ шағасың. Одан да көп сөзді қойып, кезегіңді ал! — деді Қабанбай да арыстандай ақырып.

Арқауыл қаракөкке қамшы басып, елу қадамдай шегініп барды да, найзасын оңтайлап, бейне жер бетіндегі ең бір өш адамы қарсы алдында тұрғандай, қиық көзі қанталап, өлермен дене ұмтылды. Иттің қарымы қатты екен. Шақыр-шұқыр қадалған ақ найзаның ұшын Қабанбай болат тысты қалқанмен зорға қағып үлгерді. Сол күйі екі жақат екпінімен ете шығысты. Ендігі кезек — мұныкі. Кертөбелмен ағызып келе жатып көздегені — кіреукелі сауыттың тамақ түймесінің астындағы шұрқылтай, не болмаса төс сүйектен төмен, қазантолмастың басы. Осы екі нүктеден қадалған көк сүңгі талай жауын о дүниеге аттандырған. Бүгінге дейін мүлт кетіп көрген жоқ. Бірақ бұл жолы шұрқылтайдан шаншудың сәті түспеді. Найзасын биіктеу ұстап, жауын алдарқатып келді де, қазантолмастың басы осы-ау деп, құлаштай сермеді. Алайда астындағы Кертөбел жүріске жайлы

болғанмен, жекпе-жек сайыста жалтақ, жасқаншақ жылқы екен. Ығыса шауып, жалт берген кезде көк сүңгінің ұшы тайғанақтап барып, қадалған жерден шығып-ақ кеткені.

Амал жоқ, келесі кезекті күтуге тура келген. Арқауылдың бұл жолғы соққысының сұмдық қатты тигені сонша, құрыш қалқанды қақ бөле жаздады. Соққы бұлай қайталана берсе, жан шыдатар түрі жоқ. Осы жолы қалайда қамтып қалу керек. Қабанбай бұл жолы тура төс сүйектің астын көздеді. Бір тәуірі, найзасы діттеген жерге дәл тиді. Екі аттың сұмдық екпінімен алты қырлы көк сүңгі торғай көз, қос қабат сауытты қақырата бұзып, ұлы денеге еніп бара жатты. Бірақ бұл үшін аса жойқын күш керек еді. Ал күш жағы мұнда жеткілікті болатын. Найза сабын толғай бұрап, өңменінен өткізбек болғанда, жамандатқыр Кертөбел зіл батпан тегеуірінге шыдамай, тізесі бүгіліп шөге бастағаны. Енді аз болса шөке түсіп, жатып қалатын түрі бар.

«Өлген деген осы шығар! - деп ойлады Қабанбай. — Қазір найзаның ұшы тайып кетеді. Сонан соң ана жәйт төбемнен төніп келеді де, күрзімен бір-ақ ұрады-ау!».

Бұдан арғысы өзіне де бүгінге дейін бұлыңғыр. Адам айтса нанғысыз сонша күштің қайдан келгенін кім білсін, әйтеуір, Арқауылды кіндік тұсынан шанышқан күйі ат үстінен тік көтеріп әкеткені есінде... Тамашалап қарап тұрғандар да қалай болғанын анық аңғара алмапты. Біреулері: «жерге түсе қалып, жаяу шайқастың» дейді. Енді біреулер: «шөке түскен аттың үстінде отырып-ақ, қалмақты найзамен көтеріп әкеттің» дейді. Әйтеуір, бәрі де адам ажыратып үлгірместей қас қағым сәтте болғаны хақ. Бұл есін жиғанда, қаракөк арғымақ осқырынып, ойнап шыға берді де, Кертөбел, сірә, бір жері майып болған секілді, иесін жаяу қалдырып, сол орнынан тұрмай жатып қалды. Сонадай жерде Арқауыл жатыр төбедей болып. Найзаның ұшы қабырғасын қаусатып, бел омыртқасын опырып өткендей болып еді, тіл тартпай кеткенге ұқсайды.

Арғы жағы — қаптама соғыс. Қалың қалмақ жан ашуы үстінде ортада жаяу қалған Қабанбайды таптап өтуі де мүмкін еді. Дәл осы сәтте арт жақтан келе қалған Шанышқылы Бердіқожа батыр өзінің әйгілі ақбоз атын мұның алдына көлденең тарта қойғаны... Басшысынан айрылған қалмақ қолы бұдан ары табан тіреп соғыса алмады. Рухы үстем қазақ жігіттері өздерінен саны басым жауды бет қаратпай түре қуып, толық жеңіске жетті.

Шіркін, Бердіқожалар нағыз ер еді ғой! Ол содан кейін де жанына балаған ақбозын бұдан қайтып алған жоқ. Ұрыс аяқталған соң Қабанбай рақмет айтып, атын өзіне қайырмақ болғанда, Бердіқожа:

— Жоқ, Қабеке, мен енді сізден бұл атты алмаймын. Мен бірдеңе білсем, ақбоз нағыз иесін жаңа тапқан секілді. Алыс жол, алапат жорықта сізге серік болсын! — деп шылбырын зорлағандай мұнын қолына қайта ұстатқан.

Қабанбай сол ақбозды бертінге дейін мініп жүрді. Жануар өзі де нар түйедей, ұзақ жүрісте белі бір босамайтын, тұлпар текті жылқы еді. Қырқыншы жылдары Шыңғыстаудағы шайқаста оққа ұшты. Айтпақшы, Қабанбайдың «Дарабоз» атануына себепші болған да — сол ақбоз ат-тұғын. Неше күн бойы алдырмаған Шағандағы жау бекінісіне қарсы қалың қолды бастап тұра шапқанда, ақбозбен оқ бойы алға шығып кеткенін батырдың өзі де аңғармапты ғой. Сонда төбе басында ту ұстап, ұрыс алаңын көзбен шолып тұрған Абылай:

— Ау, мына дара бозың кім? Өзі тым алға шығып кетті ғой... Көзсіз батыр мерт болмаса игі еді! — деп әрі сүйсініп, әрі қатты алаңдаған екен.

Кейін, ойрат қолын ойсырата жеңіп, Шаған шатқалынан айдап шыққанда, мана ақбозға мініп дара шапқан батырдың Қабанбай екенін біліп, Абылай қатты разы болған-ды.

— Қайраусыз өтер қара қылышым-ай! Даңққа жеткізген дара бозым сен екенсің ғой! Егер биікке бекініп алған жау қамалына қалың қолды көтеріп сен шаппағанда, бүгінгі шайқастың немен бітері неғайбыл еді. Бүгіннен бастап Қабанбай атың хан ұранына айналып, жорықтағы есімің Дарабоз болсын! — деп құшағына алып, үстіне алтын зерлі тонын жапқан.

— «Дарабоз» дедің бе, хан ием? Апыр-ай, онсыз да менің жұрт қойған атым аз емес еді! — деген Қабанбай қарқ-қарқ күліп.

— Білем. Сен екеуіміз азан шақыртып қойған өз атымызды ұмытқалы қашан! Бірақ сенің бүгінгі ерлігің өз алдына бір ат қоюға татиды, — деп, сол күні анау-мынауға желп етпейтін Абылай масайраған қуаныш үстінде өз байламын көпшілік алдында жариялап жіберген...

Алайда сол соғыста атақты ақбоз оққа ұшып мерт болды да, Қабанбай жақсы аттың зарын қайта тартты. Былайша, Бәйжігітте жылқы көп-ақ. Мәмбет-Қарақұрсақтың өз дәулеті де жетіп жатыр. Бірақ сол көп жылқының ішінен батырға лайық бір тұлпар шықпады деген не сұмдық?! Әлде жақсы аттар шабындыда жау қолына түсіп кетті ме, не болмаса есі шыққан ел ат-айғыр сұрыптаудан қалған ба, әйтеуір, тұлпардың тұқымы күрт азайып кеткені анық еді. Былай қарасаң жорта да, жортақы да, жүйрік те толып жатыр. Бірақ, керегі не, алыс жорықта белі босаңсымайтын, жаумен жекпе-жекте Қабанбайға қанат бітірер тұлпар жоқ. Әлгі Бұқар жыраудың:

Жал-құйрығы қаба деп,

Жабыдан айғыр салмаңыз!

Қалың малы арзан деп,

Жаманнан қатын алмаңыз!

Жабыдан айғыр салсаңыз,

Жауға мінер ат тумас.

Жаман қатын алсаңыз,

Топқа кірер ұл тумас! —

деп зарлайтыны осы екен ғой. Батырға серік болар бір тұлпар табылар деп, жалғыз Бәйжігіт қана емес, исі Қаракерей ат іздеп сабылды. Бірақ жай сәнге мінетін бұт артар көлік болмаса, көңілдегі жылқы табылмады.

Сөйтіп жүргенде, осыдан жеті-сегіз жыл бұрын, ел жайлауда отырғанда, Қабанбай қасына бір топ адам ертіп, ел ішінің әлдебір шаруасымен Қаракерейдің Мұрын бұтағына жататын Боранбай бидің ауылына барып түскен. Мұрын — бес Байыстың бірі, исі Бәйжігітке нағашы саналады. Бастығы Боранбайдың өзі болып, бүкіл ел Қабанбайды құрақ ұшып қарсы алды. Тай сойылып, қымыз құйылып жатыр. Дастарқан басында сөзден сөз шығып, әңгіме тағы да ат жөніне қарай ойысты. Боранбай бұл өлкедегі атақты атбегі, белгілі ат сыншыларының бірі еді. Ол кісі бұрын да Қабанбайға лайық ат іздеп, көз-құлақ боп жүреді екен. Бұл төңіректен де ондай жылқының табылмағанын өкінішпен айтып отырды.

— Ондай ат бір шықса, Құланбайдың жылқысынан шығады. Кейінгі жылдар аламан шабыста сол ауылдың аттары бәйге бермей жүр, — деді осындағы ел адамдарының бірі.

— Иә, Құланбай жылқысынан қазанаттар тұқымы үзілмеуші еді. Сұрастырып көретін екен, — деп Боранбай да ойланып қалған.

Бұлардың Құланбай деп отырғаны — осы Боранбай бидің немере інісі. Мұрын ішінде Мырзастан Қалқаман мен Мүлкаман тараса, Боранбай — Қалқаманнан, Құланбай — Мүлкаманнан туады. Жасынан ел билігіне араласып, ат үстінде жүрген Боранбай орташа дәулетті қанағат тұтқанда, ата байлығы түгелімен дерлік Құланбайға қонғаны рас еді. Кейінгі жаугершілік жылдары кімнің де болсын дәулеті шайқалып, төрт түлік малы шағындалып қалды ғой. Соның өзінде қазір Құланбайда бес мыңдай жылқы бар десетін. Ауылдарына зәумен жолы түсіп бір келгенде, батырға тақымы толар ат мінгізбеуді ел атына намыс көрді білем, Боранбай сол жерде отырып, туысы Құланбайға хат жаздырды.

Әуелі үшбу хаттың басында бұл елге Қабанбайдың қонаққа келіп жатқанын, батырға жорықта мінетін ат керек екенін, ол ат басқа жерден емес, Құланбай жылқысынан табылады деп үміт етіп отырғанын тәптіштеп келді де, одан ары болашақ тұлпардың сынына тоқталды:

«Биіктігі өзіндей болсын, местігі өзімдей болсын. Желгенде екпінінен жел ессе, аяңы Қазыбектің сөзіндей болсын. Құлағы қамыстай болсын, ерні

талыстай болсын. Екі көзі — ботаның көзіндей, шекесінің арасы қарыстай болсын. Қабағы — бүркіттің қабағындай, шықшыты бураның сағағындай болсын. Жылқыңыздан осындай бір тай табылса, мүсіні менің қойған талабымдай болсын. Жануардың жалы жібектей, қасқа тісі күректей болсын. Мойны қаздың мойнындай, жігері бабына келген түлектей болсын. Белдемесі қанатты болсын, жаясы жалпақ, алапты болсын. Бір көргендер үш көрерлік, осындай сұлу, жаракты болсын. Сауыры құлындай болсын, кекілі балаға қойған тұлымдай болсын. Ерегесте ер серігі болатындай, ел есінде қалатындай, өңі-түсі бірыңғай болсын. Денесі шымыр болсын, тұяғы жұмыр болсын. Қуғанда құтқармайтын қайыспас тұғыр болсын. Құйрығы төгіліп тұрсын, талданып сөгіліп тұрсын. Самсаған қалың қол ішінде тұрпаты ерек бөлініп тұрсын. Тілерсегі төмен, екі бұты алшақ келіп, артынан қарағанда төс сүйегі көрініп тұрсын!» деп сәлем хатты аяқтады да, дереу қол-аяғы жеңіл бір жігіттен Құланбайға беріп жіберді.

Отырғандар әлі түрі-түсі белгісіз болашақ тұлпардан гөрі Боранбайдың сыншылдығына, ақпа шешендігіне сүйсініп еді.

— Әй, осыншама қасиет бір бойынан табылатын қыл-құйрықты кезіге қояр ма екен?!

— Тіпті Борекең айтқан сындардың жартысына толса да, нағыз тұлпар боп шығар еді-ау! — десіп жатыр үйдегілер...

Кейін, жұрттың айтуынша, бұл хат Құланбайды да терең ойға қалдырған көрінеді. Ел шетіне Қабанбай келіп жатыр дегенді естіп, Мұрынның басқа да ақсақал, қарасақалы жиналып, ат жайын ақылдасыпты. Осыншама көп жылқыдан батыр мінетін бір ат табылмау деген ел атына намыс. Бір амалын табу керек. Ел қорғаны Қабанбай секілді батырға тұмарлы тұлпар мінгізіпті деген ататының өзі неге тұрады?! Бірақ, қырсық қылғанда, Боранбайдың қойып отырған талабы тым жоғары болып тұр. Атбегілер, сыншылар жиналып, сол төңіректегі дәмелі деген талай жылқыны атаса да, барып көргенде ешқайсысы айтылған сынға толмай қалды. Біреуінің жүрісі, екіншісінің сүйек бітімі, үшіншісінің түсі келмейді. Ақырында қатты дағдарып, тұйыққа тірелген Құланбай өзінің бас жылқышысы Өсербайды шақырып, ақылдасқан екен.

— Ес білгелі жылқымен көзің шығып, осы түліктің ішінде келе жатырсың ғой. Біздің жылқы қостарынан мынадай сынға толатын ат табыла ма? — деп оған хат сөзін қайталап оқып беріпті.

Өсербай да бірден жауап бере алмай, желкесін қасып көп отырады. Бұл, әсілі, Құланбайдың бес мың жылқысын түгел түстеп танитын, солардың құлынындағы сақауы мен құнанындағы тісеуіне дейін қолдан өткеріп жүрген, әрқандай асаудың албастысын қағып алып, тез жуасытатын, Қамбар атаның сырына аса қанық жігіт еді. Өсербай көкала мен торыаланың үйірлерін көз алдынан бір-бірлеп өткізгендей ұзақ ойланып отырады да, бір мезетте жүзі бал-бұл жанып, басын көтеріп алады.

— Таптым, тақсыр! — дейді Құланбайға қарап. — Мен бірдеңе білсем, қазір сіздің жылқыда бір ғана пырақ бар. Борекеңнің сынына бір толса, сол толатын шығар.

— Не дейді-ау?!.. Аузыңа май! — дейді Құланбай орнынан ұшып кете жаздап. — Қайда жүр ол пырағың?

— Осы өзіміздің жылқыда. Әкесі — қазақтың қазанаты, енесі — түрікпеннің теке-жәуміті. Биыл дөнен. Соның өзінде бүкіл жылқыдан шоқтығы асып тұрады. Енесі нағыз қашаған қуатын жүйріктің өзі еді. Содан қайтып құлындаған жоқ, жаңағы торы дөненді үш жыл бойы арда емізіп келеді... Жануар, торы дөненді айтам, құлын күнінде жеті күн бойы желіге жатпай қойып еді. Сонда-ақ көзім түсіп, түбі тұлпар боп шығарсың деп ырымдап едім. Айтқаным келді: қазір жердің өр-еңісін таңдамай аунағанда, бесікше тербеліп, екі жағына кезек түсіп отырады... Егер Ардаемген батырдың тақымына толмаса, онда Өсербай бұдан кейін қолына құрық алмай-ақ қояды! — дейді ол нық сеніммен.

Құланбай әлі де сенер-сенбесін білмей, атбегілері мен сыншыларын ертіп, жылқы қосына барыпты. Өсербай оларды қалың жылқыны аралатып, өзіне таныс үйірдің қасына таман әкеледі де:

— Мен нұсқап көрсетпей-ақ қояйын. Осы жылқының арасынан Ардаемгенді танымаған қазақтың көзі ағып кетсін! — деп, өзі тұла бойын мақтаныш кернеп, бір шетте тұрып қалады.

Айтса айтқандай-ақ бар екен. Ардаемген көп жұлдыздың ішіндегі шолпандай, көзге бірден оттай басылады. Тұлғасы нар түйедей болғанымен, әлі құлын мүшесі бұзылмаған, нағыз томаға көз, тобылғы торының өзі екен. Екі бұтының арасы ел көшкендей... Жаясы төңкерілген астаудай. Жұмыр тұяқ, серке сан, қамыс құлақ, қаз мойын, жібек жалды... қысқасы, Боранбай айтқан бар қасиет бір бойынан табылғандай.

— Осы! — дейді сыншылар бірауыздан. — Іздегеніміз — осы! Қабанбайдай батырға осы Ардаемген ғана серік бола алады!

Сол күні кешке таман Боранбай ауылына сүйінші сұраған кісілер келді. Батырға лайық ат табылыпты. Тек бір ғана шарты бар: осы отырған игі жақсылар ертең түп қопарыла Құланбай ауылына барып, сыбағаларын жеп, жұмбақ тұлпарды сол жерде ғана көруі керек.

Тәйірі, жайлауда екі қолын алдына сиғыза алмай ерігіп отырған жұртқа қонаққа бару да сөз болып па. Ертеңінде Боранбай, Қабанбай бастаған топ түстік жерде, Өкпетінін батыс сілемінде отырған Құланбай ауылына барып ошарылды. Үй тігілген, тай сойылған... Ауыл үсті той өтіп жатқандай мәресәре. Бірақ Қабанбай қашан белгісіз тұлпарды көргенше, ішкен асы бойына тарамай, тықыршумен болды.

Шалқар түстің шағы болатын. Жұрт қымыз ішіп, қуырдақ жеп бола берген бір мезетте, даладан дабыр-дұбыр сөздер естіліп қалды.

— Өсербай ғой мынау!

— Ардаемгенді әкеле жатыр...

— Пай-пай, жануардың өзі де атан түйедей бар екен-ау! — дескен дауыстар шығады.

Жалғыз Қабанбай емес, ат десе ішкен асын жерге қоятын қазақ біткеннің құлағы елең ете түсті. Бұдан арты отырыста мән қалмаған. Соны сезген зор денелі, қызыл күрең жүзді, сұлу мұртты Құланбай өңінен бақыт нұры шалқып, жадырай күлді де:

— Ардаемгенді әкелді білем. Бұдан ары батырдың төзімін тауыспай, әуелі тұлпарды көзден кешіріп барып, дастарқанға сонан соң бір-ақ жайғассақ қайтеді? — деді қонақтарына жағалай көз салып.

Осы сөздің ауыздан шығуы мұң екен, жұрт орындарынан дүрк көтеріліп, жапырлай далаға беттеді. Үлкендер сыртқа шыққанда, Өсербай аттан түсіп, Ардаемгенді кермеге байлап жатыр екен. Бәрі солай қарай аяңдады. Ауыл адамдары да тайлы-таяғы қалмай еріп келеді. Бұлар жылқы көрмей жүрген жоқ, батырға лайық тұлпар қандай болады, соны көрмек.

Қабанбай атандай адымдап, ен, алда келе жатқан. Алыстан а дегенде көзіне шоқтай басылғаны — Ардаемгеннің түсі. Бірыңғай шымқай торы. Сонан соң көзіне түскені — аттың есік пен төрдей тұрқы мен шоқтығының биіктігі. Жұрт «атан түйедей» десе дегендей-ақ екен... Ал дәл қасына келгенде, «мына жері былай» деп ештеңені бөліп айта алмады. Көзі бірден тұнып кеткен. Жылқыда болатын асыл қасиеттің бәрі бір аттың басына жинақталғанда, оның әлдебір мүшесін бөліп-жаруға болмайды екен. Бар білетіні: Боранбай айтқан белгілердің көбі-ақ Ардаемгеннің бойынан табылатыны анық. Оның көз алдында қазір алып күш пен асқан сұлулықтың әсем үйлесімі тұр еді. Қуанғаннан Қабанбайдың көзінен жас ыршып кетті.

— Жануарым-ай!.. Зарыққанда кездескен тұлпарым-ай! Дүниенің төрт бұрышынан іздеп жүріп, ақыры өзіңді Өкпетінің өрінен таптым-ау! — деп Ардаемгеннің мойнынан құшақтап, жібек жалына тұмсығын көме иіскеген.

Жануар Ардаемген де бірдеңені сезгендей оқыранып, жер тарпыды. Былайғы жұртта жамырай құптап, шуылдасып тұр:

— Уа, тұлпарың құтты болсын, Қабанбай батыр!

— «Ат — ер қанаты» деген осы да...

— Жортқанда жолың болып, Ғайып-ерен, Қырық шілтен қолдасын!

— Әмісе жауынды жайратып, халқыңа құт-береке әкелетін бол! — десіп ақ тілектерін айтып жатыр.

Көпшіліктің дабыр-дұбырына Боранбай ғана араласпай, әлі де Ардаемгеннің маңайын төңіректеп жүр. Аттың аузын аштырып, тісіне, таңдайына үңілді. Жалының астын, құйрығының түбін тұтамдап көрді. Астаудай сауырын сипап, қабырға, белдемелерінің жігіне саусақ жүгіртіп байқады. Бірақ бидің өңінде бөтен белгі жоқ, тек ырзалық бары байқалады. Жай ырзалық емес, таңданыс, сүйініш! Ең соңында Ардаемгеннің алды-артын тағы бір айналып шықты да:

— Ғажап!.. Айтар жоқ! — деді Қабанбайға қарап. — Шүкір, қазақ жерінде әлі де тұлпардың тұқымы үзілмеген екен!

Ардаемгеннің бойында мен айтқан сынның бәрі бар. Тіпті мен айтпаған нышандар қаншама! Қабырғалары білектей. Қанша шапсаң белі қайыспайтын қанатты тұлпар деп осыны айтады. Танауын көрдің бе, кіші-гірім адамның жұдырығы сиып кеткендей. Ентікпейтін кең тыныстың белгісі. Тұяғы да құрыштан құйғандай жұп-жұмыр, қанша жортсаң да табаны қызбас тарланның өзі... Жануардың мінезі қандай жайлы: алыс сапар кезінде қойған жерінде тұратын, ең далада ер жастанып ұйықтап кетсең, таң ата езі келіп оятатын нағыз тұлпар осы!.. Айтпақшы, ұмытып барады екенмін ғой, — деді Боранбай Ардаемгеннің сулығынан ұстап, — өзің жануардың бас бітіміне көз салшы: кез жарым кесер баста бір жапырақ артық ет бар ма?! Деген бөкен қабақ, елік бастың өзі емес пе?! Айтайын дегенім: Ардаемген деген өз аты да жаман емес. Бірақ тым ерке, тым сыпайы. Сал-сері, бозбаланың атына жарасады... Маған бір ой келіп тұр: Бұл тұлпарды «Қубас» деп атайық. Қаһарлы батырдың жан серік атына осындай айбынды есім лайық. Бұған не дейсің?

— Болсын! — деген көңілі тасып тұрған Қабанбай ойланбастан.

— Қубас қазір дөнен, — деді Боранбай сөзін жалғап. — Бұл әлі бестісіне дейін толады. Қашан кемеліне келіп толысқанша ер салушы болма. Шыда. Жат жерде үйірін аңсап, жүдеп кетіп жүрер. Осы жолы енесімен бірге әкет. Қашан суалғанша шер-құмардан шығып еметін болсын!

Бәрі де сол Боранбай айтқандай болды. Қубас ат өз енесі торы бедеуді бестісіне дейін еміп, кейін қолдан беретін сүтке құныққан. Қабанбай оған алты жасында ер салып, алыс сапарларға міне бастады. Соңғы жылдары қазақ-қалмақ арасында азамат пен ат қарымын сынайтын ұлы дүбір шайқас азайғанымен, қуғын, барымта, кіші-гірім қақтығыстар тоқтаған жоқ. Соның бәрінде де Қубас көңілден шығып жүр. Ал іргелес отырған Арғын, Найман, Керей елінде өтетін аламан бәйгеде әзірше алдына қара салмай келеді...

Сөйткен ағайынның қарызынан қалай құтылуға болады? Әсіресе, Қубастай тұлпарға қолын жеткізген Борекеңнің — Боранбай бидің қызметін қалай ұмытарсың?! Бүгін, міне, ол да сенің қимасыңды сұрап

отыр. Құдай қосса құда болайық деп, қиян шетке баласын жіберіп отырғаны анау... Жастар өзара жарасса, ақ жол тілеп, бата бергеннен басқа не амал бар?!

IX

Бұлар аламан ойыны өтетін жерге келгенде, жігіттер бірнеше топқа бөлініп, жаттығуға кірісіп кеткен екен. Бір тобы жүз елу қадамдай жердегі серкенің терісіне садақтан нысана атып, екінші бір тобы аттылы-жаяу қидаласып жүр. Ойын кезінде ұстағандары — нағыз семсер емес, доғал деп аталатын жай көк темір, немесе қатты ағаштан жонылып, бояп алған қалақшалар. Алыстан қолбасының келе жатқанын көріп, жігіттер онан әрмен екілене түседі.

Бірақ мына көрініске Қабанбайдың қабағы ашыла қоймады. Өйткені Дәулетбайдың жүздігі түгел жиналмапты. Асып кетсе елу-алпыстай ғана адам. Көпшілігі жүзбасының өзімен аталас Жұмық жігіттері. Бәйжігіт ішінде қатты өскен ата — Жұмық. Бұл күнде өніп-өсіп, бұтақтанып кеткен, алты Жұмық аталатын: Саты, Сайболат, Қараша, Қожан, Болат, Тәуке ауылдары шындаса жүз емес, бес жүз жігіт шығара алады. Ал бүгінгі мына тірліктері бетімен кеткен берекесіздіктен хабар бергендей.

Қолбасының қабағындағы кірбінді байқап қалған Дәулетбайдың жаны шырқырады. Аға алдында не деп ақталарын білмей, жігіттеріне сырттай кіжініп, ұрысқан болып жүр.

— Иттер-ай!.. Кеше ғана әр ауылға кісі жіберіп, адамша тапсырып едім. Көзің тайып кетсе істейтіндері осы. Бүгін Қожан ауылында той бар, бәрі сонда жүр, дәу де болса...

Қабанбай әлі де қабағын аша қоймай, түсін суыққа салып, ренжи тіл қатты.

— Біреуі тойға, екіншісі қойға кетсе, қолына қару алып ел қорғайтын кім сонда?

— Бұл жұрт құдайын ұмытқан, — деді Дәулетбай өзінше себеп таппақ болып. — Ел іргесі тынышталып, жау қарасы көрінбегенге арқаларын кеңге салып, мүлде жайылып барады.

— Жау қарасы көрінбей тұр деп кім айтты саған? — деді Қабанбай мырс етіп. — «Біз жақында қазақты шабамыз» деп, қалмақ қашан хабар айтушы еді? Жау қашанда сенің осындай матқапы, бейғам кезінді аңдиды.

— Соны айтам ғой. Біздің қазақты үнемі қауіп астында қылпылдатып ұстау керек. Бір күн нокта кимесе, асаусып шыға келеді... Сонан соң «құр қасық ауыз жыртады» дегендей, өнімсіз ойыннан сарбаздар да жалығатын секілді.

— Сонда не істеу керек, сенің ойыңша?

— Сарбаздардың дені бұрын ұрыс көрмеген жастар ғой. Соларды жорық үстінде баулу керек пе деймін. Қасқыр екеш қасқыр да қойға шапқанда бөлтіріктерін ерте жүріп, ауыздандырмайтын ба еді. Тұмсықтары жылы қанға тиіп, дәніксін дегені... Мақұл көрсеңіз менде бір ой бар.

— Иә, айта бер! — деді Қабанбай жүзбасының жүзіне сынай қарап.

— Ақшәуліден ары Ұрыжар, Қатынсу бойында қалмақ ауылдары сыңсып отыр ғой. Бір-екі дүркін түнделетіп барып жылқы алайық. Жігіттер жорықтың дәмін татсын. Қалмақпен қақтығыс басталса, сонда көрейін мен бұл елдің алаңсыз ұйықтап жатқанын!

— Осы ма, ойлап тапқан ақылың? — деді қолбасы өңінен сұсты ызғар білініп. — Жаңа қасқыр туралы айттың ғой. Сен сол қасқырдың күшіктеген кезінде, қашан бөлтіріктері жетілгенше, өз ұясына жақын жердегі ешкімнің малына тимейтінін білесін бе? Өкше ізім білініп қалмасын, адамдар өшігіп, ұяда жатқан ұрпағымды құртып жібермесін дегені... Бізде сол қасқыр құрлы ақыл болмағаны ма? Дәл іргесінде отырып жылқысын шапсаң, қалмақтың қарымта қайырмасын қайдан білдің? Алдырған кісінің қолы қатты, ызасы зілді болады. Бір тумен қолмен қапыда келіп бассалса, қарсы шабар қауқарың қайсы? Анау ма — аламан әскеріңнің түрі? Анық жүз найзаның басын құрай алмай тұрып, оңай олжа тапқыларың келеді тағы...

— Сонау Ұлытаудан келіп, Жетісудағы жоңғарды талай қан қақсатып кеткеніміз есіңізден шығып қалды ма, сардар аға? — деді Дәулетбай да берісе қоймай.

— Есімде... Иә, өзің айтқандай, онда біз Ұлытауда болатынбыз. Қалмақтар жылқысын Сарыарқаның қай қалтарысынан іздерін білмей, сандалып қала беретін. Ал қазір іргесінде отырмыз ғой. Сойдақталған ізі түп-тура ауылыңа бастап әкелмей ме?!

Дәулетбай үндей алмай қалды. Аққұба жүзі күреңітіп, терлеп кетті өзі. «Осы жігіт тым дүние қорлау болып бара жатқан жоқ па? — деп ойлады Қабанбай ішінен. — Жаудан түскен олжаны бөлісуге келгенде көзі тұнып кететіні болушы еді. Әлі де сол мінезінен арылмаған секілді».

Бірақ ол Дәулетбайды қайтпас қайсарлығы, ұрыста өле қимылдайтын табандылығы үшін жақсы көретін-ді. Сондықтан ержүрек батырды тым жасыта бергісі келмей:

— Дегенмен сарбаздарыңның ынтасы жаман көрінбейді, — деді әр жерде жаттығу жасап жатқан аламандарға көз жіберіп. — Жүріңдер, таяу барып тамашалайық.

Аттылы-жаяу бір топ жігіт қылыштасып жүрген екі сарбазға қызықтай

қарап тұр екен. Қолбасыға жамырай сәлемдесіп, жарыла жол берді. Қабанбайдың таң қалғаны, мына екеуінің атқа мінбей, жаяу сайысып жүргені еді. Көшпенділерде ежелден-ақ жаяу әскер болмаған. Жекпе-жек, ұрыс-шайқастың бәрі дерлік ат үстінде өтеді ғой. Ал мыналар... Екі сарбаздың қимылына бір сәт көз алмай қарап тұрды. Үстіне жеңіл бектер сауыт киген, талдырмаш жігіт өзінен бойы әлдеқайда биік, алпамсадай қараны жан таптырмай, үсті-үстіне шабуылдап, тықсырып барады.

— Әй, Қолбай, шегінбе... Жасқанбай алға ұмтыл! — деді Қараша Тама батыр ат үстінен қопандап.

— Бұлар кімдер? Неге жаяу қалған? — деді Қабанбай манадан жарыстың басы-қасында тұрған Тамаға бұрылып.

— Екеуі жаңа ғана нысана атудан жарысқа түскен. Содан араларында ерегес туып, атқа мінуге мұршалары болмай қалды-ау деймін.

Қолбай деп тұрғаны Қараша ауылының жігіті екен. Ал анау Кенже деген жас сарбаз — Саты, Дәулетбайдың немере інісі көрінеді. Нысана атудан балаң жігітке есесі кеткен Қолбай ызаға булығып, қарсыласына қылышпен тап берсе керек. Бәрі бір Жұмықтың баласы бола тұра, ауылдастардың қанға қызып тұрғаны байқалады. Өзара намысқа шауып, іштей егесуден ауыл басшылары Тама мен Дәулетбай да құр емес секілді.

— Кенжені сайысқа өзім үйреткем... Қолбайды тіпті қолына алар емес қой, — деп Дәулетбай кәдімгідей желпініп тұр.

— Біздің Қолбай найзаласуға мықты. Көр де тұр, осыдан түбінде жекпе-жектің батыры шығады! — дейді Тама да өз жігітін көтермелеп.

Әйткенмен сайыс онша ұзаққа созылмады. Бір мезетте қара терге түсіп болдырған Қолбайдың қолынан семсері ұшып кетті де, Кенже доғалының ұшын оның кеудесіне тіреп тұра қалды.

— Жарайсың, Кенже!

— Намысты қолдан бермедің!..

— Күш атасын танымайды деген осы! — десіп ат үстіндегілер жас жігітті көтермелеп тұр.

Кенже қидаласудың қызығында жүріп, қастарына кімдердің келіп тұрғанын байқамаса керек. Кенет қолбасыны көзі шалып қалып, бері қарай аяңдады.

— Армысыз, сардар аға! — деді он қолын кеудесіне қойып тұрып. Өнінде алабұртқан жеңіс желігі бар.

— Бар бол, бауырым! — Қабанбай жігіттің он жақ иығына күміс

шырмалы сарыала қамшының ұшын тіреді. Бұл үлкен құрметтің белгісі еді. — Аяқ алысын жақсы. Тек жылдамдығыңды үстемелей түс, — деді жылы үн қатып. — Мергендігің қалай?

— Жаттығып жүрміз, — деді жігіт бал-бұл жанып. Көзінде от бар. Кімге де болса жасымай тіке қарайды екен.

— Кәне, жебелеріңді көрсетші!

Кенже таяуда тұрған атына жүгіріп барып, ердің алдыңғы қасына іліп қойған оқ толы қорамсағын алып келді. Қорамсағы сәнді, ұлпа жарғақтан кестелеп тігілген. Жебелері әр алуан: көбе бұзар, қозы жауырын. Бірен-саран томар оқ, тіз оқтар ұшырасады.

— Аңшылық құрады екенсің ғой? — деді Қабанбай томар оқтың бірін ұстап көріп.

— Балқашта тіз оқпен үйрек атушы едік. Ал мына жақта кекіліктен басқа ештеңе көрінбейді.

— Асықпа. Құстың көкесі — Алакөл мен Зайсанда. Садағыңды сайлай бер!

— О-о, оған жететін күн болса!

— Жетесің! — деді Қабанбай. — Кәне, нысана атып көрші, қарымың қандай екен?

Кенже садағын оңтайлап былай таман шықты да, өзінен екі жүз қадамдай жердегі ақ ешкінің терісін көп көздемей-ақ тартып қалды. Сәл ысқырып дыбыс шығарған сұр жебе иір доға жасап барып, ақ терінің қара күйемен дөңгелектеп сызып қойған дәл ортасына барып қадалды.

— Жарайсың! — деді Қабанбай. — Атқан оғың әмісе осылай жерге түспесін!

Сонан соң, сонадай жерде солбырайып тұрған Қолбайды шақырды қасына.

— Әй, сен бері келші, жігітім. Қай ауылдансың? Жөніңді айтшы.

Қасына келгенде байқады: тым жас та емес, отызға келіп қалған жігіт. Жаңағы жеңілістен кейін әлі есін жия алмай тұр ма, иіні түсіп, төмен қарай береді. Былайша, денесі мығым, күш жағына сорлы емес секілді. Тек жігер жетіспейді, жанарында от жоқ.

— Мен — Қолбаймын. Қараша Хамзаның баласымын, — дегеннен өзге жарытып ештеңе айта алмады.

— Ау, өзің қарпуы жетпеген киіздей неге болбырап тұрсың? Аздап былай ширасайшы! — деді қолбасы езу тартып. — Жеңілдім екен деп жасыма! Дүние кезек: бұл жолы қапы кетсең, келесі жолы қарымта қайтарасың... Өзің басыңды көтеріп, маған тура қарашы! Е, солай... Сен азат елдің азат ұлысың, ұқтың ба? Біреудің қорасына кіріп, қолға түскен ұрыға ұқсамай, еңсеңді көтеріп, басыңды тік ұстап жүр. Есінде болсын, жауды айбындыратын — алып дене, асқан қайрат қана емес, мұқалмас жігерің, қарсыласыңның өңменінен өтетін, кекке толы жанарың! Ұқтың ба?

— Ұқтым, - деді Қолбай зорлана езу тартып.

— Ұқсаң, бара ғой. Сені әлі де ширата түсуді Тама батыр қолға алатын шығар.

Қабанбай сарбаздардың теңге ілу, қамшы тастау, найза шаншу секілді ойындарын көзден кешіріп, тағы біраз жүрді де, ауылға қайтуға ыңғайланды. Мына қасына ерген жастар аламан ойынын тамашалауға қалды да, Тама мен Дәулетбай оны едәуір жерге дейін ұзатып салды.

Манағыдай емес, Дәулетбай көңілді. Кенженің мақтау естуі оның да біраз кінәсын шайып кеткен секілді... Ал Тама батыр сардарға жанасалап, манағы Қолбай жайын түсіндіріп келеді. Әкесі жоқ, жетім. Ана бір жылдары шешесімен бірге қалмақтың қолына түсіп кеткен екен, елге бертінде оралыпты. Тұтқында жүріп жасып қалған жайы бар. Әйтпесе күш-қайрат жағы жетеді.

— Тұтқында болды дейсің бе? Ол жақта қанша жүрді екен? — деді Қабанбай елең етіп.

— Жеті жыл шамасында оралды-ау деймін...

— Бәсе, өзім де бір кілтипаны бар-ау деп ойлап едім, — деді қолбасы мұртын тістелеп. — Тұтқында ұзақ уақыт болғандарды жасақтан босатындар. Шаруаларын істеп жүре берсін.

— Неге, сардар аға, сенбейсіз бе?

— Сенбегенде, мен оларды жау жағына шығып кетеді деп тұрғам жоқ. Ұзаққа созылған кіріптарлық текке кетпейді, оның ой-санасына құлдық таңбасы болып басылады. Сүйекке сіңген қорқыныш-үрейден ол бәрібір арылмайды. Ал әскер ішінде қорқақтардың болуы — жұқпалы дерттен де қатерлі.

— «Күшігінде таланған ит қасқыр алып жарытпайды» дегеніңіз ғой, — деді Дәулетбай оны қостап.

— Иә, соған жақын. Мәселен, Қолбай манағы Кенжеден күші жетпей жеңілген жоқ, жігері, тәуекелі жетпеді, — деп аз-кем бөгелді де, ендігі сөзін

Тама мен Дәулетбайға бірдей арнады. — Жалпы, естерінде болатын жайт: жігіттерді жасытпай еркін ұстандар. Әрбір сарбаз өзінің еркін елдің ерке ұланы екенін бір сәт жадынан шығармасын. Құлдық — Алаш ұлына жат. Ол не жеңеді, не азаттық үшін басын береді — екінің бірі!

Соны айтып, батырлармен қоштасты да, Қубастың бұлан, құйрық жүрісімен ауылға қарай соза тартып жүріп кетті. Тағы да сол қазақтың бейғамдығы, етек бастылығы туралы ойлар мендеп келеді. Өз қарауындағы елден тұрақты жасақ құрмақ болып қанша жанталасқанымен онысынан ештеңе өнетін емес. Баяғыда Қасым хан мен Хақназар ханның, Тәуекел мен Есімнің заманында, қазақ хандығы Сыр бойындағы қалаларға ие боп тұрған кезде, бұл ел бекініс-қорған сайын тұрақты әскер ұстаған көрінеді. Бірақ ол дәуір келмеске кеткелі қашан... Хан кеңесінде Абылай дұрыс айтты. Қазақтың қазіргі аламан әскер деп жүргені — қолдарына қаруды амалсыз ұстаған малшы шаруа. Не керек, бұл жөнінен іргелес отырып, итжығыс түсіп жүрген жоңғарға жете алмадық қой. Жалпы қалмақ қауымын түп-түгел мал-жанымен көшіп жүрген әскер десек, олардың күш-қуаты — темірдей тәртібі мен басқан ізіне қан ұйып қалатын қаталдығында. Баяғы гүн дәуірінен, Шыңғысханнан қалған өнеге бар оларда. Қанша дегенмен Қағанат басқарған ел ғой. Ал біздің қазекен қашанда қапыда қалып, қорғаныста жүргені... Осы кіріптарлық пен құлдық маңдайымызға мәңгі жазылып қалмаса не қылсын?!

Осындай ойлар құшағында бір-екі белдің астындағы ауылына да таяп қалған. Кезеңге шыға келгенде байқады: ауыл маңы қара-құраға толып кетіпті. Бір шетте шөгерілген жүкті түйелер, матастырылған ерттеулі аттар... Бұлар кім болды екен?» деп таңданып үлгергенше, қарсы алдынан сүліктей қаракөк атқа мінген Шынқожа батыр шауып шықты. Қысқаша аман-сәлемнен кейін:

— Ой, сардар аға, келгеніңіз мұндай жақсы болар ма! Енді болмаса сізді іздеп шыққалы тұр едім, — деді басына болат дулыға, үстіне жеңсіз көбе киіп, бес қаруын асынып алған Шынқожа астындағы атын көкке шапшытып.

— Иә, не боп қалды? Тыныштық па? Мына ошарылып жатқандарың кімдер? — деді Қабанбай ауыл жақты нұсқап.

— Қалмақтар ғой... Елшіміз дейді. Араларында бір-екі орысы бар... Қалғаны — Қашқардан шыққан саудагерлер.

— Орыс дейсің бе? Бізге келе жатыр ма екен?

— Жоқ. Жоңғардан қайтқан беті болса керек. Жетісарайға⁵ одан ары Омбыға асатын көрінеді.

— Бұлар сендерге қалай кездесіп жүр?

— Біз бүгін қарауылда тұрдық қой. Күн көтеріле Алакөл жақ беттен бір түйдек шаң көрінді. Аңысын аңдып күтіп жаттық та, жақындағанда тарпа бассалдық. Ойраттардың кеудесі жоғары, тіпті жауап бергісі келмейді. Қарсылық көрсеткендерін ептеп «ұшықтап» алдық.

— Шын елші болса, бекер тиіскенсіңдер, — деді қолбасы атын тебіне түсіп. — Жүріңдер, бара сөйлесейік.

Бұлар кермеге аттарын байлап, қастарына жақындағанда, қонақ үйлердің сыртындағы көгалда бірінің иығына бірі сүйеніп он-он бестей адам отыр екен. Кілең қаусырма жағалы, өңірінен қиғаш түймелейтін қызыл күрең шапан киген, қайырма қалпақты қалмақтар. Іштеріндегі екі орысты ғана бос қойып, басқаларын қолын артына қайырып байлап тастапты. Қалмақтың да тәуір киінген үш-төртеуі елші де, қалғандары күтуші, қорғаушы, жасауылдар көрінеді.

Ал бірге келген саудагерлердің бұлармен тіпті ісі жоқ, тоғанақтарын түсіріп, ауыл сыртына шатырларын тігіп, жаймаларын жая бастапты. Ауыл адамдарының көпшілігі саудагерлер маңына топталса, енді бір бөлегі елшілерді қоршап алыпты. Бұл елге қалмақ таңсық емес-ті. Жиналған жұрттың бар назары — екі орыста. Олардың бірі — жас шамасын айырып болмайтын қаба сақалды, мосқалдау кісі екен де, екіншісі — көгілдір көздері аспандай мөлдіреген, жап-жас, шикіл сары жігіт. Екеуі де өз елінің үлгісімен бір сыдырғы тәуір киінген: бастарында келіауыз бөрік, үстерінде асыл бұлдан тігілген қайырма жағалы қаптал шапан. Сабалақ сарғыш шаштары көздеріне түсіп, қою салқал-мұрттан бет-ауыздары зорға көрінеді.

— О, тоба, орыс деген осындай болады екен-ау!

— Көздерін қарашы, тұздай!

— Сақалдың көкесі осыларда екен. Мыналардың қасында біздің сақал қойдық деп жүргеніміз бекершілік!

— Аузы түкті кәпірмісің деген осы-ау! Тым құрыса тамақ ішетін жерін оңашалап, мұрттарын сәл басып қойса қайтеді екен?! — десіп, өмірі орыс көрмеген жұрт таңырқаса гу-гу етеді.

Қабанбай жүргіншілердің қасына келіп, жағалай көз жүгірте қарап шықты да:

— Иә, мырзалар, кім боласыздар? Қайдан келе жатқан адамсыздар? — деді байыппен тіл қатып.

Әлгілердің арасында айдарын білемдеп өріп тастаған еңгезердей егде қалмақ бар екен. Бәрінің атынан сол жауап қатты. Денесі дүрдей көрінгенімен, даусы шәңкілдеп, бір түрлі қызық естіледі.

— Ал өзің кім боласың? Біз кез келген қазаққа жауап беруге тиіс емеспіз, — деді суырдың айғырындай шақ-шақ етіп.

— Мен бе? Қаракерей Қабанбай батыр дегенді естулеріңіз бар шығар... Мен сол кісімін.

Қабанбай атын естігенде қалмақ елшісінің көз шарасы үлкейіп, «мынау шын айтып тұр ма?» дегендей, батырдың бас-аяғына сүзіле қарап шықты.

— Солай де... Біздің талай ойраттың қанын төккен Қабанбай деген жәйт бар деуші еді, сол сен екенсің ғой. Болса болар!

— Бірақ мен, елші мырза, ойрат ордасын әлі бір рет барып шапқан емеспін, — деді Қабанбай езу тартып. — Ал қазақ жеріне қасқыр боп тиген қалмақты аямағаным рас... Сонда кім дейміз сізді?

— Мен — орыс еліне сапар шегіп бара жатқан ұлы қонтайжының елшісі — Ошыржап боламын! — деді елші өзін әлі де тым асқақ ұстап. — Ал мына қасымдағы кісі — Жоңғар ордасына барып қайтқан орыс елшісі Угримов мырза... Жігіттерің шетінен бейбастақ, тым әдепсіз екен. Қаруымызды сыпырып алып, өзімізді зорлықпен байлап әкелді осында.

— Қолдарын шешіңдер! — деді қолбасы Шынқожаға бұрылып. — Бірақ қаруларын бермей тура тұрыңдар.

Байлаудан босап, ес жиып алған соң, қалмақ елшісі қайтадан күшейе бастады:

— Тарбағатайдың бұл қапталы түгелімен ұлы қонтайжының иелігінде емес пе еді? Сендер бұл араға қалай келіп қалғансыңдар? — деген маңғаздана түсіп.

Шамасы, Ошыржап елшінің сөздік қорында «сіз» деген сыпайы сөз жоқ болуы керек. Әлде алдын-ала ықтырып алғысы келген түрі ме, кімге де болса «сен» деп әспенсі сөйлейді екен. Қабанбай мырс етіп күлді де:

— Жоңғар атының тұяғы тиді дегеніңіз болмаса, бұл өңір — қазақтың байырғы мекені ғой, елші мырза. Мен білсем, ойрат қолының осы шегінгені — шегінген. Келесі бір келгеніңізде, құдай бұйырса, сіз бен біз Барлық тауының бауырында кездесетін шығармыз! — деді әр сөзін балғамен ұрғандай шегелеп.

Ошыржап бұл сөзге жауап қатпай, батырды оқты көзімен ата бір қарап қойды... Қабанбай есімі аталғанда екі орыс бір-біріне мәністі көз тастап, өзара сөйлесіп отырған. Ошыржаппен арадағы әңгіме саябыр тапқан кезде, жаңағы қаба сақалды егделеуі бұған қарап бірдеңелер айтты да, қалтасынан түтікке салып шиыршықтаған қағаз алып ұсынды.

Қабанбай түтікшені қолына алып, орауын жазып көрді де:

Қап, мына теріс жазуды оқитын кісі керек қой! — деді айналасына қарап: — Жүсіп-қожа қайда екен, шақырыңдаршы!

Бір жігіт жүгіре жөнеліп, әлден уақытта Жүсіп-қожаны ертіп келді.

— Молдеке, сіз орысша білуші ме едіңіз? Мына ирек жазуды оқуға қалайсыз?

— Оқимыз ғой... Жас кезімде бұл жұрттың тілінен де хабардар болғаным бар. Бірақ кейін құран кариммен араластырмайын деп, аузыма алмай кетіп едім, — деді Жүсіп қағазға селқостау қол созып.

— Ештеңе етпейді. Зәруретпіз ғой... Адамдар арасына дәнекер болуды Алла-тағала күнәға жазбас, — деді Қабанбай күліп.

Жүсіп-қожа Хусни хатпен өрнектей жазылған құжатқа көз жүгіртіп қарап шықты да:

— Орынбордағы орыс ұлығы берген куәлік қағазы екен. Елші Угримов мырза Жоңғар ордасына барады. Жол-жөнекей Қазақ ордасын басып өтеді. Арадағы келісім бойынша, елшіге ешкім тосқындық жасамайды делінген... Аяғына мөр басылып, шекара комиссиясының қолы қойылған, — деді ол әр сезін мәнерлей созып.

Тамашаға қарап тұрған ауыл адамдары дуылдасып:

— Апыр-ай, біздің молда орысшаға да ағып тұр екен-ау!

— Хат таныған кісіге осы жазу біткеннің төркіні бір ме деймін...

— Тәйірі, орыс тілі құраннан қиын дейсің бе? Бәрі де қалам-шариптің қасиеті ғой! — дескен дауыстар естіледі.

Тілмаш табылғанға орыстар да қуанып, енді Жүсіп-қожаға бірдеңелерді бастырмалата айтып жатыр. Ара-арасында «Қабанбай батыр» дегені құлаққа жылы естілгенімен, басқасын ұғып тұрған ешкім жоқ. Қаба сақалдыны зейін қоя тыңдап алды да, Жүсіп-қожа ежіктеп аудара бастады:

— Орыс елшісі айтады: біздің үлкен ұлықтар Қабанбай батырды сырттай естіп біліп отыр дейді. Бүгін Сізді сәті түсіп көргеніне өте қуанышты... Егер Қабанбай батыр біздің бекіністерге қонаққа, не саудамен келсе, құшақ жая қарсы аламыз дейді.

— Онда мыналарға түсіндіріп айт! — деді Қабанбай. — Ізгі ниетіне рақмет де. Дәм тартып жатса, алда барыс-келіс жасармыз. Алыстан келген сый елдің елшісі ғой, үйге кіріп сусындасын. Бүгін осында қонақ болсын! — Сонан соң жоңғар елшісі Ошыржапқа бұрылды. — Қазір арамызда жаугершілік болғанымен, қазақ-қалмақ киіз туырлықты, ағаш уықты ағайындас елміз ғой. Сіз де, елші мырза, қонақ үйге кіріп, бір малдың

басына бата жасап кетіңіз!

Соны айтып, елшілерге мал сойып, қонақасы беруді жігіттерге тапсырды да, өзі қасына Шынқожаны ертіп, үйге қарай бет алды. Ішке кірсе, Майсара қызыл танау қарбалас үстінде екен. Әлдебір теңдерді ақтарып, қымбат аң терілерін алып жатыр. Мына келген саудагерлерге өткізіп, қажетті бұйымдар сатып алмақ. Ауыл адамдарына, әсіресе, әйелдер үшін қайдағы бір елшіден гөрі оқта-текте сағындырып келетін Бұхар мен Қашқардың саудагерлері әлдеқайда сыйлы еді.

— Қатындардың көктен тілегенін жерден бергені-ай! — деді Қабанбай лекіте күліп. — Күн қапырық екен. Қымыз әкелдірші.

— Қазір, қазір! — деді асыққан Майсара теңнен алынған қасқыр, қарсақ, түлкі терілерін қызметші әйелге бөлек-бөлек будырып жатып. — Енді қайтейік? Ержеткен ұл, бойжеткен қыз ұстап отырмыз. Жасау-жабдық алуымыз керек. Мұндай керуен ауылға күнде келе бере ме?

— Ендеше, рақметіңізді маған айтыңыз, жеңеше! — деп Шынқожа сөзге араласты. — Мен ғой — бұларды алдыма сап айдап әкелген. Әйтпесе, төте жолмен тарта беруі де мүмкін еді.

— Үйбай-ау, аттеріс қайным да келіп қалған ба? — Қарбаласқан Майсара босағада тұрған жігітті енді байқады. Аталары Қожақұлдың аты кетеді деп, бұл ауылдың әйелдері Шынқожаны «аттеріс» деп атайтын. — Саған да рақмет, айналайын! Құдай өзіңе оңынан жолықтырыпты.

— Бұлар сонда асыл теріден басқаны алмай ма? Малға айырбастауға қалай екен? — деді Қабанбай төрдегі орнына жайғаса бастап.

— Ол жағын сөйлескеніміз жоқ. Әзірше алып жатқаны — тек тері, — деді буынып-түйініп болып қалған Майсара. — Өзің де сол жаққа барсайшы. Бәлкім, зәру заттар кездесіп қалар.

Майсара даяшы жігітке дастарқан жайғызып, қымыз әкелдірді де, өзі бір топ әйелді бастап, асығыс жөнелді. Таңертеңнен ат үстінде жүріп, шөліккеп келген батырлар қымызға бас қойған. Алғашқы екі-үш кесесін жедел-жедел тартып жіберіп, шөл басып алған Шынқожа қолбасыға мынадай сұрақ қойды.

— Осы мен бірдеңе білсем, ежелден-ақ Ақ патша мен ойрат ордасының ымы-жымы бір-ау деймін. Араларында елші көп жүреді ғой? Осылар бізге қарсы одақ құрып жүрген жоқ па екен?

— Кім білсін. Ашық шартқа қол қоймағандарымен өзара ішкі есеппен табысулары әбден мүмкін. Ақ патшаның бізге сипатпаған мылтығы мен зеңбірегін ойраттың қолынан көргенде, мен де сондай ойда қаламын.

— Ал біздің Әбілқайыр хан не бітіріп жүр? Оның да орыс патшасымен достасқанына біраз уақыт болды емес пе? Орыс төрелерін өзіне бейімдей алмағаны ма?

Қабанбай жымыып күлді. Жас та болса Шынқожаның алғырлығына, пайымдылығына разы боп қалды. Бірақ жас батырдың көкірегін кернеген қай сұрағына жауап беріп үлгірерсің.

— Сол Әбілқайырдың да орыс ұлықтарының алдында беделі кетіп болды-ау деймін. Естуімше, ол биыл көктемде тақ мұрагері Цеван Доржиға қызымды берем деп Жоңғар ордасына елші жіберіпті... Орыспен достасып шекесі қызған кісінің қылығы емес қой бұл.

— Ал саған керек болса! — Шынқожа аңырайып отырып қалды. — Әбілқайырыңыз сонда екі арада жүрген шөре-шөре біреу болды ғой?

— Соған жақын. Ал орыс — ойрат арасына келсек, Ақ патша жоңғарды біржола күшейтіп жібермегенімен, ептеп қолтығына дым бүркіп қойғанды теріс көрмейді.

— Неге? Қазақта басып алсын дегені ме сондағы ойлары? — деді Шынқожа жанарынан от ұшқындап.

— Қазақ жерін жоңғарға тұтасымен ұстата саларлықтай, Ақ патшаға ондай кең пейілдікті кім берсін?! Арамдықтың астары одан гөрі тереңде. Жоңғар хандығы шығыстан тыныштық бермей қыса түссе, Абылай мен Әбілмәмбет өздері-ақ келіп қолтығымызға тығылады деп ойлайды.

— Олардың осы ойын Абылай біле ме?

— Білгенде қандай! Ол қазір жоңғар жолбарысы мен Ақ патша-арыстанның әр қимылын бағып отыр.

— Құрысын. Мұның өзі анау-мынау адамның миы жетпейтін, бытысып жатқан пәле десеңізші! — деді Шынқожа қолын сермеп...

Біраз жүрек жалғап, қымызға қанып алған соң, бұлар далалаға шығып, жаңағы жайма базар жаққа беталды. Қас пен көздің арасында қала орнап қалған ба дерсін, ауыл сыртындағы тепсеңге қызыл ала, көкала шатырларды тігіп тастапты. Қашқардан шыққаны бар, Бұхар айналып келгені бар, кілең ала шапанды, ала тақиялы сарт-сауан қаптап жүр... Не жоқ дейсің бұл жаймаларда: Қашқардың матасы мен былғарысы, қытай жібегі, шыны-шәйнек, ыдыстар, Бұхар кілемі, Ауған мен Парсының сауыт-сайманы, алдаспан қылышы, неше алуан дәрі-дәрмек, бояу дейсіңбе, мыңсан түспен құлпырып, көздің жауын алады.

Бұл саудагер дегендер де айрықша қызық жаратылған жандар ғой. Бүкіл аспан асты осылардың өз үйі тәрізді. Ешкімді алаламайды, ешкімді

жатырқамайды. Қазақсың ба, қалмақсың ба, орыссың ба — оларға бәрібір. Ел мен елдің арасындағы шекара да оларға бөгет емес. Саудагерде дос та, дұшпан да жоқ, тек сатып алушы — қаридар ғана бар. Қазақ пен қалмақтың қырық жыл бойы қырқысып жатқаны олардың қабырғасына батпайды. Қайта сонысы жақсы. Соғыс ел басына мұқтаждық әкеледі, зәру заттар көбейеді. Мына сияқты сауда керуендері соғысқан әскердің ара-арасымен өтіп, өз кәсібін істей береді. Қайда барса да — аңсап күтіп отырған халық. Тап бір қырық жыл көрмеген туысын көргендей, жамырап алдарынан шығады.

«Бір есептен, бұлардікі де үлкен еңбек қой, — деп ойлады Қабанбай жаймаларды аралап келе жатып. — Қысы-жазы қаланы далаға жалғап, аттың жалы, атанның қомында көшіп жүру оңай дейсің бе?! Біз ғой, төрт түлік малдан төл алғанымызға мәзбіз. Ол да — табиғаттың тартқан сыйы. Ал мыналар тиыннан тиын тудырады ғой. Өлі заттың өзін өрбітіп, арасынан пайда түсіреді».

Қашанда отырықты, кентті халықтардың ұпайы түгел, өздеріне келетін пайда мен зиянды тез аңғарады. Міне, ойраттардың Оңтүстік Қашқарияны басып алғанына жетпіс жылдан асып барады. Есепке жүйрік ұйғырлар жоңғардың қайқы қылышына өздерінің төтеп бере алмасын жақсы біледі. Қаласын, қыстағын тастап, бір жаққа ауа көшетін де жағдайлары жоқ. Өз шамаларын өлшеп көрді де, бір тал оқ шығармай, жоңғарға бағына салды. Қашқарияда ойраттар қызығатын жайылым жерлер де көп емес-ті. Оларға керегі — сауда базары, ұйғырдың матасы мен кілемі, астығы мен жеміс-жидегі. Алым-салығын уағында төлейді. Басқа бұйым керек пе? Мархамат, келіңіз де пұлын төлеп ала беріңіз!

Сөйтіп, ұйғыр халқы көп жылдан бері сырттан келген зорлыққа жер тағандап шыдап келеді. Дегенмен ешқайда көшіп босқан жоқ, өздерінің қара орын, хан тағында отыр. Түптің түбінде есебі түгел. Қазір олар сауданың арқасында, ел қожасымыз деп шіренген қалмақтардың да қалтасын қағып алатын болған. Мінеки, жоңғар түмендерінің ат тұяғы жетпейтін жерде Қашқар саудагерлері емін-еркін жортып жүр. Бір тартқан жәбірі — ойраттар Қашқарияның біраз ұйғырларын Іле бойына күштеп көшіріп әкеліп, егін салдырып жатқан көрінеді. Мұнда да үлкен ұтылыс жоқ. Қайта өрісі кеңіп, жаңа, құнарлы жерлерге қоныстанып жатыр...

Жалпы, баяғы Мойыншор тұсында дәуірлеген ұйғыр мемлекеті IX-ғасырда қырғыздар тарапынан талқандалып, ыдырағаннан кейін, бұл жұрт отырықты елге айналып, атыс-шабыс, жаугершіліктен бойын аулақ ұстайтын болған. Соғыстан гөрі кәсіпке, бейбіт тірлікке бейімдеу. Бұлар Шыңғыс ханды да, одан кейінгі Шағатай-моғолды да қан төгіссіз, қол қусырып күтіп алған. Қазіргі ойраттармен ара-қатынасы да солай. Өзінен күші басым әрқандай жат жұрттық басқыншыны «келің, ака!» деп қошеметтеп қарсы алады да, кетерінде анасынан бір боқтап шығарып салады...

Қабанбай осындағы қыр қазағы мен қала саудагерінің тілдесу, арбасу тәсіліне қарап біраз тұрды. Көшпенді қазақ сауданың қай қитұрқысын біліп жатыр. Бірақ, өзінше, сонысын сездіргісі келмейді.

— Әй, тамыр, мынауың қанша тұрады? — дейді ауыл адамы әлдебір етікті, не камзолды көрсетіп.

— Бір мысқал алтын, немесе екі түлкінің терісі.

— Тү-у, удай қымбат қой, тегі! — дейді қазекен, тақ бір талай базарды аралап, дүниенің арзан-қымбатын түгел біліп тұрған адамдай.

— Енді қанша бересің?

— Бір түлкінің терісі де жетіп қалар. Өйткені түлкі деген сенің алдыңа «мә, терімді ала ғой!» деп өзі келіп жатпайды. Қансонарда ізіне түсіп, құмай тазыға, не қыран бүркітке алдыруың керек... Көрдің бе, қанша машақат?

— Етік те өздігінен тігіле салмайды, ака! Алдымен теріні илеу керек, былғары жасау керек...

— Сенікі, сірә, сатпайтын дүние болды ғой! — деп қазақ та өзінше қулық жасап, кетуге ыңғайланады.

— Онда түлкінің үстіне бір қарсақ қосыңыз!

Осылайша айырбас-сауда жалғаса береді. Мына келгендер несиеге бұйым бермейді екен. Айтты-айтпады, тұрлаусыз, ойпыл-тойпыл, жаугершілік заманда кейін көшпелі қазақты қай қуыстан іздеп жүреді? Ілуде-бір болмаса, тірі малға да айырбас жасамайтын көрінеді. Мынадай ұры-қары көп кезде бағып-қағуды, қоралап айдап жүруді қиынсынады.

Майсара ет қызумен біраз дүниеге сауда жасаған екен, әкелген терілері соның жартысына да жетпей қалыпты. Бұйымды кері қайтарайын десе көзі қимайды. Бір мезетте сол маңайда жүрген Қабанбайға жүгіріп келді.

— Аң терілері аздық етіп жатыр. Енді қайттік? Мыналармен сөйлесші: жетпегеніне мал алар ма екен?

— Нағыз делдалды жаңа таптың! — деді Қабанбай қалжыңдап.

Әйтсе де, «батырға да жан керек» дегендей, әйел сөзін далаға тастауға болмайды. Амал жоқ, керуен басын шақыртты. Басына зерлі тақия, үстіне жасыл жолақты жадағай шаман киіп, мөлідей қап-қара сақал-мұртын дөңгелете шырпып қойған керуен басы майлы қасықтай жылмаң қағады.

— Баһадүр ака! Сіздің атағыңызды алыста жүрсек те естіп жатамыз. Сізді бүкіл түркі жұрты біледі. Әдейі кіріп сәлем бергелі тұр едім, өзіңіз

келгеніңіз қандай тамаша болды! — деп асты-үстіне түсті.

— Алдымен сауданды реттеп алсайшы. Сәлем қайда қашады, — деп күлді Қабанбай. — Мына біздің бәйбішенің әкелген терілері жетпей жатқан көрінеді. Кемтігін малмен толтыратын бол. Жарамды ат аласың ба, түйе аласың ба, таңдау өзінде, — деген.

Керуен басы қатты қиналған түр байқатып, сәл ойланып тұрды да:

— Баһадүр ака! Біз әсілі тірі малға айырбас жасамаймыз. Жер шалғай, жаугершілік заманда айдап жеткізуі қиын... Ал сіз үшін бәрін де істеуге болады! — деді иіле тағзым етіп.

— Малдан қорықпа! — деді Қабанбай. — Өзің бара жатқан «Жетісарайға» дейін түгел біздің ұлыстың адамдары. Ешкім қиянат жасамасын деп, қолыңа қағаз жазып берсем, жете ме?

— Әп, бәракалда, Баһадүр ака! Егер ондай қағаз жазып берсеңіз, онда ірі қара малға алаңсыз айырбас жасап, және ол малды орыс қаласына өткізіп, екі жақты пайда табар едік! — деген керуен басы қуанышын жасыра алмай.

Майсара төлеуіне атан өгіз, ат беретін болып, тағы біраз дүние алды. Осында керуен келіп жатыр дегенді естіп, кезең астында отырған Ханбибі де жеткен екен. Қабанбай қос күндесті бәсеке таластырмай, бәйбішенің де көңілін тауып, керек-жарағын түгендеп алып берді.

Ертеңінде елшілер тобы өздерінше бөлек жолға шығатын болды да, сауда керуені осы ауылда әлі де бірер күн аялдап, асықпай ел аралап жүруге бел байлады. Бұрын олар бұл төңіректі елсіз, иен жатыр деп ойлап, жеке жүруге жүректері дауаламай, елшілерге әдейі ілесе шыққан екен. Енді, міне, саудаға сусап отырған шимандай елдің үстінен түсіп, Қабанбайдан сенім қағаз алған соң, қорқыныш жайына қалды. Бұларға керегі де осы еді. Жол-жөнекей қазақ ауылдарымен сауда жасап барады да, жинап алған асыл терілері мен төрт түлік малды орыс қалаларына бұлдап өткізіп, ол жақтан алған бұйымды қайтарда тағы саудалайтын болады.

Елшілер аттанар алдында Қабанбай әдейі қош айтуға келген. Кешеден бергі сый-құрметке риза болып, көңілдері жайланған жолаушылардың қабақтары ашылып, қунап қалыпты. Өзінше ешкімді менсінбей, шіреніп шекесінен қарайтын Ошыржап та бүгін тоңторыс күйден шығып, жылы шырай танытты.

— Шығысқа қарай жайдан-жай көшпеген шығарсыз, Қабанбай батыр. Батысқа бас ұрғаннан гөрі, біздің ұлы қонтайжыға бір табан болса да жақындағаныңыз ғой бұл. Ойрат жұртына деген ықалыс-пейіліңізді кешеден бергі құрметіңізден де көріп жатырмын, — деді ол өз сөзіне әр алуан астар беріп.

Оған Қабанбай да іле жауап қатты:

— Дұрыс айтасыз, мархабатты Ошыржап. Мен өз басым ешкімге жаулық тілемейтін адаммын. Қазақ — қашанда қонақжай халық. Кімге де болсын төріміз дайын. Ал көш жайына келетін болсақ, қонтайжыға емес, өзім туып-өскен атамекенге бет алып бара жатқаным рас. Өзіңіз жолда көрген де шығарсыз, қазір Жоңғар қақпасы атанып жүрген Тоқта-Барлықтың бауырында менің әкемнің бейіті жатыр.

Сірә, көштің басын кіндік қаным тамған сол өлкеге тірмей тоқтамаспын! — деді өзінің сертті сөзін тағы да қайталап.

Ошыржап та өтірік күліп, өзінше сөз астарын аңдамаған болды.

— Бәсе, ежелден-ақ ауылымыз аралас, қойымыз қоралас екен ғой. Біздің ұлы қонтайжының қолтығы кең. Тіл табысып, татулассақ қазақ-қалмаққа жер деген жетеді! — деп аяқ жағын жаймашуақтап жіберді.

Қазақ батырына орыс елшісі Угримовтың да айтары бар екен. Дәл жүрерде Қабанбайды оңашалап, тілмаштыққа Жүсіп-қожаны шақырып, бірнеше сауалға жауап беруін өтінді.

— Қазақ елі үш жүзге бөлінеді екен. Ұлы жүз түгелімен дерлік жоңғар қол астында. Ал Кіші жүз ханы Әбілқайырдың осыдан он бес жылдай бұрын Ресей патшалығына бодан боламыз деп ант бергенін өзіңіз білесіз. Сонда Орта жүздің не ойлағаны бар? Орта жүз ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтан 1740 жылы Ор бекінісіне барып, Ақ патшаға адалдық, сауда-саттық туралы келісімге қол қойды да, содан қайтып ол жаққа ат ізін салмай кетті. Осының себебін білесіз бе? — деген мұның бетіне сынай қарап.

Орыс елшісі былайша аңқаусырағанымен екі ел арасындағы қатынасты жақсы білетін, байыпты адам екені байқалады.

— Ол жағын, елші мырза, сол Ор бекінісіне барып, келісімге қол қойған Әбілмәмбет пен Абылай хандардың өздерінен сұрағаныңыз жон ғой, — деді Қабанбай езу тартып. — Мен ол сапарда болған жоқпын. Біз болсақ — қара халықтан шыққан батырлармыз. Сіздерше айтқанда, әскер басы. Мемлекет аралық мәселені бізде хандар мен сұлтандар шешеді.

Қабанбайдың шетелдік қонаққа сыр ашқысы келмей тұрғанын елші де түсінді. Көгілдір көзі ұшқындап, көдедей ұйысқан сақал-мұртын тулата күлді де:

— Бекер олай дейсіз, Қабанбай батыр. Қазір қазақ елін басқаруда батырлардың үлесі өте жоғары екенін біз жақсы білеміз. Мәселен, Жәнібек батыр, Сіздер оны Шақшақ Жәнібек дейсіздер ғой, өзіне қарасты біраз рулармен бірге Ресей патшалығының қамқорлығына бөленіп отыр. Ал

сіздің беделіңіз қазір кез келген сұлтанның жоғары. Соған қарамастан, осы күнге дейін Ресеймен арадағы бірде-бір келіссөзге, не ант беруге қатыспауыңыз қалай? — деді ортан қолдай ғып орап алған темекісін құшырлана сорып. Іле-шала танауынан будақтаған көк түтін сақал-мұртына сіңіп, бейне орман өртеніп жатқандай бір кейіпке түсті.

— Ел мен елдің арасындағы татулық, достық қатынасты мен де құрметтеймін, — деді Қабанбай. — Әйткенмен азаттықты бәрінен жоғары қоямын. Біреуге кіріптар болуға, бодандыққа жан-тәніммен қарсымын. Әсілі батырдың парызы — өз елін жат жұртқа бағынышты ету, құлдыққа түсіру емес, қолынан келсе оның бостандығын қорғау, туған жеріне көз алартқан жауды жолатпау. Мен өз міндетімді осылай түсінемін.

— Бірақ көп жылдан бері қазақ жерінің бір бөлегі жоңғардың табанында жатыр ғой. Оған қалай төзіп жүрсіздер? Ресейге арқа сүйемеген жағдайда ертеңгі күніміз бұдан да мүшкіл болады деп ойламайсыздар ма? — деді елші батырдан әлі де көзін айырмай.

— Қапыда соққан жоңғар қолының біраз жыл үстем болғаны рас, — деді Қабанбай. — Бірақ қазақ елінің жағдайы дәл сіз ойлағандай мүшкіл емес. Біз таяу жылдардың ішінде, ешкімнің көмегінсіз-ақ, басқыншыларды туған жерден айдап шығатын боламыз. Міне, көріп тұрсыз ғой, жау шебіне қаншалық тақау келіп отырғанымызды!

— Иә-иә, осыдан екі ай бұрын мен жүріп өткенде бұл өлке мүлде иен жатыр еді, — деді елші оны қостап. — Сонымен, жақында шабуылға шығасыздар ғой, шамасы?

— Ол жағын кесіп айта алмаймын. Аттаныс мерзімін бізде хан кеңесі шешеді.

«Тағы да бұлттарып кетті... Бәсе, Абылай хан неге қыңыр тарта береді десек, арт жағында тіреп тұрған осындай жау-жүрек батырлары бар екен ғой» деп ойлады Угримов. Бірақ сырттай сыр берген жоқ.

— Айтпақшы, қазір Барақ сұлтан қай қоныста отыр? Біз жүретін Семипалат жолында емес пе? — деп әңгімені мүлде басқа арнаға бұрып жіберді.

— Барақтың ауылы сіздерге тым бұрыс қой. Ол қазір Ұлытау өңірінде, Кеңгір өзенінің бойында отырған болар...

Елшілер сәскелік қымызға қанып алған соң көп бөгелмей аттанып кетті. Арадағы әңгімеден Қабанбайдың бір аңғарғаны: патша әкімдері Орта жүздің басты адамдарын сырттай жіпке тізіп, зерттеп біліп отыр екен. Ант ұстауға кімдер келді, кімдер келмеді, кімнің желі қай жақтан соғады — бәрі алақандарында. Қазақ даласы — қазір қамсауы жоқ, жыртық қостай. Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге кетеді. Қайшыалысып жатқан елшілер —

мынау. Күпінің битіндей еріп жүрген саудагерлер — анау. Ел ішіндегі жағдай, өсек-аяң орыс әкімдерінің құлағына жетпей жатыр дейсің бе?!

Арада бір-екі күн өткенде, саудагерлер де шатырларын жығып, тоғанақтарын арта бастаған. Дәл жүрерде керуен басы Дәуіт келді батырдың үйіне. Рақметін айтып, қоштасып аттанбақ. Құр қол емес, әрине, тарту-таралғысы бар: Қабанбайға күміс құндақты парсы қылышын, Майсараға шым жібектен тоқылған Кашмир шәлісін сыйға тартты. Сөз ләміне қарағанда, «Баһадүр акасына» дән риза. Саудасы күсет болып, шашетектен пайда түсіріпті. Бұдан кейін де бұл елге жиі-жиі келіп тұрмақ... Бірақ негізгі бұйымтайы бұл да емес, көмейінде астыртын айтар сөзі бар секілді. Дастарқан жиналып, үйде екеуі оңаша қалған кезде сыздықтатып әңгіме бастады.

Керуен басы жай ғана саудагер емес, патшалықтар арасындағы ахуалдан мол хабардар, әсіресе Жоңғар ордасының қазіргі жағдайын жақсы білетін сұңғыла кісі болып шықты. Саудасын істей жүре ақпарат жинап, біреуге біреудің сәлемін жеткізіп, құпия тапсырмалар орындайтыны көрініп тұр.

Бұл сапарында да Қабанбайға қазіргі ойраттың хан тағынан үміткер, азулы нояндарының бірі — Әмірсананың ауызша айтқан сәлемін ала келіпті. Барқытбелдің күнгеі мен теріскейін мекендейтін хойттар мен Дүрбіттердің жас нояны дәл іргесіне Қабанбай бастаған Найман көшінің ошарыла қонғанын естіп-біліп отырған көрінеді. Дүрбіттің кіші нояндары мен желғабыз жайсандары өздерінше намысқа шауып, қазақ көшінің алдын түре кумақ болғанда, Әмірсана басу айтып тоқтатыпты. Түбі ұлыс бегінің қазақ хандығымен түс жыртысатын ойы жоқ секілді. Бірақ хан ордасының басынан аттап арнайы елші жіберуге жүрегі дауаламай, мұндайда парыз-қарызы жоқ, ел аралап жүре беретін Дәуіт сияқты сауда адамын қолай көрген. Дәл аттанарда Әмірсана бұрыннан таныс керуен басын оңашалап: «Қабанбай батырға сәлем айт: іргелес келіп қонған екен, мүмкіндігінше тату-тәтті көрші болайық. Әзірше біздің ұлыс тарапынан қазаққа қауіп төне қоймас. Олар да бізге жаулық ойламасын. Өз басым қазақ ордасымен одақтасу жағындамын. Осы сәлемімді көлденең көз жоқ жерде батырдың өзіне ғана жеткізерсің» депті.

— Әмірсана мұндай сәлемді жалғыз маған ғана айтпаған болар? Хан ордасына жолдаған талап-тілегі жоқ па? — деді Қабанбай саудагерге сынай қарап.

— Иә, айтпақшы, Абылай ханға жазған хаты бар. Омбыға барар жолда Көкшетауға соғып, өз қолыммен табыстаймын, — деді керуен басы, «міне, көрдіңіз бе, сізден ештеңе жасырмаймын» дегенді көз қарасымен ұқтырып.

Қабанбай ойланып қалды. Бұл не сонда? Ноянның бұл сәлемі жай алдаусыратқан бұлаң құйрық емес пе? Бізді қамсыздандырып қойып, бір күні қапыда соғып жүрмес пе екен? Осы күдігінің шет-жағасын шығарып еді, Дәуіт саудагер басын шайқап күлді:

— Әй, олай бола қоймас. Қалмақ нояны да өзінің ертеңгі күнін ойламас дейсіз бе?!

Оның айтуынша, қазір Жоңғар ордасы екіге жарылып тұр. Әмірсана, Дабашы бастаған нояндар осыдан екі-үш жыл бұрын Халдан Цереннің ортаншы ұлы Цеван Доржиды әкесінің орнына таққа отырғызып, жас баланы өз ықпалдарында ұстамақ болған екен, оған щорс тайпасынан шыққан ақсүйек шонжарлар көнбей, бүлік шығарып жатқан көрінеді. Олар хан тағына өз қолайларына жағатын, Халдан Цереннің некесіз ұлы Лама Доржиды отырғызбақ. Егер билік басына кесіп алса қан шықпайтын безбүйрек Лама Доржи келсе, қан төгіс, қырқыстың әкесі сонда болады. Әмірсана, Дабашылар, міне, осыдан қауіптенеді екен. Ертең әлдеқандай заман орнап, бастарына күн туғандай болса, іргелес отырған қазақ елін пана тұтқысы келе ме, кім білсін қандай ойда жүргенін... Керуен басы осыларды айта келіп:

— Баһадүр ака! Ежелден тіліміз, дініміз бір, дін қарындас, туысқан елміз ғой. Өз басым қашанда қазақ бауырлар жағындамын, — деді оң қолын жүрегінің тұсына қойып тұрып. — Біздің Қашқарияда әзірше жоңғарға қарсы бас көтерер шама жоқ. Ана жылы сіздер қақ маңдайдан сокқанда, біздер көк желкеден түре қуатын жөніміз бар еді, ол да қолымыздан келмеді... Сондықтан шама-шарқымша сіздерге қызмет еткім келеді.

— Рақмет, бауырым! Сенің адал көңіліңе сенем ғой. Жортқанда жолың болсын! — деді Қабанбай қоштасарда. — Қайтарда ауылға соғып, көрген-білгенінді айта кетерсің.

— Келемін, баһадүр ака! Сөз жоқ, келемін! — деді Дәуіт басы жерге жеткенше иіліп.

Сауда керуені қозғалып кеткен соң, Қабанбай естіген-білгендерін ой таразысына салып, ұзақ отырды. Аңдысқан жауының алыста жатып, жалбақтап сәлем жолдауы — әрине, жақсылықтың белгісі. Ойрат шонжарларының қазақ елімен санаса бастағаны. Абылай Сарысудағы хан кеңесінде отырып: «өткен жылы жоңғардың күші бізден басым еді, биыл тепе-теңге жақындадық. Ал келесі жылы асып түсеміз» дегенде, ол өз мүмкіндігімізді ғана емес, жау күшінің қалай ыдырайтынын да есепке алған екен ғой... Бірақ ол осының бәрін қалай болжап білді? Әлде Жоңғар ордасымен астыртын қатынасы бар ма? Әй, солай болар. Қанша дегенмен, Халдан Цереннің алдын көріп, екі жыл сол елде текке жүрді дейсің бе?! Білетіндердің айтуынша, ол өне бойы қамауда отырмаған. Мырза тұтқын ретінде қалауынша ел аралап, емін-еркін қыдырып жүрген. Тіпті Дабашы, Әмірсана секілді жас нояндар Абылайға айрықша ілтипат білдіріп, ойын-тойға, серуенге шақырып, көп құрмет көрсеткен. Демек, сондағы сыйластық ізі әлі суымағаны ғой. Әмірсана мен Дабашы бұрын да Абылайға астыртын кісі жіберіп, жағдайды хабарлап отырмағанына кім кепіл?!

Сонда мұның аты не? Жеке адамдар арасындағы дара сыйластық па, жоқ, әлде екі елдің болашағына құрылған саясат па? Бірақ бұл Абылайға шексіз сенеді. Ол халықтың мүддесін аттап, әлдебір ойрат ноянымен құпия одақ құратын кісі емес. Саудада достық болмайтыны секілді, соғыста да солқылдақтық жүрмейді. Қазір хан мен қараны, би мен батырды біріктіретін бір ғана мақсат бар. Ол — қазақ жерін жау қолынан азат ету. Осы мақсат жолында ақырына дейін алысатын адамдармен Қабанбай дос та, одан бас тартып, түлкі бұлтаққа салатындармен бітіспес жау. Ол хан ба, қара ма, бәрібір, тұрысатын жерін айтсын, қылышын қанға малмай тынбайды.

X

Биылғы жайлау үсті үркін-шапқыннан ада, мамыражай, бейбіт өтті. Бір-біріне жау саналып келген екі ел Ақшәулінің қос қапталын иін тіресіп қатар жайласа да, әзірше көз алартысқан ешкім болған жоқ. Қазақ шаруасы да, қалмақ араты да қантөгіс соғыстан, атыс-шабыстан әбден қажыған-ды. Екі жаққа да тыныштық керек еді. Егер қырғын соғысқа зорлап итермелейтін қонтайжы мен хан, ноян мен сұлтан бітімге келсе, былайғы қарапайым халық өзара барыс-келіс жасап, араласып кететін түрі бар. Бұрынғыдай барымта-сырымта да жоқ, ары-бері өткен аяқты малды екі жақ та қиянатсыз қайырып беретін болған.

Бұрынғы соғыстарда қолға түскен, не шабындыда кеткен қазақтың талай жігіттері қарыс жердегі дүрбіт ауылдарында тұтқын боп сорлап жүреді екен. Ауыл арасы жақындағанда солардың көбі аман-есен елге оралды. Тағдырдың жазуымен қазаққа келін болып, арттағы туыс-жұрағатын бір көруге зар боп жүрген қалмақтың талай қызы осы жазда төркініне барып қайтты.

Қасына әйелі Шойқараны ертіп, қалмақ жұртына қайындап барған жігіттің бірі — Шағалақ. Шойқараның туыстарымен табысуы да қызық. Бір күні, ойында ештеңе жоқ, қатындармен бірге көрші ауылға тойға бара жатса, жол-жөнекей мал қарап жүрген қалмақтың жылқышысы кездесе кетеді. Түс салып қараса, әлгі адам Шойқараның туған ағасы болып шығады. Екеуі сол арада аттан түсе қалып, бассалып көріседі... Жөн сұраса келгенде, ауылдары екі-үш кезең астында, тіпті жақын отырғаны мәлім болады. Не керек, сол жолы Шағалақ қайнағасын үйіне ертіп келіп, қонақ қылып, ат мінгізіп жіберген. Арада апта өткенде Шойқара бала-шағасын шұбыртып, төркіндеп барып та қайтты. Шешесі әлі тірі екен. Әлдеқашан өлдіге санап, үміт үзіп қойған қызын көргенде байғұс кемпір қуаныштан жүрегі жарыла жаздапты. Шағалақ қайын жұртынан түйе жетелеп, ат мініп қайтты.

— Білмей жүреді екенбіз ғой, «Алтын шыққан жерді белден қаз» деп, баяғыдан қалмақты жағалауым керек екен... Бәрінен бұрын біздің үйдегі көген көздер жақыннан бері нағашысы бар балаға ұқсап қалды! — деп Шақаң қазір мұртын сылап отырады.

Шағалақтың жыры біте берген кезде ауылда төтенше жаналық болды. Ақшәуліден ары, Ұрыжарда отырған хойт тәйжісі Банжыр Қабанбайды ерулікке шақырып, арнайы кісі жіберіпті. Бұл тіпті күтпеген жағдай еді... Андысқан жау болғанымен баруға тура келеді. Қазақ ұғымында дәмнен үлкен ештеңе жоқ. Шақырғанға бармасаң, қорыққанға, не менсінбегенге жоруы мүмкін. Мұндайда сақтық ойлап, бұғып қалу — намыс. Ал Банжыр менсінбейтіндей кісі емес еді. Атақты Халдан Цереннің қарындасынан туған жиені, Әмірсана ноянның емшектес ағасы... Қабанбай қасына Төбет биді алып және Дәулетбай, Баймұрат, Шынқожа бастатқан отыздай жігіт ертіп, қалмақ ауылына баруға жолға шықты.

Басында қырсық жау қонаққа әдейі шақырып отыр ма, қапыда қолға түсіріп, қырып тастай ма, не болмаса тамаққа у қосып бере ме деген сияқты күдіктер де көп айтылған. Бірақ екі жақ бет көрісе келе сенімсіздік бұлты тез сейілді.

Бұлар әр бұлақтың басында иін тіресіп қонған қалмақ күрендерін аралай отырып, Банжыр ауылына ертеңінде түсте жеткен. Ұзаққа созылған үздіксіз соғыс ойраттардың да тоба қазығына жетіп, әбден тоздырғаны байқалады. Уақытша үстемдік алған, жеңген ел дейтін емес, қайда қарасаң да жақ-жұты, жүдеу тірлік көзге ұрады. Тіпті мыналардың қасында қазақтың азып-тозды дегені бекер сияқты. Әр ауылда уығы қарынсыз, жатаған боз үйлер некен-саяқ. Қалғаны — дауыл ұрып кеткендей қаптаған қара лашықтар. Жерге симай мыңғырып жатқан бәлендей көп мал да байқалмайды.

«Көн қатса қалыбына барады». Бұлардың да соғыстан олжа тауып, шекесі қызғаны шамалы екен, — деп ойлады Қабанбай іштей толғанып. — «Бүлінгеннен бүлдірге алма» дегенді қазақ бекер айтты дейсің бе. Дүниеде олжадан байыған кім бар? Біреуге жасаған зорлығың түптің түбінде өзіңе қорлық боп төнеді екен-ау!»

Үстіне қара мақпал шапан киіп, астына су төгілмес қара жорға ат мінген Банжыр бір топ адаммен Қабанбайды қозы көш жерден қарсы алды. Жасы отыздың ішіне енді ілінген, еңгезердей иір қара жігіт екен. Киім киісінен де, жүріс-тұрысынан да дәулетіне сәулеті сай, текті атаның баласы екені көрініп тұр. Көш жерден қонақтың алдынан шыққаны — қорыққандығы не туысынын кемдігі емес, үлкенді сыйлағандық деп түсіндірді Банжырдың өзі.

Бұдан кейінгі сый-сыяпат та аса жоғары деңгейде өтті. Қонақтар үшін арнайы үй тігілген, бие байланған. Қалмақтардың үй тұрмысы, ыдыс-аяғы ластау болушы еді, жоқ, мұнда тазалық жағы көз қуантады. Бәрі де ине-жіптен енді шыққан жаңа дүниелер. Қазақтар бір жерімізден мін тағып кетпесін деп, қатты дайындалғаны байқалып-ақ тұр. Банжыр қазақ салтын жақсы біледі екен. Қонақасыға әкелген құла қасқа байталға бата істетті де, қонақтардың көңіліне келмесін деді ме, қазақтың өзіне бауыздатты.

Үй иесі қазақша ағып кетпегенімен, бір шама таза сөйлейді. Дастарқан

басында өздерінің ата-баба, зәузаты жөнінде әңгімелеп отырды. Бұлар тегіннен ойрат ішінде «ақ тулы Хойт» аталатын ақсүйектер әулетіне жатады екен. Арғы аталары XVII-ғасырдың 30-жылдары торғауыт тәйжісі Хо Урлюкке ілесіп, Еділ бойына ауып барған көрінеді. Кейін, арада алпыс жылдай уақыт өткенде, хойт әулеті сондағы торғауыт ханы Аюкемен сиыспай, осы жүз жылдық басында Сібір жері арқылы Жоңғарияға қайта оралыпты.

— Демек, біздің аталарымыз өткен дәуірдегі қазақ-қалмақ қақтығысына қатысқан жоқ, — деді Банжыр қонақтарының алдында ақталғандай болып. — Керек десеңіз, арғы әжелеріміздің бірі қазақ болған көрінеді. Содан ба, қазаққа бүйрегіміз бұрып тұрады, — деп емен-жарқын күліп алды. — Ал әкеміз Үйзер-хошы деген кісі Еділ бойынан көшіп келіп, Халдан Цереннің қарындасына үйленгеннен кейін ғана соғыс ісіне араласа бастады. 1723 жылы біздің жоңғар әскері қазақ жеріне басып кіргенде, мына мен жеті жаста, ал менің інім Әмірсана небәрі бір жастағы бала болатынбыз. Осыдан-ақ байқап отырсыздар, екі елдің арасын егер қылған өткендегі қырғын соғыстарға біздің титтей араласуымыз жоқ.

Банжыр осылайша кілең қонақтарының көңілінен шығатын жағымды сөздер айтып отырды. Соған қарап, бұл батыл қадамның жайдан-жай жасалмағанын, мұның бір ұшы сонау Орқашар тауын жайлаған Әмірсанамен жалғасып жатқанын аңғару қиын емес еді. Әйтеуір, Жоңғар ордасының дәл қазір қақ жарылып тұрғаны, таяу мезгілде тақ үшін тағы бір шайқас басталатыны, сол кезде кейбір нояндардың қазақ хандығын арқа сүйеу еткісі келетіні бесенеден белгілі еді.

Үй иесінің он үш-он төрттерге келіп қалған Мүней атты ерке қызы бар екен. Балаларының үлкені, суының тұнығы. Бозбалаша киініп, бес қаруын асынып, күні бойы аттан түспейтін көрінеді. Қонақтардан жасқанбай, үйге еркін кіріп-шығып жүр. Тал шыбықтай майысқан жасөспірім қыз толыса келе хаса сұлудың өзі болып шығарында күмән жоқ.

— Біздің көгенбасы үлкеніміз, — деді Банжыр қызы далаға шығып кеткен кезде. Сонан соң төрде, әкесіне таяу жайғасқан бозбала Әліге күлімдей қарап отырды да, Қабанбайға бұрылып. — Біздің тұңғышымыз сіздің кенжеңізге тұстас келеді екен. Ежелден төскейде малы, төсекте басы қосылған елміз ғой, егер қалың малына шыдасаңыздар, құдалықтан да қашпаймыз, — деп қарқылдап күлді.

Бұл сөзге қонақтар да разы болысып, дуылдасып қалды. Сірә, Мүней қызды бір көргеннен ұнатып қалған ба, мұндай құдалыққа Әлінің өзі де кетәрі емес сияқты, екі беті бал-бұл жанып, үлкендер не айтар екен дегендей, әкесінің аузына қарап қалыпты.

— Несі бар, біздің қазақ кейде қалмақтың хандары мен нояндарынан зардап шексе де, қыздарынан еш жамандық көрген жоқ, — деді Қабанбай. — Қалмақ қызынан өсіп-өніп, ұрпақ жайған қазақ аз емес. Кешегі ұлы

ханымыз Өз-Тәуке де Жәңгір ханның қалмақ әйелінен туған. Бүгінгі бас иеміз Абылай да қалмақ ханшасын құшып отыр... Дәм-тұзымыз жарасып жатса, ата жолынан біз де қашпаймыз, құрметті тәйжі!

— Ой, бәрекелді! «Судың алдын шым бөгейді, даудың алдын қыз бөгейді» дейді біздің қазақ — Болашақ татулыққа балаларымыз дәнекер боп жатса, оған жететін не бар?! — деді Төбет би де оны қостап.

— «Жаксы сөз — жарым ырыс» дейді ғой. Қудай сол тілекке жеткізсін, — деді арадағы әңгімеге мейірлене түскен Банжыр. — Осы мен бір нәрсені түсінбеймін. Біреуінің желкесінде Қытай айдаһары, екіншісінің желкесінде Ақ патшадай арыстан төніп тұрғанда, өзара жауласатындай осы біздің қазақ пен қалмаққа не жетпей барады? Бір-бірімізді қанға бөктіріп, қыспаққа алғанда не ұшпаққа шығамыз? Одан да ауыз бірлікке келіп, елдігімізді, күшімізді сақтағанымыз жөн емес пе? Қырық жылғы кегімізді қуа бермей, тіл табысатын, татуласатын мезгіл жеткен жоқ па? Осыған сіз қалай қарайсыз, Қабанбай батыр?

Қабанбай алдындағы қымыздан бірер жұтып, сәл ойланып отырды да, көсіле сөйлеп кетті.

— Сөзіңді бекер демеймін, құрметті тәйжі. Қазақ-қалмақ киіз туырлықты, ағаш уықты, өмір бойы қатар көшіп-қонған ел едік. Кейде шабыстық, кейде табыстық. Төрт ойрат Қытай мен Халқадан ығысып, батысқа қоныс аударғанда, алдымен көшкен дүрбіт пен торғауыт қазақтың қолтығына кіріп, біраз жыл сайыпқыран Тәуекел ханның құзырына бағынды. Кейін қалың торғауыт, жаңа өзің айтқандай, кең қоныс іздеп Еділге көшті. Аяғына тұсау, жолына бөгет болғамыз жоқ Арада көп жылдар өткенде, хойттар мен торғауыттың тең жарымы Жоңғарияға қайта жөнкілді. Оған да кесе-көлденең тұрмадық... Сөйтсек, ойрат ордасы қазаққа қай жағынан тиісерін білмей орағытып жүр екен ғой, — деп аз-кем тыныстады. — Жаңа бір сөзінде өз әулетінің қазаққа қарсы жорыққа қатыспағанын еске салдың. Бәлкім, солай да шығар. Бірақ есінде болсын, тегінде бәле бастап, соғыс ашқан — Қазақ хандығы емес, Ойрат ордасы... Ал маған келетін болсақ, әкем Қожақұл да, арғы атам Мәмбет батыр да қалмақ қолынан қаза тапты. Туған ағам Есенбайды жиырмаға шығар-шықпасында дүрбіттер өлтіріп кетті. Жалғыз мен емес, осындағы азаматтардың ішінде жоңғар шапқыншылығынан зардап шекпеген, от басы аман отырған бірі жоқ. Осыдан-ақ біле бер — кімнің кегі кімге кетіп жатқанын...

— Бірақ, құрметті сардар, осы күнге дейін соның есесін он есе, жүз есе ғып қайтарған боларсыз? Қазір бұл елде Қабанбай батыр келе жатыр десе, жылаған бала уанады. — деді Банжыр оның сөзін бөліп.

— Артық айтып отырсың, тәйжі! — деді Қабанбай сәл-пәл шытынып. — Өйтіп үрей туғызатындай, әзірге ойрат еліне ойран салған жерім жоқ. Керек десең, туған жерім Тоқта-Барлықты бүгінге дейін дүрбіттер жайлап отыр. Судың да сұрауы бар, төрелігін өзің-ақ айтшы, осының бәрін жоқтамай, тектемей, қазақ қалай тыным табады? Бізге ешкімнің бір сабақ жібінің қажеті жоқ, тек өз жерімізді қайтарып алсақ болғаны!

Банжыр затында алды-артын ойлай білетін аңғарлы, ақылды жігіт секілді. Жүйелі сөзге таласпай, жығылған түр байқатты.

— Айтқан сөзіңізде қапы жоқ, Қабанбай батыр. «Біреуге ор қазба, ор қазсаң терең қазба — өзің түсесің» деп мен де ағайындарыма үнемі айтып жүрем. Бірақ бізді кім тыңдап жатыр? Сіздерде қалай екен, бізде хан ордасында отырғандар дүниедегі ең ақылды адам өзіміз деп ойлайды, — деп сөз аяғын әзілге айналдырды.

— Ұлыс бегі Әмірсана ноянға менен сәлем айт, — деді Қабанбай әлі де сабасына түсе қоймай. — Еліне бейбіт береке тілеп, бізбен тату тұрғысы келсе, әр кезде қолдан кеткен қазақ жерін түгел қайтарсын. Өздігінен қайтармайды екен, алда бір ұлы шайқастың күтіп тұрғаны анық. Бүгін, міне, сіз бен біз ойнап-күліп, бір дастарқаннан дәм татып отырмыз. Ертең екеуіміз қан майданда жекпе-жекке шықпасымызға кім кепіл? Кімнің басы кімнің қанжығасында кетерін Алла білер, әйтеуір, ақ найзаға кезек тиген соң, аянып қалмасымыз хақ, — деп ұзын мойын Банжырдың ой түсіп тұрған шұрқылтайына бір қарап қойды. — Зорлық жүрген жерде адалдық, достық адыра қалады. Жаңа айттым ғой: бейбіт бітімге келудің бір ғана жолы бар. Ол — басып алған қазақ жерін қарымтасыз қайтару.

Үй иесі сөзге шалымды, өте сезімтал жігіт екен. Қонақтар мен екі арада әлдебір салқындық орнай қалғанын аңғарды да, тез ойнақы қалыпқа көшіп:

— Бұрқынның өзі сақтасын, соғыспен қорқытпаңызшы кісіні! Қаны тасыған өзге қалмақтар не істесе де өзі білсін.

Ал өз басым Қабанбай батырға қарсы жекпе-жекке шығатындай, жанымды тастай алмай жүргем жоқ! — деп өзі де күліп, жұртты да күлкіге қарық қылды.

Осыдан кейін екі жақ та аңдысқан ресми сөздерге көп барысқан жоқ. Сол күні түстен кейін қонақтар қалмақ жігіттерінің ат үсті ойындарын тамашалады. Қазақ жігіттері теңге ату жарысына қатысқан. Абырой болғанда, елу қадам жердегі сырықтың басынан күміс теңгені атып түсіріп, бас бәйгені Баймұрат батыр жеңіп алды...

Ертеңінде қонақтар үй иесінен рұқсат сұрап, қайтудың қамына кіріскен. Банжырдың күні бұрын әзірлеген сый-сыяпаты бар екен. Қалмақ жылқысы шетінен қара бола ма, қалай, дәл аттанарда Қабанбайға сүліктей қара жорға ат мінгізіп, атан түйе жетелетті. Қалған ақсақалдар мен басты батырларды да құр қоймай, оларға да бір-бірден сәйгүлік тарту етті.

Сөйтіп, қазақтар өздерінің аңдысқан ата жауы қалмақ ауылында қонақ болып, көп сый-сыяпат көріп, олжамен оралған-ды. Бұл, шын мәнінде, үлкен бір жорықта жауды ойсырата жеңіп қайтқанмен пара-пар еді. Жоқ, тіпті маңызы жағынан одан да жоғары деуге болады. Майдандағыдай қан төгіп, құрбандық берген ешкім жоқ. Қас дұшпанды айбынымен ықтырып, мысымен басты деген осы емес пе?! Осыдан артық не керек бұл елге? Жалғыз Қабанбай ғана емес, оған ілескен жас батырлардың да мерейі өсіп, еңсесі көтеріліп-ақ қалған... Тек ойда-жоқта Арқа жақтан жеткен жайсыз хабар қолбасының тасыған көңілін су сепкендей басып тастады.

Бүгін түс әлетінде Тор жайлауда отырған Қабанбай ауылына бір топ адаммен, сонау Ақшатаудағы Қызайдың бас батыры Есенгелді келіп түскен-ді. Солар алғашқы аман-сәлемнен кейін, қымыз ішіп отырғанда, Арқадағы елдің жай-күйін баяндай келіп, бұл манай әлі құлақтана қоймаған тосын хабар айтты. Осыдан біраз күн бұрын Барақ сұлтан Кіші жүздің ханы Әбілқайырды өлтіріп кетіпті.

— Өлтіргені қалай?! Не айтып отырсың өзің?! — Қабанбай күтпеген суық хабарға селт етіп, шошына қараған.

Есенгелді де бұл оқиғаны анық өз көзімен көрмеген. Осылай қарай жүргелі отырғанда, Ұлытау жақтан келген жолаушылардан естіпті. Қан төгістің нақты қалай болғанын ол да тәптіштеп айтып бере алмады.

— Әсілі, жамандық жатпайды ғой. Әзірше ұзын құлақтың жеткізгені осы, — деді ол екі ұштылау жауап беріп. — Әйтсе де, Әбілқайырдың қаза тапқаны рас сияқты. Жұрттың айтуынша, Торғай мен Ырғыз өзенінің аралығында үлкен қақтығыс болған. Әбілқайыр хан Қарақалпақ көшін шапқалы келе жатқанда, Барақ сұлтан ара түсе ме, әлде Барақ сұлтан бастап бара жатқан көштің соңынан Әбілқайыр қуып жете ме, әйтеуір, екеуі көш жөнекей кездеседі. Өзіңіз білесіз, бұлар бір-біріне бұрыннан тісін басып жүрген жандар ғой. Сол арада қақтығыс болып, Барақ сұлтан жекпе-жекте Әбілқайыр ханды шауып өлтірген.

— Сұмдық қой бұұл!.. Қазаққа ендігі жетпегені осы еді! — Қабанбай аузына басқа сөз түспей, үнсіз түнеріп отырып қалды.

Тұла бойын ыза ма, өкініш пе, жіп тағуға болмайтын қат-қабат сезімдер билеп алған. Сонымен бірге шарасыздық та бар еді. Оның жанына батып, күйзелткен нәрсе — әрі-беріден соң, Әбілқайыр ханның мезгілсіз мерт болуы да емес, үш жүздің басын енді құраймыз ба деп жүргенде, ел ішінің қайта бүлінгені, тағы бір өнімсіз даудың басталғаны еді.

Әбілқайыр мен Барақ арасының барған сайын шиеленісіп, бітіспес өштікке айналып бара жатқанын осы жұрттың бәрі білетін. Алайда араздық түбі бұлайша өліммен тынар деп ешкім де ойлаған емес-ті. О заманда, бұ заман, бұл елде ағайынды өкпеге қиса да өлімге қиған бар ма еді?! Қазақ қазақ болғалы ата жаумен айқаста, қан майданда басын берген ержүрек хандар аз емес. Бірақ бұрынды-сонды өз ханының басын өзі алған жайт болмаған. Мұндай қатыгездік — діні жат, тілі жат, тақ үшін туған әкесін де аямайтын кәпір қауымына тана тән болып есептелетін. Ханнан қадір, елден береке кетті деген осы, әрине.

Барақ пен Әбілқайыр, басқа уақыт құрып қалғандай, тап мына ұлы аттаныстың алдында қылыш суырысқанын көрмейсің бе?! Жоңғар ордасы іштей іріп, қырқысып жатыр деп, соның әлсірегенін күтіп отырғанда, қас қылғандай, мына хан-сұлтандардың ел ішін тағы да ала-тайдай бүлдіргенін қарашы! Мұнын арты жақсылыққа соқпайтыны белгілі. Өз хандары қанға боялып жатқанда, Кіші жүз шонжарлары қандай әуенге басарын құдай білсін. Үйіне жеткен бөрідей азуларын айға білеп жүрген Нұралы мен Ералы сұлтандар әкелерінің құнын жоқтамай, үнсіз қалар деймісің?! Қанға — қан, жанға — жан деп, Барақтың соңына түсуі де мүмкін-ау! Өзінің қарауындағы ханы, құзырындағы құлы Әбілқайырдың қазасына Ақ патша да ара түспей, сұрау салмай қарап отырмас. Осының бәрін есепке алғанда, ел ішінде тағы бір жазылмас жара, бітпес пәле басталды дей бер...

«Қара жер хабар бермесін» дейді ғой мұндайда. Шындығына келсе, Қабанбай әу бастан-ақ Әбілқайырды ұнатпайтын. Бұл дегенде оның да іші-бауыры елжіреп тұрғаны шамалы еді. Екеуі өмір бойы салқын сәлемнен арыға барған емес. Ақтабаннан кейін қазақ хандарының арасында еті тірісі, әрі соғыс өнеріне икемдісі сол болды да, Әбілқайыр біраз жыл қазақ әскеріне қолбасы боп жүрді. Бірнеше ұрыста ханның қарамағында соғысуға тура келді. Сонда бір байқағаны: Әбілқайыр өзінің хан тұқымы, ақсүйек екенін бір сәт ұмытпайтын, қарадан шыққан батырларға асқақтап жоғарыдан қарайтын, мінезі ұйтқымалы, қытымыр адам сияқты көрінген. Оның жатса-тұрса ойлайтыны — қазақ жерін жау қолынан босату емес, әл үстінде жатқан Болаттын орнын басып, үш жүзге хан болу десіп жүрді білетіндер. Шұбаркөл, Бұланты бойындағы, Балқаш жағасындағы алғашқы жеңістен кейін, ол тіпті бұрынғыдан да мейманасы тасып, әспенсіп кеткен. Ал, шындығына келгенде, бұл жеңістер — Әбілқайырдың еңбегі емес, кемерінен асып буырқанған халық кегінің қарымтасы, сол халықты соңдарынан ерте білген батырлар еңбегінің жемісі еді. Қабанбай өзін айтпай-ақ қойсын, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Жасыбай, Малайсары, Саңырақ, Баян, Тайлақ батырлардың даңқы сол кезде көтерілген. Бірақ Әбілқайыр соның бәрін бір өзі иемденгісі келді. Ол Әбілмәмбет пен Барақ сұлтандарға да отандасым, қандас бауырым деп емес, хан тағына барар жолдағы қарсыласым, бақталасым деп қарады. Сұлтандар мен батырларды бір-біріне айдап салып, араға жік түсіріп, содан өзі пайда көрмекші де болды-ау!

Ең бастысы, ханның іші шынашақ айналмайтын тым тар еді. 1730 жылғы Аңырақай шайқасында он сегіз жасар Әбілмансұр жекпе-жекте қалмақ ханзадасы Шарыштың басын алып, «Абылайлап» жауға шапқанда, белгісіз балаң жігітке жұрт назары бірден аударылған. Әбілмансұр осыдан кейін-ақ Абылай атанып, оның ерлігі көпке дейін сөз болып жүрді. Не үшін екен, жас сұлтанның асқан ерлігін тек қолбасы Әбілқайыр ғана жақтырмады. Батырлар бас қосқан бір жиында Абылай есімін ататқызбай:

— Пай-пай, жігіттер-ай, алдындағы атан түйені көрмей, артында шашылып қалған құмалағын көреді екенсіңдер. Ата-бабаларың өмірі жауға шаппағандай, атын шығарғалы жүрген қайдағы бір өлерменнің ісін сонша мадақтағандарың не? — деп өлердей кейігені есінде.

Батырлар арасында Әбілқайыр тек өзінің қарындасын алған күйеуі Шақшақ Жәнібекті ғана бауырына тартып, оны көпе-көрінеу Орта жүз қолынан бөліп әкетті десе де болады. Аттаныс, не қорғаныс алдындағы кеңесте ұрыстың амал-айласы сөз болғанда, ол өз сөзінен басқаға құлақ аса қоймайтын. Жауды алдарқатып қақпанға түсіру, қос бүйірден қысу, ойда-жоқта көк желкеден соғу сияқты сыннан өткен ежелгі тәсілдердің талайы оның тұсында іске қосылмай қалды. Сол үшін Қабанбайдың да, Қанжығалы Бөгенбайдың да қолбасымен талай рет түс шайысып қалғаны бар. Қызу қанды Малайсары батыр бір жолы оны қылышпен турап тастай жаздап, қасындағы серіктері қамалап зорға ұстап қалған... Әбілқайырдың осы қылықтары айналасы бірер жылдың ішінде-ақ қазақтың іліп алар игі жақсыларын түгел түңілдіріп болған-ды. Оның енді бұдан ары әскер басында қалу-қалмауы екіталай еді. Әбілқайыр да, басқалар да науқасы созылыңқырап кеткен Болат ханның беті қалай қарарын күтіп жүрген. Болаттың өлімі күлкілдеген талай бітеу жараның бетін ашты.

Сол жылы күзде босап қалған Үш жүздің ұлы тағына жаңадан хан сайланды. Шарға түскен адам үшеу еді. Біреуі — Әз-Тәукенің немересі, Болаттың үлкен ұлы Әбілмәмбет те, екіншісі — Болаттың інісі, Орта жүз ханы Сәмеке, Үшіншісі — Кіші жүз ханы, әрі бас қолбасы Әбілқайыр. Былайғы жұрттың көбі-ақ Ұлы хан осы жолы Әбілқайыр болады десіп жүрген. Бірақ хан сайлауы кезінде билер мен ақсақалдар ақылдасып қойғандай, бір ауыздан Әбілмәмбет жағына шығып кетті.... Сондағы Әбілқайырдың тұлан тұтып тулағанын көрсең! Көп кешікпей-ақ оның қазақ жерін жаудан азат ету үшін емес, тек хан тағына бола соғысып жүргені әшкере болды. Мені Ұлы ордаға хан көтермедіндер деп өкпелеп, Алакөлдегі айқастың соңын күтпестен, Кіші жүз жасағын соңынан ертті де, ұрыс даласын тастап жүре берді. Оның соңынан көп кешікпей Шақшақ Жәнібек кетті бөлініп. Сәмеке ханның ішіне де қызғаныш құрты түсті.... Егер сол жолы қазақ қолы бытырамай, жоңғарға қарсы шабуылды үдете бергенде, қазақ жері жаудан әлдеқашан азат болар ма еді, қайтер еді.

Олай дейтіні; дәл сол жылдары Цеван Ребдан өліп, күндес қатыннан туған екі ұл — Халдан Церен мен Шуно Доба таққа таласып, ойрат

ордасынан береке кетіп тұрған-ды. Оның үстіне шығыстан Қытайдың кезекті бір шабуылы басталып, екі оттың арасында қалған жоңғардың негізгі күші сол жақта жүр еді... Амал не, құдайдың өзі қисынын келтіріп тұрған мүмкіндікті біздің қазақ пайдалана алмады. Ала ауыздықтың қырсығынан, қолда тұрған жеңіс қызыл түлкідей бұлаңдап, қыр асты да жүре берді. Әбілқайырды жек көргенде, Қабанбай оның басқа ұсақ-түйек мінездерін емес, тап сол жолғы опасыздығын кешірмейді.

Әбілқайыр содан бері шығыс аймаққа ат ізін салып, жоңғарға қарсы бірде-бір ұрысқа қатысқан жоқ. Ырғыз бойына барды да, тым-тырыс жатып алды. Жоқ, тыныш жатпапты. Өз туыстарынан өш алып, есе қайтару үшін, алыстағы Ақ патшаға хат жазып, қарауындағы қарашы халқымен бірге орысқа бодан болатынын білдіріпті. Ашу үстінде азат басын құлдық ноктасына қалай сұғып алғанын өзі де аңғармай қалса керек. Ресейдің де аңдығаны осы ма, кім білсін, кешікпей Петрбордан бір шоқынған башқұрт келіп, Әбілқайырға да ант ішкізіп, шоқындырыпты десіп жүрді білетіндер.

Бұл елдің Әбілқайырды көрмегеніне қанша жыл болды өзі? Тіпті өңі-түсін де ұмыта бастапты-ау... Соңғы рет Қабанбай оны Сәмеке ханның жаназасында көрген. Одан бері де он бес жылдың жүзі болыпты-ау. Әбілқайырдың онда жасы қырыққа жаңа ілінген, сақал-шашына қылау түспеген, ақборықтай әдемі кезі еді. Кейін көргендер тым ерте баршындап, қартайып кетіпті десіп жүрді. Бәлкім, солай да шығар. Біреудің құзырына құл болып бағыну, патша әкімдерінің көңілін қалай табам деп жалбақтау, балаларын алма-кезек аманатқа беру оңай дейсің бе? Соңғы жылдары кілең екі оттың ортасында, ұстараның жүзінде өмір сүрді ғой марқұм. Онымен бірге адасып опық жегендер, арт жақта лағынет айтып, қарғыс жаудырғандар қаншама!

Ақ патшаның күшімен Үш жүзді өзіне қаратып, Ұлы ордаға хан болғысы келіп еді, қазақтың басын қосқысы келмеген қожалары ол ниетін қолдамады. Орыстан от қару, үйретілген аңдыз әскер алып, соның күдіретімен жоңғарды түре қуып, қазақ-қалмақты таң қалдырмақ болып еді, Ақ патша көшпелі бодан жұртқа сенбеді ме, от қарудың маңына жолатпады. Ең соңында Еділ-Жайық екі өзеннің арасынан қоныс алып, тым құрыса соңынан ерген рулардың өрісін кенейтпек болған: Жайықтың жаңа қожалары жер бермек түгіл бекіністерінің маңынан да жүргізбеді. Не керек, ылғи бір сағым қуып сандалумен, құсалықпен өтті ғой марқұмның бар өмірі. Зайыры, патша әкімдері Әбілқайырдың «бодан болам» деген бір жапырақ қағазын алып алған соң, оны керек те қылмай тастап қойды-ау деймін... Соған қарағанда, байғұсты қан тартты ма, әлде жарық дүниеден уаз кешіп, Барақтың қайқы қылышының астына өзі барып түсті ме, кім білсін?!

Қалай болған күнде де, хан түбіне сұлтанның жетуі жақсылық емес. Рас, Барақ та — хан тұқымы, кешегі Шығай ханның шөбересі. Бірақ бәрібір қазаққа жат қылық, іштей іріп тозайын деген елдің кеспірі. Әбілқайырды —

терісінен туған жұттың жұлдызындай, құдай о баста қыңыр жүгіртіп еді, ақыры ол да өз түбіне жетіп тынды. Бірақ жамандық, жаулық атаулы осымен тына ма? Ол салған солақай соқпақ ертең-ақ шұбырынды жолға айналып, бүгін ол киген құлдық ноктасы ертең болашақ ұрпақтың басынан түспей қойып жүрмей ме? Міне, бар гәп осында...

Қабанбайдың басында осындай сан алуан сұрақтар туындап, тығырыққа тіреліп отырған бір тұста Есенгелді әдейілеп келген шаруасын айтты. Бұл да — көңіл көншітерлік әңгіме емес, ағайын арасының мәңгі бітпейтін ырың-жырыңы. Шыңғыстау, Ақшатау, Аягөз өңірінде иін тіресіп, үймелеп отырған Қаракерейдің Мұрын, Сыбан тармағы мен Матай-Қызай арасында биыл жаз жайлауда өріс-қонысқа таласқан қақтығыстар болыпты. Қаракерей жағы Ырғыздан таяуда көшіп келген Тобықтыларға, құда-жегжат ретінде, біраз қоныс кесіп беріп, оның есесіне көршілес отырған Қызай ауылдарын шөміштен қысқан жайлары бар көрінеді. Содан, қашанда ел берекесін ойлайтын Есенгелді ағайын арасын ушықтырмай, қызу қанды Қызай жігіттеріне әсте-әсте басу айтып, әуелі сардардың алдынан өту үшін осында әдейі келіпті... Қабанбай оның сөзін ширыға тыңдап отырды да:

— Жер дауы өріс тарлығынан туып отыр ма, әлде көңіл тарлығынан ба? Көңіл сиса, Шыңғыс өңірінде қоныс деген жеткілікті емес пе? Бөгде болса бір жөн, бір Төлегетайдың баласы өзара тіл табыса алмағандарың ба? Сол елде Ақтамберді мен Боранбайдан, Құттыбай мен Еспембеттен асатын дау бар ма еді? Олар қайда жүр? — деп Есенгелдіге ажырая қарады.

Қызай батыры қолбасының тым ашулы отырғанын сезіп, қипақтап қалды. «Қап, Әбілқайыр туралы жайсыз хабардан кейін осы әңгімені бекер бастадым-ау» деп өкінді ішінен.

— Олар бар ғой... Бәрі бар, — деді ол бұл жолы да жер жылжыса жылжымайтын сырбаз мінезінен жаңылмай. — «Лұхман Хакімнің өз емі өзіне ем болмапты» деген сөз бар. «Ит ұяласын қаппайды, қапса да тісі батпайды» дегенді де осы ел тегін айтып жүрген жоқ. Ауылдағының аузы сасық деп, өз ағайындары солардың айтқан уәжіне көнбей жүр-ау деймін... Сонан соң, амал жоқ, «қашқанның да, қуғанның да сиынары — бір құдай» деп, алдымен өзіңізге келіп отырмын, сардар аға!

Қабанбай ойланып қалды. Иә, осының бәрі тек көңіл тарлығынан емес, қу жердің тапшылығынан. Руларды да атақоныстан айырып, мидай былықтырған жаугершіліктің салдары. Бұрын Найманның Қаракерей, Матай рулары Шыңғыстау өлкесін қалмақтан босатқан соң өздері жеке иемденіп, еркін жайлап жатушы еді. Соңғы бес-алты жылдың көлемінде аржағынан Тобықтылар келіп қол созды. Күшпен емес, әрине, ағайыншылық жолымен. Бұл кезде Тобықтыда күш көрсетерлік қауқар жоқ болатын. «Ақтабан шұбырынды» заманында Арқа жерін айнала көшіп, қатты арып-тозған рудың бірі — осы Тобықтылар. Бұлар а дегенде Сыр бойынан үркіп, Жайықтың жоғарғы ағысына, Ордың қарағашына дейін барған-ды. Кейін Кіші жүз Ресейге қарап, Ор өзенінің бойына орыстар

камал орната бастағанда, үріккен жылқыдай қайта серпіліп, Ырғыз бен Торғай аралығына келіп қоныстанған. Бірақ бұл жер де оларға тұрақты пана болмады. Қара тартып барған туысы, Жеті момынның бірі — Шақшақ Жәнібектің де орысқа бет бұрғанын байқап, Тобықтының басшысы Мамай батыр енді көш бұйдасын шығысқа қарай бұрып еді. Әлгі Тобықты Қараменде бидің:

Басында Сырдан көшіп, Орға келдік,
Табан тиіп жүре алмай зорға келдік.
Құл алдында құрулы талқы деген,
Бұл жаққа баққа келмей, сорға келдік! —
дейтіні дәл осы кез.

Мамай батыр бастаған Тобықтының он шақты ауылы сол көшкеннен мол көшіп, Көкен, Орда, Доғалаң тауларының бөктеріне келіп қоныстанған-ды. Қазір де Уақ пен Найманның аралығында сынадай сығылысып отырған жайы бар. Бірақ бұлар шағын да болса көп көшіп, ысылған ауылдар еді. Мамай сияқты батыры, сұрыпталған сойдауыл азаматтары, Қараменде, Кеңгірбай тәрізді еті тірі билері бар. Орда, Доғалаң маңына келісімен іргелес отырған Найман руларымен қыз алысып, қыз берісіп, тез-ақ араласып кеткен. Алыстан арып-ашып келген аз ауыл ағайынға бұдан басқа ұтымды жолдың өзі де жоқ еді. Соңғы кезде Тобықтылар Көкен, Доғалаң төңірегіндегі Уақ ауылдарымен сиыспай, түстікке қарай жылжып, Шыңғыстауға бір табан жақындай түскен... Солардың дүмпуі енді, міне, Матай мен Мұрын арасында жер таласын туғызып отыр.

Осы жайларды бір сәт оймен шолған Қабанбай жол-жораға жетік, жорға тілді Есенгелдіге жан тарта жылып қарады. Қызай басшысының қайсы біреулерше бар кінәны қарсы жаққа аудара салмай, «сөздерін тыңдата алмай жүр, жер тапшылығын олар да көріп отыр» деп ағайынды арашалап, көп түйіндерді астарлап, майдалап жеткізгеніне разы болды.

— Жарайды, оның да бір жөні табылар. Есіктен кіре сала төр менікі деп жатса, Тобықтыға да тоқтау салып қоярмыз. Айтып отырғаның — ет пен терінің арасындағы ұшық қой, құдай сәтін салса бір үшкіргеннен қалмас! — деп көңілдене күлді. — Манағы айтқан хабарың шын болса, бүгін-ертең Арқа жақтан шапқыншы келмес деймісің. Шамасы, сендер жаққа жол түсіп тұр ма, қалай? Оған дейін осында бола тұрындар.

Айтқанындай-ақ, арада екі-үш күн өткенде, Абылай ордасынан жаушы келді. Әр рудың атқа мінер ақсақалдары мен билерін ертіп, туар айдың ортасында ордаға жетсін делінген. Шұғыл шақырылған кеңестің Әбілқайыр-Барақ ісіне қатысты екені айтпаса да түсінікті. Айтылған мерзімге әлі де айға жуық уақыт бар. Қабанбай қасына Есенгелдіні,

Төртуыл Төбет би мен Жұмық Тама батырды ертіп, ал Ақтамберді, Боранбай, Еспембет бастаған Мұрын, Сыбан кісілерін жол-жөнекей қосып алмақ болып, алыс сапарға аттанып кетті.

XI

Жол бойы бұлақ, бастау құр емес, қанатын жайып қатар қонған ауылдар. Биыл көктемде Арқадан ауып, ұлы көшке ілескен қалың Бәйжігіт пен Тума, Тоқпақ, Семізнайманы бар, Қаракерей әулеті жана қонысқа жапа-тармағай жайғасқаны байқалады. Ақши мен Аягөздің басын сонау Өкпетіге дейін Төртуылдар жайласа, Аягөздің орта ағысы мен Ақшатау, Шыңғыстау өңірін Мұрын мен Сыбан, Матай мен Қызай алып жатыр еді. Қабанбай іштей шүкірлік етті. Қырық жыл қырғын болса да, халық шіркін құрымай-ды екен ғой. Аз жылда өртенге шыққан алшындай қайта қаулап, өсіп кетіпті. Түтін саны ғана емес, жарықтық төрт түлік малдың да басы құралып қалған екен. Осылай ел іргесі тыныш болып, аман-есен тұрса, түбі қара ағаштай қалын Найман ен жайылған ежелгі қалпына қайта баратын түрі бар.

Қалың ел бас қолбасының жолын бөгеп, жүргізер емес. Бір малға бата жасатқысы келетіндер, тым құрыса үйге түсіп, қымыз ішіп аттаныңыз дейтіндер қаншама! Айтар алғыс, ықылас-пейілде шек жоқ. Қазақтың ұзын құлағы Қабанбайдың әнегүнгі Банжыр ауылына барған сапарын әсірелей дәріптеп, жалпақ елге жайып болған көрінеді: «Қабанбай отыз адаммен барып-ақ, ойраттың тәубесін бойына түсіріпті. Қалмақ ханы қонаққа шақырып, кешірім сұрапты. Аяғына жығылып, ат-шапан айып төлепті!» деп гуілдескенде, киіз үйлердің түндігі желп-желп етеді.

Сонан кейін бір байқағаны: қазақтың кәрі-жасы алдағы аттанысты асыға күтеді екен. Қалмақты шығысқа қарай түре қусақ-ау, сөйтіп, ел ырысы Емілді, Тоқта мен Барлықты, алтынды Алтай мен Марқакел, Зайсанды аман-есен көрсек-ау дегенде, көкіректері қарс айрылады. Сол күнге қашан жетерін әрқайсысы қолбасының өз аузынан естігісі келеді...

Алдын тосып, шылбырына оралатын ағайын күндіз жүргізбейтін болған соң, жүргіншілер енді кешкі салқынмен түнделете жортуды жөн көрген. Осылайша араға үш қонып, төртінші күн дегенде, бұлар Ақшатауда отырған Есенгелдінің ауылына келіп түсті. Кешелер жолда келе жатып-ақ, көршілес отырған Мұрын мен Сыбанға, Төртуыл, Матайға кісі шаптырып, алдағы сапардың да жайын хабарлап, ақсақал-билердің осында шұғыл жиналуын бұйырған.

Қабанбайдың бұл рет жол бойындағы қалың Қаракерейді қақ жарып өтіп, Қызай ауылына атбасын тіреуінде де үлкен мән бар еді. Әсілі, қазақтың өз ішіндегі дау-шарды тындырғаннан гөрі сыртқы жаумен шайқасқан әлде-қайда жеңілірек. Өмір мен өлім белдескен қырғын соғыста, әйтеуір, мәселенің басы ашық қой: не жеңесің, не жеңілесің. Адам тағдыры ақ білектің күші, ақ найзаның ұшында, көз алдында көрінеу шешіліп жатады... Ал өз ішіндегі ағайынның көңілін табу, ел бірлігіне нұқсан

келтірмей әділет таразысын тең ұстау дегенің — жатқан бір қиямет. «Ауру — астан, дау — қарындастан» дегенді бұл қазақ неге айтты дейсің?! Жеке адамдар ғана емес, рулар мүддесі безбенге түсетін мұндай жағдайда іргелі, жуан ауылдардың шамына тиіп өкпелетпеу, шәкене, шағын руларды шетке қақпай, шөміштен қыспай, сыбағаны тең болу асқан білгірлікті, жігілдікті қажет етеді. Билік айту қиын емес-ау, біліп айту қиын. Мұндайда Қабанбайдың талай рет сыннан өткізіп, көптен ұстанып жүрген өз жолы бар. Ол — әлсізді демеу, жақын туыс пен алыс ағайын дауласып алдына келсе, туыстан гөрі ағайынның жоғын жоқтау! Қанша қарманса да, таразы басын тең ұстаудың бұдан басқа жолын таппаған.

Бас сардардың жол бойындағы елдің ешқайсысына тоқтамай, өз ауылдарына келіп түсуі Есенгелді бастаған Қызай жігіттерінің еңсесін көтеріп-ақ тастады. Қонақтарды арнайы тігілген ақ үйлерге түсіріп, сойыс камдап, қарбаласып жүр. Жоңғар шабуылы қазақтың талай руларын құтты қонысынан айырып, қалыптасқан тіршілік қалпын бұзып, кіріштар, босқын күйге түсірді ғой. Сондай арып-тозған елдің бірі — осы Қызайлар. Осылар өздерінің бауыр басқан ежелгі ата мекендерінде жүрсе, бүйтіп өріс-қоныс дауы туар ма еді? Әншейінде алыстан сыйласып, бал жаласып отырған ағайынды бір-бірімен араз, ащы ететін де — жердің тапшылығы.

Әсілі, Матайдың Аталық атты бұтағынан тарайтын Қызайлар баяғы ел іргесі тыныш кезде Алатау бөктеріндегі Ақсу, Қапал, Қаратал бойын алып жатқан, бақарлы-шақарлы, өніп-өскен жұрт еді. Сол жерлерді жау қолында қалдырып, ойда-жоқта босқындыққа ұшырап, көрінгенге кірме атанып жүргені — соңғы отыз-қырық жылдың айналасы.

Жоңғар қақпасы арқылы Жетісуға ойрат қолы басып кіргенде, осы Есенгелді жеті-сегіздегі бала екен. Жау әскері жақындап қалғанда, әкесі Құдайназар батыр қалың елді мал-жан, бала-шағасымен Арқаға қарай көшіріп жіберіп, өзі жүз жігітпен қалмақтардың жолын бөгей түру үшін асуды күзетіп қалған көрінеді. Әйелі кішкентай екі ұлын бір атқа мінігестіріп, көшпен бірге кете барады да, бойжеткен жалғыз қызы Күлайым әкесін қиып кете алмай, тосқауыл топтың қасында қалады. Күлайым атқан оғы жерге түспейтін асқан мерген екен. Қиын асудың шығар аузына бекінген жүз жігіт қара құрым қалмақты екі күн бойы бері өткізбей, арыстанша алысады. Жақын келгенін жебеге түйреп, алыста сай табанында жүргендеріне тас домалатып, жау әскерін көп шығынға ұшыратады. Ақыры оқтары таусылып, әбден титықтап қалжыраған кезде ғана асуды қолдан беруге мәжбүр болады.

Ең аяныштысы — жаңағы жүз жігіттің бірде-бірі тірі қалмапты. Не бас сауғалап қашпаған. Бәрі де туған жер, ата қоныстары үшін жан қиған... Арада біраз уақыт өткенде, үріккен елден адамдар шығып, қалғандардың хабарын білейік деп қайта оралғанда, шетінен жебеге түйреліп жайрап жатқан жігіттерді көреді... Алдымен Құдайназар батырдың қасындағы қызына оқ тисе керек. Қайран ер қызын қорғаштап орнынан көтеріле

бергенде, өзінің де ту сыртынан ажал жебесі қадалып, екеуі құшақтасқан күйі жан үзіпті. Барғандар сол жерде әрқайсысына жеке-жеке қабір қазып, құрбандарды арулап көміпті. Көргендердің айтуынша, «Қызай қорымы» аталатын тас бейіттер сол маңда әлі де тұрған көрінеді.

Осы оқиғаны Қабанбайға ана бір жылы Есенгелдінің өзі айтып бергенді. Көкірегі қарс айрыла, көзіне жас ала отырып әңгімелеген. Не үшін екен, осы әңгімеден кейін ол Есенгелдіні бұрынғыдан ары жан тартып, жақсы көріп кетті. Қазір ойлап отырса, екеуінің мұңы бір екен ғой. Азаттық үшін алысып, жау қолында қаза тапқан әкелер, қыршын кеткен апалар мен ағалар... Бұл тірлікте туған жерімізді қайта барып көрсек-ау деген ортақ арман бұларды қатты жақындастырып жіберген. Содан бері Есенгелдіні азаттық жолында ақырына дейін алысатын, жауды жеңбей кегі бітпейтін нағыз сенімді серік, қайтпас қайсар іні деп танып еді...

Үйдегілер кейінірек аңғарды: ауылда қонақ күтуден басқа тағы бір қарбалас бары байқалады. Мана кеш батқалы Есенгелдінің өзі қонақтардың қасына орнығып отыра алмай, әлденеге алаңдап жүрген сияқты еді, енді бір мезетте ішке кіріп, үлкендерден кешірім сұрағандай қысыла тұрып жөнін айтты. Көрші отау үйлердің бірінде әйелі толғатып жатыр екен. Мана күндіз бұлар келгенде тып-тыныш жүрген кісі аяқастынан сыр беріпті. Сірә, бірден жан алқымға алып, қатты келген толғақ созылыңқырап, ана байғұс қиналып тұр ма, басқа ауыл адамдарының жүзінен де қобалжу білінеді.

— Толғақ ғайыптың ісі ғой. Ойда-жоқта осылай қабаттасып тұрғаны! — деді қаптаған жаудан қайтпайтын қайран ер мұндайда шарасыздық танытып.

— Е, құдай сәтін салып, аман-есен қол-аяғын бауырына алсын!

— Алланың рахымы мол ғой, келініміз тікенінен арылсын...

— Құдай бұйырса шілдеханаға қатысатын болдық қой! — десіп жатыр төрде отырған үлкендер.

Есенгелді бұдан кейін де байырқалап отыра қоймай, алаң көңілмен кіріп-шығып жүргенді.

— Сардар аға! — деді бір мезетте қонақ үйге қайта оралып. — Сіз құдай артық жаратқан шарапатты адамсыз ғой. Кісеңіз бен қылышыңызды беріңізші: қысылғанда келініңізге медет беріп, бөгет боп тұрған ібіліс-шайтан болса қуып тастар ма екен?!

Қабанбай сөзге келген жоқ. Орнынан лып етіп тұрды да, керегенің басында ілулі тұрған сарала кісесі мен сала құлаш қыпшақы қылышын қынабымен бірге өз қолымен алып берді.

— Мә, ала ғой! Ырым еткен екенсің, тәңір жар болсын, бауырым!

Есенгелді кісе мен қылышты аса бір киелі затты ұстағандай тәуе етіп, ерніне тигізді де, асығыс шығып кетті. Қонақүйде отырғандар әңгімелерін тоқтатып, бір сәт үнсіз қалған. Бәрінің өңінде әлденені күткен мазасыздық, қобалжу бар. Адам баласының дүниеге келуі қандай қиын еді?! Шауып алар жау емес, не билік айтар дау емес. Осында отырған батыр да, би де түгел дәрменсіз. Уақыт өткен сайын Қабанбай да шиыршық атып, мазасыздана бастады. Үй иесінің жаңағы ырымынан кейін болашақ нәрестенің тағдыры өзіне қарап тұрғандай, біртүрлі ыңғайсызданып отыр. «Япыр-ай, қырықтың бірі қыдыр деуші еді. Құдайы қонақ болып отырғанда қадамымыз құтты, қол-аяғымыз жеңіл болса екен! — деп тіледі ішінен. — Я, құдай, жан ғып жаратқаның рас болса, байғұс анаға оң толғағын бере гөр!».

Арада өткен бие сауымындай уақыт жылдай ұзақ көрінді! Мұндайда айтылар әңгіменің де қиюы қашады екен. Арғы-бергі шежіреге жүйрік Төбет би осының алдында ғана сонау Есім хан заманынан сөз қозғап отыр еді, жұрт назары басқаға ауып кеткен соң, ол да тоқтап қалды. Адамдардың жүйкесі жұқарып, шыдамы бітіп, шынғырта бұраған домбыра ішегіндей бір күйге жеткен. Толғатқан жалғыз ғана әйел емес, дүние түгел толғатып тұрғандай.

Дәл осы мезгілде... Әлде құдай сәт сағатын салды ма, әлде құрсақта жатқан сәбидің жарық көрер мерзімі жаңа толды ма, не болмаса даңқты батырдың кісесі мен қылышы әлі құрыған анаға шынында да күш-қайрат, медет берді ме, әйтеуір, көрші үйлердің бірінен шар ете қалған жас нәрестенің даусы естілді.

Үйде отырған үлкендер үстерінен зіл батпан жүк түскендей дуылдасып, төңірек лезде қуаныш үніне толып кетті. Кешікпей Есенгелді кірді үйге:

— Сүйінші, сардар аға! Дүниеге ұл келді! Өз елін жаудан қорғайтын тағы бір сарбаз келді! — деді қуаныштан өңі бал-бұл жанып. — Айналайын ағатай, бұл да сіздің шарапатыңыз!...

— Япыр-ай, жақсы болды-ау! Ал сүйіншіңді, ала ғой! Туманның бауы берік болсын! — деді Қабанбай да толқи тіл қатып. — Бірақ мен туралы жаңағыдай күпірлік сөз айтпа. Ебепке себеп демесең, бәрі бір Алланың қолында.

Ол бүгіннен бастап өзі жайында тағы бір аңыздың тарайтынын ойлап, бір жағы содан қысылып отыр еді. Үйдегілер дуылдай жамырасып, Есенгелдіге құтты болсын айтты:

— Иә, кішкентайдың бауы берік болсын!

— «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады» деген осы!..

— Иншалла, сардардың шарапаты тиген бала ғой, ол да жаужүрек батыр болатын шығар! — десіп жатыр.

Біраз күттіріп, қобалжытып келген қуаныш қандай! Бұдан ары ақ түйенің қарны жарылғандай, мереке-шаттық шарасынан асып, қонақасының арты тойға айналып кетіп еді. Лезде ауылдың әнші-күйші, жыршылары жиналып, дырду-думан түннің бір уағына дейін толастаған жоқ.

Ертеңінде түске таман Ақтамберді, Боранбай, Еспембет, Құттыбай бастаған Мұрын мен Сыбанның атқа мінер басты адамдары да келіп жеткен. Солар келісімен оңаша тігілген үйлерде өріс-қоныс тарлығынан туған ағайын арасының дау-шары жөнінде әңгіме басталып кетті. Жер таласы кезінде екі ел арасында қақтығыс туып, Қызай жағының бір-екі жігіті соққыға жығылған екен, соның да айып-анжысы қоса сөз болды.

Қабанбай екі жағын да арылта сөйлетіп, кезек тыңдап алды да, билік айтуды Қаракерей мен Матайға бірдей ара ағайын есептелетін Төртуыл Төбет биге жүктеді. Әсілі, Төбет қара қылды қақ жарған туралығымен исі Орта жүзге даңқы шыққан беделді билердің бірі еді. Қазақтың арғы-бергі заң, дәстүріне жүйрік, кімнен де болса тайсалмай, бетке айтатын мінезі бар. Оның үстіне Төртуыл — төрт Төлегетайдың кенжесі. Қай жағынан да жол сонікі еді. Төртуылдың бір бұтағы Ақбарақтан: Бұқа, Шөтік, Елтізер, Сүйіндік тараса, Төбет би мен Баймұрат батыр — Бұқаның немересі-тұғын. Арғы атасы Бұқа батыр — Салқам Жәнгірдің тұсында қол бастап, ел құрметіне бөленген кісі. Ойраттар ең алғаш Алтайдан бері асып, Барқытбелге сұғына кіргенде, көпке дейін табан тіреп, арыстандай алысқан ерлердің бірі сол Бұқа батыр болатын.

Бұқа әр жолы ұрысқа шығар алдында: «Өліп кетсем амал жоқ, ал көзім тіріде туған жердің топырағын ата жауыма бастырмаспын!» дейді екен. Батыр сол сөзінде тұрды. Ата жұртынан бір адым шегінбей, ақыры күші басым жаудың қоршауында ерлікпен қаза тапты. Ерлік болғанда тіпті төтенше. Бұқа батыр шағын ғана жасақпен келе жатып, ойламаған жерден ойрат әскерімен бетпе-бет кездесіп қалады да, қаптама соғысқа күші аздық ететін болған соң, амал жоқ, қалмақ батырларын жекпе-жекке шақыра беріпті. Сол арада едел-жедел бес бірдей қалмақтың басын қағып алады. Ақыры қарсы жақ шыдамай кетіп, арты қаптама ұрысқа айналады. Қазақтар көп күшке төтеп бере алмай қырғын тауып, өне бойынан қан саулаған Бұқа әбден әлсірегенде барып, қолға түсіпті. Ойраттардың да қанына қарайып өшіккені сонша, оншақтысы қабатынан келіп, жаралы батырды уыққа шанышқан шаңырақтай, найзаның ұшымен тік көтеріп алған көрінеді. Сонда есіл ер соңғы рет тіл қатып: «атаңа нәлет, ит қалмақ, өлсем де сендердің төбелерінде тұрмын ғой!» деген екен. Сол сөзі кейін нақыл боп, жалпақ елге жайылып кетті... Батырдың зираты бұл күнде Қарғыба өзенінің басында, «Бұқа шоқысы» аталатын Барқытбелдің бір шатқалында жатыр... Осы күнге дейін Төртуылдың келіндері батыр

атамыздың аты кетеді деп, зеңгібабаның еркегін «зор мойын» деп әспеттейді.

Қабанбайдай қолдаушысы қолына билік берген соң Төбет би тартынған жоқ. Әңгімені арыдан қозғап, Қаракерей мен Матайдың, Мұрын мен Қызайдың асты-үстін жездей қақтап, орағытып келді де, кесімді сөзін бір-ақ айтты:

— Қайран, Бореке-ай! Дарияның қасынан құдық қазғандай, сен отырған жерде сөз бастап, билік айтам деп ойлап па едім. Бұл төңіректе өзіннен асар сөз бар ма еді? Телі мен тентегінді тия алмай бүгін, міне, аулыңа топ түсіріп отырсың. «Періште қалғып кетсе, жын-сайтан ойына келгенін істейді» деген екен бұрынғылар... От басының кикілжіңі өрши-өрши ағайын кеселіне айналыпты. Ендеше мені де бір тыңдандар, жарандар! — деп Қаракерейдің бас биі Боранбайды жеңіл-желпі түйреп өтті де, сөзін онан ары жалғап әкетті. Төбе бидің бұл сөзінде Боранбайға қаратылған құрметпен бірге ағайынның өкпе-наласы да бар еді.

— У а, Мұрын мен Қызай! Екеуің ежелден бері-ақ бір түйенің қос өркешіндей, бір биенің қос емшегіндей күп жарасып, егіз өскен ел едің. Арыға барсақ, екеуің — бір Төлегетайдың баласы, беріге келсек — бір кісінің қызынан туған бөлесің. Аналарың — апалы-сіңлілі Нұрбике мен Күнбике — Ұлы жүз бір Бәйдібектің қызы емес пе еді?! Нұрбикені енелерімен аттас болған соң, абысындары «Қызай» атандырса, Күнбике анамыз мұрындылау кісі болған соң қайындары қалжындап, «Мұрын» атандырып жіберіпті. Сөйтіп етектерінен ұл саулаған қазақтың екі қызы екі рулы елге ана болып қана қоймай, сол елдердің есіміне, ұранына айналыпты. Бұл күнде Мұрынның келіндері арғы әжеміздің аты кетеді деп, бұл елді «Беттік көркі» деп атайтынын өздеріңіз білесіздер, — дегенде үй іші дүрлігіп, қозғалақтап кетті. Мұрын мен Қызайдың әйел аты екенін естісе де, екеуі бір кісінің қызы дегенді біреу білсе, біреу білмейді екен. Әсіресе, бертінде, жаугершілікте туған жастар жағы біліңкіремейді. Әр тұстан:

— Япыр-ай, солай екен-ау!

— Қандасып жүрсек, қарын бөле боп шықтық қой...

— Аруақ аттағандай, бізді құдай ұрған екен! — дескен дауыстар естіліп қалды.

— Солай, жарандар! Мен мұны жанымнан шығарып отырғам жоқ, атадан балаға мұра боп қалған шежіренің сөзі осы, — деп Төбет би сөз тізгінін қайтадан қолына алды. — «Екі аяқтыда бөле тату, төрт аяқтыда бота тату» дейді біздің қазақ. Жатыры жақын, өнеге-тәлімі ортақ болған соң айтқан шығар... Мұрын, сен бөленді бөтен санап, жақыныңды жарға итергенде не мархадам табасың? Қызай, сен өз ағайыныңа өкпелеп, түсінді суыққа салғанда қайда барып оңасың? Бұл қылықтарыңа кешегі Нұрбике

мен Күнбике аналарымыздың аруағы күніренбей ме?! Бетеге кетеді, бет қалады. Бір бұлақтың суына, бір сайдың шөбіне бола түс жыртыспаңдар, ағайын! Береке керек бұл күнде. Бір қолдың бес саусағы — жұмылса ғана жұдырық, жеке тұрса қылдырық. Жауыңа сыр алдырма, жақынның көңілін қалдырма. Көңіл сиса жер жетеді қазаққа. Абылайдай ханың, Дарабоздай батырың аман болса, өрісің әлі де кеңі береді. Басыңа Барқытбелді жастап, аяғыңды Алакөл, Балқашқа созып, еркін көсілетін күн алыс емес. Соған дейін барға қанағат, жоққа салауат етіндер. Сондықтан менің айтар билігім: Мұрын баса-көктеп тартып алған екі қонысты Қызайға қайтарсын. Естуімше, екі жақта да сойылға жығылып, сорпа ішіп жатқандар бар көрінеді. «Бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса — жең ішінде». Тепсініскен тентектер бір-біріне сый-сыяпат апарып, кешірім сұрасын... Ал екі рудың ағасы Боранбай мен Есенгелді астындағы аттарын ауыстырып мінсін де, осымен дау тынсын!

Төбет бидің кесіміне екі жақ та қарсы ештеңе айта алмады. Бүйрек бұрары, бұра тартары жоқ, ағайынның әділ сөзі деп бағалаған. Өз көңіліндегі межені дөп басқан сұңғыла биге Қабанбай да дән риза болды.

Ертеңінде қонақтар аттарын ерттеп, жол жүрудің қамына кірісті. Осы төңіректен қосылған Боранбай, Ақтамберді, Құттыбайлар да солармен бірге аттанбақ. Ендігі беталыстары — Көкшетаудағы Абылай ордасы. Екі ара — жайлап жүрген кісіге жарты айшылық жол. Мұндай алыс сапарға шығардағы әдет бойынша, жүргіншілер қос артып, сойыс қамдап алысты.

Дәл аттанар алдындағы сәскелік қымыз үстінде Есенгелді әлі бесікке де салынбаған әнеугүнгі кішкентай нәрестені құндағымен көтеріп келді.

— Сардар аға! Мынау — әлгі әуелі құдай, сонан соң өз шарапатыңызбен дүниеге келген бала ғой. Сізден қалған жәдігер-ескерткіш болсын, осыған енді дуалы аузыңызбен ат қойып беріңіз! — деді есік көзінде тік тұрған қалпы.

— Солай ма? Апыр-ай, ә... бұл жігітке — кім деп ат қойсақ екен?! — Қабанбай жөпелдемеде не айтарын білмей, абдырап қалды. Әркім әр түрлі кеңес беріп жатыр. Төбет би:

— Осы балаға өз атынды қойсаң қайтеді? Кейін еске алып, айта жүргенге жақсы! — деп еді, Боранбай отырып:

— Әй, өз атың ауырлау болады ғой. Кішкентай неме көтере алмай жүрмесе! — деп сақтық білдірді.

Бұл кезде Қабанбай орнынан сәл көтеріліп, жас баланы қолына алған болатын.

— Осы балаға ықыласым түсіп тұр. Өз атымды-ақ қояйын, — деді Есенгелдіге қарап. — Менің атымды көтере алса — Қабанбай болар.

Көтере алмаса — Жаманбай болар! — деп жұртты бір күлдіріп алды да, нәрестенің құлағына еңкейіп тұрып: «сенің атың — Қабанбай!» — деп үш рет айғайлады.

Көпшілік жан-жақтан жамырай қолпаштап:

— Дәу жігіт болсын!

— Қабекең секілді бұл да елін қорғайтын аруақты батыр болып өссін!

— Тіпті осы атты аман-есен көтеріп жүрудің өзі бір қазаққа аз олжа емес қой! — десіп гу-гу етеді...

Сонымен, тағы бір Қабанбай келді дүниеге. Ол үлкен Қабанбайдың орнын не басар, не баспас, әйтеуір, тірі жүрсін деп тілесті үйдегілер... Бірақ күндердің күнінде осы құртақандай сәбиден талай ұрпақ өніп-өсерін, олардың Қызай ішінде Қабанбай деген белгілі руға айналып, арада екі жүз жыл өткенде сол рудан өз елінің азаттығы үшін ақтық деміне дейін айқасар нағыз ерлердің шығатынын онда ешкім болжаған жоқ еді.

XII

Ұрымтал, төте жолдармен суыт жүріп отырған Найман кісілері жол-жөнекей Қарқаралы, Баянауылды басып, айналасы он неше күн шамасында Көкшетаудың да қарасын көріп қалып еді. Сапар алыс дегенмен, жүріс жайлы болды. Жол бойындағы Қаракесек, Атығай-Қарауыл, Қанжығалы руларын аралай, белгілі ауылдарға қона-түстене отырып, Абылай ордасына уәделі мерзімнен екі-үш күн бұрын жетті.

Алғашында Арғын улысының бас сұлтаны бола жүріп, 1735-жылы Сәмеке хан өлген соң, Орта жүзге хан көтерілген Абылайдың Көкшетауды жайлап қалуы жайдан-жай емес-ті. Арғын аға баласы, алты арыстың ішінде жөн-жосығы үлкен еді. Қарымы мол, өрісі кең, әрі Әбілмәмбет ханның қолдауымен Абылайды алғаш таққа мінгізген іргелі жұрт. Ақтабаннан кейін Арқаның ен даласын еркін иемденіп, бөлініп жарылмай тұтас отырған ел де — осы Арғындар. Бұлар бұдан кейін бір жақтан қоныс іздеп, ауа көшпейтіндей болып, түбегейлі орныққан. Ал ежелгі ата қонысы жоңғардың қарауында қалып, әлі де көші-қон үстінде ірге тебе алмай, әр жерде шашырап жүрген Наймандар мен Керей, Уақ туралы оны айтуға болмас еді. Сондықтан ақсүйек хан әулеті өзара сыбаға бөліскенде: Найман ұлысы Барақ сұлтанның үлесіне тиіп, Керей-Уақтың тізгіні Әбілмәмбет ханның үлкен ұлы Әбілфейіздің қолына берілді де, Арқадағы қалың Арғынның ортасын ойып, Абылайдың өзі қоныс тепкен.

Абылайдай азулы сұлтанды алысқа жібермей, орталарында ұстауға Арғын рулары да мүдделі-тұғын. Өйткені таяу болашақта тек Орта жүз ғана емес, үш жүздің ұлы тағына Абылай отыруға тиіс болатын. Келешек тақ мұрагері туралы сөз болғанда, ұлы хан Әбілмәмбет өз балаларының

ешқайсысын ауызға алмай, тақ иесі деп Абылайды атаған. Бұл — осыдан бес жыл бұрын, Абылай жоңғар тұтқынынан босап келгенде, той үстінде айтылған сөз еді. Әбілмәмбеттің: «ол үшін менің өлімімді күтіп отыру шарт емес. Абылай қай күні Ұлы хан болғысы келсе, тағымды түсіп беруге әзірмін!» деген сөзі көптің көңілінен шығып, өз хандарына деген құрмет-сенімдері арта түскен. Бірақ тақ мұрагері әзірше асығар емес. Ел билігі бірте-бірте аз құзырына ете бастағанымен, немере ағасының астындағы тағы мен басындағы бағына қызыққан жоқ.

Оның есесіне Артын рулары Абылайды енді ешқайда жылжымастай етіп, іргесін бекіте түсті. Хан ықласы тек біреуімізге тана ауып кетпесін деген қауіппен, өзара бәсекеге түскендей, Арғынның азулы деген алты руы алты қызын бір күнде көшіріп әкеліп, орданың қасына ақ отауларды тізіп тастады. Сонымен, Абылайдың қазіргі сегіз әйелінің бірі — қарақалпақ, екіншісі — қалмақ та, қалған алтауы — түгел Арғын қыздары-тұғын. Әйтсе де, уақыт өте келе мәлім болғанындай, мұның да екі жағы бірдей екен. Құдалық, қан араласу адамдар арасын жақындата түскенімен, «күйеу атымен құл тасы» деп қарайтын қазаққа хан қадірін кетіретін жері тағы бар. Күнде көріп араласып жүрген соң, ағайын арасында ырың-жырың, дау-жанжал да болмай тұрмайды. Соңғы жылдардағы Абылай мен Бекболат арасындағы араздық — осының бір дәлелі. Мұндайда Орта жүз ханы қасындағы қайын жұртынан гөрі алыстағы ара ағайын Найман мен Керей-Уаққа көбірек арқа сүйеп, таразы басын теңгеріп отыратын. Ал кейінгі кезде Абылайдың Ордадан ұзап, алыс жорыққа аттанбауын жеңіл ауыз жігіттер сан-саққа жүгіртіп, оның басты себебін жас иіс жаңа отаулардың көбеюінен көріп жүр.

Абылай ордасы биыл да Көкшетаудың Бурабай көліне жақын, шоқ-шоқ қайың, қарағай өскен, көк шалғынды сұлу бөктерінде отыр екен. Уақыт шалқар түстің шамасы болатын. Кезеңге шыға келгенде жасыл алаңқайға қатарлай тігілген көп ақ үйлі, сәнді ауыл бірден жарқ етіп көзге түсті. Одан ары бір шақырымдай жерде малшы-қосшы, төлеңгіттер ауылы қарауытады. Хан ордасынан да, ханымдар жайғасқан ақ отаулардан да бөлегірек, бір шетте қаз-қатар қонақ үйлер тігілген. Жүргіншілер алдан шауып шыққан төлеңгіт-жасауылдың бастауымен сол үйлердің сырт жағындағы кермеге келіп тоқтады. Жасы үлкен ақсақалдарды, батыр, билерді аттан қолтықтай түсіріп, құрақ ұшып жүрген даяшы жігіттер... Алыс жолдан келген құрметті адамдар алдымен осы қонақ үйлерде бел шешіп, шөл қандырып, ханға сонан кейін ғана тілдесіп, сәлем беруге тиіс еді. Найман кісілері өздеріне арналған ортадағы үлкен ақ үйге келіп кірді.

Кермедегі алуан таңбалы, түрліше ер-тұрманды аттарға, көрші үйлердегі абыр-сабыр қимыл, дабыр-дұбыр әңгімеге қарағанда, таяу маңдағы Арғын ғана емес, алыстағы Керей-Уақтың, тіпті Ұлытау Наймандарының да атқа мінер игі жақсылары кешелі-бүгін келіп болған секілді. Бұлар асықпай жайғасып, қымыз ішіп отырғанда, көрші үйлердің бірінен Бағаналы батыры Оразымбет келді. Қырыққа жасы енді ілінген, жалпақ жауырынды, сақал-

мұрты сиректеу, ұзын сары жігіт есіктен кірген бойда даурыға сәлем беріп, төрдегі үлкендермен төс түйістіре амандасып шықты. Мұнысы — басқалардан менің жөнім бөлек, жүрісім алыс болғанмен, туысым бірге, міне, өз үйіріме қосылдым дегенді ашық білдіргені. Онымен шұрқырасып бола бергенде Қызылсу-Шар, Қалба төңірегінен келген Көкжарлы Көкжал Барақ пен Бура Ақпантай, Саржомарт Танаш батырлар келіп қосылды. Сөйтіп, көптен көріспеген Найман батырлары бүгін хан ордасында қайта бас қосып, дуылдасып қалып еді.

Оразымбеттер Ұлытаудан кеше келіп түсіпті. Бұлармен қатарлас өз тобымен Барақ сұлтан да келіп жеткен көрінеді. Кеңеске келген басты адамдар қазір Абылай айналасында. Енді бәрі жиналып, төбе би — Қаз дауысты Қазыбекті күтіп отырса керек. Қазыбек келсе болғаны, Барақтың ісін қарайтын билер кеңесі өз жұмысын бастап кетпек. Оразымбеттің сонан кейін бір айтқан жаңалығы — хан ордасына сонау Орынбордан орыс елшісі келіп жатқан тәрізді. Елшінің бұл жолы қандай мақсатпен келгенін әзірше былайғы жұрт біле бермейді.

Алыстан келген жүргіншілер шел басып, жүрек жалғап алған соң, Абылайға сәлемдесу үшін бір тобы хан ордасына қарай бет алды. Бәрі емес, әрине. Қазір Қабанбай қасында әр рудан бір-бір адам: Ақтамберді, Боранбай, Төбет билермен қоса батырлардан Көкжал Барақ, Оразымбет, Баймұрат, Есенгелді, Еспембеттер ғана бар...

Орта жолда бұлар хан ордасынан шығып келе жатқан бір оқшау топпен ұшырасып қалды. Өңшең шошақ бөрікті, қамқа шапандарының етегі пұшпағына түскен, қаба сақалды біреулер. Шетінен шегір көз, шикіл сары. Сірә, орыс елшілері осылар болса керек. Қабанбай тобы ізетпен бас изесіп өте бермек болып еді, ен алда келе жатқан еңгезердей басшысы бұлардың тұсына таяғанда аз кідіріп, өз тілінде бірдеңе айтты. Таныс кісідей езуі жайыла күліп тұр. Қабанбай енді ғана шырамытты: осыдан екі-үш ай бұрын ойрат ордасынан қайтып келе жатқан орыс елшісінің дәл өзі. Тоба, мұның да жүрмейтін жері жоқ екен! Ол мұны көрген жерден таныса керек, қасына тілмашын шақырып алды да:

— Сау-саламатсыз ба, Қабанбай батыр? Міне, көрдіңіз бе, дүние қандай тар?! Сізбен тағы кездестік! — деді көңілдене тіл қатып.

— Елші мырза, өзіңіз де аман-сау барсыз ба? Сізді бұл жолы жоңғар сапарында емес, Қазақ ордасында көргеніме қуаныштымын! — деді Қабанбай да сәл байырқалап.

— Елшінің көрген күні осы ғой: бірде онда, бірде мұнда, — деді Угримов ескі таныстарша жан тарта сөйлеп. — Біз жана ғана Абылай сұлтанның қабылдауында болып, қоштасып шықтық. Ертеңдер, құда каласа, жүріп кетеміз бе деп тұрмыз.

— Жолыңыз болсын, елші мырза. Қазақ ордасына келуіңіздің алды-арты

бұл болмас.

— Мен де солай ойлаймын. Қош болыңыз!

Екі топ бір-бірінен ұзай берді. Қабанбай ойланып қалды. Елшінің Абылайды хан демей сұлтан деп атағанын есіне алды. Орыс өкіметі өз бекімінен өткен Әбілқайыр мен Әбілмәмбеттен басқаны хан ретінде танымайды деуші еді, сол рас болды ғой... Сонда қалай? Қазақ ордасында кімнің хан, кімнің сұлтан екенін солар белгілеуі керек пе?!

Хан ордасы — бір-біріне тіркестіре тігілген екі үй. Төргісі — уығын атпен жүріп шанышатын он екі қанатты, ою-өрнекті ақ орда да, ауыздағысы — одан гөрі ықшамырақ, бірақ сыртқы сәні бірдей, сегіз қанатты ақ үй. Ауыз үйдің сыртқы босағасында алдаспан асынып, найза ұстаған екі жасауың тұр. Ішке кірген кісілер артық қару-жарағын ауыз үйде қалдырып кетуге тиіс еді. Қабанбайды көрген жасауыл бегі қалбалақтап, әшекейлі жарма есікті өзі барып ашты.

Абылай орданың сол жақ қапталына таман, арқалығына күміс шытыра қағып, алтын жалатқан аласа тақтың үстінде отыр екен. Қасында ел адамдарынан: Барақ пен Әбілфейіз сұлтандар, Бұқар жырау мен Қанжығалы Бөгенбай батыр ғана бар. Қабанбай табалдырықтан аттаған бетте:

— Армысың, хан ием! — деп оң қолын кеудесіне қойып иілген кезде, Абылай да орнынан көтеріле берді.

— Бар бол, Дарабозым! Алыс жолдан арып-шаршамай, аман-есен жеттің бе? — деп тос түйістіре, құшақтасып көрісті.

Жасы сексеннің сеңгіріне таянса да, Бұқар атаң да әлі тың болатын. Бәрі де орындарынан тұрып, сағынысқан ағайынмен шұрқыраса амандасты. Ақтамберді мен Қабанбай төрге озып, Бұқардың қасынан орын алды да, қалғандары одан төменірек, жасына қарай жайғасып жатыр.

Абылайдың биыл отыз жеті мүшеліне толып, кемеліне келген кезі. Алтын зерлі айыр қалпақпен екі өңіріне, жаға-жеңіне зер тұтқан жібек шапан тал бойына құп жарасып, тақ үстінде айбынданып отыр. Осының алдында тана кіріп шыққан орыс елшілігі оң аяғымен келген бе, бүгін өзі айрықша көңілді екен. Найман батырларын көргенде бұрынғыдан ары масайрап, мерейлене түсті.

— Ел-жұртың тегіс аман ба, қадірлі Дарабоз? Құрметті ел ағалары, жаңа қоныс қалай? Жаудың төбесін көріп отырмаса, нағыз батырлардың ішкен асы бойына тарамайды деуші еді, қалмақ шебіне жақындап, көңілдерің орнына түсті ме? — деді жадырай тіл қатып.

— Шүкір, хан ием! Ұлытау өңірінен қопарыла көшкен қалың ел

Барқытбелдің батыс сілеміне барып тұмсық тірегенбіз. Әйтеуір, түбі баратын жеріміз ғой деп, жат жұртпен таласа-тармаса жайлап жатқан жайымыз бар, — деді Қабанбай көп атынан жауап беріп. — Бірақ жаудың шебін жұбаныш етіп қайтейік. Көрмей-білмей, қақтығыспай жүрген қалмақ па? Қайран ел атамекенге бір табан болса да жақындап, әзірше туған жердің төбесін көргеніне де дән риза...

— Әй, білмеймін, Дарабоз. Тәйжіге тай сойдырып, ерулік жеп жүргеніңе қарағанда, жағдайың жаман емес сияқты! — деп Абылай рахаттана күлді.

«Жеткізген екен ғой... Бәрін естіп-біліп отыр екен! — деп ойлады Қабанбай. — Әй, бұл қазақтың ұзын құлағына дауа болмас. Ел жеткізбегенді жел жеткізеді деген осы да».

— Бәрінен де қалмақ тәйжісінен ат мініп, атан жетелегенін айтпайсың ба?! Дарабоздың биыл шығысқа қарай елпілдеп, ерте көшуінің сыры енді мәлім болды! — деді, бұдан бес-алты жас үлкен болса да қалжыңдап ойнай беретін Бөгенбай батыр сөзге араласып.

Отырғандар жан-жақтан ұтылап, бастырмалатып бара жатқан соң, Қабанбайға да қару айтуға тура келді:

— Дұрыс айтасың, хан нем! Әлде қазақтың аруағының асқаны шығар, не болмаса қаптаған қалың көшті көріп қалмақтың сасқаны шығар, сондай бір сапардың болғаны рас. Дұшпаннан түк тартсаң да олжа дейді ғой. Соған өзім де қайранмын, — деп көңілдене күлді де, сөзінің соңын Бөгенбай батырға арнады. — Сен екеуіміз, Бөке, қалмақпен аз айқасқан жоқпыз ғой. Бірақ қас жауымның төрінде отырып, сый-сыяпат көрем деп кім ойлаған?! Бұл тірлікте оған да қол жетті.

— Қалай десендер де, Қабанбай батыр осы жолы өзінің Дарабоздығын тағы бір рет көрсетті. Жауды мысымен басу дейді мұның атын, — деді манадан бері әңгімеге араласпай үнсіз отырған Бұқар жырау бешпентінің қалтасынан шытыралы мүйіз шақшасын ала беріп.

— Иә, бұл да бір біткен іс болды! — деді Абылай өзінің байсалды қалпын қайта тауып. — «Үйреніскен жау атысарға жақсы» дегендей, қалмақпен алыстан аңдысқанша, осылай етегін баса, тықсыра барып қонғандарың өте дұрыс болды. Жақында Әмірсанадан хат алдым. Оларда дәл қазір қазақ көшін қайта серпіп тастайтындай қауқар жоқ секілді...

Қабанбай манадан бері қарсы бетте үнсіз отырған Барақ сұлтанға енді ғана түстеп қараған. Ақсұр жүзі қуқыл тартып, жақ еті ортайып, соңғы күндері едәуір жүдеп қалған екен. Биік қабақ астындағы от шашқан өткір көзі мен шалғысы тоқ қара мұрты ғана қаз қалпында. Әйтседе иіні түспей, еңсесін тік ұстап отыр. Өзіне Қабанбай назарының ұзағырақ аялдап қалғанын сезді ме, сұлтан бұған жалт етіп, күлімсірей қарады. Айтар сөзі де тілінің ұшында тұр екен:

— Аанада шығысқа бірге көшейік дегенде, сенің тілінді алмап едім, Қабанбай батыр. Сөйтсем, Әбілқайыр сорлының ажалына көрініп тұр екен ғой... Естіп жатқан шығарсың: айдын-күннің аманында хан ордасына істі боп келіп отырмын! — деді дауысынан болар-болмас діріл байқалып.

Ол, осылайша, үзеңгілес батыр досына сыр айтып, мұң шаққандай болып еді. Қабанбай талай соғыста бірге болған ер көңілді Барақты іштей аяп кетті:

— «Қысасқа — қан, оқысқа — құн» деген ғой хан жарығысында. Әдейі істемеген шығарсың, сұлтан. Сілтеген сойылдың бата тигенінен кейде қате тигені көп болады, — деп Барақтың аузына сөз салғандай болып еді. Бірақ теріс азу, қиқар сұлтан ондай жеңілдікке жармасқысы келмеді.

— Өйтіп, талқыға түсерде тал қармап, сыныққа сылтау іздеп қайтейін. Тіпті «арсыз қолым істеді, арлы бетім ұялды» деп мүләйімситін де жайым жоқ. Қолмен істегенді мойынмен көтерем де... Бейбіт күнде қанжарымның қанға боялғаны рас. Бірақ ол ағуға тиісті арам қан болатын!

Барақ сырттай қанша байсалды көрінуге тырысқанымен, іштей қатты жұқарып, ширығып отырғаны байқалады. Тағатсыздана, таусыла сөйлеген сұлтанға Абылай басу айтты.

— Жә, сұлтан, сабыр ет. Әлден от алып, қамысқа түсіп қайтесің. Айғаққа жүгініп, арыла сөйлейтін кез алда. Билер соты онсыз да асты-үстінді жездей қақтап, терінді шығарып тергейтін болар. Әзірше бал ашып, бас ауыртпай, атар оғымызды артқа сақтайық! — деген-ді.

Бұл сөзге Барақ та келісті:

— Жарайды, мен қойдым. Тіпті ендігі әңгімеге араласпай, мен осы жеке кетейінші! Мана орыс елшісі шақырып еді, рұқсат етсеңіздер, соған барайын, — деп орнынан тұрды да, есікке қарай бет алды.

Басқалар мән-жайға бұрыннан қанып отырған секілді. Абылай енді жаңа келген Найман кісілеріне бұрылып, шұғыл шақырылған кеңестің жағдайымен таныстырды. Ақыры кісі өлімімен тынған Әбілқайыр мен Барақ арасындағы үлкен дау, салт бойынша, Ұлы хан ордасында, Әбілмәмбет алдында бітуге тиіс екен. Бірақ үлкен орда биыл жаз қарбалас үстінде, ежелгі астана — Түркістанға көшіп жатқандықтан, бұл істі қарауды Абылайға тапсырыпты. Барақ негізінен Орта жүз сұлтаны болғандықтан, құн дауының шығыны мен шешімін әдейі осы елдің өз келесіне қалдырған көрінеді.

Міне, дәл осы мәселеге байланысты Орынбордағы орыс әкімі Неплюевтен де арнайы елші келіп жатыр. Шынын айту керек, Абылай ең үлкен қауіпті сол жақтан күтіп еді.

Қанша дегенмен, Әбілқайыр Ақ патшаның құзырындағы адам ғой. Патша әкімдері өз қарауындағы ханның өліміне құн төлегем деуге де, тіпті қанды мойын қылмыскерді жазалау үшін Барақты ұстап бер деп қатан талап қоюға да қақылы еді. Алайда, бір ғажабы, олар ондай ұшқарылыққа бармаған. Әбілқайыр — Барақ арасындағы жанжалды қазақтың ішкі мәселесі деп қарап, оның ақ-қарасын айыруды хан ордасының өзіне қалдырған. Басында Нұралы мен Ералы сұлтандар әке өлімін іздеусіз қалдырғысы келмей намысқа шауып, «қанға — қан аламыз» деп, өздерінше біраз қызынған екен, Орынбор әкімдерінің аужайын түйген соң, олар да басылып қалыпты. Әбілқайырдың өз кіндігінен тараған сұлтан ұлдары селқостық танытқан соң, Кіші жүздің өзге атқа мінер ақсақалдары да бел шешіп, білек сыбана қоймапты. Қазір кіші жүзде болары болған Әбілқайыр өлімінен гөрі, хан тағына енді кім отырады деген мәселе белең алып тұрған көрінеді.

«Есіл Әбілқайыр-ай, осыншама қор болармысың?! — деп ойлады Қабанбай жаны түршігіп. — «Екі кемеңнің құйрығын ұстаған суға кетеді» деген осы екен ғой. Неткен қайғылы хал еді?! Сонда қалай, ол бейшараның енді орысқа да, қазаққа да қажеті болмай қалғаны ма?»

— Сонымен бұл істі үш жүздің сарапшылары түгел қатысқан билер соты қарауға тиіс, — деді Абылай сөзін жалғастырып. — Құдияр би бастаған Ұлы жүз адамдары мен Сырлыбай бастаған Кіші жүз билері кеше келіп түсті. Енді осындағы Орта жүз билерін жасақтауымыз керек. Кеңес құрып, үкім айтуға жеті би жеткілікті десек, бір орын қашанда Найман атаңдікі ғой. Кімді ұйғарасыздар, ерік өздеріңізде. Ертеңге дейін ойланып жауабын беріңіздер.

Бірақ Найман кісілерінің жауабы дайын болатын. Бұлар қаралатын мәселені күні бұрын болжап, билер алқасынан орын беріп жатса ұсынармыз деп, орталарынан Боранбай биді ұйғарысып та қойған. Бәрі бір ауыздан соны атады.

Сонымен бұл әңгіме де шешімін тапқандай болды. Бұл кезде даяшы жігіттер төр алдына дастарқан жайып, қымыз құя бастаған. Қонақ үйдегі сый-сыбаға өз алдына, ең қадірлі деген кісілер Ордада хан қолынан дәм татуға тиіс еді.

— О, қу заман, қу заман! Ендігі көрсетейін дегенің осы ма еді?! — деді манадан құс жастықта шынтақтап жатқан Бұқар жырау осы кезде басын көтеріп. — Әбілқайыр, теріс те болса, хан деген аты бар еді, тым құрыса нағыз ерлерге ұқсап, жау қолынан да қаза таппады-ау! Оның да ажалы ауыл арасынан аспады. Біреу орыстың, біреу ойраттың жыртысын жыртып, қан болды деген не сұмдық?! Қасиетіңнен айналайын, қайран Асан Қайғы:

Бұдан соң қилы-қилы заман болар,

Заман озып, заң тозып, жаман болар.

Қарағайдың басына шортан шығып,
Балалардың дәурені тамам болар.
Ол күнде қарындастан қайыр кетер,
Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер,
Ұлы-қызын өзгеге бодан болып,
Қайран ел, есіл жұртым сонда нетер?! —

дегенде, ку заманның түбі осылай құбыларын білген екен ғой! Асан атан мұны осыдан үш жүз жыл бұрын, ноғай, қазақ екіге бөлініп, Орманбет би ордадан кеткенде айтқан екен. Көріпкелі бар кісідей, болашақты қалай дәл болжаған қайран сабаз?!

Бұл тұста дастарқан үстіне құрт, ірімшік, бауырсақ төгіліп, қазы-қарта, сары май қойылып, шөліркеген жұрт қымызға бас қойған-ды. Үлкен сырлы аяқтар қонақтар алдына бірден қатынап, қымыз қайта еселенген кезде, Боранбай би Бұқар жырауға қарап, бір сауал тастады:

— Бұқар аға! Сізден бір жағдайды сұрап, біліп алайын деп жүр едім. Жаңа өзіңіз айтқандай, қасиетіңнен айналайын қазақтың ұлы хандарының бәрі дерлік қан майданда, қырғын соғыста жүріп жан қиған ғой. Атақты Қасым хан мен Хақназарды алыңыз, Сайыпқыран Тәуекел мен еңсегей бойлы Ер Есімді алыңыз, солардың қай-қайсысы да туған ел, ата жұрттың бостандығы үшін басын берген...

Ал біз білмейтін есте жоқ ескі тауарыхта қазақтың хандары бірінің басын бірі алған кезі болған ба? Әлде бұл сұмдықты бірінші рет Барак сұлтан бастап отыр ма? — деген-ді.

Бұқар жырау өлең-жырдың ғана майталманы емес, ата дәстүріне, хандар шежіресіне де өте жүйрік кісі болатын. Алдындағы қымыздан сіміре жұтты да, іле сөйлеп кетті:

— Сұрап алғаның жөн, қадірлі би. Бұл жағдай ертең сендердің билік айтуларыңа да қажет! — деді жырау. — Мен білетін арғы-бергі тауарыхта Алаш ұлы ертеде ғұн, сақ, қаңлы, қарлық, түрік-түркеш атанып, бірде отқа, бірде бұтқа табынып жүрген кездерінде, қарындас бауырға қылыш сілтесе сілтеген де болар, бірақ берітінде сәждеге бас қойып, хақ жолына түскен қазақ қауымы өз алдына отау тіккен сонау Әз-Жәнібек заманынан бері тақ үшін, бақ үшін қан төгіскен жері жоқ. Қазақта ханның басын хан алған бір ғана жағдайды білем. Еңсегей бойлы ер Есім тақта отырған кезінде Ташкент билеушісі Тұрсын ханның басын алған екен. Тұрсын бөтен емес, сол Есім ханның ағасы Жалым сұлтанның ұлы еді. Бірақ ол мүлде басқа жағдай. Тұрсын Жаркент билеушісі Ахмет ханмен ауыз жаласып, өзінше

қазақ хандығынан бөлініп кетпекші болды. Арада соғыс басталып, көп қан төгілді. Ақыры Есім хан 1627-жылы Ташкентке басып кіріп, немере інісін сол үшін жазалады. Сонда ғой, төсегінде жатқан Тұрсынды Марғасқа жыраудың өлеңмен оятатыны:

Ей, Қатағанда хан — Тұрсын,

Кім арамды ант ұрсын!

Жазықсыз елді жылатып,

Жер тәңірісіп жатырсың.

Хан емессің қасқырсың,

Қара албасты басқырсың.

Алтын тақта жатсаң да,

Қазаң жетті — қапылсың!

Еңсегей бойлы Ер Есім,

Есігіңе келіп тұр.

Алғалы тұр жаныңды,

Шашқалы тұр қаныңды! —

дегенде, Тұрсын хан орнынан атып тұрған екен. Сол сәтте-ақ Есімнің алдаспаны опасыздың басын допша домалатып қағып түсіріпті...

— Бірақ сол үшін Есім ханды ешкім жазғырған жоқ қой, — деді, Боранбай әңгімені өзі қалаған арнаға қарай бұрып. — Қайта ел бірлігін қорғаған, эзезілдің жолын кескен деп бұқара халық жырға қосқан жоқ па? Ал бүгінге келсек, өз басы хан болмағанмен, Барақ та — хан тұқымы. Оның да істеп отырғаны — осыдан жүз жиырма жыл бұрынғы сол оқиғаның қайталануы емес пе?

— Барақ сұлтанның ата-тегі, дәрежесі Әбілқайырдан кем түскенді қойып, одан әлдеқайда жоғары тұр, — деді Бұқар жырау. — Ал Әбілқайырдың қылығы баяғы Тұрсын ханға ұқсай ма, жоқ па, ол жағын, қолында билігі бар адамсындар ғой, өздерің шешіндер. Тек көпшілік қауымның көңілінен шықсаңдар болғаны. Бүгіннің ғана емес, болашақ ұрпақтың да... Болашақ ұрпақ Барақ пен Әбілқайырдың қайсысын ақтап, қайсысына қарғыс айтады — билер үшін ең қиын нәрсе, міне, осыны дәл болжай білу!

Дастарқан басында сөзден сөз туындап, әңгіме қыза түсті. Бұрынғы

өткен бабалардың ерлігі, билердің әділдігі, тапқыр шешендігі еске алынды. Осындай бір сөздің кезегінде Абылай тағы да Бұқар жырауға қарап:

— Бұқар аға, әлгінде ғана Асан Қайғының бір өлеңін ауызға алып: «қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар» дедіңіз ғой. Сол сөздің мәнісі не? Қарағайдың басын шортан қалай шалады? Асан атамыз нені меңзеп отыр осында? — деген әңгімені мүлде тың арнаға бұрып.

Жырау жауап беруге асықпай, жаратпаған кісіше бурыл тартқан қалың қабағын төмен түсіріп, ойланып қалды. Сырт келбеті әлдебір жайды айтсам ба, айтпасам ба деп, екі ұдай күй кешіп отырған кісіге ұқсайды. Бір мезетте осындағы ханның да, қарашының да өз аузына қарап қалғанын аңғарды білем, басын оқыс көтеріп, ірге жақта тұрған домбыраға қолын созды. Қысы-жазы қанжығадан түспейтін жан серігі домбырасын алып, баяулата шертіп тағы біраз отырды да:

— Ендеше, тыңда, Абылай! Оның шешуі, мен білсем, былай болады, — деп біркелкі қоңыр дауыспен жырлай жөнелді.

Ханға жауап айтпасам,

Ханның көңілі қайтады.

Қандыра жауап қатпасам,

Халқым не деп айтады?

Хан Абылай, Абылай,

Қайғылы мұндай сөздерді,

Сұрамасаң нетеді?

Сұрағанда айтпасам,

Кісілігім кетеді.

Ал айтайын тыңдасаң,

Маған қаһар қылмасаң,

Қарағай — судан қашып,

Шөлге біткен бір дарак

Шортан — шөлге шыдамсыз,

Балықтан шыққан бір қарак.

Ойлама шортан ұшпас деп,

Қарағайға шықпас деп! —

деген тұсқа келгенде, жырау сәл тыныстағандай аз-кем бөгеліс жасады. Былайғы жұрт әр тұстан:

— О, пәлі!

— Созақ емес пе?! — десіп қошемет білдіріп жатыр. Алайда Бұқар қолпаш-қошеметке зәру кісі емес-ті.

Бейне жыр жолдарын дәл осы қазір өзі ойлап шығармай, ар жағынан тәңірінің сыбырлап аузына салғанын ғана айтып отырғандай, күйлі-мұңлы жолдарды үстемелетіп жалғастыра берді:

Күн батыстан бір дұшпан,

Ақыры шығар сол тұстан.

Құдайды білмес — діні жоқ,

Жамандықтан міні жоқ.

Түсі сары бір кәпір,

Аузы-басы жүн кәпір,

Басып кірер жұртыңа.

Жағалы шекпен кигізіп,

Бал май жағар мұртыңа.

Жебірлерге жем беріп,

Ел қамын жеген жақсыны

Сөйлетпей ұрар ұртына.

Бауыздамай ішер қаныңды,

Өлтірмей алар жаныңды.

Қағазға жазар малыңды,

Есепке алар барыңды.

Еліңді алар қолыңнан

Солдат алар ұлыңнан.

Тексізді төрге шығарып,
Басыңа сол күн туғанда,
Тендік тимес халқыңа.
Бұл айтқан сөзім, Абылай,
Болмай қалмас артында,
Құлақ сал мендей қартыңа!...

Жыр аяқталғанда, жұрттың қолпаштап қошемет жасауға да шамасы келмей, үнсіз сілейіп отырып қалды. Тек әлден уақытта Абылай ғана ес жиғандай болып еді:

— Ойпыр-ай, Бұқар ата-ай! Мынауыңыз неткен аяусыз, қасіретті жыр еді?! Сұмдық қой... Дәл осы жолы тіліңізге шоқ түссін, айтқаныңыз келмесін деп тілейік! — деген терең тыныс тартып.

— Қайтейін? Тәңірінің аузыма салып тұрған сөзі сол болса, мен қайтейін?! — деп жырауда күрсінді. — Көкіректе жатқан запыранды қолқалап шығарған өзің ғой, Абылай!

— Қазақта жоқ жосынды бастап, бодандық бұғауын мойнына ілген Әбілқайыр хан болса келмеске кетті. Әлі де қаупіңіз бар ма, Бұқар ата? — деді сөзге енді Бөгенбай батыр араласып.

— Әбілқайыр кетті-ау, бірақ оның басына киген құлдық нөктасы бізге мұра болып қалып қойды ғой! — деді Бұқар сұстанып, — Ертісті еңкейте, Жайықты жағалата салған тас қамал, бекіністер күн өткен сайын қос өкпеңнен қысып келеді. Оқпаны үңірейген от қару мен аңдыз әскер анау — айнала қоршап тұрған! Қайда барып жан сақтайсың? Қалмақ та — қазақтың сыңары. Елінді шапқалы елу жыл болса да, әлі іргесін бекіткен жоқ. Бір күні келген ізімен қайта көшері хақ... Мен мына қазық қаққан жеріне қала тұрғызбай қоймайтын тас қамалды тажалдан қорқам. Кент салғаны — кетпеске бекігені, қамал салғаны — қайтпауға кам жасағаны емес пе? Дәл бүгін сен екеуіміздің басымызға зауал төне қоймас, хан Абылай. Ертеңгі ұрпақтың көретін күні не болады, соны ойла!

Абылай бұдан ары сөзге араласпай, ақсұр жүзі қуқыл тартып, үнсіз отырып қалды. Дәл қазір оның басында да сан алуан сұрақтар қайшыласып жатыр еді. Әрине, мұның да Әбілқайыр ханға деген өкпесі қара қазандай. Өкпе емес, өмірі тарқамас кекті ашу... Әбілқайыр лағынет қамытын бір өзі ғана киіп қоймай, қазақ жерін сырттай саудалап, орысқа сатып кетсе, болары болып, бояуы сіңген дүниені бұл қалай қалпына келтірмек? Бәлкім, Әбілқайырды халықтың сол қарғысы мен болашақ ұрпақтың көз жасы жібермеген шығар... Осы ойларын мыналарға ақтара айтқысы келіп бір

оқталды да, бірақ сот алдында сырын сыртқа жайғысы келмеді.

Бұл дүниеде суқаны сүймеген адамы Әбілқайыр болса да, Абылай оның көзі тірісінде де, қайсы біреулерше, сырттай қыжыртып, ғайбат айтып көрген емес. Енді өлген аруақтың соңынан топырақ шашып қайтеді. Ойлап отырса, соңғы он-он бес жылда Әбілқайыр мен екеуі тіпті бет көріспепті. Марқұмның ішінің тарлығы сонша, Абылайдан қазақтың хандығы түгіл, орыс патшасының бодандығын қызғанушы еді. 1740 жылы Абылай мен Әбілмәмбет Орынбор әкімі князь Урусовтың шақыртуымен Ор бекінісіне барғанда, Әбілқайыр сол жолы ұлдарын жіберіп, өзі кездесуге әдейі келмей қалды... Орыс әкімдерінің маңына өзге хан-сұлтандардың келіп-кетуін ұнатпай, қазақ даласының кілтін бір өзі ғана ұстап тұрғысы келді-ау!

Абылайдың онда жасы отызға тола қоймаған, орыс елінің мінезін, ішкі-тысқы жағдайын біліңкіремейтін, әлі ысылмаған бұла кезі ғой. Ор бекінісіне барғанда, өз алдына бәлендей мақсат қоймай, Әбілмәмбет ханға ілесіп барған-ды. Сол жолы Ұлы хан басымен Ор бекінісіне Әбілмәмбеттің жетіп баруы да аңғырттық еді. Аңғырттық емес, ағаттық. Оны да, Абылайды да үйде отырғызбаған — осы Әбілқайыр тобының арандатуы. Ел ішінде Кіші жүзге орнаған «ұжмақ» туралы пыш-пыш әңгіменің тарап кеткені сонша, сол жылдар орыс ұлығына барып қол тапсырмаған, орыс қамалымен сауда-саттық жасамаған хан-сұлтанның қадірі қалмай бара жатты... Оның үстіне дәл сол қарсаңда Цедан мен Церен Дондоба басқарған ойрат әскері Ертісті құлдай дүркін-дүркін шабуыл жасап, мазаны әбден алып тұрған-ды.

1739 жылдың күзінен 1741 жылдың жазына дейін созылған бұл реткі шабуыл негізінен Орта жүзге қаратылған еді. Ең қиыны, осының алдында ғана Ойрат ордасы Омбы мен Орынборға елші жіберіп, шабуылдың бағыт-бағдарын солармен келісіп алғаны мәлім болды. Омбы әкімі П.Бутурлин мен Орынбор әкімі В. Урусов қазақтың Ақ патшаға ант берген хан-сұлтандары мен батыр, билерін «бұларға тиіспейсің» деп қорғап қалыпты да, ал орыс бекінісіне бармаған, Ақ патшаны мойындамаған хан, сұлтан, батырларды «қалай тонасаң да өз еркін» деп ойраттарға сыртынан нұсқап беріпті. Ертіс пен Есілдің бойымен кедергісіз, емін-еркін қозғалған Жоңғар қолы, әсіресе Әбілмәмбет пен Абылайдың сары ізіне түсіп, солардың соңынан ілескен Арғын, Найман, Керей ұлыстарын тонап, қанға бөктірді... Міне, осындай жағдайда Әбілмәмбеттің бір ойы — орыс ұлығымен тіл табысу арқылы ойраттың қысымынан құтылу болса, екінші бір ойлағаны — Ақ патшадан от қару, әскери көмек сұрау болатын. Бірақ ондай көмек берілмеді ғой. Князь Урусов кездесу кезінде ондаған зеңбіректен бір мезгілде оқ атып, от қарудың құдіретін алыстан көрсеткені болмаса, маңына жақын жолатпады. Айтпақшы, қонақтарының көзінше патшаға қарсы бұлғаққа қатысқан башқұрттарды дарға асқан екен ғой... Қандай қатігездік! Неткен дөрекілік. Одан өткен оспадарлық болмас! Өздерінше орыс қаруына қарсы келген бұратана жұрттардың көретін күні осы дегенді айдай әлемге паш еткен түрі.

Әрине, әдейі барған соң Әбілмәмбет пен Абылай да орыс елімен мәңгі тату-тәтті тұруға, Ақ патшаға адал болуға, соғыспауға, ары-бері өткен керуенді тонатпауға, бейбіт сауда-саттық жасауға ант беріп, қол қойды. Бірақ келісім сөз ішінде, ұлықтардың кейін өздерінше аударып, түрлендіріп алғанындай, «бодан боламыз, құзырыңа қараймыз» деген сөздер жоқ болатын.

Дегенмен, Абылай сол бір сапардың өзінде-ақ көп нәрсеге көз жеткізіп қайтты. Бүкіл Азияға астамси қарап, мейманасы тасып, мұртын ширатқан сарыала шенді патша ұлығы, оның алдында елпектей бас шұлғып, адал болуға, бодан болуға ант берген Кіші жүз қазағы, құба қалмақ, башқұрт кісілері... Тіпті қарап тұрудың өзі жиіркенішті еді. Соғыста жеңіп шығып, күшпен бағындырса бір сәрі ғой. Ал мұрты бүлінбей тұрып мұрит болғандарды, бопсаға шыдамай бостандығынан айрылғандарды бұл түсінбеген. Тіпті көп күшке, от қаруға төтеп бере алмай жеңілген күннің өзінде, ақырғы деміне дейін бас имей, алысып өткен ерлер болды ғой. Мәселен, өз кезінде Сібірдегі Көшім хан солай болды. Амалсыз ажал құшты, бірақ құлдықты мойындаған жоқ...

Не керек, Абылайдың орыс қамалына баруының алды-арты осы болды. Орынбордағы, Омбыдағы әкімдер талай мәрте шақырса да, ол жаққа екінші рет аттап басқан емес. Хандығыңды заңдастырып, патшаға бекіттіріп берейік деп те шырғалады. Бұл иілген жоқ. Өз халқының ақ киізге отырғызып, хан көтергені жетпей ме? Орыс патшасының бекітуі бұған не керек?! «Олжасына ортақ болмайын. Солақ мұратына жетсін» деп бәрін Әбілқайырға қалдырып кетіп еді. Енді оның ақыры мынадай болды.

Алыс болашақта кейінгі ұрпақ кімді даттап, кімді ақтап аларын бір Алланың өзі білер, әйтсе де Әбілқайырдың мына өлімі, патша әкімдерінің оны құнсыз, сұраусыз қалдыруы жұрт алдында біраз нәрсенің бетін ашқаны анық. Демек, Ақ патша өз мүддесінен басқа ешкімге де, тіпті ен берілген, бағынышты құлына да опа қылмайды деген сөз. Осыдан кейін жылуы жоқ, жылмаң күлкіге қалай ғана ішің жылиды?!

Жарайды, Әбілқайырдың түскен жолы жалған, күмәнды жол дейік, оның қарама-қарсысындағы мұның өз жолы дұрыс болғаны ма сонда? Ол қандай жол? Қара тұяқтан хал кеткенше ешкімге тізгініңді бермеу, бас еркінді, бостандығыңды сақтау... Бір сөзбен айтқанда, бодандық жолы емес, бостандық жолы! Бірақ ол енді мүмкін бе? Қол-аяғын байланып, жұлыныңа пышақ тақалғанда жүлқынудың не орны бар? Патша әкімдері Әбілқайырды керексіз қып тастаса, жана Бұқар жырау айтқандай, оны өз қажетіне жаратып болып, қыл тұзақты мойынға шықпастай етіп салған соң, өз күшіне сеніп істеп отыр. Қазақ жерін емін-еркін игеру үшін Ақ патшаға «біз саған бодан боламыз» деп қол қойған бір жапырақ қағаз керек еді. Ол қағаз қалталарында. Одан артық не керек? Қазақ жеріне кел дағы, қаланды салып, қаймағын қалқып ала бер!

«Ал егер Әбілқайыр сол жылы қатын патшаға қарайтынын білдіріп хат

жазбаса не болар еді? Одан бірдеңе өзгерер ме еді? — деген сауал қылт етті Абылайдың көңілінде. — Иә, көп нәрсе басқаша болар еді. Алыс болашақты кім білсін, тап осы жүз жылдықта олар қазақ жеріне қамалдар салып, дәл қазіргідей ішкерілеп кетпес еді. Ал әскер кіргізсе ше? Онда, амал жоқ, қасық қанымыз қалғанша соғысар едік. Жауынгер жұртымыз, арқа тірейтін шетсіз-шексіз даламыз тұрғанда, тіпті солардан жеңілмеуіміз де мүмкін ғой... Амалсыз жеңілген күннің өзінде ұрпақ алдында жүзіміз жарық, құдай алдында иманымыз кәміл болар еді. Кейінгі немерелеріміз бен шөберелерімізді әрі-сәрі күйге түсіріп, басын қатырмай, дос кім, дұшпан кім, анықтап көрсетіп кетер едік...»

Абылай ауыр ойдан серпіліп, басын көтеріп алғанда, үйдегілер басқа бір әңгіменің соңында отыр екен. Хан тізгінді қайтадан қолға алды. Отырған үлкен-кішіге жағалап көз тастады да:

— Ал, жарандар, бүгінгі әңгіме осымен бітсін. Бір-екі күннен кейін билер кенесі басталады. Олар Барақ сұлтанның ісін бір жағына шығарғанша, алдағы аттаныс жайы мен алым-салық, ғұшыр-зекет жөніндегі біраз шаруаны біз де бітіріп алармыз, — деді салқын жымиып.

Батырлар мен билер орындарынан тұрып, есікке қарай бет алды. Бұл кезде күн де еңкейіп, батыстағы «Жеке батыр» шынының шоқтығына иек артып қалған еді.

XIII

Сол күні түстен кейін Орынбордан келген орыс елшісі Угримов қасына осы елдің жол бастаушы қазағы Жәпек пен тілмаш башқұрт Абзаловты ертіп, Көкшетаудың хан ордасына таяу тұрған бір биік тұрғысына көтерілді. Мақсат — босқа отырғанша жер көру, әсем табиғатты тамашалау, одан қала берсе, түстікте тоя жеген бағлан еті мен сіреп ішкен қымыздың тоғын басу.

Жүргіншілер сай табанындағы сонау бір мойнаққа дейін атпен келді де, одан бергі қақпа тасты, қия жолдарда жүріс қиындап кеткен соң, жотаның басына жаяу көтерілді. Жол бастаушы Жәпектің еркіне салса, оның жаяу жүретін ойы жоқ, қандай биікке де атпен өрмелеп кете беретін түрі бар. Былайша, тілмаш та сыр берер емес. Таулы жерде ат үстінде өбектеп жүре алмаған — Артем Денисовичтің өзі еді. Бірақ онысын ашық мойындамай, «ендігі қалған жолды жаяу басып, қан таратсақ қайтеді?» деп тілек білдірген. Ток адамдарға өрге қарай жаяу жүру де оңайға түскен жоқ. Бас-аяғы жарты шақырым жерге үшеуі де алқынып қалды.

Бұлар қыр жалдың үстіне көтерілген соң өн бетін қызылды-жасылды қына басқан сандық тастың үстіне жайғасып, терлерін сүртіп, аз-кем тыныс алды. Ес жинап, жан-жаққа көз салғанда көрді ғой — еңбектерінің өтелгенін... Міне, ғажап! Артем Денисовичтің көз алдында тұнып тұрған тұтас бір сұлулық әлемі жатыр еді. Мына бір кемеліне келген қоңыр күзде

қарағай мен қайың аралас өскен ну орман сан алуан түрмен жүз құбылып, көздің жауын алады. Жапырағы сары алтындай судыраған ақ қайың мен мәңгі жасыл қарағай жазық ойпаттар мен биік беткейлерде кезектесе өріліп, кемпірқосақ тәрізді қызық белдеулер жасайды екен. Сол көріністен жанарынды тайдырмай отыра бергің келеді.

Ақ қайың мен жасыл шыршаға орыс өлкесі де кедей емес-ті. Бірақ мынау оған ұқсамайды. Мұндағы тау жоталары осы сұлулықты көкке көтеріп, әдейі көрмеге қою үшін жаралғандай. Егер қазіргідей ойпанда тұрып жотаға, жотада тұрып ойпатқа қарамасаң, құр ит тұмсығы өтпейтін меңіреу тайгадан ешкім ештеңе көре алмас еді ғой... Сол орманды өлкенің ен бойы — ойдым-ойдым жасыл көлдер. Бейнебір қолдан жасағандай. Бұл да бір шарада шайқалып жатқан қазақ қымызы дерсің!

Жәпектің айтуынша, мына оң қол жақтағы шаншылған биік шың — Оқжетпес. Оның етегіндегі айнадай жарқыраған айдын көл — Бурабай! Бейне бір табиғаттың өзі емес, ұлы суретшінің қолынан шыққан шедевр іспетті. Сонау бір жал тұмсықтың арғы жағында Шортанды көлі де таяу деседі. Ал осы маңның «Бурабай» аталатын себебі — ана бір көлденең жота төменде тұрып қарасаң шөгіп жатқан бураны еске салады екен... Мына сол қол жақта — «Жеке батыр» дейтін тағы бар. Шынында да, көлденеңінен қараған кісіге қожыр-қожыр тау жотасы шалқасынан түсіп ұйықтап жатқан дулығалы батырдан аумайды... Демек, мұндағы табиғат құбылыстары өлі күйінде қалмай, халық санасында қайта жаңғырып, өзінше бір ертегі-аңыздар туғызған.

Артем Денисович жол бастаушыдан әрнені бір сұрап, маңайына сұқтана қарап ұзақ отырды. Қазақтың Көкше — дегені жасыл деген ұғымды білдіреді дейді. Иә, айтса айтқандай-ақ бар екен. Ұшы-қиырсыз жап-жасыл дүние бір үзілмей, көк жиекке дейін созылып кетіп жатыр. Әрине, қазақ жерінің бәрі мұндай болмас. Көкшетауда сонысымен қадірлі шығар. Шет-жағасын аралап көрді ғой: мына Ырғыз, Торғай, Қызылжар дегеніңіз — шетсіз-шексіз, көк шалғынды, жазық дала. Егер әр бұлақтың, көлдің бойынан жыпырлаған ақ ауылдарды, жер қайысқан төрт түлік малды көрмесең, өзінді бейне көк теңіздің ортасында қалғандай сезінер едің... Ал мына Көкшетау, сөз жоқ, қазақ даласының гүл шоғы, сұлулықтың көкке атылған фонтаны деуге болады.

Біраздан соң Жәпек тау тобылғысынан қамшыға сап алмақ болып, тілмаш жана жол-жөнекей көзі шалып қалған қарақатты теруге құмартып, орындарынан тұрып кетті де, Артем Денисович тау басында жалғыз қалды.

«Мынадай кең дүние, сұлу табиғат адам жанын да кең етпей, сұлу етпей қоймас, — деді бір сәт қиялға берілген Угримов, — Ал қонақжайлыққа, жомарттыққа келгенде дүниеде бұл елдің алдына түсетін халық, әй, жок шығар!»

Әрине, Артем Денисович Қазақ ордасымен көп араластым, жете

зерттедім деп айта алмайды. Орыстың көне қаласы Новгородта туып өскен Угримовтың жерлес-сыбайласы генерал Неплюевтың соңынан ілесіп, Орынборға келгеніне бес-алты-ақ жыл болды. Неплюев Түркияда елші боп тұрғанда да, оның қол астында біраз жыл істеген... Кейін астана жағалаймын деп жүргенде сарай төңкерісінің толқынымен құрып кете жаздап, Неплюевтың етегінен қайта ұстауға тура келді... Қазір елші ретінде өмірінің көбі жол үстінде өтеді. Осының алдында бір-екі рет Әбілқайыр ордасына, тағы бірде Жәнібек тарханның ауылына келіп қайтқаны бар. Ал Жоңғар ордасында бірнеше рет болды... Сонда бір байқағаны: ақыл-парасат жатынан болсын, кісілік, сән-салтанат, байлық жағынан болсын, қазақтар көшпенділердің бәрінен, тіпті Жоңғар қалмақтарынан да жоғары тұр. Былайша айтқанда, қазақ елін — бәрінің қара шаңырағы десек, үш мың жылға созылған түркі-монғол мәдениетінің алтын сандығы осыларда қалған секілді. Артем Денисович ана жылы Неплюевпен бірге Константинопольде жүргенде, Анатолия түріктері де ата жұртымыз — Алтай таулары деп отырушы еді. Демек, бәрінің түп атасы бір болғаны.

Білтелі мылтық, от қару шыққалы, Еуропа елдері серілер мен батырларды мойындауды қойды ғой. Ал мұнда бәрі қаз-қалпында. Батырдың қадірі — хан-сұлтандардан бір де кем емес. Ал батырлық, ерлік бағаланған жерде мәрттік, адамгершілік бірге жүретіні ақиқат... Мана хан ордасының маңында кезіккен алыптың аты кім еді? Көктемде Жоңғариядан келе жатып, ауылында болған, бір көрген танысы... Иә, Қабанбай батыр екен ғой. Міне, нағыз батыр деп соны айт! Өзі біздің Илья Муромецтен айнымайды... Илья Муромец те, Александр Невский де кезінде сондай-ақ болған шығар...

Ал осы қазақтардың, қай жағынан алсаң да, өзінен бір саты төмен тұрған ойраттардан ойсырай жеңілгені қызық. Бірақ соғыстың өз заңы бар. Ол қоғам дамуының заңдылықтарына бағына бермейді. Инабатты адамды қайдағы бір бұзақының ұрып жығатыны секілді, өркениетті өлкелер мен кемелді, кентті елдердің кейде жабайылардан жәбір көретін кезі болады. Ондайда парасатты — парықсыздық, қайырымдықты — қаталдық жеңеді. Ал қаталдық — адамға деген өшпенділіктің өлшемі. Көрген кеңшілік-таршылығына, тартқан теперіш, жәбір-жапасына, тәрбиесіне қарай өшпенділік сезімі әр елде әр түрлі жетіледі... Сірә, қазаққа жетіспейтін нәрсе — осы қаталдық, өшпенділік болуға керек. Ал ойраттардың жөні басқа. Шығыста Цин империясынан бір қысым көріп, терістіктегі Енесай бойында Ресейден тағы таяқ жеп, еріксіз батысқа қарай ығысқан ойраттар бүкіл ашу-кегін, қыжыл-ызасын іргедегі қазаққа төкпегенде, не істейді?

Білетіндердің айтуынша, соңғы үш жүз жылда қазақ ордасы дәл бүгінгідей ауыр халге ұшырамаған көрінеді. Тәуке хан өлгеннен кейін-ақ қазақтан береке қашып, жүз-жүзге бөлініп кеткен. Ойраттар осы ала ауыздықтан пайдаланып, бұл елдің шығыс аймақтарын қапыда басып алған... Қайран қалатын ештеңе жоқ, бәрі де белгілі, таныс жайлар. Сыртқы жаудың шабуылынан әзірше аман тұр демесең, Петр өлген соң Ресей де дәл

осы кепті кимеп пе еді?! Бұларда қайта елді тығырықтан алып шығады деп үміт артып отырған Абылай, Барақ, Қабанбай секілді тұлғалар бар. Ал Ресейде Петрден соң тіпті тізгін ұстайтын ешкім қалмады ғой.

Шет-шегі жоқ, байтақ далада, әрине, адамдардың жолы сирек қиылысады. Тақ үшін тартыс та, басқа қан төгіс қылмыстар да мұнда дәл Еуропадағыдай түс алып отырған жоқ. Барақ сұлтанның Әбілқайыр ханды өлтіруі секілді оқиғалар бұл елде ғасырда бір болатын сұмдық саналады екен. Соны ертең билер сотына салып, күллі халық алдында ақ-қарасын айырмақ. Алдауға, өтірік ақпарға, құпия қастыққа орын жоқ. Тіпті Абылай, Әбілмәмбет секілді хандардың өзі билер сотынсыз ешкімді өлімге үкім ете алмайтын көрінеді. Адамның басын жаңғырыққа салып шабу деген бұларда атымен жоқ. Сізге бұдан артық қандай әділет, қандай демократия керек? Осы елдің өзіндей кең, өзіндей шалқар, нағыз дала демократиясы!

Артем Денисович тау басында бір өзі отырып, жынды кісіше жымыып күлді. Егер Ресейде, оның астанасы Петербургта қазір не болып жатқанын білсе, мына елдің адамдары не айтар еді? Мүлде түңіліп, теріс қарап, безіп кетуі де мүмкін-ау! Ресей — шығыс халықтары үшін жұмбақ. Бәлкім, сол жұмбақтығымен де айбынды көрінетін шығар... Петрден кейін асты-үстіне келген патша сарайындағы былықтарды, бір тәуірі, мұнда тірі жан білмейді екен. Білсе, Абылай ғана бірдеңені сезеді. Бірақ оныкі де анық байлам емес, ішкі бір түйсікпен ғана аңғаратындай... Кеше ордада оңаша сөйлесіп отырғанда, Абылай әзіл-шыны аралас:

— Кешіріңіз, елші мырза. Сізден бір жағдайды ұғынып алайын деп едім: сіздерде Петрден кейін таққа отырып жатқандар кілең бір қатын патшалар ғой? Біреуі — патшаның әйелі, екіншісі — қарындасы, үшіншісі — қызы дегендей. Не деген таусылмайтын патшайымдар бұл? Сонда патша ағзамның артында еркек кіндік қалмағаны ма? — деген аса сыпайы түрде.

Угримов барша білік-білімімен-ақ жауап берді, әрине. Патша мұрагерлері арасында еркектердің көп еместігін, Петрдің жалғыз ұлынан қалған жалғыз немересі таққа отырғанымен өмірінің тым қысқа болғанын, бірақ орыс жұртында ұлдан тараған ұрпақ пен қыздан туған жиеннің мұрагерлік құқы бірдей екенін тәптіштеп-ақ түсіндірген сияқты еді. Бірақ мұның айтқандары Абылайдың көкейіне қоныңқырамады. Шынында да, қазірдің өзінде сегіз әйелі, отыздан астам баласы бар қазақтың ханына орыс патшасының соңында таққа отырап бірде-бір тұяқ қалмағанын қалай ұғындырарсың?! Сыпайылық сақтап ашып айтпаса да, Абылайдың бет-әлпетінен баласыздықты — бақытсыздық, кемтарлық деп санайтыны, әсіресе әйел патшаларды менсіне қоймайтыны байқалып тұрды.

Айтса айтқандай, ұлы Петрден кейін Ресейде «қатын патшалар» дәуірі басталғаны өтірік емес. Біреу, не екеу болса бір сәрі ғой, таққа бірінен соң бірі төрт әйел отырды. Патшаның өз қанынан тарағаны бар, жай көңіл қосып, етегі тигені бар, кім қапысын тауып бұрын қимылдаса, таққа сол ие болды.

Петрдың өлімі сарай маңында күтпеген қарбалас туғызды. Азия мен Еуропаны бір-біріне қосақтап, Ресейді өгіздей өрге сүйреп келе жатқан құдіретті патша небәрі елу үш жасында, бұлайша тез өліп қалады деп кім ойлаған?! Өсиет жазылмаған, мұрагер де әзір емес-ті. Жалпы, Петр патша мемлекет билігін өз уысында мықтап ұстағаны болмаса, от басының бақытын көрмеген адам ғой. Алғашқы әйелі Евдокия — бояр Лопухиндердің қызы болатын. Он жылдай отасқан соң күндестердің шатыстыруымен монастырьға жіберіліп, ол байғұстың бар ғұмыры сонда өтті. Одан туған жалғыз ұл — Алексей Петрович әкесі Петрге тартпай, жігерсіз, ынжықтау болып өсті. Әкесіне қарсы бүлікке қатысып, одан шетелге қашып барып, ақыры қор болып түрмеде өлді. Әйткенмен, одан да бір ұл қалған. Еркек кіндіктен жер басып жүрген жалғыз мұрагер осы — Петр Алексеевич еді. Петр өлгенде немересінің жасы онға жаңа толған.

Ал Петрдің екінші әйелі — Екатерина бұрын Марта Скавронская деген атпен мәлім болған, әркімнің есігінде жүретін литван қызы еді. Меншиковтардың үйінде қызметші боп жүрген Мартаға Петр патшаның көзі түсіп, кейін нақсүйер ашынасына айналған. Дегенмен, оның да бағы бар әйел екен. Некесіз жүріп-ақ патшадан үйелмелі-сүйелмелі екі қыз тапты. Үлкені - Анна, кішісінің аты — Елизавета. Міне, осыдан кейін ғана Петр патша Мартаға — Екатерина деген ат беріп, некесін қидырған. Үлкен қызы Анна әкесінің көзі тірісінде-ақ Гольштейн герцогі Карл Фридрихқа ұзатылған. Ал кіші қызы Елизавета әкесі өлгенде, он алтыға жаңа шыққан кезі еді.

Сонымен, Петрдің артында қалған мұрагер дегеніміз осылар болатын. Таққа кім отыруы керек? Бойжеткен екі қыздың бірі жөн бе, әлде жас та болса еркек аты бар, он жасар немере дұрыс па? Не болмаса, бала-шағадан гөрі тіс қаққан, патша жесірі — Марта-Екатеринаның өзі ыңғайлы ма?

Сарай маңында әркім әр жаққа тартқан біраз талас болды. Голыциндер, Долгорукийлер, Черкасский мен Салтыковтар дауға белсене араласты. Не керек, ақыры жесір патшайым Екатеринаның мерейі үстем болып шықты. Бірақ жеңген — Екатерина емес, гвардияның қолдауына сүйенген Меншиков еді. Кәдімгі Петр патшаның досы — Александр Меншиков. Мартаның бетін ашқан алғашқы ашынасы... Сөйтіп, Ресей тағына тұңғыш әйел патша — I-Екатерина келіп отырды да, іс жүзінде бар билік Меншиковтың қолында болды. Бір қызығы, патшайым хат танымайтын кісі екен. Таққа отырған соң, амал жоқ, құжатқа қол қоюды зорға үйреніпті десіп жүрді білетіндер.

Алайда I-Екатеринаның да өмірі ұзаққа бармады. Бас-аяғы екі-ақ жыл тақта отырды да, 1727 жылдың көктемінде о дүниеге аттанып кетті. Ойда-жоқта қонған бақ буынына түсті ме, әлде күндіз-түні дамылсыз ішкен шарапқа уланды ма, қол-аяғы топ болып, ісіп-кеуіп өлді десіп жүрді көзімен көргендер.

Енді не істеу керек? Ресей тағына кім отыруға тиісті? Бұл кезде

Гольштейн герцогіне ұзатылған Анна Петровнаны есепке алмағанда, астанада Петр әулетінен кіші қызы Елизавета мен немересі Петр Алексеевич қана бар-тұғын. Әділетіне жүгінсек, кезек сол жылы он сегізге келіп, айдай толысып тұрған царевна Елизавета сұлудікі еді. Бірақ таразы басы бұл жолы да тең тұрмай, патша немересі Петр Алексеевич жағына аунап кетті. Сөйтіп Ресей тағына II- Петр деген атпен он үш жасар еркек кіндік отырды. Тақ тағдырын қолында ойнатқан — тағы да Меншиков болатын. Өйткені бала патшаның бас уәзірі ретінде, ол бұдан кейін де мемлекет тізгінін ұстап қалуға тиіс еді. Көп кешікпей жас патшаны өзінің қызы Марияға атастырып, билігін мүлде бекемдеп тастаған. Бұрынғы фельдмаршал Меншиков көп ұзамай генералиссимус атағын алды. Осылайша кеңілі жайланған бас уәзір күйеу баласын мемлекет ісіне баулып тәрбиелеуді өз мойнына алды да, жазу-сызуға, хат-шотқа үйретуді неміс Остерманға тапсырды.

Бірақ II-Петр, бұл ойлағандай емес, өз ырқы болмаса ештемеге көнбейтін, бері жығыл десең, ары жығылатын, безбүйрек, қыңыр бала боп шықты. Оқуға зауқы жоқ, күндіз-түні ойыннан қолы босамайды. Қас қылғандай, өзінің немере әпкесі, тақталасы кезінде Меншиковтың қас жауына айналған Елизаветамен достасып алды. Одан Долгорукийлер тобына қосылып, өңкей желбас жастар апталап, айлап аң аулап, сауық құратынды шығарды. Әлде әккі неміс Остерманның айдап салуы, әлде немере әпкесі Елизаветаның еліктіруі, не болмаса Долгорукийлердің теріс ықпалы өтіп кетті ме, бала патша бірте-бірте қайын атасынан қашқалақтайтынды шығарған. Оның сөзін жүре тыңдап, кейде тіпті санаспайтын дәрежеге жеткен. Қалыңдығы Мариядан да суынып, оған «суық мәрмәр» деген ат қойып алды... Ақыры бар пәле тағы да царевна Елизаветадан шықты. Әпкесі Елизаветаның қаржыдан қысылып жүргенін біліп, бала патша өз қазынасынан аздап ақша жіберіп тұратын. Бір жолы онысын Меншиков біліп қалып, жіберілген ақшаны қайтарып алған-ды. Сол-ақ мұң екен, бала патшаның талағы тарс айрылып, бір-ақ күнде қаһарына мініп шыға келді.

Істің беті бұлайша теріс айналып кетер деп кім ойлаған?! Әсіресе, Меншиковтың кәперінде ештеңе жоқ болатын. Кешегі ұлы Петрдің оң қолы болған Александр Меншиков патша сарайын ғана емес, бүкіл Ресейді өз меншігіндей көруші еді. Қарғадай баладан қатер төнер деп үш ұйықтаса түсіне кірмеген... Бозөкпе балаң қиын болып шықты. Кісі емес, тақ сөйлейді екен ғой мұндайда. Он үш жасар баланың қолында қандай құдірет тұрғанын ол осы жолы бірінші рет аңғарды. Қарсы алдында кеше ғана өз қолымен таққа отырғызған ойын баласы емес, бет бақтырмас дүлей күш, тілсіз апат тұрғандай сезінген. Сақалынан алты тарам жас ағып, жалынды, жалпайды — ештеңе шықпады.

Әйелі мен қызы барып аяғын құшты — жібімеді. Көкжалдың тұқымы, көкбет неме сол райынан қайтпаған, сазарған күйі қалды.

Ертеңінде-ақ бала патшаның жарлығы шықты. Меншиковтың бүкіл мансабы мен атақ-дәрежесін сыпырып алып, өзін бала-шағасымен Рязаньға жер аударды. Әйтеуір, мал-мүлкін өзінде қалдырып еді. Бірақ Меншиков көші Рязаньға жеткенше, патша қаһары біртіндеп күшейе берді. Қолдарына жаңа жарлық ұстап, бекет сайын арттарынан шапқыншылар қуып жетіп отырды. Алғашқы үкім асығыста тым жеңіл боп кетіпті. Меншиковтың бүкіл мал-мүлкі тәркіге алынсын деп бір келді. Сонан соң өзі үй-ішімен Рязаньға емес, Сібірге, Тобыл қаласынан мың шақырым шалғайдағы Березовка қалашығына жер аударылсын деп екі келді... Ақыры солай болды да. Мемлекеттік қылмыскер Меншиков 1728-жылдың жазында, қатал күзет астында, меңіреу түпкір Березовкадан бір-ақ шықты. Осында бірнеше ай қамауда жатып, кейін сол маңда еркін тіршілік етуге рұқсат алған. Енді өзіне үй салып алудың қамына кіріскенде, келесі жылы миына қан құйылып өлді. Сөйтіп, ұлы Петрдің үзеңгі жолдасы, Ресей үшін көп нәрсе істеген қайран Меншиков та небәрі елу алты жасында, әлдебір шалдуар баланың шәлкес мінезінен, Сібір жерінде қорлықпен өлді.

Бірақ бұл қылығымен бала патшаның да көсегесі көгере қоймады. Ол кейінгі кезде бүгіндей Долгорукийлердің ықпалына өтіп, жас Иван Долгорукийді өзіне кемергер қып алып, Алексей Долгорукийдің қызы Екатерина сұлуға үйленбекші болған. Патша сарайында жастардың құда түсу рәсімі жасалып, үйлену салтанаты келесі айға қалдырылған-ды... Бірақ дүниені қырсық шалып, тарихтың дөңгелегі теріс айналайын десе оңай екен ғой. 1730-жылы қаңтардың басында II-Петр патша шешекпен ауырып, қатты жығылды да, содан қайта тұрмады. Үйленем деген күніне түп-тура бір апта қалғанда, Романовтар әулетінен қалған ең соңғы еркек кіндік те қайтпас сапарға аттанды.

Енді қайтпек керек? Мына бетінде Ресей тағына патша құтаяр түрі көрінбейді. Міне, Петрден бергі бес жыл ішінде жұрт осымен үшінші рет патша сайлағалы отыр... Ендігі кезек кімдікі? Тақ иесі болатын тағы кімдер бар?

— Оған бас қатырып керегі не? Әнеки, ұлы патшамыздың қызы — Елизавета Петровна бар емес пе?! Қазір жасы жиырмаға толған, дер шағы! — десті бұрын Меншиковқа қарсы оппозицияда жүрген Долгорукийлер.

— Жоқ, ол болмайды! - десті Голыциндер мен Салтыковтар тобы. — Елизавета патша қаны болғанымен, некесіз туған. Оның үстіне жеңіл жүрісі көп. Төңірегіне қыз-бозбаланы жинап алып, күндіз-түні сауық құрғаннан өзге бітірері жоқ. Ондай адам Ресейді қалай басқарады?!

Осылайша, пікір қақ жарылып, «япыр-ай, қай жыныстан болса да, Романовтар әулетінен таққа отырар ешкім табылмағаны ма? Патша тағы қалайда бос тұрмауы керек қой» деп жұрт аңтарылып тұрғанда, біреулер қиуадан жол тауып кетті. Бар екен! Бар болғанда, түп-тура Романов әулетінен! Жұрт манадан бері айналсоқтап, Петрдің маңынан ұзамапты ғой. Сол ары таман барсаң, мен мұңдалап көрініп тұр екен!

Ұлы Петрдің туған ағасы, әкелері Алексей Михайлович өлген соң, әпкелері София Алексеевнаның көмегімен біраз жыл Ресей тағында Петрмен бірге отырған марқұм Иван Алексеевич бар емес пе?! Сол Иванның артында ұл қалмағанымен, әйелі Просковия Салтыковадан туған бірнеше қыздары бар. Соның ең көрнектісі — жастай Курляндия герцогіне ұзатылып, көптен бері герцогиня Курляндская деген атпен жесір отырған Анна Иоановна. Дәл қазір Ресей тағына бұдан ыңғайлы адамды іздеп табу қиын десті сарай маңындағы бір топ... Жоғарғы құпия кеңесте небәрі сегіз адам; төрт Долгорукий, екі Голыцин, сонан соң канцлер Головкин мен вице-канцлер Остерман ғана бар-тұғын. Жеме-жемге келгенде бәрі де Анна Иоановнаны қолдап шықты. Олар тек бір ғана шарт қойды. Жоғарғы кеңестің ролін күшейтіп, самодержавьяны конституциялық монархияға айналдыру керек. Осыған көнсе, Аннаға біздің қарсылығымыз жоқ десті олар.

Сонымен не керек, ұзақ жыл герцогиня Курляндская атанған отыз жеті жастағы жесір әйел Анна Иоановна Ресей тағына келіп отырды. Ол денесі қандай зор болса, мінезі де соған лайық, адуын әйел боп шықты. Қолына билік тиіп, таққа отырысымен, Жоғарғы кеңестің ролін күшейткені сол, нағашысы Салтыковтардың көмегімен олардың тас-талқанын шығарды. «Сендер сайламасаңдар да мен тақ мұрагері, патша әулеті болатынмын» деді ол кеңес мүшелеріне. Бұрынғы патша II-Петрдің төңірегінде жүрген Долгорукийлерді шетінен соттап, жер аударды да, қалғандарын таратып жіберді. Өзімен бірге Курляндиядан ертіп келген Фаворит-ашынасы — Эрнест Иоганн Бирон деген немісті канцлер қып тағайындады да, мемлекет билігін соған біржола өткізіп берді. Сыртқы істерді вице-канцлер Остерманға тапсырып, қорғаныс министрлігіне фельдмаршал Минихты сайлап, мемлекет тізгінін түгелімен немістердің қолына ұстатты да, өзі жарлықтарға қол қойып қана, рахат-қызық өмір кешті.

Айтты-айтпады, Анна Иоановнаның қолы бос, ермегі мол еді. Жүйрік аттар жинады. Патша атқорасында түрлі тұқымнан төрт жүзге жуық сәйгүліктер тұрды. Англиядан қымбат батаға аңшы иттер сатып алдырды. Сонысына қарай өзі әжептәуір мерген еді. Нысана атудан жалықпайтын. Ұшқан құс көрсе, көшеде келе жатып та, балконда тұрып та ата беретін... Сонан кейінгі бір ермегі — әр губерниядан жинатып алдырған сайқымазақ, әнші-жыршы, ертегіші әйелдер. Кешке қарай соларды жарыстырып қойып, қызығына қарап отырғаны.

Сонан кейінгі ең басты, әрі өте маңызды қызметі — қас жауы Долгорукийлердің соңынан шырақ алып түсу болды. Бұл әулетті куғындау бүкіл отызыншы жылдардың өн бойына созылды десе болғандай. Бұл тағдырдың тәлкегін қойсайшы: кеше Меншиковтар айдалып барған Березовкаға енді Долгорукийлер барып камалды. Ақыры тіпті адам аяйтын дәрежеге жеткен. Кешегі патша қалыңдығы Екатерина сұлу ұзақ жыл Томск монастырында тұншықты. Ең соңғы Новгородта өткен сотта Долгорукийлердің басты адамдары түгел өлім жазасына кесілді. Қылмысы

аса ауыр деп саналған Иван мен Алексей Долгорукийлер қол-аяғы шабылып, жан төзгісіз азаппен өлтірілсе, өзгелерінің жай ғана басы алынды.

Бірақ қанша асып-тассаң да, құтқармайтын құрық бар. Оның аты — ажал. Ресейді артық-кемі жоқ, тұп-тура он жыл билеп, қылышынан қан тамған Анна Иоановна да ақыры бүйрек ауруынан қайтыс болды. Патшайымның өзі жастай жесір қалып, бала көтермеген кісі ғой. Кейінгі Биронмен бірге өткізген жылдарын жеңіл ауыз жұрт неше саққа жүгіртеді. Анна Иоановна жүкті болған сайын, Биронның әйелі Беннига ішіне жастық тығып жүріп, нәресте дүниеге келісімен бауырына салып алады екен деп те соғатындар бар. Анық-танығын кім андып тұр дейсіз.

Алайда жұрт бұл жолы мұрагер іздеп әуре болмады. Анна Иоановна өз құрсағынан бала болмаған соң, мұрагер мәселесін әлдеқашан шешіп қойған-ды. 1731-жылы шыққан манифесте: «патшайымның сіңлісі — герцогиня Бранкенбургскаядан туған жалғыз қыз Христина бойжеткенде күйеуге шығып, ұл туатын болса, болашақ Ресей тағына сол отырады» деп ап-анық жазылған. Осыдан кейін он үш жасар Христина арада екі жыл өткенде православье дінін қабылдап, енді Анна Леопольдовна деген атпен аренаға шығып еді.

Болашақ Ресей тағының тағдыры соған қарап тұрғандықтан, Аннаның әкесі Карл Леопольдеге тез арада қызына неміс ақсүйектерінің бірінен күйеу табу тапсырылған. Ол байғұс Австрия мен Пруссияны шарлап жүріп, Брауншвейгский әулетінің принці Антон-Ульрих Беверский дегенді зорға тауып келді. Асып тұрған ештеңесі жоқ, ақ кірпік, ақ көз, ұзын сарының бірі.

Анна Леопольдовна басында күйеуді менсінбей тулағанымен, патша жарлығынан аттап қайда барады. Ақыры 1739 жылы екеуінің үйлену тойы болған. Ендігі жатса-тұрса құдайдан тілейтіндері — бір бала... Асықпаса болмайтын еді. Өйткені Анна Иоановнаның науқасы жанына қатты батып жүрген. Жаман айтпай жақсы жоқ, олай-бұлай болып кетсе, Ресей тағын Петрдің қызы Елизавета басып қалмау үшін, мына Аннасы құрғыр тезірек бірдеңе табуы керек... Дегенмен күйеу жігіт ерледі: 1740 жылы Анна Леопольдовна аман-есен босанып, мұрагер ұл тапты. Баланың атын Иван қойған. Енді, құда қаласа, ата жұрты жатынан таза неміс, тек нағашы әжесінің ғана орысқа аздап шатысы бар сол бала Ресей тағына отыратын болады.

Патшайым Анна Иоановна қайтыс болғанда, мұрагер III-Иванның туғанына төрт айдан жаңа ғана асып еді... Сонымен, патшаңыз дайын! Енді тек сәби патша ержеткенше, оның ісін жүргізетін регент-уәзір тағайындау керек. Уәзір кім болады? Мұндайда, салт бойынша, баланың ата-анасы регент болуға тиіс-тұғын. Бірақ сарай маңындағылар бұрын ел басқарып көрмеген Антон Ульрих пен Анна Леопольдовнаны бұл орынға олқысынды. Ақыры бәрі ақылдасып, әрі өлім аузында жатқан

патшайымның көңілінен шығуға тырысып, регенттікке Биронды ұсынған. Анна Иоановнаның бұған қалай қарағаны жайында жұрт әр түрлі айтады. Біреулер Биронның кандидатурасын патшайым қолдапты десе, енді біреулер «Саған осының керегі не еді? Байғұс-ау, мен өлген соң мыналар сені түтіп жейді ғой» деп ескертіпті дейді. Бұл, әсілі, екеуара айтылған әңгіме ғой, көлденең куә жоқ.

Әйткенмен, Анна Иоановна жайдан-жай қауіптенбеген болар, Бирон қанша әккі болғанымен, бұл орында ұзақ отыра алмады. Оның өз билігін тым асыра пайдаланып жүргенін аңдаған соғыс министрі Миних сәби патшаның ата-анасымен тіл біріктіріп, 1740-жылдың қарашасында Биронды қамауға алды да, регенттікті Анна Леопольдовнаға тартып әперді... Бұл енді, шынын айтқанда, Ресей билігін қолына ұстап тұрған немістердің арасындағы тартыс еді. Кейін бұл оқиға туралы орыс зиялылары арасында: «Миних пен Биронның асқаны сонша, орыс мемлекетін бір саптыаяқ сыра құрлы көрмей, бірінен-бірі жұлып алды-ау!» деген ащы мысқыл тарады.

Бірақ сәби патша III-Иванның арқасында билік басына келген Анна мен Антонның да дәурені ұзаққа бармады. Ресей тағының орысқа үш қайнаса сорпасы қосылмайтын қайдағы біреулердің қолына өтіп кеткені әркімнің-ақ зығырданын қайнатып, наразылығын тудыра бастаған. Әсіресе, әскерлер арасында ызалы толқу өріс алды. Байырғы офицерлер мен солдаттар ішінде баяғы ұлы Петрдің тәрбиесін көрген ескі көздері де аз емес-ті. Солар бас қосып, қаланың бір шетінде өзінше өмір сүріп жатқан царевна Елизаветаны іздеп тапты.

— Матушка! Сен Петрден қалған жалғыз тұяқсың. Біз сені әкеңнің орнына таққа отырғызамыз! — деді олар бір ауыздан.

Елизавета бірден келісті. Ең соңғы мүмкіндікті қолдан шығарғысы келмеген. Солдаттар мен офицерлер айтқан сөздерінде тұрды. Патша сарайына тақау орналасқан Преображенский полкі түгел көтерілді. Сөйтіп, 1741-жылғы желтоқсанның аязды кешінде әскерлер қыстық сарай мен жаздық сарайды бірдей қоршауға алып, кінәсіз сәби III-Иванды орнынан түсірді де, патшайым Елизавета Петровна отыз екі жасында таққа отырғызды.

Міне, содан бері де жеті жылға жуық уақыт өтіпті. Әсілі, Елизавета — Петр өлгеннен бергі он бес жыл ішінде таққа отырған төртінші әйел патша. Әзірше көзі тірі билеуші жайында жаман сөз айту ыңғайсыз. Ұлы мәртебелі патшайым ел үмітін ақтап, әкесінің салған сара жолымен, жеті миллион орыс әулетін (1744 жылғы халық санағы бойынша, алты жарым миллион) бақытты болашаққа бастай берерінде күмән жоқ... Тек ендігі мұрагер кім болады? Мәселе сонда. Патшайым Елизавета Петровна өмірі күйеуге тимеген кісі ғой. Бұдан кейін де түтін түтетіп, семья құруы екіталай. Демек бұл кісі де ұрпақсыз өтеді деген сөз.

Қазір Романовтар әулетінде таққа отыруға қақылы деп есептелетін бір ғана адам бар. Ол да — орыс емес, неміс, қыздан туған жиен. Елизаветаның туған әпкесі, баяғы Гольштейн герцогіне ұзатылған Анна Петровна бар емес пе. Аннаның өзі әлдеқашан қайтыс болған. Бірақ содан туған принц — Карл Петр Ульрих деген ұл бар. Қазір жасы жиырмаға келіп қалды. Бұл күнде күллі Ресей соның тілеуін тілеп отыр. Сол жігіт таққа отырса, «қатын патшалар» дәуірі аяқтала ма деген үміт бар...

Бірақ ол үміт ақталмады. Шынында да, болашақты болжау қиын ғой. Айтқандайын-ақ, енді он үш жылдан кейін, яғни 1761-жылы жаңағы неміс бекзадасының III-Петр деген атпен Ресей тағына келіп отыратынын, алайда ол бір жылға жетер-жетпесте әйелінің бұйрығымен өлтіріліп, сол сұрқия неміс әйелі II-Екатерина деген атпен Ресейді осы ғасырдың соңына дейін, отыз бес жыл бойы билейтінін дәл қазір Угримов білген жоқ еді. Ал арада тура бір ғасыр өткенде, орыстың ұлы революционер-демократы Герцен деген кісі осы кезеңге баға бере келіп: «Петрге дейінгі Ресей жаңа дәуірге жезөкшелер үйі арқылы өтті» деп кесіп айтатынын да мына заманда

отырып болжау мүмкін емес-ті.

Сонымен, Бірінші Петр өлгеннен бері Ресей сарай төңкерісінен көз ашқан жоқ. Соның әрқайсысында қанша адам түрмеде шіріді, қанша адам жаңғырықта басын берді?! Аузымен құс тістеген кешегі Меншиковтер, Долгорукийлер қайда? Ресей қашанға дейін бирондар мен остермандардың аузына қарап отырмақ? Ресейде осы сұрақтарға жауап беретін, жапа шеккендердің ақ-қарасын айыратын кім бар?! Қазақ даласында бір Әбілқайырдың өлімі қаншама дау, қаншама сілкініс туғызды. Ал Ресейдегі жүздеп, мыңдап кетіп жатқан құрбандарды тектеп сұрайтын бір пенде жоқ. Осындай елдің құлап қалмай, не біреулер басып алмай, жұрт қатарлы тіршілік етіп жатқанына қайран қаласың! Жай тіршілік етіп қоймай, құдай сәтін салса, бүкіл Азияны өзіне қаратып, қанатын кең жайған қағанатқа айналмақ. Әйтеуір, іргетасы мықты, халқы жауынгер, ұлы Петр орнынан қозғап жіберген ерен күш бар, сол екпінмен келе жатыр.

Дегенмен, Ресей де — құдай тегін жаратпаған, ырысты, салымды ел ғой. Әсілі, Ресей империясы жаңа жерлер игеруді Еуропадағы елдердің бәрінен кеш бастады. Ағылшындар, испандар, португалдар, француздар көк мұхитты көктей өтіп, жер шарын бөліске салып жүргенде, орыс әулеті әлі орманнан ұзап шықпаған-ды. Алтын орданың қыспағынан құтылған соң ес жинап, Қазан мен Қажытарханды қаратып алғаны кеше ғана. Сонан соң Шығысқа беттеп, Орал таудан асып түскеніне небәрі бір жарым ғасырдың жүзі болыпты. Бірақ бұл елдің салымдылығы — құдай несібесін шалғайдан емес, дәл іргесінен бергендігінде. Басқа елдер сияқты отарды мұхиттың арғы жағынан іздеген жоқ, жапсарлас отырған көрші халықтарды бірінен соң бірін өзіне қосып ала берді. Алтын орда ыдыраған соң бұл төңіректе оның жолына кесе-көлденең туратын да ешкім қалмаған. Сондықтан тым асығып та кетпеді. Орал таудан асып түсіп, Сібір жері арқылы сонау Тынық мұхит жағалауына жеткенше тұтас бір ғасыр қажет болды. Он жетінші ғасыр деп аталатын жүз жыл. Бұл жорықта орыс қаруына Көшім хандығынан өзге ошаң етіп қарсы тұрар ешкім болған жоқ. Көкжал Көшімнің өзі де он жылға зорға төтеп берді... Одан ары қырғыз бен хахастың, Сақа жұрты мен тағы басқа орман халықтарының қарсылығын бұйым құрлы көрмей, жыл сайын бір бекет ілгерілеп қойып, шығысқа қарай жылжи берген. Ресейде содан бері қаһарлы Иваннан бастап қаншама патша ауысты. Бірақ шығысқа қаратылған жаулау саясаты өзгермей сол қалпында қала берді.

Ал қазақ ордасының ойламаған жерден Ресейге кіріптар болуын тағдырдың төтенше тартқан сыйы десе де болады. Өткен ғасырда орыс жасағы қалың тайғаны қақ жарып, шығысқа қарай жылжығанда, оң жақ бүйірде кең байтақ қазақ даласы қалып бара жатқанын Мәскеу мемлекеті білмеді емес, білді. Бірақ бұрылуға мұршасы болмады. Анығырақ айтқанда, жүрегі дауаламады. Түркілермен соғысу қашанда оңай емес-ті. Оның үстіне кешегі Алтын Орданың басты тірегі болған қазақ хандығы әлі де ешкімнің тісі батпайтын іргелі ел саналатын. Осыдан небәрі екі ғасыр

бұрын қазақтың саны орыспен теңдес екен. Қасым ханның тұсында қазақтар екі лек⁶ әскерді майданға еркін шығаратын болған... Қазақтың арғы жағында Бухара, Хиуа, Қоқан, Хорезміңіз жатыр. Бұлардың бәрі де лек-лек әскер шығара алатын қуатты мемлекеттер. Сондықтан Ресей патшалығы әзірше бұл аймақтарға соқтықпай жанап өтуді жөн көрген.

Білетіндердің айтуынша, Бірінші Петр 1721-жылы Ресейдің империя екенін әлемге әйгілеп, өзін «император» деп жариялаған кезде, ол қазақ даласы туралы алғаш рет армандаған көрінеді: «Біз қайткен күнде де Қырғыз (қазақ) даласын өзімізге қосып алуымыз керек. Бұл дала — Азияның кілті, Үнді мұхитына апаратын қақпа. Бізге бұл өлкені бейбіт жол мен, соғыссыз бағындырған тиімді. Сондықтан қазақ хандарының біріне «біз Ресейге бодан боламыз» деген қағаз жаздырып алуымыз керек. Ол қағаз мейлі миллион сомға түссе де өзін ақтайды» деген екен. Бірақ бұл ол кезде «шіркін, солай болса!» деген тойымсыз патшаның тәтті қиялы ғана еді.

Петр өлген соң Сыртқы істер алқасы мен Азия департаменті оның бұл өсиетін орындауға қам жасаған. 1726- жылы Ресеймен шектес өлкелерге қолына жем шанышқан қармақ ұстатып, башқұрт саудагері Мақсұт Юсупов тәрізді адамдар жіберілді. Бұлар ең алдымен Кіші жүзді бөле-жара билеп отырған Әбілқайыр хан мен Қайып ханның баласы Батыр сұлтанның тамырын басып көруі керек еді. Бірақ олар қазақ даласын қанша шарласа да, бұл жолы қармақты ешкім қаба қоймады. Бұл осының алдында ғана шығыстан Жоңғар қалмақтары басып кіріп, ортақ жаудан қорғану үшін қазақтардың басы уақытша біріге қалған кез болатын. Батыр сұлтан бірден ыршып түсіпті де, қомағай Әбілқайыр қармақтағы жемді қимай біраз айналсоқтағанымен, жеме-жемге келгенде оның да жүрегі дауаламапты. Кейін мәлім болғанындай, Әбілқайыр сол тұста қазақ әскеріне бас қолбасы боп сайланып, абыройы артып, енді жарымжан Болаттың орнына Үш жүзге хан болам ба деп дәмеленіп жүрген кезі екен.

Сонымен Юсупов тобы барған сапарынан құр қол қайтты да, жоғарыда отырғандар бұл сәтсіздікті тарихи жағдайдың әлі пісіп жетілмегеніне жорып, әзірше қазақ даласынан үміт үзіп қойған-ды. Мұның артынан көп кешікпей І-Екатерина өліп, Меншиков биліктен кетіп, екі аралықта ІІ-Петрдің орнын Анна Иоановна басып, патша сарайы маңында аласапыран туып кетті де, қайдағы бір қазақ даласы туралы ойлауға мұрша болмаған. Сарай төңкерісі, ішкі бүлік өз алдына, бұл жылдары Ресейдің сыртқы елдермен қатынасы да бәлендей кісі қызығарлық емес еді. Парсылармен арадағы бітім бұзылып, Қаратөңіз бен Қырым үшін Түркиямен тағы да көз алартысып, өзара соғыс одақтарына біріккен Англия, Франция, Австрия, Швеция секілді Еуропа елдерінің де қылт-сылт мінезі көбейіп тұрған... Сарай маңындағылар елді тығырықтан қалай шығарамыз, империя іргесін қалай бекемдейміз деп басы қатып отырғанда, тағдыр оларға ойламаған жерден «Қазақ даласы» атты төтенше сый әкеліп тартты.

Міне, ғажап! Сенесің бе, сенбейсің бе?! Осыдан бес жыл бұрын қолға түспей кеткен қазақтың асау ханы Әбілқайыр биыл қанды қармақты өзі келіп қауыпты. Уфадағы Ресей өкілдігі арқылы патшайым Анна Иоановнаға хат жазып, өзінің қоластындағы Кіші жүз руларымен бірге Ақ патшаға бодан болатынын білдірген... Бұл хабарға сарай маңындағылар әжептәуір дүрлігісіп қалды. Әсіресе, Анна Иоановна қатты масайраған. Бір кезде ұлы Петрдің өзі қол жеткізе алмай, қиялдап қана кеткен ұлы арман бүгін мұның тұсында өзінен-өзі іске асып жатса, бұдан артық не керек?! Кездейсоқ табыс патшайымның әйелге тән жеңсік көңілін көтеріп-ақ тастады. Бұл оған: «міне, көрдіңдер ме, менің ұлы мәртебемді алыстағы танғұттардың өзі танып жатыр!» деп жауларына мақтану үшін де қажет еді.

Рас, Сыртқы істер алқасындағылардың айтуынша, Әбілқайыр қазақ даласында бәлендей беделді хан емес көрінеді. Мына хатты да Ұлы ордаға хан болсам деген арманы орындалмай, өз қандастарынан өш алу үшін жазып отыр деседі... Мейлі, туыстарына өшікпек түгіл, ішіне қан қатып қалсын! Жын ұрып, сайтан соғып кетсін!.. Әйтеуір, хат иесі — қазақтың заңды хандарының бірі болса жетіп жатыр. Тезірек елші аттандыру керек! Жабайыларға сенім бар ма, айнып қалмай тұрғанда Әбілқайырдан ант қабылдап, «өз еркімізбен Ресей патшалығының құзырына бағынамыз» деген саяси құжатқа қол қойдырып алған жөн. Қазақ жерін айналдыра бекініс салып, ішкерілеп еніп алғанша Әбілқайыр хан аман тұрса, арғы жағында жер жұтып кетсе де өзі білсін.

Басында Анна Иоановнаның желпілдетуімен елшілікке осындағы графтар мен князьдардың бірі, тіпті болмаса сарай маңындағы беделді боярлардың бірі көп нөкермен барсын делінген. Бірақ жер түбіне баратын мұндай сән-салтанатты шеруді қазынадағы қаржы көтермейтін болды. Ақырында қазақ даласына аттанатын елшілер мәртебесі бірте-бірте кішірейіп, ең соңында Сыртқы істер алқасының тілмашы, шоқынған башқұрт Тевкелевке келіп тірелген. Құзырына қараймын деп өзі жалпылдап хат жазып отырған, түкпірдегі қазақтың тоқалдан туған кіші ханына осы да жетіп қалар дескен-ді.

Обалы кәнеки, Мәмбет мырза Кіші жүз ордасында бір жылға жуық жүріп, тапсырылған міндетті артығымен орындап қайтты. Ең қиыны: Әбілқайыр хан Ресейге жіберген хатын ешкіммен ақылдаспай, хан кеңесінен өткізбей, өз атынан астыртын жолдаған екен, Мәмбет мырза бұл заңсыздықтың да олқы жерін толтырып, ретін тауыпты. Азын-аулақ қаржыға қыр елінде таптырмайтын біраз сыйлықтар ала кетіп еді, ауыл ақсақалдарына соларын үлестіріп жүріп, әйтеуір, сол жолы Әбілқайыр бастатқан Кіші жүздің бір топ ру басыларынан ант алып қайтқан.

Осыдан кейін-ақ қазақ жеріне қарқынды шабуыл басталды. Патшайым Анна Иоановна мұны өз тұсындағы із қалдырар, ең үлкен тарихи оқиға деп біліп, бұл даланы жаулаудан қаржы жағын аяған жоқ. Шығысқа жорық жасаймын дегендерді шетінен қолдап отырды. 1734-жылы Кирилов

экспедициясы келіп, Ор өзенінің Жайыққа құйған сағасында Ор бекінісін сала бастады. Небәрі он-он бес жылдың ішінде Жайық шебі салынып бітіп, ол Есіл жүйесі арқылы Ертіс шебіне жалғасты. Енді бұл қамалдар тізбегі Атырау, Арал теңіздерін басып, Сырдарияның бойымен шығысқа таман созылса, тек қазақ даласы ғана емес, бүкіл Орта Азия қолда деген сөз.

Сөйтіп бір хаттан басталған екі ел арасындағы қатынас аз жылда қанша өзгеріс әкелді өмірге. Біреуге — бақ, біреуге — сор. Ресей астанасына басын зорға сидырып жүрген бұратана жұрт өкілі Мәмбет мырза тілмаштықтан генералға дейін көтерілді. Ал қыр елінің асау ханы Әбілқайыр өз еркімен киген темір ноқтадан азат басын шығара алмай, ақыры, мінеки, өзін-өзі мерт қылды. Обалы — Тевкелевтің мойнында. Әбілқайырдың басына ұжмақ орнатпақ болып, оған патшаның аузынан шықпаған уәделерді беріп жүріп, тіпті Үш жүзге хан етіп бекіттірем дегенге дейін барып, байғұсты торға түсірген сол ғой! Ал Орынбор шекара комиссиясының бастығы Неплюев екеуі айтқанын орындатып алған соң, қазақ ханын керек те қылмай, далаға тастап кетті... Обал-ақ!

Әбілқайыр хан өлерінің алдында ғана Орынборға келіп, генерал Тевкелевпен және Неплюевпен ұзақ сөйлескен-ді. Сірә, тіл табыспаған болар, қазақ ханы сол күні бас терісі келіспей, тым ашулы аттанды десіп жүрді білетіндер. Араларында қандай әңгіме болды екен? Не десе де, екі жақ ат кекілін кесісіп, араздасып айрылғаны белгілі. Орынбор әкімдері бұдан бұрын да Әбілқайырды ұнатпай, одан қалай құтылудың амалын таппай жүретін. Соған қарағанда... Астыртын Барақ сұлтанға да хабар беріп, Әбілқайырға айдап салған біздің жансыздар емес пе екен?! Иә, біздің адамдардан бәрін де күтуге болады... Кезінде Биронның тыңшылары «Долгорукийлермен байланысың бар» деп, мұның өз соңына қанша түсті. Егер Неплюев мұны сол жолы Түркия жаққа ертіп кетпегенде, Угримовтың дәл бұлай аман отыруы екіталай еді.

Орынбор әкімдері, не үшін екен, бұл жолы өлген Әбілқайырдың соңынан сұрау салып, тектеп жатқысы келмеді. Сырттай сыр бермесе де, қуанып қалғандары анық. «Өтірік айтқан жерінде көп тұрма» дегендей, олар үшін екі ел арасындағы тоқтамға алғаш қол қойған кісінің тезірек көзден тайғаны жақсы. Анау қайда, мына уәдеңді неге орындамадың деп енді ешкім де сенімен таласпайтын болады. Сонымен бірге Орынборда отырғандар Әбілқайыр өліміне байланысты қазақ арасының ушықпай, даудың бейбіт жолмен тез бітуін қалаған. Басты нәрсе — әлдебір ханның өлуі емес, бодан елдің бүтіндігі, шекара бойының тыныштығы. Құдай оның бетін ары қылсын, егер мына дала кемерінен асып толқитын болса, Ертіс пен Жайықтың жағалауындағы бекіністерді жым-жылас шайып кетуі де мүмкін ғой!

Дау өршімей тез бітуі үшін қазаққа бұл жолы да Қаз дауысты Қазыбек сынды аузы дуалы би керек еді. Абылай мен Қазыбек арасының салқын екенін жақсы білетін алаяқ Неплюев осы жолы кәрі биге арнайы хат жазып

берген. Угримов ол сәлемін жеткізді. Сөзінде тұрса, төбе би бүгін-ертең осында келіп қалуға тиіс.

«Сонымен ертең билер соты, — деді Артем Денисович көк жүзінде қалқып жүрген жалқы қыранға қарап отырып. — Айтпақшы, бұл елде не түрме, не зындан, не жер аудару сияқты жазалау орны жоқ қой. Барак сұлтанға билер қандай жаза кесуі мүмкін? Қызық... Сонда бұл ел сотсыз, абақтысыз мына байтақ даланы қалай тәртіпке келтіреді екен? Сотқары мен содырын, ұрысы мен қарақшысын қалай тияды?»

Бұл кезде күн екінтіге қарай еңкейіп, жол бастаушы Жәпек пен тілмаш Абзалов та қайтып оралған-ды. Жәпек қамшының сабына деп бір қолтық қызыл тобылғы қиып алыпты, Абзалов жарты шелектей қарақат теріпті. Үшеуі орындарынан тұрып, төменде қалған аттарына қарай аяңдады.

XIV

Ертеңінде түске таман Абылай Ордасына, қасында бір топ адамы бар, қазақтың ұлы биі Қаз дауысты Қазыбек келіп түсті. Бұл күнде жасы сексеннен асып кеткен кәрі бидің соңғы үш-төрт жылда Ордаға ат басын тіреп тұрғаны осы еді. Біреулер оның себебін күлге шөккен қарт бурадай бидің жасының жеткеніне, биліктен кеткеніне жорыса, енді біреулер Абылаймен арадағы салқындыққа саятын-ды. Қалай болған күнде де, ағайын арасы екіге жарылғалы тұрған алмағайып кезеңде, бір кезде сонау Өз-Тәукенің өзіне ақылшы болған Қазыбектің бүгін ту түбінен табылғанын қалың бұқара жақсылыққа балады.

— Қайтсын-ай! Биде бедел, ханда қадір қалмай бара жатқан соң, кәрі тарлан үйде шыдап жата алмаған ғой!

— Кәрі кеудесін сүйретіп, сонау Қарқаралыдан бұл келгені де — келіс-ақ!

— Иншалла, ұлы бидің өзі келді. Енді ағайын араздығы тиылып, ел ішінде құт-береке орнайтын шығар! — десті қашанда жақсылықтан үміт үзбейтін бұқара халық.

Көпшілікті қатты разы еткен тағы бір жайт — Қазыбек келіп түскенде, Абылай хан әдет бойынша Ордада күтіп отырмай, жұрт қатарлы алдынан шығып, бидің атының басын өзі барып ұстады. Ол осы қылығымен-ақ арадағы тонды ерітіп жібергендей болып еді. Бұған халықта, Қазыбектің өзі де дән риза болды. Кәрі би аттан түсіп, Абылайды құшақтағанда, жартастан сығылып шыққан сөлдей, көзінде екі тамшы жас тұрды. Осы бір көріністе — ағайынға деген сағыныш та, кәрілікке шаққан мұң да, кішіге жасаған кешірім де жатыр еді.

Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін, үш жүздің ең жүйрік деген жеті биі ертеңінде екі жақтың ризашылығымен Қазыбекті төбе би сайлап алып,

іске кірісіп те кетті. Былай да басы ашық мәселені тергеп-тексеріп, анық-қанығына жету мұндай шиелі даудың талайын алдынан өткерген сұңғыла билер үшін бәлендей қиынға түскен жоқ. Алдымен қайғылы қаза кезінде Әбілқайырдың және Барақтың қасында болған куәлардан жауап алынды. Куәлар тіпті көп болатын. Ішінара бұра тартқандары болғанымен, түбін қуып келгенде бәрінің сөзі бір жерден шықты.

Кіші жүз шегінен бөліне көшкен қарақалпақ ауылдарын Барақ сұлтан қамқорлыққа алып, Ұлытау өңірінен қоныс бермекке көшіріп әкеле жатқанда, осы көшке Ор бекінісінен қайтып келе жатқан Әбілқайыр ұшыраса кетеді. Біреулер ойда-жоқта кездейсоқ ұшырасты дейді. Енді біреулер қарақалпақ көшінің мәнісін алдын ала естіп, күндік жерден әдейі бұрылып келді дейді. Қалай болғанда да, одан келіп-кететін ештеңе жоқ еді. Ал жер жадысын, ұрыс болған орынның жолдан тым бұрыс екенін есепке алғанда, Әбілқайыр кездейсоқ емес, сонша жерге әдейі іздеп келгені анық. Серіктерінің айтуынша, патша әкімі Тевкелевпен арадағы әңгімеге ханның көңілі толмай, Ор қамалынан тым қатуланып аттанған көрінеді. Осы ашу үстінде қасындағы небәрі қырық-отыз адаммен Барақ тобына әдейі келіп соқтыққан. Ханның бұйрығы бойынша, алдымен қылыш суырып, найза сілтеген — Әбілқайырдың адамдары екен. Арты жаты белгілі — қиян-кескі ұрыс басталыпты. Екі жақтан да біраз жігіт жарақат алып, ат жалын құшады. Кейінірек Барақ тобына көштегі қарақалпақ жігіттері көмекке келіп, хан нөкерлерін ығыстыра бастайды... Міне, дәл осындай сәтте Әбілқайыр хан Барақ сұлтанға ақыра айғайлап:

— Қызыл көз пәле, қырсық жауым, осы сен-ақ алдымнан кес-кестеп шыға бердің-ау! Қазақ даласы қанша шексіз дегенмен сен екеуіміз үшін тар болғаны ғой... Кәне, қатын болмасаң, шық былай! — деп тебінте ұмтылыпты.

Ол бір әркім өз басын қорғап, жан алып, жан берген қарбалас шақ еді. Басым күшке төтеп бере алмай қаша ұрыс салған хан нөкерлері бір мезетте арттарына бұрылып қараса, қанға боялып, аттан құлап жатқан Әбілқайырды көреді... Осы тұста куәлардың сөзі екіге жарылады. Біреулер: «Әбілқайыр хан қылышын жалаңдатып шауып барған сәттен-ақ, Барақ сұлтан қақ жүректің басынан алдаспанын салып үлгірді» десе, енді біреулер: «Барақ сұлтан ханды алдымен шоқпармен ұрып аттан құлатты да, қанжарды содан кейін барып салды» дегенді айтады. Екеуі де істің мәнін өзгертпейтін кіші-гірім нәрселер.

— Хан сауытсыз, дулығасыз болатын. Ат үстіндегі айқаста Барақтың қолындағы ақ алмас дәл жүректің басынан қадалыпты — деді жан тәсілім етерде марқұмның басын сүйеген серіктерінің бірі. Сірә, осының сөзі дұрыстыққа келетін секілді.

Оқиғаның мөлшермен дәл осыған жуық болғанын Барақ сұлтанның өзі де жоққа шығармайды. Әрқайсысынан жеке-жеке жауап алынса да, ақылдасып қойғандай, ол да куәлардың сөзін қайталады.

— Ал бұған дейін Әбілқайыр ханмен араларында қыжыл, қысас, өштік, араздық болып па еді? — деді Қазыбек би түгелге жуық ағарып кеткен бурыл қастың астынан сығырая қарап отырып.

— Болғанда қандай! — деді Барақ сұлтан көзі жайнап. — Ол опасызды мен өмір бойы жек көретінмін. Ал ана жылы Аңырақай соғысынан кейін қазақ қолын бөлшектеп, жоңғарға қарсы ұрыс даласын тастап кеткеннен бері оған мүлде қаным қатып қалған...

— Иә, сонан кейін?

— Сонан кейін ол өзін ұлы Ордаға хан сайламағаны үшін, қазақ қауымынан өш алу жолына түсті. Ақ патшаның қолтығына барып тығылып, қазақ жерін орыстарға сатты. Сол арқылы шексіз билікке қол артпақ болды. Әбілқайыр — ең алдымен қазақ халқының алдында күнәар. Азат елдің асау басына құлдық ноктасын әкеліп кигізген сол ғой. Сол қылмысы үшін оны үш жүздің билер соты жауапқа тартып, дарға асуы керек еді... Бірақ оған жете алмай, менің қолымнан ажал тапты.

— Солай деңіз... Ал, Әбілқайыр ханның жеке өз басыңа тигізген зияны, тағы басқа өштік-қастығы болды ма?

— Ол жағы көп-ақ. Тіпті айтып түгескісіз. Әбілқайыр жеке менің ғана емес, қазақтың Әбілмәмбет, Абылай секілді хан-сұлтандарын жамандап, жұрт алдында беделін түсіруге тырысты. «Барақ жоңғар хандығына сатылып кетті» деп дүйім елге өсек таратқан да — сол... Ал, мал-мүлік жағына келсек, өткен жылы Қайып ханның маған Хиуадан жөнелткен қырық түйе тоғанағын жолда тонап алғанын айтсам да жеткілікті. Мен сонда-ақ қолма-қол қарымта қайтарып, Әбілқайыр Ордасын шауып алуыма болатын еді. Бірақ ел берекесі бұзылмасын, дүние үшін қырқысып жатыр демесін деп, оны да қуып жатпадым...

Билерге арналып бөлек тігілген үйлерде тергеу осылайша жүріп жатты. Абылай да, басқа батырлар да бұл іске араласқан жоқ. Орта жүз ханы бар міндетті билер сотына тапсырды да, өзі қасына Қабанбай, Бөгенбай, Малайсары, Көкжал Барақ, Ер Жәнібек, Есенгелді бастаған әр елдің батырларын алып, келер жылға белгіленген аттаныс жайын ақылдасумен болды.

Бәрінің ортақ түйінге келгеніндей, ойрат Ордасында қазір бұрынғы айбын жоқ. Сыр бойындағы қалалардан бірте-бірте шегініп, жақында ежелгі байтақ қала Түркістанды қайтарып беруі — осының айғағы. Бірақ Ташкент шаһары, Талас пен Шу бойы, Іле алқабы, қысқасы бүкіл Жетісу әлі де ойраттардың қолында. Оған алтынды Алтай мен бақ қонған Барқытбелді, құт дарыған Құлыстай⁷ өлкесін қосыңыз. Алдына жарты ғасыр, артына ширек ғасыр бауыр басып қалған аймақтарды оңайшылықпен қолдан шығарар түрі жоқ. Қалайда соғыссыз ештеңе бітпейді. Алда тұрған ең соңғы шешуші шайқасқа осы бастан дайындалу

керек. Ол үшін әр рудың батыры мен басшысы өз қарауында қанша түтін бар, әр ру жарамды жорық атымен, бес қаруын сай етіп, қанша сарбаз шығара алады? Осының мөлшері тез арада анықталсын делінді. Ежелгі дәстүр бойынша, Абылайдың межесі былай екен: Артын мен Найман бір-бір түменнен, Керей-Уақ, Қоңырат-Қыпшақ екеуара бір түменнен деп есептегенде, Орта жүз төрт түмен әскер шығаруға тиіс... Кіші жүз рулары түгел қатыса қоймас. Мына оқиғадан кейін Нұралы, Ералы сұлтандар бұрынғыдан да қиыс тартуы мүмкін ғой. Әйтсе де, аттаныс хабарын естіп, құлағына қиқу тисе, жауынгер ел хан жарлығына қарап отырмай, бері салғанда бір түмен қолмен қосылары сөзсіз. Сыр, Сарысу бойындағы: Әбілқайырға ермеген Алшын, Жаппас, Тама, Табын рулары алдымен қол ұшын берерінде күмән жоқ... Ал түгелдей жоңғар қол астында қалып, болашақ аттанысты төрт көзімен күтіп отырған Ұлы жүз рулары бұл жолы жан сала қимылдауға тиіс. Олардан бір түмен, әлде екі түмен әскер қалайда шығып тұр.

— Әттен, дүние-ай! Алдағы аттаныста жеті түмен қол ту түбіне жиналса, жоңғарды жүндей түтер едім-ау! — деді Абылай хан алақанын ысқылап. — Айтпақшы, осыдан отыз жыл бұрын, «Ақтабанның» кезінде, қазақ жеріне басып кіргенде ойрат Ордасында да жеті түмен әскер болған ғой. Жалған ісі ақиретке кетпес. Біз де сондағы «сый табағын» өз алдарына тартармыз!

Бірақ оған дейін істелетін жұмыс бастан асады. Әр ұлыс өз дарқан-ұсталарын Жезді мен Теміртауға аттандырып, қыс бойы қару-жарақ, сауыт-сайман соғумен айналысуы керек. Садақ иетін, жебе жасайтын, ер-тұрман өретін шеберлер де бөгелмей іске кірісетін болсын. Ұсталарды сойыспен қамдау, көмекке қарулы азаматтар болу ру басыларына жүктеледі. Әскердің артқы шебі — бақауыл тобын жасақтауды да мың басы, түмен басылар осы бастан ойластырғаны жөн. Аттаныс мерзімі — алдағы жылдың мамыры. Ту тігіліп, түзем құратын жер — Ұлытау өңірі. Ал соғыс қай бағытта жүреді? Найзаның ұшын алдымен Сыр бойына тірейміз бе, Жетісуға бұрамыз ба, не болмаса жауды терістіктен, Ертіс пен Емілді өрлете қуамыз ба, ол жағы кезінде, жоңғар Ордасының осал жері қай тұста деген сауалға орай шешілетін болады. Аттаныс мерзімін, әскер санын әзірше дабыраламай, дайындық жұмыстары өте құпия, әрі мұқият жүретін болсын деген бәтуаға келісті.

Қолбасы батырлар Абылайды орталарына ала отырып, алдағы аттаныс жөнін бір жайлы етіп болғанша, билер соты да Барақ сұлтанның ісін аяқтап қалған еді. Айыптаушы да, ақтаушы да, ағайынның дәнекер сөзін айтатын да — осы жеті бидің ішінде-тұғын. Төбе би осылардың бәрін тындап болған соң ғана, үкім айтуға тиіс. Айғақ-куәларды түгел тындап болды. Барақ сұлтанның неше дүркін жауап алынды. Ата-баба дәс түрі, қазақтың ежелгі жол-жобасы мұқият тәптіштелді. Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, одан қала берсе, Әз-Тәукенің «Жеті жарғысы» әр құлақта қайта жаңғырып, олардың, әсіресе, кісі өлімі, құн дауы жөніндегі

қағидалары қайтадан сарапқа түсті.

Өз елінің сөзін ұстап, өлген хандарының құнын даулап келген Кіші жүз тобының басшысы — Шекті Сырлыбай биден де сөз қалған жоқ. Негізгі даугер ретінде қайта-қайта қамшы тастап, арыла сөйлеген кісінің бірі сол болды. Ал қорғаушы би Боранбай да ешкімге есесін жіберетін кісі емес-ті. Өліге обал, тіріге қиянат болмасын деп, жанған өртке қанатымен су сепкен қарлығаштай, ол да Барақ сұлтанды барынша қорғап бақты... Негізінен осы екі бағытта өрбіген билер сөзі көпке дейін бір түйінге келе алмай, тұйықтала берген. Көпшілік ендігі түгел сөздің тоқ етер түйінін төбе би Қазыбектен күтіп отыр еді. Үкім айтылар күн жақындаған сайын, жұрт шыдамы жұқарып, тықырши бастаған.

Қазыбек бүгін билік айтады деген күні Қабанбай ежелгі дағдысымен ерте тұрып, хан Ордасының сырт жағындағы төбеге қарай аяңдады. Күздің таяп қалғаны ма, таңғы ауада бой сергітіп, ұйқы ашатындай салқын сыз бар. Шыққа малынып, күмістей жылтыраған киіз бетегенің үстімен тайғанақтап, зорға жүріп келе жатқан-ды. Төбенің баурайына таяп қалғанда, кенет арт жағынан аяқ тықыры естілді. Бұрылып қараса, соңынан Барақ сұлтан келе жатыр екен. Аяғын жітірек басып, қатарласа берді. Бүгінгі таңды, сірә, ұйқысыз өткерген болар, қаны қашып, сұрланып алыпты.

— Қайырлы таң, Дарабоз! Жақсы жатып, жайлы тұрдың ба? — деді даусы сәл тұтқырланып.

— Шүкір. Өзің қалайсың, сұлтан? Бүгін тым ерте тұрып кетіпсің ғой?

— Неменеге алағызатынымды білмеймін, соңғы күндері ұйқымның қашыңқырап жүргені, — деді Барақ баяу күрсініп. — Өзің білесің, қорқу, қобалжу дегендер менің әдетімде жоқ нәрселер ғой. Қанжарымды қанға малып, Әбілқайырды о дүниеге аттандырған күні де дәл бұлай елегізген жоқ едім.

— Қорқудан емес, қобалжудан болар, — деді Қабанбай. — Ел келесі, жұрт талқысы деген оңай ма. Бәрі бір кісіге қаратылғанда, сөздің де бел қайыстырар салмағы болады.

— Сірә, солай шығар... Бәрінен де күткен жаман екен. Бас-аяғын бір-ақ күнде бітіретін белгілі нәрсені билер де сағыздай созып жіберді.

Бұлар хан Ордасы мен төлеңгіт ауылының екі ортасындағы биік дөңнің басына шығып, шығыстан алаулай көтерілген күнді, ояна бастаған тіршілік дүниесін тамашалап біраз тұрды. Күнмен жарыса таяу бір маңнан бозторғай көтеріліп, бейне аспан төсіне іліп қойған күміс қоңыраудай сыңғырлап қоя берді. Төлеңгіт ауылынан төрт түлік мал өре бастаған. Әр ошақтың басынан шудадай шұбатылған түтін көтеріліп, ақ жаулықты әйелдер әдеттегі тірлік қамына кірісіпті.

— Өйтіп, қатты күйзелетіндей ештеңе жоқ, сұлтан! — деді Қабанбай Барақтың жүзіне барлай көз салып. — Әрі кеткенде құн алар, ел-жұрт болып көтерерміз. Жалғыз емессің. «У ішсең — руыңмен» дейді қазақ. Артында қара ағаштай қалың ел тұрғанын ұмытпа.

Барақтың өз басы, өзге сұлтандардай емес, артық дәулет жинамайтын кісі еді. Қолы ашық, дастарқаны мол, кірісінен шығысы көп болатын. Қабанбайдың көңіліне разы боп қалды.

— Рақмет, Дарабоз... Тәңір жарылқасын! Сен осылай демесең, Қабанбай болармысың! — деді даусына сәл-пәл діріл араласып. — Айдың-күннің аمانында артына сөз ілескен жаман екен ғой. Қаңқу сөзден гөрі қан майданда қас жауыңмен ашық айқасқаның мың артық... Ал енді сенер болсаң, мені қинайтын — бүгінгі билер кесімі де емес, мүлде басқа жай...

— Ол не сонда?

— Болашақ ұрпақтың үкімі! Заман озады, заң тозады, ұрпақ ауысады. Бірақ қазақ шежіресінде Барақ пен Әбілқайыр оқиғасы ұмытылмай, таразының екі басында тұра берері хақ. Сол бейтаныс, болашақ ұрпақ кімге алғыс, кімге қарғыс айтар екен? Солар сорлы Барақты түсіне ме? Мені бір сойыл көтерген содыр, қан құмар қарақшы деп жүрме-се болғаны да!

Қабанбай бәрінен де бұрын Барақтың айтқан сертте тапжылмай тұрып қалатын табандылығын, жаудан қайтпас көзсіз ерлігін ерекше бағалаушы еді. Өткенге өкінбесе де, болашақты болжай алмай, әлі де толқу үстінде тұрған сұлтанды іштей аяп кетті.

— Келер ұрпақтың да ой-пікірі бір жерден шықпас, — деді Қабанбай толғана тіл қатып. — Азат ұлдың сөзі бар да, ноқталы құлдың сөзі бар. Қайсысын аужал тұтарсың?! Құбылмалы дүние талай аударылар да төңкерілер. Әр буын өз заманының үйретінді сөзін айтар. Әйтсе де, менің бір сенетінім — түптің түбінде азаттық пен ақиқаттың мерейі үстем болары хақ!

— Рақмет! Айтқанын келсін, Дарабоз!.. Маған да керегі — бүгін бар да ертең жоқ, бетіндегі көбігі емес, түбіндегі тұнығы ғой. Кейінгі ұрпақ дұғасына қоспаса да, атымды шулатпай, тыныш ұйықтатса болғаны! — деп сұлтан аз ойланып тұрды да, кенет бір ойнақы, көңілді қалыпқа көшті. — Тіпті менің екі дүниеде өкінерім жоқ. Мен де, қалай дегенмен, тауарых бетінде өз таңбамды қалдырдым емес пе... Тәйірі, әр заманда бір Барақ тумас деймісің. Солар өшірмейді менің атымды! Әбілқайыр хан екеуіміз енді мәңгі ажырамастай қосақталдық. Өзің айтқандай, дүние бірде бетін, бірде сыртын берер. Әбілқайыр екеуіміз заман ауысқан сайын жармақтың екі бетіндей кезек жалт етіп, итжығыс түсеміз де отырамыз! — деп өзінің қайғысыз, дарқан кезіндегідей қарқылдап тұрып күлді...

Сол күні ұлы сәске кезінде хан Ордасының маңы құжынаған халыққа

толып кетті. Жан-жақтан аттылы-жаяу ағылған адамдар толастар емес. Бәрі де бүгін жария болар үкімді өз құлақтарымен естігісі келеді. Мана таңертеңгі мезгілде-ақ ағылған жұрттың ауқымын байқаған соң билер соты Орда маңында емес, ауыл сыртындағы жүрекше төбенің баурайында өтсін деп ұйғарысқан. Қазір салт атты төлеңгіттер опыр-топыр көп қауымды Орда маңына жолатпай, сол төбеге қарай қайырмақтап жүр.

Мына төбенің баурайы, шынында да, көк майсада жамбастап жатып, нағыз сөз тыңдайтын жер екен. Біреулер аттарын өрелеп жіберіп, енді біреулері матастыра қаңтарып қойып, жұрт қатарлы орын алып жатыр. Кімдер жоқ дейсің бұл дүрмектің ішінде: бай мен бағлан да, сұлтан мен оғлан да, баты жанған батыр мен сан соғыста жаумен қидаласқан сары тісті сарбаз да осында. Биенің екі сауымының арасында, не өрістегі қой үйездеген кезде сөз тыңдап келе қоялық деп тұра шапқан малшы-қосшы, жылқышы да осы манда. Енді, міне, сол сөз құмар қауым тыматынын, билер жақ құлатын жымқырып алып, өліп-өшіп әңгіме тыңдап отыр.

Төбе басына Абылай бастаған батырлар тобы бір бөлек, билер тобы бір бөлек келіп түсті. Солардың соңын ала бір топ сұлтан, оғландардың қоршауында Барақ та келе жатты. Жұрт назары бірден сол жаққа ауған. Көпшілік әр тұстан:

— Әне, Барақ сұлтан да келе жатыр!

— Ой, ерім-ай, ә!..

— Қайсысы, бергі шеткісі ме?

— Жоға, анау бір ортадағы ақжал жиреннің үстіндегі дәуді көрдің бе?..

— Пай-пай, өзі де жігіттің сырттаны екен ғой!

— Әрине, енді қалай деп ойлап едің?! Оңай кісі Ақ патшаға арқа сүйеген Әбілқайырдай ханның басын ала ма? — десіп гу-гу етеді.

Абыр-сабыр басылып, жұрт түгел жайғасып болды-ау деген мезетте, кең жайылған масаты кілем үстінде, билер қоршауында отырған төбе би — Қаз дауысты Қазыбек орнынан көтерілді. Бұл күнде жасы сексеннен асқан бидің бетінің әрі, көзінің нұры тайып, денесі апшып шөге бастағанымен, қаздай қаңқылдаған әсем даусы әлі сызат түспей жақсы сақталған екен. Қара сөзге келгенде алдына жан салмайтын майталман жорғалығымен жұртты лезде өзіне қаратып алды.

Ол ең алдымен Әбілқайыр — Барақ ісіне байланысты даудың толық тергеу-тексеруден етіп аяқталғанын хабарлады. Айналасы аптаға созылған уақыт ішінде ондаған куәдан жауап алынған. Үш жүзден сайланған жеті би мен олардың көмекшілері күні-түні тынбай тергеу жүргізген. Қазір мәселенің басы ашық, көңілде күмән, күдік туғызар қалтарыс ештеңе

қалған жоқ. Әбілқайыр ханды жоқтап, Барақ сұлтанды айыптайтын сөздің тізгінін Шекті Сырлыбай би ұстаса, Барақ сұлтанды ақтайтын сөздің бұйдасын Найман Боранбай би ұстаған. Олардың бүгінге дейінгі жеріне жеткізе айтқан жүгініс сөздері билер тобына мәлім болғанымен, дәлелді даудың түйінін көпшілік қауым өз құлақтарымен естіген жоқ. Сондықтан үкім айтылар алдында даугер билерге сөз берілмек. Алдымен қамшы тастап, сөз сұраған — Шекті биі Сырлыбай болды.

— Біздің айтар сөзіміз — жаптым жала, жақтым күйе емес, сорғалаған қан, сойдақталған ізбен келіп отырмыз! — деді ол, сөзімді дүйім жұрт түгел естісін дегендей саңқылдай үн қатып. — Айғақ-куә — алдыңызда. Дәл осыдан жалтарып кетер жайың жоқ, ағайын. «Хан болсын, ханға лайық заң болсын. Би болсын, би түсетін үй болсын. Абыз болсын, абыз сыйлау парыз болсын!» демеп пе еді күні кеше, есіміңнен айналайын Есім хан. Заман азды, заң тозды екен деп, бейбастықты бетімен жіберсек, не болады бұл дүние? Жазыққа -жаза, айыпқа — анжы болмайтын ба еді?! Құлға да күн төлейді бұл заманда. Ал Әбілқайыр кім еді? Алысқа салар арысың, жауға бермес намысың емес пе еді? Айыбы тоқалдан туды демесең, ол да жеті атасынан қаракөк үзілмеген Өз-Жәнібек әулеті. Басына бақ қонып, кезінде кіші Ордаға хан сайланды. Өз тұсында бағы мен беделі бәріңнен асып, қазақ әскеріне қолбасы да болды... Кейде ағайын танымаған асылға алыстағы жаттың көзі түседі. Осы өзіміздің Ырғызда отырып-ақ, сонау Петрбордағы Ақ патшаның назарына ілікті. Орыс әкімінің оң тізесінен орын алып, сый-құрметіне бөленді. Кәне, айтыңдаршы, Ақ патшадан таңбалы қағаз алып, заңды түрде таққа отырған Әбілқайырдан басқа кімің бар? Өзгенің құрметіне бөленген арысымызды өзіміз бағаламасақ, әділдігіміз, елдігіміз қайсы? Хан құнсыз, батыр пұлсыз болғанда, өзгенің көрген күні не болады? — дегенде Сырлыбайдың даусы тіпті ащырақ шығып кеткен.

Қазыбек оның сөзін бөліп:

— Даугер би, тоқ етер түйініңді айтшы. Не тілейсің? — деді баяу тіл қатып.

— Не тілеуші едім? Қысасқа — қан, оқысқа — құн! Әбілқайыр ханның өлімі оқыстан емес, қысастан болғаны хақ. Абдолла әулеті құныкер Барақ сұлтанның қанын ұрттамай тынбаймыз деп отыр. Тентекке тиым, ұрпаққа үлгі болу үшін, мұндайда қанға — қан, жанға — жан алса да артық емес... Ал құнға келетін болсақ, оның жөні бір басқа. Ердің құны — екі жүз жылқы болғанда, төре мен қожаның құны — жеті есе. Әбілқайыр — төре, жай төре емес, бір елдің ханы. Ал ханда қырық кісінің ақылы болатынын білесіздер... Төбе би осының бәрін есепке алып, әділ кесімін айтар деп сенемін!

Осы кезде манадан бері қарсыласының сөзін қалт жібермей тыңдап, тықыршып зорға шыдап отырған Боранбай би тамағын кенеп, жез шырмалы сарыала қамшысын екі бүктеген күйі ортаға тастады.

— Сөйле, Боранбай би. Сен не айтасың? — деді Қазыбек саңқ етіп.

— Мен не айтушы ем, алты арыстың ағасы — қадірлі Қазеке?! Мен айтсам, әлекке салар әрекені емес, берекені айтам. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы - Майқы би» демекші, бұл қазақ-қалмақта өзіңізден асатын сөз бар ма? «Жетпеген билік жеті ұлықтың есігін аштырады» дейді. Сіз отырғанда, ондай күдікке орын жоқ! — деп Боранбай аз- кем тыныстады. — «Қанға — қан. жанға — жан» деп ышқыну — ақылдың сөзі емес, а дегенде ауызға түсер ашудың сөзі. «Алдырған — албырт, анасының қойнын ашар» дегендей, Кіші жүз биі, бәлкім, аңғармай айтып қалған шығар. Әйтпесе, балшықтан адам жасай алмай отырған заманда, күні кеше аруағынан айналайын Әз-Тәуке, қанға — қан төлеуді құн төлеуге алмастырғанын кім білмейді?.. Ел бірлігін ойламай, ерегеске жол берсек, сойыл көтерген содыр әр ауылдан табылады. Ұлыс арасын ушықтырмай, сойылды тастап, сөзге келейік, ағайын! Кейде семсер үстінде серт жүрмейтін де кез болады. Жолға жүгінгеннің жөні осы екен деп, баяғы қара қисынға сала бермей, жаңа заманның парқын ажыратып, байыбына барып сөйлейік... Әбілқайыр хан болғанда, Барақты хан емес деп кім айтады? Ата тегі Әбілқайырдан да жоғары, жеті атасынан хандық үзілмеген, нағыз қара көктің тұқымы. Ханның басын хан алғанда, арасында қарашы жүрмес болар. Осы біз шамамызды білмей шарқ ұрып отырған жоқпыз ба?.. Уа, жарандар, о заманда, бұ заман, хан басына құн сұраған кісіні естіп-білгендеріңіз бар ма? Хандар қашанда жау қолынан өледі — амал жоқ, жазмыштан келген қазасы. Тек ілуде бір жағдайда ғана өз елінде жүріп, кісі қолынан мерт болады. Ол — халықтан алған жазасы. Әбілқайырды қанша дәріптегенмен, ол халықтың қарғысына ұшыраған адам болатын. Сол қарғыс жібермеді оны. «Мың асқанға — бір тосқан». Тура келген зауалдан Ақ патшаның таңбалы қағазы да қорғап қала алмады, — деп Боранбай аз бөгелді де, құлаққа жағымды қоңыр әуенмен қайта сөйлеп кетті:

— Екінші айтарым: Әбілқайыр ханға біреу у берсе, не аңдаусызда қапысын тапса — әңгіме басқа. Ол нағыз семсер үстінде серт жүрмес жекпе-жекте, өлім мен өмір белдескен жағдайда қаза тапты ғой. Егер Барақ сұлтан өзін қорғап қылыш суырмаса, оны Әбілқайыр өлтіруі мүмкін еді. Оның үстіне, куәлардың бірауыздан атап айтқанындай, Барақ сұлтан жанжал шыққан жерге өзі іздеп бармаған. Керісінше, Барақты іздеп келіп, алдымен қол жұмсаған — Әбілқайыр ханның өзі. Қарсы жақтың тіпті қорғанбасқа амалы қалмаған... Ендеше Барақтың басы қылмыстан ада. Тіріге сабақ, өткенге салауат деп, бұл істі осымен тындырайық, ағайын! Егер Әбілқайырдың аруағын сыйлайтынымыз рас болса, тірісінде жұртты шулатқаны аздай, өлгеннен кейін де марқұмның басын жылқыға шағып, сау-даласпай-ақ қоялық!

Сонымен, жұрт алдында даугер де, қорғаушы би де сөйлеп өтті. Екеуінің де сөзі орнықты, дәлелді көрінген. Бұл сөз дегеннің құдіретін қойсайшы! Сырлыбайды тындап отырсаң, қанды қол Барақ бұл жолы құн төлеп қана қойса, жеңіл құтылғаны. Кіші жүз жағы қанға — қан алмай тынбауы керек

секілді. Ал Боранбайды тыңдап отырсаң, өз еліне опасыздық жасап, қарғысқа ұшыраған хан жазасыз кетпей, түбінде біреуден ажал табуы керек екен. Қаны тасыған бұзақыны бұғалықтап, өз міндетін адал атқарған Барақ сұлтанға тек алғыс айту қажет секілді. Көпшіліктің бір түйінге келе алмай толқығаны байқалады.

Дегенмен өлі де бір белес бар. Ең соңғы бұлжымас билікті Төбе би айтуға тиіс. Қалың ел сілтідей тынып, енді соның аузына қараған. Тіріні аруаққа жығып бере ме, әлде тірінің тіршілігінен де бір жаналық көре ме? Алда Әбілқайыр жолы, Абылай жолы, Барақ жолы деген тарау-тарау жол жатыр, қайсысын артық санайды? Таңдау — ұлы бидің еркінде... Жалпы, бұл — күн дауы да, құлқын дауы да емес, екі жол, екі бағыттың тартысы-тұғын. Қысқасы, ұлы аттаныс алдында тұрған қазақ елінің бұдан кейінгі көп жағдайы бүгін айтылар билікке байланысты еді.

Басында пұшпақ бөрік, тобығына түскен жасыл жібек шапаны бар Қазыбек оюлы текемет, масаты кілем үстінде, басқа билерден бойы асып, биік тақта отырған-ды. Тамағын қаңқ еткізіп бір кенеп алды да, аса таяғына сүйенген күйі, біркелкі төселген мәнермен сөйлеп кетті:

— Уа, менің қажырлы халқым, жауынгер жұртым! — деген қаз дауысын кернейдей созып. — Сен маған ризасың ба, жоқ па, мен саған өле-өлгенше ризамын, елім. Кеше Әз-Тәукенің заманында, он үш жасымда билікке араласып едім, содан жетпіс жыл бойы төбеден түсірген жоқсындар. Ердің құны, жердің дауы, жесір мұны — бәрі-бәрі алдымнан тарады. «Әділ билік — алтын таразы» дейді екен. Әзірге қылдан тайып, жан баласын жылатқан, таразыдан жеп, әй кәпір атанған жерім жоқ. Сөзімнің алмасы, аузымның дуасы бар кезде қазақ-қалмақты қатар шұлғытқан шақтарым да болды. Енді, міне, заман азған, заң тозған дәуірде жыртығына жамау, талған өзегіңе талғажау бола алармын ба? Алайда, сөзіме сенсеңдер, мына сексеннен асқан жасымда, ел қонбаған шөлге, құс қонбаған көлге кезігіп отырмын. Осы ғұмырымда ер өлтіріп, Ертіс бұзған, Шуды шулатып, Таласты талқандаған небір телі мен тентекті көрсем де, менің тұсымда ханның басын хан алған жағдай ұшыраспаған екен. Тек баяғы Есім ханның тұсында Ташкентте Қатағанға хан болған Тұрсын-Мұхамет қана немере ағасы Есім ханның қолынан ажал тауыпты. Ол да өз пиғылынан, ел бірлігін сатқан опасыз ретінде жазаға тартылған, — деп кәрі би тыныстап алғысы келгендей біраз бөгелді.

— Қанша асып-тассаң да, аты жүйрік ажал құрытынан адам пендесі қашып құтылмайды екен. Енді, міне, кезек Әбілқайыр ханға келіп отыр, — деді сөзін онан ары жалғап. — Өмірімді ұзартам, билігімді молайтам деп жанталасқан адам, әне, сондай-ақ болар. Марқұмның туысында, ерлігінде қапы жоқ еді. Бірақ, амал не, таңдаған жолы жалған боп шықты... Әбілқайыр хан мен Барақ сұлтанның жандасуы — әдеттегі тақ таласы, не енші бөлісі емес, саясат сайысы, бағдар қақтығысы... Мен білсем, біздің халқымыз тағы да тоғыз жолдың торабында тұр. Алаш ұлы — ежелдің ен

күнінен басына нокта кимеген, жүген-құрық тимеген асау, арда ел едік. Ел аман, жұрт тынышта жоқ сұмдықты бастаған, мойнына құлдық қамытын киіп, бостандығын бодандыққа айырбастаған — осы Әбілқайыр болды. Иә, әдепкіде қиыннан жол тапқандай көрінген. Құдіреті күшті Ақ патша қазақты өз панасына алып, жел жағына ық, жау жағына қорған болады деп сенгенбіз. Қашпаған сиырдың уызына иегі қышыған сондай дәмегөйлердің бірі — кәрі шөңге, мына мен едім. Әбілмәмбет пен Абылай жана беталысты түсінбей, етекпен тартып жүр ме деп, осылардың басынан аттап, орыс ұлығымен хат жазысып, сый-сыяпат алысқан кездерім де болды. Жаза басқанымды енді біліп отырмын. Ақ патша жәйін жатқан жалпақ елді, қаймана қазақты жарылқамақ түгілі құзырына құлдық ұрған ханның өзіне опа бермеді ғой. Алатын мөрлі қағазын алып, қазақ жерін айналдыра салатын қамалын салып болған соң, қамсауы жоқ жыртық тондай жұртына тастап жүре берді. Бұл — бәріміз үшін сабақ, туысқандар! Әбілқайыр хан қазақтың азат басын саудалап, ағайынды алжастырғаны үшін жазықты еді, ақыры соның сазайын тартты. Енді бүгін халықтың қарғысына ұшыраған күнәар пендеге бола көзіміздің жасын көлдетпей-ақ қоялық!

— Екіншіден, — деді қарт Қазыбек сөзін жалғап. — Ашыққан — ұры, ашынған — долы. Барақ сұлтанның ақ алмасы көптен қайраулы жүрсе де, өш алу үшін Әбілқайырды әдейі іздеп бармаған. Әлде қан тартып, ажал айдаған болар, бұл жолы да Бараққа ханның өзі келіп соқтыққан. Оның сұлтанға жасаған қысасы бір бұл емес, өткен жылы Барақ ауылына Хиуадан жіберілген керуенді тонап алғаны тағы бар. Осы жолы да шығысқа қарай ауа көшкен қарақалпақ ауылдарын шаппақ болып, соңынан қуып келе жатқанда, Барақ сұлтанмен ойда-жоқта ұшырасқан. Бұл арада қапысын аңдыған қастық ізі байқалмайды. Барақ сұлтан Кіші жүз ханын ашық майданда, семсер үстінде серт жүрмес, адал жекпе-жекте өлтірген. Бата тимесе, қате тию де жоқ, табандап тұрып, тап жыққан... Өздеріңіз білесіздер, Барақ — жай қарашы емес, ханзада. Әбілқайырмен қылыш айкастыруға ата тегі де, дәрежесі де жетіп тұр. Сондықтан мен бұл жолы Барақ сұлтанды айып-анжыдан ада, коды күнәдан таза деп есептеймін! Ал Әбілқайыр хан о дүниеде өз күнәсы үшін құдай алдында жауап бере жатар. Бұл дүниеде құны сұраусыз. Менің айтар билігім осы, халайық!

Осы сөздің ауыздан шығуы мұң екен, манадан демдерін ішіне алып, тықырши тындап отырған жұрт маңайдағы құз-жартасты бастарына көтере, дуылдасып кетті:

— Жаса, Қазыбек би!

— Қара қылды қақ жарды деген осы!

— Тура биде туған жоқ. Өзін де аямады ғой кәрі тарлан...

— Бұл — ғасырда бір айтылар билік болды.

— Жаса, Барақ сұлтан, жасай бер!

— Атың өшкір Әбілқайыр бодандық бұғауын өзімен бірге ала кетсін! — дескен сөздер маңайдағы құз-қияға жаңғырытып, көпке дейін басылмай тұрды.

Кейде жеті ағайынды жұттың қабаттасып, қатар келетіні секілді, айналайын жақсылықтың да жалқы жүрмейтін әдеті ғой. Жұрт әділ үкімге көңілдерін демдеп, абыр-сабыр басыла берген кезде, көпшілік алыстан жолданған тағы бір қуанышқа ортақ болды. Кеше Ұлы жүзден тізгін ұшымен кештетіп жеткен жаушы Абылайға Төле биден хат әкеліп тапсырыпты. Ол да бүгінгі оқиғаға тікелей байланысты: «Егер Барақтың басы даудан арылып, ағарып шыққандай болса, сұлтанды көп бөгемей, біздің елге жіберіңіздер. Жолбарыс хан өлгелі бос тұрған Ұлы жүз тағына Барақты хан көтергіміз келеді!» — депті ұлыс бегі Төле би.

Бұл хат қалың көпшілікке бір жерде тоғысқан Үш жүздің тілегіндей әсер етіп, онсыз да тасып төгілген халық мерейін бұрынғыдан да аспандатып жіберді.

Қос қабат қуаныш көп кешікпей көшкен ел, соққан желмен бірге бүкіл қазақ даласына тарады. Ер-азамат атаулы бір күн де болса еңсе көтеріп, бұрынғы бұла-бостан күндеріне қайта оралғандай болып еді. Алда ұлы аттаныс, жоңғарға қарсы жорық күтіп тұр. Азаттық аңсаған халық — қазір зар күйіне келген қыран іспетті. Осынау көңілді көкке өрлеткен бүгінгі күннің өшпес рухы ата жаумен айқаста талай азаматқа талғажау болары анық.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

АТТАНЫС

I

Барақ пен Әбілқайырдың ісі қаралатын Көкшетаудағы билер кенесінен кейін де арада үш жылдай уақыт өтті. Атыс-шабыс, арпалысы аз болғанымен аңдысуы көп, без бүйрек, бедеу жылдар. Бұлыңғыр болашақты кім болжай алған. Қазақ даласының іші-сыртында белең алған, күтпеген оқиғалар келер жазда жорыққа шығамыз деп талпынған Абылай жоспарын іске асыртпай, аттаныс мерзімі амалсыз кейінге қалдырылған-ды. Әрине, алыстан келіп, асатынан төнген апат тағы жоқ. Етектен тартып жібермеген — осы елдің жетекке жүрмес енжарлығы, уәделі күні дайын тұратын тұрақты әскердің болмауы, қазақтың мәңгі бітпейтін алты бақан ала ауыздығы.

Тірі Барақ пен өлі Әбілқайырдың дауы, жұрт ойлағандай, сондағы билер кесімімен біте қойған жоқ. Әке тағынан үміткер Нұралы сұлтан алғашында ағайын ауқымына бағынып, әрі Орынбор әкімдерінің айтқанынан шыға алмай, қойдан қоңыр мінез танытып еді. Бірақ келесі жылы Кіші жүзге хан сайланып, өзін бекіткен патша жарлығы қолына тиісімен ескі дауды қайта жаңғыртты. Қас жауым Барақтың қанын ұрттамай тынбаймын деп, қалшылдап отырып алған. Әбілқайырдың асы берілісімен, маңайына біраз қол жинап, Барақ сұлтанның ұлысын шаппақшы да болды... Қазақтың өз ішінде қырғын соғыс болайын деп жатқанда, сыртқы жауға аттанып, не мархадам табасың?! Келесі жылан жылынын жазы, міне, осының әлегімен өтті.

Алайда Орта жүз ханымен қолбасы батырларының Барақты оңайшылықпен бере қоймасын сезді ме, әлде желкесінде тұрған көкжал арынан қаймықты ма, әйтеуір жеме-жемге келгенде, қару көтеріп шығуға Нұралының тәуекелі жетпеді. Оның үстіне бұл кезде Барақ сұлтан өзіне қарасты біраз ауылдармен Сарысуды құлдай көшіп, Жоңғар қоластындағы Ұлы жүз шегіне өтіп алған болатын. Өз ұлыстарына хан көтермек болып арнайы шақырған адамын Ұлы жүз билері де ендігі жерде ешкімге қорлатпасы анық еді.

Нұралының өзегіне өрт кетіріп, тынышын алған нәрсе де — әкесінің кегінен бұрын Барақтың осы елден ерек хан көтерілу хабары-тұғын. Оның ойынша, осыдан он жыл бұрын қаза тапқан Ұлы жүз ханы Жолбарыстың орнын Шығай хан әулеті емес, Өсекеден тарайтын тоқал қатын балалары басуы керек. Өйткені, Жолбарыс — бөтен емес, Әбілқайырдың туған ағасы. Ендеше таққа отыруға мұнын інілерінің бірін неге шақырмайды? Ұлы жүз билерінің ата жолымен санаспай, бір жақта жатқан қанды қол Барақты тандауы, — сыпайылап айтқанда, аруақ аттағандық, Әбілқайырдың көзі

жұмылмай жатып, Абдолланың әулетін басынғандығы. Ал Нұралы ондай қорлыққа көніп отыра алмайды.

Қарулы қақтығыстан ештеңе өнбесіне көзі жеткен соң, Кіші жүз ханы одан гөрі сенімдірек, басқа бір тәсілге көшті. Ол енді ойрат Ордасына жақындасу арқылы бұл оқиғаның алдын орамақ болған. Есіл-дерті — қайткен күнде де Барақты хан тағына жеткізбей, көзін құрту. Осыдан үш-төрт жыл бұрын Әбілқайыр хан орыс әкімдеріне өкпелеп, кезекті бір құбылған шағында Ойраттың жас қонтайжысы Цеван Доржиға астыртын елші жіберіп: «мен саған бойжетіп отырған қызымды берейін. Жегжат болайық. Оның қарымтасына сен маған байтақ қала Түркістанды бер» деген тілегі бар екен. Оған қонтайжының да көніп қалған сыңайы бар ма, қалай? Әйтеуір, Нұралы хан мынадай қысылтаяң шақта сол сөзді қайта тірілтіп, өз қажетіне пайдаланып қалуға асықты. Сол үшін өз тарапынан ойрат Ордасына кісі салып, Әбілқайырдың қалмақ әйелінен туған қызы Намрунаны Цеван Доржиға ұзатпақшы болды. Байғұс қызға осының алдында ғана Досалы сұлтан құда түсіп, қалыңдық ойнап жүретін-ді. Нұралы хан етқызуда оған да қарап жатпады.

Кіші жүз ханының бұл құдалыққа құлшына кіріскені сонша, болашақ күйеу балаға алтын қылыш тарту етіп, ойрат Ордасы қойған шарттардың бәрін қабылдады. Көптен бері қолында жоңғар-қалмақтан түскен біраз тұтқындар жүруші еді, солардың бәрін қайтарып берді. Бұдан кейін ойраттарға қарсы қол көтермеуге, орыс қалаларына барып сауда жасайтын ойрат керуендерін тонамауға уағда байласты. Қарындастың қалыңмалы мен осыншама сый-сыяпаттың болымсыз ғана бодауы бар. Ол үшін тіпті Түркістанды да қайтармай-ақ қойсын, тек Ұлы жүз тағына отырмай тұрғанда Барақ сұлтанның көзін құртып, басын алып берсе болғаны! Ал егер алда-жалда Ұлы жүзге төре тұқымынан хан көтеру қажет болса, осында Өсеке әулеті жетіп жатыр. Нұралы ханның інілері — Ералы сұлтан ба, әлде Айшуақ пен Қожақымет сұлтандардың бірі ме, барады да отыра салады.

Ойда-жоқта тап болған мынадай батпан құйрықтан алтын тақтың буына піскен жоңғардың жас қонтайжысы да теріс кете алмады. Тышқақ лак шығын шығармастан қазақтың ай мен күндей ханшасын құшса, сол арқылы Нұралы ханды өзіне бейімдеп, Ақ патшаның иегінің астындағы Кіші жүзге ықпалын жүргізсе, оған бұдан артық не керек?! Тек әлгі Барақ сұлтаны құрғыр оңайшылықпен қолға түсе қойса... Алайда Барақты хан тағына жеткізбеу қонтайжының да ішкі тілегіне сай келеді. Тәңірім сақтасын, қалмақ түгіл қазақтың өзіне ырық бермейтін Барақ сұлтан Ұлы жүзге хан болса, сол күннің ертеңінде-ақ ойрат Ордасына қарсы бүлік шығарды дей бер. Бопсамен отырған бодандықта, жыл сайын жиналатын алым-салықта жайына қалады. Ендеше, Барақ сұлтан — Нұралы ханның ғана емес, қонтайжының да ортақ жауы. Ондай адамды ешқашан хан тағына жолатуға болмайды... Не керек, қорқау қасқырлар алыстан ұлыса табысып, барыс-келістері жиілеп, елші дегендер екі арада сапырылыса бастаған.

Ойламаған жерден шырқ айналған мұндай шұғыл бет-бұрыс қазақтың ғана берекесін алып қоймай, Орынбордағы орыс әкімдерін де қатты абыржытты. Бұрынғы әдеттері бойынша, өз қызметтерінен кеткен мүкісті қанша жасырғысы келгенімен, бұл жолы шын жағдайды Сыртқы істер алқасына мәлімдеуге мәжбүр болды. Мына пәленнің алдын ала гөр деп, олар а дегенде Абылайға қолқа салған. Белгілі жансыз М. Араповты Барақ сұлтанға жұмсап, оған енді патшалық тарапынан ешқандай қауіп жоғын ескертсе, А. Яковлев пен Я. Гуляевті кезек-кезек Нұралы ханға жіберіп, жыл бойы дамыл таппады. Орыс әкімдерінің көздеген мақсаты — қайткен күнде де Кіші жүз ханын жоңғарға жақындатпау, арадағы құдалықты болдырмау еді.

Орынбор әкімдері қанша жанталасқандарымен, егер Жоңғар қонтайжысы тағы бірер жыл тірі тұрғанда, бұл оқиғаның ақыры немен тынары белгісіз тұғын. Осы қарсаңда ойраттың өз ішінде тақ тартысынан туған қырқыстар басталып кетті де, «байтал түгіл бас қайғы» дегеннің кері келіп, бәрі жайына қалды. Өткен 1750 жылқы жылының мамыр айында Жоңғар қонтайжысы Цеван Доржи өзінің жатыры бөлек ағасы Лама Доржидың қолынан қаза тапты да, қазақ ханшасын құшсам деген тілегіне жете алмай кетті... Сірә, істің арты бұлай бітерін болжай алмай, Орынбор әкімдерінің сасқаны болар, еш жазығы жоқ Намруна сұлу да осы оқиғаның сәл алдында жұмбақ жағдайда қайтыс болды.

Бірақ, оның есесіне, Нұралы хан ойлаған арманына жетіп жығылды. Түбі атылмай қоймайтын мылтық таңдайындағы оқ тәрізді, адам пиғылындағы құпия қастық та аңдығанын алып жемей тынбайды. Қан ішер Цеван Доржи өзі өлсе де, Барақтың көзін құртам деген уәдесін орындап үлгерді...

Барақ сұлтан өткен жылы Қаратау асып, Түркістан, Арыс төңірегіне барысымен Төле бимен тізе қоса отырып, Ұлы жүздің бытырап жүрген руларын өз маңына топтай бастаған. Бодандық жағдайында бірден бадырайып көзге түспесе де, әр жерде астыртын қарулы жасақ та ұйымдасып қалып еді... Осы өткен мамырдың басында Ұлы жүздің ру басы ақсақалдары мен батыр, билері Ордабасы деген жерде ұлы дүбір той жасап, Барақ сұлтанды ақ киізге отырғызып, хан көтермек болатын. Абылай Жоңғарға қарсы аттаныс мерзімін кейінге қалдырғанда, бір жағы, осы Барақ сұлтанның оңтүстік өлкесіне орнығып, хан тағына отыруын күткенді. Арадағы келісім бойынша, осындағы Ұлы жүз, Қоңырат, Қыпшақ жасағынан құралған әскер қосыны Арқадан аттанған қалың қолмен Түркістанда түйісіп, ары қарай ұлы жорыққа бірге аттанбақшы еді... Амал не, оған тағдыр жеткізбеді ғой. Жазмыштан озған кім бар? Алыстан қалап шақырған қалың ел де, Барақтың өзі де ол арманға жете алмады. Өйткені оған арналған ажал оғы тек қана шүріппенің басылуын күтіп, көптен дайын тұрған-ды. Оқ емес, ішіне у толтырылған шынашақтай шиша. Рас, ол құты көп уақытын жолда өткізді. Іледегі қонтайжының қолынан шыққан заһар алдымен аса құпия түрде Қоқанға келді. Одан жылжи-жылжи Ташкентке

жетті. Сол жерде өзінің қанды қол қарақшысын күтіп, тағы біраз жатты. Ақыры жендет табылды. Ол жендет басқа жақта емес, Түркістаннан небәрі жиырма шақырым жерде, бір кезде мешіт-медресесімен даңқы шыққан, күніне бес уақыт азан шақырылып, намаз оқылып жататын Қарнак қаласында отыр екен. Аузында Алласы, басында сәлдесі бар Камалидден қожа. Қонтайжының салынған құтысы ақыры соның қолына кеп тиген. Биылғы наурыз тойында Барақты өз үйіне дәмге шақырған қожа бір қалт еткенде, сұлтанның ыдысына әлгі уды салып үлгірді. Сол қонақтан қатты ауырып қайтқан есіл ер бір тәуліктей қиналып жатып, ертеңінде жан тәсілім еткен...

Барақтың өлімі Абылайдың жанына қатты батты. Жалғыз Абылай ғана емес, бұл қаза исі қазақтың қабырғасын қайыстырды. Көңіліне медеу тұтып, арқа тіреп келген тағы бір бәйтерегін құлатты. Әбілқайырдың өлімінен басталып, бірнеше жылға созылған Барақ сұлтан мен Нұралы хан арасындағы тартыс, міне, осылай орны толмас қайғымен аяқталды.

Жоңғарға қарсы жорықтың кешеуілдеуіне себеп болған тағы бір жағдай — ойрат Ордасындағы өзгерістерге байланысты. Өткен жылқы жылының мамыр айында ойрат қонтайжысы Цеван Доржиды мүрдем кетіріп, оның орнына Халдан Цереннің некесіз ұлы Лама Доржи отырған. Ресми таққа отыру салтанаты өтісімен, жаңа қонтайжы Абылайға елші жіберіп, арнайы хат жолдады. Жазған хатында: інісі Цеван Доржидың тұсында ел ішінің оңбай бүлінгенін, көрші халықтармен де дұрыс қатынас орнамағанын айта келіп, бұдан кейін қазақ-жоңғар арасының қалыпты жағдайға көшетініне сенім білдіріпті.

Абылай бұл айтылғандардың жай көлгірлік екенін түсінді, әрине. Әйтсе де, әліптің артын бағып, ойрат Ордасының бұдан кейінгі аяқ алысын бақылаумен болды. Аттаныстың тағы бір жылға кейінге қалдырылуының бір себебі осы еді... Биыл көктемде Жоңғарияға Малайсары мен Қу дауысты Құттыбай бастаған қазақ елшілері барып қайтты. Ойрат Ордасында соңғы жылдары тақ таласынан туған қырқыстың егжей-тегжейін солар айтып келді.

Жоңғар тағында небәрі төрт-ақ жыл отырса да, Цеван Доржи өз айналасына оңай тимеген көрінеді. Бастабында ақсүйек шонжарлар хонтайжыны баласынып, иі жұмсақ жас жігітті өзіміз билеп-төстерміз деп үміттенген екен, бірақ ол бала емес, пәле болып жабысыпты. Ең бастысы, жас қонтайжы өзінен мықтының бәрінен үрейленетін, қоян жүрек қорқақ болатын. Ал қорқақтардың қашанда қолы қанды, жолы зарлы болатыны белгілі. Оның үстіне жас қонтайжының төңірегіне кілең бір өсекке үйір, іші тар, қорқау ламалар мен залым зайсандар топталып алса керек. Солар үнемі балаң жігіттің зәресін алып, өздері жек көретін нояндар мен ел басшыларын қонтайжыға жау етіп көрсетіп, шетінен көздерін жойғыза берген.

Ең алдымен құрбандыққа шалынған — ойраттың белгілі қолбасшысы,

контайжының Орта Азия мен Сыр бойындағы иеліктерін басқаратын Сары Манжы ноян. Өз еліне бір кісідей еңбек сіңірген қалмақ сондай-ақ болар. Сол ноян 1745-жылдың күзінде, Төле бидің ауылында қонақтап жатқан жерінде, әлдекім у беріп өлтірді. Қонтайжының тапсырмасымен қастандық жасаған ойраттардың өзі екенінде күмән жоқ. Мақсат белгілі — жаласын қазаққа жауып, тағы бір қанды қырғынға сылтау іздеу еді. Мұның салдары Төле биге оңай соққан жоқ. Ойрат ордасының қаңарынан сескеніп, бір жыл бойы Қоқан әміршісі Әбдікерім бектің панасында жүрді.

Келесі кезек атақты Цебдан ноянға келген. Бұл — қырқыншы жылдары Арқа жеріне жойқын жорық жасап, қазақты қан қақсатқан, Абылайды аң аулап жүрген жерінде қапыда қолға түсірген мықтының дәл өзі... Халдан Церен өліп, Цеван Доржи таққа отырар қарсаңда Цебдан ноян Қоқанға қарсы жорықта жүрген-ді. Өзі іштей әлі оң-солын танымаған жас баланың таққа отыруына қарсы болатын. Аңғал батыр сол ойын жасырмай, әке тағына қолы жетпей қалған Лама Доржиды жұбатып хат жазады. Хатта: «он төрттегі бала ел басқарып жарыта ма? Әділетіне келсек, бұл жолғы кезек сенікі. Жорықтан қайтқан соң ақылдасып көрерміз», — деген сөздер бар еді. Хатты Орда маңындағылар қолға түсіріп, Цеван Доржиға әкеліп тапсырған. Жас қонтайжы қаңарына мініп, дереу Цебданды ұстауға бұйрық береді. Ноябрь қолға алынып, қатал күзетпен Құлжаға әкеле жатқанда жол үстінде мерт болыпты. Біреу қастық істеді ме, әлде өзіне-өзі қол жұмсады ма, — белгісіз.

Осыны көрген ойраттың басты адамдары ел қамын ойламайтын делқұлыны тақтан тайдыруға бел байлаған. Қалмақ жұртында тақтан тайдырудың бір ғана жолы бар. Ол — өлім. Бұл мақсатқа жету үшін олар Цеван Доржидың он тоғыз жасар әпкесі Лам Байыр ханшаға қолқа салады. «Бізді мына игі жақсыларға бүйідей тиген қанішер бауырыңнан құтқар. Егер қонтайжының көзін құртсаң, әйел заты демей-ақ, орыс патшайымдары секілді, біз де сені таққа отырғызайық» дейді бәрі бір ауыздан. Лам Байыр ханша бұл ұсынысты қабылдаған көрінеді. Бірақ қастандық іске аспай қалған. Тас жүрек ханша аңнан қайтқан інісіне у қосылған қымызды қымсынбай-ақ ұсынған екен. Дәл осы арада қастарында тұрған Қотан емші мен Баяншах лама секем алып қалып, сусынды қонтайжыға ішкізбей қойыпты. Ойраттар үшін у салған тамақты анықтау да қиын емес-ті. Қу мүйіз Қотан емші қалтасынан піл сүйегінен жасалған кішкентай таяқшасын суырып алып, ыдысқа матырған екен — қымыз бұрқылдап қайнап кетіпті.

Осы жолғы сәтсіз қастандық әшкере болысымен, Цеван Доржидың төңірегіндегілер жағдайды одан әрмен ушықтыра түскен. Соңғы екі жылда қонтайжының қылышынан қан тамып тұрды десе де болғандай. Сол жолы Орда маңынан үш жүзге жуық адам қолға алынды. Ал әпкесі Лам Байыр ханшаның екі көзін ойып, Ақсу қаласына жер аударды. Осыдан кейін нояндар мен зайсандарды үрей билеп алғаны сонша, шамасы келсе, қонтайжы ордасына жоламауға тырысты. Алтай мен Тарбағатайдағы Дабашы мен Әмірсана секілді білікті нояндар бірде жер шалғайлығын,

бірде ауырып қалғанын сылтауратып, тіпті хан кенесіне де қашқалақтап келмейтін болған.

Әрине, мың асқанға — бір тосқан, мұндай жағдайда Цеван Доржиға да зауал төнбеуі мүмкін емес-ті. Ақыры сол қаралы күн де жетті. Оған түрткі болған — Ойрат әулетінің бәріне бірдей сүйікті, әйгілі Олзей ноянның тұтқындалып, еш жазықсыз өлім жазасына кесілуі. Алайда үкім әлі орындалмаған-ды. Олзей ертең ат құйрығына байланады деген күні түнде ламалардың бірі оны қамаудан босатып жібереді. Беделді ноян бостандыққа шығысымен өз жасақтарын бірден маңайына топтап, інісімен тақталас Лама Доржимен де күш біріктіріп үлгірген. Бұл кезде қонтайжының қасында тым аз адам қалып еді. Бүлікшілер Орданы көп қиындықсыз-ақ басып алды. Бұлар Цеван Доржидың жұртқа жиі қолданатын жазасын өз басына келтіріп, екі көзін ағызып жіберді де, Ақсу абақтысына жер аударды. Сөйтіп, ойрат тағына бұл жолы Халдан Цереннің некесіз ұлы Лама Доржи келіп отырған.

Бірақ тақ иесі ауысқанымен одан қазақ даласына, түстіктегі Қоқан мен Қырғызға да ешқандай жеңілдік келген жоқ. «Бір қызым бар сорақы, екінші қызым одан да сорақы» дегендей, туғанда қан шеңгелдеп қағынып туатын, өз етін өзі жеген ойрат әулеті кімге жақсылық ойлар дейсің. Қайта жаңа қонтайжы таққа отырысымен, Цеван Доржидың тұсында сәл босаңсып қалған көрші елдерге деген қысымды бұрынғыдан арман күшейте түсті. Сондықтан биыл Қарқаралыда өткен хан кеңесінде қазақ батырлары бір ауыздан аттанысты енді кешіктіруге болмайды деген шешімге келіп еді.

II

Жайлау сары жұрт болып, мизам ұша бастаған, бірақ саялы, салқын жерлерде жаз бояуы әлі оңып үлгірмеген тамыз айының тамылжыған бір күнінде Кеңгір өзенінің шығыс жақ қабағындағы биік төбенің басына күмістеген ер-тұрманы мен сауыт-сайманы күн нұрына шағылып, кілең сәйгүлік ат мінген бір топ адам көтерілді. Бәрі де — әдейі іріктеліп алынғандай атан жілік, апай төс, зор тұлғалы кісілер. Дәл ортадағы — шоқтығынан сауырына дейін зер шашақты кежім жапқан сүліктей сұлу жиреннің үстіндегі, жарқыраған дулығасы мен сап алтынның буына ұстаған сары-ала сауыты да жұрттан ерекше, айбатты адам — Абылай ханның өзі. Оның қасында тұр-тұлғасы ханнан гөрі кесегірек, мұздай болат құрсанған қолбасылар: Қабанбай, Бөгенбай, Ер Жәнібек, Баян, Көкжал Барақ, Оразымбет, Олжабай сынды батырлар мен Бұқар, Ақтамбердідей жыраулар, Боранбай, Төбет, Бекболат тәрізді билер бар. Әбілфейіз, Ханбаба, Уәли қатарлы жас сұлтандар да осы топта еді.

Бұлар мана таңертең өзен жағасындағы Алаша хан зиратына құран оқып аттанған. Қазір де қызыл қыштары күн нұрына алаулап, сағымға орана сан құбылған сол ғимарат қарсы бетте мен мұндалап көрініп тұр. Сонау бір өзен иініндегі жасыл алаңқайда — Абылайдың ала шатыры, оның айналасында қолбасы батырлардың жорық қостары. Сол тұстан аспан

түстес жасыл ту желбірейді. Одан төменірек өзеннің қос қапталын бойлай әр алуан күрке, итарқа, абылайша тіккен қара қорым қалың қол бар. Қашанда азық-түлігін артып, сойыс малын бірге айдап жүретін бақауыл тобының қонысы да сол маңда. Той қып жатқан ауылдай түтіні будақтап, қара-құрасы молайып, қарбаласып шалынады.

Абылай бастаған қолбасы батырлар осының алдында, сонау бір кең қолатта түзем құрған әскер қосынын көзден кешіріп, мына бір самалды төбеге жаңа ғана көтерілген беттері еді. Сол қалың қол қазір өз жүздік, мыңдықтарымен топ-топ болып, хан алдында тағы бір рет көрініс бере, төбенің баурайымен өтіп жатыр. Әскердің алды өз қостарына жеткенде, арты әлі үзілген жоқ.

Абылай өңіндегі айбарлы сұс, екі қастың арасындағы мәңгі тарамайтын қос сызық жасақтың жауынгерлік қалпың, жігіттердің жорыққа деген құлшынысын көргенде сәл жазылайын деді. Қазіргі шырайында өз ісіне деген нық сенім, қолда барды қанағат тұтқан жайдарылық бар. Рас, көңіл шіркін будан гөрі жоғары болатын. Үш жүздің басы бірігіп, бүкіл қазақ даласынан жеті түмен қол жиналса, жоңғарға қарсы үш майданда бір мезгілде шабуылға өтіп, ата жұртты бір жылдың ішінде-ақ азат етсем деп армандаған. Бірақ, амал не, ол арманы орындалмады ғой... Мына жиналғаны — үш түменнен аспайды. Бұған да шүкіршілік. Жері шағын, шәкене жұртқа бұл да әжептәуір әскер саналар еді. Ал қазақ даласы үшін тым аз. Келте тон тәрізді, басыңа тартсаң аяғыңа жетпейді. Үш түмен қолмен ұзаса бір майданда ғана соғысуға болады. Сонда алдымен найзаның ұшын қай жаққа қарату керек? Сыр бойына ма, Жетісуға ма, әлде Алтайға ма? Аз әскер арасы айшылық жол саналатын, ұшы-қиырсыз байтақ өлкенің қай жыртығына жамау болады? Дәл қазір Абылайды қинап тұрған жай осы еді.

Төбе басындағылар ру-руымен сап түзеген сарбаздар шеруі алдарынан өтіп болғанша қалт етпей қарап тұрды. Бұлар, негізінен, Арқадағы төрт арыс: Арғын, Найман, Керей, Уақ ұлыстарынан құралған қосын болатын. Кіші жүзден Сарысу бойындағы Алшын, Тама жігіттері ғана бар. Ал Ұлы жүз жағынан Балқаш маңындағы Жалайыр болмаса, басқасы биыл оңтүстікке жазалау жорығын жасаған Жоңғар қолының қоршауынан шыға алмай қалды... Шұбырып өтіп жатқан мыңдықтардың қайсысы қай рудан екені сарбаздардың киім үлгісінен, мінген аттарының ен-таңбасынан-ақ айқын аңтарылып тұр. Көз таңбалы артындар, тарақ таңбалы тарақтылар, шот таңбалы Қаракерей мен балта-бақан таңбалы Балталы-бағаналылар, ергенек таңбалы Бура, Көкжарлы, Саржомарт жігіттері... Төбе басында тұрғандар хан қасында тым самбырлап кетпесе де, бір жағы Абылайдың көңілін жайландырғысы келіп, әр тұстан мадақ сөздер айтып жатыр:

— Арғын жігіттерінің киім реті сәнді екен!

— Керей жасағының ат-көлігі әлей көрінеді. Мінгендері кілең жел-құйын сәйгүлік пе деп қалдым ғой.

— Әй, бірақ қару-жарақ, сауыт-сайман жатынан Найман қолы жеткізбейді.

— Болса болар, Найманның ұсталары Жезді мен Теміртауда қыс бойы қылыш қайрап, сауыт соғып шықты емес пе?! — деседі. Бір-біріне деген зәредей қызғанышы жоқ, шын сүйінген, таза көңілден шыққан лебіздер.

Әскер шеруі өтіп болып, өздері оңаша қалған сәтте Абылай қасындағы серіктеріне бұрылды да:

— Бәрекелді! Әскеріміз аз да болса айбынды, сырт тұрпатына қарап-ақ дос сүйініп, дұшпан күйінетіндей бар екен. Қалауын тапсаң осы қолмен де біраз жауды жер жастандыруға болады! — деді жадырай тіл қатып. — Жүріңіздер, құрметті қолбасылар, ендігі әңгімені шатырта барып, шөл қандыра, жүрек жалғай отырып жалғастырайық.

Бұлар — бас-аяғы қырық-отыздай кісі жүре сөйлесіп, төменде көрініп тұрған хан шатырына келіп түсті. Өзенге беті-қолдарын жуып, сәл салқындап алған соң бәрі ішке кірген. Жорық шатыры хан ордасындай болмағанымен, іші самаладай кең, жеңіл-желпі жасау-жабдықтан да құр емес, еңселі, сәнді екен. Төрт таған тіреулермен тартып тастаған шатырдың күмбезді төбесі салдау ағаштар шаншылған төрт бұрышты шаңыраққа тіреледі. Оның сырты неше түрлі ою салынған, кенеп тысты ақ киізбен жабылған. Қабырғасына қалы кілем, алаша тұтып, жерге де төрден есікке дейін оюлы текемет, сырмақ, кілем, көрпе жайып тастаған.

Жорықта жүргенде де Абылайдың қолы ашық-тұғын. Тақа бір жау жағадан алып тұрғанда болмаса, сарыала қазы мен салқын қымыз хан шатырынан үзілмейді. Көп кешікпей даяшы жігіттер дастарқан жайып, күміс шатыралы, сылдырмақты дәу тегенемен қолдаса көтеріп қымыз алып келді. Енді бір жақтан қақталған тестік, жаубүйрек, жаңа сойылған тайдың майлы қуырдағы да келіп қалды. Мұндайда түзде ішкен жорық асына жетер не бар?! Батырлар қымыз толы шараларды бастарына жиі төңкеріп, қара қуырдақ пен жаубүйректен де қарбыта асап жатыр.

Қымыз дастарқаны жиналып, ет келгенге дейінгі әредікте әңгіме желісі тағы да алдағы жорық жайына ойысты. Батырлар арасында найзаның ұшын қай бағытқа тірейміз деген мәселе әлі де шешімін таппай, әзірше пікір екіге жарылып тұр.

А дегенде ауызға ілініп, жұрттан көбірек қолдау тапқан бірінші пікір — алысқа ат сабылтып бармай-ақ, биылша таяу тұрған жауды түре қуып тастау дегенге саяды. Рас, қасиетті Қаратау мен Сыр бойының, Ташкент, Сайрам қалаларының әлі күнге дейін жау қолында жатуы да — бетке шіркеу, сүйекке таңба. Бірақ биыл ол жаққа баруға кешігіп қалдық. Егер Қаратау асып, Ташкент жорығына аттансақ, алыс жолда ат шалдығады. Дәл қазір жау қайдалап, құлшынып тұрған әскердің арыны қайтады. Одан да Балқаш айналып, ұрымтал жерден Аягөзге өтелік те, Акшәуліге қос тігіп,

калың қолды екіге бөлейік. Бір бөлігі Қалба, Қарғыба, Манырақ бағытында Барқытбелдің теріскейіндегі торғауыт пен ұранхайларды түре қусын да, екінші тобы Алакөл, Еміл бойымен үрдіс шабуылдап, осындағы дүрбіттерді Тоқта-Барлықтан асырып тастасын. Осылайша, ойрат Ордасының оң қанатын бір қырқып түсірсек, бір жағы Қырғыз, Қоқанға тірелетін сол қанатын қайыру қиынға түспейді. Оған дейін, түстіктегілер де тірі жан ғой, өз беттерімен соғыса берсін... Біраз жұрттың көңілінен шыққан бұл бағытты ұстанушы — Қанжығалы Бөгенбай батыр еді.

Ал Қабанбай бастаған екінші бір топ бұған мүлде қарама-қарсы бағыт ұстады. Мына керегарлықты қараңыз: ұзақ жылдар бойы кіндік қаным тамған Алакөл өңірі мен Тоқта-Барлықты жау қолынан босатсам-ау деп көкірегі қарс айрылатын, сол үшін Найман көшін елден бұрын шығысқа бұрған Қабанбай, енді келіп найзаның ұшын алдымен Барқытбелге емес, Түркістан, Ташкенге қарай бұру керек деп отырып алды. Әзірше бұл пікірді жақтаушылар онша көп емес. Қайта батырдың бұл мінезіне таңырқаушылар мен наразылардың қатары молдау сияқты. Кейбір батырлар, әсіресе, бір табан болса да ата қонысқа жақындай беруді қалайтын Керей, Найман жігіттері ашық қарсы шықпағанымен, өзара күңкілдері көбейіп, қырыс қабақ таныта бастаған... Ал Абылай болса, екі жақты кезек тыңдағанымен, әзірше ешқайсысына сенікі дұрыс деп оң шырай білдірмей, сыр ұшығын ұстатпаған күйі үнсіз отыр. Ханның кереметінің өзі де ішінде не барын жан баласына сездірмейтін осы бір түпсіз терең шыңыраулығында жатыр еді.

Ал Қабанбайдың да көңілге қонымды, ешкімді бұлтартпас дәлелдері бар-тұғын. Тек соның тереңде жатқан астарына үңілер көз, ұғынар құлақ керек. Оны бір шалса, Абылайдың ғана жүйрік көңілі шалған болар. Соған сенгендіктен де райынан қайтпай, ақырына дейін қасарысып қалған.

Қолбасының ойынша, қазір оңтүстік өлкесі түгелдей өртке шалынып отыр. Ол — еткен жылы қоқандықтар салған өрт. Сол өртті дер кезінде өшірмесе, Ұлы жүз рулары қырғынға ұшырап, қосақ арасында босқа кетуі мүмкін. Халдан Церен өлген соң, Қоқан билеушілері ойрат Ордасына бірде бағынса, бірде бағынбай, өздерін еркін сезіне бастаған. Әсіресе, Әбдікерім бектің тұсында қоқандықтар Бұқар әміріне арқа сүйеп, қонтайжыға алым-салық төлеуден бас тартқан-ды. Оларды жазалауға жіберген ойрат әскері бір рет сәтсіздікке ұшырады. Үнемі ашық далада соғысып үйренген қалмақтар қаланың тас камал, тар көшесіне келгенде өздерін мүлде ебедейсіз сезініп, қала саудагерлерінің емексіткен өтірік күлкісін де андай алмай қалған. Ойрат қолы Қоқан қамалын қоршағанда, қала әміршілері бар әскерін іште тығып ұстапты да, қаланың қақпасын айқара ашып, сырттағыларға дәм-тұздарын көтеріп шығыпты. Тақ бір той өткізген немелердей керней-зұрнайларын тартып, қалмақтардың есін шығарып жіберген. Ойында ештеңе жоқ ойрат әскері салтанатпен ішке кіре бастайды. Бірақ бәрі емес, жарым-жартылай енген кезде қоқандықтар қақпаны тарс жауып алады. Сонан сон-ақ қоршауда қалған әскер атаулыны кескілеуге

кіріседі ғой... Не керек, сол жолы қалмақтарды енді қайтып қала қақпасына жоламайтындай етіп, еселерін мықтап бір қайтарады.

Қоқандықтардың бұл жеңісінен кейін енді Ташкент төңірегіндегі құрамалар көтеріледі. Әбдікерім бекке арқа сүйеген Төле би мен Ханкелді батыр бастаған Ұлы жүз жасағы Ташкенттегі жоңғар әміршісі Парван-бек дегенді қуып шығып, қала билігін біраз уақыт өз қолдарына алады... Алайда бұл еркіндік ұзаққа бармады. Өткен жылы, күзде Қоқан әміршісі Әбдікерім бек қайтыс болды да, бұл өлкедегі жоңғарға қарсы майдан қатты әлсіреді. Әбдікерімнің орнына отыруға енді оның немере інілері Баба-бек пен Ерден бек арасында қырқыс басталған. Ақыры тақ тартысында жеңілген Баба-бек Жоңғарияға қашып кеткен-ді. Онда барған соң, ол қонтайжыға Қоқанды ғана сатып қоймай, Ташкент пен Түркістанды да бағындырып бермек болып, осыдан бір ай бұрын ойраттың он бес мыңдай әскерін бастап келіп еді. Әскер басы Сайын-Бөлек ноян мұнда келісімен-ақ жоңғар үстемдігін қайтадан нығайтуға кіріскен. Ерден бекті Қоқаннан қуып шығып, оның орнына Баба-бекті отырғызды. Уақытша Ташкент пен Сайрамға билік жүргізген Ұлы жүз кісілері де, амал жоқ, Түркістанға қарай шегінуге мәжбүр болды. Бұл күнде әбден дандайсып, бетімен кеткен ойрат әскері Ташкент төңірегіндегі «Құрама» деп аталатын қазақ ауылдарын шауып, көздеріне түскен мұсылман әулетін қанға бөктіріп жатқан көрінеді. Таяуда қос-қос атпен жан ұшырып жеткен Төле бидің жаушылары Абылайға осындай суық хабар әкелді.

Осының артынан іле-шала жедел көмек сұраған тағы бір жаушы Қарақалпақ батыры Қылышбектен келіп еді. Қырқыншы жылдардағы Сары Манжы бастаған жоңғар түмендерінің Сыр бойына жасаған үрдіс шабуылы кезінде Қарақалпақ халқы екіге жарылып, Арал маңындағы төменгі бөлігі Кіші жүзге барып паналаған. Ана жылы Барақ сұлтан мен Әбілқайыр хан таласатын Қарақалпақ ауылдары осылар болатын. Ал Сырдың жоғарғы ағысындағы екінші бөлігі, амал жоқ, Жоңғар бодандығын қабылдаған. Ауыр да болса алым-салығын төлеп, Ұлы жүз руларымен аралас-құралас жүріп жатқан-ды. Жақында солардың басына тағы бір зауал төніпті. Ойрат қонтайжысы өзіне бағынышты Қарақалпақ ауылдарын Жоңғарияға күштеп көшіруге жарлық шығарған. Қазір ойраттар үш мың түтін қарақалпақты бір жерге иіріп қойып, өз жерлеріне айдап әкету қамында көрінеді. Қылышбек таяуда Абылайға жолдаған хатында осы жайларды баяндай келіп: «Қазақ-Қарақалпақ бір атадан тараған қандас бауыр едік. Бізді жат қолында шырылдатпай қол ұшын беріп, құтқара көріңдер!» деп сәлем айтыпты.

Осыны өткен жиында Абылай аузынан естігенде, алыстағы ағайынның зар-тілегі Қабанбайдың ет-жүрегін езіп жібергендей болып еді. Демек, дәл қазір оқиғалардың шиыршық атып, шиеленісіп тұрған жері — Арқа да, Алтай да емес, оңтүстік өлкесі. Ата қонысын түгелдей жау басып алған Ұлы жүз руларының Жоңғар хандығына бодан болып, ауыр алым-салық төлеп, Талас пен Шу, Арыс пен Сыр бойындағы аядай жерге тығылып отырғандарына да бірталай уақыт болды. Алдына жарты ғасыр, артына

отыз жыл. Төле би бастаған ел басшыларының да алдағы аттанысты күте-күте төзімі таусылған болар. Қандас ағайыннан қайырым болмаған соң, амал жоқ, Қоқанға қол артпағанда қайтеді. Ендеше қазақ әскері өз шабуылын басқа емес, ұшқын түссе-ақ лау ете қалғалы тұрған оңтүстіктен бастауы керек. Рас, қазақ жерінің ала-құласы жоқ. Әйткенмен, қасиетті Қаратау мен Сырдың, байтақ қала Түркістанның жөні бөлек. Алдымен осы өлкені жаудан тазартпайынша азаттықтың ауылы алыс. Соғыста мерейің қанша үстем болып, қарымта қайтарсаң да, басқа жердегі жеңістер көзге көрінбей, жай ұсақ-түйек ұтыс болып қала береді.

Сонан соң, әзірше ешкімге тіс жарып, ештеңе айтпаса да, Қабанбайды түстікке тарта беретін тағы бір жайт бар. Ол — Барақ сұлтанның сол өлкеде қапыда мерт болуы. Барақтың алып денесін у жайлап, жантәсілім етерде, марқұм екі адамның атын ауызға алған екен. «Арқаға — Абылай мен Қабанбайға жетіндер. Солар менің қанымды сұраусыз қалдырмас!» депті қасындағы балаларына. Әнеугүні Барақтың үлкен ұлы Ханбаба сұлтан әке аманатын жылап отырып жеткізгенде, Қабанбай опырыла күңіреніп, марқұмның сол сәлемін жерге тастамасқа серт еткен... Иә, бұл осы сапарда қалайда Қарнақ қаласына соғуы керек. Барақтай ердің түбіне жеткен зұлымды: қалмағы ма, қазағы ма, қожасы ма, тауып алып, шаршы топтың алдында жазалауы керек. Онсыз аруақ разы болмайды, өзінің де айызы қанып, ашуы тарқамайды...

Әнеугүннен бері аламан әскердің бас-аяғы жиналып болғанша, бұл мәселе бірнеше рет талқыға түссе де, көпшілік тоқ етер түйінге келе алмай тарасқан-ды. Енді соза берудің орны жоқ. Бүгінгі отырыста жорықтың беталысы қалайда айқындалуы керек еді.

— Сонымен, не істейтін болдық, жарандар? Жауға шабар уақытты дауға сарп етпейік. Келелі кеңес, орынды ой, соны сөз айтатын кім бар? Бас батырлар не дейді? Толғаныстан соң тоғысқан түйін бар ма, әлде сол бұрынғы сөздерінде тапжылмай тұрып қалдыңдар ма? — деді Абылай, қос қапталында отырған Бөгенбай мен Қабанбайға кезек қарап.

Шатыр ішінде бір мезет өлі тыныштық орнады. Демін ішіне алып, қатып қалған дүниенің шырқын кермедегі аттардың әлденеге шайнасып, тебіскені ғана бұзатындай.

— Мен айтарымды айтқанмын. Ендігі билік өзінде, хан ием! — деді Бөгенбай жұрт назары өзіне аунағанын сезіп. — Іздеген жауың іргенде тұрғанда, алыс аймаққа ат сабылтатын не жөніміз бар? Алакөл, Алтайдағы қалмақ пен Сыр бойындағы қалмақтың ала-құласы жоқ, бәрі бір қалмақ емес пе? Мұндағысының белін опырсаң, Сырдағысының өзі-ақ сылқ етіп құлап түсеріне мен кепіл... Жарайды, мына ыстықта оңтүстікке сапар шектік дейік. Сонда ат арытып, тон тоздырып, сенделіп Сырға жеткен әскердің желі оңынан тұра қоя ма? Жорық мұраты — жеңіс. Мен енді қартайғанда жұрттың обалына қалып, неғайбыл жолға шыққым келмейді. Күші тасығандар барсын, беттерінен қақпаймын. Ал өзім биылша Арғын

жасағымен Арқа жерінде қала тұрам, — деп шатырдың дінгегіне арқасын бере, шалқая отырды. Әр тұстан қостаған сөздер естіліп қалды.

— Рас-ау, тандап соғысатындай бұл қалмақтың жорға-жүйрігі бар ма?

— Іргедегі жауды іліп түссек, қашықтағысы қайда барады? Жанына таяқ батса, ертең өзі-ақ іздеп келмей ме?!

— Соғыстың жай-жапсарын Бөкеңнен артық кім біледі? Алыс сапардың арты неге соғарын ол кісі алдын-ала сезіп отыр ғой! — десіп жатыр. Мұны айтқан — Олжабай, Мамай, Бекболаттар болатын.

Кімнің түтіні қалай ұшарын жақсы білетін Абылай оларға бір-бір қарап өтті де, енді Қабанбайға бұрылды:

— Ал, сен не айтасың, Дарабоз? Іргедегі жауды місе тұтпай, алысты неге көкседің, соны айтшы! — деген сұсты қалпын өзгертпей.

Қабанбай жаңа ғана қалтасынан шақшасын алып, екі танауына алма-кезек насыбай атып отырған. Кенет атандай ақырып, түшкіріп салды да:

— Иншалла, айтқаным келеді екен! — деп жадырай күлді. — Осы отырғандардың ішінде жау шебіне менен жақын барып қонған кісі жоқ, хан ием. Барқытбелдің бауырында мен олардың төбесін күнде көріп отырамын. Ата жұртым — Алакөл де иек астында тиіп тұр... Мен жау тандап жүргем жоқ, жауды жеңер жер тандап отырмын. Қаратау — қара шаңырағың болғанда, Түркістан — ту тіккен ордаң емес пе еді?! Сырдың бойы — қашанда сынға түсер жерің. Осы үшеуі жау қолында жатқанда, ауыл арасының қай жеңісін аужал тұтайын? Қасиетіңнен айналайын Қасым хан мен Хакназар хан, кешегі сайыпқыран Тәуекел баһадүр Сыр бойындағы сол қалалар үшін басын берген жоқ па еді?! Солар қазақ даласы тарлық еткен соң соғысып па? Ойраттар неге Түркістан мен Ташкентке талақтай жабысып, ойран сала береді? Өйткені, ырыс көзі — базар мен байлық сол жақта... «Алтын басым аман қалса, алты-ақ күнде тірілем» дейді екен жылан екеш жылан да. Мен білсем, ойраттың омыртқасын үзу аз, оны қақ маңдайдан соғып, алдымен басын мыжып тастау керек! Оның бер жағында, құлдықта құлын дауысы шығып, көмек күтіп отырған Ұлы жүз ауылдары анау! Өрісі басқа болғанмен күйісі бірге, қандас бауырың Қарақалпақтың теперіш көріп, телімге түсіп жатқаны — мынау! Осындайда жақыныңа қол ұшын беруге жарамасаң, елдігің мен ерлігіңнен не қайыр?! Жоқ, жігіттер, мен ағайынның шырқыраған дауысын естіп отырып, ауыл арасындағы айкасты аужал тұта алмаймын. Елім дегендерің еріндер соңымнан! Мен, не де болса, ат басын түстікке бұрам! — деген кең маңдайлы қарасұр жүзі ішкі толқыныстан біртүрлі қошқыл тартып.

Қабанбайды да қостаушылар аз болған жоқ. Әр тұстан:

— Дұрыс қой... Барды айттың, Дарабоз!

— Ауылы алыс екен деп, ағайынға қол ұшын бермей қалай отырасың?

— Ел қамын жеген Едігенің сөзі осындай-ақ болар!..

— Дарабоздың ойлағаны, әйтеуір, қалмақпен қандасу емес, алты Алаштың қамы ғой, — десіп жатыр.

Мұны айтқан — Көкжал Барак, Ер Жәнібек, Малайсары, Баян батырлар. Бұлардан басқа екі оттың арасында, қай жаққа беттерін біле алмай қысылып отырғандар да бар. Үнсіздік бұл жолы да ұзаққа созылып бара жатыр еді. Осы тұста Бөгенбай өз ойларының жұртқа жетіңкіремей отырғанын сезді ме, тамағын кенеп, тағы бір сөз қосты.

— Ағайын-туыс дейсіңдер... Сол ағайынды сен бірге санағанмен, олар өздерін бөлек санаса не істейсіңдер? Беттерін бері бұрудың орнына, қит етсе Қоқанмен қолдаса кетеді... Олар да іргелі ел емес пе, күндері бізге қарап қалып па? Ойда өзбегі, қырда қырғызы бар, бір шарасын қарастырмай ма?! Айт пен тойда ақсақал боп төрді бермей, жау келгенде жасымси қалатыны несі солардың? Олардың жаны тәтті болғанда, басқалар далаға тастай алмай жүр ме екен?! Тағы да қайталап айтам: түстікке деген жорықты биыл емес, келер жылға қалдырайық. Жетеге тимей жеңіс жоқ. Биылша шыдасын да ширасын! — деген отырғандарға жағалай көз тастап.

Әр тұстан қостаған үндер көбейіп, көпшілік тағы дуылдасып бара жатқан. Кенет әлдекімнің:

— Хан ием! — деп саңқ еткен даусы естілді. Есік жақта отырған Еспембет екен. Жұрт назары солай қарай ауды. — Қарттың сөзін тыңдасаң, қанды жорықтан қажығанын айтады. Бірақ қарт қажыған екен деп, алған бетінен жастар қалай қайтады?! Осы бізді қашанғы бесікке бөлей бересіңдер, аталар? Біз де толғай-толғай жақ тартып, қолтығымызды бір жазайықта... Үлкендер үйден ұзағысы келмесе, алыс жорыққа жеңіс құмары қанбаған жастарды жіберіңіз, хан ием! Бөкең бізге батасын берсін! — деді босағада тік тұрған қалпы.

Бұл сөзге де Абылай не дұрыс, не бұрыс деп жауап беріп жатпады. Тек жалт еткен өткір кезінің қиығынан Еспембетке деген сүйініш байқалды. Мұндай жауапты сапарға мандайының дымы кеппеген жастарды ғана жібермесі тағы белгілі. Абылай жорыққа аттанатын адам таппай отырған жоқ. Оны манадан бері қинаған қол астындағы қос тіреу — Қабанбай мен Бөгенбайдың арасын ушықтырып алмай, арадан мәміле табудың амалы болатын. Екеуінің де сөздері көңілге қонымды. Қайсысын қолдамақ керек? Біреуін ашық жақтаса, екіншісінің сағы сынады. Біреуінің артында — алты арыстың ағасы, азуы алты қарыс Арғын бар. Екіншісінің соңында — батыр ұлдары көп, қара ағаштай қалың Найман тұр. Біреуі — ақ алмас алдаспаны, екіншісі — қайраусыз қара қылышы. Тасырлықпен тасқа салып, жүзін кетіріп алмау керек. Кейде екі оттың арасында қалған Абылайдың да хан басымен осылай жалтақтайтын кезі болушы еді.

Ол әлдебір көмек күткендей, төрде отырған Бұқар жырауға қарады. Бұқар манадан бері қолбасы батырлар сөзіне үнсіз құлақ түріп, алдына өңгерген қара домбырасын сығымдай ұстаған күйі, оқта-текте күрсініп қойып отырған-ды. Хан қабағын аңдасымен, томағасын сыпырған бүркіттей, төңірегіне шүйіле қарап алды да, домбырасын бебеулете жөнелді.

Қайран, жаужүрек жыраулар-ай! Көкірегінің түбіне кір сақтамайтын ақ алмас ақындар тумаса, бұл дүние не болар еді?! Кейде хан айта алмайтын ақиқатты сенің ғана айтып беретінің бар-ау!.. Бұқар біреуге соқтығар алдында, қашанда ханның өзін құрбандыққа шалып, оны да біраз жерге апарып тастайтыны болушы еді. Жыраудың бұл мінезіне Абылай да сыралғы, рахаттана тыңдап отыра береді. Бұқар бұл жолы да сол дағдысына басты. Ол Абылай мен Бөгенбайға арнаған әйгілі толғауын осы тұста айтып еді:

Әй, Абылай, Абылай!

Сен — мен көргенде

Тұрымтайдай ұл едің,

Түркістанда жүр едің.

Әбілмәмбет патшаға

Қызметкер болып тұр едің.

Қалқақтап жүріп күнелтіп,

Үйсін Төле билердің

Түйесін баққан құл едің.

Сен жиырма жасқа жеткен соң,

Алтын тұғыр үстінде

Ақ сұңқар құстай түледің.

Дәулет құсы қонды басыңа,

Қыдыр келді қасыңа.

Бақ үйінде түнедің,

Алыстан тоят тіледің...

Уа, сен Қанжығалы Бөгенбай,

Тоқымы кеппес ұры едің,

Түн қатып және жүр едің.

Қабанбайдан бұрын найзаңды

Қай жерде жауға тіредің?! —

деп жыр нөсерін төкпелеп келді де, домбырасын көлденең ұстаған күйі, ендігі айтарын қара сөзбен жалғастырып әкетті.

— Уа, хан Абылай! Уа, Қанжығалы қарт Бөгенбай! Бұл Бұқарды жетпіс асып, сексенге таяғанша қашанғы жанған отқа сала бересіңдер? Жоңғар қалмағы ортаңа келіп ұя салған жылан еді. Сол жыланның ордасы осы күнге дейін уын жайып, Ұлы жүздің жерінде жатыр. Жерін ғана беріп қойған жоқ, мойнына бодандық бұғауын қоса киді. Жау тұқымын құртам деген кісі алдымен оның ордасын талқандамас па?! Жан қиналмай келетін жақсылық бар ма? Іргедегі жауды іліп түсіп, оңайдан олжа табуға асықпандар, жігіттер. Сенің елден аяған ерлігің, бауырыңнан аяған батырлығың кімге сеп? Қолыңнан келер шапағатың алдымен алақан жайған ағайынға тисін. Ағайынды өкпеге қиса да, өлімге қиған кім бар еді? Бұл қазақта қазір тоқсанға келген Төле биден үлкеніміз жоқ. Тіпті сол қадірлі қартымыздан ұят болды ғой! Шықпа, жаным, шықпа деп, тісін тісіне қойып, осы аттанысты ол күткелі қашан?! Жанын жалдап, сөзін бұлдап, жоңғар қонтайжысын сый-сыяпат, алман-салықпен алдаусыратып, осы күнге дейін ұстап келгені де жетер. Қашанғы шыдайды? Ол да бір күні құлайды ғой. Қайран Төкең тым құрыса туған жерінің жаудан тазарғанын көзінің тірісінде көріп кетсін! Менің тілімді алсаңдар, алғашқы жорықты сол Төле биден бата алудан бастаңдар! — деп аз-кем тыныс алды да, ойын қайта жалғады — Уа, Қанжығалы Бөгенбай, сенің ерлігің мен қайратыңда қапы жоқ. Халқың саған разы. Бірақ, көңіліңе келмесін, мен бұл жолы Қаракерей Қабанбай жағындамын. Оның айқайласа даусы жететін жердегі ата жұрты Алакөлді жаудан босатуға асықпай, аттың басын алдымен қара шаңырақ Қаратауға бұрам дегені құдайға да, адамға да жөн-ақ! — деп сөзін аяқтаған.

Ұйып тыңдаған жұрт үстерінен бір батпан жүк түскендей терең тыныс тартты. Абылайдың да түсі жылып, шырайланып қалғаны байқалды. Бұқар жыраудың сөзі қашанда хан жарлығының хабаршысындай болушы еді. Абылайдың кейде шешуі қиын түйіндерді, осылайша, жыраудың дуалы аузымен жеткізетіні осында отырған жұртқа ежелден мәлім-тұғын. Ең ғажабы, ордада орныққан тәртіп бойынша, мұндайда Бұқар жыраудың ащылы-тұщылы сөзін ешкім де көңіліне ауыр алмайтын-ды. Жырау — ерекше жаралған ел еркесі. Ол пенденің сөзін емес, құдайдың аузына салғанын айтады деп түсінетін. Бұқар билігін Бөгенбай да солай қабылдады.

— Апыр-ай, Бұқар аға-ай! Ашық күнде найзағай ойнатып, дауыл тұрғызып жібердің-ау! Жарайды, мен жеңілдім... Дарабозға бүйрегіңнің

бұрып тұрғанын, шалатын бала секілді, мана домбыра ұстасыңнан-ақ сезіп едім! — деп Бөгенбай үйеңкінің түбіндей алып денесін селкілдете, қарқ-қарқ күлді.

Осы жалғыз ауыз сөз кешеден бері ел еңсесін езген зіл салмақты қолмен сылып тастағандай болып еді. Шатыр ішінде емен-жарқын күлкі, жайдарылық орнады. Алдарына келген қымыз еселеніп қайта құйылған тұста, Абылай да өз кесімін айтқан.

— Бәрекелді, Бұқар аға! Ауған түйені басқандай, бәрін орын-орнына қойып бердіңіз-ау! — деді аласа сандал тақтың үстінде малдасын құрған күйі, сәл шалқая түсіп. — Жұрт пікірі жарылып, бірден билік айтудың қиын болған себебі, екі қолбасының да айтқан сөздері орынды еді. Таза соғыс тәсілі жағынан алып қарағанда, Бөгенбай батырдың алысқа ат сабылтып, артық шығын жасамай, алдымен іргедегі жауды бір жұмарлап алайық дегені көңілге қонады. Бұлай еткенде жеңістің жеңілге түсетіні де, жыланды бел-ден ұрып мертіктірсең, ар жағында басын мыжи салу қиынға түспейтіні де рас. Бірақ қазіргі жағдай оған жар беріп тұр ма? Естіп отырсыңдар, оңтүстікте ойран басталды. Жоңғардың мына қонтайжысы бірнеше жыл бойы тек өз төңірегімен алысқан шөлдірік Цеван Доржи емес, одан гөрі қарымдылығын байқатып отыр. Қоқанды қайтадан қолға қондырып, Ташкентке тәртіп орнатып, енді байтақ қала Түркістанға қауіп төндіруде. Көп жылдар көзімізден бұлбұл ұшқан бұл қалада қазір қазақтың ұлы ханы Әбілмәмбет отырғанын естеріңнен шығармандар, жарандар! Жоқ, жігіттер, жоңғар атының тұяғы бұдан кейін Түркістан топырағын ешқашан баспауы керек! — дегенде Абылайдың даусы қаттырақ шығып кетті. — Рас, Керей, Найманның ежелгі ата жұрты — Алтай мен Барқытбел, Тоқта мен Барлық та ойрат қарауында жатыр. Бірақ, Орта жүз, жауға жерінді берсең де тізгінінді берген жоқсың ғой. Бірер жыл күте тұруға болады. Ал Ұлы жүз руларының бодандық қамытын кигеніне, міне, отыз жылдан асып барады. Содан бері ойраттардың Таласты талқандан, Шуды шулатқаны, Арыс пен Сырдың екі арасын емін-еркін шаңдатқаны жетеді... Ұлы жүз — өз бауырың болғанда, Қарақалпақ — қандас ағайының. Бүгін солардың басына іс түскенде, қол ұшын беріп қорғамасақ, кейінгі ұрпақ бізді кешіре ме?! Сонан кейін, — деді Абылай өз ойын жинақтағандай. — Ташкент пен Түркістан маңындағы сатқын саудагерлердің қолынан қазақтың бір емес, екі арысының қаны төгіліп отыр. Осыдан он екі жыл бұрын Жолбарыс ханға төнген зауал биыл Барақтың басын жұтты. Сол ерлердің де кегін алатын, құнын сұрайтын кез жеткен жоқ па?! Міне, осының бәрін есепке алғанда, Дарабоздың ұсынғаны — әділетті, ақ жол деп білемін. Бірақ оңтүстікке шағын жасақ емес, мұздай қаруланған, ат-көлігі сай, кемінде екі түмен қол баруы керек. Қазақтың аламан әскерін, қаһарлы қаруын көріп, дос сүйініп, дұспан күйінетін болсын! Іске сәт, жігіттер!!!

Көпшілік осы байламға бірауыздан келісті. Қолбасы Қабанбай бастаған екі түмен қол ертең-ақ түстікке қарай қозғалатын болды. Ортада

Қабанбайдың өзі тұрғанда, оң қанатты Малайсары, сол қанатты Барак сұлтанның үлкен ұлы Ханбаба басқарады. Атақты батырлардан Баян, Оразымбет, Олжабай, Еспембет, Байғозы, Баймұраттар да осы топта еді.

Әрине, жаугершілік басталған соң, арттағы елді де қорғансыз қалдыруға болмайды. Тосқауылда қалған енді бір түмен әскер Аягөз аңғарына барып, сол маңда қос тігеді. Бұл ара — шығысқа да, түстікке де, Жетісу өңіріне де ұрымтал. Арттағы елдің қай жерінде қауіп білінсе, жедел түрде жететін болады. Арқадағы жасаққа басшылық ету Көкжарлы көкжал Барак пен керей Жәнібек батырға тапсырылды. Абылай мен Бөгенбай да биылша елге қайтпай, қалған қосынның басы-қасында болмақ.

Ата жұртты жаудан азат ету жолындағы қазақтың ең соңғы ұлы аттанысы, міне, осылай басталды. Бұл — 1751 қой жылының тамызы еді.

III

Арқадағы Қызыларай тауларынан бастау алып, аяғы Телікөлге барып құятын Сарысу өзенінің ұзына бойы — жеті жүз шақырым, яғни мықты атқа жеті-сегіз күндік жол. Қалың қол Қаракенгірді құлдап, Сарысуға түскен соң, өзен аңғарын үнемі қамшылар жақ қапталына алып, түстікке қарай үдере жортып келе жатқанына да, міне бірнеше күн болды.

Бұл — кәдімгі алдында шолғыншы ертауыл жасағы, ортада тұтқауыл әскері, соңында сойыс малын айдап, азық-түлігін артқан бақауыл тобы бар, ортадағы тұтқауыл әскердің өзі оң қол, сол қол және маңдай деп бөлінетін аса үлкен қосын еді. Қазақта баяғы Аңырақай, Алакөл шайқасынан кейін ту түбіне мұндай мол әскердің жиналғаны осы. Рас, ол жолы қазақ қолы отыз мыңнан асып жығылған. Онда да қосынды үш топқа бөліп, маңдай әскерді қолбасы Әбілқайырдың өзі, оң қолды Қанжығалы Бөгенбай, сол қолды Қабанбай басқарған. Шіркін, ол да бір тасып-төгілген халық кегінің көрінісіндей ғажайып мол күш еді ғой. Амал не, хан, сұлтандардың алтыбақан ала ауыздығынан діттеген жеріне жетпей, қожырап кеткені болмаса... Содан кейін-ақ үш жүздің басы қайта құралған жоқ. Бергі қыркыншы жылдардағы Сары Манжы мен Цебданның шабуылынан қорғану ұрыстарында да әр жерде бытыраған қазақ жасағының саны бес мың, он мыңнан асқан емес.

Қалың қол құмды, шөлейт даланы қақ жара, ирек-ирек жол басатын Сарысуды кейде жанап, кейде сәл қашықтап, бірақ ұлы аңғардан көз жазбай жүріп келеді. Өйткені өзен аңғары болмаса, осыншама көп адам мен ат-көлікті әрқандай мол сулы құдықтар да қамдай алмас еді. Қоңыр күздің жақындап қалғанына қарамастан, әлі де аптап ыстықтың беті қайта қоймаған. Күн бойы қыбыла жақтағы бетпақтың шөлінен көтерілген бір аңызак аңқанды кептіріп соғады да тұрады. Шалқар түстің шыжыған ыстығы ат-көлікті қызылмай қып ағызып жіберетін болған соң, бұлар жолды көбінше салқында өндіріп отырды.

Әйтседе аламан әскердің рухы жоғары, көңілі көтеріңкі. Көпшілігі — мұндай жорыққа алғаш рет қатысқан жастар. Әлі жау төбесі көрінбесе де, бірден жапырып жіберетіндеріне еш күмәндары болмай, алдағы айқас алаңына жеткенше іштей асығып, ширға түседі. Ал бұрын қалмақпен талай қидаласқан, бірақ арадағы толас кезінде ептеп шау тарта бастаған сары тісті, сақа сарбаздардың да мынадай ұлы жорық кезінде дүр сілкініп, қайта түлегендері байқалады. Қарт жауынгерлерге бұл сапар баяғы жастық шақтарын еске салуымен қымбат еді. Өйткені мұндай алыс, аламан жорықтың да ер-азаматты еліктіріп әкететін өзіндік қайталанбас сән-салтанаты бар. Атты да, адамды да сынайтын күндізгі суыт жүрістер, кешкі түнемеліктегі дала қостары, аспанның бар жұлдызы жерге түскендей, түнгі далада жамырай жанған мың-сан оттар, дала қосының таңдайдан кетпес дәм-тұзы, гу-гу әңгіме-дүкен, ең ақырында ер жастанып, тоқым төсеніп, ашық аспан астында тұяқ серіппей қатып қалатын тәтті ұйқы... Осылардың бәрі санатқа жаңа қосылған жас сарбаз үшін төтенше қызық еді.

Қабанбай бұл сапарда жалғыз емес, отбасы, бала-шағасымен келе жатқан. Әу баста бұл жорыққа көптен аламан әскердің қатарында жүрген, биыл жасы он сегізге толған кенжесі — Әлі қосылды. Сонан соң «алғашқы жорыққа өзім ертіп шығам» деп бір кезде Назымға да берген уәдесі бар екен. Бетінен қақпай ерке өсірген қайсар қыз ақыры айтқанын орындатып тынды. Ең соңында «бәрің бірдей жорыққа аттансаң, мен қалай бір үйде сопиып жалғыз отырам» деп бұларға Майсара қосақталды. Әйелдер жағы күндіз сарбаздар санатында, қолбасы тобымен бірге жүреді де, кешке қарай көбінесе өздері бір қос болып, бақауыл әскердің басшысы Шағалақтың қарауына көшеді.

Қашанда Қабанбай жасатында бақауыл тобын басқаратын Шағалақта — өз ісінің нағыз білгірі. «Ас - адамның арқауы» болса, қосынның арқауын босатпай алып жүретін кісі — осы Шақаң. Ол алыс жорықтарға қашанда қапысыз дайындалады. Қолына өзі сұраған күш-көлік, азық-түлік, сойыс малы түгел түсіп болмай, Шағалақты орнынан қозғалту қиын. Әр қостағы аламан әскердің есебі, жорықтың қанша күнге созылатыны, жолдағы құдықтар мен бұлақтар — бәрі соның алақанында. Ал үнемшілдігінде баға жоқ — қолына түскен дүниені есеппен сығымдап ұстайды. Жорық үстінде талғажау ететін құрт-ірімшігі, бауырсағы мен күлше наны әр сарбаздың қоржынында, ішіне малта салынған шалап торсығы қанжығасында жүргенімен, жасақтың ортақ қазанға күні түспей тұра ма. Сондайда жүздіктерге бөлінетін сойыстан бірер тоқтыны, не жүрек жалғайтын бір сықпа құртты есептен артық ала алмайсың. Шағалақтың әлгі: «мінсе ат шақ келтірмейтін, ішсе ас шақ келтірмейтін, бұл не деген жалмауыз?!» деп батырлардың өзін қыжыртып ұрсатыны осы тұста.

Әйтседе, бақауыл бастығынын көңілі түссе көл болатын да кездері бар. Қоналқыға ертерек жетіп, уақыт кеңірек болған жағдайда Қабанбай бастатқан қолбасы батырларды өз қосына қонаққа шақырады. Талайдан қолға түспей кеткен, көбінесе жорық үстінде дайындалатын

көшпенділердің көне тағамдарын оның қолынан тек осы кезде жеуге болады. Тас қуырдақ, қарын қуырдақ, жау-бүйрек, көмбе дейсіз бе, алдыңызға түр-түрімен самсатып қояды. Тас қуырдақ та, көмбе мен қарын қуырдақ та — әлі темір ыдыстар тарамаған, есте жоқ ескі заманда шыққан тәсілдер ғой. Шағалақ — осы астарды әзірлеудің хас шебері.

Мұндайда жиірек қайталайтыны — қарын қуырдақ. Бұл әрі оңай, әрі тез піседі. Тегінде қой-қозының, не қоңыр аңның өз еті өз қарнына сиып кетеді. Қойды, не атып алған аңды боршалап, тұзын татытып, бар болса аздап тау жуасы мен бұрыш қосып, пәкізелеп жуған қарынның ішіне салады да, аузын түйреп, от мол жағылған жер ошақтың қозына көміп тастайды. Сәл дем шығарып тұру үшін қарынның жоғарғы аузына қурайдан түтік жалғап қойсаңыз тіпті жақсы. Арада бір ет асымдай уақыт өткенде ашып алсаңыз, алдыңызда буы бұрқыраған «қарын қуырдағыңыз» дайын тұрады... Жол үстінде аламандар күн сайын дерлік аң атып алады. Кейде қалың қол үйірлі аңды қамалап та ұстайтыны бар. Мұндай күндері жігіттер қос сайын көмбе, қарын қуырдақ жеп, жырғап қалады.

Бүгін жолға шыққандарына аптадан аса уақыт өтіп, қалың қол Сарысудан Созаққа қарай бұрылатын тұста бұлар қоналқыға ертерек аялдаған-ды. Қабанбай кеш бата қасына Малайсары мен Ханбабаны, тағы бірнеше батырларды ертіп, Шағалақтың қосына келді. Майсара, Назымдар да осында болатын. Жасында ер-азаматпен бірге талай жорыққа қатысқан Майсараның соңғы жылдары үйден ұзап шыққаны осы еді. Ұзақ жолда жел қағып, күнге күйіп, сәл тотыққаны болмаса, тордан босаған тұз құсындай қайта түлеп, жасаңғырап алғаны байқалады. Аяғына шоңқима көксауыр етік, үстіне кестелі жарғақ шалбар, қатипа камзол киіп алған. Оның сыртында жеңіл бектер сауыт, басында алтынды болат дулыға. Кемер белдікке қыстырып қойған қос өрім қолаң шашқа, жәудіреген ұяды нәркес көз бен қайқы кірпікке қарап айырмасаң, саптағы сарбаздың өзі болған да қалған... Ал Назым, құдауанда, шешесін айнытпай қайталаған көшірмесі іспетті. Қазіргі емес, әрине, осыдан жиырма бес-отыз жыл бұрынғы. Киім үлгісі, жүріс-тұрысына дейін айнымайды-ау, айнымайды. Қабанбай қызынын бойынан баяғы, өзі алғаш танысқан кездегі Майсараны көріп, таң-тамаша болады.

Майсараның бұл жолғы қуанышында шек жоқ. Құдай қосқан қосағынан, ұл-қызынан бөлінбей қатар жүргеніне ғана емес, мына жорықтың үстінде сәті түсіп, жалғыз ағасы Малайсарымен біраз күн бірге болғанына риза еді. Алысқа ұзатылған күллі қазақ қыздары секілді, Майсара да төркін жұртын іштей қатты сағынып жүретін. Ауыл арасы шалғай, ай түгіл жылында көрісе бермейді. Қауіп-қатері мол, аласапыран жаугершілік болса мынау. Сондай кездерде ол күйеуі мен балаларының амандығын бір тілесе, ағасы Малайсарының саулығын екі тілеуші еді. Енді, міне, аз уақыт болса да, ағаның ақ дидарын күнде көріп тұратындай жағдай туып отыр.

Заты, бұлардың тұқым-тегінде бір бауырмалдық бар. Малайсары да туыс

десе қолқа-жүрегін суырып беруге әзір, нағыз қон, қылдаған қазақтың өзі екен. Қашан көрсең қарындасы мен жиендерін кезек құшақтап, құлындап, үстіне түсіп жүргені. Соған қарап, Қабанбай өзін бала-шаға, отбасына тым суық екенмін-ау деп шамалады. Ал Малайсары жиені Әліні осы сапарға шыққалы күндіз-түні қасынан тастамайтын болған. Балаң жігіт қазір, көбінше, Малайсары қосында жатады.

— «Үйдің жақсы болмағы ағашынан, ұлдың жақсы болмағы нағашыдан» деп бұрынғылар тегін айтқан ба?! Ертең қайныңа барғанда, сарбаз боп сайысқа түскенде, нағашылары ештеңе үйретпепті деп жүрмесін. Өз әкең де қара жаяу кісі емес қой... Дегенмен, осы жорықтан қайтқанша менің қасымда бол, — деген анада алғаш табысқан күні-ақ. Содан бері Әліні жанынан шығармай, әр түрлі әскери өнерге баулып жүр...

Бақауыл тобындағы қасапшы, қазаншы, аспаз атаулы Шағалақтың маңайында болатын. Қонақтар келісімен лезде солардың бәрін жауып жіберді. Шеру соңында жүретін бұл топта сайысқа арналған бойдақ мал, сауын биелер де аз болмайтын. Ертелі-кеш солардан сауған сүт кіші-гірім сабаны лық толтырады. Шағалақ қонақтарын ең алдымен қой етінен жасалған қарын қуырдақпен және күні бойы түйенің үстінде шайқалып, бетіне қаймақшып май тұнған сары қымызбен сыйлады. Алыс жолдан шөліккеп келген жұрт қуырдақтан қарбыта отырып, бір сүйретпе қымызды лезде тауысқан. Арада тағы біраз уақыт өткенде дастарқанға мана түс кезінде атып алған семіз арқардың еті келді. Қақталған не қазанға асылған ет емес, бұзылмай тұтас пісірілген «көмбе». Бұл асты қалай әзірлеудің әдісін бұрын жорыққа, не аңға шығып жүрген үлкендер болмаса, жастардың көбі біле бермейтін-ді. Алғашында үлкен жайпақ астауға салынған, қанша қырып тазаласа да сыртындағы күйесі кетіп үлгірмеген, үйіткен қой ма десең оған да келіңкіремейтін, дөңбектей қара қошқыл бірдеңені ортаға алып келгенде, Назым, Әлі, Мырзатай сияқты жастар үдірейісіп қалды. Үлкендер де бірден қол соза қоймай, іркіліп отыр.

— Ал, жігіттер, неге бөгеліп отырсыңдар? Асқа бағыңдар! — деді Шағалақ отырғандарға қулана көз жүгіртіп.

Пышағын қолына алып, алға таман ұмсынған Малайсары:

— Ау, Шақа-ау, мынаның қай жағынан бастаушы еді? Өзің жол көрсетсейші, — деді көңілдене, жадырай күліп. Шағалақтың күткені де сондай бір емеуірі болса керек:

— Ой, тәйір-ай, тақ бір қалмақтың ноянымен жекпе-жекке шығатындай, о несі, ей?! — деп ұмтылып келіп, көмбені өзі жәукемдеуге кіріскен.

Сөйтсе, еш қиындығы жоқ екен. Шағалақ қолындағы пышақпен іреңкіреп, айқыш-ұйқыш бірнеше сызық жүргізіп, қолымен ақырын қопсытып еді, көмбенің сыртқы қабығы ет пен терінің жігімен қопарылып, бөлек-бөлек түсіп қалды. Өне-міне дегенше астауда аршыған жұмыртқадай

аппақ еттің өзі қалып еді. Бабымен уылжып, жұмсақ піскені сонша, мүше-мүшесін тартып қалсаң, сыдырылып қолыңа келеді. Ал енді дәмділігін сұрама! Баяғы атамзаманнан келе жатқан, көшпенділердің нағыз жорық үстінде жейтін асы. Қазан-ошақ та, су да керек емес, тек от болса жетеді. Өзірлеуі мүлде қарапайым: қойды не қоңыр аңды бауыздап, бас-сирағын бөлек алып, ішек-қарнын ақтарып тастайсың да, терінін кесілген жерлерін қайта тігіп, жерден қазылған ошақтың қозына көміп қоясың. От неғұрлым мол жағылса, ет соғұрлым тез піседі...

— Шақан аға, сонда мұны бітеудей қалай тұздадыңыз? Мынаның дәмі тұздаған төстіктен бір де кем емес! — деді Әлі қолына іліккен асықты жіліктің етін жұлып жеп отырып.

— Ой, балам-ай, одан оңай нәрсе бар ма?! — деді оз өнеріне қапысыз сенген Шағалақ масаттана күліп. — Ішек, қарын, өкпе-бауырын бөлек алған соң, бүйрек май, шарбысымен қоса, іш жағын бір тұздап аласың. Сонан соң қол мен санның, белдеменің қалың еттерін іреп, аздап тұз жіберсең болғаны... Осы жолы қара бұрыш пен қалампырым болмай қалды. Әйтпесе бармақтарыңды сорып, тілдеріңді қоса жұтып қоятын едіәдер.

Бұлар пышақ үстінен үлескен көмбенің етін жеп, Шағалақтың бал бармақ іскерлігіне мақтау-мадақ сөздер айтысып, тағы біраз отырды. Малайсары бірсыдырғы әнші еді. Қарындасы Майсараның «дауысыңды сағындым, көке. Бір-екі ән айтып берші» деген өтінішін жерге баспай, домбыраға қосылып, Арқаның кең тынысты, шырқау әндерінен бірнеше ән айтты. Бұл күнде жасы елуден асып кеткен, еңсегей ірі денелі, нұр жүзді Малайсарының қазір нағыз толысқан шағы. Қабанбай екеуі бір-біріне тек жақын жегжат, туыс деп қарамай, қараулас құрбы, қанды көйлек жолдас деп қатты сыйласатын. Керек десең, Қабанбайдың кезінде Майсараға қосылуына себепші болған осы Малайсарының өзі еді...

Ақыры «Ақтабанға» ұласқан Жоңғар шабуылының үдеп тұрған шағы. Ойрат әскері Сайрам мен Ташкентті басып алып, енді байтақ қала Түркістанға қауіп төндіре бастаған. Оңтүстік өлкесінің ойран-ботқасы шығып, Қаратаудың сай-саласы мен Сыр бойының қалың қопасы босқындарға толып кетіп еді... Бір тұтас қазақ әскері жасақталып үлгірмей, әр рудың батырлары соңынан ерген шағын қолмен жеке-жеке қорғанып жүрген, аса қысылтаяң кез.

Жетісу мен Алатау бөктерін ерте иемденген ойраттар ең алдымен Сырдың жоғарғы ағысы мен Талас, Шу бойын жайлаған Ұлы жүз руларын басып қалды. Ол жылдары Ар-ғынның да біраз рулары Қаратаудың күнгеіі мен Сырдың орта ағысын қыстап, жаз жайлауда Сарысу бойлап, сонау Есіл, Нұраға дейін көшіп жүретін. Бұларда жоңғардың алғашқы жойқын шабуылының өтінде қалып, көп шығынға ұшырады. Токсандағы Әнет бабаңның үріккен елдің көшіне ілесе алмай, жұртта қалатын кезі, міне, осы тұс... Ал Алтай мен Барқытбел, Барлықтан шегінген Найман рулары, Арыс бойын қыстайтын аз ауыл Садырдан басқасы, Арқада, Ұлытау мен Есіл

өңірін жайлап жүрді де, үркін-босқыннан бір шама қағыс қалды деуге болады.

Қазақ даласының түкпір-түкпіріне «аттандап» жаушы шаптырған Болат ханның жарлығымен, сол жылы Түркістанға алғашқылардың бірі боп, Қабанбай да жеткен. Қасында жаушы-жаужаламда жиналған мың қаралы ғана сарбазы бар. Арқадағы Орта жүз ханы Сәмекенің әскер жасақтауы тым ұзаққа созылып бара жатқан соң, шыдай алмай асығыс аттанған беті-тұғын. Келсе, әр тұста бытырап жүрген босқын жұрт әлі ес жиып үлгірмей, шағын әскер топтары Түркістан маңына енді-енді ғана шоғырлана бастапты. Ол бұрын көрмеген қазақтың талай батырларымен, соның ішінде Малайсарымен де осы сапарда танысты. Онда Малайсарының жасы жиырма беске жаңа толып, жау қайдалап, жалындап тұрған кезі. Оның Қабанбайды бұрыннан естуі бар екен, екеуі тез тіл табысып, шүйіркелесіп кетті.

Бұлар күндіз-түні шапқылап жүріп, сол төңіректен бес мыңдай қол құрап, Түркістанды қорғауға бел байлаған. Алайда, арада көп уақыт өтпей-ақ, жолындағы елді өрттей жайпап келе жатқан Цеван Ребданның үш түмен әскеріне бұлардың төтеп бере алмасы мәлім болды. Арқадағы Шақшақ Жәнібек пен Қанжығалы Бөгенбай батыр қолбасшылық еткен Сәмеке әскері де, Арал, Қазалы төңірегінде құралып жатқан Әбілқайыр жасағы да уәделі уақытта жетіп үлгірмеді. Амал жоқ, Түркістанды тастап шығуға тура келген. Қазақтың ұлы тағында отырған Тәукенің ұлы Болатты бүкіл ордасымен Қаратау асырып, Арқаға қоныс аудартты да, қашан жанағы салқар көш Созақтан өтіп қара үзіп кеткенше; Қабанбай, Малайсары, Сіргелі Елшібек, тағы басқа батырлар қолдарындағы аз күшпен жаудың жолын бөгеп тұрды.

Жасы он алты-он жетіге жаңа келген, қорамсақты жақ асынып, ерлерше киінсе де, онысы талдырмаш зипа бойын сырт көзден жасыра алмай тұрған Майсарамен Қабанбай осы сапарда табысып еді. Малайсары Қаратаудағы өзіне қарасты Бәсентиін ауылдарын Арқаға қарай көшіріп жіберіп, соңына ерген үш жүз жігітпен хан ордасына ат басын бұрғанда, жалғыз қарындасы Майсара ағасын қиып кете алмай, қарулы жасақтың құрамында қалған-ды. Аламан әскер жетіспей, бір қолды екі ете алмай жатқан сол бір қарбалас шақта Майсара садақтан оқ жаудыратын мергендер қатарында ұрысқа да қатысып жүрді. Қабанбай мен Малайсарыға қолғабыс етіп, жасақтың арасын жалғастыратын байланысшы-жаушы болған кездері де бар.

Қабанбай онда үйлі-баранды, екі-үш баланың әкесі болған кезі. Майсараны бір көргеннен ұнатып, осы бір нәзік те, ержүрек аруға бар ынтызары ауып тұрса да, мынадай жаугершілікте желіккенім жеңілтектік болар деп, өзін әупіріммен зорға тежеп жүрген-ді. Қыз да оңаша қағаберісте бұған отты жанарын жиі қадайтын сияқты ма, қалай?! Тағдырдың бұйрығы ғой, бір күні ойда жоқта тап болған кездейсоқ жағдай араларындағы бөгетті жұлып тастады да, екеуін ақыры қосып тынды... Бір

сөзбен айтқанда, Қабанбай қыз алдында қарыздар. Егер сол жолы төтеннен келген ажалдан Майсара құтқарып қалмағанда, бұл бүйтіп Қабанбай атанып, жер басып жүрер ме еді, жүрмес пе еді?!

Қазақ жасағы жаумен бетпе-бет тіресе кетуге шамасы келмегенімен, кейде қойға шапқан бөрідей тұтқиылдан тиіп, қансырата қаша соғысып жүрген кезі болатын. Сондай кезекті шайқастан кейін Арыстың көзден тасалау қопалы жағасына қос тігіп, бірер күн ат шалдыруға тура келген. Бір күні, ойында ештеңе жоқ, түскі ыстықта өзен жағасына барып, белуарына дейін шешініп тастап, жуынып жатқан-ды. Дәл іргедегі қалың қамыс арасы сылдырлағандай болса да, суатқа түскен аттардың бірі ме деп, бәлендей мән бермеді. Тек әлден уақытта арт жағынан ыңырсыған оқыс дыбыс шығып, әлдебір нәрсе күрс етіп құлап түскенде ғана, артына жалт бурылды. Қараса, жартылай жалаңаш біреу өзінен бес-алты қадам жерде етпетінен түсіп, сұлап жатыр. Оң қолындағы екі жүзді алмас қанжардың сабын сығымдап ұстаған күйі қатып қалыпты. Басында ештеңеге түсіне алмаса да, оның мұнда неге келгенін сол қанжарға қарап пайымдағандай болды. Өлгінің екі жауырынның арасынан қадалған сауыт бұзар сұр жебе арам ойын іске асыртпай, орта жолда қырқып түскені көрініп тұр.

Қабанбай жалма-жан айналасына көз жіберіп, кенет өзінен қырық қадамдай жерде, жарқабақтың үстінде тұрған

Майсараны көрді. Садағын иығына асқан күйі бері қарай беттеп келеді.

— Мынаны тырапай асырған сен бе, Майсара? — деген Қабанбай езу тартып.

— Енді қайтейін... еркіне жіберсем, сізді жазым қылатын түрі бар, — деді қаны қашып, әлі де өзіне-өзі келе алмай тұрған қыз.

— Бұл кім болды екен? Өзі қалмақ па, шүршіт пе? — Қабанбай жебені суырып алды да, етпеттеп жатқан өлікті шалқасынан аударып тастады.

— Кім де болса, арғы жағадан осы жаңа ғана жүзіп өтті. Сірә, сіздің шатырдан шығып, суға келгеніңізді біреулер алыстан аңдып отырса керек.

— Басында айдары бар... Нағыз қалмақ екен, — деді Қабанбай. — Ал өзің қалай келдің бұл араға?

— Мен бе? — Майсара сәл күмілжіп қалды. — Мен сізден сәл төменірек су жағасында кір шайып отырғам... Кенет арғы жағадан осылай қарай жүзіп келе жатқан біреуді көзім шалды да, қалт етпей бақылаумен болдым.

— Періштем! — деді Қабанбай қыздың қолынан ұстап. — Мені ажалдан алып қалған ақ тілеулі періштем өзің екенсің ғой... Міне, мен бүгіннен бастап сенің жаудан түсірген олжаңмын. Ендігі өмірім сенікі! — Соны айтып, Майсараны жерден жеп-жеңіл көтеріп алды да, үлбіреген ақ тамаққа

төне берді...

Ойхой, дүние-ай! Содан бері де, мінеки, ширек ғасырдан астам уақыт өтіпті. Зырлап бара жатқан заман. Өзіңнің қартайғаныңды кейінгі жастарға қарап білесің деген осы... Ол да бір жеңілістен көз ашпаған, аса ауыр жылдар еді ғой. Ежелгі астана Түркістанды жау қолына қалдыру қазақ үшін ең бір қаралы күн боп есептелген. Бәрі де — хан, сұлтандардың ала ауыздығынан, билердің бейғамдығы мен қарашы халықтың етек бастылығынан. Сәмеке ханның Арқадан аттандырған әскері, Түркістан қолдан кеткен соң, орта жолда Болат ханның көшіне жолығып, келген ізімен кейін қайтты. Ал Әбілқайырдың жасағы Шиелі маңында ойрат қолынан күйрей жеңіліп, қоршауда қалу қаупі төнгенде, ханның езі аздаған адаммен зорға сытылып шықты. «Ақтабанда» есеңгіреген қазақ елі арада екі-үш жыл өткенде ғана ес жинады ғой. Бұланты бойындағы 1726-жылғы алғашқы жеңіс шағын да болса жақсы нышанның басы тәрізденіп, ел еңсесін бір көтеріп тастаған. Кейін ол Аңырақай мен Алакөлдегі қауырт шабуылдарға ұласты. Бұл жеңістер, шынын айтқанда, билер мен сұлтандарға сеніп қалмай, ел тізгінін өз қолдарына алған батырлардың еңбегі болатын. Кейін «қалмақ қырылған» деп аталған Бұланты бойында Бөгенбай, Қабанбай, Шақшақ Жәнібектен басқа Саңырақ, Тайлақ батырлар да ерекше көзге түсіп еді. Соңғы екеуі қырқыншы жылдары Сыр бойындағы Сары Манжыға қарсы соғыста жау қолынан мерт болды...

Бір жамандықтың бір жақсылығы бар деген рас. Қабанбай сол сапарда шарасыздан Түркістанды жауға берсе де, соның қарымтасындай Майсараны тауып қайтып еді. Еңсені езген ауыр кезеңде құр қол тастамаған құдайдың онысына да шүкіршілік. Әйтседе, көңілінде қайтпас қыжыл, өшпес дық қалған... Осы жолы аттанысты түстіктен бастайық деп қасарысқан тағы бір себебі: батырдың көңілінде баяғыда осы өлкеде қалмаққа кеткен есесін қайтарып, көп жылдар қыл арқандай мойнында жүрген қарыздан бір құтылсам-ау деген арман бар еді.

Қонақтар еттен кейін тағы қымыз ішіп, әр түрлі әңгімемен дуылдасып отырған-ды. Кенет Назым өзіне қарама-қарсы жайғасқан Мырзатайға жалт-жұлт қарап алды да, үлкендерге бұрылып:

— Көкелер, рұқсат етсеңіздер, мына Мырзатай сіздерге күй шертіп берем дейді, бұған қалай қарайсыздар? — деді күтпеген жерден. — Өзі айтуға ұялып отыр.

— Бәрекелді! Ортамызда күйші отырса, неге тыңдамасқа? Тыңдаймыз! — деп өнерге бейім Малайсары алдымен ыңғай білдірді.

Жұрт назары бірден есік жақта, Әлінің қасында отырған ұзын бойлы, сымбатты жігітке ауды. Алайда Мырзатай отырыстың аякастынан бұлай бағыт аларын күтпеген сияқты. Жұқалған, аққұба жүзі ду етіп, құлағына дейін қызарып кетті. Ерке қыз Назымның өзіне ғашық бұл жігітті үпемі осылай отқа итеріп, оқыстан сынап отыратын әдеті. Ойын-тойда көкпар,

сайыс, жамбы ату секілді бәсекеге әдейі тұтқиылдан айдап салып та талай ұялтқаны бар. Бір ғажабы, Мырзатай осының бәріне төзіп, әзірше сыр алдырмай келеді. Осы Назымның сынына қайтсем толам деп, күндіз-түні жаттығып жүріп, қазір жә деген сайыскер, жебесі жерге түспейтін мерген боп алған... Құдасы Боранбай би жастардың тойын қашан қызықтаймыз деп Қабанбайға жыл сайын кісі салады. Үйлену тойын әне-мінемен кейінге қалдырып келе жатқан — тағы Назымның өзі. Ендігі істеп отырғаны мынау... «Япыр-ай, бұл Мырзатай домбыра тарта алса жақсы болды-ау?!» — Қабанбайдың жас жігітке қарадай жаны ашып кетті.

Төр жақтан ұсынылған домбыра бір кезде Мырзатайдың қолына жетті. Қызара толқыған жүзінен, от ұшқындаған өткір көзінен жігітті қазір намыс қысып тұрғаны байқалады. Әйтседе, домбыра ұстасы сенімді. Сүйрік біткен салалы саусақтары садақ пен алдаспаннан гөрі домбыраға бейімірек секілді. Жоқ, шаршы топқа түспегені болмаса, Мырзатай даулескер домбырашы екен. Асықпай құлақ күйін келтіріп алды да, қара домбыраны алқымдап, бебеулете жөнелді. Әйгілі Кетбұқаның «Ақсақ құланынан» бастап, Керей елінің даңғайыр күйшісі Байжігіт пен Найман ішіне көп тараған Нарбота күйлерінен атап-атап, бірнеше күй шертті. «Қайың сауған», «Нар идірген», «Топай торы», «Кек төбет», «Сары өзен» күйлерін кемеліне келтіре, жақсы шабытпен орындады. Мырзатай күй ырғағы сағаға жетіп, алқымдағанда болмаса, перне бойын сығалап жатпай, көбінесе, қарсы алдында жігітті қапыда қинағанына масайрап отырған Назымға қарап тартады.

«Сен ғой — мені осы күйге түсірген. Сенің назың ғой! Сол сын мен наздың аяқталар, бітер күні бар ма?!» дейтіндей. Әлді келген салалы саусақтар әр пернені тапжылтпай дәл басып, ортекедей ойнаған оң қолына көз ілеспейді. Соңғы күй аяқталғанда, жігіттің өзі де қара терге түсіп, қара домбыраның да бар сөлін сығып алғандай болып еді.

Үлкендер дуылдасып, Мырзатайды алқаған мадақ сөздер айтып жатыр.

— Бәрекелді!

— Ой, өркенің өссін, шырағым!

— «Әке көрген оқ жонады» деген осы. Бөрекеннің өзі де домбырашы ғой. Баласына да қонған екен! - дескен лебіздер естілді.

— Жарайсың, Мырзатай! Сені жұрт алдында бір терлетейін деп едім, сүрінбей-ақ кеттің! — деді Назым оған ойнақылана қарап.

Жігіт жүзінен шалқыған нұр байқалды. Оған басқа жұрттың алқаған алғыс-батасынан гөрі Назымның осындай бір ауыз жылы сөзі әлдеқайда қымбат тәрізді.

Осыдан кейін жолсоқты боп шаршап келген адамдар Қостарына тарап,

тынығуға қам жасаған. Қабанбай шатырына қайтар жолда, өзен бойын жағалай қонған жасақ қостарын аралай жүрді. Қасында Майсара ғана бар. Қырқында қайта құлпырған, көңілінде назы бар ерке әйел оң қолын күйеуінің иығына артып, бүгін бір ерекше қылық танытып келеді. Ай тумаған өлараның кезі еді. Бірақ құс жолындай созылып кеткен жағалаудағы мың-сан от төңіректі самаладай жарық етіп тұр.

— Біздің Назымның не білген ойы бар? Мырзатайды осылай азапқа салып жүре бермек пе? — деді Қабанбай Жүрісін сәл баяулатып.

— Өзің ғой, ол қызды шолжаңдатып қойған. Елдің жиырмаға келген ондай қыздары баяғыда ұзатылып кетті, — деді Майсара.

— Сонда не — Назымды ұстап тұрған? Әлде уағда байласқан басқа адамы бар ма?

— Болған, — деді Майсара. — Биылға дейін қарайлап келгені сол ғой. Бірақ ауыл арасы алыстаған соң ол жігіт уәдесінен айнып кетті. Көңілі енді суитын шығар.

— Кім ол — Назымды налытып, сырт айналып жүрген? — Қабанбай кенет ашу шақыра, Майсараны бүркіттей бүріп, өзіне қаратып алды.

— Барақ сұлтанның ортаншы ұлы Бөкей. Ана жылы Ұлытауда іргелес отырғанда, біздің ауылдан шықпаушы еді... Сол кезде Назыммен сөз байласқан ба, қалай. Бірақ ел іргесі бөлініп, көзден кеткен соң көңіл құбылмай тұра ма. Бөкей биыл көктемде Әбілфейіз сұлтанның қызы Айым-бикеке үйленіпті.

— Дұрыс болған... Бетінен жарылқасын! — деді Қабанбай әлі де сабасына түсе қоймай. — Көрдің бе, төренің өле жатқаны қара қазақты менсінбейді. Олар өз қанын артық санайтыны сонша, көзі қарайғанда немере-шөбере қарындасын алудан да тайынбайды. Хан тұқымы неге азып бара жатыр дейсің? Тым құрыса қазақтың жеті атасын сақтамаған жетесіздігінен! — дегенде батырдың даусы қаттырақ шығып кеткен.

— Дабырламашы, біреу-міреу естіп қалып жүрер, — деп Майсара басу айтты. — Ал Мырзатай жақсы жігіт. Назым үшін жанын үзуге бар ғой айналайын... Байғұс балаға менің де жаным ашиды.

— Ендеше, Назыммен дұрыстап сөйлес, — деді батыр былай таман жүре түсіп. — Қараның бәрі Қабанбай болмаса, төренің бәрі Абылай емес. Заты төре екен деп құр тұлыпқа мәңірегенін қойсын... Берісі бес Байыс, арысы қазақта Борекеңнің алдына түсетін кім бар?! Уәде — құдай сөзі. Көп сөзді қойып, осы жорықтан қайтқан соң қызыңды құтты орнына қондыратын бол! — деп біразға дейін үнсіз келе жатты да, өзімен-өзі тілдескендей: — Шіркін, Абылайдың кемеңгерлігі сол ғой, қатын дегенді үйірімен: қазақтан, қалмақтан, қарақалпақтан алса да, төренің қызына жүгірген жоқ. Шын

асылдың төреде емес, қара халықта жатқанын біледі ол! — дегенді қосып қойды.

Бұлар көзге түспеуге тырысып, қалың әскердің арасымен үнсіз жүріп келеді. Оннан-бестен қос-қосқа бөлінген сарбаздар әлі жата қоймапты. Су жағалай тігілген қос, абы-лайша, итарқадан ине шаншар жер жоқ. Біреулері шәугімдерін оттан түсіріп, шай ішуге кіріссе, енді біреулері жанған оттың жарығында алқа-қотан жайғасып алып, әңгіме соғып отыр.

От басындағылар бірін-бірі анық көргенімен, түн қараңғылығында таяу келіп тұрған былайғы адамды байқамайды екен. Қабанбай сондай бір топтың қасына жақындап, әңгімелеріне құлақ тосты. Үстіне көнетоз көбе киген егде сарбаз өзін анталай қоршаған жас жігіттерге басынан кешкен әлдебір хикаясын баяндап отыр. Қалғандары соның аузына кіріп кетердей өліп-өшіп тыңдап қалыпты. Былайша, егде сарбаздың түсі таныс сияқты... Бірақ қанша ойланса да, аты-жөнін есіне түсіре алмады. Қабанбай жүре бермек болып бір оқталды да, кенет сөз арасынан өз атын естіп қалып, қайта іркілді.

— Түн тастай қараңғы. Күні бойы сіркіреп жауған жаңбыр енді ғана толастаған, Түнде келіп ықтаған жеріміз — жартылай құлаған күмбезді бейіт. Күздің қара суығы өңменімізден өтіп барады, — деді жанағы сарбаз. — Бір мезетте қолбасымыз Қабанбай батыр: «жігіттер, бір-екеуін барып, маңайдан отын тауып келіңдер. От жағып, киім кептірейік. Ыстық ас істеп ішейік!» деп бұйырды. Атап айтпасада, бұл сөз қарсы алдында отырған біздің Баймұратқа қаратылғандай болып еді...

Қабанбай мен Майсара әңгіменің қызығына елтіп, от басына жақындай түсті. Не де болса ақырына дейін тыңдауға бекінген.

— Жүр, Берікбол, бірдеңе тауып келейік, — деп Баймұрат орнынан көтеріле берді, — деді егде сарбаз әңгімесін жалғастырып, — мен болсам — Баймұраттың ат қосшысымын. Құлқым соғып тұрмаса да, амалсыз ілестім. Сыртқа шығып, маңайды шолып қарасак, таяу арада тіске шұқыр ештеңе байқалмайды. Айнала селеуден басқа ештеңе өспеген тақыр дала. Мана жол-жөнекей көріп қалғанбыз, осыдан жарты шақырым жерде айналасын шарбақпен қоршаған бір көне зират тұрған-ды. Амал жоқ, солай қарай бет алдық. Мөлшерлі бейітті тез тауып, қурап тұрған тоқыма шарбақтың бір шетінен сындырып ала бастадық. Баймұрат қопарып алған талдарын бері тастап, мен бақшалап буып жатқанмын... Осы мезетте, құдай басқа салмасын, бір сұмдық оқиға болды. Кенет ортадағы ескі бейіттен уілдеген, шыңғырған бір жат дауыс шыққандай болды да, іле-шала түн-түнектің арасынан кебінін сүйреткен бірнеше аруақ ағараңдап шыға келді... Мен тілім байланғандай, өне бойымнан әл кетіп, сілейіп тұрып қалғам. Сол сәт арғы жақтан: «Әй, дінсіздер! Тірі дүниені тауысып болып, енді өлікті тонайын дедіңдер ме? Құдайдың қаһарына ұшырамай тұрғанда тез кетіңдер бұл арадан?! — деген қорқынышты үн естілді.

Мен қолымдағы жіпті тастай салып, тұра қашпақшы болып едім, бірақ екі аяғым шегеленіп қалғандай орнымнан қозғала алмадым. Ал Баймұраттың ойына ештеңе келетін емес. Алдаспанын қынабынан суырып алды да:

— Қайт кейін! О несі, ей?! Өлген аруақ сен түгіл, тірі Қабанбай үсіп өлейін деп жатыр. Осы арада қылышқа туралайын демесеңдер, к...терінді қысып, көрлеріне барып жатыңдар! — деп әлгі аруақтарға тұра ұмтылғаны.

Мен сонда ғана есімді жинадым. Аруаққа да жан керек екен, жанағы аппақ сұлбалар лезде көзден ғайып болды... Біз алған отынымызды асықпай буып, манағы орнымызға қайтып келдік. Келсек, ескі күмбездің іші дуылдаған күлкі... Мен есіктен кіре бере көрген сұмдығымды аптығып айта бастап едім, жолдастарымыз одан арман даурығысты. Болған оқиғаны олар өзімізден де жақсы біліп тұр... Қабанбай орнынан тұрып, Баймұратты құшақтай алды: «Бәрекелді, бауырым! Бұқа бабаңа тартқан нағыз батыр екенсің ғой!.. «Өлген аруақ сен түгіл, тірі Қабанбай үсіп өлгелі жатыр» депсің-ау! Мынауың бір айта жүретін сөз болды!» — деп жас батырдың маңдайынан сүйді.

— Сөйтсек, оқиға былай болған екен, — деді сарбаз сөзін сабақтап. — Сол топтың ішінде Керей Жәнібек батыр да бар болатын. Баймұрат пен Жәнібек құрдас, екеуі қатты ойнайтын-ды. Біз отынға баруға қамданғанда, Жәнібектің ойына да бір қулық кіреді. Ескі бейіттен басқа жерде отын жоғын сезеді де, Баймұратты қорқытпақ болады. Сол ойын қолбасыға айтқан екен, жастарды сынағысы келген Қабекеңде қарсы болмапты. Сонан соң Жәнібек қасына бір-екі жолдасын ертеді де, бізден бұрынырақ барып, көйлек-дамбалдарымен ағарандап, жаңағы бейітке жасырынады. Аруақ кейпінде бізді шошытпақ болған солар екен... Міне, жігіттер, батыр деген атқа ие болу үшін, осындай талай сыннан өтуге тура келеді. Енді ойлап отырсам сол кезде Қабанбай қырық жаста, ал Баймұрат жиырма беске әлі тола қоймаған...

Қолбасы жымыып күлді де, тықырын сездірмей кейін қарай бұрылып кетті.

— Ананың айтып отырғаны шын ба? Қандай қорқынышты! — деді Майсара қатарласа беріп.

— Шын болғанда қандай! Бәрі қаз-қалпында, — деді Қабанбай. — Сен ұмытып қалғансың ғой. Әйтпесе бұл әңгіме кезінде Арқадағы бүкіл елге тарап кеткен. Баймұраттың алғаш аруағын асырып, атын шығарған да осы оқиға.

Сөз әлпеттеріне қарағанда, жаңағылар Баймұрат жасағындағы Төртуыл жігіттері сияқты. Қабанбай жаңағы Берікбол атты сарбазды да енді есіне түсіріп келеді. Қайда-а, одан бері де он бес жылдай уақыт өткен шығар. Сол жолы іріктелген қырық жігіт Ұлытаудан аттанып, Жетісудағы қалмақтардан

жылқы алуға келген. Жортуыл кезінде күздің қара суығына ұрынып, көп қиыншылық көргені, Баймұраттың жаңағыдай сыннан өткені, бәрі рас. Әйтсе де сол жолы сапарлары сәтті болып еді. Іле бойында жатқан қалмақтың бір қос жылқысын түп көтере айдап кеткендері есінде... Құдауанда, бұл дүниеде еш нәрсе де ұмытылмайды екен-ау. Баяғыда естен шығып кеткен болымсыз оқиға, міне, қайта жаңғырып, жастарға жалғасып жатыр.

Қабанбай мен Майсара аламан әскердің кешкі қосын аралап, тағы біраз жүрді. Қолбасының ойлағаны — көпшіліктің көңіл ауанын, Ұзақ жүрістің қалай әсер еткенін білу-тұғын. Шүкір, сарбаздардың рухы көтеріңкі, алыс жолға бой алдырмаған секілді. Демек, аламандар қанша қашық жол жүрсе де, жорық мұратын жақсы сезінеді деген сөз... Әйтсе де, мына қарайған халықтың жай саяхат үшін келе жатпағаны тағы белгілі еді. Алда жасанған жау тұр. Бүгін жеңіс аңсап, желпініп отырған талай жас осы сапардан қайтпай, алыс өлкеде жер жастануы да мүмкін ғой... Иә, солай болары хақ. Оған амал бар ма?! Құрбандықсыз, шығынсыз, оңайшылықпен келетін жеңіс жоқ. Қабанбайдың ендігі міндеті, — шамасы келсе, әр сарбазды сақтау, құрбандықты мүмкіндігінше аз беру.

Бұлар шатырға қайтқанда шығыстан жарты шеке ай туып, үркер төбеден ауып қалған еді. Мұндағылар оны күтіп отыр екен, алдағы шолғыншы топтан жаушы келіпті. Еспембет бастаған ертауыл тобы Созаққа еш кедергісіз кеше барып кірген көрінеді. Жол ашық — Жаңақорған, Түркістанға дейін қауіп жоқ деседі. Арыстың бергі бетіне топталған Ұлы жүз жасағы Арқадан қалың қол аттанғанын естіп, тағатсыздана күтіп отырса керек.

Жақсылық хабар қолбасының көңілін орнықтыра түсті. Ол ертең таң сәріде жорық дабылын қағуға жарлық берді де, Майсараны ертіп шатырына қарай бет алды.

IV

Қалың қол Созаққа көп аялдаған жоқ. Қаратауды көктей өтіп, төте жолмен күнгейге асып түсті де, Түркістанның қыр желкесінен шықты. Бірақ Қабанбай қалаға әскер кіргізбеді. Астананы түстік жерден жанап өтіп, қосынды тау бөктеріндегі от-өрісі мол өзен бойларының бірінде қалдырда да, өзі қасына біраз адам ертіп, Әбілмәмбет ханға сәлем беріп қайтты.

Хан ордасы биыл жайлаудан ерте көшіп түссе де, алда әлдеқалай заман болады деп, ақ сарайға кіруге асықпай, қала сыртындағы кең жазықта, киіз үйде отыр екен. Әбіл-мәмбеттің биылғы жоңғар жорығынан қатты секем алып, абыржып отырғаны мәлім болды. Тек Арқадан аттанған қолдың анық хабарын естіген соң ғана жүрегі орнына түскен түрі бар. Ұлы хан қанша сыр бермейін десе де, Ордаға Қабанбай батыр кіріп келгенде, қуанышын жасыра алмай орнынан атып тұрды. Қолбасы тәртіп бойынша:

— Армысың, хан ием? Байтақ қала Түркістанға қалқан боп, қасиетті Сырдың бойын жаудан тазарту үшін Орта жүз әскері құзырыңызға келіп тұр! - деп оң қолын көкірегіне қойып, тәжім еткен.

Бірақ Әбілмәмбет бұл жолы салтты сақтап тұра алмады. Қос қанатын жайған күйі Қабанбайдың мол құшағына сүңгіп кетті.

— Аман-есен жеттің бе, Дарабозым? Аламан әскер қалай? Алыс жолда арып-шаршаған жоқсыңдар ма? — деп сұрақтың астына алды.

— Ат арымасын, азамат талмасын деп, әдейі жай жүріп келдік, хан ием! Аламан әскер бабында. Ұрысқа бүгін кіруге де әзірмін! — деді Қабанбай.

— Бәрекелді! Екі түмен әскер — қазақтың қолына көптен түспеген күш қой, — деп Әбілмәмбет хан алтын таққа қайта барып отырды. Қолына асасын алып, мысасына мінсе де, өңіндегі мерейлі қуаныш әлі тараған жоқ. — Қалай еді әлгі?.. Ертегілерде қанатымен дауыл соқтырып, жер түбінен ұшып келетін самұрық құс болушы еді ғой. Оның келуін бастарына қауіп төніп, жаны қыл үстінде тұрған балапандары асыға күтпейтін бе еді... Мұндағы ел үшін сенің бұл келісің сол самұрық құстан бір де кем болған жоқ, — деді ағынан жарылып.

— Рақмет, хан ием! Қолдан келгенін аянып қалмаспыз, — деді Қабанбай. — Өз халдарыңыз қалай? Бұл жақта не қарекет болып жатыр?

Әбілмәмбет хан көңіл жұбанарлықтай мәнерлі ештеңе айта алмады. Сол бұрынғы жағдаяттар. Өткен қыста Ташкент пен Сайрам төңірегіндегі Ұлы жүз рулары Қоқан әміршілерімен астасып, осындағы жоңғар әкімдерін қуып жіберіп, екі қаланы да бірнеше ай қолдарында ұстаған екен.

Биыл көктемде келген жазалаушы ойрат түмені қазақ жасағын көп шығынға ұшыратып, батысқа қарай айдап тастапты. Ташкент пен Сайрамды қайтарып алумен ғана тынбай, енді Түркістанға қауіп төндіріп тұр. Ел іші күйзеліс үстінде. Ойрат қолы жүрген жолын өртше жайпап, қазақ ауылдарын аяусыз тонап жатқан көрінеді.

Қабанбайдың бір аңғарғаны, Әбілмәмбет ашып айтпаса да, Жоңғар жорығының бұлайша қабындап кетуіне Төле Биді кінәлайтын сияқты. Жалпы қазақтың аттанысын күтпей, асығыстық жасады. Хан ордасымен ақылдаспай, Қоқан бегі Әбдікерімге арқа сүйеймін деп, жатқан жыланның құйрығын өзі барып басты. Енді, міне не болды? Әбдікерім өлген соң оның орнына отырған Баба-бек ойратқа сатылды да, қазаққа тағы да апат алып келді... Қазір Ұлы жүз батырлары Арыс бойында қайтадан қол жинап жатса керек. Амал жоқ, Түркістандағы хан Ордасын қорғап тұрған Шапырашты Наурызбай мен Сіргелі Тілеуке батырдың мындықтарын да сонда жіберуге тура келген. Сырдың төменгі ағысындағы Алшын-Жаппас пен одан бергі Қоңырат, Қыпшақ та қамсыз емес. Екіталай, қысылтаяң күн туса, сол жақтан да көмек келе ме деген үміт бар.

— Енді уайымдайтын ештеңе жоқ. Алла сәтін салса, Сайын-Бөлектің он бес мың қолына өзіміз де төтеп берерміз, — деді қолбасы хан көңілін орнықтыра сөйлеп.

Қабанбай тобы бұдан ары Түркістанда көп бөгелген жоқ. Хан ордасынан түстік ішіп, мұндағы ел жағдайына қанықты да, түстен кейін аттанып кетті.

Түркістаннан шығысқа қарай жүргенде бір-екі белдің астында Барақ сұлтанның ауылы отыр екен. Жол-жөнекей сонда түсіп, марқұмға құран оқыды. Майсара Барақтың екі бәйбішесімен де көз таныс, сыйлас болатын. Әйелдер кәдімгідей дауыс айтып, жылап көрісті. Бас иесінен айрылу оңай ма, Барақ ауылында баяғы салтанат жоқ, жетім-жесір адамдар тірлігінен бір жүдеулік байқалады. Қайда қарасаң да, жан баласын шеніне келтірмейтін айбатты сұлтанның орны үңірейіп білініп тұр.

Әйтсе де, артында қалғандар өз тірлігін істеп жатқан көрінеді. Барақтың ана жылы ойраттан олжаға түсірген сұлу тоқалы Шаған-бикені әмеңгерім деп Әбілмәмбеттің ұлы Әбілфейіз сұлтан алыпты. Ханқожа атты екі жасар ұл да шешесімен бірге кеткен. Барақ балалары хан Ордасына арқа сүйемек болып, бұл некеге қарсы бола қоймапты. Оның есесіне Барақтың ортаншы ұлы Бөкей Әбілфейіздің қызы Айым-бикеге үйленген. Сөйтіп, хан тұқымының өз қызықтары өздерінде, бір-біріне қарсы құда болып, той тойлап жатқан түрлері бар.

Үлкендер дастарқан басында отырғанда, Назым ауылдағы қыз-қырқынға қосылып, отау үйлерді аралап кеткен. Оның өзегін өртеген бар арманы — Бөкей сұлтанды өзінен тартып әкеткен Айым-бикені қалайда бір көру еді. Тіпті Назымды осы сапарға күштеп әкеліп қосқан себеп те сол болатын. Ақыры өзінің бақ күндесін көріп, көңілі тынғандай болды. Айым-бике деген атына сай келмейтін, әлі желек астында отырған еркек пішіндес, қарасұр келіншекті көргенде, алғашында қызғаныштан жылап жібере жаздаған. Бірақ іле-шала тағы бір сезімнің жетегімен керемет қуанып кетті өзі. Айым-бикенің өзімен теңдесе алмайтын өңсіздігіне, Бөкейдің таңдаған адамының өзінен артық болмағанына қуанған... Осыдан кейін-ақ ерке қыз тез есін жинап, бір тәкаппар күйге ауысты. Бөкей сұлтан ауылда екен. Ол өз кінәсын сезіп қанша жалбақтаса да, қайсар қыз иілмеді...

Түркістан қаласын он бес-жиырма шақырым жерден айнала қоршаған: Қарнақ, Шорнақ, Сунақатты қалашықтар бар-тұғын. Барақ ауылынан аттанған соң, Қабанбай, Ханбаба бастаған бір топ әдейі Қарнаққа бұрылды. Ондағы ойлары — осында Барақ сұлтанға у беріп өлтірген Камалидден қожаның дерегін білу еді. Күткендеріндей-ақ, қанды қол қожа орнында болмай шықты. Барақтың түбіне жетісімен, Ташкент жаққа тайып тұрған екен, содан қайтып оралмапты. Қазір Қоқан әмірі Баба-бектің қарауында, сол еңбегі үшін Марғұланға ма, Ходжентке ме, әкім боп сайланған көрінеді.

— Қайда қашып құтылар дейсің, табамыз! — деді Қабанбай қасындағы Ханбабаны жұбатып. — Осы жолы жеті қат жер астына түсіп кетсе де

табамыз!

Арада екі-үш күн өткенде, Арқадан аттанған қалың қол Арыс өзенінің батыс жағалауында бас құрап жатқан Ұлы жүз жасағымен түйісті. Мұндағы аламан саны көп емес, әзірше бес мың мөлшерінде. Бұлар — негізінен Ташкент пен Сайрам маңынан шегінгендер. Ұлы жүз батырлары аталмыш қалаларды бір қыс қолдарында ұстағанымен, Жоңғариядан жөңкілген Сайын-Бөлектің әскері мен Қоқан әміршісі Баба-бектің екі жақты қысымына төтеп бере алмай, шегініс кезінде біраз шығынға ұшырапты.

Бұл күнде сексеннің сегізіне келген қарт Төле би де бұдан ары Ташкентте қала алмай, қайта құралып жатқан жасақтың басы-қасында жүр екен. Қазақтың ұлы биі Арқадан жеткен қалың қолды көргенде, қуаныштан еңкілдеп жылап жіберді.

— Уа, пәруардигар! Сенде де көз бен құлақ бар екен-ау!.. Ертелі-кеш мойныма бұршақ салып, талай-талай зар тілегімді арнап ем, естіген екенсің ғой! Үш жүздің ұланы бір жерде бас қосып, ұлы аттанысқа шыққанын көріп өлсем арманым жоқ деп Аллаға берген антым бар-ды. Уа, жаратқан ием, бүгін алсаң да ризамын! — деп қуаныш үстінде, еңкейіп кеткен еңсесін қайтадан тіктеп алғандай болды.

Ұлыс бегі алдын ала келген жаушыдан Арқадағы елдің жағдайынан да жақсы хабар тауып, мән-жайға қанып отырған секілді. Сөзінің соңын Қабанбайға арнады:

— Естіп жатырмыз... Қазақтың өзінен гөрі «ұзын құлағы» бұрын жүреді ғой. Найзаның ұшын қай тарапқа қаратамыз дегенде араларында әжептеуір дау болған көрінеді... Сол кезде, ауған түйені басқандай, ханның да, қарашының да назарын Қаратауға қарай бұрған өзін болыпсың, Дарабозым. Не айтайын, құдай бағынды асырып, мәртебенді көтере берсін! — деді қолбасыға дән риза екенін білдіріп.

Алғашқы қауышу сәтінде Қабанбай да іштей толқып, қатты тебіреніп тұрған-ды:

— О не дегеніңіз, Төке?! Тәйірі, Түркістанда ту тігіп, Төле биден бата алмаған жорықтың сәні болушы ма еді?! Сіздің бір ауыз сәлеміңіз аттың басын осылай бұруға мәжбүр етті. Тек қазақ жері жаудан толық тазарып, жеңісті өзіңізбен бірге тойлауға Алла нәсіп етсін! — деген ұлы биді қайта құшақтап.

— Айтқаның келсін! Құдай бәрімізді сол күнге жеткізсін! — деді Төле де толқи тіл қатып.

Осыдан үш жыл бұрын Сарысуда өткен хан кеңесінен кейін Төле биді көріп тұрғаны осы ғой. Соңғы жылдар тауқыметі жеңіл тимеген болар, қайран қарт шөгіңкіреп кетіпті. Оңай ма, Төленің Жолан деген баласы

ойрат ордасында аманатта жүр. Қайта соның бәрін елемей ереуіл бастап жүргені нағыз ерлік десейші!

Қабанбайдың көптен кездесе алмай кеткен қарулас достары — Ұлы жүзден шыққан ескі көз батырлар да осында екен. Алғашқы күн солармен шұрқырасып табысумен өтті. Шапырашты Наурызбай мен Албан Ханкелдіні, Шанышқылы Бердіқожа мен Шымыр Қойкелдіні, Сіргелі Тілеуке мен Елшібекті, Жаныс Қыбырай мен Сиқым Рысбек батырларды окта-текте, зәумен хан кеңесіне келгенде болмаса, көп жылдан бері көрмеген. Тіпті кейбіреулерімен баяғы Аңырақай соғысынан кейін жолығудың сәті түспепті. Бердіқожа, Наурызбай, Тілеуке секілді Ұлы жүз батырларының бір тобы Жоңғар шебін бұзып өтіп, Әбілмәмбет ордасы маңында қол жинап, кейде Орта жүз жасағымен бірге шешуші жорықтарға қатысып жүретін. Ал, көпшілігі ойрат қоластында қалған елді тастап кете алмай, қиналған халыққа қайрат беріп дегендей, жаумен жағаласа жүріп, алдағы аттанысты күтуге мәжбүр болған. Ханкелді, Қойкелді секілді батырлар Ташкенттегі Төле бидің қасында болып, бодан жұртқа қайтсек жеңілдік әпереміз деген ниетпен ел билігіне араласқан.

Бодандық бұғауын киіп, үнемі жаумен жағаласып тіршілік ету оңай дейсің бе, Қабанбайға мұндағы кісілер құрт қартайып кеткен сияқты көрінді. Басында «бәлкім, бұлардың кезіне мен де солай көрінермін» деп ойлап еді. Жоқ шын айтса, бәрі бірауыздан:

— Көп өзгермепсің. Аздап толысқаның болмаса, сол баяғы жап-жас қалпың! — деседі.

Албан Ханкелді батыр мұнымен қарайлас, ұзаса үш-төрт жас қана үлкен сияқты еді. Қазір сақал-шашы ұнға малып алғандай қатты ағарып, қартайып кетіпті. Қабанбаймен қайта-қайта құшақтасып, шұрқырасып табысқандардың бірі сол болды.

— Біз де қарап жатқанымыз жоқ. Аңырақай шайқасынан кейін де қалмақты іштен шалып, күресумен болдық, — дейді Ханкелді. — Бірақ ұжымдасқан ұлы аттаныс болмаған соң, ауыл арасының ұрыс-қағысынан бәлендей ештеңе өнбейді екен. Әміршінің бірін қуып жіберсең, орнына екіншісі келеді. Қанша айтқанмен, бодан деген атымыз бар. Бірте-бірте сол бодандыққа да халықтың еті үйреніп кете ме, қалай, тіпті кейінгі кезде елден жасақ жинаудың өзі қиынға айналып барады... Былтыр қонтайжылар ауысқан кезді пайдаланып, Ташкентті басып қаламыз ба деп едік, жеме-жемге келгенде қоқандықтар сатып кетті де, ойламаған жерден арандап қалдық.

Айтып отырса, Албан ауылдарының да көрмегені жоқ. Ханкелдінің інісі Пұсырман да ойрат Ордасында аманатта жүрген көрінеді. Мына бүліктен кейін олардың тағдыры не болары белгісіз... Қазір көңіліне медеу тұтары, аламан әскер ойынына қатысып жүрген, жасы жиырмаға жаңа ілінген немересі бар екен. Ханкелді бір әредікте соны ертіп келіп, Қабанбайға

сәлем бергізді.

— Менің баяғы Түкі деген ұлымды білесің ғой. Ол өзі шаруа баққан, жай момын жігіт болып өсті. Мынау — содан туған немеренің үлкені. Аты — Райымбек! Жасынан қолына қару ұстап, әскер өнеріне жаттығып жүр. Ендігі үмітім — осы балада... Сырттай сенің даңқынды естіп, бір көруге құмар боп жүруші еді, мінеки, оның да сәті түсті. Қолбасыдан бірдеңе жұғар ма екен, сенін отырған жеріңе аунатып алсам ба деп тұрмын, — дейді ағынан жарылып.

Райымбек балғын денелі жас болғанымен, қол-аяғы сом, апайтөс, шымыр екен. Жанарында жарқылдаған от бар. Түбінде батыр шықса, шығар-ақ!

— Өзің де қара жаяу емессің ғой, Ханеке. Немерең саған тартса да осал адам болмайды, — деді Қабанбай қарулас жолдасын иығынан қағып.

Сонан кейін сағынысып көріскен бір адамы — Шанышқылы батыры Бердіқожа. Бұл күнде жасы ұлғайып, шар тартқанымен әлі де қайраты қайтып, тұғырдан тая қоймапты. Бұл — баяғыда Қабанбайдың мініп жүрген аты жекпе-жекте майып болып, батыр жаяу қалғанда, астындағы ақбоз тұлпарын түсіп беретін Бердіқожа ғой. Содан екеуі жан аяспас дос болып кеткен. Бірдіқожа көп жыл бойы Қабанбаймен тізе қосып, Орта жүз жасағында бірге соғысып жүрді. Жеке сайыста ойраттың талай мықтысын құм қаптырған айтулы батырлардың бірі. Кейін, қырық үшінші жылы, қазақ-жоңғар арасында бітімге қол қойылған соң, Бердіқожа да еліне қайтқан. Шанышқылы-қатағанның ата мекені — ежелден Ташкент төңірегі ғой. Еліне келген соң ұлыс бегі Төле биге үлкен арқа тірек, сүйеніш болыпты.

— Шіркін, ол да бір дәурен екен ғой! — дейді Бердіқожа баяғы жорықта жүрген кездерін еске алып. — Жауға кеткен кегінді, көкіректегі шерінді қан майданда ақ найзаның ұшымен шешкен батырда арман бар ма?! Бірде қапы кетсең, келесіде қарымта қайтарасың. Жалғанда азат басың ашық майданға шыға алмай, бой бағып, іштен тынған жаман екен. Қырда қырғыз, ойда өзбек, жотаңда жоңғар тұр. Осылардың бәрімен тіл табысып, ешкіні апа, текені жезде деуің керек. Мен мынадай ортада Төле бидің миы ашып кетпей, осы шырғалаңнан қалай жол тауып жүргеніне қайран қалам. Мені қажытқан — аламан жорық, ащы тер емес, әркімге бір жалтақтаған кіріптар елдің кінәмшыл тірлігі.

— Ештеңе етпес. Ер жігіт ел-жұрты үшін не көрмейді. Бәрінен де, соның бәрі артта қалып, аман-есен көріскенімізді айтсайшы! — деп Қабанбай қанды көйлек досын қайта құшақтады.

Сол күні кешке таман бұларға қасында жүздей аламаны бар Қарақалпақ батыры Қылышбек келіп қосылды. Арқадан қалың әскер келгенін естіп, Шыршық бойынан асығыс жеткен беті екен. Бұл да — Қабанбайдың ескі

достарының бірі. Баяғы жас кездерінде, Ордабасыда тізе түйістіріп, Аңырақай, Алакөл шайқасына дейін бірге барған... Өзі соңғы күндері, сірә, бел шешіп, көз шырымын алмаған сияқты. Қара қайыстай қатып-семіп, бурыл тартқан сақал-мұрты ұйпаланып, қатты жүдеп кетіпті. Қолбасымен төс түйістіріп құшақтасқанда, бір сәт буыны босап, көзіне жас алды.

— Жеткен екенсіңдер ғой, бауырларым! Мен су түбіне осы кеткеніміз кеткен шығар деп, біржола үмітімді үзіп қойып ем... Қазақтай қорғаны бар қарақалпақты да құдай ризықсыз жаратпаған екен! — деді сыздаған ішкі шерін сыртқа шығарып.

— О не дегенің, Қылышбек-ау! Абылайға жолдаған бір ауыз сәлемің аттың басын осылай бұруға себепші болды. Айшылық жолды алыссынбай, осы сендер үшін келген жоқпыз ба?! — деді Қабанбай. — Ал өзіңнің елің қайда? Қарақалпақ халқың қайда?

— Батыры олжалас, қатыны қалжалас, тел қозыдай егіз өскен ел едік, телімге түсіп тоздық қой! — деді Қылышбек күрсініп. — Өзің білесің, қырқыншы жылы Сары Манжының Сыр бойына салған ойраны кезінде Қарақалпақ екіге бөлініп қалмап па еді. Ойраттар өздері басып қалған бес мың түтінді қолдан шығарғысы келмей, Сырдың жоғары ағысына қарай көшіргенде, Арал бойындағы төменгі бөлігін Кіші жүз ханы Әбілқайыр иемденген. Бірақ, қара жер хабар айтпасын, біздің елге Әбілқайыр да опа таптырмады ғой. Біресе Хиуаға қарай қуып, біресе Ырғыздан қоныс бермек болып, онсыз да іріген елдің іш майын тауысып бітті... Содан жандалбасамен, бір жағы жоңғарға доңайбат бола ма деп, Ақ патшаға біз де елші жібергенбіз. Амал не, 1743 жылы Петрбордан таңбалы қағаз әкеле жатқан Оразұлы Маманды жол-жөнекей Әбілқайыр ұстап алып, оның да көзін құртып тынды... Өз басым қолдан күш кеткен соң, не де болса халқыммен бірге көрейін деп, лажсыз қалмақ көшіне ілескенмін. Содан бері қонтайжы мен Қоқан әміріне кезек жалтақтап, құлақкесті құлға айналдық. Аманатын беріп, алым-салығын уақытында төлеп, бодандық кіріптарлыққа етіміз үйреніп те қалып еді, биыл ойраттар аяқ астынан қарақалпақты Жоңғарияға көшіру деген сұмдықты ойлап тапты. Түпкі мақсаттары белгілі: бәрімізді пұтқа табындырып, өздері жорықта жүргенде қалмақтың қойын бақтырып, қара мойын құл етпек. Қазір біздің елді Шыршық бойына жинап, иіріп отыр. Түстіктегі жорық аяқталған соң, Ыстықкөл арқылы өз жеріне асырып әкетпек...

— Сайын-Бөлек артына қарасын, боқты асырар! — деді Қабанбай ширығып. — Сайрамды алысымен-ақ аттың басын Шыршыққа бұрамыз!

Сол күннің ертеңінде Қабанбай шатырында үлкен әскери кеңес өтті. Мәслихатқа арқадан келген әскердің қолбасы, мыңбасылары мен осындағы Ұлы жүз батырлары, қарақалпақ жігіттері түгел қатынасты. Жер жағдайын жақсы білетін, таяуда ғана қалмақ қолымен шайқасып шыққан адамдардың айтуынша, Сайын-Бөлек әскері қазір екіге бөлініп, Ташкент пен Сайрам төңірегінде ел тонаудан қолы босамай жүрген көрінеді. Қалаларды күзетіп

тұрған жасауыл топтарын қоспағанда, жорықтағы жоңғар қолының саны бәлендей көп емес, ұзаса бір түменнің айналасы. Мейлі тіпті екі түмен болсын, дәл осы жолы қаһарына мінген қазқ әскері қандай жауға да төтеп берері хақ. Тек бір ғана қауіп бар. Бұл күнде жоңғар сойылын соғып отырған іргедегі Қоқан әміршісі Баба-бек қалай төңкеріледі? Қазақ әскері қалмақпен жағаласып жатқанда, бір бүйірден солар келіп бөріктіріп жүрмесе болғаны.

— Тәйірі, сол Баба-бектің қолынан бірдеңе келеді деп отырсыңдар ма? — деді қоқандықтардың құлқын жақсы білетін Бердіқожа. — Баба-бек — тарысы піскен елдің тауығы. Ертең жоңғарды жүндей түтіп, жапырып келе жатқан қазақ әскерін көрсінші, «О, Қабанбай-ака, хош келдіңіз!» деп алдыңнан шықпаса маған кел!

Батырлар әрі-бері ақылдаса келіп, алдағы сәрсенбінің сәтіне жорық дабылын қағуға сөз байласты. Әрине, найзаның ұшын алғаш тірейтін жер — тоғыз жолдың торабы Сайрам. Сонан кейінгі ең үлкен міндет — Шыршықтағы Қарақалпақ ауылдарын қоршаудан босату. Осылайша, алды-артын тазалап алған соң, аттың басын Ташкентке қарай бұрады.

Бүгінгі батырлар кеңесіне Төле би де қатысып отырған. Соғыс тәсілдері әңгіме болғанда жастарға ерік беріп, үнсіз тыңдап отырды да, ең соңғы түйінді сөзді ұлы бидің өзі айтты.

— «Қорқақты қуа берсе, батыр боп шығады» деген сөз бар. Қазақтың да ел болып, есе қайтаратын кезі келді білем! — деді ұлыс бегі шөгіңкіреп кеткен кәрі денесін қайта тіктеп. — Ала болып та, бала болып та көрдік қой. Қашанғы бармақ тістеп, сан соғып қала береміз?! Айтқан сөздерің көңілге қонады, жігіттер. Осы жолы ойрат әулетіне бір тықыр таянғанына көзім жетіп отыр. Бірақ сол аз күнгі жеңіс болмасын. Ақыр білек сыбанып, беріспеске бет алған екенсіңдер, қалмақты жай үркітіп қана қоймай, енді қайтып бұл жаққа аяқ баспайтын етіп қуыңдар... Сол үшін Дарабоздай дана қолбасшы келіп отыр ортамызға. Бәрімізге соның айтқаны заң бол сын! Егер, — деді ол үй иесі ретінде төменірек жайғасқан Ұлы жүз батырларына жағалай көз салып, — «ауыл итінің құйрығы қайқы» деп, қолбасының айтқанына көнбей, бұра тартатын бұралқы табылса, менен жақсылық күтпесін!

Ұлыс бегі осыны айтқанда, Ұлы жүз жігіттері жамырай үн қатып, шуылдасып кетті:

— Құдай сақтасын! О не дегеніңіз, Төке?!

— Тап осы жолы берекеден безген кісі оңбас!

— Ойбай-ау, өмір бойы аңсап күткеніміз осы аттаныс емес пе еді?!

— Төбеге келіп ту тігіп, Дарабоздың өзі дабыл қағып отырса, бұдан

артық құдайдан тілегеніміз не? — десіп жатыр.

Теле би ендігі бір сөзін төрде отырған Ханбаба сұлтанға арнап айтып еді:

— Бүгін бар да ертең жоқ, буынып-түйінген жолаушыдай, біз де бір қонақпыз ғой. Төрт көздерің түгел отырғанда айтып қояйын, — деді жұртты тағы да аузына қаратып. — Егер жаны жәннатта болғыр Барақ сұлтан тірі болса, ендігі халық қалауымен хан тағына көтеріліп, осы аттаныстың басында өзі жүрер еді. Сұм тағдыр оған жеткізбеді ғой. Бірақ біздің сол тілегіміз — тілек. Барақ кеткенмен ұрпағы қалды артында. Жеріміз жаудан тазарған соң, құда қаласа, Ұлы жүз тағына Барақ балаларының бірін отырғызамыз ба деген ойымыз бар. Жол кімдікі? Ол жағын өздерің шешерсіңдер. Бізге Шығай хан әулетінің ала-құласы жоқ, — деді өз байламын жалпы жұртқа жария қылып...

Осымен кеңес те аяқталған.

Сәрсенбі күні таң саз бере жорық дабылы қағылып, тұс-тұстан керней тартылды. Арада енді біраз уақыт өткенде жер қайысқан қалың қол тегіс атқа да қонып қалып еді. Арқадан келген екі түмен әскерге әзірше бес мыңнан сәл асып жығылатын Ұлы жүз жасағы қосылып, Арыстың жайылмалау тұсынан кешіп өтті де, шығысқа қарай шеру тартты. Көптен бері бұл өлкеде қазақ рухының дәуірлеп көкке шалқыған кезі осы шығар. Аламан әскердің жеңіске деген құлшынысында шек жоқ. Өттең, шіркін, әмісе осылай мерейің үстем, күшің басым болғанға не жетсін?! Мұндайда ездің өзі ерге айналып, әр сарбаздың бойына керемет желік бітеді. Қару-жарағы күн нұрына шағылып, маңдай алдында жасыл туы желбіреген мынадай құдіретті шеруге қосылғанда, жақында ғана жаудан жеңіліс тауып, жүні жығылып жүрген жігіттер дүр сілкіне қайта түлеп, танымастай өзгеріп кетті.

Төле бидің ақылымен Ұлы жүз жасағына қолбасы болып, Шапырашты Наурызбай батыр тағайындалған. Ол талай жылдан бері-ақ жоңғар үстемдігін мойындамай, үнемі Ұлы Орда ханы Әбілмәмбет туының астынан табылып, жорықтарда Орта жүз қолымен тізе қоса, бірге соғысып жүрген тәжірибелі батырлардың бірі еді. Жасы қырық бестерге енді келген, бақан бойлы, жалпақ жауырынды Наурызбай астындағы қаракөк арғымағын ойнақтатып, Ұлы жүз жасағын бастап келеді. Қасында оң қол, сол қол көмекшілері: Шанышқылы Бердікожа мен Сіргелі Тілеуке бар. Ал бұлардан басқа Ханкелді, Елшібек, Қойкелді, Қыбырай секілді батырлар әрқайсысы өз руынан құралған мыңдықтардың қасында.

Қолбасы Қабанбай кеше жорыққа аттанар алдында әскерді үш топқа бөліп, жер жадысын жақсы білетін Ұлы жүз жасағын әдейі маңдайға шығарған. Еспембеттің қарауындағы ертауыл жасағымен бірге өзі де осы топқа қосылды. Малайсары батыр мен Ханбаба сұлтан басқарған Арқа жігіттері қос қапталда. Жау әскері, сөз жоқ, алдымен маңдай топқа келіп

соқтығады. Сол кезде қапталдағы түмендер тез қоршап алып, құртып жіберу көзделген. Бұрын жауға талай есесі кетіп жүрген Ұлы жүз батырлары енді сол ызасы өткен ойрат қолының тезірек кездесуін тілеп, тықыршып келеді.

Келесі күні ұлы сәске болмай-ақ бұлардың көктен тілегенін жерден берді. Маңдай топ ертерек атқа қонып, суыт жүріп келе жатқан. Сайрамға түстік жер қалған шамада алдыңғы жақтан мұнартқан қалың шаң көрінді. Оның жайылған мал, не айдаған жылқы емес, атты әскер екенін кәнігі көздер бірден айырған. Кеше бұлар ойда жоқта Қазығұрт маңында қазақ ауылдарын тонап жүрген қалмақ жүздігімен ұшырасып қалып, жан-жақтан қамалағанда, әлгілердің аты жүйрік бірнешеуі құтылып кетіп еді. Мыналар, дәу де болса, шығысқа шеру тартқан қазақ қолының хабарын солардан естіп, әдейі қарсы аттанған ойрат әскері болуы керек!

Кеше қолға түскендердің айтуынша, түстікке жіберілген ойрат қосынының қолбасшысы Сайын-Бөлек негізгі әскерімен Ташкент төңірегінде қалыпты. Бес мыңдай қолмен Сайрамға келіп, ел тонап, сайран салып жүрген — аты-шулы Сары Манжы ноянның баласы Намеху-Жырғал деген көрінеді. Бұл да — баяғы Батыр қонтайжыдан тараған, ойрат тағынан үміткер ақсүйектердің бірі. Бірақ қанша мықты болса да, қазақ қолының күш-қуатын анықтап алмай тұрып, бірден қарсы аттанған албырт ноянның мына көзсіздігіне Қабанбай таңданып қалды. Әйтсе де, сәл артта келе жатқан қос қапталдағы Малайсары мен Ханбабаға жау жасағының таяу екенін ескертіп, кісі шаптырды. Алда қандай жағдай қалыптасса да қапы қалмауы керек еді.

Ештеңеден секем алмай тура тартып келе жатқан ойрат қолының мына беталысына қарағанда, олар, сірә, Арқадан келген негізгі қосыннан хабарсыз секілді. Мына жорықты аңада батысқа қарай шегініп кеткен Ұлы жүз жасағының біраз күш топтап алып, қайта оралған беті деп ойласа керек. Сол жеңіске мастанған баяғы марқа көңілмен, жүрістерін бәсеңдетпеген күйі, бір шақырымдай таяп келді де, сап түзеп, ұрысқа әзірлене бастады.

Оқ жетпес жерге келіп, қазақ әскері де түзем құрған. Екі жақта да дабыл қағылып, шыңдауыл ұрылып, керней тартылып жатыр.

— Тым асығып кетпе. Қос қанаттағы әскер ұрымтал жерге жеткенше, мыналарды жекпе-жекпен айналдыра тұр, — деді Қабанбай қасындағы Наурызбайға.

Ойрат қолының да жекпе-жексіз тоқтайтын түрі жоқ. Реті келсе ежелгі өктемдікпен Ұлы жүз жасағын сөзбен ықтырып, ұрыссыз-ақ бетін қайтарып тастамақ па, қалай. Көп кешікпей астында есік пен төрдей құла жирен аты бар, қасына екі нөкер ерткен қалмақ нояны бері таман келді де, ер үстінде шіреніп тұрып, айғай салды.

— Әй, хасақтар, қайыр сұрағандай телмендеп тағы қайтып келдіңдер ме? Сендерге Ташкент пен Сайрамның маңайын баспаңдар деп әнегүні айтқанымыз қайда? Сендер бүйте берсеңдер, енді Түркістаннан айырыласыңдар! — деді өзінше балдыр-батпақ тілмен қазақша сөйлегенсіп.

Құла атты қалмақтың кім екенін Ұлы жүз жігіттері бірден таныды:

— Мынау — қаны сұйық Намжыл-Шеріктің өзі ғой!

— Сайрамның жаңа әміршісі, қазақтың қанын судай төккен сұмпайы осы! — деп шу ете қалды.

Астамсыған ноянға қарсы сөзіне сөз қайтаратын, әрі алғашқы сайыста жеңіс әперетін, тіс қаққан, сенімді батырлардың бірі шығуы керек еді.

— Әнегүні осы иттің ызасы әбден өтіп еді. Сазайын өзім тартқызайын ба? — деді Наурызбай қызынып.

— Сабыр ет. Өзіңнің қолбасы екенінді ұмытпа! — деді Қабанбай.

— Намжыл-Шеріктің қолынан қарақалпақ қаны да аз төгілген жоқ. Осыған тіпті мені жіберіңдерші! — деді Қылышбек қару-жарағын сайлап.

— Жоқ, сен тұра тұр! — деді оған Сіргелі Елшібек батыр қарсы болып. — Осында қаптаған қазақ тұрғанда, қарақалпақтың жалғызын жардан ұшырғанымыз ұят болар. Намжыл-Шеріктің құйып қойған қарсыласы — мына мен ғой. Осыған көптен қолым қышып жүруші еді.

— Қолың қышып тұрса, кезек сенікі, Елшібек батыр! — деді Қабанбай уақыттың созылып бара жатқанын сезіп. — Жолың болсын! Кердендеген нояннан кек алып қайт!

Қазақ жағының бірден жауап қата қоймай іркілгенін қалмақ нояны қорықтыға жорыса керек, бұрынғыдан ары айдындана түсті:

— Оу, хасақтар, басында ет қызуымен келіп қалсаңдар да, сөйлесуге жүректерің шыдамай тұр-ау, шамасы! Бодандық антын бұзып, бүлік бастаған Төле би қайда? Қонтайжыға опасыздық жасағаны үшін, ол

шалдарың әлі-ақ сазайын тартады!

Дәл осы мезетте астындағы қаракер атқа қамшыны басып жіберіп, Елшібек батыр да ортаға шыға берген. Бұл — баяғы «Ақтабан» тұсында Қабанбай, Малайсарылармен бірге Түркістан қорғанысына қатысатын Елшібек. Ол кезде әлі жиырма беске келе қоймаған балғын жас еді. Қазір елудің қырқасына шығыпты. Ерлігінде қапы жоқ, бірақ астындағы аты нараулау екен. Теке тіреске төтеп берсе жарады... Қолбасы осыны ойлап үлгіргенше болмады, Елшібектің:

— Атаңа нәлет, ит қалмақ, аузыңа келгенді көкімей, шық былай, тұрысатын жеріңе! Әйтпесе, осы тұрған бетінде басынды қағып түсіремін! — деген айбынды даусы естілді.

— Әй, хасақтар, сендер шынымен-ақ соғысқалы тұрсыңдар ма? — деді Намжыл-Шерік әлі де сенер-сенбесін білмей. — Ташкент пен Сайрамнан бас сауғалап қашқандарын кеше ғана емес пе еді? Аяқ астынан мұндай желік қайдан бітті сендерге?

— Әй, мынау өзі мылжың екен ғой! — деді Елшібек күйініп. — Өлетін адам көп сөйлейді деуші еді... Бой жасағаның ба бұл? Кәне, қатын болмасаң, шық былай!

Соны айтып, найзасын басынан асыра бұлғап-бұлғап қойды. Соған ілесе қазақ жағынан күдіретті үн көтерілген:

— Жекпе-жек! Жекпе-жек!

Өзінше бодан елді жөнге салмақ болған Сайрам әміршісі Намжыл-Шеріктің енді жекпе-жекке шықпасына амалы қалмады. Бұл кезде түземдегі әскер де аттарын баяу бастырып, бір-біріне тақау келіп тұрғанды. Әлгі екеуі аттарының басын бұрып, қажетті қашықтыққа дейін шегінісіп кетті де, әлден уақытта бір-біріне өшіге ұмтылды. Қазақ жағы жер жаңғырықтыра ұрандасып тұр.

— Бәйдібек! Қарасай!

— Ақжол! Абылай!

— Қабанбай-Қабанбай!

Салт бойынша, алғашқы найзаны қалмақ сілтеп, Елшібек қалқанмен қағып үлгірген болар, ортада арпақ-тқрпақ айқас басталып, шақыр-шұқыр дыбыс шықты да, ат екпінімен өтіп кетісті. Осылайша қас жауынын, осал жерін аңдыған қағысулар бірнеше рет қайталанды. Үшінші әлде төртінші ретте Елшібектің найзасы діттеген жеріне дәл тиді білем, екі батыр бірін-бірін ала алмай, ат үстінде шайнасып тұрып қалысты. Нағыз білек ұйытып, тақым талдыратын ауыр сәт еді. Азаматтың ғана емес, аттың күші де

сыналатын шақ. Қалмақтың астындағы құла жирен тым арынды, әрі талай жекпе-жекте тәсіл алған жылқы екен. Алдыңғы екі аяқты көкке көтере тік шапшып, омыраумен

келіп соққан кезде, Елшібектің қаракері екпінге шыдамай, шөке түсіп жата кеткені... Жұрт шу ете түсті.

Қап, есіл Елшібек-ай, қор болдың-ау! — деп қалды Қабанбай да шыдай алмай.

— Қаракер жаздай жайлаған күнқақты неме ғой... Кісі осындай атпен де сайысқа шығады екен?! — деді Наурызбай да мұртын тістелеп.

Ат ағынымен өте беріп, қайта бұрылған қалмақ ноянының табалаған күлкісі естілді. Енді ол жығылған аттың үзеңгісінен аяғын шығара алмай жанталасып жатқан Елшібекке не істесе де ерікті еді. Төбеден әзірейілдей төніп келіп, шоқпармен ұра ма, найза сілтей ме, өз қолында-тұғын...

Бірақ дәл осы сәтте күтпеген жағдай болды. Өзінің ертауыл мындығымен ең маңдайда тұрған Еспембеттің ақжал атпен жұлдыздай ағып, ұрыс аланына қалай жетіп барғанын екі жақта аңдамай қалды. Қолында сала құлаш қайқы қылыш пен қалқаннан басқа ештеңе жоқ. Барған бойда Елшібектің ту сыртынан төніп қалған Намжыл-Шеріктің алдын орап, кес-кестей берді.

Қабанбай сонда ғана «ұһ» деп тыныс алғандай болды. Әлі де айқастың немен тынары белгісіз. Еспембеттің қаһарлы қаруы — қылыш, сонан соң тездік болатын. Әйтеуір соған сеніп тұр. Оқиғаның бұлайша тұс аларын қалмақ нояны да күтпесе керек. Басында сасып қалып, құла жиренмен ұршықтай үйірілді де, көк сүңгіні кезей ол да ұмтылды. Екінші жақтан Еспембетте жанаса берген. Намжыл-Шерік найза сілтеп үлгірмеді. Кенет Еспембеттің қолындағы алдаспан жарқ етті де, қалмақтың дулығалы басы допша домалап жерге түсті. Ал бассыз дене құла жиреннің үстінде әлі кетіп барады. Осының бәрі қас қағым сәтте, тым тез болғаны сонша, екі жақ та ештеңенің байыбына бара алмай аңырып қалыпты. Қан майданда жаяу қалған Елшібек Еспембеттің үзеңгісіне жармасып, өз тобына қосылғанда ғана, жұрт ес жинады.

— Енді не тұрыс бар? Қаптама шабуылға белгі бер! — деді Қабанбай қасындағы Наурызбайға қарап.

Соны айтып, өзі жаңа ғана ұрыс алаңынан оралған жігіттерге назар аударды. Бұл кезде Елшібек қосар аттардың біріне мініп үлгірген-ді. Өңінде қан-сөл қалмай, бозарып кетіпті.

— Жасыма... Соғыста ондай-ондай болады, — деді қолбасы камшысының бүктеулі басын оның иығына тигізіп. — Кінә сенде емес, атта. Аман қалғаныңа шүкіршілік ет. — Сонан соң әлі ентігін баса алмай

тұрған Еспембетке бұрылды. — Жарайсың, бауырым! Қалмақты құм қаптырғаның өз алдына, бәрінен де азаматты арашалап қалғаның абырой болды.

Бұл кезде қазақ қолының алды қаптама ұрысқа араласып та кеткен. Еспембет өзіне айтылған алғысты шала-шарпы тыңдады да, сайыпқыран жігіттерін бастап, жау тобына қырғидай шүйілді.

Қолбасы қоян-қолтық ұрысқа сұғынып кірген жоқ. Қасына ту түбінде тұрған Ханкелді, Бердіқожа, Елшібектерді ертіп, биіктеу бір төбенің басына көтерілді. Осы арадан майдан даласы алақанға салғандай айқын көрініп тұр. Ұрыстың ұзаққа созылмайтыны, көп күттірмей жеңістің қолға қонатыны онсыз да белгілі еді. Қабанбай ат үстінен айқас жүріп жатқан алаңға аз-кем қарап тұрды да, қасындағы Елшібекке тіл қатты:

— Сенің астыңнан қашанда бір жақсы ат үзілмеуші еді... Қанатсыз қалған екенсін-ау! — деді манағы әңгімеге қайта оралып.

— Е-е, біздің қолдан тұлпар тұқымы үзілгелі қашан! — деп Елшібек күрсінді. — Бұл елге тәуір жылқы бітсе, ойраттар құтайтпады ғой. Кіріптар күйде жүріп, ат баптайтындай болдық па?

— Есінде ме, баяғыда төрт аяғын билеп басатын бір керемет керқұла атың болушы еді... Ұмытпасам, Аңырақай жорығында сол атыңа көз тіккен қалмақ мергенін қапы қалдырған жоқ па едің?!

—Е, есте болғанда қандай! Керқұла күні бүгінге дейін түсіме кіреді, — деді Елшібек мұңайып.

Бұл осыдан жиырма жылдай бұрын әскер арасында кең тараған әңгіме еді. Іле бойындағы бір қысанда қалмақ мергені ұрымтал жерге жайғасып алып, қазақ жасағын асудан өткізбей, таяп барған адамды білтелі мылтықпен түсіре беріпті. Сонда осы Елшібекке бір ой келіп, астындағы атын ойнақтата, сәнмен бастырып, әлгі мергенге әдейі жақындарты... Ал керқұла атқа пенде баласынын қызықпауы мүмкін емес-ті. Жаңағы қалмақ мергені де сүліктей сұлу сәйгүлікті қолға түсіргісі келіп, дәл қасына таяғанша күтіп отыра беріпті. Сол күні ауа бұлыңғыр болса керек. Сөйтіп отырғанда мылтық білтесі дым тартып, от алмай қалады да, Елшібек қайта оқтауға үлгіртпей, қалмақты шауып өлтіреді...

Төбе басындағылар осыны әңгіме етіп, етектегі шайқасты қалт жібермей бақылап тұрған. Қалмақ қолы биенің бір сауымындай ғана тіресіп тұрды да, қаша ұрыс салып, шегіне бастады. Өйткені тап осы мезгілде, даланың шаңын аспанға көтеріп, екі бүйірден Малайсары мен Ханбабаның түмендері де көрініс берген. Олардың алдыңғы легі құйындай ұйытқып, қан майданға араласса, екінші бір тобы жаудың ту сыртын орай шауып еді. Ойрат қолын бастаған Намеху-Жырғал енді сәл кешіксе қақпанға түсерін сезді де, аттың басын шығысқа бұруға мәжбүр болды.

Ол осыншама көп әскердің аспаннан түспегенін, Арқадан қалың қол келіп жеткенін енді білді, әрине. Ойрат ноянының зәре-құты қашқаны соншалық, осының алдында ғана өздері аттанған Сайрамға бұрылуға да мұршасы болмай, Ташкент қайдасың деп жосып берді. Бірақ қатары бұзылып қашқан әскерде не береке болады? Бұрынырақ қимылдаған, ат көлігі сай жырындылары ғана құтылды да, көпшілігі қылышқа туралып, жебеге жем болды. Қара жерде тойым бар ма?! Кеше ғана өздері шаңдатқан қазақ даласы басқыншы жаудың ыстық қанын кенезесі кепкендей сіміріп жатты.

Бұл — көп жылдардан кейін қазақ мерейін үстем еткен, оңтүстік өлкесіндегі алғашқы жеңіс еді. Қалың қол қашқан жаудың өкше-ізіне түсіп қуып жатпады.

— Соларға бола ат арытып қайтеміз? Барсын, — деді Қабанбай шайқастан соң, қолбасылар жиналған кезде. — Қашанда қашқын әскер қатарға қосылып жарытпайды, қайта іш жақтағыларға іріткі салып, үрей туғызады. Барып тығылатын жері — Ташкент қой, амандық болса, оған да жетеміз.

Бұлар қақпасы айқара ашылған Сайрам қаласына кіріп, әбден қос үрей болған жұрттың көңілін орнықтырып, осы маңда бірер күн ат шалдырды да, алдағы жорыққа дайындала бастады.

V

Бұл кезде Арқадан қалың қол жетіп, көптен күткен ұлы аттаныстың басталғаны туралы хабар бүкіл оңтүстік өңіріне жайылып болған-ды. Ол жаңалық қазақ даласымен ғана шектелмей, мына жағы қырғыз, ана жағы Ташкент, Марғұлан, Қоқанға дейін жетіп жатқаны сөзсіз. Бұрын ашық күреске шығуға тәуекелі жетпей, қыздырманың қызыл тіліне бола арандалып қалмайық деп, әліптің артын бағып жатқан Талас пен Шу, Арыс пен Сыр бойының талай рубасы, ақсақалдары Сайрам жеңісінен кейін атқа қонып, тұс-тұстан ағыла бастады. Арада бірер апта өткенде, Ұлы жүз жасағының саны бір түменге жақындап қалып еді.

Қабанбай Қарақалпақ көшін қайтарып әкелу үшін Малайсарының түменін Шыршық бойына аттандырды да, өзі қалған әскермен Ташкентті барып қоршады. Қоршағанда, қалың қолды қала төңірегіндегі тақырға иірмей, жоңғар әскері шегінеді-ау, немесе оларға сырттан көмек келеді-ау деген жолдардың аузын алып, оты-суы мол тау бөктеріне шатыр тігіп, жатып алды. Ташкенттің тас қамал, тар көшесінде соғысқысы келмей, ойраттардың, не де болса, кеңірек, ашық алаңға шығуын күткен. Ал Сайын-Бөлек әскерінің қалалы жерде ұзақ шыдауы мүмкін емес-ті. Атқа шөп, әскерге азық керек. Бір күні түтінге қақалған түлкідей іннен атып шығары анық. Оның үстіне қазақ қосыны жорықтағы Малайсары жасағын күтуі керек еді.

Арада үш-төрт күн өткенде, Қабанбай шатырына Марғұлан жақтан қасында жүздей нөкері бар Ерден бек келіп түсті. Бұл — әйгілі Қоқан хандығының негізін қалаған Әбдірахым бектің кіші ұлы, қазір қонтайжының қолшоқпары боп жүрген Баба-бектің туған інісі.

Әсілі, Қоқан дегеніміз — осы ғасырдың бас кезінде ғана Бұхар хандығынан бөлініп шыққан ел ғой. Алғашында Бұқар өміріне қарсы бүлік бастап, дербес билікке қол жеткізген — Ферғана мен Қашқардың дәруіш-қожалары болатын. Оларды 1710-жылы Өзбек ұлыстарынан шыққан Шахрух-бек ығыстырып, тізгінді өз қолына алды. Кейін, Шахрух-бек қайтыс болған соң, оның орнын үлкен ұлы Әбдірахым иеленді. Ол көп ұзамай Марғұлан, Ходжент, Самарханды бағындырып, қоластына бүкіл Ферғана ойпатын біріктірді. Ескі қорған деген жерден өзіне арнап бекініс салдырды да, кешікпей әлгі камал-қала Қоқан атанды. Әбдірахым бекті жұрттың «Қоқан хандығының іргесін қалады» дейтіні сондықтан.

Отызыншы жылдардың соңын ала Әбдірахым өліп, оның орнына інісі Әбдікерім-бек отырды. Ол әскери өнерге біршама жетік, көп оқыған, білікті адам болатын. Бірақ мұның тұсында Қоқан хандығы Халдан Цереннің шабуылына ұшырап, біраз жыл жоңғарға бодан болып тұрды. Тек қырқыншы жылдары Бұхара мен Хиуаны парсылар басып алғанда, Әбдікерім-бек Нәдір шақтың қолтығына кіріп, ойраттардың шеңгелінен сәл босағандай болып еді. Обалы нешік, Әбдікерім-бек өле-өлгенше Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресумен өтті. Орта Азиядағы бүлікті басуға жіберген ойрат әскерін бір-екі рет амалын тауып жеңді де... Әсілі, Ұлы жүз атынан қол қойып, жоңғар бодандығын қабылдаған — Жолбарыс хан ғой. Ол өлген соң, Ташкент шаһары бұрынғыдай бірде жоңғарға бағынса, бірде Қоқанға қарап кетіп отырды. Төле бидің кереметі: Ташкент кімге қараса да, оның қосалқы әміршілігінен айрылған жоқ. Бұрын билікті Жолбарыс ханмен бөліссе, кейін Ташкентті ойрат әмірі Парванбек пен бірге билеп тұрды. Бірақ осындағы мұсылман халықтарының соруы — қазағы, өзбегі, қырғызы болсын, жоңғарға қарсы күш біріктірмей, жеке-жеке жем болып, кейде тіпті өзара қырқысып кетуінде еді. Ала ауыздықтың көбі, негізінен, тоғыз жолдың торабы — осы Ташкентке таласудан басталатын. Қайта кейінгі жылдары Әбдікерім-бекке ой түсіп, Төле би арқылы қазақ хандығымен одақтасуды ойластыра бастаған. Алайда тағдыр оны ойлаған мақсатына жеткізбеді. Әбдікерім-бектің өткен жылы тым тез ауырып, оқыс өліп кетуіне қарағанда, оның да ажалы ойрат ордасынан болды ма деген күдік бар.

Әбдікерім-бек өлген соң, былтыр Қоқан тағына оның немере інісі, баяғы Әбдірахым-бектің кіші ұлы, осы Ерден бек отырған-ды. Бірақ ол билік басында ұзақ байырқалай алмады. Ерден бек таққа отырысымен Жоңғарияға қашып кеткен ағасы Баба-бек биыл көктемде ойрат ордасынан қол бастап келді де, туған інісін Қоқан қаласынан қуып шықты... Әйтсе де тақ құмар Ерден бектің әлі де әке мұрасынан үміті үзілмеген еді. Ол жоңғарға қарсы аттанған қазақ әскері Ташкентке қарай келе жатыр дегенді

естіп, жүрегі жарылардай қуанған. Мұны ол тағдырдың өзіне асатынан жіберген сыйындай көріп, қолбасы Қабанбаймен жолығу үшін, бүгін асығыс жеткен беті еді.

Жасы қырыққа жаңа келген, орта бойлы, қырықпа қара сақалды Қоқан бекзадасы иненің көзінен өтердей тым пысық екен. Қолбасыға сый-сыяпат ретінде екі ақбоз ат, бірнеше түйеге артылған бұл-шай, жеміс-жидек ала келіпті. Онысын бір-бірден көрініске шығарып, әрқайсысының қайдан келгенін, қайда жасалғанын айтып, тақ бір сатқалы тұрған заттай санап өткізді. Ол да ештеңе емес-ау, асты-үстіңе түсіп бәйек болғанда, сый-құрметін тым асырып жібереді. Сонан соң шектен тыс мүләйімсіп, тым тәтті сөйлейді екен. Онысы, бәлкім, оз ортасында жарасатын да шығар, ал бұрын сарт-сауанмен көп үйірлігі жоқ Арқаның асау қазағына адамды алдап тұрған секілді, біртүрлі күмәнды көрінеді.

Ерден бектің сөзін тыңдап отырсаң, мұсылман қауымында қазақтан асқан батыр халық жоқ. Ойрат қаруы ма ұйғыр да, өзбек те, қырғыз да қарсылықсыз бағынғанғанда, тек қазақ қана төтеп беріп, тіресуге жарады. Немере ағасы Әбдікерім-бек өз тұсында жоңғарға қарсы талай бас көтерген екен, тек сатқындардың кесірінен арманына жете алмай кетіпті... Қазіргі сондай опасыздың бірі — өз ағасы Баба-бек. Осы жолы қара басының қамы үшін Қоқанды ойраттарға сатып, жау әскерін бастап келген де — сол. Сондықтан жоңғарды жоямын деген адам алдымен Баба-бекті құртуы керек. Дәл қазір Қоқан әмірінде қазақ қолымен тіресер шама жоқ. Әгарки, баһадүр Қабанбай ака Қоқанға екі түмен әскер аттандырса, Баба-бекті оп-оңай қолға түсіруге болады... Ал Ерден бектің өзі — хақ жолынан таймайтын, Әбдікерім-бектің өсиетін екі етпейтін, Алланың адал құлы. Егер осы жолы қазақ ағайындар Баба-бектің көзін құртып, Қоқан тағына Ерден бекті отырғызып кетсе, бұл өмір бойы қазақ хандығына қызмет етуге әзір.

Қолбасы Қабанбайдың қолында Қоқанды шабындар деген хан жарлығы жоқ-тұғын. Әйтсе де, дәл қазір ойраттың одақтасы боп отырған Қоқан билеушілерінің бұлайша екіге жарылуын жақсылыққа жорыды да, әзірше Ерден бекті сыртқа теппей, есек дәмемен ұстай тұрғанды жөн көрді.

— Қазақ хандығы марқұм ағаңыз Әбдікерім-бектің жоңғарға қарсы іс-қимылдарын жоғары бағалап, өз одақтасы ретінде үлкен үміт артушы еді. Баба-бек оның өсиетіне опасыздық жасаған екен, демек, ол — сізге ғана жау емес, біздің де дұшпанымыз. Бірақ бізге дәл қазір екі жақты майдан ашу қиын болар. Алдымен Ташкентті жау қолынан босатып, ойраттарды бір қуып тастайық. Жоңғардың жұлыны үзілсе, Баба-бектің жарасы жеңіл ғой, — деп қазақтың ұзын арқау, кек тұсауына салды.

Ерден бек қолбасыдан шыға бере, Ханбаба сұлтан бастаған жас батырлардың да басын айналдырып, еліктіріп қойыпты. Ханбабаның осы жорыққа шыққаннан бергі бір арманы — әкесі Барақ сұлтанды у беріп өлтірген Қарнақ қожасы Камалидденді қалайда қолға түсіріп, жұрт

алдында жазалау еді. Өнегүні қожаны бірден іздемек болғанда Қабанбай ол істі кейінге қалдырып, Ташкенттің жаудан тазаруына қаратып қойған. Ханбабаның осы бір осал жерін қайдан біліп алғаны белгісіз, Ерден бек келісімен сол мәселе қайта жаңғырды.

— Сіздің қас жауыңыз Камалидден қожа қазір Ходжент шаһарында әкім болып отыр. Баба-бектің оң қолы. Егер таңдаулы мың сарбаз берсеңіз, мен жол бастап барып, қожаны, қол-аяғын байлап, алдыңызға салайын! — деп төндіріпті Қоқан бекзадасы. Соны естігелі Ханбаба әлсін-әлі Қабанбайға келіп:

— Малайсары қайтып оралғанша әлі біраз уақыт бар. Осы әредікті пайдаланып, әккі қожа құлақтанбай тұрғанда қолға түсірейік! - деп өтініп жүріп, ақыры қолбасыны көндірді.

Ходжент бұл арадан онша қашық емес-ті. Мәселенің төркіні марқұм Барақтың киелі кегіне байланысты болған соң тоқтата алмаған. Бір жағы, осы сапарда Ерден бекті де сынап кергісі келіп еді. Қанды қол қожаны ұстап әкелуге Ертауыл мыңдығын аттандырды да, Қоқан бекзадасының тұзағына түсіп қалмай, әр қадамын қадағалап отыруды Еспембетке мықтап тапсырды.

Әйтседе, сапар сәтті аяқталды. Арада үш күн өтіп, төртінші күн дегенде жортуылға аттанғандар Камалидден қожаны қол-аяғын байлап алып келді. Ерден бек сөзінде тұрып, қалаға түн ішінде кіріпті де, ұйқыда қаперсіз жатқан қожаның дәл үстінен түсіріпті. Қала әкімінің екі жүзге жуық қорғаушы жасауылдары бар екен, олардың қарсыласқандарын жер жастандырып, бағынғандарын байлап тастапты. Камалидден қожа шіріген бай неме екен. Барған жігіттер ат терінін өтеуі деп, мал-мүлкін де, қанизак әйелдерін де пышақ үстінен бөліп алған көрінеді.

Барақтай ердің түбіне жеткен сұмның сұркын көріп, жөн-жосығын білу үшін, Қабанбай оны шатырына әкелдірген. Қасына Ханбабаны алып, екеуі біраз тергеу жүргізді. Ат үстіндегі суыт жүрісті көтере алмай, қожаның кетеуі кетіңкіреп қалған екен, таңдай жібітіп, сусып ішкен соң барып тілге келді. Қарсы алдында — жасы алпысты алқымдаған, сирек сақал, мысық мұрт, қас-кірпіксіз, жылан көз біреу отыр. Аузында — Алла, басында - сәлде. Былай қарасаң, тірі пендеге қиянат жасайды дейтін емес, бейне мешіт мінбәрінен жаңа түскен қазіреттей. Ал істеп жүрген ісі...

Бір ғажабы: Камалидден қожа, қайсы біреулерше бұлтартып-жалтармай, бірден турасына көшті.

— Құдайшылығыңды айтшы, қожа, Барақ сұлтанның ажалына себеп болған кісі — сенсің ғой? — деген алғашқы сұраққа:

— Барақтың түбіне жеткен — мен емес, жоңғар қонтайжысы Цеван Доржи, — деп жауап берді.

— Бірақ қылмыс сенің үйінде жасалды ғой. Сұлтанның ішкен асына у қосып берген жендет сен емессің бе?

Қожа бұл сұраққа жылдам жауап бере қоймай, аз-кем бөгеліс жасады.

— Сөйле, жауыз неме, неге үндемейсің? — деген Хан-баба сұлтан шыдай алмай.

— Сөйлегенде не айтам? Мен — бар болғаны хан жарлығын орындаушымын. Басқаны білмеймін! — деп қожа бастапқы сөзін тағы қайталады.

— Қонтайжы саған Барақ сұлтанды өлтір деп өзі бұйырды ма? — деді Қабанбай.

— Жоқ. Маған хан жарлығын Баба-бектің адамдары жеткізді. Қызметімнің өтеуіне Ходженттің әкімдігін ұсынған да — солар...

— Адам өмірін арам дүниеге сатқан екенсің ғой? — деді Қабанбай қабағын түйіп. — Өзің білесің, қазақ өздігінен ешкімге тиіспейді. Ал біреу опасыздық жасаса, ешқашан кегін кешпейді. Осының артында сұрауы болар-ау, іргелі ел кейін жазаға тартып жүрер-ау деп ойламадың ба?

Қожа әлдебір жас баланың сөзін қызықтағандай, езуі жайылып күлді.

— Жолына көлденең тұрған адамды жойып отыру — ен далада еркін өскен қазаққа ғана сұмдық көрінер. Ал отырықты, кентті елдерде тақ үшін күн сайын қан төгіліп жатады...

— Солай де... Сен үшін бұл тіпті қылмысқа жатпайтын, жай нәрсе болды ғой?! — Қабанбай оның сөзін бөліп жіберді. — Ал біз сені опасыз сатқын, қанды қол қарақшы деп есептейміз. Осы қылмысың үшін өзің қандай жазаға лайықпын деп ойлайсың?

Камалидден таңданғандай иығын көтерді:

— Асып кетсе өлімге бұйыратын шығарсыңдар. Одан өткен қандай жаза болуы мүмкін? Өмір кейде картаның ойыны сияқты ғой... Бұл жолы ұтыс — сіздер жақта!

— Тү-у, мынаған дауа болмас! — деп түңілді Қабанбай. — Нағыз кесіп алса қан шықпас бетпақтың өзі ғой — мынау?! — Сонан соң қасындағы Ханбабаға бұрылды да. — мен жауап алып болдым. Қанды мойын құныкерінді енді не істесең де өзің біл! — деді. Тұла бойымен үркіп, қатты түршігіп кетіп еді. Ойпыр-ай, мынадай да қаныпезер болады екен!

Босағада тұрған екі жасауыл қожаны орнынан тұрғызып, желкелеп әкетіп бара жатқан. Есікке таяғанда дат сұрағандай артына бұрылды:

— Рұқсат етсең бір сауалым бар, Қабанбай батыр?

— Иә, не айтпақсың?

— Сонау Арқа жерінен әдейі мені ұстау үшін келдіңдер ме? Небәрі мың сарбазбен жоңғар шегіне қалай өттіңдер?

Мына сөзді естігенде, Қабанбай оның айтқандарын санасына сидыра алмай аңырап қалды да, кенет қарқылдап күліп жіберді:

— Беу, мына қожа жай қанішер жендет қана ма десем, ештеңеден хабары жоқ, бітеу неме болды ғой! — деді Хан-бабаға бұрылып. — Оу, сенің мың сарбазың не айтып тұрған? Біз найзасының ұшы алтын, сайыпқыран үш түмен қолмен қасиетті Сыр өлкесін жаудан тазартып келе жатқан жоқпыз ба?! Сен сиынған қонтайжының күні бітті. Ойрат атының тұяғы бұдан кейін бұл жақты баспайтын болады. Көп ұзамай Баба-бектің де күлі көкке ұшады. Енді түсіндің бе? Әй, мынау әлі де сенбей тұр-ау деймін? Ертең бүкіл әскерді сапқа тұрғызып, мынаны алдынан өткізіндерші! Тым құрыса өлерінің алдында қазақ елінің құдіретін өз көзімен көріп кетсін! — деді қаһарланған кезіндегі әдетімен түгі сыртына шығып.

Сол күннің ертеңінде Малайсарының түмені де қайтып оралған. Жорық ойдағыдай сәтті аяқталыпты. Үш мың түтіннен астам Қарақалпақ көшін қырғыз жерінің шегінде қуып жетіп, мал-жанымен түгел кері қайтарыпты. Көшті қорғап бара жатқан екі мыңдай жоңғар шерігі оңайшылықпен беріспей қарсыласқан екен, қазақ жасағы басым күшпен селдей жапырып, ұзақ тіресуге мұршасын келтірмепті.

Бұл қарақалпақ батыры Қылышбектің ең бақытты күні еді. Малайсары тобымен бірге келген ол атынан домалай түсті де, шатыр алдында тұрған қолбасыға келіп тізе бүкті.

— Даңқың артып, тәңір сені төбесіне тұтсын, Дарабоз! Жан алқымға келгенде жәрдем қолын созған қазақ ағайынның осы жақсылығын өмір бойы ұмытпаспын-ау! Өзім ғана емес, кеудесінде жаны бар қарақалпақ әулетіне осыны өле-өлгенше ұмытпа деп өсиет етермін. Басқа не айтайын, құл болып құрдымға кеткен жерімізден суырып алдыңдар ғой, бауырлар! — деген бурыл сақалынан қуаныш жасы тамшылап.

Қабанбай оны тізерлеп отырған жерінен тез тұрғызып, құшағына алды.

— Қуанышыңа ортақпын, бауырым! Қазақпен Қарақалпақтың қашанда атар таңы мен шығар күні бір емес пе еді? Бауырларымыз шырылдап жау қолында жатқанда ара түс-песек ағайындығымыз қайсы?! Бодандық пен бостандықтың ащы дәмін бірге татқан екенсің, енді, міне, жеңісті де бірге тойлауға хақың бар! — деп Қарақалпақ батырына шын көңілден құтты болсын айтты.

Осыдан кейін Қылышбек көп бөгелген жоқ. Бостандық алған ауылдарын Сырды құлдата көшіріп, ежелгі мекендеріне қондыру үшін, асығыс аттанып кетті. Сол күні қазақ әскерінің ту тіккен ордасына әнегүні Арыс өңірінде аялдап қалған Төле би келіп түсті. Ел аралаған сапары жеміссіз емес. Шу, Талас, Қазығұрт төңірегіндегі ауылдардың бас құрап, қол жинап жатқанын айтып келді.

Бұлар қанды қол Камалидден қожаға қандай жаза бұйыруды ұлы бидің келуіне қаратып қойған-ды. Төле би оны бұрыннан жақсы біледі екен. Ол ойрат ордасының осындағы төтенше тапсырмалар орындайтын жансызы көрінеді. Барақ сұлтанның ғана қанын арқалап қоймай, халыққа жасаған одан басқа да қиянаты бастан асады. Сондықтан Камалидденді жай жазалап қою аз. Итке ит өлімі керек. Көшпенділерде аса бір сұмдық жағдайда ғана қолданылатын жазаның ауыр түрі болушы еді. Бұл жолы қаһарына мініп, қатайып алған Төле би опасыз қожаға соны бұйырды:

— Ол жауызға бола қолдарыңды былғап әуре болмандар. Мойнына қыл арқан тағындар да, асау аттың құйрығына байлап жіберіндер! — деді қысқа қайырып.

Үкім сол күні орындалды. Мойнына құрым киіз ілінген Камалидден қожа ең алдымен түземдегі әскердің алдынан өткізілді. Сонан соң жан-жақтан жиналған жергілікті қауым алдында бар қылмысы жария етілді. Сол арада үкім оқылып, қылмыскер жылқыдан жаңа ғана ұстап әкелінген құр айғырдың құйрығына байланды. Келесі бір сәтте қожаның тұлыптай домаланған арам денесі әр жерге бір соғылып, қыр асып бара жатты...

Әнегүннен бері жорықта жүрген түмендердің қайта оралуын күткен қазақ қосыны енді, не де болса, Ташкентке басып кіруге бел байлаған. Жау әскерінің бұлар күткендей жуық арада ашық алаңға шығар түрі жоқ. Жоңғар — қолбасшылары Сайын-Бөлек пен Намеху-Жырғал, інге кірген суырдай, қала қақпасын тарс бекітіп, тым-тырыс жатып алды. Бұдан ары бөгелсе әскердің арыны қайтатын болған соң, Қабанбай қасына қолбасы батырларын жинап алып, қамалға шабуылдаудың жоспарын жасауға кіріскен. Алайда дәл осы мезгілде Ташкент маңында жортып жүрген Ерден бектің адамдары тосын хабар жеткізді: ойрат әскері ертең кешке, түн қараңғысында қаланың түстік қақпасынан шығып, Қоқанға қарай бет түземек көрінеді. Ерден бектің хабарына күдік келтіруге болар еді, бірақ Ташкентке астыртын жіберген Төле би мен Ханкелді батырдың жігіттері де нақ осы хабарды айнытпай айтып келді. Демек, жау жасағын сүңгілеп тұрғызған бір тықырдың таянғаны хақ.

Ерден бектің сөзіне қарағанда, жоңғар нояндары Сайын-Бөлек пен Намеху-Жырғалдың апта бойы шегеленіп қалғандай Ташкентте бадалып жатып алуы жайдан-жай емес. Олар Сайрам түбіндегі жеңілістен кейін, арттағы ойрат ордасына және Қоқан әміршісі Баба-бекке жаушы шаптырып, екі жақтан да көмек күткен көрінеді. Бірақ ешқайсысынан жәрдем келе қоймаған. Жоңғар қонтайжысы Лама Доржи мұндағы

нояндарына көмекке әскер аттандырудың орнына, Сыр бойындағы қалаларды тастап, тез елге қайтыңдар деген бұйрық жіберіпті. Өйткені осы таяуда ойраттың өз ішінен бүлік шыққан. Қонтайжының өзі қолдағы әскерімен солтүстіктегі тақ талас жаулары Дабашы мен Әмірсана тобына қарсы ұрысқа аттанған деседі... Ал Баба-бек басындағы бағы, астындағы тағы үшін ойрат ордасына қанша қарыздар болса да, түбі немен тынары неғайбыл қазақ-қалмақ шайқасына бас сұққысы келмей, әзірше әліптің артын бағып отырса керек... Демек, күн өткен сайын әскері азықсыз, аттары жем-шөпсіз қалып, әрең шыдап отырған Сайын-Бөлектің енді арттан келер көмектен үміті үзілген соң, Ташкенттен шегінбеске амалы қалмаған. Әккі неме қала қақпасынан өзінше дыбысын білдірмей түн жамылып шығып кетпек. Арғы ойы белгілі: жол-жөнекей Баба-бекті өзіне қалқан қып қойып, одан ары Ақсу кезеңі арқылы Жонғарияға асып түспек.

Іздегенге сұраған, қазақ қолбасыларына да керегі осы еді. Әйтседе, ойрат нояндары өз күшіне әлі де сенімді сияқты. Сайын-Бөлектің негізгі әскеріне анада Сайрамнан шегінген топтар қосылды. Оның сыртында маңдайдағы қалалар мен ауыл-ауылдан салық жинап, ел тонап жүрген жасауыл шеріктері де жан-жақтан қашып келіп, осы Ташкентке дамылсыз құйылып жатқан. Солардың бәрін қосып есептегенде, қазір түстіктегі жоңғар әскерінің саны он бес мыңнан асып жығылады. Бұл аз күш емес, әрине. Қапысыз қаруланған мұндай қолмен кез келген қоршауды жарып өтіп, ойға алған жағына үдере тартуға болады. Ал әскер басындағы Сайын-Бөлек ноян — мұндай қыспақтың талайынан жол тауып шыққан қу мүйіздің өзі.

Осынын бәрін есепке алған Қабанбай не де болса ойрат әскерін қала қақпасынан тым ұзатпай соғудың жолын қарастырды. Ұрымтал жерде ұрыс салу үшін ертерек қимылдап, қалайда жаудың алдын орауы керек еді. Соз жоқ, Сайын-Бөлектің бір көзі қалада болса, бір көзі қазақ қолы ошарылып жатқан далада. Сондықтан қолбасы жасаққа кейінірек қосылып, қазір Бердіқожа жаттықтырып жүрген бес мың жігітті әлдебір есеппен тосқауылда қалдырды да, кеш батысымен әскер орналасқан төскейге отты күндегіден де молырақ жақтырып, ен даланы шоқ жұлдыздай жайнатып қойды. Сонан соң үркер көтеріле қалың қолды атқа қондырған. Сол бетінде бұлар суыт жүріспен қаланы алыстан орағытып өтіп, Қокан жолына жетті де, Ташкенттен он бес шақырымдай жерде тізгін тартты. Осы маңдағы ұры сай, адыр-қырқасы мол, тасалау жерді әдейі таңдаған. Қашан атойлап алдан шыққанша, қай қалтарыста қанша әскер жатқанын тірі пенде сезер емес.

Әйткенмен, алда аса сұрапыл, шешуші шайқас күтіп тұрғаны кімге де болса айқын еді. Сондықтан бас қолбасы әскердің түзем тәртібін сәл өзгертті. Бұл жолы қасқа маңдайға Малайсарының түменін қойды да, он қолға Ханбаба сұлтанды, сол қолға Наурызбайды жіберді. Төбе-төбеге қарауыл қойып, қалғандары сай-сайға аттарын матастырып, көзге түспеу жағын ойластырған. Егерде жаудың ертауыл қолы алдымен жетер болса, өткізіп жіберіп, көк желкеден қуа соғуды Еспембетке тапсырды.

Әлден уақытта шығыс жақ құлан иектеніп, таң да белгі бере бастаған. Қалың әскерді сәтімен қозғап, сезік тудырмай, ұрымтал тұсқа әкелуін әкелсе де, Қабанбай көңілінде әлі де әлденеге алаңдаған қобалжу бар. Сары тақым Сайын-Бөлек бұдан қулығын асырып, әдейі жалған лақап таратып, жеме-жемге келгенде Қоқан бағытына емес, терістікке қарай тіке тартуы да мүмкін ғой... Олай болғанда, тосқауылда қалдырған Бердіқожаның жігіттері күші басым жауды ұстап тұра алмай, бұларға хабар бергенше Сайын-Бөлектің ұзап кетері анық. Бірақ соғыста тәуекелсіз жеңіс жоқ. Ішкі бір түйсіктің алдамасына сенеді. Жоңғар нояны, қанша жанкешті болса да, жолында сенімді одақтасы Қоқан тұрғанда көпе-көрінеу ажалға қарсы шаба қоймас.

Осылайша алуан ойлар қамалаған Қабанбай Қубас атты баяу бастырып, тебе басында қарауылда тұрған Малайсарының қасына келді. Таң алдында бірер сағат мызғығаны болмаса, бүгінгі түнді бұлардың бәрі де ұйқысыз өткерген. Кірпіктері қатып, түстері қашыңқырап тұр. Бірақ, қашанда жағасы жайлау, анау-мынауға айылын жимайтын Малайсары сыр беретін емес, қолбасыны көңілдене қарсы алды.

— Бүгін Сайын-Бөлекті шүркіл⁸ басып қалған жоқ па екен? Жол бойында қылт еткен қара көрінбейді ғой, тіпті? — деді етігінің қонышынан ұзындығы бір сүйем шытыралы шақшасын суырып жатып.

— Түлкісі түбінде, түтіні аузында. Жан керек болса, қайда барар дейсің, бір келер, — деді Қабанбай да насыбайға қол созып. — Дайындығың қалай? Жаумен бетпе-бет келіп қалғандай болсаң, сайысқа шығатындарды сайладың ба?

— Е, тәйір-ай, оған не дайындық керек?! Біздің түменде жекпе-жекке шықсам-ау деп қолы қышып жүрген мыңбасы батырлардың өзі толып жатыр. Солардың біріне кезек тиетін шығар.

Айтса айтқандай, Малайсарының жасағында жұрт таныған айтулы батырлар аз емес-ті. Кейінгі жас перілерді былай қойғанда, Баян, Байғозы, Оразымбет, Баймұрат,

Бөрібай, Еспембет секілді мүйізі шаңырақтай жолбасар жігіттер осы топта болатын. Оның үстіне қазақ салтында «жекпе-жекке сен шық» деп ешкімге бұйырмайды. Кегі қайнап, арқасы қозған батырдың өзі тіленіп, қолбасыдан бата сұрауы керек... Алайда дәл қазір Малайсарыны мүлде басқа бір ойлар мазалап тұрған секілді. Күн шығар алдында бадырайып айқын көрінген адыр-қырқаны жанарымен тінте, төңірегін түгел шолып шықты да, Қабанбайға қарап:

— Маған салсаң, дәл бүгін сол Сайын-Бөлекті сайысқа шақырып әтуерлемей-ақ қойсақ деймін, — деді әлі де іш пікірін аша қоймай.

— Неге? Жүрегің шайлығып тұр ма?

— Жоға, жүрек шайлығындай көрмей-білмей жүрген қалмақ па?! Олардан күшіміз басым екені рас қой? Ендеше тұтқиылдан шыға келіп, бірден жайпап өтсек қайтеді? Мына жердің ыңғайы да соған келіп тұр...

— Жекпе-жекке сен емес, олар шақырса не істейсің? Ата салтын бұзасың ба?

— Соған қарамасақ... Күші жеткен алып та, шалып та жығады. Оқ жетер жерге таянғанда тасадан шыға келіп, тасқын селдей таптап өте шықсақ! Меніңше, жеңістің ең тете жолы осы сияқты.

— Қаптама соғыс кезінде әлгі Сайын-Бөлек қу із тастап, құтылып кетіп жүрмесе? — деді Қабанбай ойланып қалып. — Қарбаласта қапы қалмау үшін мен бүгін сонымен күш сынассам ба деп едім.

— Пай-пай, Дарабоз-ай! Сен де бір жекпе-жекпен жалықпайды екенсің! — деп Малайсары қарқылдап күлді. — Сайын-Бөлек қайда барады? Соның сары ізіне түсуді мен-ақ мойныма алайын.

Малайсары сөзінің де жаны бар. Әсілі, жекпе-жек сайыс күш тепе-тең түскен жағдайда, немесе сәл кемдеу соғып тұрғанда қажетірек. Ондайда жолың болып, жаудың бас батырын жер жастандырсаң, айбатың асып, күшің екі еселенді дей бер. Ал әскер саны айқын басым болған жағдайда, қарсы жаққа таңдау бермей, өз дегеніңе көндіруге де болады.

— Ол жағын ретіне қарай көрейік, — деді Қабанбай. Жау әскері бері қарай сезіксіз тарта бере ме, болмаса әлденеден секем алып, алыстан аңдысып тұрып қала ма, ендігісі соған байланысты. Дегенмен, осының қайсысына да әзір тұрайық.

Бұлар сөзге айналып тұрып байқамапты. Кенет қарауылда тұрған жігіттердің бірі:

— Шаң... Шаң көрінеді. Келе жатыр! — деп дауыстады.

Бәрі жапа-тармағай батыс жаққа назар аударған. Шынында да, көз ұшында көлбей созылған бір буалдыр шаң көрінеді. Ұбақ-шұбақ түйдектелген қою шаң емес, бір тұтас белдеуленген бозғылт мұнар. Тізгін ұшы, ұзақ шабысқа, не сау желіске салмай, біркелкі үрдіс аяңмен келе жатқан қалың қолдың тұяқ тозаңы.

Қабанбай енді ғана еркін тыныстады. Дереу қос қанаттағы Ханбаба сұлтан мен Наурызбайға кісі шаптырып, қаптама шабуылға дайын тұруын бұйырды. Сондай бұйрықты таяу тұрған өз түменіне Малайсары да жолдады. Қалтарыстағы қалың қол қару-жарағын сайлап, тегіс атқа қона бастаған... Әлден уақытта мыңбасы батырлар Байғозы мен Оразымбет келді бұлардың қасына.

— Сонымен, қалай болды өзі? Бірден ұрысқа кіретін болдық па? — деді Оразымбет қолбасыға жақындап.

— Солай да болуы мүмкін. Тасадан шыға келіп, тарпа бассалсақ деген ой бар.

Жастары қырыққа енді ілінген бұл екі батыр құрдас. Ұзын бойлы, иір сары Оразымбет бұйра сақал төртпақ Байғозыға жымыңдай қарап алды да:

— Қап, бүгін жекпе-жекке кім шығады деп мына Қозы екеуіміз таласып келе жатыр едік, — деді өкінген сыңай танытып.

— Иә, кезек кімдікі деп ұйғардыңдар? — деді Малайсары әдейі сөз шығару үшін.

— Құдайшылығына келсек, кезек менікі ғой қашанда, — деп Оразымбет лекіте күлді. — Бірақ мына Қозы: «сен болсаң бір атадан жалғыз едің. Мен болсам көп Қозының бірімін. Осы жолғы еркек тоқты — құрбандық мен болайын. Оның үстіне, Арғынның нокта ағасы деген атым бар», — деп ырыққа көнбей тұр.

— Ой, жағыңа жылан жұмыртқаласын! «Құрбандығы» несі, ей, айтып тұрған?! Бұл қазаққа жаның ашыса да жақпайсың, — деп Байғозы мойнын бұрып әкетті. — Былжырамай насыбайыңды әкелші оданда!

Үлкендер құрдастардың қалжың сөзіне жадырай күлді. Өзілдің астарында шындық бар. Балталы Оразымбет батырдың екі ағасы бірдей жау қолынан мерт болып, бір атадан жалғыз қалғаны да рас. Ал Байғозының оған Қарағанда құйрық-жалы бүтін еді. Тәуке хан тұсында даңқы шыққан Тарақты Наймантай батырдан бөрідей-бөрідей алты ұл туған. Аттары да ұйқас. Жарықтық балаларын Аққозы, Жанғозы, Байғозы... деп тізе беріпті. Өздері қанжығалы Бөгенбай батырдың әпкесінен туған жиен боп келеді... Наймантай балаларын түрлі тәсілмен сынағанда, қақаған аязда кеудесін ашып жататын осы ортаншы ұлға көңілі толған деседі. Сол сөз тегін болмас, Байғозы бұл күнде Арғынның бас батырларының біріне айналып еді.

Шүйкедей есілген шаң белдеуі бірте-бірте жақындап, бозғылт мұнар арасынан алдыңғы лектің қара-құрасы да көріне бастады. Енді бір сүт пісірімде тұспа-тұс келіп қалары сөзсіз. Қылт-қылт етіп төбе басында тұрған қарауылдардың көзі — қазір Малайсары қолындағы қыл шашақты жасыл туды. Сол туды оңды-солды сермеп, белгі берсе болғаны, қазақ қолы қырқаның астынан шыға келіп, тасқын судай төгілуге әзір тұр.

Бірақ дәл осы мезгілде бұлар күтпеген жағдай болды. Наурызбай жасағы орналасқан сол қанаттан сүліктей қара атқа мінген, қара киімді біреу кенет оқтай атылып шыға келді де, жоңғар қолына қарай ағыза жөнелді. Өзінің аты мұндай ұшқыр болар ма, бірден бауыр жазып, сапқының тасындай

зырлап барады. Бастабында түкке түсінбеген қолбасылар бір-біріне аңырып қарай берген. Тек шамалы уақыттан кейін ғана оның жау жағына хабар беруге асыққан сатқын екенін пайымдады. Қара атты бұл кезде оқ жетер жерден ұзап кеткен. Соңынан кусаң, да шалдыратын емес. Демек барлық құпия ашылды, түні бойы төккен тер, ойластырылған әдіс-айла текке кетті деген сөз. Апыр-ай, осынша жұрттың еңбегін селге жіберген бұл кім болды екен?!

— Мынау сұмдық болды ғой?! Енді не істейміз?! — деді анау-мынауға іш жимайтын Малайсарының өзі шиыршық атып.

Қабанбай да қатты ашуланған кездегі әдетінше түгі сыртына шығып, сұрланып кетіп еді. Өмір бойы қырғын соғыстың ішінде келе жатып мынадай сұмдықты бірінші рет көруі. Бірақ бас қолбасы мұндайда сыр бермеуі керек. Өзін-өзі ұстауға қанша күш жұмсағанын кім білсін, аз үнсіздіктен кейін:

— Сәл сабыр етіңдер, жігіттер. Қалмақтар нендей амал жасар екен, соған қарай көрерміз, — деді байсалды үн қатып. — Қырық темірдің қылауынан құралған, ала-құла жұрт қой — бұл өлкенің адамдары. Жоңғарға қарсы жорық ілгері баспай, сонша жылдан бері қайран Төле бидің еңбегі неге еш боп жүр дейсің? Осындайлар ғой етектен тартып, іштен ірітіп, жібермей жүрген!

Бұл кезде жаңағы жалғыз қара жау әскерінің алдыңғы легіне барып та қалған. Сол арада бейғам келе жатқан ойрат қолының ұмар-жұмар сапырылысып, ошарылып қалқаны байқалды. Сайын-Бөлек қазір не істер екен? Не де болса, алған бетінен таймай, тәуекел етіп қарсы шаба ма, әлде жалт бұрылып, кейін шегіне ме? Қабанбай соған жіп таға алмай бөгеліп тұр.

Осы мезетте арт жақтан аттарын танауратып үш-төрт кісі келді бұлардың қасына. Түмен басы Наурызбай екен. Жанында Жалайыр Тәттібай батыр мен Дулаттың Сиқым бұтағынан шыққан Рысбек батыр бар. Жақындай бере аттан түсіп, қырқаның үстіне жаяу көтерілді.

— Бұл не? Қалмаққа хабаршы жіберіп қойып, ендігі жүрістеріне жол болсын! — деді әлі де сабасына түсе қоймаған Қабанбай қаңарына қайта мініп.

— Сондай бір оқыс жағдай өтті, сардар. Сізге соның мәнісін айтайық деп әдейі келіп тұрмыз, — деді Наурызбай төмен қарап. Намысқой батырдың қатты қорланып тұрғаны байқалады.

— Кім ол? Қай рудың адамы? Аты-жөнін, туыс-тегін білесіңдер ме?

— Ол неме менің жүздігімде жүруші еді... Аты — Мәметқұл! — деді Рысбек күмілжи тіл қатып. — Руын сұрамаппын. Әйтеуір, осы маңайдағы

құрамадан шыққан біреу. Біздің жасаққа таяуда, Ташкент маңында қосылған. «Қалмаққа кеткен кегім бар. Соны бір қайтарсам-ау!» деп алақанына түкіруші еді, сөйтсек алдаған екен ғой, иттің баласы... Өзінің ажалы жоқ неме екен. Біздің жігіттер жабыла садақ тартып еді, бірде-біреуі дарымады.

— Шеттеріңнен мергенсіңдер ғой, шамасы! — деді Қабанбай ызалана мырс етіп. — Егер жасағыңның бәрі осындайлардан құралса, жетіскен екенбіз.

Осы тұста сөзге Тәттібай батыр араласты:

— Құрама болғанда, сол Мәметқұлдың түбі шикі деседі. Оны менің жүздігімдегі бір жігіт жақсы таниды екен. Сүйегі — қожа, оның ішінде әнегүнгі Камалидден қожаның немере інісі көрінеді. Мәметқұл бұрын Қоқанда, Баба-бектің әскерінде болған ба, бір шатағы бар...

— Әне, көрдің бе, кіммен табақтас боп жүргеніңді! — деді қолбасы тағы да Рысбекке қарап. — Ол, әрине, ағасы үшін кек алды. Алғанда, қарымтасын келістіріп қайтарды! Ал сенің жүрісің мынау... Жарайды, қазір саған ештеңе демей-ақ қояйын. Бірақ ертең осы қылығың үшін Төле бидің алдында жауап бересің! — деп ескертті де, осымен сөз бітті дегендей, назарын қарсы жаққа қарай бұрып әкетті.

Қалмақ қолымен ара қашықтық ұзаса екі шақырымдай ғана болар. Кенет қарсы жақтағы қалың нөпірден үш салт-атты бөлінді де, бері қарай тура салды.

— Қалмақтар елші жіберген болды ғой. Қолдарында ақ жалауы бар, — деді өткір көзі қиырдағыны шалатын Малайсары.

Бұл — Сайын-Бөлектің шын ниеті ме, әлде алдаусыратып, уақыт ұтқысы келген қулығы ма? — деді Қабанбай да қарсы жақтан көз алмаған күйі.

Бұл мезгілде жаңағы елшілер тобы төбенің баурайына таяп қалған-ды. Бұлар да тегіс атқа мініп, алдарынан көрініс берді. Үш елші есік пен төрдей жерге келіп тізгін тартты. Егделеу екі қалмақтың ортасында ер-тұрман, сауыт-сайманы ерекше сәнді, батыр тұлғалы жас жігіт тұр. Сірә, топ бастығы сол болуға керек:

— Бас қолбасы Қабанбай батыр бар ғой араларыңызда? Мені Қабанбайға ойрат әскерінің қолбасшысы Сайын-Бөлек ноян жіберді, — деді әлгі жігіт сөз бастап.

— Іздеген адамың осында. Өзін кім боласың? — деді Қабанбай атын тебіне, алға таман жылжып.

— Қабанбай батыр сіз екенсіз ғой! Бәсе, өзім де солай мөлшерлеп едім...

Мен кезінде қазақ жерін өзіңізбен қатар талай шаңдатқан, атақты Сары Манжы ноянның ұлы Намеху-Жырғал боламын! — деді жігіт маңызданып. — Ал менің оң жағымда тұрған — Ойрат ордасының құрметті адамы Баяншах лама, — деп сауыт-саймансыз, төбесіне шоңқима қалпақ қондырып, үстіне жырық етек, қаусырмалы қызыл шапан киген, егде қалмақты меңзеді.

Елшінің әдеті ғой — қашан қара тұяқтан хал кеткенше, сыр бергісі келмей сырдаңсып тұратын. Мыналардың пошымынан да соны аңғарған Қабанбай езу тартып күлді.

— Солай де... Сары Манжының баласымын де. Аанада Сайрам түбінде алды-артыңа қарамай қашқаныңды көріп, сені басқа біреу ме деп қалып едім...

Жас ноянның намысқойлығы бір басына жететін болса керек, құлағына дейін қызарып кетті.

— Біз онда жер қайысқан көп қолмен ойда-жоқта ұшырасып қалдық қой. Күшіміз тең болмаған соң шегініп кеткеніміз рас...

— Жарайды, ол өткен іс қой. Келген бұйымтайыңды айт! — деді Қабанбай түсін суытып.

— Ұлы мәртебелі, сайыпқыран Сайын-Бөлек ноян Сізге сәлем айтты. Біздің ұлы қонтайжы мен Абылай ханның арасында бір-бірімізбен соғыспаймыз деген бейбіт бітім бар. Сондықтан Орта жүз әскері біздің жолымызды бөгемей, елімізге қоя берсін дейді... Ал Ұлы жүз — біздің боданымыз. Төле бидің және басқа да рубасыларының қонтайжыға қарсы қол көтермеймін деп, аманатқа жіберген балалары әлі біздің қолымызда. Олар да сол сөзінде тұрып, бұл бүлікке қатыспасын дейді... Қазақ-қалмақ киіз туырлықты, ағайындас ел едік. Екі жақ қан төгіске бармай, тыныштықпен тарасайық деген тілек айтады.

— Ал бұл тілектеріңді қабылдасамыз не болады? — деді Қабанбай елшілердің жүзіне барлай қарап.

— Онда, амал жоқ, соғысуға тура келеді. Бірақ көп қан төгіледі ғой.

— Қызық екен... Жоңғар нояндары қашаннан бері қаннан қорқатын болып еді?! — Қабанбай еріксіз езу тартты. — Қан төкпеудің бір ғана жолы бар: ойрат қолы түгелімен қаруын тастап, тұтқынға берілсін. Ат-көлік, қару-жарақтарыңды сыпырып аламыз да, өздеріңді аман-есен шекарадан өткізіп береміз.

— Бұл шартыңыз — келісімге келмейтін кісінің сөзі. Есіңізде болсын, ойрат әулеті өлсе де бес қаруын бойынан тастамайды!

— Ол жағын өздерің білесіңдер, — деді Қабанбай. — Бірақ қолбасыларына айта бар: Абылай мен Халдан Церен арасындағы бітім мерзімі біткелі қашан! Сендер, сірә, жорықта жүріп естімегенсіңдер ғой: Қазақ хандығы биыл ойрат ордасына қарсы соғыс жариялап, ұлы аттанысқа шыққан. Біз өз жерімізді жаудан тазартуымыз керек. Ұлы жүздің бодандығы да осымен аяқталды. Бұдан кейін жоңғар атының тұяғы қазақ жерін баспайтын болады. Түсініп тұрсың ба? Түсінсең, осы сөзімді Сайын-Бөлек ноянға жеткізерсің!

Осы тұста сөзге манадан бері үнсіз тұрған Баяншах лама араласты.

— Естіп жатырмыз, күштерің бізді екі орайтын көрінеді, — деді ол қылтанақ өспеген жып-жылтыр иегін сипап қойып. — Бірақ екі жақтан да көп қан төгіледі ғой... Соғысқан соң, әрине, біз де аянып қалмаймыз. Тіпті әр үш қалмақ бір қазақты ала жығылғанда да, сіздерден де біраз шығын болады. Бізді аямасандар да, өз бауырларыңа жандарың ашитын шығар?... Бір сөзбен айтқанда, мыңдаған адамның қаны сенің мойныңда тұр, Қабанбай батыр. Кейін құдай алдына барғанда, не деп жауап бересің?

«Мынаны қарай гөр! Қалай-қалай орағытады мына қалмақтарың?!» Қабанбай бір сәт көз алдына мұрты бүлінбей, еліне аман кетіп бара жатқан жоңғар қолын ойша елестетіп көрген. Тіпті ақылға симайды екен. Арттағы қалың ел, қарулы сарбаз не айтады? Бүкіл дүние артын ашып күлмей ме?!

— Жоқ! Біз жерімізге басып кірген жауды жазасыз жібере алмаймыз! — деді шорт кесіп. — Бізді қазақ хандығы бітім жасап келуге емес, ата жаумен аянбай айқасуға жіберген. Көп күшпен азға зорлық жасауды бастаған біз емес, Жоңғар нояндары болатын. Бүгінгі қолбасыларың Сайын-Бөлек те, өз әкең Сары Манжы да бейбіт жатқан қазақ ауылдарын қанға бөктіріп, талай рет шырылдатқан. Қайтейік, ұзаса соның бір қарымтасы шығар, — деп аз-кем бөгелді де. — Біз өз жеріміз үшін, әділет үшін соғысып жүрміз. Хақ жолында қанша құрбандық берсек те, Алла-тағала бізді кешіреді, — деді Баяншах ламаның жүзіне тура қарап тұрып.

— Бұл — ақырғы сөзіңіз ғой, Қабанбай батыр?

— Иә, не қару тастап бағыну, не соғыс — екінің бірі! Биенің бір сауымындай уақыт берем. Оған дейін жауап болмаса, қазақ әскері жаппай шабуылға аттанады.

Үш қалмақ бір-біріне мәністі көз тастап, атының басын бұра берген. Кенет:

— Токтандар! — деді Қабанбай қайта дауыстап. — Сайын-Бөлек ноянға сәлем айтыңдар: қапыда қолға түсіп, көр болам деп қауіптенбесін. Қанша дегенмен, бір елдің бетке ұстар қолбасшысы ғой. Мен оны жекпе-жекке шақырам.

Демек қан майданда, адал шайқаста ерлерше өлуге мүмкіндігі бар.

Қалмақ елшілері келген ізімен кері қайтты. Бұл кезде Қабанбай төңірегіне Ханбаба, Малайсары, Наурызбай бастатқан қолбасы батырлар тегіс жиналып қалған-ды. Қалмақ қолының қай жолды таңдайтыны туралы әркім өз болжамын айтып жатыр.

— Құдайдың мұнысына да шүкір! Жолбарыстай жортқан жоңғар нояндары күндердің күнінде бүйтіп жансауға сұрайды деп кім ойлаған?! — деді Шапырашты Наурызбай көп жылдардан кейін қолға қонған үстемдікке шын масаттанып.

— Әй, бірақ соғыспен көзі шыққан, сырқынды Сайын-Бөлек екені рас болса, оңайшылықпен беріле қоймас, — деп Малайсары басын шайқады. — Әккі неме түлкі қулығын түпке сақтап отыр ма деп қорқам.

— «Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді» деп, әлгі сатқынның қырсығы ғой. Әйтпесе дәл осы мезгілде майдан қызып жататын еді, — деп мінезі ауыр, көп сөзге үйірлігі жоқ Ханбаба сұлтан да ширығып тұр.

Күн арқан бойы көтеріліп қалған. Дүниеде бірдеңені сарылып күткеннен жаман не бар. Одан гөрі қан майданға қойып кетіп, қолма-қол айқасқанның өзі артық. Қалмақ елшілерінің өз тобына барып қосылғанына да біраз уақыт болды. Әлі тырс еткен дыбыс жоқ. Жұрт шыдамы шынғырта бұраған домбыра ішегіндей шегіне жетіп тұр... Кенет Қабанбайдың көкірек түкпірінен бір түйсік бас көтергендей болды: «Сайын-Бөлекке сенбе. Ол ешқашан берілмейді».

— Жігіттер, өз түмендеріңе барып, сақадай сай тұрыңдар! Енді бір сүт пісірімдей мерзімде жауап болмаса, ұрысты бастаймыз! — деді нық сеніммен. — Малайсары маңайдан соққанда, Ханбаба мен Наурызбай қос бүйірден қысып, қоршап алыңдар!

Қолбасының жарлығын естісімен, батырлар өз жасағына тез тарап кеткен. Көп ұзамай әр тұстан дабыл қағылып, керней тартылды. Бірақ жау әскерінің бергі қатары қара нор болып, әлі сетінемей тұр... Дәл осы мезгілде оң қанаттағы Ханбаба жасағынан атын танауратып шабарман жетті. Өр жақтағы шеткі қарауылдар байқап қалыпты: Ойрат қолының артқы легі қырканың астындағы ұры сайды өрлеп, терістікке қарай қозғалып кеткен көрінеді. Қашан ұзап алғанша секем алдырмай, шаң да шығармай, баяу жылжып бара жатқан түрі бар.

— Әй, бәсе, айтпадым ба?! Бұл Сайын-Бөлектен бәрін де күтуге болады. Әскердің бір бөлігін тосқауылда қалдырып, өзі таса жермен тайып отырған-ау зәлім неме! — деді Малайсары санын соғып.

— Солай болды. Тез шабуылға белгі бер! — деді Қабанбай түтігіп. Сонан соң жаңағы шабарманға бұрылды. — Сен жылдам барып Ханбаба

сұлтанға хабарла: он, қанат ұрымтал ғой, қашқан қалмақтың алдын орауға күш салсын! Ал қоршаудан құтылып кеткендері болса, Еспембеттің ертауыл тобы жаудың өкше ізіне түссін!

Малайсары қолындағы жасыл туды оңды-солды бұлғап, шабуылға белгі берген. Сол-ақ мұң екен, тұс-тұстан «аттандаған» күдіретті үн көтерілді де, тасада тұрған қалың қол ұрыс даласына қарай тасқын судай ағытылды. Адыр-қырқада ине шанышар бос орын қалмай, қаптаған қалың атты әскер емес, қара жердің өзі қозғалып бара жатқандай көрінген. Төңірекке түгел жан бітіп, салт атты адамдар даланың бұлшық етіндей бұлтылдап, ойнап бара жатты. Қабанбай өз өмірінде небір қаптама соғысты өткере жүріп, қазақ қолының дәл мынадай ұжымдасқан, үрдіс шабуылын кезіктірген емес-ті. Ол төбе басында осынау ұлы көрініске масаттанғандай бір сәт қарап тұрды да, өзін қорғаушы ұландар жүздігімен бірге, бүгін ұрыс қатты қызады-ау деген оң қанатқа қарай жүріп кетті.

Бұлар сол бетінде майдан даласына тақау барып, тағы бір қырқаның басына көтерілді. Айнала төңіректі мұнар басып кетіпті. Шудаланған қою шаңның арасынан а дегенде байқағаны, түгел болмағанмен, жау әскерінің негізгі бөлігі қоршауда қалған секілді. Қырғын шайқас екі жерде жүріп жатыр. Бірі — алғашқы жол бойында тосқауылда қалған әскер төңірегінде, екіншісі — одан екі-үш шақырымдай жоғары, екі қырқаның арасындағы жазық алаңда. Сірә, Ханбабаның жасағы терістікке қарай шұбырған қалмақ қолының алдын орай алмаса да, бел ортасынан қиып түскен тәрізді. Ал ертерек қамтып, алдымен қозғалған нояндар тобы ұзап кетсе керек, қуғыншылардан әзірше хабар жоқ.

Әйткенмен, Қабанбай айналасына кәнігі көзбен қарап жіберіп, бүгінгі ұрыстың тағдыры шешіліп қалғанын аңдады. Биікте тұрған қолбасыға, әсіресе, мына екінші лектің шайқасы ап-анық көрініп тұр. Қара құрым қазақ қолы кең шеңбер жасап, жау әскерін қоршап алыпты да, темір құрсау бірте-бірте тарылып, сақинадай сығып барады. Егер қалмақ жағы ақ жалау көтеріп, өздіктерінен берілмесе, мына қақпаннан тірі пенде құтылатын түрі жоқ. Бірде ортаға қарай топтап тартылған жебелер зуылдаса, енді бірде қайқы қылыш пен қара тамақ көк сүңгі кезек алады. Шыңғыра секірген аттар мен өкіре құлаған адам үні келеді құлаққа.

Кенет қолбасының санасында манағы Баяншах ламаның күстана сөзі қайта жаңғырғандай болды: «босқа қан төгіледі ғой. Осынша адамның обалы сенің мойнында, Қабанбай батыр. Кейін құдай алдына барғанда, не деп жауап бересің?..» Қан төгілсе бұл қайтпек?! Мына қалмақтарды осы өлкеге біреу шақырып келіп пе? Обалы болса, ойрат әулетін соғысқа айдап салған қонтайжыға, қала берді — осынша адамды оққа байлап кеткен Сайын-Бөлек ноянға болсын! Бейбіт жатқан елге шаңды жорық жасап, қан төгуді бастаған — солар ғой... Соғыс — аққан сел, жанған өрт секілді, ол да бір апат. Өрт апаты бір басталған екен, қашан қарқыны қайтып, төңірегін жалмап біткенше, оны ешкім де тоқтата алмайды.

Кешікпей керуен жолы үстіндегі төменгі ұрыстың тыным тапқаны мәлім болды. Сол қанаттағы Наурызбай жасағы мен маңдайдағы Малайсары түменінің бір бөлігі солай қарай ойысқан сияқты еді. Екеуі екі жақтап, биенің бір сауымына жеткізбей, ұйпап жібергені байқалады. Ол жақтағы ұрыстан босаған жасақтың алды енді терістікке қарай төңкерілді.

Осы сәтте ту түбінде тұрған Қабанбайдың қасына, астындағы қаракөк арғымақтың ақ көбігін шығарып, Ханбаба сұлтан келді. Ұрыстың қызу ортасынан шыққан беті болса керек, өңі өрт өшіргендей түтігіп кетіпті. Қолындағы жалаң қылышының жүзінен қан тамып тұр. «Не істейміз? Ақырына дейін қыра береміз бе?» деген сұрау бар бет әлпетінде.

— Ұрысты тоқтатып, тірі қалғандарын тұтқынға алыңдар! — деді қолбасы оның ойын айтқызбай ұғынып.

Ханбаба ұрыс алаңына шабарман шаптырды да, өзі қолбасыға бүгінгі шайқастың барысын баяндады. Айтысына қарағанда, алғаш ат басын қоя беріп шабуылға өткен кезде-ақ, Ханбаба өз түменімен қашқан қалмақтың алдын орауға тырысыпты. Бірақ екі орта бірталай жер, бұлар көлденеңнен қиып алғанша, жау әскерінің алдыңғы легі едәуір ұзап кетіпті. Содан батыр Баянның мыңдығы мен Еспембеттің ертауыл жасағын қашқан жаудың соңынан жіберіп, өзі негізгі қолмен ойраттардың орта бөлігін қоршап қалған көрінеді.

— Сайын-Бөлек ноян қайда? Қоршауды жарып өткен жаудың мөлшерін біле алдыңдар ма? — деді қолбасы тағатсызданып.

— Құтылып кеткені екі-үш мыңнан аса қоймас. Сайын-Бөлек пен Намеху-Жырғал, сөз жоқ, сол топтың ішінде кетті.

— Қара жүрек иттер-ай! Қалған әскерін күл болмасаң бұл бол деп, құрбандыққа шалып кеткені ме сонда?

— Солай болғаны да. Діні қатты ғой бұлардың... Обал-сауаппен санасып жатпайды. Аламан әскері де өз нояндары үшін басын беруге әзір.

Қабанбай ойына әлдене түскендей басын шайқап күлді.

— Ойрат әулетінің осы қаталдығы ғой, бүгінге дейін бет қаратпай келген. Өзін аямаған өзгені қалай оңдырады?! Ал бізде басқаша... Қазақ қолбасшысы әлдебір рудың мың жігітін жау қолына жеке тастап кетсе, өмір бойы арылмас өкпеге қалар еді.

— Жай өкпелеп қана қойса жақсы ғой. Сол күні-ақ ат кекілін кесісіп, бөліне көшпей ме біздің қазақ?! — деді басынан дулығасын шешіп, маңдайының терін сүртіп тұрған Ханбаба.

Көп кешікпей төменде жүріп жатқан шайқас та тоқтады. Қоршаудағы

ойрат әскерінің қалдығы бұдан ары қарсыласудың пайдасыз екенін сезген болар, ақ жалау көтеріп, бағынғанын білдірді... Ұрыс аяқталысымен сардардың маңына қолбасы батырлар жинала бастаған. Үсті-бастарын шаңтозаң басып, аттары болдырып, қанды қырғыннан жаңа шығып тұрса да, көңілдері көтеріңкі, рухтары үстем. Бәрінің өңінде жеңіс нұры шалқиды. Қашанда сұрапыл соғыстан кейін адамда осындай бір сәт болады. Өзіңнің аман қалғанына бір қуансаң, жеңіске жеткен ел мерейі қолтығыңнан демеп, бейнебір көк жүзінде қалықтағандай күй кешесің. Өз басынан сан рет өткерген сол сезімді бүгін батыр інілерінің жүзінен қапысыз таныған Қабанбай әдейі атынан түсіп, қасына келген Малайсары мен Наурызбайды, Ханбаба сұлтанды айқара құшақтап, арқаларынан қақты:

— Бәрекелді, жігіттер! Әмісе осылай абыройларың асып, аруақ-құдай жар болсын! Сендерге хан атынан, халық атынан мың да бір алғыс! — деді тебірене тіл қатып.

Тұс ауа өлі мен тірінің ұзын есебі де мәлім боп қалған. Жоңғардың екі нояны, шынында да, өздерін қорғау үшін, ең таңдаулы деген үш мыңдай қолды ертіп кетіпті. Әдейі тосқауылда қалдырғаны бар, қоршауды бұзып өтуге үлгірмей қалғаны бар, жалпы ұрысқа қатысқаны он мыңдай адам көрінеді. Соның жарымынан астамы жер жастанып, одан қалғаны түгелімен қолға түскен... Әрине, қазақ жағынан да шығын бар. Қалмақпен салыстырғанда, көп емес төрт жүздей адам. Иә, салыстырғанда ғана солай. Әйтпесе, бұл да аз шығын емес-ті. Төрт жүз шаңыраққа түскен қайғы-қасіретті, жылау-жөктаудың салмағын немен өлшеуге болады?

Қашқан жаудың өкше ізіне түскен Еспембет пен бағыр Баянның жасағы да кешке таман қайтып оралды. Қаша ұрыс салған Сайын-Бөлек жолдағы қырқа кезеңге тосқауыл қойып, қуғыншыларды шеніне жақындатпапты. Әккі ноян ез төңірегіне кілең аттары жарамды, қару-жарағы сай жанкештілерді әдейі іріктеп, күні бұрын дайындалса керек. Оның үстіне бір талайында жырақтан тиетін от қару бар екен, солар алыстан атқылап, бірнеше сарбазды жарадар еткен. Әрине, қазақ жігіттері де біраз қалмақты жебеге түйреген. Содан бұлар жауды Шыршыққа дейін қуып барыпты да, амалсыз тізгін тартыпты. Одан ары өгдеп қуа беруге арғы жақтағы қырғыз манаптарының іш пиғылына сенбеген.

— Жарайсыңдар, жігіттер! Дегенмен, Сайын-Бөлекті бұл жаққа енді баспастай етіп, сүрі боғын бір түсірген екенсіңдер! — деді осы жеңісті қанағат тұтқан Қабанбай. — Бір жолға бара тұрсын. Құда қаласа, біз онымен әлі талай кездесеміз!

Осы арада әскер қосыны бір жұмадай ат шалдырып, аял жасады. Абылай мен Әбілмәмбет хандарға жеңіс хабарын жеткізуге қос-қос атпен жаушылар аттанды. Ұрыста ерлікпен жан қиған қарулас серіктерін ақ арулап жерледі. Тұтқынға түскен қалмақтардың ат-көлік, қару-жарағын сыпырып алып, Ташкентке айдатып жіберген. Қашан ойрат ордасынан жоқшы келгенше, сонда қамауда ұстамақ. Ал өліктерін, сол тұтқындарға

бірнеше жерден ор қаздырып, өздеріне көмдірді... Өлілер мен тірілердің арасынан сарбаздардың шарқ ұрып іздегені — сатқын Мәметқұл болатын. Бірақ оны еш жерден таппады. Опасыз неме ертерек бас сауғалап, жаңа қожаларымен бірге кетсе керек.

Ойрат әскері неше айдан бері Ташкент пен Сайрам төңірегіндегі қалалар мен ауылдардан тонап алған мал-мүлікті жүздеген түйеге артып бара жатыр екен. Тірі мал да, көш-керуен де түгелімен қолға түсті. Кейбір іздеп келгендері өз дүниесін танып алды да, қалған мүлік-мүкәмал сарбаздардың олжасына айналды.

Өмір мен өлім белдескен майдан шебінде уақыттың қалай өткені білінбейді. Бұлар жан алып, жан беріп, ата жаумен алысып жүргенде қыркүйек өтіп, қазан туды. Бірақ оңтүстіктің қоңыр күзі әлі жазға бергісіз, тамылжып тұр. Ташкент түбіндегі шешуші жеңістен кейін Қабанбай Арқадан келген әскердің негізгі құрамын Арыс бойына ат шалдыруға жіберді де, өзі қорғаушы ұландар жүздігі мен Еспембеттің ертауыл жасағын алып, қала маңында аялдап қалды.

Жауды жеңіп, бетін қайтарып қана қою аз, енді сол жеңісті осындағы жұрттың зердесіне орнықтыру қажет. Бұл жолғы жорық бұрын да талай қайталанған көп бұлғақтың бірі емес, азаттық жолындағы ақтық айқас екенін, бодандық та, босқындық та осымен біткенін бұқара халық толық сезінуі керек. Ол үшін жеңімпаз әскердің де, қолбасының да бірден аттанып кетпей, осы маңайда біраз күн байырқалап тұрғаны жөн. Бұл, басқа емес, осының бәрін ой елегінен өткізген ұлыс бегі Төле бидің тілегі еді.

Ташкент түбіндегі ұрыс аяқталған соң, арада үш-төрт күн өткенде, Төле би тау бөктеріндегі көк жасаңға көп үй тіктіріп, ұлан асыр той жасады. Сол ғой кезінде өз шатырына көк қасқа сойдырып, Қабанбайды әр рудың бас батырларымен бірге арнайы қонақ еткен. Шат-шадыман, қуаныш-күлкіге толы сол отырыста ұлы би Арқадан келген батыр інілеріне арнап, бір басалқы тілек айтты:

— Рақмет, бауырларым! Әмісе абыройларын асып, мерейлерін үстем бола берсін! Көзімнің тірісінде ата жұртымның азат болғанын, сірә, көре алмай кетермін деп жүруші едім. Аллаға шүкір, сол арманыма қолымды жеткіздіңдер. Басымыз бірігіп, тіземіз қосылмай жүр екен ғой. Басымыз біріксе — жеңілмес жау, алынбас қамал жоқ екен. Байқадыңдар ма, бір-ақ күнде қамкөңіл халқымыз дүр сілкініп, ұлымыз ұланға, қызымыз қыранға айналған жоқ па?! — деп аз тыныстап алды да, сөзін қайта жалғады. — Алайда отыз жыл бойы ойраттың тепкісін көрген оңтүстік өлкесі — Арқаның азат сахарасы емес, соны да бір еске алып қойыңдар. Арқаның халқы бірыңғай, арман-тілегі ортақ, әлі басына нөқта кимеген асау ел ғой. Ал мұнда шұбар аттың жүніндей онан-мұнан құралған жұртымыз бар. Бастарына түскен құлдықтың тақия таңбасы бір күнде кете қоя ма. Ұзақ жыл мойынға мініп келген ойраттың ойраны өз алдына, күн шығыста қоқан

қағып Қоқаның, күн батыста бурадай шабынып Бұхарың тұр. Іргеміздегі қандас бауыр саналатын қырғыз манаптары да бір күн бие, бір күн түйе... Сол айнала жанған алау оттың ортасында, қайтсек азулының аузында, тырнақтының шенгелінде кетпейміз деп, пәруана боп біз жүрміз... Мен де бір араларында жүрген аз күндік қонақпын. Тілегім — құдай енді осы берекеден айырмасын! «Баяғыда жауынды бір жеңіп бергенбіз» деп, Арқада алаңсыз жатып алмай, бұдан кейін де оңтүстікке қол ұшын беріп, көз-құлақ бола жүріңдер! — деп ақ селеу қастың астынан Қабанбайға қулана қарап алды да, сөз аяғын әзілге бұрды. — «Алпамыс» жыры есінде ме, Дарабоз? Алпамыс батыр зынданнан босап шығып, Тайшық ханның әскерін талқандап, одан Қаракөз ханшаға үйленіп, хан тағына Кейқуатты отырғызған соң, ата жұрты Жиделібай-сынға қайтпайтын ба еді. Сонда Кейқуат байғұс зар еңіреп: «ойбай-ау, сен кеткен соң менің күнім не болады? Мыналар мені жеп қояды ғой» деп жылайтыны бар емес пе?! Сонда Алпамыс оған мынадай ақыл үйретеді: «Мен өз еркіммен кетпейін. Сен маған жұрт көзінше: «қаңғырған неме, көзіме көрінбей жоғал!» деп ақыратын бол. Мен қорқып, тұра қашқан болайын. Сөйтсең, ой, мына Кейқуат ер екен ғой деп, жұрттың бәрі сенен айбынатын болады» депті... Сол айтқандай, Дарабоз, сен бірден қозғалып кетпей, мына тоқсандағы Төлені Ташкент шаһарына өз қолынмен орнықтырып, бұқара халықпен дидактасып дегендей, асықпай аттанарсың! — деген шын қолқа салып.

«Қайран, Төке-ай, әр сөзінің астарында мың-сан мағына жатады-ау!» деп тебіренді Қабанбай ішінен. Өзінің Алпамыс емесін, Төле бидің Кейқуат емесін біледі. Бірақ ұлы би қазіргі жағдайды қалай ишаралап дәл жеткізді десейші! Оның көз алдында Төленің тұлғасы бұрынғыдан да биіктеп бара жатты. Өзі айтқандай, осыншама өрттің ортасында алған бағыттан жаңылмай, тізгінін ді тең ұстап отыру оңай дейсің бе? Төленің кіші ұлы Жолан бірталайдан бері ойрат ордасында аманатта жүр. Мына соғыстан кейін оның күні не болмақ? Бірақ әнегүннен бері би сол баласын ауызға да алған жоқ. Неткен қайсарлық?! Мына кісінің қасында Арқадағы Орта жүз билерінің дауға түсіп, тау қопардық дегені жай тіл безеген еркелік екен ғой. Өзі біреуге кіріптар бола отырып, Ташкент сияқты қалаға билік жүргізу еркімнің қолынан келер іс емес.

Бәрі де сол ұлы бидің айтқанындай болды. Әскер қосыны Арысқа таман қозғалып кетісімен, мұнда қалған мыңдықтар Төле биді ортаға алып, Ташкентке қарай бет түзеді. Бұл қала соңғы бірнеше ғасырда қазақ хандығына қарағанымен, тұрғындары тым ала-құла болатын. Халқының дені қазақ, әрине. Бірақ одан басқасы да жетеді. Кім жоқ дейсің бұл шаһарда?! Қоқанның қожасы, Самарханның сарты, Бұхардың өзбегі дейсің бе, қайшыалысып қаптап жүр. Ал Ташкенттің айнала-төңірегі тұнып тұрған қазақ деуге болады. Бұл өлке — ежелден бері-ақ Қатаған, Қанды, Шанышқылылардың мекені. «Ақтабан шұбырынды» кезінде Алатау алқабы мен Шу, Талас, бойынан ығысқан Ұлы жүздің өзге рулары да осы төңірекке келіп орын тепті. Қазір бұлардың ішінде бұрынғы ру жігін сақтап жеке-жеке отырғаны да, басқа рулармен мидай араласып, «Құрама» деп аталатын

топқа қосылып кеткені де бар.

Төле би мен Қабанбай бастаған қазақ әскерін Ташкент жұртшылығы зор салтанатпен қарсы алды. Қала қақпасынан кіре берген сәтте-ақ ақсақалдар дәм-тұздарын көтеріп алдарынан шықты. Қала халқы тайлы-таяғы қалмай көшеде жүр. Домбырамен жыр төккен қазақ, керней-зұрнайларын озаңдата тартқан өзбек, құйындай ұйтқып, шыр көбелек билеген тәжік — бүкіл шаһарды бастарына көтерді.

Ал көп жылдар Ташкенттің тізгінін ұстаған Төле би, жағдайға қарай, бұл қаладан талай рет шегініп, талай рет қайтып оралған-ды. Бәлкім, бұл жолғысы мәңгілік, ең ақырғы оралуы шығар... Қашанда ұлылар бірін-бірі алыстан таныған ғой. Ойраттың ұлы қонтайжысы Халдан Церен өле-өлгенше Төле бимен сыйласып етті. Ол Ұлы жүз жерін басып алған соң, бұл елді Төле бисіз ұстап тұра алмайтынын жақсы білді. Жалпы бодан елдің тізгінін Жолбарыс ханға ұстатты да, 1733-жылы Төле биді Ташкентке әмірші етіп қойды. Ол осы қызметте Халдан Церен өлгенше, он екі жыл бойы тапжылмай отырды. Өз еліне қорған болуды ойлаған ұлыс бегінің бұлай мәмілеге бармасқа амалы да жоқ еді. Балаларын кезек-кезек ойрат ордасына аманатқа беріп, әр жылы елден жиналатын алым-салығын уағында еткізіп, екі жақты да қан төгіске жібермей, халықты ғадылдікпен басқарып отырды. Тек Халдан Церен өлген соң тепе-тендік бұзылып, таразы басына өзгерістер ене бастаған. Таққа отырған жаңа мұрагерлердің әрқайсысы Ташкентке өз әміршілерін жіберіп, Төлені биліктен тайдыруға тырысты. Ол енді қосалқы ғана міндет атқарды. Сөйтіп жүргенде, осында уланып өлген Сары Манжы ноянның жаласын Төле биге жауып, соның кесірінен бір жылдай Қоқанда бас сауғалай тұруға мәжбүр болды. Тек келесі жылы қала жұртшылығының қолдауымен ғана өз орнына қайтып оралған. Ал Жоңғариядан жіберілген әміршілердің халықты қан қақсатып бұлап-талаудан езге білетіндері жоқ еді. Осы қиянатқа шыдамаған қала тұрғындары мен айналадағы «құрамалар» еткен жылы ойрат үстемдігіне қарсы көтерілгенде, ұлыс бегі сол күрестің басы-қасында жүрді. Бірақ, амал не, Қоқан әмірі Баба-бек пен Ташкент билікшісі Парвабек Жоңғариядан әскер бастап келіп, бұлғаққа қатысқандар аяусыз жанышталды. Міне, осы кезде Ұлы жүз жасағымен бірге Төле бидің де Ташкенттен шегінбеске амалы қалмаған.

Енді, міне, ұлыс бегі құзырындағы қалаға езі ғана оралып қоймай, азаттық әкеле жатыр. Халық өз көсемдерін сағынып қалған екен. Ат үстінде келе жатқан Төленің үзеңгісіне жармасып, етегінен сүйіп, жүргізер емес. Көшенің әр тұсынан:

— Жаса, Төле би!

— Айналайын, әулием-ай! Құтты орныңа қайта оралып келдің-ау ақыры!

— Жаса, Қабанбай баһадүр!

— Бас баһадүр Қабанбай ақам келмесе, атаңа нәлет қалмақтар бізге есептендік берер ме еді?! — дескен дауыстар естіледі.

Жеңіс хабарын бұл маңайдағы жұрт түгел естіп, құлақтанып отыр екен. Естіп қана қоймаған, көздерімен көрген. Әсіресе, осыдан үш-төрт күн бұрын атты жасауылдардың неше мың тұтқын қалмақты кешенің ортасымен айдап өтуі қала тұрғындарына қатты әсер етсе керек. Ташкентте бірнеше күн бойы қуаныш тасқыны басылмай, жұрт масайрап, той жасаумен болды.

Қаладағы алғашқы қарқын басылып, той-томалақ өткен соң, Төле би мен Қабанбайды Ташкентке таяу отырған Бердіқожа, Ханкелді батырлар қонаққа шақырды. Бұл топта әнегүннен бері бақауыл әскердің құрамында жүрген Қабанбайдың бала-шағасы — Майсара, Әлі, Назымдар да бар еді. Шанышқылы мен Албан ауылдары жаугершілікте дәулеттері шағындалып, жүденкіреп қалғанымен сыр бермей, ақ үйлерін тігіп, дүрілдетіп той өткізді. Әсіресе, Ханкелді батырдың бір шашылатын жөні келіпті. Немересі Райымбек осы жорықта ел аузына ілініп, Ташкент түбіндегі шайқаста жақсы қырынан танылған екен. Атасы соны зор қуаныш етіп, үлкендердің батасын алды.

Осыдан кейін Төле би Ташкентке қайтып кетті де, Қабанбай қасына Бердіқожаны ертіп, «Құрама» аталатын елді тағы екі-үш күн аралады. Бұрын сырттай естігені болмаса бұл жұртпен жақын танысқаны осы жолы ғана. Айтса айтқандай, «Құрама» десе — құрама екен. Бұларға қазақ руларының араласпағаны, әй, жоқ-ақ шығар. Көпшілігі — «Ақтабан шұбырынды» кезінде Жетісудан, Қаратаудың күңгейі мен Талас, Шу бойынан ауғандар. Бұлардың негізгі бөлігі Сырдың жоғарғы ағысына, Ташкент, Сайрам төңірегіне табан тіресе, алды тіпті одан да ары етіп, Ферғана, Марғұлан асып кеткендер де бар көрінеді. Руын сұрасаң, шетінен Қатаған, Қанды, Дулат, Қоңырат, Найман болып шығады. Бірақ тұтас отырған ешкім жоқ, бәрі мидай былығып, араласып кеткен.

Құрамалар көшпенділіктен қол үзіп, отырықшылыққа бейімделе бастапты. Ақ үйлі... Ақ үйлі емес-ау, жай киіз үйлі ауылдардың өзі сирек ұшырасады. Ығы-жығы, қотандай салынған там үйлер, жәпірейген жер кепелер... Бұл байғұстардың жауға қарсы ошаң етіп шыға алмай, не бір жаққа ауып кеше алмай, жер тағандап қалған себебі осы екен. Бір тәуірі: түстіктегі кентті халықтарға еліктеп, егіншілікпен айналыса бастапты. Сауда-саттыққа да бейім көрінеді. Тұрмыс-салт, киім үлгісі, сөз саптауында да өзбек мәнері байқалады. «Мыналар осы қалпымен жүре берсе, түбі жат болып кетпесе не қылсын?!» деп ойлады Қабанбай қапаланып.

«Найманбыз» дегендердің жөн-жосығын сұрап көріп еді, көпшілігі бұрын Қаратауды жайлаған Садырлар екен. Ішінара Қаракерей, Бағаналы, Матайлар да ұшырасады. Бәрі де — «Ақтабанның» алды-артында келгендер.

— Елге қайтындар, осы жолы көшіріп әкетейін. Жаудың беті қайтты ғой, жайлы қоныс ол жақтан да табылады, — деп сыр тартып көрген.

Үлкендер ежелгі ата жұртын сағынып, елге қайтқысы келгенімен, жастар жағы өздері туып-өскен үйреншікті жерін қимайтын көрінеді. Бір бәтуаға табан тіремеген, итіс-тартыс дүние. Көші-қонды кейінге қалдыра береді.

— Алдымен жер жәннаты Жетісу, Барқытбел мен Алтай жау қолынан босасын. Сонан соң асықпай көшерміз, — дегенді айтады.

Жерді де, қонысты да біреулер азат қып, дайындап қоюы керек. Ал «Туған жерді жаудан азат етем, сол үшін қасық қаным қалғанша шайқасамын!» — деген сөздер ауыздарынан шығар емес... Мінездерінен үйірінен адасқан тағылық, әлдебір жатырқау, саяқтық байқалады. Қасқыр тартқан қойлардың бірнеше күнге дейін жайылмай мәңгіріп қалатыны болушы еді, бұл да соған ұқсас бірдене... Ең бастысы, бұларда ру жоқ. Ру болмаған соң, елді аузына қаратар ақсақал, не би жоқ. Арқа қоздырар ортақ ұран жоқ. Ұран болмаған соң, айғай салып атқа қонар батыр да шыға қоймайды. Күнкөріс қамы демесең, ел намысын ойлар пенде азайған секілді. Бұлар, сірә, қазақ болудан кеткен. Ал басқа халыққа айналып үлгірмеген. Әлгі ортадағы, не ол емес, не бұл емес, шөре-шөре жұрт дегеніміз осы болар, шамасы?!

«Осыларды аздырмай-тоздырмай қатарта қосам деп алысып жүрген қайран Төле би қажымағанда қайтеді?! — деп ойлады Қабанбай. — Не істеу керек? Қолынан келгені — жат жұрттың тепкісінен құтқарды. Ендігі жерде ағайын қайда жүрсе де аман болсын дегеннен басқа не бар?!»

Қабанбай Ташкентке қайтып оралғанда қазан айы да орталанып қалғанды. Қалаға Абылай ханнан жаушы келіп жатыр екен. Түстіктегі жеңіс хабарын естіп, Арқадағы ел зор қуаныш үстінде көрінеді. Бірақ, соған қарамастан, Абылай жорықтағы әскерді бастап тез елге қайтсын деп бұйырыпты. Оған себеп: Жоңғарияда биыл жаз бойы хандыққа таласып соғысып жүрген Дабашы мен Әмірсана нояндар жақында қонтайжы Лама Доржи әскерінен оңбай жеңіліп, қазақ ордасына келіп бас сауғалапты. Соларды қолға түсіру үшін, ойрат қонтайжысы Орта жүзге қарсы жаңа жорық ұйымдастыра ма деген қауіп бар. Демек, әскер қосыны дәл қазір бұл жақтан гөрі Арқа жеріне көбірек қажет болғаны.

Бас қолбасы ертеңдер елге аттанам деп отырғанда, Ташкентке Қоқан әмірі Баба-бектен де елшілер келіп қалды. Баба-бек Қабанбай мен Төле биге дұғай-дұғай сәлем айтып, Ташкент түбіндегі зор жеңіспен құттықтаған. «Біз Сайын-Бөлек ноянға, қанша жалынып сұраса да, қол ұшын бермедік. Бұл — қазақ қардашларға жасаған көмегіміз» депті.

Қабанбай таң қалды: «қайдағы көмек? Бұлар түймедейін түйедей қып, тіпті орнасы жоқ нәрсенің өзін бұлдап өткізеді екен-ау!»

Сөйте тұра Баба-бек ойрат ордасының жанкүйер делдалы ретінде сөйлейді. Өнегүні тұтқынға түскен көп қалмақты қалай қайтаруға болады дегенді сұрапты.

Қазақ жағы өзара ақылдасып, мынадай жауап қайтарды: жалпы жоңғар жерінде әр жылдары тұтқынға түскен, күшпен айдап әкетілген қазақтар аз емес. Ұлы жүздің әр руынан аманатқа жіберілген жігіттер қаншама. Мәселен, Төле бидің кіші ұлы Жолан, Ханкелді батырдың інісі Пұсырман бастатқан талай азаматтар әлі күнге дейін ойрат ордасында жүр. Қонтайжы соларды түгел босатсын да, тұтқындарын қайтарып алсын. Бұл жолғы тұтқын саны қандай айырбасқа да артығымен жетіп тұр. Жай адамдар баспа-бас болғанда, аманатта жүрген әр азаматқа қырық қалмақ қайтарылсын делінді. Сонымен бұл жұмыс та сәтімен аяқталғандай болып еді.

Қабанбай бұдан ары көп бөгелген жоқ, сол күннің ертеңінде Ташкенттен аттанып кетті. Төле би, Бердіқожа, Ханкелді бастатқан Ұлы жүз кісілері оны Қазығұрт тауына дейін шығарып салды. Осы маңда Төле бидің өзіне табиғы, Дулаттың Жаныс тармағына қарайтын біраз ел барды. Осында батырларға соңғы рет қонақасы беріліп, келген жолдарыңа деп сый-сыяпат көрсетілді. Қабанбайдың өзіне бесік жамбы, атан түйе бастатқан бір тоғыз сый тартылып, Майсара, Әлі, Назымдарға алтын зерлі камқа тондар жабылды. Қасына ерген белгілі батырларға бір-бірден сәйгүлік ат жетелетті.

— Мен бұрын жаумен алысып, сүйегіме қарысып, сыр бермей жүреді екенмін. Жасым жетті ме, әлде жеңіс қуанышы буыныма түсіп кетті ме, шаршап-шалдыққанымды енді біліп отырмын, — деді Төле би қоштасарда. — Келер жылы хан кеңесіне бара алам ба, жоқ па, бір Алла біледі. Абылайға менен дұғай-дұғай сәлем айтыңдар. Биылғы жеңістің ізін суытпай, аттаныс қарқынын үдете берсін. Ойрат ордасының да ойраны шығып, өз ішінен іріп жатқан көрінеді. Сол қарбаласты қапысыз пайдалансын. Құдайға шүкір, өз тізгініміз қолымызға тиді ғой, бұл жақта біз де қарап жатпаспыз.

Соны айтып, аз бөгеліп отырды да, үзеңгі жолдасы Қаз дауысты Қазыбекті еске алды:

— Кеше, аруағыңнан айналайын Әз-Тәукенің тұсында Қазыбек, Төле, Әйтеке атанып, үшеуіміз ошақтың үш бұтындай, орданы тіреп тұрған бір заман болып еді. Жасы үлкен Әйтеке ерте кетті арамыздан. Қазір ескіден қалған көз — Қазыбек екеуіміз ғана. Көріспегелі арада біраз жылдар өтіпті. Адам кейде өз тұрғыласын сағынады екен. Қазыбектің менен үш-төрт жас кішілігі бар. Бірақ ол да шау тартқан-ау, шамасы, аға деп хал сұрауға жарамады, — деп шабыт шақырғандай дүр сілкініп, қозғалақтап кетті де, сыйлас інісіне арнап екі ауыз өлең айтты. — Кәне, осы өлеңді Қазыбектен қаймықпай кім айтып барады?

— Мен айтып барайын! — деді төмерінек отырған Еспембет орнынан түрегеліп. — Бас кеспек болсадағы тіл кеспек жоқ. Бұл сөзіңізді Қазыбекке мен-ақ жеткізейін...

Атыс-шабыссыз өткен он шақты күнде Арыс бойындағы аламан әскердің аттары тынығып, сарбаздар да қунап қалыпты. Жан-жақтағы ауылдар әскер қосынына күн сайын сойыс қамдап, саба-саба қымыз артып әкеліп, күтімдері де жаман болмаған көрінеді. Қабанбай осы арада екі-үш күн аялдап, жайылыңқырап кеткен әскердің бас-аяғын жинап, жорық тәртібіне келтіріп алды да, Арқаға қарай қозғалып кетті. Қайтар жолда анадағы Түркістан, Созақ, Сарысу бағытымен емес, Жоңғар шебінің іргесін баса, Талас, Шу, Балқаш арқылы, кілең ел ішімен жүруді жөн көрген. Бұл жүріс әрі төте, әрі жолдағы руларды ұйқыдан оятып, ұлы аттаныс ұранына тарту үшін қажет еді.

Айтты-айтпады, бұл өңір бұдан бұрынғы қазақ-қалмақ ұрыстарына да, биылғы соңғы жорыққа да қатыспай, қағаберіс қалып келген. Ойраттар Алатаудың бұл қапталын тұтқиылдан ерте басып қалды да, содан бері уысынан шығарған жоқ. Баяғы Аңырақай жорығында бірер жыл кейін серпілгенімен, артынан қазақ қолы қожырап тараған кезде, қайта ошарылды. Осыдан кейін бұл төңіректегі шабан-шалан рулар тағдырға амалсыз бойсұнып, қонтайжыға алым-салығын төлеп, ата жұрттарында малдарын бағып жүріп жатқан-ды. «Адам үш күннен кейін көрге де үйренеді» дейді. Бірте-бірте бодандық халге де еттері үйрене бастаған. Кедей-кепшігі таяу отырған қалмақтың қойын бағып, ауқатты, әлділері ойрат әулетімен құдандалы жегжат болып, қоян-қолтық араласып кеткен. Тек қалмақтардың кілең шұрайлы қоныстарды иеленіп алғаны, тәуір ат, тәуір қыз көрсе тартып алатыны, жырық етек ламалар мен жалаң бұт кешілдердің қазақты пұтқа табындырмақ болып басынғаны ғана жанға батушы еді.

Мұндағы ауылдар көп жыл бойы қазақ хандығы аттанысқа әне шығады, міне шығады деумен күте-күте, ақыры үміттерін үзіп қойған секілді. Анада Ташкент, Сайрам маңындағы жеңістің дақпырты алғаш жеткенде де, аузы күйген жұрт бәлендей сене қоймаған. Енді, міне, жасыл туы желбіреп, қолдарына шашақты найза ұстаған, ақ берен сауыттары күн нұрына шағылып, дулығалары көк тіреген қазақ әскері үстеріне келіп ошарылғанда, момын елдің қуанышында шек болған жоқ... Асау-арда Алаш ұлы әлі де бар екен, өлмеген екен! Бәрі бірдей құлдық бұғауына көнбеген екен. Мына жер қайысқан қалын қол — соның айғағы. «Сабыр түбі — сары алтын, сарғайған жетер мұратқа» деп, өлмеген жан мұндай күнге де жетеді екен!

Қайран ел бір-ақ күнде бодандық бұғауын сыпырып тастап, қайта түлегендей болып еді. Ақсарбасын айтып, көк қасқасын жығып, мәре-сәре болған жұрт. Аттап бассаң, алдыңнан қонақасы, той дастарқаны күтіп тұрады. Әскер қосыны тым суыт жүріп кетпей, көптің қалауы бойынша, әр жерге ат шалдырып, аялдауға тура келді.

Талас пен Шу аңғарында, тау бөктеріндегі ең шұрайлы жерлерде иін тіресіп отырған щорс, хойт, дүрбіт тайпасына жататын ойрат күреңдері бар екен. Бірақ олардың бас көтерер ноян, зайсандары Жоңғариядағы бүлікті басуға кетіпті де, мұнда қалған малшы-қосшы көп халық қазақ әскеріне қарсы қару көтеріп шыға алмады. Қайта, керісінше, жайлаудан түсіп, енді етектегі қыстауларына қарай бет алған кептеген қалмақ көштері, қазақ қолы ел шетіне ілінісімен, көліктерінің басын кері бұрып, қайтадан қырғыз жеріне қарай ойысты. Ал бұрыннан бөктерде отырғандары асығыс үйлерін жығып, үркіп көше бастаған.

Қабанбай жорықтан қайтқан батырлар мен сарбаздарды олжадан қыспау үшін, ойрат шонжарларының біраз жылқысын тиіп алуға ерік бергенімен, былайғы бейбіт елді шабуға жібермеді. Оразымбет, Баян, Еспембет секілді қызу қанды батырлар:

— Жауды аяған жаралы. Ойрат әулетінің өз қылығын өзіне істеп, «Ақтабан» қып бастырып жіберсек қайтеді? Өле-өлгенше естерінен кетпейтіндей, енді қайтып бас көтере алмайтындай етіп, біз де бір ойранды салайық! — деп құлшынып-ақ еді, бірақ бас қолбасы ондай оңай олжаға барғысы келмеді.

— Жоқ, жігіттер, мені артық күнәға итермелемендер! Хан жарлығын абыроймен орындадық, биылша осыны қанағат тұтайық. Қалмақтар жерінді босатып, өздігінен үркіп көшіп жатса, одан артық құдайдан тілегенің не? «Қорқақты қуа берсең батыр болады» деген сөз бар. Ашындырсаң, олар да қарап қалмайды. Тіпті жорықтан қажып келе жатқан қолды опырып түсуі де мүмкін, — деп жігіттерді басып тастады.

Шу бойына келгенде ол Наурызбай, Бердіқожа, Тілеуке бастатқан Ұлы жүз батырларымен қош айтысты. Келесі көктемде Жетісу мен Алтай, Барқытбел бағытында жойқын шабуыл басталатыны әркімге-ақ аян еді. Сондықтан Ұлы жүз жасағы тым бытырап кетпей, биылша екі жаққа да ұрымтал осы Шу бойын қыстап шығатын болып сөз байласты. Келер жылға дейін қосымша қол жинап, ат-көлік, қару-жарағын толықтап, алдағы аттанысқа сақадай сай тұрмақ.

Бұл кезде қараша айы туып, күн де суыта бастаған. Қар қалыңдап, жол бекіп, боран-шашынға ұрынбай тұрғанда елге жетіп қалуды ойлаған қалың қол Балқашты бетке алып, суыт жүріп кетті.

VII

Сыр бойына аттанған әскердің жеңіс хабары Арқа жеріне әлдеқашан жетіп, қазақ даласы қуаныштан толқып тұр екен. Енді сол жеңімпаз әскер жасыл туларын желбіретіп, қатары көп бүлінбей орталарына аман-есен оралғанда халық мерейі тасып төгілгендей болды. Алғаш жауған ақша қардың тозаңын аспанға шығарып, ауыл-ауылдан сүйінші сұрап шапқылаған жаушылар. Күншілік жерден азаматтарының алдынан шығып,

қаумаласа қарсы алған ағайын жұрт.

Осының алдында ғана өз еліне симаған ойрат нояндары Дабашы мен Әмірсананың қазақ жеріне қашып келуі ел еңсесін бір көтеріп тастаған екен. Мына жағдай халықтың болашаққа деген сенімін тіпті бекіте түсті. Ел іші гу-гу әңгіме:

— Сырдағы жеңіс — бар жеңістің басы болғай!

— «Жалған ісі ақиретке кетпес» деген осы!

— Атаның аруағы қолдап, біздің де күш ала бастағанымыз ғой бұл.

— Ойрат бағының осы қайтқаны — қайтқан!

— Бәрінен де, әншейінде жер тәңірімсіп жүретін қалмақ нояндарының өз ішінен іріп, қазаққа келіп пана сұрағанын айтпайсың ба?!

— Біздің Абылай ханның да айласына арқан бойламайды-ау. Біраз жыл неге тым-тырыс жатып алды десек, түбінде дүниенің кезегі осылай айналарын есептеп отыр екен ғой! — десіп гуілдескенде, ауыл-үйлердің түндігі желп-желп етеді.

Бас қолбасшыны ел де қалған Дәулетбай, Қасабай, Шынқожа секілді батыр інілері Аягөз бойында тосқауылдап, күтіп жүр екен. Екі жақ шұрқырасып табысты. Қабанбай сыртқа сыр бермесе де, жау шебіне жақын қонған ауылдардың жайын көп ойлап, алаңдап келіп еді, көңілі бірден орнына түскендей болды. Қабанбайдың оңтүстік өңіріне жорыққа аттанғанын естіп, өшіккен жау оның ұлысын әдейі келіп шабуы мүмкін деген мәселе жазда, аттаныс алдында да сөз болған. Сол қауіптің алдын алу үшін, Абылаймен ақылдаса отырып, Дәулетбай мен Шынқожа басқарған екі мыңдай жасақты ел ішінде әдейі қалдырған-ды. Әйтеуір, абырой болғанда, іштей іріген ойраттар өз бастарымен әлек болып, ондай жырындылыққа бармапты.

Қабанбайға осы арада Абылайдың да әлі Көкшетауға қайтпай, бұларды Қарқаралыдағы жазғы ордасында күтіп жатқаны мәлім болды. Сондықтан ол қарауындағы қосынды ел-елге таратып, қасындағы Майсара, Назымдарды да елден келген кісілерге қосып ауылға қайтарып жіберді де, өзі әр рудың мыңбасы батырларын ертіп, небәрі жүз қаралы қолмен Қарқаралыға жүріп кетті...

Абылайдың да жорықтан қайтқандарды асыға күтіп отырғаны рас екен. Батырлардың келе жатқан хабарын естігенде, Ордада шыдап отыра алмай, қозыкөш жерден алдынан шықты. Екі жақта жақындай бере жүрістерін тежеп, арқан бойы жер қалғанда аттан түсті. Абылай қасында: Қазыбек, Бөгенбай, Бұқар жырау, Шақшақ Жәнібектер бар екен. Бұл жақтан: Қабанбай, Малайсары, Ханбаба, Баян, Байғозылар алға таман іріктеле

берген. Хан, Сұлтан, Қарашы деп жатпай, аңсап көріскен ағайын бір-біріне тұра ұмтылысты. Тостер түйісіп, құшақтар айқасты. Тек алғашқы ап-сап басылғаннан кейін ғана, Қабанбай еңсесін тіктеп:

— Хан ием! Өз жарлығың бойынша оңтүстікке аттанған қазақ ғаскері Сыр бойын жаудан тазартып, Ташкент пен Сайрамды ойраттардан азат етіп, бәлендей үлкен шығынға ұшырамай, аман-есен оралды, — деді Абылайға қарата саңқылдай тіл қатып.

— Бәрекелді, Дарабозым! Бәрекелді, сайыпқыран ерлерім! — деп Абылай жарқын жүз, қуанышты көңілмен, жорықтан қайтқан батырларды кезек құшақтап, иықтарынан қақты. — Жарайсыңдар, бауырлар! Айдаһардың жеті басын түгел қаппағанмен, белден соғып мерткітірді деген осы. Бұл ерліктеріңді Алаш ұлы әрдайым алғыспен еске алатын болады.

— Саған да мың алғыс, хан ием! — деді Малайсары оң қолын кеудесіне қоя тәжім етіп. — Ағайынға ара түсіп, қол аттандырғаның үшін бұғаудан босаған исі қазақ пен қарақалпақ өзіне дұғай-дұғай сәлем айтты.

— Сәлемет болсын! Естіп жатырмын. Жау жағадан алып тұрғанда түстікке дер кезінде жеткен екенсіңдер! — деді Абылай да масаттанып. — Кәне, ендігі әңгімені Ордаға барған соң жалғастырайық.

Бәрі атқа қонып, бір белдің астындағы тоғай арасына тігілген хан Ордасына қарай бет алды. Жас батырлар мен нөкерлер арнайы тігілген үйлерге, қолбасы, мыңбасылар Абылайдың өз ордасына түсті. Күні бұрын мал сойылып, қазан көтерілгені, алда мол күтім бары байқалды. Көп ұзамай жұрт дастарқан басына жайғасып, алыс жолдан опытып келген батырлар қысырдың қою қымызына, қазы-қарта мен ыстық қуырдыққа кірісіп те кетіп еді.

Ас үстінде әңгіме қайта қызды. Оңтүстік өлкесінің хал-ахуалы, Түркістандағы Әбілмәмбет ордасы, ұлыс бегі Төле бидің күй-жайы тілге тиек етілді. Сайрам, Ташкент түбіндегі ұрыстар, Қарақалпақ ауылдарын құтқару, ең ақырында ойрат қолының ойсырай жеңіліп, Сайын-Бөлек ноян мен Намеху-Жырғалдың қалай қашып құтылғаны да сөз болмай қалған жоқ... Бір сөздің кезегінде Қаз дауысты Қазыбек отырып:

— Япыр-ай, көзінің тірісінде ата жаудан кек қайтарып, қайран Төкең бір жасап қалған екен ғой! Төленің саулығы қалай екен? Тың ба өзі? — деп ұлы бидің жағдайын қайталап сұрады.

— О-о, тың болғанда қандай! Кәрі тарлан біз түстікте жүрген екі ай бойында бел шешіп, аттан түскен жоқ, — деді Қабанбай сүйінішін жасырмай. — Тек Ташкентке қайтадан орнығып, көңілі жайланған соң ғана аздап бой алдырғанын байқатты, — соны айтып, әлдене есіне түскендей, езу тартып күлді де. — Айтпақшы, Қазыбек аға, Төле бидің сізге жолдаған бір-екі ауыз сәлемі бар еді... Қалай еді өзі? — деп қасындағы жолдастарына

қараған.

Соны күткендей, есік жақта жастар арасында отырған Еспембет орнынан көтеріле берді де:

— Мен сол өлеңді сізге жеткізем деп уағда беріп, жаттап алып едім. Мойныма қарыз болмасын, айтып көрейін, — деп тақпақтай жөнелді:

Қақ жарған қара қылды Қазыбегім,

Бір өзің бар қазаққа азық едің.

Төлені жанған отқа тастап қойып,

Самалдап сары Арқада қазы жедің.

Туған жерде мен де бір қазық едім,

Сен аспанда қаңқылдар қазым едің.

Ағаңның халін білмей сен жатырсың,

Ағайынға мен неден жазып едім?! —

деп тоқтағанда, сегіз қанат ақ орданың ішіндегі лық толы жұрт, жанған отқа май құйғандай дуылдасып кетті. Әр тұстан:

— Әй, сөзім-ақ емес пе?!

— Өкпе-назын тең-тұрғысы Қазекене айтпағанда, кімге айтсын?!

— Қайтсін-ай, оған да оңай дейсің бе?! Ағайынға деген сағынышы мен көкірекке жиналған мұң-шерін бір төккен екен ғой! — дескен сөздер естілді.

Енді біраз адамдар әлгі өлеңге Қазыбек не жауап айтар екен дегендей, тор жаққа қарап қалысқан. Ұлы би шамданған да, шамырғанған да жоқ, бір сәт әжімді жүзі жадырап, жасарғандай шырайлана түсіп, бойын тіктеп алды да:

— Айтқан сөзінің артық-кемі болсашы! Бәрі рас. Ол осылай демесе, Төле би болар ма еді?! — деді, ол да іштегі сағынышын сыртқа шығарғандай баяу күрсініп. — Соңғы жиырма-отыз жылда Төленің арқалаған жүгін піл ғана көтерер. Өзі айтпақшы, үнемі жанған оттың ортасында жүрді ғой қайран сабаз. Біреуге жалтаң көз, бодан болу, ойраттың оқпанын толтырып, Қоқанды қолға қондыру оңай дейсің бе?! Біз бір қазақтың тілін таппай жүргенде, ойдағы өзбекпен ұғысып, қырдағы қырғызбен қиысып, таразы басын тең ұстап отырды-ау майталманым! Сондағы ойлағаны — осы халықтың қамы, ағайынды аман сақтаудың

амалы да... Ағаның алдынан өтіп, сәлем беру қарызы бізде еді, амал не, оған жер шалғай боп, денсаулығы түскір де жар бермеді ғой! — деп қайтадан жүдеу тартып, бір кәрілік уайыммен үнсіз отырып қалды.

Түскі қонақасыдан кейін өзге жұрт жан-жаққа тарап, Абылай айналасында Қабанбай, Бөгенбай, Қазыбек пен Шақшақ Жәнібек, Бұқар сияқты санаулы ғана адамдар қалған. Осы оңашалықта жоңғар хандығынан бас сауғалап келген нояндар жайы сөз болды. Қалай дегенмен, ойрат Ордасының іштей ыдырап, ала ауыздыққа тап болуын мұндағылар жақсылыққа жорып отыр екен. Әзірше қонтайжыдан қуғыншы келе қоймаған. Сірә, олар бастапқы кезде Дабашы мен Әмірсана қазақ ордасына келді ме, әлде Ертіс бойындағы орыс бекіністерінің біріне барып тығылды ма, анығын біле алмай, аңысын бақса керек. Әрине, қашқындардың қазақ арасында екені анықталған соң кешікпей қонтайжыдан елші келері сөзсіз. Сол кезде Қазақ ордасы қандай бағыт ұстанады? Нояндарды қайтарып бере ме, жоқ, әлде қанаттарының астына алып қорғап қала ма? Осыған әзір болуы керек.

Бұдан бұрынғы мәслихатта Абылай да, Қазыбек пен Бөгенбай да нояндарды қайтармай, пана болайық деген түйінге келіпті. Тек Шақшақ Жәнібек қана басқа пікірде. Айтуынша, оны бұл сапарға Орынбор әкімдері әдейі жұмсаған көрінеді. Жандарал Неплюев: «Ойрат тәйжілерін қазақтар өз қолында ұстамай, Ресей қарауына өткізіп берсін. Қашқындарды қолдарына ұстап отырса, қазақ-жоңғар арасы одан арман ушығып кетуі мүмкін», — деп Абылайға сәлем жолдапты.

Қабанбай да мәселенің жай-жапсарына қаныққан соң, нояндарды қайтарып бермеу керек деген пікірді жақтады. Бұтаға қорғалаған торғай да аман қалады. Қара ормандай қазақ елі сол бұта құрлы болмағаны ма? Оның үстіне, құдайы қонақты қуу, не біреуге ұстап беру — қазақтың ата салтында жоқ нәрсе. Нояндарды орыс әкімдеріне де беруге болмайды. Орыстар ол бишараларды кімге, қалай бұлдап өткізерін бір құдайдың өзі білсін... «Қазақ-жоңғар арасы ушығып кетеді» деген сөз бе екен? Онсыз да ойратпен арамыз ушығып болды емес пе? Биылғы соғыс мынау, келер жылы тағы да аттанысқа шығайық деп отырмыз. Түркістан, Ташкент маңындағы, Талас пен Шу бойындағы елдің тілегі де — биылғы жеңістің ізін суытпай, шабуылды жалғастыра беру.

— Менің де ойым осы, — деді Абылай арқасы кеңіп қалғандай. — Дабашы мен Әмірсана қатардағы қашқын емес, өз елінде тамыр-тірегі бар адамдар. Соғыста жеңіліп, амалсыз шегінгені болмаса, Жоңғарияда оларды жақтайтын топтар баршылық. Ойраттардың бірталайы-ақ некесіз туған Лама Доржидың таққа отырғанына наразы көрінеді. Ал Дабашы болса — баяғы Батыр қонтайжыдан тараған атақты Церен Дондобаның немересі, ойрат тағынын заңды мұрагері... Болашақты кім болжап білген? Бүгін ұстап берген адамымыз ертең аяқ астынан жоңғар тағына отырып жүрсе, біз мүлде ыңғайсыз жағдайда қаламыз ғой.

— Осы ойларың менің де көкейіме қонады, — деді ұлы би Қазыбек те сөзге араласып. — Дабашы мен Әмірсана айтқандарына жетіп, билікке қол арта қалса, оларды мәңгі қарыздар етіп, мойнына арқан сүйретіп жібересің. Ал билікке жете алмаған жағдайда, баяғы Халдан Церенді шошытқан Қарасақал сияқты, қонтайжыны үнемі қауіп астында ұстап, қыпылдатасың да отырасың.

Ақыры осы сөзге бәрі де тоқтаған. Қыс болса келіп қалды. Ақ қар, көк мұзда қашқындарды іздеп, жоңғар да жорыққа шыға қоймас. Биылша қалмақ нояндарын қамқорлыққа алып, қолға ұстай тұрған жөн. Ал жаз шыққан соң, ойраттар қалай жауласам десе де өзі білсін. Іздегенге сұраған, қазақ хандығына да керегі осы.

— Ал нояндардың өздері қайда? Оларға кім ие болып жүр? — деді Қабанбай, Орда маңынан ондай бөтен ешкімді көрмегені есіне түсіп.

— Қашқындар тобы қазір Шыңғыстау өңірінде. Олар о баста Ертісті құлдап келіп, Уақ ауылдарына тоқтаған екен, сол маңнан ұзатқанымыз жоқ. Бастарына үй, бауырларына қазан асып беріп, сырттай бас-көз болуды Қайып пен Өтеген батырларға тапсырып қойдық, — деді Абылай. — Айтпақшы, Әмірсананың ағасы Банжыр тәйжі өзінді қатты іздеп отырған. Қайтар жолда Шыңғыстауға соғып, жағдайларын біле кетуіңе болады.

Хан ордасында бірнеше күн аялдап, келер жылғы аттаныс жайын ақылдасқан соң, Қабанбай елге қайтуға қам жасады. Басқа батыр, билер де тұс-тұсқа тарайтын ыңғай танытқан. Абылайдың жорықтан қайтқан басты-басты батырларға арнаған сый-сыяпаты бар екен, дәл аттанарда соларын тарту етті. Иықтарына алтын зерлі тон жауып, астарына сәйгүлік ат мінгізді. Мұның сыртында бас қолбасы Қабанбайға алтын құндақты алмас қылыш сыйлады.

— Бұл — алғашқы жеңістеріңе деген өз басымның ықласы. Ал халқымыздың сый-құрметін жеріміз жаудан толық тазарғанда көре жатарсыңдар! — деді ол батырлармен қоштасып тұрып.

Осыдан кейін Қабанбай тобы көп бөгелмей аттанып кеткен. Бұлар қайтар жолда сәл бұрыстау болса да Шыңғыс өңірін баса жүрді. Осында иін тіресіп отырған Бура, Матай, Мұрын ауылдарына бірнеше күн қонақ болып, ақыры Арқат тауының бір қуысын жайлаған Уақ руына ат басын тіреді.

Қабанбайлар жүз шамалы кісі еді, Қайып би мен Өтеген батырдың ауылына бөлініп түсті. Бұл — ана жылдары Абылаймен бірге екі жылдай Халдан Цереннің тұтқынында болатын Өтеген. Сол кезде монғол тілін үйреніп, Дабашы, Әмірсаналармен жақсы байланыста болса керек. Ойрат тәйжілерінің бірден Өтеген ауылына келуінде, Абылайдың оларды басқаға емес, Өтегенге сеніп тапсыруында жіпселесіп жатқан осындай себептер бар еді... Мұнда да үлкен той жасалып, жорықтан қайтқан батырларға сый-

құрмет көрсетілді. Қабанбай осындай қонақасыларда қашқын нояндармен жақын танысып, бірнеше рет дастарқандас болды.

Дабашы ноян қырыққа жасы енді ілінген, кең иықты, салқам денелі, шомбал жігіт екен. Арғы бабасы — Жоңғар хандығының іргесін қалаған Батыр қонтайжы. Бергі жағын айтсақ, ұзақ жыл ойрат әскерінің қолбасшысы болған Церен Дондобаның немересі. Жеті атасынан қаракөк үзілмеген хан тұқымы, ақсүйек екені өзін ұстауынан, сөйлеу мәнерінен де көрініп тұр. Оның нор Зайсан, Алтай-Сауырдағы торғауыт пен ұранхайдың ұлыс бегі деген атақты місе тұтпай, қонтайжы Лама Доржимен таққа таласуы өзінің осындай ата даңқына, мінсіз тегіне сенгендігінен болса керек.

Ал Әмірсана жасы отызға еркін іліне қоймаған, тұла бойында қырым ет жоқ, ұзын бойлы, сылыңғыр қара екен. Бұл да осал кісі емес. Тарбағатай өлкесіндегі хойт, дүрбіт тайпаларының ұлыс бегі, Халдан Цереннің қарындасынан туған жиені... Бірақ уақытша болса да бақталас жауыңнан жеңіліп, жат жұртқа кіріптар болу оңай ма, ақсүйек нояндар сыртқа сыр бермей, өздерін тым маңғаз ұстауға тырысқанымен, көрер көзге төменшіктеп, жасып-ақ қалыпты. Екеуі де Қабанбай алдында қалбақ қағып, қошемет көрсетті. Қазақ-қалмақ өмір бойы соғыспағандай, Қабанбайдың қайқы қылышы қас жауының қанына малынбағандай:

— Сіздің есіміңіз ойрат жұртына ежелден қанық. Сәті түсіп, бет көріскеніме өте қуаныштымын, — деді Дабашы. — Естіп жатырмыз, Сыр бойындағы соғыстардан зор жеңіспен оралыпсыз. Арамнан туған Лама Доржи — қазақ-қалмақтың ортақ жауы. Қонтайжының қарғылы төбеттері — Сайын-Бөлек пен Намеху-Жырғалдың сазайын мықтап тұрып берген екенсіздер.

— Тек сол екеуінің қолға түспей, құтылым кеткені өкінішті! — деді Әмірсана қанын ішіне тартып. — Сайын-Бөлекті қойшы, ол кәрі қақпастың шама-шарқы белгілі. Бәрінен де Жырғал сұмның сытылып кеткеніне ішім қазандай қайнайды.

Намеху-Жырғал — әрі жас, әрі Батыр қонтайжыдан тараған хан тұқымы ретінде ойраттағынан үміткерлердің бірі. Әмірсана мен Дабашының әсіресе тісін басқан адамы сол көрінеді.

— Оларды қоя берейік деген ойымыз жоқ еді. Бұл соғыста ол екеуі де намәрттік көрсетті, — деді Қабанбай. — Сайын-Бөлекті, қанша дегенмен, бір елдің әскербасы ғой деп, қоршауда қалса да басын кемітпей жекпе-жекке шақырып едім. Бірақ ол бір түмен әскерін өз жолына қара лақ қып шалды да, алды-артына қарамай зытып отырды... Осыдан кейін қалай жер басып жүргеніне таңым бар.

Әмірсананың ағасы Банжыр да осы топтың ішінде екен. Бұрын бір рет дәмдес болған көз таныс ретінде Қабанбаймен шұрқырасып көріскен

адамның бірі сол болды. Осыдан үш жыл бұрынғы сән-салтанат, бұлықсыған бұлалықтан ештеңе қалмай, ол да қатты жүдеп кетіпті. Сырт жаудан жеңілсең бір сәрі ғой, өз қандас бауырларыннан теперіш көріп, ел-жұртыңа сыймай, босқындық халге түсуді құдай басқа бермей-ақ қойсын.

Сөз ләмдеріне қарағанда, Дабашы да, ағайынды Әмірсана мен Банжыр да бұта түбі, көген жат Лама Доржидың тақ мұрагері болуын заңсыз деп есептейді екен. Тарбағатай мен Алтай-Сауырдағы ұлыстарды билейтін бұл нояндар жаңа қонтайжы таққа отырысымен, хан кеңесіне де қатыспай, өз аймақтарында жатып алған көрінеді. Ақыры көрінеу жасалған қысасқа шыдамай, амалсыз атқа қонған қонтайжы жас нояндарды иліктіре алмаған соң, енді бұлардың Орда маңындағы туыстарының соңына шам алып түседі. Соның ішінде, әсіресе, Дабашының немере ағасы, Әмірсананың қайын атасы, бүкіл ойрат әулетіне қадірлі Дашы Доба ноянды қолға алып, адам айтқысыз айуандықпен екі көзін ойып, Ақсуға жер аударуы онсыз да шиеленісіп тұрған жағдайды мүлде асқындырып жіберген.

Нояндар енді ашық қыр көрсетіп, Ордаға бағынудан бас тартады. Лама Доржи қаһарына мініп, солтүстік аймақтарға қарсы жорық жасайды. Басында екі жақтың күштері тепе-тең түсіп, Дабашы мен Әмірсана бірталайға дейін алдырмайды. Сөйтіп жүргенде, бұлардың өз ішінен іріткі шығады. Әмірсананың ағасы Шабдар мен Дабашының інісі Еменқұла азғырынды тілге еріп, қонтайжы жағына шығып кетеді. Осыдан кейін-ақ бүлікші нояндар әлсірей бастаған. Лама Доржи бұлардың өкше ізіне түсіп, Зайсан көлге дейін тықсырады. Нояндар шығысқа қарай ойысқанда алдарынан ұранхайларды айдап салады. Сол арада Әмірсана мен Дабашы әскері күйрей жеңіліп, өздері аз адаммен Ертісті құлдай қашып, қазақ жеріне өтуге мәжбүр болады.

— Ертіс бойына келгенде алдымызда екі тарау жол тұрды, — деді Дабашы ағынан жарылып. — Қол созым жердегі орыс бекінісіне тартамыз ба, әлде Қазақ ордасына барып паналағанымыз жөн бе? Шынымды айтсам, әдет-салты басқа, қашанда көшпенділерді менсінбей, жоғарыдан қарайтын Ақ патшаға сенбедік. Сонан соң, қанша жаулассақ та киіз туырлықты ағайын едік қой деп, аттың басын қазақ хандығына қарай бұрдық...

— Келгендерің дұрыс болған. Таңдауларында қапы жоқ, — деді Қабанбай. — Тас түскен жеріне ауыр. Біздің елдің салтында құдайы қонақты ешкімге жәбірлетпейді.

— Байқайсыз ба, Қабанбай батыр, сіз Сыр бойында, біз Ертісте, ортақ жауға қарсы бір майданда соғысыппыз ғой! — деп Дабашы көңілденіп қалды. — Біз некесіз Лама Доржиды бәрібір хан тағында қалдырмаймыз. Ойраттағы ерте ме, кеш пе, өзінің заңды иесін табады.

— Ол үшін қазақ ағайындар бізге қол ұшын беріп, ата мұрасын қайтарып алуымызға көмектесуі керек! — деді Әмірсана. Бір қызығы, ол үнемі Дабашымен өзін тең ұстап, серігі сөйлеген сайын, қалайда сөз қыстырып отырады екен.

— Несі бар, біз онсыз да келесі жылы ойрат ордасы басып алған жерлерді азат ету үшін шығысқа қарай жойқын жорық жасаймыз ба деп отырмыз. Қонтайжы әскерінің күлін көкке ұшырсақ, көмек деген сол емес пе? — деді Қабанбай. — Бірақ басын ашып алатын бір нәрсе бар...

— Ол не? — деді Дабашы ширығып.

— Сіздер көп ұзамай қарымта қайтарып, ойрат тағына отырды дейік... Одан ары не болады? Осыдан қазақ хандығының ұтары бар ма?

— Онда қазақ-қалмақ соғысты тоқтатып, мәңгі достасады, — деді шапшаң мінезді Әмірсана алдымен жауап беріп. — Біз қазақ жерін соғыссыз-ақ қайтарып береміз. Екі ел өзара одақ құрып, сыртқы жауларға қарсы бірлікте күресетін болады.

— Іләйім солай болсын! Құдай-тағала осы тілектеріңе жеткізсін! — деді Қабанбай, түбі неғайбыл әңгімені бұдан ары соза бергісі келмей.

Былайша, нояндардың жағдайы жаман көрінбейді. Абылайдың, өзі жақында арнайы келіп, тұрмыстарын түзеп кетіпті. Бастарына үй тігіп, алдарына төрт түлік мал салып, өздерін жеке ауыл етіп қондырған. Маңайдағы елдің де ықыласы жаман емес, жұрт «жылу» жинап, сойыс мал, төсек-орын, киім-кешек жағынан да көмектескен. Үйге кірген жыланның да басына ақ құйып шығаратын кең қолтық қазекең баспана сұрай келген нояндарға, ата жауымыз едің демей, қонақжайлық көрсетіпті... Тек артта қалған жақын туыс, бала-шағаларын уайымдайтын көрінеді. Ноябрьдар кеткен соң қонтайжы бұлардың қарауындағы жұртты әдейі әр ұлысқа таратып, енді біразына Шабдар мен Еменқұла ие болған деседі.

Қабанбай ертең аттанамыз деген күні Банжыр ноян оны оңашалап, өзін көптен мазалап жүрген бір өтініш-тілегін айтты.

— Қазақ хандығы қанша ықылас білдіріп, құшақ жая қарсы алғанымен, ұзын арқау, кең тұсау, мырза тұтқынға айналған жайымыз бар, — деді шын сырын жасырмай. —

Өздігімізден алысқа ұзап шыға алмаймыз. Басқалардың ғой отбасылары қастарында. Ал мен қоныс шалғайлығынан үй-ішімді өзіммен бірге әкеле алмадым. Соңғы күндері жалғыз қызым Мүней түсіме кіретін болып жүр. Байғұс бала біреулерден жәбір көріп, қапаланып жүр ме, кім білсін... Жақында арт жақтан адамдар келіп еді. Біздің ауылдарды Қатынсудан ары көшіріп, Емілдің бойындағы қалың қопаға апарып иіріпті. Сіздің қоныстан онша қашық емес, ұзаса үш күншілік жер... Соған түнделете шағын қол аттандырып, менің бала-шағамды алдырып беруге қалайсыз? Жасақты біздің ауылға дәл бастап баратын сенімді адам қосайын. Егер осы бір тілегімді орындасаңыз, өмір бойы жақсылығыңызды ұмытпас едім...

Қабанбай күтпеген өтінішке не деп жауап қайыраын білмей тосылып қалды. Өзінің әлі ел бетін көрмей, алыс жолдан келе жатқан түрі мынау. Жігіттермен ақылдаспай тұрып не айтады? Бірақ батырдың бөгелісін Банжыр басқаша жорыса керек, жауап бергенше шыдамай, әңгімені ары қарай тағы да өзі жалғап әкетті.

— Айтпақшы, әлгі Әлі деген ұл қайда? Ол қазір кәдімгідей жігіт болған шығар, ә? — деді есіне әлдене түскендей.

— Иә. Ол қазір қатардағы сарбаз. Биыл менімен бірге алғаш рет жорықта болып еді. Аяғөз маңында ауылға қарай бұрылып кетті.

— Ендеше, сол Әліге менен сәлем айтыңыз, — деді Банжыр, қолына әлдебір сенімді қару түскендей, керемет қуанып. — Әлі жігіт болса, Мүнейді құтқарсын! Ана жылы біздің ауылға барғанда, әзіл үстінде бір сөзді андамай айтып қалып едім. Аузыма сонда құдай салған шығар, сол

айтқаным — айтқан. Мүнейді аман-есен құтқарса, жастарға оң батамды беремін!

Алда байғұс-ай! Бала үшін кісі не істемейді? Мына сөзге жаратылысынан балажан Қабанбай да толқып кетіп еді. Бала деген басында бар ғой. Егер сол Мүнейдің орнында өз қызы Назым жүрсе қайтер еді?! Банжырды аяп кеткені сонша, әке көңілін орнықтырғанша асықты:

— Ойынды ұқтым, құрметті тәйжі. Құдай сәтін салса, бала-шағаң жақын уақытта қолыңа тиіп қалар. Ал сен екеуіміз түбі жегжат боламыз ба, жоқ па, ол жағын балалардың еркі білсін, — деді Банжырды жұбата сөйлеп.

— Мен қызыма хат жазып берем. Ол бәрін де түсінеді, — деді қалмақ нояны.

Арқаттан аттанған батырлар жолдағы Найман ауылдарына қона-түстене отырып, бір жеті мөлшерінде өз қыстауларына келіп жетті. Ел аман, жұрт тыныш. Ақши мен Мыңбұлақтың сай-саласын қыстаған қалың ел соғымдарын сойып, мәре-сәре боп жатыр екен. Енді, міне, бас сардардың аман оралуына байланысты той-томалақ, сый-сыбаға басталып кетті.

Алайда Қабанбай қайда жүрсе де, Банжыр ноянға берген уәдесі есінен шықпай, ойына орала берген. Бір қалт еткенде арадағы әңгімені әйелі Майсараға жеткізді.

— Ана жылы барғанда Мүнейді көріп пе едіңдер? Былай... өзі өңді бала ма? — деді Майсара әйелге тән әуестікпен.

— Онда ол ұзаса он төрт-он бестегі жас өспірім қыз болатын. Бірақ бойжете келе хаса сұлудың өзі боларлық, алманың сабағындай ажарлы бала еді.

— Уәде — құдай сөзі. Ноянға сөз ұстатқан екенсің, қайтсең де орындауың керек қой, — деді ер көңілді Майсара дем бере сөйлеп. — Алдымен Банжырдың бала-шағасын құтқарайық, сонан кейінгісін көре жатармыз.

Әңгіменің шет-жағасын Әліге айтып көріп еді, ол бірден құлшынып шыға келді. Жас жігіт Мүнейді әлі ұмытпаған екен. Ұмыту былай тұрсын, ол соңғы жылдары қалмақтың сол бір жас сұлуын жиі-жиі еске алатын-ды. Осы маңайдан бір қыз көрсе, ылғи да сол Мүнеймен салыстырады. Салыстырса болғаны, қыз атаулының сұрқы қашып, өңсіз, нәрсіз тартып кетеді... Әлінің ойынша, қалыңмал төлеп, ел ішінен қатын алу — ер жігітке қорлық. Шын батыр болашақ жарымен жаугершілікте, не жорықта жүргенде табысуы керек. Қобыланды мен Құртқа да, Ертарғын мен Ақжүніс, Алпамыс пен Қаракөзайым да сөйткен. Өз әке-шешесі Қабанбай мен Майсара да қан майдан, қырғын соғыс кезінде қосылған... Ал сүйген жарың жау қолында, қол жетпес жеті қат қамалдың арғы жағында тұрса

тіпті жақсы. Хан қызы болса тіпті керемет. Ендеше дәл қазір Әліге лайық сондай жар — қалмақ қызы Мүней. Ханша болмағанмен, тәйжілер әулеті, ханның жиеншары... Бала күннен ертегі мен жырды көп тындаған даңққұмар жас жігіт кейде осылай қиялдайтын.

Оның үстіне Әлі биылғы жорықтан мүлде өзгеріп қайтты. Салт басты бойдақтың зардап шеккені сонша, ол енді үйленуге бел байлаған. Қол жетсе — Мүнейге, қол жетпесе — басқа біреуіне... Кім ойлап тапқаны белгісіз, әйтеуір, қазақ салтында әлі үйленбеген, үйленсе де артына тұяқ қалдырмаған жас жігітті, тақа бір қиын-қыстау кезен болмаса, қырғын шайқасқа қатыстырмайды. Осы жолы жай жорықта жүрді деген аты болмаса, Әліні бірде-бір ұрысқа жіберген жоқ. Жаз бойы қолбасыны қоршаған ұландар қатарында тізесін кеміріп жүрді де қойды. Қайратын сынап, ер атанар кезеңнің талайын босқа жіберді-ау. «Жетер! — деген ол сонда іштей кіжініп. — Қатын алып, ұрпақ қалдыру міндет болса, ол жағы қолдан келеді».

Енді, міне, құдай ондап, Мүнейдің әңгімесі шыққанда, Әлінің көктен тілегенін жерден бергендей болды. Қалмаққа қашан аттанғанша жарғақ құлағы жастыққа тимей, күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айрылды. Көз алдында — сол баяғы Мүней. Басқасын былай қойғанда, қыз үшін жорыққа аттанып, қаптаған жаудың ортасынан тартып әкетудің, өзі неге тұрады?!

Ақыры үлкендер ақылдаса келіп, Еміл бойына шағын қол аттандыруға бел байлаған. Жер жадысын жақсы білетін, барымта-ұрлыққа, түнгі жортуылға көп қатысқан екі жүздей жырынды жігіттерді жинады да, оған жас кезінде жолбасар ұры атанған Тоқпақ Қасабай батырды басшы етіп, Тума Шынқожа батырды қосшы етіп, Әліні бір түнде аттандырып жіберді.

Жортуылшы жігіттер арада жеті күн өтіп, сегізінші күн дегенде қайтып оралды. Олжалы. Тапсырылған шаруаны мінсіз орындап, Банжыр ноянға қарасты бір ауылды мал-жанымен көшіріп әкеліпті. Орталарында бұл күнде он жетіге келіп, толған айдай толықсыған Мүней сұлу бар. Ауылдың үлкендері «танымайтын жортуылшы қазақтарға бет албаты қалай ілесе көшеміз» деп тартынған екен. Жол бастаушы қалмақтың ауызша сәлемін естіп, әкесінің өз қолымен жазған хатын оқыған соң, көші-қонға Мүнейдің өзі мұрындық боп, туыстарын бастап әкеліпті.

Айтып отырса — әңгімелері қызық. Қысқа қарай қалмақтардың да мал қамымен сай-сайға бытырап кеткен кезі ғой. Қыс көзі қырауда мұндай суыт жорықты күтпеген де болар, бұлардың жолына кесе-көлденең тұрып, ашық қарсылық көрсеткен ешкім болмапты. Оның үстіне барар жолда Қасабайдың ақылымен жігіттер бірнеше топқа бөлініп, былайша бүркіт салған, тазы жүгірткен аңшылар кейпіне кіріп алған-ды. Ал аңшылар, саудагерлер сияқты, сезік тудырмай шекара бойында аралас-құралас жүре беретін-ді. Қалмақтар бұларды Барлықтан түлкі аулауға бара жатқан біреулер деп ойласа керек. Ал қайтарда әлденеден секем алып, сондарына түскен бірді-жарым қуғыншы топтар болған екен, жігіттер ондайларды

тосқауылдап тұрып, тез ортаға алып, түсіріп кеткен көрінеді.

Сонымен, ойда-жоқта Қожағұл әулетінде тағы бір отау көтерілді. Қыз бен жігіт жол сапары кезінде-ақ табысып үлгірген секілді. Әлінің екі езуі екі құлағында. Қыз өңінде де бақыт нұры шалқиды. Жас келін босағаны оң аяғымен аттап, бәйбішелер шашу шашып, басына желек жапқан кезде де, Мүней қыз соның бәрін қуана, қызықтай қарсы алды. Мүнейдің ақыл-парасатына, айдай сұлу көркіне мұндағы елдіңде көзі тойды.

Көңілге алған шаруаның ойдағыдай сәтті аяқталғанына Қабанбай да қуанышты еді. Мәре-сәре той үстінде, бала-шағасының аман-есен келгенін хабарлап, Банжыр құдасына кісі шаптырды. Әлі сүт кенжесі болғандықтан ба, Қабанбайдың да, Майсараның да Мүней келінге ықылас-пейілдері қатты ауып еді. Бәлкім, құдай-тағаланың көзі түзу болып, көңілдерін ерекше иітіп тұрған шығар. Әйтпесе, қара шаңырақтың құты түбінде осы бір отауға қонатынын, Қабанбайдың өз ұрпағы «жеті Қабанбай» делініп бір тармақталса, кейін кенжесі Әлінің екі әйелінен болашақта үш Қарқара, бес Мүней аталатын сегіз ұл туып, олар «сегіз Әлі» деген бір тайпа елге айналарын дәл қазір ешкім де болжаған жоқ еді.

VIII

Биылғы мешін жылының қысы қатаң болғанмен, көшпелі қазақ қауымын әлденеге асықтырғандай, көктемі ерте шықты. Қыс бойы сіресіп жатқан қалың қар наурыз туа майлық орамалдай кірленіп біраз жатты да, көп ұзамай астынан қызылсу жүріп, айналасы бір аптаның ішінде еріп кетті. «Өлмеген жанға тағы бір жаздың шеті көрінді-ау» десті жұрт. Сай-саладан сарқырап су ағып, дүркіреп көк шықты.

Ежелгі салт бойынша мамыр айының басында Қара-кеңгірдің Сарысуға құятын сағасында өткен хан кеңесі де сол жадыраңқы көңілдің куәсындай болып еді. Бұл ара үш жүзге бірдей ұрымтал, қазақ жерінің кіндігі іспетті, кеңес өткізуге ең қолайлы қоныс болатын. Ең бастысы, сәуір туа Түркістаннан ірге көтеріп, Арқаға қарай бет алатын Ұлы орда ханы Әбілмәмбеттің көші жаңа төлдеген малдың баяу жүрісімен жыла қонып, мамырдың басында осы тұсқа келеді. Ал үш жүзге арналған ел кеңесі, міндетті түрде, ұлы хан Әбілмәмбет ордасында өтуі керек. Егер хан кеңесін Абылай шақырса, бақталас хан-сұлтандар әр түрлі сылтау айтып, өзінше терезе теңестірген жұрт түгел жиналмауы мүмкін. Оның үстіне биылғыдай ұлы аттаныс жайындағы үлкен сөз ешкімге дабырасы жетпейтін, қазақ даласының осындай терең түкпірінде шешімін тауып, жан-жаққа сонан кейін ғана тарауы керек еді.

Алдын ала мөлшерленгеніндей, кеңеске үш жүздің батыр, билері түгелге жуық жиналды. Абылай қарауындағы Орта жүз кісілері кеңестің негізгі ұйтқысы болды десек, биылғы бір жаңалық бұл жолы Кіші жүзден де біраз адамдар келді. Нұралы ханның өзі емес, әрине. Қасына Шақшақ Жәнібектің баласы Дәуіт тарханды ертіп, Ералы сұлтан келіпті. Ұлы жүзден бұл күнде

жүріс-тұрысы ауырлаған Төле би кеңеске қатыса алмады. Бірақ оның есесіне: Наурызбай, Ханкелді, Бердіқожа, Тілеуке, Елшібек секілді батырлар қауымдасқан күйі тұтас келіп түсті. Жартылай болса да, бодандық бұғауынан құтылып, ойрат ордасына қарсы ашық айқасқа шыққалы Ұлы жүз жігіттерінің еңсесі биік, көңілдері көтеріңкі. Қазір олар да мұрттары көкке шаншылып, топ алдында еркін сөйлейтін болған.

Биылғы хан кеңесінде талқыға түсетін басты мәселе екеу. Оның бірі — алдағы аттаныстың бағыт-бағдарын, әр ұлыстан жиналатын жасақ мөлшерін анықтау болса, екіншісі — қазақ жеріне бас сауғалап келген қалмақ нояндары жөнінде. Оларды не істеу керек? Әлі де болса қолға ұстап, қорғап қалу керек пе? Әлде үсті-үстіне келіп жатқан ойрат елшілерінің талабын орындап, қонтайжыға қайтарып берген жон бе? Бұл екі мәселе бір-біріне тығыз байланысты. Алдағы аттаныс жайын сөз ету үшін алдымен қазақ-жоңғар қатынастарын айқындап, қашқын тәйжілер тағдырын біржайлы етпесе болмайды. Өйткені, бұл ойрат Ордасын ғана емес, батыстағы орыс патшалығын да қатты алаңдатып тұрған жағдай.

Өткен жарты жыл ішінде Жоңғар қонтайжысы Лама Доржидан үш дүркін елші келді. Алғашқысы — елші емес, қуғыншы. Дабашы мен Әмірсанаға келіпті. «Нояндар жақсылықпен елге қайтсын. Бітімге келейік. Олар оз еркімен келіп, менің билігімді мойындаса, қарауындағы бұрынғы ұлыстары мен мал-мүлкін түгел қайтарып беремін» депті қонтайжы. Мұнысы жай құрулы қақпан екенін, Жоңғарияға барса өздерін өлімнен басқа ештеңе күтпейтінін жақсы білетін нояндар елге қайтудан үзілді-кесілді бас тартты. Осыдан кейін Жоңғар қонтайжысы Әбілмәмбет пен Абылайға қысым жасай бастаған. «Қазақтар қашқын нояндарды ұстап берсін. Қарымтасына жер ала ма, мал ала ма, қолдарын қақпаймыз» деп бір келді. «Егер қазақ хандығы біздің талабымызды орындамай, қарақшыларды қанатынын астына алып қорғайтын болса, онда біз, амал жоқ, әскер аттандырып, соғысуға мәжбүр боламыз!» деп екі келді.

Ентелеп келген елшінің алғашқысына, Абылай: «Біз ойрат тәйжілерін шақырғанымыз жоқ. Олар қазақ елінен пана сұрап, өздері келді. Ал сауға сұрап келген қонақты паналатпай ұстап беру біздің ата салтымызға жатпайды», деп жауап берген. Араға ай салмай еңтігіп екінші елші келгенде, Абылай уақыттан ұту үшін: «мұндай ел тағдырына қатысты маңызды мәселеге менің жеке билігім жүрмейді, ондайды алдағы хан кеңесі шешеді» деп әдейі сөз бұйдаға салды. Қалай дегенмен, қазақ-қалмақ арасын шиеленістіріп тұрған бұл тартысты бұдан ары соза беруге болмайтын еді.

Ойрат нояндары қазақ ортасына келгелі, бір жағынан, Орынбордағы орыс әкімдері де мазаны алып болған. Биыл қыс бойы генерал-губернатор Неплюев, не үшін екен, қазақ ордасына біресе Шақшақ Жәнібекті салып, біресе Андрей Яковлев пен Матвей Араповты кезек жұмсап, қашқын нояндарды өз қарауларына алуға жанталасты. Сондағы ұсынатын

дәлелдері: қазақ-жоңғар арасы асқынып, артық қақтығыстар болмау үшін ойрат Ордасының назарын өздеріне аударып әкетпек. Бірақ патша әкімдерінің іштерін жегідей жеген басты себеп бұл емес, одан гөрі тереңде жатқанын Абылай көп ұзамай-ақ аңғарып қалды. Сірә, орыс жандаралы Дабашы мен Әмірсананы қазақ хандығы қолдап, бұл нояндар түбі жоңғар тағына отыратын болса, екі ел өзара одақ құрып, бірігіп кете ме деп қауіптенетін секілді.

Ал қазақтың өз ішіне келсек, нояндарды қолдау-қолдамау жөнінде хан-сұлтан, би-батырлардың да пікірі әрқилы. Мұндайда қазақтың сөзі қашан бір жерден шыға қалып еді?! Сол ала ауыздық хан кеңесі кезінде де бой көрсетті.

Ең алдымен ұлы хан Әбілмәмбеттің өзі бұл мәселеде солқылдақтық танытты. Әсілі, Әбілмәмбет жаугершілік заманда туып-өскенімен, кескілескен тартыстың, ашық жаулықтың адамы емес-тұғын. Досқа да, дұшпанға да алды кен, мінезі жұмсақ. Тар кезеңнің өзінде қазақтың баяғы қой аузынан шөп алмас кең пейілдігіне тарта береді. Ешкімнің ала жібін аттамау, бүлінгеннен бүлдірге алмау, басқа елдің ішкі ісіне сұғынбау, тағы басқа толып жатқан қағидалары бар. Ойрат Ордасы байтақ қала Түркістанды қайтарып беріп, оңтүстік өлкесі жаудан тазарғалы ұлы ханның ұпайы түгенделіп, арқасы мүлде кеңіп қалып еді.

Әбілмәмбет хан осы жолы жиналған жұртты таң қалдыратын бір қызық ой тастады:

— Ойрат әулеті өлкемізге өрт салып, халқымызды қан қақсатқан ата жауымыз екені рас. Олардың мойнында қан қарызы, жер қарызы, мал қарызы бар. Жалған ісін ақиретке жібермей, аттанысқа шығып, туған жерді жат қолынан азат етуіміз керек, әрине! — деп келді де, кенет кілт бұрылып. — Бірақ бұл ойраттан тұқым қалдырмай құртып жіберу деген сөз емес. Көне, айтыңдаршы, қалмақтар құрып кетсе, қазақтың күні не болады? — деді қарсы сұрақ қойып. — Қазақ пен қалмақты туыстыратын — көшпелі тірлігі, киіз туырлығы мен ағаш уығы ғана емес, арыстан мен айдаһардың екі ортасында қалған ортақ тағдыры. Білген кісіге ойрат ордасы — айдаһардың жолына құрған қанды қақпаның емес пе? Қазақ пен қалмақ — кіндіктес. Олар күйресе, біз де ұзаққа бармаймыз... Сондықтан көрші елді іштей ірітіп, берекесін алмайық. Егер олар жерімізді бейбіт бітіммен қайтарып беруге шынымен келіссе, нояндарды ұстамай, өз хандарына табыс етейік.

Әбілмәмбет ханның бұл ұсынысын Ұлы орда төңірегіне топтасқан Есет, Елшібек, Киікбай секілді батыр, билермен қоса Орынбордың арнайы тапсырмасын ала келген Ералы сұлтан қолдады. Алайда Абылай бастаған Орта жүз басшылары түгел дерлік нояндарды қорғап қалу жағында еді. Бұлар да бұлтартпас дәлел келтірген: жауды аяған жаралы, ойрат Ордасы іштей іріп, бөлініп жатыр екен, ендеше, дәл қазір оны бүтіндейміз деп әлекке түсудің қажеті жоқ. Мына бетінде Лама Доржи ойрат тағында ұзақ

отыра алмайды. Ол биліктен кетсе, тақ мұрагері Дабашы мен Әмірсананың бірі болары сөзсіз. Демек, бізге керегі — жоңғар тағына қазақта ұзында өші, қысқада кегі бар басқа біреуді емес, қиын кезеңде өзімізден жақсылық көрген, қолайлы кісіні отырғызу.

Нояндарды қайтарып беруді жақтағандар, көбінесе, қонтайжының алдағы жазалау жорығын көлденең тарта берген. Сондай сөздерге Қабанбайдың намысы келіп, терісіне симай ашуланып отыр еді. Айтар сөзі де қысқа болды:

— Бұл не сонда? Қазақ хандығы қашаннан бері қонтайжының ыңғайымен жүріп еді? «Күшігінде таланған тазы төбет болғанда да түлкі алмас» дегеннің кері ғой бұл! — деді ол түгі сыртына шыға буырқанып. — «Шешінген судан тайынбас» деген қайда? Өзіміз биыл жаңа аттанысқа шыққалы отырып, жоңғар жорығынан қаймыққандарыңа жол болсын! Қалмақтың тұқымы құрып кетеді екен деп қорықпандар. Оларға басқа бір жақтан пәле төнбесе, ол — қазақтың қолынан келер нәрсе емес. Ал қазақ жерін қайтарып алуға келсек, оны да оп-оңай ұстата салайын деп тұрған ойрат жоқ. Ендеше, жаудың жарылғаны — біздің ырысымыз. Сол мүмкіндікті қолдан шығармауымыз керек. Дабашы мен Әмірсананы құдайдың өзі арамызға айдап келген екен, қайта олардың қолына да қару ұстатып, қатарымызға алайық. Нояндарды қолдайтын қалмақ былай шықсын да, қалғандары тұрысатын жерін айтсын!

Бұлайша тым кесіп сөйлеу Қабанбайдың әдетінде жоқ-тұғын. Өзіндегі бедел мен салмақты түгел жұмсамай, өлшеп пайдалануға тырысушы еді... Жаңағы сөзі Әбілмәмбеттің де шымбайына батып кеткен болар:

— Апыр-ай, Дарабоз, сен тым қатты кеттің-ау! — деді ол жұқалтаң, аққұба жүзі дуылдай күреңітіп. — «Киіз кімдікі болса, білек соныкі» дегендей, түбі жаумен шайқасатын — сендер ғой. Егер қайраттарың қаптал жетіп тұрса, қалмақты қалай жығам десендер де ерік өздерінде.

- Кешір, хан ием! Батыр деген атты көтеріп жүрген соң, батыра сөйлеп жатқан түріміз ғой, — деп Қабанбай да жуып-шайған болды.

Ақыры нояндарды қорғау бағыты үстемдік алды. Орынбор әкімдерінің шегелеп жібергеніне қарамастан, бұл ұсынысты ең соңында Ералы сұлтан мен Дәуіт тархан да қолдап шықты. Олай болған таты бір себебі, Ташкенттен келген Ұлы жүз батырлары Бердіқожа мен Ханкелді кеңеске Төле бидің сәлемін жеткізген.

Төле би осыдан екі ай шамасы бұрын былтырғы тұтқын қалмақтар мен аманатта жүрген қазақ жігіттерін алмастыру мақсатында ойрат ордасына барып қайтқан-ды. Қолынан күш кеткен қонтайжы өзінше биге жылы қабақ танытып: «біз енді Ұлы жүзден бұрынғыдай аманат та алмайық, алым-салықты да азайтайық. Бірақ сырт биліктерің бізде болсын» деп тәуір-ақ шырғалаған көрінеді. Төле би жау ордасында отырып не десін, қонтайжыға

ашық уәде бермей, үмітін де үздірмей, жай есек дәмелі етіп, өз баласы Жолан бастатқан аманаттарды алып қайтқан... Ұлы бидің сол сапардан түйгенім деп, ел басшыларына айтқан сәлемі де — нояндарды қайтармау дегенге саяды.

«Дабашы мен Әмірсана уақытша жеңіліс тауып, кіріптар халге түскенімен, ойрат Ордасында олардың жақтастары жеткілікті... Дүние шіркін ертең қалай төңкерілерін кім білсін. Сол нояндарды қолға ұстау арқылы жаудың күшін ыдыратып, біраз қалмақты өз жағымызға тартуға болады» депті ұлыс бегі.

Бұл отырғандардың ішінде, басқаны мойындамаса да, ел арасындағы саясатта Төле бидің білігіне шек келтіретіндер жоқ еді. Осыдан кейін мана қарсы пікір айтқандардың өзі де бері қарай аунап түскен.

Ал алдағы аттаныс жөніне келгенде бұра тартқан бөтен пікір болған жоқ. Бәрі бір ауыздан биылғы жазды жоңғарға қарсы шабуыл жазы болсын деп шешті. Тек найзаның ұшын алдымен қай тұсқа бағыттау керек деген сұрақ төңірегінде әркелкі тұжырымдар айтылды.

Батырлар мен билердің бір тобы биылша төменгі Талас, Шу өңірін жау қалдығынан тазартып, сонан кейін негізгі күшті Жетісуға салайық. Сөйтіп Іле алқабына орналасқан ойрат ордасының дәл өкпе тұсынан қысайық дегенді ұсынды. Мұны айтқан Ұлы жүз жігіттерінің де түпкі ойын түсінуге болады. Бұрын Жетісуды мекен еткен қалың Шапырашты мен Жалайыр, Албан, Суан мен Дулат ежелгі ата жұртынан айрылып, Арыс пен Сыр бойындағы тар жерге қамалып отырғалы қай заман. Бұл рулардың да қанатын кеңге жайып, өз мекендеріне оралатын мезгілі жетті. Алдағы аттаныс жайында да Төле бидің арнайы айтқан сәлемі бар екен. Наурызбай мен Ханкелді батырлар кезектесе отырып, бидің сөзін айнытпай жеткізді:

— Ойрат ордасының қазақтан беті қайтып әлсірегенін сезген болар, қазір оған қарсы қару көтеретіндер көбейе бастады. Нарын, Ыстықкөл маңында қырғыздар бас көтерсе, Ферғана, Ош тұсынан қоқандықтар да өз үлесін алып қалмақ. Биыл көктемде Ерден бек атасы Баба-бектің түбіне жетіп, ақыры Қоқан билігін өз қолына алған-ды. Бұларды көрген Қашқарияның ұйғырлары да тек жатпасы анық. Сондықтан қазақ хандығы тізгінді қолдан бермей, шабуылын әлгілермен қапталдас, түстік жақтан бастағаны жөн, — депті Төле би.

Ал Керей Жәнібек батыр мен Найманнан шыққан Көкжал Барақ, Ақпантай, Танаш батырлар да өз ұлыстарының тар жерде сығылысып зорға отырғанын, шама келсе шабуылды Барқытбел, Алтай бағытына бұрып, қоныс кеңейту керектігін баса айтысты. Бұлардың да бұлтартпас дәлелдері бар: орыстар Ертісті өрлеп, Жетісарай мен Өскеменге ғана бекіністер салып қоймай, кейінгі кезде құрлыққа да қол соза бастаған. Осылайша етек басты болып, бөгеле берсек, қазақ жерінің шығыс аймақтары аузы түкті жат жұрттың тырнағында кетуі мүмкін. Сондықтан ең алдымен төтенше қатер

төніп тұрған шығыс шебімізді бекемдеуіміз қажет...

Абылай кешеден бері батыр, билерге емін-еркін кезек беріп, жұрттың айтқан сөзін де, айтпай көмейіне бүккен ойын да жақсы пайымдап отырған. Ол осы бас қосуда бір нәрсені бүкіл болмысымен қапысыз сезінгендей болды. Бір сөзбен айтқанда, асығу керек екен! Ойрат күні батуға тақау. Ал жеңілген елден әркім-ақ жырым-шеттік олжа алтысы келеді. Сондықтан қазақ елі өз сыбағасын ешкімге жібермей, қамдап қалуы керек... Мыналар Қырғыз бен Қоқанды айтып отыр. Осындайда шығыстан Маншың айдаһары бас көтеріп, Жоңғарияны бір шетінен жұта бастаса не болмақ? Жұтқан екен, оның адал-арамына, сенікі-менікі дегенге қарай ма? Жоңғар атының тұяғы тиген қазақ жерін қоса қылғытуы да мүмкін ғой. Ал ондай қауіп бар. Жүргінші саудагерлердің айтуынша, Маншың хандығы өзіне бағынышты Халқа-монғол мен ішкі Шахар, Көкнордан жаппай әскер жинап, қарулы қосынның алдын Жоңғармен шекаралас Баркөл, Құмыл аймақтарына топтап жатқан көрінеді. Боғдахан баяғыдан бері қалмақты қазаққа айдап салып, екі жақтыңда күшін әбден әлсіретті. Енді, міне, сәті келіп тұрғанда, өз құрбандығының мойнын бұрай салуы ғажап емес.

Жоқ, асықпаса болмайды екен. Әттең, күш-қуаты жетпейді ғой. Күш жетсе, оңтүстік, солтүстік деп бөлмей-ақ, барлық майданда бір мезгілде шабуылдаса, қандай ғажап болар еді! Дегенмен, қолдағы мүмкіншілікті әлі де болса салмақтап көру керек.

— Жарандар! Қазақтың мынау керексіз деп шетке шығарып тастайтын басы артық жері жоқ. Жер жәннаты Жетісуды кімге қиярсың? Құт қонған Барқытбел мен Алтайды қалай жау табанына тастап қоярсың?! Бірақ сол жерлерді азат ету үшін алдымен қарулы жасақ, аламан әскер керек қой! — деді ол жұртты тегіс аузына қаратып. — Кәне, қай ұлыс қанша қол шығарады? Әуелі шама-шарқымызды бір мөлшерлеп алайықшы. Сонан соң көрпемізге қарай көсілерміз.

Соны айтып, Ордада отырған жұртты өткір жанарымен жағалай сүзіп шыққан. Ұлыс басшылары мен батырлар бірін-бірі алға салғысы келгендей, біразға дейін тым-тырыс отырып қалды.

— Неге үндемейсіңдер? Ендеше кезегімен үлкендетіп бастайық: кәне, Ұлы жүз батырлары не айтады?

— Биыл, құдайға шүкір, Ұлы жүз жасағы бір түменнен кем болмас, хан ием! — деді Шапырашты Наурызбай бәрінің атынан жауап беріп.

— Бәрекелді! Ұлы жүз — бұғаудан босаған жолбарыс қой. Нағыз жан аямай жұлқысатын кезек сендердікі! — деді Абылай разы болып. — Ендігі сөзді алыстан ат өксітіп келген Кіші жүз кісілеріне берейік.

Кіші жүздің жігіттері ақылдасқандай өзара күбірлесті де, ақырында Ералы сұлтан сөз алды:

— Мұндайда арық айтып, семіз шыққан жақсы ғой, Ханаға! Биыл кіші жүз батырлары да кемінде бес мың қолмен ту түбінен табылары хақ. Амандық болса, жасақты өзім бастап әкелемін!

— Бәрекелді! Үш жүздің әскері бір жерге түйісті деген дақпырттың өзінен-ақ дұшпанның зәре-құты қалмас! — деді Абылай, ер намысын қоздырғысы келгендей жорта елеуіреп. — Ал енді, ормандай көп Орта жүз, сендер не айтасыңдар?

Арқадағы төрт арыстың қолбасылары: Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек, Баян батырлар бірыңғай шоғырланып отырған-ды. Алдымен аға баласы саналатын, жасы үлкені — Қанжығалы Бөгенбай батыр сөз алды:

— Есім ханнан бері келе жатқан ескі салтта: Арғын мен Найман қашанда бір-бір түменнен әскер шығарып келген ғой, хан ием! Бұл жолы да сол мөлшер сақталсын, — деп Қабанбайға қарап еді, ол құптағандай басын изеді. — Ал Керей атаң мен Уақ бауырлар шама-шарқына қарай өздері айтар.

«Шама-шарқы» дегенге Керейдің намысқой батыры Жәнібек қитығып қалды:

— Ата жұртымыз Алтайға аттанар күн туса, Ашамайлыны білмеймін, Абақ керей бес мың қолмен атқа қонады! — деді қызыл күрең жүзі сәл куқыл тартып.

— Бәрекелді! Ал енді батыр Баян не айтар екен?

— Мен не айтайын, хан ием?! Ерқосай мен Еркөкшенің тұқымы екені рас болса, біздің жігіттер де үйде бұтып жатпас. Атымыз Уақ болғанмен затымыз ірі. Біз де бес қаруы сай бес мыңдай қол қосамыз! — деді Баян ағалары Сары мен Өтеген батырларға қарап қойып.

— Бәрекелді! Беталысымыз жаман емес, қазірдің өзінде төрт түменнің басы құралып қалды, — деді Абылай Ордадағы жұртты тағы бір рет шолып өтіп. — Бірақ бұл әлі сөз ғана. Маған көпірткен құрғақ уәде емес, ту түбінде тұратын қарулы сарбаз керек. Үш жыл бойы сауын айтып жүріп, өткен жылы үш түмен қолды зорға жинағанымыз естерінде бар ма? Ал биыл қапы қалып жүрмендер: жоңғардан босаған жаңа қоныстар тек қан төгіп, қайрат көрсеткен руларға беріледі.

Өр тұстан құптап-қостаған дауыстар естіліп, Орданың іші гүлдесіп кетті:

— Құдай сақтасын, мұндайда бұғып қалатындай не көрініпті?

— Ойбай-ау, баяғыдан бері құса боп, күтіп жүргеніміз осы емес пе?!

— Құда қаласа, биыл қалмақтан қарымта қайтарып, олжа түсіретін

жылымыз ғой! Тақа бір үміті кесілген біреу болмаса, үйде жататын ер-азамат,табылмас! — десіп жатыр.

— Олай болса, шілденің алғашқы жаңасында, Балқаш көлдің жағасында, ту түбінде табысайық! — деді Абылай тізгінді қайтадан өз қолына алып. — Оған дейін ат әлденеді, ақ молаяды. Ал найзаның ұшын қай бағыттарға қаратамыз дегенді қазір емес, жиналған әскердің мөлшеріне қарай, кезінде белгілеген жөн шығар. Егер ту түбіне, шынында да, сайдың тасындай төрт түмен қол жиналып жатса, оның бәрін бір жерге үйіп-төкпей-ақ, жұрт айтқандай үшке бөліп, неге үш айыр найзаға айналдырмасқа?! Бір түмен қол Талас пен Шу аңғарын өрлей жылжыса, ортадағы екі түмен қол Жетісу — Алакөл бағытында ұрыс жүргізеді. Ал төртінші түмен Барқытбелді бауырлата, Алтайға қарай атой салады. Сөйтіп, біз Жоңғар шебін Алтай мен Алатау арасында бір мезгілде тарпа бассалатын боламыз!

— Бұлай еткенде майдан арасы ішектей созылып, күшіміз тым бытырап кетпей ме, Абылайжан? — деген Әбілмәмбет сақтық айтып.

— Бұл түбегейлі тоқтам емес, хан-ата! Әзіргі болжам ғана... Әй, бірақ төрт түмен әскер ту түбіне жинала қояр ма екен?! — деді Абылай. — Дарабоз, сен не айтасың бұл туралы?

Қабанбай мұндай сұрақты күтпей бейқамдау отыр еді:

— Оның бәрі, өзің айтқандай, әскердің қарымына байланысты, хан нем! — деді ол бойын тез жинап. — Жасақ саны жетіп тұрса, неше жерден майдан ашам десек де әбестігі жоқ. Айтқандай, біздің күшіміз бөлінгенде, жаудың күші бөлінбей ме екен? Амалы құрыған ойраттар да әскерін әр тұсқа бір бөліп, тосқауыл қоюға тырыспай ма? Бірақ олар бұл жолы негізгі соққыны өз ордасына ұрымтал Іле бойынан күтері анық. Соған орай, біздің әскердің де ен жауынгер тобы осы тұста болғаны жөн.

Осымен, хан кеңесіндегі басты түйіндер шешім тауып, енді тек ел ішіндегі көші-қон, өріс-қоныс жайы, рулар арасында бітпей келе жатқан ескі даулар ғана қалып еді. Қолбасы батырлар аттаныс, әскер мәселесін біржайлы еткен соң, ендігі шаруаға білектерін сыбанып билер кірісті...

Арада екі айға жуық уақыт өткенде, айтқандай-ақ, Балқаш жағалауына қазақ қосыны шоғырлана бастаған. Орта жүз қолы Абылай өзі ту тіккен Аягөз өзенінің төменгі сағасына жиналса, Ұлы жүз жасағы Балқаштың түстік жағындағы Күрті, Топар төңірегіне топтасып жатты. Ал Кіші жүзден әзірге дерек жоқ. Ералы сұлтанды біреулер айнытып тастады ма, әлде жер шалғайлығынан жете алмай жатыр ма деп екі ұдай күйде отырғанда, Абылайға суық хабар жетті. Осы жақында, жетпістен асқан жасында Шақшақ Жәнібек қайтыс болыпты... Бұл күнде Әбілқайыр әулеті мен іргелес отырған Кіші жүздің басқа да батыр, билері сол Жәнібек тарханның ауылында көрінеді... Ауыр қаза, әрине. Бірақ оған қарап жорықты тоқтатуға болмайтын еді. Бәрі ақылдасып, орталарынан Қанжығалы Бөгенбай

батырды қасына әр рудың басты билерін қосып, бата оқырға жіберді де, басқалары өз істерін жалғастыра берді...

Ту түбіне Орта жүз рулары да түгел келе қойған жоқ. Осы таяуда болып өткен бір оқиғаға байланысты Қызылсу-Шар, Шыңғыс өңіріндегі біраз рулардың биылғы жорыққа қатыса алмайтыны мәлім болды. Таты сол Дабашы мен Әмірсананың қырсығы... Бұл төңіректегі ауылдар қашқын нояндардың өз ортасында жүргенін білсе де, жуық арада олардың соңынан қуғыншы келеді-ау деп күтпеген. Қалың ел осы көктемде батырлары мен билерін хан кеңесіне аттандырып жіберіп, өздері жабағы жүндерін қырқып, тай-құнанын таңбалап, бейқам жатқан-ды. Әккі қонтайжы осы бір кезенді өз мүддесіне өте ұтымды пайдаланды.

Бұрын да бұл маңайдан Дабашы мен Әмірсанаға қосыламыз деп, оқта-текте шағын-шағын топ болып, босқын қалмақтар өтіп жататын. Ойраттар Шорға бойынан жолға шығуға дайындалып жатқан сондай бір топты қолға түсіреді де, қашқын нояндардың мекен-жайын біліп алған соң, әлгі жасақтың орнына Батыр-Убашы ноян бастаған өз әскерін аттандырады. Ат-көлігі сай, қару-жарағы қапысыз, арнайы сұрыпталған үш мың кісі. Тапсырылған міндет — қайткен күнде де Дабашы мен Әмірсананы тірідей қолға түсіру, тіпті болмаса өлтіріп басын әкелу.

Бұлар бұл сапарда Қалбаның қалың бұйраты мен Қызылсу, Шарды басып, жолдағы елге «бұрынғы нояндарымызға бара жатырмыз» деп мәлімдейді де, Шыңғыстау жаққа еш кедергісіз өтіп кетеді. Батыр-Убашы қырқыншы жылдары бұл өлкені талай шапқан, жер жағдайына қанық неме болатын. Сол беті түнделетіп келіп, таң ата Орда тауында отырған Қайып пен Өтеген батырдың ауылдарын қоршайды. Абырой болғанда, бұл кезде Дабашы мен Әмірсана да, оның ағасы Банжыр да ауылда жоқ еді. Олар осының алдында тана Абылайдың шақыртуымен, қастарына Өтеген батырды ертіп, Қарқаралыға кеткен-ді. Қашқындарды ұстай алмай ызаланған ойраттар енді қазақ ауылдарын қанға бөктіріп, қырып-жоюға кіріседі. Қапыда қалған Қайып батыр аз қолмен қоршауды бұзып шығам дегенде оқ тиіп мерт болады...

Қысқасы, ойрат қолы осы сапарда бейбіт жатқан қазақ ауылдарына ойына келгенін істеп, аяусыз ойран салады. Ел тонап, жылқы алудың сыртында, қашқын қалмақтардың қарымтасы деп, қазақтың біраз ер-азаматын, қыз-келіншектерін байлап-матап олжа етеді. Бұл жолы шабылғандар — негізінен Арқат, Орда тауларындағы Уақ пен шығыста Жоңғар шебіне таяу отырған Бура, Матай, Ақнайман ауылдары еді.

Бұл батыр-билердің көбі әлі Сарысудағы кеңестен қайтып үлгірмеген кезі болатын. Соған Қарағанда, ойраттар хан кеңесінің орны мен өтетін мерзімін дәл мөлшерлеген секілді. Кеңеске кеткендердің ішінен елге алдымен жеткені — Көкжарлы көкжал Барақ пен Ақнайман Жаман батыр екен. Екеуі елге келген бойда осыдан бір жұма бұрын Әмірсанаға қосыламыз деп мұздай қаруланған үш мың қалмақтың батысқа қарай өтіп

кеткенін естиді де, көңілдеріне секем алып қалады. «Қашқын-босқын біреулер болса, қару-жарағы бұлай сай болмаса керек еді ғой» деп, Барақ дереу жігіттерін жинап, із шалып байқайды. Ақыры ойлағаны дәл келіп, Шардың төменгі ағысында көп жылқы айдап, тұтқын шұбыртып келе жатқан ойрат қолымен ұшыраса кетеді ғой.

Тығыз-таянда Барақ пен Жаман екеуі екі мыңдай ғана қол құрап үлгірген екен. Әйтсе де, жау қарасын алыстан шалып, ұрысқа ұрымтал жерді күні-бұрын таңдап алады да, тұтқиылдан шабуыл жасайды. Ұрының арты қуыс. Тосқауылда жатқан қазақ қолының мөлшерін нақты біле алмаған ойраттардың бірден ұйқы-тұйқысы шығып, табан тірей алмай, қаша соғысыпты. Жұрттың айтуынша, осы ұрыста көкжал Барақ көкжалдығын таты бір танытса керек. Алдаспаны жарқылдап, қарсы келген қалмақты шетінен құм қаптырып, ерен ерлік көрсетіпті. Оны көрген қазақтың өзге жігіттері де жан аямай өршелене қимылдаған... Ақыры қалмақ жағы ашкөздікпен айдап әкеле жатқан көп жылқысын, тонап алған дүние-мүліктерін, тұтқындарды тастап, өздері бас сауғалауға мәжбүр болыпты. Айтыстарына қарағанда, екі жақтан да шығын аз болмаған. Әйтеуір, түбі қайыр, қазақ жігіттері ұрланып келген жаудың өкше-ізіне түсіп, Қалбадан асыра қуып тастаған көрінеді.

Дегенмен, қапыда соққан жау шабуылы шығыс шептегі қазақ руларының көңіліне қаяу түсірмей қойған жоқ. Ел ішінде «осының бәрі қашқын нояндардың кесірі» деген наразылық туа бастады. «Күйелі ағашқа жұтысқан екенсің, өзің де былғанбай қалмайсың. Осы қалмақтардың ішкі дауына араласып неміз бар еді?! Осылай боларын әлдеқашан білгенбіз!» — дескен сәуегейлер де көбейіп кетті. Бұрынғыдай емес, жұрт күн сайын шығыстан жаңа қауіп күтетін болған. Міне, осындай жағдайда, Қайыптай ел атасынан, талай қыршын боздақтарынан айрылған Уақ ауылдары мен жау шебіне жақын отырған басқа да рулардың алыс жорыққа азамат аттандыруы екіталай нәрсе еді.

Әйткенмен, Балқаш жағасына іргедегі Арғын мен Найман ұлыстарынан екі түмендей қол жиналды. Бұлардың соңын ала, қасына Жәдік Жантай мен Шерушінің жас перісі Байтайлақ батырды ертіп, бес мың қолмен керей Жәнібек те келіп жетті. Бұл кезде Ұлы жүз жасағы да бері таман жақындап, Іленің Балқашқа құятын сағасына қос тіккен. Наурызбай, Бердіқожа, Ханкелді, Тілеуке батырлардың хан шатырына келіп түскеніне де бірнеше күн болды. Олар Абылайдың жау шебіне аттандырған шолғыншы-жансыздарының қайта оралуын күтіп жатқан-ды. Алдымен қарсы жақтың қай тұста қанша әскері барын анықтап біліп алып, аттаныс бағытын сонан соң бір-ақ белгілейік дескен.

Көп ұзамай хан қолына қажетті мәліметтер де жиналып қалды. Жансыздардың айтуынша, өткен жылы Қабанбай жорығы кезінде Талас, Шу бойынан кейін серпілген қалмақ күреңдері биыл ол жаққа ішкерілемей, Шудың жоғарғы ағысы мен Ыстықкөлдің теріскей жағын жайлап отырған

көрінеді. Бірақ, оның есесіне, Алатаудың бергі қапталындағы Суықтөбе төңірегі мен Алматы, Талғар, Түрген ойпатын қоныстанған ойраттардың әлі де іргесі сөгіле қоймаған. Ал қалмақтар ерте бауыр басқан Жетісудың Іле, Қаратал, Ақсу алқабы да сыңсыған жау: Алакөл, Тоқта-Барлыққа дейін қалпы құрамай, сол күйінде отыр деседі.

Осы айтылған елді мекендердің әрқайсысында жоңғар шебін күзетіп тұрған қарулы жасақ бар. Әскер саны әрқилы: біреуінде — мың, тағы біреуінде — бес жүз. Ал қонтайжы негізгі қосындарын елдің арғы түкпірінде, тасада ұстап отырған көрінеді. Қабанбайдың әнегүнгі болжамы дұрыс шықты. Олар, шынында да, негізгі соққыны Іле мен Алакөл тұсынан күтіп отырса керек. Соған орай, мұздай қаруланған екі түмен әскер Іленің оң қапталында, Жаркент төңірегінде тұр дейді. Қолбасы — кәдімгі су жұқпас Сайын-Бөлек. Қашқын нояндарды жазалау үшін, Орта жүзге қарсы жорыққа дайындалған тағы бір түмен қол Жоңғар қақпасының сыртындағы Бұратола маңында деседі. Әзірше Қазақ әскерінің үрдіс шабуылын тойтаруға арналған қонтайжының негізгі күштері осылар.

Абылайдың жорық шатырында өткен кеңесте осы аталған жайлар егжей-тегжейлі сөз болды. Өз күштері жан-жақты сараланып, жау күшіне баға берілді. Ең соңында ақылдаса келіп, әзірше ту түбіне жиналған үш түмен әскерді бір-біріне жалғас екі майданға бөлуді ұйғарысты. Негізінен Ұлы жүз жігіттерінен құралған бір түмен қол Іленің сол жақ қапталы мен Алатау бөктерін жаудан тазартуға аттанады. Қолбасы — Шапырашты Наурызбай батыр. Оның оң қолы — Албан Ханкелді батыр да, сол қолы — Шанышқылы Бердіқожа.

Ал Іленің оң жақ қапталы мен Алакөл арасындағы ұланғайыр өлкеде, негізінен, Орта жүз жасағы ұрыс салатын болады. Қарауында екі түмен әскері бар бұл майданның қолбасысы — Бәсентиін Малайсары батыр. Оның он, қолы — Керей Ер Жәнібек те, сол қолы — Көкжарлы көкжал Барақ. Ал Қаракерей Қабанбай осы екі майданды үйлестіріп отыратын Бас сардар болып белгіленді. Батырлар кеңесі Қара Ертіс, Алтай өлкесіне шабуылдауды биылша қоя тұрған жөн деп тапты.

— Биылғы аттаныс, иншалла, жоңғар қалмақтарына қарсы ең соңғы, шешуші шайқастың бірі болады! — деді Абылай кеңес аяқталар сәтте. — Аттаныс мақсаты — бұрынғыдай ойраттарға тиіп-қашып соққы беру, не олжа алып қайту емес, қазақ жерін жаудан біржола тазарту. Сондықтан жүріп өткен жолымызда жоңғардың бірде-бір күреңін қалдырмай, енді бұл жаққа жау аятын баспайтын етіп, тиісті межеден асырып тастауымыз керек. Ал межені өздерің білесіңдер: ол — «Ақтабаннан» бұрынғы, осы ғасырдың басындағы жер бөлігі. Түстікте Хантәңірінің бауырынан басталып, Жоңғар Алатауын жоталайды да, ортада Тоқта-Барлықты көктей өтіп, Барқытбел, Алтайға қарай тұтасып кетеді. Ал шытыс шегіміз — Өр Алтай, қасиетті Қара Ертістің басы...

— Хан ием! — деді Қабанбай осы тұста оның сөзін болт, — Жоңғар

қалмағы кейінгі жүз жылдықта бауыр басып, мекен теуіп қалды дегеніңіз болмаса, біздің ата-жұртымыз одан да арыта кетпей ме? Іленің басы мен Тәңіртаудың терістік қапталы, сонау Баркөл, Құмыл, Қобдаға дейін ежелгі Үйсіннің, Найман мен Керейдің жері емес пе еді? Соның бәрін жоңғар иелігіне қалдырғанымыз ба?!

— Бұл айтып отырғаның тым арғы тауарых қой, Дарабоз! — деді Абылай езу тартып. — Арғы жағын қуа берсең, бабалар мекені терістікте Орхон-енесайға, шығыста Қытай қорғанына дейін созыла беретіні рас. Бірақ содан бері арада қанша ықылым заман өтті. Тәңіртау мен Алтайдың арасына қалмақтар келіп қоныс тепкеніне де, міне, екі ғасырдың жүзі ауып барады... Біз бұл сапар тым арыға бармай-ақ, Әз-Тәуке таққа отырған кездегі жерлерімізді қайтарып алсақ та жетеді! — Соны айтып аз-кем бөгелді де: — Қарта да болса халық, қанша жау дегенмен ойраттар да бір жерде жасауы керек қой, — деді жадырай күліп. — Көктемде хан кеңесінде айтылған Әбілмәмбет ханның бір сөзінде жан бар. Шынында да, біздің түпкі ниетіміз ойрат әулетін біржола құртып жіберу емес, тек ата жұртымызды азат ету емес пе? Аспан асты кең. Ойраттар да өз жерінде өмір сүре берсін. Тек бізге жауығып, көз алартпаса болғаны. Шығыстағы Ұлы көршімен қоян-қолтық, қабырғалас тұрғаннан гөрі, арамызда сондай бір қалқанның болғаны жақсы... Сондықтан аттаныс кезінде былайғы бейбіт халықты қанға бөктіруден аулақ болайық. Біз құдайларын балшықтан илеп алатын мәжуси де, шоқынды жұрт та емес, хақ жолындағы мұсылманбыз, обал тұрған жерде сауап барын ұмытпайық. Ал олжа жөніне келсек, ата салты сақталады. Төрт түлік мал, асыл жиһаз, қыз-қатын — ер олжасы. Бірақ әдептен озу, ашкөздік болмасын.

Осымен кеңес те аяқталып, қолбасы батырлар қосындарына тарай бастаған. Абылайдың өзі әскердің негізгі құрамы топтасқан Жетісу майданында қалатын болды да, Бас сардар Қабанбай алғашқы кезеңде шабуылды ширата түсу үшін, біраз уақыт Ұлы жүз жасағында болуды дұрыс деп тапты. Ол Найман мыңдықтарын түгелімен Көкжал Барақтың қарауына берді де, өзі қасына ұландар жүздігі мен Еспембеттің ертауыл тобын ғана алып қалды.

IX

Тамыздың алғашқы жұлдызында Балқаш бойынан көтерілген Ұлы жүз жасағы жол-жөнекей Бақанас, Күрті даласын басып өтіп, Алатау бөктеріне қарай бет түзеді. Ойраттар қыс күндері мал отарлатқанда болмаса жаз бетінде бұл өлкелер елсіз, иен жатушы еді. Қалмақ күреңдерінің көбі қазір жайлауда, немесе бергі тау бөктерінде. Бұлардың шашыраңқы қазақ ауылынан бір айырмашылығы: елу-алпыс, кейде тіпті жүз түтінге дейін қотандасып, бір жерде отырады. Демек, қазақтан гөрі қалмақтар соғыс жағдайына бейімдірек. Алғашқы дабыл қағылысымен өр күреңдегі қару ұстауға жарайтын еркек атаулы дереу атқа қонып, өз зайсандарының қасынан табылуға міндетті.

Алатаудың бұл бөктеріне қалмақтың бауыр басқанына да, міне, қырық-отыз жылдан асып барады. Кейінгі жас буыны түгел дерлік осында туып-өскендіктен, бұл өлке бір кезде қазақтың жері еді-ау, басымыздан бак тайған күні, бұл арадан көшеміз-ау деген ой кәперлеріне кіріп-шықпайтын. Өздерінше әбден тапжылмастай болып, ел жиі отыратын үлкен өзен бойларына дін орталығы — пұтхана-күрелерін салып, қордаланып алған. Бұл маңда көптен шекара шебін ұстап тұрған Шамалхандай батыры, осы төңіректегі ел қысқаша «Хаскелең» атап кеткен Хасар лама секілді дін басылары Алатаудың осы тұсын жеке-дара билеп, әбден мыңғырып байып кеткен-ді. Мына бетінде енді бірер ұрпақ ауысса, бұл жер ежелден ойраттық ата жұрты деп айтуға да жүздері жанбас еді.

Қазақ хандығы биыл әскер топтап, жоңғарға қарсы жорыққа аттаныпты дегенді бұлар да естімей жатқан жоқ, естіді, әрине. Бірақ көздеріне шел, көкіректеріне жел бітіп, әбден әспенсіп алғаны сонша, соның бәрін жай дақыртқа жорыған түрі бар. Тіпті қазақтың аттанысқа шыққаны рас болған күнде де, «әй, солар қайте қояр дейсің» дейтін көркеуде өктемдік бар еді.

Қазақ қолы Ақшиден өтіп, Айдарлыға таяғанда, қалмақтың ен жайылып жатқан қалың түйесі мен екі қос жылқысының үстінен шықты. Алдымен ұшырасқан шолғыншылар тобы-тұғын. Сірә, оларды жай жылқы алуға келе жатқан жортуылшы ұрылар деп ойласа керек, бақташы қалмақтар сескене қоймай, «қайт-қайттап» қарсы шапты. Тіпті бұрын жеткені сойыл айқастырып та қалып еді. Бірақ артта келе жатқан қара қорым қолды көріп, жан дәрмен қайта қашты. Біразы жебеге жем болып, жарым-жартысы құтылып кетті.

— Қап, мыналар жан-жаққа аттандап, іш жақтағы елді түгел құлақтандыратын болды-ау! — деп өкінді қолбасылар. Дегенмен, екі қос жылқы мен бес жүздей түйені басып қалған қазақ әскері алғашқы қадамдарын жақсылыққа жорыған.

Осы арада Қабанбай уақыттан, әрі жолдан ұту үшін жасақты екі топқа бөлді. Қарауында Тілеуке, Қойкелді батырлар бар Бердіқожа бастатқан бес мың қолды Мәтібұлақ, Қопа, Қордай жағына жіберді де, өзі Шапырашты, Албан жігіттерінен құралған Наурызбай, Ханкелді, Байсейіт тобын бастап, Қарғалы, Қаскелең, Алматы бағытына қарай тура тартты.

Ханкелді секілді жасамыс, егде батырлар бұл өлкенің жер жадысын жақсы біледі. Шығыстан жоңғар шабуылы басталып, албандар ата жұртынан ауғанда, Ханкелді жиырмадан жаңа асқан жігіт екен. Басында бұлар ойраттардың қысымына төтеп бере алмай, Шалкөде, Қарқара жайлауынан шегініп, біраз уақыт осы Алматы, Талғар, Ақсай аңғарына тұрақтаған көрінеді. Кейін «Ақтабан шұбырынды» кезінде бұл жер де қоныс болмай, еріксіз түстікке қарай ығысқан. Қазір жасақтың алдыңғы легінде келе жатқан Ханкелді жас кезінде талай шарлаған жерлерін еске алып, көз ұшында арсаланып көрінген Алатау сілемдерін Қабанбайға

сырттай таныстырып келеді.

— Оң қол жақтағы сонау бір басына бұлт үйіріліп, дара тұрған биік тау — Суықтөбе. Бұл маңда заңғар шындардың молдығы ғой, оның төбе атанып тұрғаны... Одан ары созылып жатқан — Бұтымүйіз, Бесмойнақ жайлаулары. Ал мына сол қанаттағы жасыл текшелер Үшқоңыр, Көктөбе, Құлансаз... Бұл бөктерге өз басым соңғы рет баяғы Аңырақай жорығы кезінде бір келіп едім, содан кейін ат басын тіреп тұрғаным осы. «Ақтабаннан» көп кейін туған мына Райымбектер, — деді өзіне тақау келе жатқан немересін нұсқап, — ата жұртын көрген жоқ, тек үлкендердің әңгімесінен ғана біледі. Жалғанда туып-өскен жерінді бір көруге зар болып, құсаланған жаман екен ғой...

— Иә, ол жағы басымызда бар... Ол да бір ортақ шер ғой! — деді Қабанбай күрсініп. — Менің туған жерім — Тоқта-Барлықты да әлі күнгедейін қалмақбасып жатыр. Күн ашық күндері біз отырған жерден, ана Суықтөбе секілді, бұлдырап көрініп тұрады. Тоқтаның төбесі көрінген күні жайым жарасып, көңілді жүрем де, күн бұлттанып, тұман тұмшалағанда, әлденеге жабырқап, сіркем су көтермейді...

— Апыр-ай, шынында да, мұнымыз бір екен-ау! — деді Ханкелді тебіреніп. — Аттың басын алдымен сол Алакөл, Тоқтаға бурам десең, саған қазір қарсы келер кім бар еді?! Өзіңді емес — өзгені, ауылдасты емес — ағайынды ойладың. Бұл да — сенің қол жетпес ірілігін, Дарабоз!

Бұлар әңгіме қызығымен аңғармай қалыпты: сонау бір биіктен етектерін жел көтере, еңкейе шапқан екі салт атты сай табанына жарыса құлап, көрінбей кетті де, әлден уақытта қылт етіп қайта шықты. Алға озып кеткен шолғыншы жігіттер екен.

— Мына жақта Қаскелең күресінен аттанған қалың қол осылай қарай беттеп келеді, — деді бадырақ көздеу қара жігіт аптыға тіл қатып.

— Мөлшермен қай тұста?

— Қаралдысы қанша адам? — деді Наурызбай мен Ханкелді қабаттаса сұрақ қойып.

— Екі-үш қырқаның астында... Жоламан тәтемнің айтуынша, жау қарасы бес мыңнан кем болмас.

— Жоламанның өзі қайда?

— Ол кісі қарауылда қалды. Жау бағдары анықталғанша күте тұрмақ.

— Бұл — Шамалхан ноянның жасағы шығар-ау, дәу де болса... Одан басқа бұл маңда мол әскер ұстайтын ешкім жоқ сияқты еді, — деді Ханкелді өзінше болжам жасап.

Қанша дегенмен, жаумен алғашқы бетпе-бет келулері ғой, жігіттердің абыржып қалғаны байқалды.

— Не істейміз? Түзем құрамыз ба? — деген Наурызбай үнінде де толқыныс ізі бар.

— Ұрыс дабылы қағылсын! Жау жақындағанша, сен ана бір тұрғыны иемденіп ал! — деді Қабанбай. — Бірақ әскердің бәрін қырқаның басына шығарма. Ту түбінде үш мыңдай найза қалдыр да, қалған екі мыңды екі қанатта, қалтарыста ұста.

Дабыл қағылып, керней тартылды. Жер құйқасын топылта басқан әскердің негізгі бөлімі көрінеуге шығып түзем құрды да, Байсейіт пен Молдабайдың жігіттері қос қанаттағы ұры сайға барып жасырынды. Бұлардың тұрған жері — биік жалдың басы. Бет алды — тақтайдай керілген кең жазық. Жау әскері қанша болса да алыстан көзге түсіп, ашық алаңмен тана келе алады.

Күн кіші бесінге таяп қалған мезгіл еді. Арада сүт пісірімдей уақыт өткенде қарсы беттен жау қарасы да көрініс берді. Қабанбай көз мөлшермен бір қарағанда-ақ байқап үлгерді: жау жарты әскерін тосқауылда қалдырып кетпесе, мына келе жатқаны үш мыңнан аспайды. Кілең семіз сәйгүлік мінген, қару-жарағы сайлы, жүрістері үскінді. Сырт пошымдарына қарағанда, бұлар қонтайжының қалыпқа түскен жорық әскері емес, осы маңдағы шекара шебінде тұрған жасауылдар тобы секілді.

Бірден қаптама соғыс ашуға қалмақтардың да жүрегі дауаламай, жарты шақырымдай тақап келіп, түзем құрды. Дабыл қағып, шындауыл ұрғаны байқалды. Демек, ұрыс жекпе-жекпен басталып, дәстүрлі қалыпта өтеді деген сөз. Сонымен бірге, мұндай келіс мына топтың ішінде өзіне сенімді қолбасы, не атақты батыр бар дегенді де білдіруші еді.

— Жеке сайысқа шығамыз деп тіленген жігіттер бар ма еді? Матқапы боп жүрмесін, — деді қолбасы Наурызбайға бұрылып.

Ұлы жүз жасағында, үлкендерді қоспағанда, кейін көзге түсіп жүрген Сіргелі Қара батыр, Жаныс Қыбырай, Жалайыр Тәттібай, Ханкелдінің немересі Райымбек секілді дәмелі жігіттер аз емес-ті. Бірақ Наурызбай жастарға сеніңкіремеді ме:

— Көрейік, қарсы жақтан кім шығар екен? Егер тіс қаққан, сырқынды біреу болса, осы ұрысты тіпті өзім бастап берсем бе деп тұрмын — деді астындағы ақтабан аттың айылын шандырлап қайта тартып жатып.

Қазақ-қалмақ үрдісінде мұндай жекпе-жектер құр найза салысу, қылыш сермесумен ғана тынбай, сөзбен қағысу, тілмен түйресу қоса жүреді. Сайыс үстінде тауып айтылған орынды, өткір сөз қарсы жақты жасытып, арт жақта тұрған аламан әскердің рухын көтеріп тастайтыны бар. Сондықтан

мұндайда күш-қайратына қоса, сөзі де мірдің оғындай, көшелі адам керек... Қабанбай бұл күнде жасы қырық бестерге жаңа келген Наурызбайдың күжірейген сом тұлғасына сүйсіне қарап сәл тұрды да: «ата жұртындағы алғашқы айқастың тұсауын өзі кескелі тұр-ау! Ол да жон екен» деді іштей толғанып.

Көп күттірмей қарсы жақтан қара жал, құла айғырға мінген бір дәу ортаға орағытып шыға берді. Үстінде шарайнасы күнге шағылған ақберен сауыт, басында қаракүс қауырсынды болат дулыға. Бері таман келіп, ат үстінен қопандай көтерілді де, май басқан қарлығыңқы дауыспен күшене айғай салды:

— Уа, хасақтар! Сендерді мұнда кім жіберді өзі? Бұл — ұры-қары жүретін жер емес, өз кезінде ұлы қонтайжылар Цеван Ребдан мен Халдан Церен түнеп аттанған, құдай үйі — күре салынған қасиетті орын. Құдайдың қаһарына ұшырамай тұрғанда, тез кетіндер бұл арадан!.. Мен — осы өлкенің қожасы, щорстан шыққан бекзада — Шамалхан батырмын!

Қазақ жағы дабырласып қалды:

— Оңбағанның айтып тұрған сөзін қарашы!

— Өлгі Шамалған деген сұм осы екен ғой!

— Мынаның сазайын тартқызатын біреу неге шықпайды біз жақтан?! — деген дауыстар естіледі.

Дәл осы сәтте астындағы Ақтабанға қамшыны басып жіберіп, қалмақ ноянның қасына Наурызбай да барып қалып еді. Бара тізгін тартып, атын көкке бір шапшытып алды да, ақыра тіл қатты:

— Әй, Шамалған, құр сөзді көптіріп қайтесің? Жер иесі керек болса, осы жердің шын қожасы — Құтпанбет ұлы Наурызбай батыр мен боламын! Қазақ әскері бұл жолы сені күре-сүреңмен қоса күреп тастауға келіп тұр! Ажалың бүгін менен болады. Мені азырқансаң, қазақ қолының бас сардары — Қаракерей Қабанбай батырдың өзі тұр осында!

— «Наурызбай батырмын» дейсің бе? Болса болар! — деді Шамалхан қарсыласының бас-аяғына бажайлай көз жіберіп. — Ал Қабанбай келді дегенің бекер болар... Ол мынадай шағын топтың ішінде жүре қоймас!

— Әй, мына тасмандай сорлы өзіне қарсы кімдердің келе жатқанын білмейді екен-ау! — деді Наурызбай ызадан жарылардай болып. Сонан соң артқы сапқа бұрылды да, найзасын бұлғап дауыстады. — Дарабоз, мынау ақтық сағатында тым құрыса сені бір көріп өлсін. Құдай үшін, бері таман шығып, көрініс берші!

Қабанбай, амал жоқ, Наурызбайды жасытпау үшін, Кубас атпен атой

беріп, шылбыр бойы алға шықты да, төбедей болып өз орнына қайта барып тұрды. Сол сәт арт жақтағы қалың қол бірден дауыс көтеріп:

— Қабанбай-Қабанбай!

— Қарасай! Қарасай!

— Жекпе-жек! Жекпе-жек! — деп ұран шақырғанда, бүкіл дала жаңғырығып, аспан айналып жерге түскендей болды.

— Енді көзің жетті ме, Қабанбайдың қол бастап келгеніне? — деді Наурызбай саңқылдай тіл қатып. — Ал енді сенімен мылжындасып тұруға уақытым жоқ! Кәне, жаның барда шық былай!

Әлгінде ғана адыраңдап тұрған Шамалханның салы суға кетіп, бірден жасып қалғаны байқалды. Оған енді шегінетін де жер қалмаған. Атының басын селқостау бұрып, айқас алаңына қарай ол да кетіп бара жатты.

Алыстан орағытып келіп, бір-біріне өшіге найза сілтеген екі дәу алғашқы кезекте бірін-бірі ала алмады. Қазақ жағы «Қарасай», «Қабанбайлап» ұрандаса, қалмақтар да өз тілінде бірдеңе деп шуласып тұр. Шамалхан тым етті-жеңді, бопайлау көрінгенімен, ат үстінде өзін өте жеңіл сезінеді екен. Шабуылға да, қорғаныс тәсіліне де тым жетік. Әйткенмен, Наурызбай одан гөрі шалымдылау сияқты. Соңғы жолы көк сүңгісін қас жауының кіндік тұсына іліндірген тәрізді еді, оңтайына келмеді ме, әлде шарайналы болат сауыт беріктігін көрсетті ме, тез тайқып кетісті.

Ақыры бұлар найзаны тастап, қидаласуға көшкен. Батырлардың басында нажағай ойнағандай, алдаспандар жарқ-жұрқ айқасып, ұрыс енді ғана жүйесін тапқандай болды. Әсілі, Наурызбайдың да қаһарлы қаруы — алдаспан болатын. Ақыры сол басымдық өзін танытпай қоймады. Әрі-беріден соң қалмақ нояны қалжырап, Наурызбай белең ала бастаған. Осындай бір оңтайлы сәтте қазақтың қандауырдай үшкір қайқы қылышы қалмақ батырының өндірішегіне сыр етіп сұғына кірді де, Шамалхан сәл шайқалып барып, ат үстінен өкіре құлап түсті... Жер жаңтыртқан айғай-ұраннан құлақ тұнады.

— Абылай! Абылай!

— Қарасай! Қарасай!

— Қабанбай! Қабанбай!

Ойраттар да ойбайын салып, шуылдап келіп, Шамалханның сүйегін алып жатты. Түмен басынын өзі жекпе-жекте жүргенде, Қабанбай қалған жасақтың тізгінін Ханкелдіге тапсырып, бұлар енді қаптама соғысқа қамданып тұрған-ды... Кенет ешкім күтпеген жағдай болды. Ұзындығы есік пен төрдей ақжал жиреннің үстінде, екі тізесі аттың құлағын қаққан, кескен

теректей біреу жұлдыздай ағып, ортаға шыға келгені. Найзасын аспандата бұлғап, айғайлап келеді. Жұрт су сепкендей жым-жырт тына қалды.

— Уа, хасақтар! — деді әлгі дәу ышқына дауыстап. — Жеңіске желікпей тұратұрыңдар! Даурығып мастануға әлі ерте... Мықты болсаңдар, енді мені жеңіп алыңдар. Мен тұрғанда ойрат туы жығылмайды!..

Ұлы жүз жігіттерінің арасында қалмақтың мына батырын сырттай танитындар бар екен.

— Мынау — Хасар лама ғой! Қаскеленнің өзі...

— Шамалғанның немере атасы! — деп шу ете қалды.

Бәрінен бұрын жұрт назарын аударған — Хасар ламаның сән-салтанаты. Алтынды ер-тұрманы көздің жауын алады. Ақжал аттың қос қапталынан — жалпақ жаясына дейін алтын зерлі қызғылт пүлішпен кежімдеп тастаған. Ал батырдың өзі шарайналы ақ сауыттың сыртынан етегі ат сауырын жапқан сары торғын желбегей киіп алыпты. Басында — жығасы желбіреген алтынды дулыға... Қан қызыл жирен аттың үстінде қызыл-сары бояуға малынған қалмақ ламасы жай адам емес, бей не лаулап жанған өрт алауы тәрізді.

— Өздерің де мөлшерлеп танып тұрған шығарсыңдар: осындағы көк тәңірісінің сүйген құлы, қасиетті будда бұрқынды ту қып ұстаған Қаскелең батыр мен боламын! — деді ол найзасын оң бүйіріне таяна, шірене шалқайып. — Ал сендердің сыйынған пірлерің — Қабанбай ғой. Егер шын Қабанбай осында болса, шықсын ортаға! Соның мойнында тал ай ойраттың қаны бар деуші еді, кереметті көрсетейін!

Мәссаған, керек болса! Мына қалмағың қалай-қалай тастайды аяқты?! Мұндайды күтпеген Қабанбайдың өзі де абыржып қалды. Абыржығанда, жүрексінген жоқ, қалмақ ламасының жанкешті өлермендігіне ызасы келген. Қазақ-қалмақ үрдісінде кейде жекпе-жекке қарсыласын арнайы атап шақыру деген болады. Әйтседе, әркім өз теңін білуі керек қой.

Қабанбай аты аталып қалған соң, амал жоқ, Кубастың айылын қайта тартып, сайысқа дайындала бастады. Бұрын бойында алдаспаннан басқа ештеңе жоқ-тұғын. Атқосшының жетегіндегі қару-жарақ артып жүретін қосар аттан қара тамақ найзасы мен қалқанын алып, ұзындығы бір құлаш, бұжыр басы шәугімдей шойын шоқпарды тақымына қысты. Сол сәт қасындағы Ханкелді, Наурызбай, Еспембеттер жамырай тіл қатып:

— Шынымен шыққалы тұрсың ба, Дарабоз? Осыған қолыңды былғамай-ақ қойсаң қайтеді?

— Онан да қаптама соғысқа көшейік. Қаскелеңнің әуселесін сонда көреміз!

— Осыған мені-ақ жіберіңізші, сардар аға! Жеді ғой неме оқумен үшкіріп, оқыс қылып жүрмесін! — дескен тілектер айтып еді. Бірақ қолбасы райынан қайтпады:

— Жоқ, болмайды! Атап шақырып қалған екен, өзім шығуым керек. Мына бір қасиетті Алатау өңірінде мен де бір қолтығымды жазайын да! — деді Қабанбай мұртының астынан жымия күліп. — Қаскелең де бір елдің бетке ұстар адамы көрінеді. Меселін қайтармайық.

Соны айтып, Кубас аттың алшаңдаған аяңымен ортаға шыға берген. Бойындағы бес қарудың қайсысы оңтайына келсе, соны жұмсамақ. Қасына таянғанда байқады, атағы жер жарғанымен, Хасар лама әлі жас көрінеді. Ұзаса қырық бестердің шамасында. Тұла бойында артық ет жоқ, жағына пышақ жанығандай, қас-кірпіксіз, жылан көз, көсе екен. Өзінше құдайына сиынғаны болар, қалмақша балдыр-бұлдыр зікір салып, бірденкесін оқып тұр.

— Жаназанды шығарып тұрсың ба? Кәпірге дұға оқып керегі не, бәрібір жағаннамға барасың... Одан да уақытты оздырмай кезегінді ал! — деді Қабанбай, Кубастың етін қыздыру үшін әдейі орағыта шауып келіп.

— Өзіме емес, дұғаны саған арнап оқып тұрмын! — деді Қаскелеңде кекете езу тартып. — Дегенмен, бақытың бар екен, Қабанбай батыр. Ламаның қолынан аттанған адам иманды болады!

— Мұсылманның молдасы ел тілеуін тілеп, намазын оқып, үйінде отыр. Ал сенің өз жұртыңды ажалға айдап салғаныңа жол болсын! — деді Қабанбай түсін суытып. — Байғұс-ау, есенінде еліңді таппадың ба, сүйегің қазақ жерінде қалатын болды ғой?!

— Сүйегім қалса, атымның өшпегені. Қазақ екені рас болса, оз батырларын ұмытса ұмытар, ал менің атымды мәңгі айтып жүретін болады.

— Оны уақыт көрсетер... Дұғанды оқып болсаң, көп мылжыңдамай кезегінді ал! — деді Қабанбай әлденеге ыза болып. — Сиынған құдайың жаныңды алып қалса, көрейік!

Соны айтып, сайысқа шығатын межелі жерге қарай бұрыла берген. Сөйлесіп тұрып байқағаны: Хасар лама сидиған арық денесіне қат-қабат сауыт киіп алыпты. Сыртқы шарайналы сауыттың жағасы бітеу, иегіне дейін жауып тұр. Бейне болат тонды тасбақа дерсің... Құрсанған құрыш сауыттың жиегінен жалаң дулығалы шақша басы ғана қылтияды. Дағдылы тәсілмен өндірішekten ілуге ыңғайсыз. Сірә, басқа бір амалын табу керек шығар.

Алғашқы кезек қашанда қалмактікі. Қабанбай межелі жерге жетіп, атынын басын кері бұрған кезде, Қаскелең ұшқыр жиреннің бар шабысымен өзіне қарай ұшыртып келеді екен. Бұл да Кубасқа қамшы

басты. Қарсыласы солақай көрінеді. Сол қолтығына қыса, өршелене сілтеген найзаны дер кезінде қағып үлгерді. Иттің қолы қарымды екен, құрыш қалқан қақ бөліне жаздап, біразға дейін зыңылдап тұрды. «Мынау қайтеді, ей?» деп қалды Қабанбайдың өзі де. Қаскелеңнің ламалық дәрежеге оқудың күшімен емес, найзаның ұшымен жеткені көрініп тұр.

Қабанбай өзіне кезек келгенде, алғашқы жолы найзамен барлау жасаған. Күткеніндей-ақ өндірішekten ілуге мүмкіндік болмады. Дәл тамақтың астында алақандай шарайна бар екен, найзаның ұшы соған тиіп, тайқып кетті. Бірақ, оның есесіне, тұспа-тұс келген кездегі қарсыласының тұрқын өлшеп алғандай болып еді. Сол үшін Қаскелеңнің тағы бір қаһарлы соққысын тосып алуға тура келді.

«Қой, мынаумен тәжікелесіп жүре берсең, оқыста мерт қылудан тайынбас» деп ойлады Қабанбай, ат екпінімен ұзап бара жатып. Сөйтті де, найзасын қалқан ілген сол қолына ауыстырып, оң қолына манадан тақымында жүрген шойын шоқпарды алды. Ұзаққырап барып, бір мезетте қайта шүйілді. Қубасты онша қысамай, орта шабыспен келіп, қас жауына шылбыр бойы қалғанда тақым қысып, тізгін тартқан. Дағдылы жануар қосаяқтап тік шапшығанда, Қаскелең оң қапталында, әжептәуір төменде қалып еді. Дәл осы сәтте үзеңгіге шіреніп тұрып, зілдей шойын шоқпарды басынан айналдыра үйірді де, қаракұстың тұсы осы-ау деп, періп кеп жіберді. Соңғы байқағаны — ламаның шоқпарға қарап жыпылықтаған қос жанары ғана...

Қолының құрышы қанғаны сонша, болат дулыға қаңылтыр қалбырдай қабысып қалған сияқтанды. Әлде мойын омыртқасы үзіліп кетті, не болмаса миы бырқырап аузына түсті. Қаскелеңнің аттан ауып, құлап бара жатқанын ту сыртымен-ақ сезінген. Едәуір ұзап барып, артына бұрылып қарады... Жоқ, Қаскелең жерге түспепті. Аяғы үзеңгіде қалған ламаның өлі денесін ақжал ат бір қиырға сүйретіп барады екен.

Қазақ қолы жер жаңғыртқан айғай-ұранға басыпты:

— Абылай! Абылай!

— Қарасай-Қарасай!

— Қабанбай-Қабанбай!

Бәлкім, бұл ұран манадан бері де тынбаған болуы керек. Бірақ сол қалың шу Қабанбай құлағына енді ғана жетіп еді... Бұл кезде бір емес, екі бірдей басшысынан айрылған қалмақтар ұйқы-тұйқы күйге түсіп алды қаша бастаған. Қубаспен арындай шауып, өз тобына жеткен қолбасы:

— Бұл не тұрыс? Енді ес жиғызбай, соңынан түре соғындар! — деді сонадайдан дауыстап.

Дереу дабыл қатылып белгі берілісімен, қалын қол шабуылға шықты. Манағы Байсейіт пен Молдабайдың жігіттері жаудың алдын орай шауып, ортада тұрғандар көк желкеден соғып, жан-жақтан қыспаққа алып бара жатты... Шабуылға жастарды жіберіп, егде батырлардың біразы қолбасы маңында байырқалап қалған-ды. Ханкелді Қабанбайды жанасалай беріп:

— Қайран Дарабозым-ай! Әлі зар күйінде екенсің-ау! — деп ту сыртынан келіп құшақтады. — Айқастың майдан қылшық тартқандай әдемі өткені соншалық, адам сырттай қызықтап тұра бергісі келеді.

— Бұл сапар жекпе-жекке шығам деп кім ойлапты. Хасар ламаның өзі ғой — қадалып тұрып алған. Кәпір неме теріс оқуына салып, сиқырлай ма деп едім, әйтеуір құдай сәтін салды — деп Қабанбай да жадырай күлді. — Бір насыбай атағын кез келді-ау деймін. Шақшанды шығаршы, Ханеке!

Қашқан қалмақтар шығыстағы Ақсай аңғарына қарай бет алған. Наурызбай бастаған қуғыншы қол да солардың өкше ізіне түсіп, эне-міне дегенше көзден ғайып болды. Ал ту түбінде қалған Қабанбай тобы олардың соңынан ілеспей, Еспембеттің ертауыл жасағымен бірге, тау баурайында көрініп тұрған Қаскелең күресіне қарай бет түзеді.

Күре аталатын жер — бау-бақшалы, керуен сарайлы, кіші-гірім қалашық екен. Өзен арнасының сол жақ қапталына кілең бір жайпақ төбелі, жатаған үйлер салып тастапты. Ұзын-ырғасы елу-алпыстан кем болмас. Дәл ортасында — қарағайдан қиып салынған, имек шатырлы, делбегей төбелі пұтхана... Хасар лама осында қыстағанымен, жаз бетінде жайлауға шығып кететін көрінеді. Елдің арты әлі жайлаудан түсе қоймаған. Бірақ, оның есесіне, қысы-жазы осы күреңің маңынан шықпайтын, өздерін келең, кешіл, шәкірт-манжымыз деп атайтын бір өңкей жырық етек, ұзын шапан киген тақырбас мүриттер қаптап жүр. Сондайлардың біразы не істерін білмей пұтханада тығылып отыр екен, жігіттер найзамен түрткілеп айдап шықты... Осында егін салдырып, бау-бақша ектіру үшін, Қашқариядан арнайы көшіріп әкелген он шақты ұйғыр шаңырағы бар екен. Жағалаудағы жеркепелерден олар да шығып, көрініс берді.

Ойрат жұртымен көптен қарым-қатынасы бар Ханкелді дін ұясы — күрелердің жағдайын жақсы біліп тұр. Оның айтуынша, қалмақ қауымындағы ең бай орын — осы күре. Жаз жайлауда бұлар жеңіл-желпі пұт-құдайларын түйеге артып, елмен бірге көшіп жүреді. Жыл сайын жұрттан жинап алып отыратын күре салығы бар. Оның үстіне өлген адамның жарым-жарты дәулеті тағы да осы күреге құйылады. Оны «қорылта қостық» дейді өздері. Күренің қарауындағы қора-қора қой, қос-қос жылқы өз алдына бөлек бағылады екен. Кейбір ниеті жаман молдалар сияқты лама-кешілдер де өлім-жітімнің мол болғанын қалайды. Ауқатты, бай адамдар ауырса, онаша үйде үшкіріп емдейміз деп, кейде о дүниеге ажалынан бұрын аттандырып жіберетін кездері де болып тұратын көрінеді.

Қабанбайдың өмірі қалмақ күресіне келіп тұрғаны осы. Сөрелерде

самсап тұрған алуан түрлі тас-құдайларды көріп таң қалды. Көпшілігі адам бейнелі. Ішнара түске кіретін құбыжықтай ырсиған, ақсиған аң бейнелі пірлері де бар. Сонда қалай болғаны? Әр халықтың өз иман-сенімі бар десек, бұлардың құдайлары осылай тасқа айналып, өздерімен бірге тұратыны қызық екен? Кәпірмісің деген... Құдайларының өзі мынадай қорқынышты, адамдарынан не рақым күтуге болады?!

Өстіп жүргенде бұлар тағы бір сұмдықтың үстінен түсті. Күреңнің іші толған суырдың ініндей бұрма-бұрма құжыралар. Сондай артқы қуыстардың бірінен он шақты жас өспірім манжылар табылды. Сұрастыра келгенде, әлгілер осында оқып жатқан қазақ балалары болып шықты. Болашақта қазақ арасына лама дінін тарататын келең болып жетілмек. Келгендеріне алдына бес жыл, артына екі жыл болған. Бәрі де осы маңайдағы Албан, Шапырашты, Дулат ауылдарының балалары. Кейбіреулері аламандар арасынан туыстарын тауып, шұрқырасып қалды...

Кеш бата жауды қуып кеткен әскер қосыны да қайтып оралды. Ойраттардың жарымына жуығы қырылып, бес жүздейі қолға түсіп, тек аттары шалымды бір мыңдайы ғана қашып құтылған.

— Тірі қалғандарын Ақсай өзенінен ары асырып тастадық та, тізгін тарттық, — деді бүгінгі шайқасты жеңіспен бастаған Наурызбай желпіне сөйлеп. — Бұл маңайдан көргеніміз — асығыс үйін жығып, үдере көшкен қалмақ ауылдары. Көшкен елдің жылқысын тиіп алдық та, адамдарына соқтықпадық.

— Бәрекелді! Әмісе осылай жолдарың болсын, жігіттер! — деді Қабанбай разы болып. — Қашып-пысқандар мен үрке көшкендердің жолын бөгемендер. Босқын ел — тасқын сел сияқты, жолындағысын өздерімен бірге ала кетеді.

Қазақ қолы осы арада бірнеше күн аял жасап, түстікке кеткен Тілеуке мен Бердіқожа жасатын күтіп алды. Бұлар Қордай асуындағы шағын шайқасты есепке алмағанда, бәлендей іргелі қарсылыққа ұшыраса қоймапты. Аттанысқа шыққан қазақ әскерінің дақпыртын естісімен Мәтібұлақ, Қопа, Сұлутөр өңіріндегі қалмақ күрендері тұп қопарыла көшіп, Шудың жоғарғы аңғарына, қырғыз жеріне өтіп кетіпті. Ал одан бергі Үшқоңыр, Қарақия, Суықтөбені жайлаған күрендері түгелімен қазақ қолының қоршауында қалған. Олардың малын олжалап, адамдарын шығысқа қарай көшіріп ала келген екен. Мұндағылар ол көшті тоқтатпай, бөктер жолға салып қоя берді. Жігіттердің қолы батыңқырап кеткен бе, қалай, мыңғырған төрт түлік малдың сыртында олжаға түскен бала-шаға, қыз-келіншектер де баршылық көрінеді.

Бас-аяғын жинап алған соң Қаскелең күресінен аттанып кеткен қазақ қолы сол күні кешке Алматы аңғарына жетті. Бұл бір сай-саласынан бұрқырап бұлақ атып жатқан, құдайдың өзгеше жаратқан жерұйық мекені еді! Көне көздердің айтуынша, осы арада бір кезде қазақтың Алматы деген

ескі қаласы болған деседі. Тау бөктеріне таяу, өзен жағасында бұзылған қамалдың орны, оба боп үйілген төмпешіктер әлі де қарауытады. Күре жолдың үстінде шағын керуен сарай бар екен. Сол сарайдың маңындағы тоқал тамдарда тұратын әр түрлі ұлттан құралған егінші, қолөнерші, бағбан, ұсталар ірге көтермей, осында қалып қойыпты. Ал осының алдында ғана иін тіресіп отырған ойрат әулеті күні кеше дүрк көтеріліп, көшіп кеткені байқалады.

Несін айтасың, бұл өлкенің өзен аңғары да, тау бөктері де жабайы алма мен жеміс-жидекке симай сыңсып тұр. Қазір тамыздың аяғы — жемістің нағыз уылжып тұрған кезі. Ашылаған қойдай қалың қол жеміс-жидекке тойып, бір жасап қалды. Қабанбай әскерді топ-топқа бөліп, Ілеге дейінгі далалық қоныстарды сүзіп шығуға жіберді де, өзі осы бір бейіш мекенді қимай бірнеше күн еру болды. Бір уақыт атқа мініп, күркіреген тау өзенін тамашалап, тағы бірде шығыс қапталындағы Көктөбеге де шығып қайтты. «Мынау бір құт дарыған, түбі халыққа жайлы қоныс болатын жер екен!» деп сүйсінді, төменде жатқан орманды алқапқа қарап тұрып. Өзінің Алатау бөктеріне келіп, азаттық туын көтеріскенін ойлағанда, көкірегін мақтаныш сезімі кернеді... Бірақ ол өздері жаудан босатқан осынау өлке дәл қазір халық қолына тигенімен, арада тура жүз жыл өткенде, батыстан басқа бір отаршылдар келіп орнытатынын, осында бекініс-қамалдар салып, ұзақ жылдар бойы бұл жердің игілігін солар көретінін білген жоқ еді.

X

Сонымен Алатаудың батыс сілемі жаудан тазарып, арт жақта алаңдайтын ештеңе қалмай, жорық жолы бір беткейленіп қалып еді. Бұл кезде қазақ әскерінің жеңіс хабары да шартарапқа жайыла бастаған.

— Қалмақтың Шамалған батыры Наурызбаймен шайқаста жер жастаныпты!

— Қабанбаймен сайыста Қаскелеңнің мойын омыртқасы үзіліп, күресінің күлі көкке ұшыпты! — дескен сөздер ауыздан-ауызға көшіп, көшкен елмен, соққан желмен бірге қазақ даласына тарап кетіп еді.

Қаскелең шайқасынан кейін Алатау бөктеріндегі қалмақтар қазақ қолына қарсы көпке дейін табан тіреп соғыса алмады. Қазақтар тегеуірінді бір қарсылықты Алматы, Талғар бойындағы күреңдерден күтіп еді. Жоқ, әнегүнгі жеңілістен кейін ойраттардың қайта қайрылуға шамасы келмеді. Алға барып қайтқан шолғыншылар қалмақ ауылдарының жаппай ірге көтеріп, көшіп жатқанын хабарлады.

Қабанбайдың бір таң қалғаны: осындағы ойраттар жайлаған өлкеде бірқыдыру қазақ ауылдары да бар екен. Көпшілігі баяғыда осы өңірді жоңғар басып алғанда, ата жұртын қимай, немесе ауа көшуге мұршалары болмай, осында қалып қойған Ұлы жүз рулары... Кейбіреулері қалмақтың малын бағып күнелтсе, олардан басқа ойраттан артылған өріс, қоныстарда

өз алдарына тіршілік етіп жатқандары да бар. Қайтсін байғұстар, солардың қай-қайсысы да ұзақ жыл көз түрткі болып, ауыр алым-салық астында, кіріптарлық жағдайда күн кешіпті. Аттанысты күте-күте күдер үзіп қойған... Солар қазақ қолы таятанда-ақ өзгеше мінез танытты. Қалмақ ауылдары шығысқа қарай үдере көшкенде, қазақ үйлері, әр ұяда балапан жармай бүтін қалған жұмыртқа тәрізді, орындарында қала берді. Қашқан қалмақтың ізін нұсқап, тыққан малдарының үстінен түсіріп, көп қолғабыс тигізген де солар болды.

Ойраттар алғашында көшкен ел мен жылқы қостарын қорғап, оқта-текте бірер мың қол құрағаны болмаса, ірі қарсылыққа бара алмады. Олардың өзі де сұрыпталған тұрақты әскер емес, танылған қолбасы батырлары да жоқ, әр ауылдан шыққан құранды жасақ болатын. Көп көптігін істемей қоя ма? Ондай бірен-саран топтарды қазақ әскері шыбықша бұрап, шырпыдай жапырып өтті. Сондықтан мұндай кіші-гірім шайқасқа даңғайыр үлкен батырлар бой салып араласпай, жастарға кезек беріп еді. Қазір үнемі алты шептен табылатын ертауыл мыңдығын кейінгі ұрыстарда ел аузына іліккен Ханкелдінің немересі — Райымбек басқарып жүр. Кейінгі шайқастарда үлкендер балапанын баулыған қырандарша жастарға ерік беріп, өздері сырттай бақылап тұратын болған.

Алайда қазақ әскері Талғардан өтіп, Тау Түргенге таянғанда әжептәуір қарсылыққа кезікті. Осындағы Есік, Шелек өңірі де ойраттардың көптен бауыр басқан, қордалы жерінің бірі еді. Мұнда да дін орталығы — қалмақ күресі бар. Бұл маңайды қазақтар Секерхан атап кеткен Щорс тайпасының тағы бір шонжары билейтін-ді. Бұл да — көп жылдан бері бетіне тек жел тимесе, басқа ешкім қарсы келіп көрмеген, түбі қазақтардан бір тықыр таялар-ау деп ойламайтын, Шамалған сияқты алкеуде алпауыт болатын. Әнегүннен бері батыстан босып келгендердің сөзін өрге бастырмай, «қонтайжының алып берген қонысын тастап, қашып-пысты деген не сұмдық?! Соншама қорқатындай, көрмей жүрген қазақ па еді?! Солардан келген керді мен-ақ көріп алайын!» деп қатты намыс қылып, қалмақ көшін көп ұзатпай, осы маңайға иіріп отырған. Сол Секерхан бұрыннан қол астында жүрген өз жасағы бар, таяудан бері батыстан ығысқан босқын әскер бар, жиыны бес мыңдай қолмен, Шелек өзенінің батыс қапталында күтіп алды.

Бұл кезде қазақ әскерінің Наурызбай, Тілеуке батырлар бастаған бір бөлігі төменгі ой жаққа, Іленің түстік жағындағы қалмақ күрендерін шабуға кетіп, тау бөктерімен жылжыған қосында алты мыңдай ғана адам қалған-ды. Дегенмен, әлі беті қайтпай келе жатқан қазақ қолы қалмақтан әлдеқайда басым еді. Сан жағынан ғана емес, бар жағынан! Ойраттың шаңырақ мүйіз ірі нояндары мен қолбасы батырлары қазір қонтайжы маңында, тұрақты әскер құрамында жүргендіктен, бұл жердегі малшы-қосшыдан жиналған құранды жасақты қазақтың талай сынынан өткен самсаған сары қолымен салыстыруға болмайтын еді. Дегенмен, соғыстың аты — соғыс. Алда, міне, жекпе-жекпен басталып, қаптама шабуылмен

тынатын таты бір шайқас күтіп тұр. Қазақ әскері жүрісін бәсеңдетпей, екпіндеген күйі таяп келіп, қалмақ қолына жарты шақырымдай қалғанда түзем құрды. Ойраттар басында: қазақ қолы ай-шайға қарамай шабуылға өтіп, бірден жапырып өте шыға ма деп те қауіптенсе керек. Екі жақта да дабыл қағылып, керней тартылған шамада, әлденеге асыққандай, қарсы беттен астында сүліктей жараған қаратөбел аты бар бір дәу қалмақ ортаға ойқастап шыға берді. Қолындағы найзасын басынан асыра бұлғап, сайысқа шақырып тұр. Бұл Секерханның өзі еді.

Қазақ әскерінің қазіргі құрамында басқалардан гөрі сан жағынан Албан жігіттері басымдау болатын. Ханкелді, Байсейіт, Малай, Сатай секілді мыңбасы, жүзбасы батырлар осы топта. Жорық туын Ханкелді ұстап келе жатқан.

«Кәне, жекпе-жекке кім шығады?» дегенде, аздаған іркіліс болды. Сайысқа шығатын адамның жоқтығынан емес, тіленушілердің кептігінен. Бір жағынан Байсейіт пен Малай батырлар қабаттасса, екінші жақтан Еспембет келіп: «ішім пысып кетті, сардар аға. Мен де бір құрыстырысымды жазайыншы» деп Қабанбайға қолқа салып тұрған. Бұрын талай сайыста сыннан өткен бұл батырлардың қай-қайсысы да сенімді еді...

Бірақ жағдай ойламаған жерден өзгеріп кетті. Астындағы көктеңбілді сағымдай сырғытып, дәл осы сәтте оң қанаттан Ханкелдінің немересі Райымбек шауып келді. Келе-ақ аттан қарғып түсіп, Қабанбай мен Ханкелдінің алдына бір тізерлеп отыра қалған.

— Түнде көрген түсімде қолымдағы тұйғыным дуадақ іліп жүр еді. Осыған көрінген шығар... Маған рұқсат етіңіздер, көкелер! — деді екі қолын бірдей жайып.

— Шырағым, балам-ау, ана неме бір құж көрінеді. Тіс қаққан үлкендердің бірі шықса қайтеді?! — деп Ханкелді абыржып қалды.

Ал Қабанбай жігіттің жанарынан қайтпас қайсар отты көріп, іштей разы боп тұрған:

— Аруақ аян берген ғой. Арқасы бар екен... Баланың меселін қайтармайық, — деді Ханкелдіге бұрылып.

— Онда ақ батаңды бер, Дарабоз! Менің Райымбегім де сен сияқты ақжолтай батыр, даңқты қолбасы болар ма екен?!

Қабанбай бөгелген жоқ. Ат үстінде тұрып, екі қолын алға соза берді:

— Жортқанда жолың болсын, жолдасын Қызыр болсын! Жауыңның басына жай түсіріп, абыроймен қайт, балам! Алаштың ұланы бол! Албанның ұраны бол! Аллаһуакбар! — деп бетін сипады.

— Аумин-ай! Аузын — періштенің аузы болғай! — деді Ханкелді көзіне жас алып.

Жасы жиырма беске еркін іліне қоймаған жас пері тықыршып әрең отыр екен. Көктеңбілге қарғып мініп, бес қаруын сайлап алды да, ұрыс алаңына қарай ағыза жөнелді. Жай шапқан жоқ, «Райымбек! Райымбек!» деп ұрандап барады.

— Әй, мына күшік қайтеді?! — деп Ханкелді біртүрлі тіксініп қалған. — Түп атасы Бәйдібекті, не бергі бабасы Сырымбетті атамай, көкекше өз атын өзі шақырғаны несі, ей, мынаның?!

— Ештеңе етпейді. Бір кезде Абылай да өз атын өзі шығарған, — деді Қабанбай. — Қайдан білдің, аузына құдай салып тұрған шығар. Бәлкім, бұдан кейін Албанның ұраны — Райымбек болар!

Бұл кезде құйғыта шапқан Райымбек қалмақ батырымен айқасып та қалып еді. Басқалар сияқты кезек те сұрасқан жоқ. Қарсыласынын түп-түқиянына жетіп, салғыласып та жатпады. Барған бойда қылыш айқастырған. Найза емес, қылыш... Үйелмендей қалмақты найзамен ілу қиын боларын сезіп, жеңіл қаруды әдейі таңдаған секілді. Қарсы жақты өз дегеніне көндіріп, бірден тықсырып әкетті. Егер атағы бар, егде батырлар бұлай дүрсе қоя берсе, әбестік саналар еді. Жас жігітке бәрі де жарасып тұр.

Секер зайсан жасы елуден асқан, етженді, толық адам екен. Жас батырдың үсті-үстіне шабуылдаған тегеурініне шыдамай, әрі-беріден соң қимылы нарау тартып, алқынып қалды. Тек әдісқой әккілігімен зорға төтеп беріп жүргендей. Оның үстіне найзадан қорғанам деп, қос-қабат сауыт киіп алған екен, ауыр киім еркін қимылдауға жібермей жүр. Үйеңкінің түбіндей үйелменді қалмақтың қасында ұзын бойлы, талдырмаш Райымбек тіпті баладай боп көрінеді. Екеуінің сайысы бұрылуы қиын бір мойын көкжал мен қимылына көз ілеспес, шалымды құмайдың жекпе-жек арпалысын еске салар еді. Қалың қол бір сәт ұран шақыруын қойып, іштен тына ұрыс алаңына қарап қалған.

Бір мезетте қалмақ батыры қайта белең алып, Райымбекті тықсырып бара жатқан сияқтанды. Сол күні Шелек аңғары қапырықтартып, қатты ысып тұрған-ды. Секер зай-санның жүзін тер жуып кеткені байқалды.

— Апыр-ай, қайратын түпке сақтаған әккі неме жас баланы жазым етпесе жарар еді! — деп Ханкелді шыдай алмай тұр. Бар жаны Райымбектің үстінде. Тақ бір өзі сайысып жүргендей, ат үстінен ұшып кете жаздап, немересімен бірге қисайып, бірге түзеледі...

Қабанбай күліп жіберді:

— Ханеке, уайымдама!.. Байқайсың ба, Райымбектің қимылы еркін,

тынысы әлі кең жатыр. Қазір-ақ жауын жайратады, — деді оны жұбатып.

Қазақ жағынан тағы да ұран көтерілді. Өйткені Райымбек бұл кезде қайтадан күш алып, шабуылды үдете түсіп еді. Алдаспандар көк жүзінде айқаса өріліп, от ұшқындап, жалын шашқандай болады. Осындай бір кезекті шабуылда Райымбектің қылышы оқыс жарқ еткендей болды да, Секер зайсанның қолындағы қару ұшып кетті. Іле-шала оның өзі де ат жалын құшып, бір жатына қарай ауып бара жатты...

Манадан осыны күтіп тұрған арттағы қалың қол да тасқын судай лап берген. Айғай-ұраннан жер жаңғырып, құлақ тұнады. Көптен бері қазақ даусын естімей кеткен Алатаудың құз-жартасы:

— Я, аруақ!

— Абылай-Абылай!

— Қарасай-Қарасай!

— Қабанбай-Қабанбай!

— Райымбек-Райымбек!.. — деген есімдерді біразға дейін жер-көкке жаңғыртып, қайталап тұрды.

Осы ұрысқа зорлағандай күшпен айдап әкелген қалмақтар басшылары кеткен соң бәлендей табан тіреп соғыса алмады. Алғашқы шабуылдың өзінде-ақ қазақ қолы тасқын селдей жапырып өтті де, жау жасатының бір бөлегі жаңбырдай жауған жебе мен қайқы қылыштан ажал тауып, тірі қалғаны сай-сайға бас сауғалап безіп кетті.

«Жалпы ойрат әулетінен бақ тайып, күйреуге бет алғаны рас екен, — деп ойлады Қабанбай, биік төбенің басынан ұрыс алаңына көз салып тұрып. — Баяғы «Ақтабанның» алды-артында біздің қазақ та осының кебін кимеді ме... Он сегізінші жылғы Аягөз шайқасында, Әбілқайыр мен Қайыптың ала ауыздығы өз алдына, басқамыздың да атқан оғымыз дарымай, сілтеген қылышымыз өтпей қоймады ма?! Сөйтсек, соның бәрі кейінгі қасіретке көрінген екен ғой. Сірә, мыналарға да сондай бір зауал төнген шығар...»

Сол күні Іле бойында жүрген Наурызбай жасағы да қайтып оралған. Қазақ әскері Шелек аңғарында екі-үш күн аял жасады. Көп мал жығылып, сарбаздар жаңа жеңісті тойлады. Ханкелді өз қосында көкқасқа сойып, немересі Райымбектің алғашқы жекпе-жегінің жоралғысы етіп, қолбасы батырларға қонақасы берді. Бүгін жұрт аузында тек Райымбек... Таяу болашақта жас жігіттің есімі жалпақ елге жайылып, аруақты батыр атанарына ешкімнің күмәні қалмаған.

Ертеңінде Балқаш бойындағы хан ордасынан Қабанбайға жаушы келді. Абылай мұндағы жеңістерге шын қуаныш білдіріп, құтты болсын айтыпты

да, Қабанбайды қарауындағы әскердің қақ жарымын алып, Іленің оң қапталына өтуге бұйырыпты. «Кеген-Шелек бағытында дәл қазір жаудың тұрақты әскері жоқ көрінеді. Шонжы, Шалкөде, Қарқара жайлауларын қазір қырғыздар жайлап отыр... Қонтайжының негізгі түмендері Жаркент пен Алакөлден аттанып, бізге қарсы шабуылдап келеді. Кідірмей Іледен өтіп, қазір жау шабуылының өтінде, қауіп астында қалған Малайсары жасатын өзіңе қосып аларсың» депті үшбу хатта.

Қабанбай бұдан ары бөгелген жоқ. Нарынқол — Кегенді бетке алып, шығысқа қарай жылжи беруді Ханкелді мен Наурызбайға тапсырды да, өзі қарауына Еспембеттің, сіргелі Тілеуке мен жалайыр Тәттібайдың мындықтарын алып, солтүстікке қарай бет түзеді.

Келесі күні түс әлетінде Іленің жағасына келген. Айнала мидай жазық. Өзеннің арғы бетінен Арқарлы биіктері қылаң береді. Кешелер жоғарғы жаққа нөсер жауған ба, қалай, дарияның түсі бұзылып, лайланып жатыр. Артынып-тартынған көп қолға өткел берер түрі жоқ. Бірер күн амалсыз аялдауға тура келді.

Сарбаздар ежелгі қазақы тәсілмен сал жасауға кіріскен. Ол үшін кешеден бергі қоналқыға жығылған қырық-отыздай жылқы мен сиырдың терісін бітеу сойып, ашық қалған пұшпақтарын, мойны мен таңын тарамыспен тігіп, дым шықпайтындай тұлып жасап, ішіне көрікпен жел толтыру керек еді. Сонан соң берене-сырғауылдан қиған салдың жақтауына жанағы тұлыптарды таңып, үстіне қамыс төсеп, киіз жайып тастаса болғаны. Осыдан кейін дарияның қылылау тұсын таңдап алып, екі жағына арқан тағылған салды ілгері-кейін жылжыту арқылы арғы бетке мыңдаған қол өткізуге болады... Осы әдіспен айналасы бір тәулік ішінде бұлар да өзеннен өтіп болды. Аттарының қос қапталына ұсақ малдың тұлыбын байлап, жеке жалдап өткен жанкештілер де аз емес.

Арғы жағаға шыққан соң ілгері озып кеткен шолғыншылар жаңа хабар жеткізді. Із кесушілердің айтуынша, осыдан бірер күн бұрын өзеннің оң қапталымен батысқа қарай жау әскері өткен көрінеді. Олай болғанда қалмақ қолы Балқаштың бергі жағасында жүрген Малайсары жасағымен ұшырасып, бұл күндері сол манда қырғын соғыс болып жатуы да ғажап емес. Ал із кесушілерге шүбә келтіру қиын еді. Жусанды далада жосылып жатқан ізге түсіп, ары-бері жүріп өткен Тоқпақ Қасабай батыр:

— Мынау — тастақты, таулы жерде өскен қалмақ жылқысының тұяғы ғой... Соның алдында ғана аздап жаңбыр жауған екен, мөрдей боп анық түскенін көрдің бе?! Өздері және аз да емес, кемінде төрт-бес мың қолдың сорабы, — деген тап бір көріп тұрған адамдай.

— Өзі анық қарулы қол ма? Қуғынға түскен жылқының ізі емес пе? — деп Қабанбай жігіттердің болжамын пысықтамақ болып еді.

— Пәлі, сардар аға! Өрістегі жылқы мен жортуылдағы жаудың ізін

айырмай, мені құдай атып па?! — деп Қасабай кәдімгідей ренжіп қалды. — Өрістегі жылқы болса мына жусанның басын ілуде бір шалмас па еді. Көрдіңіз бе, бірде-бір шөпке тіс тигізбеген. Оның бер жағында, үстінде зілмауырдай қалмақ отырмаса, аттың тұяғы бүйтіп жетесіне дейін жерге тие ме?

— Жарайсың, сөзінде балша жоқ екен! Ендеше осы ізден жаңылмай, тезірек ілгері жылжиық, — деді қолбасы.

Қалың қол тегіс атқа қонып, шолғыншыларды алға оздырып жіберді де, кешкі салқынмен Балқашты бетке алып, өздері де сау желіп жүріп кетті...

Ал бұл кезде Іленің оң қапталында, Арқарлы жотасымен ұштасып жатқан қатпарлы қыраттардың бірінде қырғын шайқас болып жатқаны да рас еді. Ол былай басталды.

Жалпы тамыздың екінші жартысы мен қыркүйектің басында Балқаш бойында тыныштық болған жоқ. Қонтайжының Сайын-Бөлек, Намеху-Жырғал, Байыр-Мөңке бастаған түмендері батысқа қарай өлермендене қол созып, ал Абылай қарауындағы Малайсары, көкжал Барақ, ер Жәнібек қосындары оларды ілгері аттатпай, жаудың бетін үнемі қайтарумен болды. Бірақ негізгі ұрыстар Алакөл, Лепсі, Ақсу алқабында өріс алып, Іле бойы біраз уақыт қағаберіс қалып еді. Тек осыдан он шақты күн бұрын Абылайға Жаркенттен қозғалған ойрат әскерінің тағы бір легі Ілені бойлап, Балқашқа қарай бет алғаны туралы хабар жеткен. Сөйтіп ойраттар қазақ әскерінің ту сыртынан орап, қоршап алу қаупі туған... Оның үстіне: Сыр бойындағы былтырғы жеңістен кейін оңтүстіктен ірге көтерген Ескелді, Балпық билер бастап Жалайырдың мың түтіні өткен жылы Балқаш төңірегіне келіп, Бақанас алқабын қыстап шыққан-ды. Егер Ілені құлдаған ойраттар Балқашқа жетер болса, алдымен осы ауылдарды шабарында күмән жоқ. Абылай алыстан орағытқан жау әскерінің жолын кесу, әрі осындағы қазақ ауылдарын қорғау үшін, осыдан бір апта бұрын Малайсары бастаған бес мың қолды Бақанасқа аттандырған. Ханның Алатау бөктерінде жүрген Қабанбайға қос атпен жаушы жіберіп, көмекке шақыруы осындай қысылтаяң жағдайдан туып еді.

Айтса айтқандай, Малайсары жасағы келгенде, ойрат әскерінің алдыңғы ертауыл тобы Бақанас өңіріне жетіп, осындағы аз ауыл Жалайырды шауып жатыр екен. Малдарын айдап, адамдарын тұтқындап, былайғы жұртты құмға қарай ығыстыра бастапты. Бірақ күтпеген жерден үстеріне қазақ қолы сау ете түскенде, ойрат мыңдығы олжаларын тастай қашуға мәжбүр болды. Біразы жер жастанып, бір бөлегі келген ізімен қашып құтылған.

Алайда қолға түскен тұтқындардың айтуынша, бұл келген — Жоңғар әскерінің алдыңғы легі ғана. Батыр-Убашы бастатқан бес мыңдай қол екі күншілік жерде, артта келе жатқан көрінеді. Малайсары Бақанаста бірер күн ат шалдырып алды да, не де болса нар тәуекел деп, жау жасағы келеді-ау деген жаққа қарсы жүрді. Ондағы бір ойлағаны мұндағы ауылдарды ат

тұяғының астында қалдырмау болса, екінші бір ойы жау әскерін ұрысқа қолайлы, ұрымтал жерден тосып алу еді. Бір жерде сарыла күткеннен гөрі жорық үстіндегі жасақ өзін әлдеқайда сергек сезінетіні тағы бар.

Осындай себептермен Батпақтыдан бері өтіп, Іленің оң қапталындағы биік асуға келіп бекінген. Осы арадан көш жерде келе жатқан жау қарасын анық айыруға болады. Оның үстіне өзін тасада тұрасың да, қашан қасыңа келгенше сені ешкім байқамайды. Ал тұтқиыл соққы — қашанда жеңіс кепілі. Осы тұста тау қыраты қатпарланып, қара жол бірінен-бірі биіктеу әлденеше асудан өтеді екен. Малайсары жер жадысын пайдаланып, өзінен күші басым жауды қалайда қақпанға түсіруге бел байлады... Ол үшін бірінші асуды ашық қалдырып, ойрат қолының алдыңғы легін өткізіп жібереді де, екінші асудан өте бергенде қос бүйірден соғып, жаудың күшін екіге бөліп тастайды. Мұндайда ұрыс тағдырын қимылдың жітілігі шешеді, әрине. Артқы жағы ес жинап, күш топтап үлгіргенше қоршауда қалған алдыңғы лекті қолма-қол ұйпап жіберу керек.

Алдағы шайқастың амал-айласын ойластырғанда, Малайсарының көңіліне бір тоқ санағаны, өз жасағында мұндай ұрыстың талайын бастан өткерген сары тісті, сақа сарбаздар мен Оразымбет, Байғозы, Сырымбет, Олжабай, Шоңқай, Бөрібай тәрізді соғыс өнеріне жетік әйгілі батырлар баршылық еді. Жаудың күші мүлде бастан асып, екі орап кетпесе, сайдың тасындай өз жігіттерінің бірме-бірге келгенде ешкімге алдырмасына сенімі кәміл. Ол серіктерімен ақылдаса келіп, Оразымбет пен Байғозы мыңдықтарын ойрат қолын белден соғып бөліп тастайтын екінші асудағы қос қанатқа жасырды да, қалған жасақты келесі асуда тағы да үшке бөліп, Олжабай бастаған мергендер тобын маңдайға, Сырымбет пен Бөрібай жігіттерін қос босағада қалдырды.

Бірақ көңілдегі көркем ой бар да, өмірде оның іске асуы бар ғой. Іс жүзіне келгенде, алдын-ала ескерілмеген біраз қиындықтар туды. Ең ауыр тигені: бұлар алақанға түкіріп, асыға күткен алғашқы күні, қас қылғандай, жау қарасы көрінбей қойды. Келесі күні бесін ауа ойрат әскері алыстан шаңдатып көрінді де, бейне алдағы асуда бір пәле жатқанын сезгендей, бері бір қадам баспай, бес-алты шақырым жердегі бұлақ басына келіп жатып алды. Сірә, арт жақтарынан қосымша күш күтетін тәрізді... Осы екі ортада қазақ қолы ауыз судан тарықты. Бұлар бекінген жер ұрысқа оңтайлы болғанымен, не бұлағы, не құдығы жоқ шөлейт қыр болатын. Ауыз суды түйемен тасып, мініс аттарын алма-кезек айдап барып, суарып қайтуға тура келген.

Ойраттар ертеңінде күн көтеріле бере атқа қонды. Таяу маңда жау бар деп қауіптенбейтін секілді, қос табан көш жолымен үздік-создық шұбырып келеді. Түнде арт жақтарынан қосымша әскер келген бе, қалай, кешегіден гөрі қаралдысы молайып қалған тәрізді. Асуда тосқауыл барын анық білмесе де, сақтық шараларын ұмытқан жоқ. Кезеңге таянғанда негізгі қол жүрісін баяулатып, үш жүзге жуық шолғыншылар жасағын алға оздырды.

Бірінші асуға жарысқандай болып жылдам шауып шыққан олар, бет алдарынан секем алар қара-құра байқалмаған соң, кезеңнің үстінде тұрып, арттағыларға басына қыл құйрық байланған әлем-жәлем туларын бұлғап, атойлап белгі берді. Мұнысы: «алда қауіп жоқ, жүре беріңдер» дегені еді. Осыдан кейін өздері де алға қарай сау желіп жүріп кеткен. Әскердің алды бірінші асуға көтерілгенде, шолғыншы топ екінші асудағы Оразымбет, Байғозылар тұсынан өтіп бара жатты.

Малайсарының өзі жаудың әр қимылын бақылап; осы екінші асудың оң жақ қапталында, Балталы Оразымбет батырдың қасында тұрған. Алғашқы шабуылды қарсы беттегі Байғозымен бір мезгілде осылар бастауы керек еді. Көш жолымен шұбырған жау әскері бейне толқын тудырып, ирелендей жылжыған алып айдаһарды еске салады. Жолында не тұрса да жұта салудан тайынбайтын тажал тәрізді. «Өттең, осыны ортасынан қақ бөліп қиып түссек, басы мен құйрығын бір-біріне қоспай жеке-жеке жәукемдеуге жеңіл болар еді!» деп толғанды Малайсары.

Шолғыншы топ суыт жүріспен үшінші кезеңді асып кеткенде, арттағы қалың қол екінші асуға иек артқан. Шынында да, жау әскері бұлардың мөлшерінен көп болып шықты. Алдыңғы бір мыңдайы сайға таман құлағанда, құйрық жағы шұбалып, өлі бірінші кезеңде жатыр. Сірә, Батыр-Убашы дегені осы болар: қосынның орта тұсында, қасында сән-салтанатты бір топ нөкері бар, күміс ер-тұрманды сүліктей қара жорғаның үстінде, екі бүктелген қамшысын бүйіріне таянған бір дәу өтіп бара жатты. Манадан Малайсарының күткені де осы еді. Кенет әр жотадан түтін будақтап, өзара белгі берісті де, қырқаның астында бұғынып тұрған жігіттер қос қанаттан лап қойды.

— Я, аруақ!

— Ақжол-Қаптағай!

— Абылай-Абылай!

— Қабанбай-Қабанбай!

— Ұрып таста!

— Қан құстыр атаңа нәлеттерге! — дескен айғай-ұраннан тау-тас жаңғырығып, аспан асты зіл-залаға айналғандай.

Малайсарының биікте тұрып байқағаны: манағы шолғыншы топты жігіттер ә дегенде-ақ тілге келтірмей ұйпап жіберген. Ендігі қырғын шайқас екінші және үшінші асудың арасындағы ойпатта жүріп жатыр. Мана кезеңге қарай өрмелеген ойрат қолының алдыңғы легіне Олжабай бастаған садақшылар жебе жаудырған шамада, екі қанаттан құйылған Сырымбетпен Бөрібай жасағы жау әскерін лезде қоршап қалып еді. Ал Байғозы мен Оразымбет жасағы бұл кезде басында түкке түсінбей иіріліп

тұрып қалған әскердің артқы легін бірден жапырып, етекке таман ысырып тастаған.

Қоршауда қалған алдыңғы ойраттар бастабында төбелерінен жай түскендей ұйлығып біраз тұрды да, тез ес жинап, қорғанысқа көшті. Олар да қылыш суырып, найза сілтеп, өліспей беріспеудің қамына кіріскен. Біраздан соң Малайсарының өзі де осы қоршаудағы ұрысқа қызу араласып кетті. Өлермендене ұмтылған қолбасшының алдымен іздегені — жоңғар нояны Батыр-Убашы болатын. Соны қолға түсірсе жау жатының әлсіреп сала берерінде күмән жоқ. Астындағы торы төбел иесінің ырқын тақым қысуынан-ақ сезіп, қалың қолдың арасынан қоянша бұлтарады. Оңтайына келген ойраттың бірнешеуін найзамен түйреп, біразының басын қылышпен қатып түсірді. Бес қарудың сыртында, Малайсары айтулы қамшыгер де болатын. Сауытсыз, жалаң шапан киген қалмақтың талайын өзегіне қорғасын салып өрген бұзау тіс қамшымен бір тартқанда-ақ қалпақтай ұшырды.

Қыраттың түстік жағы ыратөмен еңіс еді. Шамасы, ойраттар қоршауды сол тұстан бұзып өтпек секілді. Батыр- Убашының өзі бір топ нөкерімен қылышын оңды-солды сермеп, соңыдағы әскерге жол ашып барады. Малайсары да атына қамшы басып, жан дәрмен солай қарай ұмтылған. Бірақ жете алмады. Батырдың түпкі ойын сезген он шақты қалмақ алдынан кес-кестей берді. Егер екінші бір жақтан Бағаналы Баянбай батыр келіп қалмағанда, әлгілер мұны ортаға алатын ойлары бар еді. Малайсары жігіттерге ақыра айғайлап:

— Ноянды жібермеңдер! Ұстандар Батыр-Убашыны! — дегенше болмады, жоңғар нояны қоршауды бұзып өтті де, соңынан ілескен жүз қаралы шерікпен түстікке қарай тартып отырды. Астындағы қара жорғаның ақпалығын айтпа: сол жорғасының өзімен-ақ ешкімге жеткізбей, оқ бойы алда кетіп барады. Көкейі белгілі — орағытып барып, арт жақтағы өз тобына қосылмақ.

Қашқан қалмақты қуатын жағдай жоқ еді. Дәл осы сәтте екінші асудағы Оразымбеттен хабаршы келген.

— Жау әскері екі еселеніп барады. Егер жедел көмек әкелмесе, ту сыртымыздан орап кететін түрі бар, — депті Балталы батыры.

Анау-мынауға былқ етпейтін Оразымбет осылай десе, онда жағдайдың мәз болмағаны. Малайсары қоршаудағы қалмаққа ие болуды Олжабай мен Сырымбетке тапсырды да, өзі Бағаналы Баянбай мен Матай Бөрібай батырдың жүздіктерін алып, дереу келесі асуға қарай шапты.

Мұнда да кескілескен шайқас жүріп жатыр. Оразымбет пен Байғозының жігіттері әзірше жауды бері бастырмай, асуды ұстап тұр екен. Бірақ көптің аты — көп. Тосқауылдағы қазақ қолының мөлшерін байқап қалған ойраттар қос қанатқа да әскер шығарып, қоршап алу қаупін төндіре бастапты. Бұлар

арт жақтан келген жүздіктердің көмегімен, өрге қарай өңмендеген жаудың бетін тағы бір рет қайтарған болды.

— Қырып жатсаң таусылмайтын бұл не деген көп қалмақ? Осылардың саны бізден екі-үш есе артық-ау деймін! — деді Оразымбет бір әредікте Малайсарыға ат басын бұрып. Батырдың өңі өрт өшіргендей. Қолындағы жалаң қылышынан қан тамшылап тұр.

— Жігіттер, сәл шыдаңдар! — деді Малайсары алқына тіл қатып. — Көп ұзамай арттағы мыңдықтар көмекке келеді. Ондағы жау әскері түгел қоршауда...

— Жер астынан шыққандай, мына біреулер тағы қайдан сап ете қалды? — деді нардай қаракөк аттың үстінде, жаудың әр қимылын бағып тұрған Оразымбет кенет он жағына жалт қарап.

Малайсары да сол жаққа көз тіккен. Қараса, манағы қара атты ноян бастаған топ алыстан орағытып, осылай қарай беттеп келеді екен.

— Мәссаған!.. Бұл — Батыр-Убашының өзі! — деді Малайсары қабағын кіржитіп. — Іріктелген шағын топпен қоршауды күшпен бұзып шықты иттің баласы!

Орталарына қолбасыларының аман оралуы ойраттардың еңсесін көтеріп тастағандай болды. Шамасы, Батыр-Убашы қоршауда қалған алдыңғы әскерді құтқаруға бел байлаған болар, қалмақ қолы қайтадан сап түзеп, жандана бастады. Оз күштерінің екі еседей көп екенін біле ме, жоқ па, әйтеуір, осы жолы шешуші шайқасқа шығары анық. Алдағы айқастың тым ауыр боларын сезген Малайсары арттағы Олжабайға «оз мыңдығымен тез жетсін!» деп кісі шаптырды.

Бұл кезде күн кіші бесінге таяп қалған-ды. Бас-аяғын жинап алған қалмақтар қайтадан шабуылға өтті. Малайсары мергендер тобын алға шығарып, межелі жерге келгенде садақтан оқ жаудырған. Алдыңғы лектен біраз шерік оққа ұшты. Бірақ тоқтайтын түрлері жоқ. Қанына қарайған Батыр-Убашы өз әскерін өлімге айдағандай тықсырып келеді. Бұл жолы қос бүйірден қыспаққа алатын ойлары бар секілді. Байғозы мен Оразымбет жауды ту сыртына өткізбеу үшін екі қанатта арпалысып жүр. Малайсарының бір қолын екі ете алмай қатты қысылғаны сонша, маңдайынан сұп-суық тер шықты. Шынымен-ақ, ойлаған жоспары іске аспағаны ма? Сонда қай жерден мүлт кетті? Әзірше білетіні, жаудың күшін кем санапты. Әскер саны туралы анық мәліметі болмаған.

Асу үстінде қоян-қолтық ұрыс басталып, жан алқымға таянғанда өз мыңдығымен арт жақтан Олжабай жетті. Мың емес, небәрі сегіз жүз шамалы жігіт. Сарбаз қатары сиреген, аттары болдырып, жігіттер қалжыраған. Әйтсе де, ауған түйені басқандай, олар да әжептәуір сеп болды. Жігіттер бейне тыңнан қосылғандай, атой сала ұрандап келіп

тиіскенде, бір жақтан қосымша қол келді деп ойлады ма, жау әскері еріксіз кейін серпілді.

Бірақ ойсырай жеңілген ойрат жоқ. Қатарларын түзеп, босаған арқауын қайтадан ширатып алып, алға қарай тағы да лап қойды. Малайсары торы төбелдің ақ көбігін ағызып, өз жігіттерін жігерлендіріп жүр.

— Бір адым кейін шегінбеңдер! — деді ол қарлыққан үнмен қырылдай дауыстап. — Өлсек, ортақ моламыз осы асуда қалады!

Соны айтып, ұрыстың жуан ортасына өзі де араласып кеткен. Алдаспаның басынан асыра бұлғап қойып, қарсы жолыққан қалмақты бауырдай турап келеді. Көзіне қан толып, өне бойынан ашы тер саулап, өзге дүниені ұмытқандай бір күйге жетіп еді... Арада қанша уақыт өткенін білмейді, бір мезгілде құлағына алыстан бір сарын жеткендей болған. Оған да мән беріп жатпады. Өлден уақытта біреулер келіп, тізгініне оралғанда ғана есін жинады. Оразымбет екен:

— Сабыр-сабыр, батыр-еке! Тіпті мені де қоса шауып тастай жаздадың ғой! — дейді қарқылдай күліп. — Өне, құдай тілеуімізді берді... Біздің әскер келе жатыр!

Мынау не дейді, жаным-ау?! Ойыны ма, шыны ма? Өз құлағына сенбей, Оразымбет нұсқаған жаққа қараған... Расында жаудың желке тұсынан осылай қарай бір қалың қол құйғытып келе жатыр екен... Таныс үн, таныс ұрандар:

— Абылай-Абылай!

— Қаптағай-Қаптағай!

— Қабанбай-Қабанбай! — деген айғай-сүреңнен жер жаңғырығып, аспан аударылғандай.

— Мынау — Қабанбай жасағы ғой... Алда келе жатқан — Дарабоздың өзі емес пе?! Есіл ерім-ай, жеткен екен ғой! — деді Малайсары сақалынан тер аралас алты тарам жас ағып тұрып.

Күтпеген жерден қазақ қолының екі жақты қыспағында қалған ойраттар лезде ұйқы-тұйқы болып, сең соққан балықтай ұйлығып біраз тұрды да, шығыс солтүстікке қарай жоси жөнелді. Бірақ ертерек қимылдаған оң қанаттағылары болмаса, арттағы сол қанатын тыңнан қосылған қазақ қолы басып қалып еді.

— Аналар құтылып кетпесін! Аты жарамды жігіттер қашқан қалмақтың алдын ораңдар! — деді Малайсары қасында тұрған Оразымбет пен Олжабайға бұрылып.

Бұдан ары ұрыс ұзаққа созылған жоқ. Тыңнан қосылған күш бар, сол күшті көріп қайта жігерленген осындағы жігіттер бар, бас-аяғы бір шай қайнатымнан асырмай жау әскерін жамсатып салды. Көпшілігі жер жастанып, тірі қалғаны ақ жалау көтеріп, қолға түсті. Бұл жолы Батыр-Убашы да құтыла алмапты. Бірнеше жерінен жараланып, аттан ауып түскен ноянды Еспембеттің жігіттері қаумалап алып келді.

Бұл кезде бас қолбасы Қабанбай мен мұндағы Малайсары, Оразымбет, Олжабай, Байғозылар шұрқыраса табысып, әлі де қуаныштарын айтып жеткізе алмай жатқан-ды. Аятын әрең басып тұрған Батыр-Убашы топ ішінен Қабанбайды танып, ақтық тілегін айтты:

— Сенімен қан майданда қару айқастырсам деуші едім, ол арманыма жете алмадым! Мен жаралымын... Жанымды қинамай шауып таста! — деді жарасы жанына қанша батса да, сыр бермей тістеніп тұрып.

Ал ноянның жарасы шынында ауыр еді. Оң иықтан да, кіндік тұсынан да найза қадалған екен, шыпылдап шыққан қан торғай көз сауыттың

сыртынан білініп тұр.

— Шыдау керек, ноян! Еркек деген атың бар ғой... Жаралы адамға қол жұмсау сіздерде болмаса, біздің салтымызда жоқ, — деді Қабанбай оның бас-аяғына көз жіберіп.

— Егер өлтірмейтін болсаңдар, осында менің Мөңке деген емшім бар. Соны тауып беріңдер!

— Мұның Мөңкесі қайда жүр екен? Тұтқындардың арасында болса тауып әкеліңдер! — деді Қабанбай. — Бізге ноянның тірі қалғаны керек. Мына Малайсарының бас олжасы ретінде ханға тарту етеміз.

— Емшісін ала жүргеніне қарағанда, істің осылай тынарын ноянның өзі де сезген-ау деймін, — деп тарақты Байғозы батыр көпшілікті ду күлдірді.

Бұл кезде бес жүздей жаяу қалмақты алдарына салып, арт жақтағы асудан Сырымбет пен Шоңқай батырлардың жасағы да келіп жеткен. Ондағы ойрат қолы да ақырына дейін беріспей, әбден қара тұяқтан хал кеткенде ғана қару тастауға мәжбүр болыпты.

Әскердің бас-аяғын түгендегенде қазақ жағынан да едәуір шығын бары анықталды. Жеңіл-желпі жаралыларды қоспағанда, шейіт кеткендердің өзі бес жүзден асады. Матай Бөрібай, Жалайыр Тәттібай, Семізнайман Бөдес батырлар қаза болған... Бөрібай батыр — ісі Найманға ұран болған ежелгі Ер Қаптағайдың тікелей ұрпағы еді. Бір өзі он шақты қалмақтың қоршауында қалып, ерлікпен мерт болыпты... Артынан әскер санын есептегенде екі жақтың күші мүлде тең болмай шықты. Малайсарының бес мыңдай ғана жасағы Батыр-Убашының сегіз мың әскерімен шайқасқаны мәлім болды. Әйтеуір, түбі қайыр. Егер Қабанбай қолы дер кезінде келіп жетпегенде, айқастың ақыры немен тынары неғайбіл еді.

— Бұл асуды не деп атайды екен? Бұл да бір есте қалатын орын болды-ау! — деген Қабанбай жан-жағына енді ғана назар аударып.

Қолбасының сұрағына ешкім де жарытып жауап айта алмады. Өзінің жеке аты жоқ, Арқарлы жотасының бір сілемі көрінеді.

— Ендеше бұл асуды бүгіннен бастап «Малайсары асуы» деп атайық! Ұрпаққа жетер ұлы шежіреге де сол атпен кіретін болсын, — деді Қабанбай. Сонан соң қасында тұрған Малайсарыдан бастап, бүгінгі ұрысқа қатысқан батырлардың бәрін бір шеттен бауырына басып, құшақтап шықты. — Рақмет, жігіттер! Сендерге қазақ елі разы. Сендердің бұл ерліктеріңді кейінгі ұрпақ әлі-ақ аңыз қып айтатын болады.

Сол күні бұлар Малайсары асуындағы жеңіс хабарын жеткізу үшін Абылайға жаушы шаптырды да, өздері шейіт кеткендерді ақ арулап қоймақ болып, осында бірер күн аялдап қалды.

XI

Іле бойындағы бұл жеңіс Жетісу жерін азат етуде ерекше мәнге ие болды. Батыр-Убашы басқарған бір түмен қолдың қатардан шығуы ойрат ордасына оңай тиген жоқ. Артымнан қосымша күш келеді және ол күш қазақ әскерінің ту сыртынан шығып, екі жақтан қыспаққа аламыз деп күткен Сайын-Бөлек ноянның бар жоспары бұзылды да, бұдан кейінгі ұрыстарда пәрменді қарсылық көрсете алмады.

Қыркүйектің бас кезінде Қабанбай жасағы Ақсудың төменгі ағысына ту тіккен хан қарауындағы негізгі қосынмен түйілісті. Абылайдың қуанышында шек жоқ. Алатау бөктері мен Іле алқабындағы жорықтарды ойдағыдай аяқтаған Қабанбай мен Малайсары тобын құшақ жая қарсы алды. Жеңіс құрметіне Ұлан-асыр той жасап, әр рудың басты батырларын өз шатырында арнайы қонақ етті. Алатау өңіріндегі Шамалған, Қаскелендермен өткен жекпе-жек ұрыстар, Іле бойындағы Малайсары шайқасы бұл жақтағы елге де дүпілдеп жетіп жатыр екен, дастарқан басында соның бәрі қайта жаңғырып, ұзын-сонар әңгіме болды.

Абылайдың айтуына қарағанда, бұл жақта да жан алып, жан беріскен шайқастар өтіпті. Әсіресе: Алакөл, Лепсі, Ақсу бағытындағы Сайын-Бөлек, Намеху-Жырғал түмендеріне қарсы ұрыстар есте қаларлықтай. Көкжал Барақ, Батыр Баян, Ер Жәнібектер жекпе-жекке шығып, ерліктің небір үлгісін көрсеткен көрінеді... Нәтижеде жаңағы өзендердің бойымен өлермендене ұмтылған ойраттар қатты тойтарысқа ұшырап, Балқаш өңірінен кейін серпілген. Әрине, құрбандық та жоқ емес. Әйтеуір, ел іргесі таяу болғандықтан, кейін келіп қосылған жігіттер ол шығынның орнын тез-ақ толтырса керек...

Қабанбай әншейінде жайрандап алдынан шығатын көкжал Барақ, Баймұрат, Шынқожа, Дәулетбай секілді батыр інілерін орда маңынан кезіктіре алмай, алаңдап отырған. Бір сөздің кезегінде, Абылайдан соның мәнісін сұрады.

— А-а, Найман жігіттерін айтасың ба? Көкжал Барақ, Баймұрат батырлар бастаған бес мың қол қазір Ақшәулі маңында тұр, — деді Абылай. — Өзің білесің, біз бұрын жаудың негізгі күштерін Жоңғар қақпасы мен Жаркент тұсынан күттік қой. Айтты-айтпады, ойрат әскерінің осы екі бағыттан құйылғаны рас. Бірақ біз өкпе тұстан шабуылдайтын үшінші бір күшті ескермеппіз. Ол — Қалбаның қалың қатпары мен Барқытбелдің терістігіндегі торғауыттар. Осыдан бір ай шамасы бұрын жаны қысылған қонтайжы соларды ұрысқа қосуға тырысты. Барқытбелдің сырт жағымен торғауыттардың бері қарай жылжығаны мәлім болды. Солардың жолын кесу үшін, амал жоқ, біз жарты түмен әскерді қарсы аттандырғанбыз. Онымыз өте дұрыс болған екен. Көкжал Барақ пен Баймұрат дер кезінде жетіп, Өкпетідегі ұрыста торғауытқа тойтарыс берді... Қазір олар Ақшәуліде ту тігіп, шығыс шебімізді күзетіп тұр.

— Апыр-ай, жау бетінде тұрған біздің ауылдар тіпті ат тұяғының астында қала жаздаған екен-ау! — деді Қабанбай өңінен қобалжу табы білініп. — Бұл тағдырдың тәлкегін қойсайшы, Ілені олай-бұлай кешіп өтіп мен жүрмін... Ал өзіңнің ағайын жұртың қан жұтып, қауіп астында жатыр!

Абылай оның не айтпағын бірден түсінді. Бірақ сөз салмағын дарытпай, қарқылдап күліп жіберді:

— Оған амал бар ма?! Жаудың күші қай тұста басым болса, қазақтың Дарабозы сол жерде жүреді де! — деді қолбасыны жұбатқандай арқасынан қағып. — Ел-жұрт, ауыл-аймағыңа алаң болма. Ақшәуліде бес мың қолды сол үшін ұстап отырған жоқпыз ба?!

Әскердің бас-аяғы жиналып болған соң, көп өтпей қазақ түмендері Ақсу, Лепсі, Қаратал бойымен шығысқа қарай ең соңғы жойқын жорыққа аттанды. Ішінара кейбір мыңдықтар қатысқан орташа ұрыстарды есепке алмағанда, жоңғар әскері үш жерде: Ақсудың жоғарғы аңғарында, Қаратал бойында және Жаркентте үлкен майдан ашып, тұрыстық берді. Бірақ үшеуінде де күйрей жеңілді. Өйткені қазақ әскері бұл кезде ойрат қолынан сан жағынан ғана емес, кек алуға құлшынған рухының беріктігі жөнінен де әлдеқайда үстем еді. Қонтайжы қанша тырбынса да, өз ішіндегі ала ауыздықтың салдарынан, бірнеше майданда қатар жүріп жатқан соғысты қарулы қолмен жеткілікті түрде қамдай алмады... Оның үстіне, биыл күзге қарай Дабашы мен Әмірсана нояндардың төңірегіне де бірер мың ойрат құралып, Абылай әскерімен бірге тізе қоса соғысып жүрген. Қазақ қолының құрамында қонтайжыға қас атақты нояндардың болуы ойрат ұлыстарының арасында ірткі туғызып, кейбір әскербасыларын екіұдай күйге түсірген.

Бұл жағдай алғаш рет Ақсудағы шайқаста анық белгі берді. Тау бөктеріне таяу, Ақсудың сол жақ қапталындағы кен жазықта қазақ әскерінің бір бөлігі ойраттың Байыр-Мөңке бастаған түменімен бетпе-бет келіп, алдағы ұрысқа әзірленіп жатты. Екі жақтың әскер саны тепе-тең, түменге-түмен қарсы келіп тұрған. Бұл жолы да соғыстың жекпе-жексіз өтпейтіні белгілі болды. Дегенмен, қалмақ батырларында ұрыс алаңына күні бұрын шығып алып, қазақты келемеждеп, айбат шегетін баяғы арын жоқ, айдарынан жел ескен атақты нояндар да қазір қоқилануын қойып, бой бағып, қалтарыста тұратын болған.

Қазақ түменінің тізгінін Қабанбай ұстағанымен, бүгін Абылай да осы топта болатын. Екеуі жаудың әр қимылын бағып, түзем алдында қатар тұр еді. Қалмақ жағы бөгеліңкіреп қалған соң, батыр Баян бұл жолы қарсыласын сайысқа өзі шақырмақ болып, қару-жарағын сайлап, дайындалып жатқан-ды. Бірақ дәл осы кезде одан бұрынырақ қимылдаған қарсы жақтың батыры астындағы құла қасқа атын ойнақтатып, ортаға шыға берді.

Дабашы мен Әмірсана да осы топта, ханның дәл қасында тұрған-ды.

Қалмақ батыры шығысымен, әлгі екеуі өз тілінде балдырласып кетті де, сонан соң жаңағы ортаға шыққан адамды нұсқап, Абылайға бірдеңе айтты. Хан олармен қалмақ тілінде жауаптасып қалды:

— Мыналар не деп тұр, хан ием? Өздері жын көргендей түстері бұзылып кетті ғой? — деді түкке түсінбеген Қабанбай.

— Мына шығып тұрған Әмірсананың атасы Шабдар ноян екен. Былтыр күзде Дабашы екеуінің өкше ізіне түсіп, елден қуып тастаған — осы Шабдар... Әмірсана қазір жекпе-жекке шығып, опасыз туысынан кек алғысы келеді. Бұнан не дейміз, Дарабоз?

— Мейлі... Қалмақтың өз басын өзінен аяймыз ба, нояндардың да әуселесін бір көрелік! — деді Қабанбай езу тартып.

Әмірсана қазақ сөзін қалт жібермей ұғып тұр екен:

— Олай деме, Қабанбай батыр. Шабдар екеуіміздің өз есебіміз бар... Ол — қайда жүрсе де менікі! Оның қанын ұрттамай кегім қайтпайды! — деді тап-таза қазақ тілінде.

— Мен ше? Кезек менікі еді ғой? Мен де аруағымды шақырып қойып едім, — деді мына жақтан батыр Баян жақындап.

— Сұрап тұр ғой, қонаққа бір кезегінді қи! Осының қарымтасына мен саған екі кезек берейін! — деді Абылай, Баянды қашанда еркелетіп ұстайтын әдетімен.

Қабанбай Банжырдың қызы Мүнейді келін қып түсіргелі, Әмірсана да мұны жан тартып, «Сарысүйек» деп үйіріліп тұратын. Жаңағы сөзім көңіліне келіп қалды-ау деп ойлады да:

— Жолың болсын, ноян! Қас жауыңнан кегінді алып, жеңіспен орал! — деді Қабанбай да ықлас білдіріп.

Осы сөзден кейін, астындағы қаракерге қамшыны басып жіберіп, Әмірсана да ортаға шауып шыққан. Қарсыластың кім екенін қалмақтар енді таныса керек, қарсы жақ өзара ұйлығысып, шу-шұрқан сөздер естіліп қалды. Ал қазақтар, не үшін екен, бұл жолы ұран да шақырмай, демдерін ішіне алып үнсіз тұр. Ұран шақырғанда не демек? Әмірсана — не Арғын, не Найман, не Үйсін емес, ойрат әулеті. Керек десең, ұрыс алаңына шыққандар — жатыры бөлек демесең, бір әкенің балалары... Бірақ бұлардың қуып жүргені — ел азаттығы, не халық кегі емес, тақ таласы, билік бәсекесі.

Екі жақ бірте-бірте жылжып, сөз естілетін жерге тақау келіп тұрған-ды. Шабдар ноян інісіне төніп келді де, қатты ашумен өз тілінде бірдеңе айтты. Оған шаңқылдаған ащы дауыспен Әмірсана да жауап қайтарып жатыр.

Қалмақша жақсы білетін Абылай олардың не айтқанын қасындағы кісілерге аударып тұр:

— Қазақтың өз батырлары аздай, мына жерге не бетіңмен келіп тұрсың? Кеше ғана таяқ тиген бұралқы иттей қынсылап, елден безіп кетіп едің, Абылайдың жуындысына семіріп, құтырайын деген екенсің! — депті Шабдар.

— Сенің де жайын белгілі. Бүкіл ұлысты, елді сатып, некесіз туған шата — Лама Доржидың табанын жалағансың. Сол опасыздығың үшін, осы қазір сазайынды тартасың! — депті Әмірсана.

Ағайынды екі ноян біраз салғыласып алған соң, Әмірсана ендігі сөзін арты жақтағы қандастарына арнады.

— Тыңдандар, төрт ойраттың тұқымы! Мен сендерге жау емеспін, жоңғар тағына заңсыз отырып алған, некесіз шата Лама Доржиға қарсымын. Сол таққа отырғалы, басымыздан бақ тайып, бұрқын бізден бұрылып кетті. Мінеки, көріп тұрсыңдар, ойрат ордасы құрып кетуге тақау. Жоңғар тағына таза хан тұқымы — Дабашы ноян, не мен отыруым керек. Біз билік басына жетсек, қырғын соғыс тоқтап, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заман орнайды. Егер ойрат ордасының шаңырағы мүлде ортасына түспесін десеңдер, Лама Доржимен ат кекілін кесісіп, біз тарапқа шығыңдар!..

Әмірсана әлі де бірдеңелер айтпақ еді, бірақ дәл осы сәтте Шабдар ноян шыдамай кетіп, қас жауына алдаспанын ала ұмтылды. Әмірсана да жан дәрмен қорғанысқа көшкен. Ендігі жерде кек пен нала, өштік пен қастық жарқ-жұрқ еткен ақ алмастың жүзінде сөйлесіп жатты.

Міне, нағыз сайыс деп осыны айт! Не қыласың, екеуі де қимылына көз ілеспейтін хас шебердің өзі екен. Екі жақ үдемелей шабуылдап, төпелей жөнелгенде, ақ алмастар кезек айқасып, көк жүзінде біразға дейін өріліп тұрып қалады. Бұл күнде қазақ-қалмақ арасындағы қидаласу ешкімге таңсық емес. Дүниенің қызығы қалмақ пен қалмақтың айқасқаны екен. Қимылдарынан не қылайыны, кешірім-кеңшілігі жоқ, өліспей-беріспейтін шексіз қаталдық аңғарылады. Оның үстіне мыналардікі қазақ ұғымына мүлде жат-тұғын. Ағайынды өкпеге қиса да өлімге қимайтын қазекең бүйтіп өз туысымен топ алдында шарпыспас еді. Туыстар жекпе-жекке шыға қалса — сүйекке таңба, өмір бойы қыр соңынан қалмайтын әңгіме болар еді.

Сондықтан да болар, мына сұмдыққа исі қазақ ауыздарын ашып қарап қалыпты. Абылайдың да бар назары — сол екеуінде. Ол қазір көптен дайындаған өз саясатының жемісін көріп тұрғандай. Қанды балақ түз қыранын қолға үйретіп, қайырып әкеліп қасқырға салған саятшыдай, өз өнеріне сырттай сүйсініп тұр ма, кім білсін?! Алайда жан алып, жан беріскен ымырасыз айқас жүріп жатыр. Шабдар — інісінен гөрі шомбал,

мелжемді. Әмірсана — қырым еті жоқ, тарамыс, сида... Ал енді қидаласуда титтей қапы жоқ. Адам бал асы қылыш пен қалқанды бүйтіп те үйлестіріп, әдемі ұстауға болады екен! Қаруды кемел игергені соншалық, бірі қарсыластың қапысын тауып қақ бөлетін жерде екіншісі қалай дүр қалқан тосып үлгіреді. Сол шексіз шеберліктің арқасында бұлардың қимыл-әрекеті өте оңай, тіпті ойнап жүрген сияқты болып та көрінуші еді...

— Әй, мыналар бізге көз қылу үшін әдейі істеп жүрген жоқ па? Тым созылып кетті ғой?! — деген-ді, өз кезегінен айрылғанға нәумез боп тұрған батыр Баян шыдай алмай.

— Жоқ, олай болмас. Қимылдарынан ондай селкеулік байқалмайды, — деді Қабанбай нояндардан көз алмаған күйі.

Батыр Баян текке шүбәланып тұр екен. Шабдардың әлдеқалай аты сүрінді ме, әлде қары талып, дер кезінде қорғанып үлгіре алмады ма, сәл мүкіс кетіп еді, Әмірсана орайлы сәтті мүлт жібермеді. Қолындағы ақ алмас оқыс жарқ етті де, жауының дулығалы басын допша қағып түсірді. Мұның қас қағым сәтте, тым тез болғаны сонша, көз жазбай қарап тұрғандар болмаса, біраз жұрт омырыла құлаған Шабдардың өлі денесі мен бір шетке ер-тоқымымен ойнап шыға берген құла қасқаны ғана көріп қалды.

Бұдан ары бөгелудің орны жоқ, Қабанбай енді қаптама ұрысқа белгі беруге оқталып тұрған. Бірақ Әмірсана осы кезде артқы сапқа бірден қайта қоймай, әлдене деп айғайлап, ойрат қолының алдынан көлденеңдей шапты. Сол-ақ мұң екен, жоңғар қосыны ұйқы-тұйқы болып, іргесі сөгілді де, үлкен бір бөлігі саптан шығып, Әмірсананың соңынан жосып берді. Бұлар, негізінен, бұрын ноянның өз иелігінде болған, кейін амалсыз Шабдарға бағынған ұлыстың адамдары еді. Мөлшері үш мыңнан кем болмас... Кешікпей қазақ қолы да жаппай шабуылға өтті. Бірақ әскерінің үштен бірі қарсы жаққа өтіп кетіп, қалғандарының да тауаны қайтып тұрған Байыр-Мөңке ноян табан тіреп соғыса алмады. Біраз жерге дейін қаша ұрыс салып барды да, оның ақыры жаппай жөңкілген босқынға айналды. Олардың да жарым-жартысы шығынға ұшырап, ат-көлігі сай іріктелген топтары ғана қашып құтылды.

Жоңғар қолының бұл шегінуі Жетісудағы ойрат күреңдерінің шығысқа қарай жөңкіле көшуімен ұласты. Бұл өлкенің қоныс болмасын сезген қарулы әскердің ендігі ойлағаны шұбырған көш пен төрт түлік малға қалқан болу ғана еді. Мүмкіндігінше, көш пен малды алға жіберіп, соңынан әскер қосындары жүріп отырды. Бірақ басынан бақ тайып, босқынға айналған ел төгіліп-шашылмай, шығынға ұшырамай тұра ма, жер қайысқан көп мал мен қыз-қырқын, бала-шаға қазақ жасағының қолында қалды.

Сайын-Бөлек пен Намеху-Жырғал нояндардың тізе қоса отырып қазақ әскерін тосып алтан таты бір жері Қара- тал өңірі болатын. Бірақ бұл да шабуылды түбегейлі тойтару емес, уақыттан ұту, көші-қонға аз да болса

тыныс беру қамынан туған далбаса еді. Бұл жердегі жекпе-жекте энегүні сытылып кеткен Байыр-Мөңке ноянды батыр Баян шауып өлтірді де, арты қаптама соғысқа айналып, одан арғысы ойрат қолының күйрей жеңілуімен аяқталды. Егер қазақ әскері қалмақтан тігерге тұяқ қалдырмай, қанға бөктіруді мақсат етсе, ойрат қолын түп-түгел қоршап алып, қырып тастауға да мүмкіндігі болып еді. Бірақ Абылай оған жібермеді. Қашқан әскердің тым өкше ізіне де түспей, былайғы бейбіт елге де азуын көп батырмай, ақсақтың аялына батып, тек жоңғар көшін өз жеріне асырып тастауды қарастырған. Абылайдың ондағы ойы белгілі — бұл елдің іргесін шайқалтпай аман қалдыру, болашақта ойрат тағына отыратын өзіне тілектес нояндар арқылы Жоңғарияға өз ықпалын жүргізу.

Соған орай, қазақ қосынымен бірге келе жатқан Дабашы мен Әмірсана да қара халықты қызғыштай қорып, жолай кезіккен ойрат әулетіне өз беделдерін өткізуге тырысты. Олардың есі-дерті жоңғар ордасының ендігі тіректері, әрі болашақ ойрат тағынан үміткерлер — Сайын-Бөлек пен Намеху-Жырғалдың көзін құрту болатын. Бірақ ол екеуі оңайшылықпен қолға түспеді. Қонтайжының қаһарынан қорыққандықтан, олар Жаркентте соңғы рет соғыс ашқанымен, майданнан қай кезде, қалай шегініп кетудің амалын алдын-ала ойластырып қойған-ды. Қорғас өзенінің бойында екі түмен әскерден қалқан тұрғызып, жас нояндардың бірнешеуін жекпе-жекке айдап салды да, олардың мерт болғанын көре салысымен, қаптама ұрыстың артын күтпей, Құлжадағы ойрат ордасына қарай зытып отырды.

Қолбасылардың өздерін құрбандыққа шалып кеткенін сезген былайғы әскер де ендігі жерде жан салып соғыса қоймады. Көпшілігі бас амандығын ойлап, шегіне ұрыс салып барды да, едәуір ұзап алған соң, бір бөлігі Құлжаға, екінші бөлігі Талқының асуымен Бұратолаға қарай жосып берді.

Қазақ әскері де бұдан ары ішкерілеп сұғынбады. Талқының күнгей бетіндегі Кеңсай аңғарында ат басын іркіп, тау өзені арқыраған осынау жайлы қоныста қалың қол бір аптадай еру болды. Ойрат ордасы ту тіккен Құлжа шаһары бұл арадан алыс емес-ті. Небәрі екі күндік жол. Дәл іргесіне келіп тұрып, таққа қолдары жетпегенге Дабашы мен Әмірсана қатты қапаланды. Екеуі екі жақтап Абылайға қолқа салған: «Екі түмен қол берсең, Орданы бір-ақ күнде басып аламыз. Екі жұмыс қылмай, некесіз неменің шаруасын біржола бітіріп келейік!» деп алақандарына түкіріп-ақ еді. Бірақ қазақ ханы райынан қайтпады. Шолғыншылардың айтуынша, Лама Доржи өзін қорғау үшін мұздай қаруланған тағы үш түмен әскерді Орда маңында ұстап отырған көрінеді. Төрт айдан бері дамыл көрмей әбден титықтап қажыған әскерді тын күшке қарсы айдап салу кешірілмес күнә болар еді.

Өстіп, екіұдай күйде отырғанда Абылайға Лама Доржидан елшілер келіп қалды. Шамасы, қазақ ханы аздап ат шалдырып, тынығып алған соң Ордаға ойран салып жүре ме деп, қонтайжы да қорқып отырса керек, елшілері тым елпек, жүздері жылы, тілдері майда көрінді: «Қазақ хандығы өздеріне

тиесілі жерді түгелге жуық босатты ғой. Енді шекарадан өтіп, жоңғар жұртын шаппай-ақ қойсын. Бітімге келейік. Бітімнің шарттары мен баптары жөнінде алдағы уақытта келісе жатармыз» депті жоңғар қонтайжысы.

Абылай өз тарапынан екі түрлі шарт қойды. Біріншісі — ойраттар былтырдан бері қалпына келтірілген шекараны сөзсіз мойындап, ендігі жерде Сыр бойындағы қалаларға, Алатау өңірі мен Жетісу жеріне аяқ баспайтын болсын! Екіншісі, Тарбағатай мен Алтайды және Ертіс бойындағы өзге де жерлерді түгел қайтарып берсін...

Осы талаппен елшілерді аттандырып жіберіп, өзі қасақана Құлжаның желкесіне төніп барып тоқтаған. Арада төрт-бес күн өткенде жедел жауап келді. Қонтайжы бірінші шартты түгел қабылдапты. Ал екінші шартқа келгенде, ол да қарсы талап қойған: «Егер қазақ хандығы қашқын нояндарды ұстап берсе, біз де сұраған жерлерін қайтаруға әзірміз» депті Лама Доржи.

Бұл кезде қоңыр күз өтіп, қыс ызғары біліне бастаған-ды. Абылай қонтайжының талабына екі ел арасындағы жағдайды алдағы хан кеңесінде ақылдасып шешерміз деп сүйей салды жауап қайтарды да, кешікпей әскердің бетін елге қарай бұрды. Бұл жолы олжа мол еді. Айдаған төрт түлік малда есеп жоқ. Қазақ әскері қазір еркін тоят алған тоқ бүркітке ұқсайтын-ды. Ал бабынан тайған қыранды түлкіге салуға болмайтынын Абылай жақсы білуші еді.

Қалың қол артынып-тартынып Жаркентке жеткенде, Алатау бөктерінде шағын ұрыстар жүргізіп жүрген Наурызбай, Ханкелді батырлардан да қуанышты хабар келді. Ұлы жүз жасағы Шелек, Түрген, Шарын бойын қалмақ күреңдерінен тазартып, бұл күнде қырғыздар басып жатқан Қарқара, Нарынқолға жете тізгін тартыпты... Сонымен, қазақ әскері Жетісу өңірін түгелге жуық, жаудан азат етіп, биылғы аттанысты абыроймен аяқтады.

Қазақ даласының түкпір-түкпіріне жеңіс хабарын жеткізіп, сүйінші сұраған жаушылар аттанды. Сол жақсылық хабармен бірге, Абылай мынадай жарлық таратты: «шамасы келгендер биыл күзде, шамасы келмеген шабан-шалан жұрт келесі көктемнен қалмай, Жоңғардан азат етілген ежелгі ата-мекені — Жетісу мен Алатау алқабына көшетін болсын!» делінген хан жарлығында. Абылайдың мұндағы көздегені — қалайда жаудан босаған шекара аймақтарды иен тастамау, әрі көптен жер тапшылығын көріп қысылып отырған рулардың өрісін кеңейту еді...

Бас қолбасы Қабанбай Арқадан аттанған қалың қолды Аягөз бойында жан-жаққа таратып, өзі қасындағы жақын серіктерімен Ақшәулідегі елге келгенде, қарашаның алғашқы қары жауып та қалған. Хош хабар таратып, сүйінші сұраған жаушылардан күні бұрын құлақтанып отырған ел адамдары көш жерден алдынан шықты. Ақтамберді жырау, Төбет би, Тама

батыр, Жүсіп-қожа бастаған әр ауылдың ақсақалдары бір топ, Баймұрат, Дәулетбай, Шағалақ, Шынқожа, Шөрек секілді батыр інілер бір топ. Ең соңында Майсараны, Мырзатай мен Назымды, Әлі мен Мүнейді орталарына алып, бәйбішеден туған ұлдар мен немерелер келіпті... Жиыны жүз қаралы кісі.

Қабанбайдың сонау жаз басында елден аттанып кеткеннен бері ауыл адамдарымен көрісіп тұрғаны осы еді. Қатты сағынып қалған екен. Үлкендермен тос түйістіре құшақ айқастырып, балаларын аймалап беттерінен сүйді. Аңада жорыққа аттанар алдында үлкен той жасап, Назымды Боранбай ауылына ұзатқан-ды. Әкесін сағынған ерке қыз жыл уағын күтпей-ақ төркіндеп келіп, күйеуі Мырзатай екеуі осында жүр екен. Назым босаға аттап кеттім дейтін емес, бұрынғыша әкесінің мойнына асылып, жиналған жұрттың жүйесін босатты... Ал Майсараның сағынышты ыстық дидарын көргенде, оқтан да, оттан да қайтпаған батырдың тас жүрегі табаға салған майдай еріп кетіп еді. Айлар бойы аттан түспеген мазасыз күндер мен ер жастанып, тоқым төсеніп өткерген ереуілді, бедеу түндердің сый-сыяпат, қарымтасы осы әйелдің ғана қолында тұрғандай!

Айтпақшы, мына жақта өздерімен-өзі мәре-сәре болып шұрқырасып жатқан тағы бір топ бар екен-ау. Ол — араға жыл салып, бала-шағасымен жат жұртта қайта табысқан Банжыр тобы. Банжыр құданың жалғыз қызы Мүнейді ғана емес, басқа туыс-жұрағатын да көптен көріп тұрғаны осы еді. Тәйжінің өзі былтыр Шыңғыстауда жүргенде қазақ жігіттері көшіріп әкелген бала-шаға, туыстары жат жерде азаматқа қолбайлау болғысы келмей осында, Мүнейдің қасында қалып қойған-ды. Қабанбай құдасының сағыныштан жүдеп жүргенін байқап, осы жолы Абылайдан әдейі сұрап алған... Шіркін, сағыныш, мұң-зар, қайғы-қасірет адам баласына ортақ нәрсе екен ғой. Байғұстар бас иелерін аман-есен көргенде қуаныштарында шек болмай, жылап-еңіреп, өз тілдерінде бірдеңелерін айтып тауыса алмай жатыр.

Көпшілік жорықтан қайтқан батырлармен қауышып, абыр-сабыр басылған кезде, Ақтамберді жырау қарсы алушылар атынан бір басалқы тілек айтты.

— «Хан — қалқан, батыр — қорған» дейді екен. Сенің туысың бізге жақын болғанмен, қайратың мен айбатың — Алаш ұлына ортақ, Дарабоз! Алыста жүрсең де күн сайын жеңіс дүбіріңді естіп, қуанып жаттық біз дағы. Осы жолы Малайсары екеуіңнің дабысың қатты шықты ел ішінде... Биыл ата жауыңды Жетісуда желкелесең, алдағы жылы Алтай таудан асырып тастауға жазсын Алла-тағала! Аумин! — деп бетін сипады.

Әркімнің бір қастерлеген қимасы бар. Шағалақ құрдасы Қабанбаймен құшақтасып көрісе сала, бар назарын Кубас атқа таман аударып еді. Кубас та оны танып, оқыранып қойды. Шағалақ тұлпардың мойнынан құшақтап, жалын тұтамдап көрді де, разы болғанынан қарқылдап күліп жіберді.

— Тү-у, сарамас!.. Мынаған дауа жоқ екен! — деп басын шайқап, тандайын қағып тұр. — Алты ай жаз жорықта жүрді дейтін емес, сол көктемгі қалпы. Арымаған да семірмеген... Күн аралатып болса да биенің сүтімен суарып тұр деп, анада Қасабайға өлердегімді айтып тапсырып едім, бала-шағанның игілігін көргір сөзінде тұрған екен! — деп мәз-мейрам болды. — Ал сен, Ерасыл, қанша керемет болсаң да, бұл жолы жағың суалып, қатты жүдеп кетіпсің. Менсіз бабың келіспейді, қасыңнан қалдырма деп құдайдың зарын қылдым, тыңдадың ба?! Мені тастап, қосшылыққа Қасабайды алдың...

— Оның рас, Шақа! Атшы мен қосшы қанша көп болса да, сенің орның бөлек қой! — деп Қабанбай да өзінің бала күннен бірге өскен досын мол құшағына алып, арқасынан қақты.

Өстіп тұрғанда арт жақтан бір қостай жылқы айдап, жүкті түйелер жетелеп, Қасабай батыр бастаған аламандар тобы қуып жетті. Олжа қарасы мол көрінеді. Жорықтан қайтарда олжа үлесінен тиген сардардың өз сыбағасы, қасына ерген серіктерінің нәпақасы. Қолбасыға үйірлі жылқы, келелі түйе тигенде, әр сарбазға қосар ат, жетек аттар бұйырып, осылайша әжептәуір мал басы құралған.

Әрине, олжа бар жерде сауға бар. Қазақ салтында олжаға түскен малды жорықтан қайтқан батырлар жеке иемденбейді, алдарынан шыққан жора-жолдасқа, көңілі жетер туысқа, жоқ-жітікке сауға қып үлестіреді. Мұндайда азаматы жорықта өлген қаралы үйлерге үлес бөлінетіні тағы бар.

Өз дәулеті өзіне жететін Қабанбай қасына ерген жолдастарының қолын қақпағанымен, өз басы жаудан түскен олжаға көп қызықпайтын-ды. Қашанда жорықтан қайтар кезде басқа батырлардың: «Найзаңыздың ұшы, білегіңіздің күші қарымтасыз кетпесін. Елге барғанда, сауға сұраған жұрттан ыңғайсыз болар» деп бұтан да қомақты сыбата бөлетіні бар. Бірақ оны жеке өзі пайдаланбай, елге келген соң ағайын-анжыға пышақ үстінен үлестіріп беретін.

Бүгін де солай болды. Жол бойы Қасабай батыр ие боп әкеле жатқан Қабанбайға тиесілі қырық-елу жылқы, ондаған түйе бар еді. Соларды сауға дәметкен ағайынға бір-бірден бөліп берді. Жылқы ішінде көрнектісі — қалмақ нояндары Қаскелең мен Батыр-Убашының тақымынан тартып алған жирен арғымақ пен қара жорға болатын. Қара жорғаны Төртуыл батыры Баймұратқа, жиренді өзі жақсы көретін Тума батыры Шынқожаға тарту етті. Ал одан гөрі жөнсалдау, жуан тұғыр ат пен атан түйе тиген Дәулетбай сыбағасын азырқанып, кәдімгідей өкпелеп қалғаны байқалды. Онысын сардарға батып айта алмаса да, енді жол-жөнекей Қасабайды қажап келе жатыр.

Өйткені осы жолы қолбасыға атқосшы боп ілескен Тоқпақ батыры Қасабайдың үлесінде де бір үйір жылқы бар-тұғын. Әсілі, Қасабай өмір бойы жортуыл-жорықта жүрсе де, артық дәулет бітпеген ер кедейдің бірі

еді. Намысқой батыр жаз жайлауда сабасы қаңсып қалғанда, түнге қарай бай ағайындарының өрістегі биесін қуып әкеліп, қақтап сауып жібереді екен деген де әңгіме тараған... Батырдың қолының қысқалығын білетін Қабанбай осындай жорық кездерінде оның қолын олжадан қақпаушы еді. Бір үйір жылқының сыртында, Қасабай осы жолы көңілі түсіп, баурында кішкентай баласы бар қалмақтың бір сұлу жесірін де иемденіп келе жатқан... Соны көрген Дәулетбай Тоқпақ батырын жездесініп (Қасабайдың бәйбішесі Жұмық қызы болатын), әр саққа бір жүгіртіп келеді.

— Олжаның үлкені менің жездемде екен ғой. Қалмақтың жас сұлуын құшқаны өз алдына, кілең бір құла жорғаның үйірін қайдан ғана тапты екен? Жігіттер, осы бетімізбен барып, жездеме жылқысының құйрығын майлатайық! — деп бір соқтыққан. Оған Қасабай да бой берер емес:

— Апаң болса қартайды. Жас балдыздардың бірін кішілікке алуға қолы құрғыр қысқа. Сонан соң қалмақта болса аяқ алғау етпеске амалым қайсы?! — деп сыпайы қалжыңмен жауап қайтарған.

— Соны айтам ғой мен дағы, — деп Дәулетбай да екілене түсті. — «Жас иісті» үйге кіргізбес бұрын әуелі апамыздың ашуын алуын керек. Ол үшін біз сияқты бауырларына бір-бір жарамды ат мінгізуге тура келеді...

Дәулетбайдың батырлығында қапы жоқ. Бірақ Қабанбай осы бір аталас інісінің кейде тым малжанды боп кеткенін көргенде қатты кейіп қалушы еді. Қазір де біреудің алдындағы бес садара малға сұғын қадай бергенін ұнатпай қалды.

— Әй, Дәулетбай! — деді шамырқанған кездегі әдетімен дауысын соза сөйлеп. — Басқаға тиіссеңдер де, Қасабайдың үлесіне көздерің қызармасын. Ол бұл малды да, жанды да басын ажалға тігіп жүріп, арыстанның аузынан, түрікпеннің түбінен әкеле жатыр. Апаларыңа жандарың ашыса, қорасына қой салып бермей, баяғыдан бері қайда қалғансыңдар?!

Дәулетбай біразға дейін тысырайып, үндемей келе жатты да, ақыры өз ойынан белгі беріп алды:

— Биыл біздің де олжаға батып, абыройға кенелетін жылымыз еді, торғауыттың жолын бөгейсің деп, ауыл арасына иіріп қойған жоқ па?! — деген іштегі қыжылын жасырмай. — Абылайға неміз жақпай қалды екен, әйтеуір, бізді шөміштен қысуын бір қоймайды. Өзгесін не қылайын, иттің ұлы итақай барып жатқан жорыққа да жібермеді-ау!

— Апыр-ай, құрдас-ай, сен де жылай береді екенсің! — деді Баймұрат батыр оған қалжыңдап. — Ынсап қайда? Ақшәуліден көшкен қалмақтан сен де қарбытып қалып едің ғой? Сонда шыққан мүйізің қайсы?

Баймұрат ойнаса да ойындағысын айтып келе жатқан. Биыл жаз

Ақшәуліні жайлаған дүрбіттер шығысқа қарай ығысқанда, осы Дәулетбай бастаған жігіттер бірнеше дүркін қалмақтан жылқы тиіп алған-ды. Сол жылқының біразын ешкіммен бөліспей, Дәулетбай өзі иемденіп кетіп, жора-жолдастың өкпесіне қалған. Соны сардар естісін деп Баймұрат батыр әдейі айтса, өзі жоқта Дәулетбай тарапынан тағы бір пендешіліктің болғанын Қабанбай да тез пайымдады.

— Батырдан — барымташы, барымташыдан — ұры, ұрыдан — қары, қарыдан — бәрі туады дейді екен. Батырлықтың бағын қайтарып, ақыр ұрлыққа аттана бастадыңдар ма? — деді аталас інісіне түсін суыта қарап. — Осы сендер ер жігіт жорыққа тек олжа алу үшін шығады деп ойлайсыңдар-ау деймін. Түсіміз қашып, түн қатып, қабырғадан қан кешкенде, осы бәріміз тек мал табу үшін жүр ме екенбіз? Рас, аттың тері, ердің күші қайтуы керек. Бірақ оның да өлшемі бар. «Бүлінгеннен бүлдірге алма» деген ата қазақтың сөзі қайда?! Ойратқа опа бермеген мал саған опа берерін қайдан білдің?! — деп бір сәт ашумен түйіліп қалды да, аздан соң сөзін қайта жалғады. — Ал енді хан жарлығына келсек, оның дұрыс-бұрыстығына билік айтатын сен емессің. Сенің ойлағаның — от басының қамы болса, ханның ойлағаны — күллі қазақ даласының амандығы. Былтырдан бері азат болған оңтүстік өлкесі мен Жетісу жері тақияна тар келіп тұр ма? Олжаның үлкені сол емес пе, біле білсең?! Абылай — біреу, басқамыз соған — тіреу. Бұдан кейін Абылай туралы қалай болса солай сөйлеген адам маған өкпелемесін! — деп қатаң ескертті де: — Шығысқа шабуыл келер жылы басталады. Сонда көрерміз, жаусыраған жігітті! — дегенді қосып қойды.

Жастар жағы алға таман озып кетіп, бұл әңгіме орта тұста келе жатқан үлкендер арасында болып еді. Арада пайда болған болымсыз кірбеңді Төртуыл Төбет би жуып-шайып, тез жадыратып жіберді.

— Шіркін, ақыл айтып, ашу шақырар ағаң болып, оны ілтипатпен иіліп тыңдар іні табылса, одан жарасымды не бар бұл дүниеде?! «Ханда қырық кісінің ақылы бар» дейді халық. Сірә, бұл ханның өз басын ғана емес, қасындағы қырық уәзірін есепке алғаны шығар... Абылайдың қашанда қолбасы батырлар сөзіне ден қоятынын хан кеңесінде мана көзіміз талай көрген! — деп аз бөгелді де, айтар ойын қайта сабақтады. — Биылғы аттаныстан менің түсінгенім: аңшылар түлкінің ініне түтін салғанда ішіндегі аң тұншығып өліп қалмай атып шықсын деп, іннің екінші аузын әдейі ашық қалдыратын... Абылайдың да биылша Барқытбел мен Алтайға соқтықпағаны — онсыз да қансырап елетін жаралы жыртқышқа арандалып қалмай, шегінетін жер қалдырғаны ма деп шамалаймын!

Осы сөзден кейін қолбасының да өңі жылып, сабасына түскендей болды. «Қайран, кәрі тарлан-ай! Өзі қол бастап соғысқа кірмесе де, көкірегі қандай даңғыл еді?! Адамның іште жатқан құпиясын сынық салғандай қалай дәп басады?!» деп сұңғыла биге разы боп қалды.

Осы дүрмекпен бұлар ауылға жетіп қалғанын да аңғармаған. Мұнда да

қаптаған халық, сағынышты ыстық құшақтар... Мәмбет, Қожақұлға қараған ауылдар жеке-жеке ақсарбас, көкқасқа жығып, бірнеше күн ұлан-асыр той жасады. Жорықтан қайтқан батырлар тек осыдан кейін ғана уһ деп жан шақырып, демалуға кіріскен.

Айлар бойы аттан түспеген мазасыз күндер, ұзаса күніне бірер сағат қана көз шырымын алып, әйтпесе тіпті кірпік айқастырмай өтетін ұйқысыз түндер артта қалды. Өмір мен өлім белдескен қанды қыртын соғыстың айғай-сүреңі де қазір қыр асып кеткендей. Соның бәріне төзіп, шыдастық берген адам жаны неткен сірі десейші! Қабанбай қатты қалжырағанын той тарқап, үйіне келген соң ғана сезінді. Ендігі арманы — бір ұйқы. Кәдімгі жорықтан қайтқан батырдың жолбарыс текті ұйқысы... Шағалақ жаққан тасбулау моншадан кейін Майсараның мәпелі құшағында балқып барып ұйықтап кеткен-ді. Содан екі тәулік бойы тұяқ серіппей, тек үшінші күн дегенде басын көтерді.

Бұл күндері батырдың маңайын басып, мазалаған ешкім болған жоқ. Сағынған бала-шағасы да батып кіре алмай, сырттан торуылдап қана жүрген-ді. Батыр ұйқыдан оянысымен солар келіп ошарылды. Бірер күнді балалары мен немерелерінің қоршауында өткізді. Осылайша ес жинаған алғашқы күндердің бірінде, үйге сәлемдесушілердің бірі болып, құдасы Банжыр тәйжі кірді. Өнегүнгідей емес, оның да өңіне қан жүгіріп, шырайланып қалыпты.

— Келіңіз, тәйжі! Бала-шағаңызды көріп, көзайым болып, көңіліңіз жайланды ма? -деп Қабанбай құдасына төрден орын ұсынды.

— Айтпаңыз, сардар! Балаларымды сағынып, құр сұлдерім жүруші еді, мінеки, бір-ақ күнде қайта тірілдім, — деді Банжыр жадырай күліп. — Мен бір нәрсеге таң қалам: бірін-бірі қырып-жоятындай осы адамдарға не жетпейді екен? Кім-кімге де ең алдымен керегі — от басының тыныштығы, көңілдің бүтіндігі емес пе?!

— Оныңыз рас, тәйжі. Ұзаққа созылған тынымсыз жорық, қырғын соғыстан кейін өз отымның басына келіп, мен де бейішке кіргендей болып отырмын, — деді Қабанбай.

Банжырдың мұнда тегін келмегені белгілі. Аздан соң алдына келген қысырдың қою қымызынан ұрттай отырып, тың әңгіме бастады.

— Сардар, рұқсат етсеңіз, менде сізге айтар айрықша өтініш бар, — деді үй иесіне құрметпен иіле түсіп.

— Ол не? Іркілмей айта беріңіз!

— Қазақ пен қалмақ жауласып, екі ел арасында соғыс жүріп жатыр дегеніміз жоқ, құдай қосты — құда болдық. Қанымыз араласты. Ниет бізден болғанда, ықылас сізден... Былтырдан бергі көрсеткен пейілдеріңізге

маған қарасты адамдар дән риза... Егер оғаш көрмесеңіз, сардар, ойрат ордасы қашан бір жайлы болып, тыныштық орнағанша, мен бала-шағаммен осында қала тұрсам деймін...

— О не дегеніңіз, тәйжі?! Сізді қуып жатқан біреу бар ма? — деді Қабанбай таңырқап.

— Жоға... Тек өзіңізбен ой бөлісіп, алдыңыздан өткенім ғой, — деді Банжыр жүдеу жүзінен әлі де қасірет таңбасы сейілмей. — Жоңғария күйреуге беталды. Ондай елде жуық арада тыныштық болмайды. Мен тіпті тәңірден бір зауал төніп, ойрат әулеті жер бетінен өшіп кете ме деп қорқам. Әй, түбі солай болатын шығар...

— Неге олай дейсіз, тәйжі? Абылай да, басқамыз да бірыңғай кек алудың жолына түсіп, ойрат Ордасын қалайда құртуды ойлаған жеріміз жоқ. Соғыс кезінде де, артық қан төкпей, бейбіт халықты қалай қорғап қалғанымызды өз көзіңізбен көрдіңіз, — деді Қабанбай құдасының жүзіне барлай қарап.

— Ол жағы солай ғой. Қазақтар бұл жолы, шынында да, мейірімділік көрсетті, — деді Банжыр. — Бірақ ойратты құртатын — сырттан келген жау емес, ойраттың өздері... Біздің Әмірсана мен Шабдардың шайқасын көрдіңіз: бір әкенің балалары қан майданда бірін-бірі өлтіріп тынған жоқ па?! Көне кітапта жазылғандай, бұл — ақырзаманның нышаны... Жалпы біздің қалмақтың басынан бақ тайып, қанымыз сұйылып барады. Әне, ұлы қонтайжы Халдан Цереннің соңы не болды? Артында қалған үш ұл таққа таласып, ақыры бірін-бірі құртып тынды. Біздің Әмірсананың ұстанғаны да — тәңірінің жолы емес. Оның да көкірегіне әзезіл ұя салған... Туысы бір ғой деп, соның соңынан ілесе-ілесе қажығаным сонша, осы жолы енді қайтып көрместей болып, біржола қоштасып кеттім.

Ол осылай деп аз-кем ойланып отырды да, туыстар арасындағы бұл ел біле бермейтін бір жайларды айтып кетті. Банжыр мен Әмірсананың бір анадан — Халдан Цереннің қарындасынан туғаны рас. Бірақ екеуінің жатыры бір болғанымен, әкелері бөлек көрінеді. Сөйтсе, мәселе былай болыпты... Ойрат Ордасы қазаққа қарсы жорық жасамас бұрын алдымен Қашқарияны өзіне қаратады да, сонан соң түстіктегі Тибетті де қосып алғысы келеді. Жоңғар қонтайжысы Цеван Ребдан бастабында бұл мақсатқа бейбіт жолмен-ақ жетпекші болған. Ол үшін Тибет билеушісі Лацзан ханның ұлы Данжүнға өзінің қызы Боталақты қосады да, күйеу баласын аманат ретінде өз қолында ұстайды. Онда Тибет өлкесінің сырттай Маншың қағанатына тәуелді боп тұрған кезі. Сондықтан Лацзан хан басында емексітіп уәде бергенімен, жеме-жемге келгенде шығыстағы көршісінен қаймығып, ойрат одағына кіруден бас тартады.

Қонтайжының қаһарына мініп, қатты кететін жері осы тұс еді. Ең алдымен өз қолында аманатта жүрген күйеу баласын қайнаған қазанға салып, қинап өлтіреді. Сонан соң 1716 жылы немере інісі Церен Дондобаны (қазіргі Дабашы ноянның әкесі) екі түмен әскермен Тибетке

аттандырып, Лацзан ханның басын алады да, қарауындағы елін күшпен бағындырады.

Сөйтіп алғашқы күйеуінен осындай қайғылы жағдайда айрылған Боталақ ханша бауырындағы үш жасар ұлымен жесір қалғанды. Тибет ханзадасы Данжұннан қалған сол ұрпақ — осы Банжыр болатын. Әрине, қонтайжының жиені жетімдік көрген жоқ, еншісіне тұтас бір ұлыс, толып жатқан мал берілді. Боталақ ханша да жерде қалмады. Цеван Ребдан енді оны Еділ бойынан таяуда қайтып оралған хойт тәйжісі — Бәншан Уйзерге ұзатты. Күндес қатынның үстіне, тоқалдыққа барған. Содан коп кешікпей, 1722 жылы Әмірсана келді дүниеге. Сөйтіп, ата-тегі басқа болғанмен, бір ананың құрсағынан өрбіген екі ұл бір-біріне тете, сүйеу болып, қатар ержетіп еді. Дәрежелері тең — екеуі де хан жиені.

— Әкемнің өлімі санамда сайрап тұрмағанымен, еміс-еміс есімде, — деді Банжыр әңгімесін жаңа арнаға түсіріп. — Тақ таласы өрши берсе, түбі немен тынарын мен сонда-ақ түсінгем. Атам бір елдің ханы, әкем ханзада болатын. Бірақ солар басына қонған бақ пен биліктен өлімнен басқа не тапты? Ал қарадан шыққан Әмірсана хан болуға құмар. Ел ішіндегі тақ таласына қаршадайынан араласып еді, содан әлі тыным-тағат тапқан жоқ... Дабашының да көкейін тескен құрт — ойрат тағына бір отыру. Қанша дегенмен хан әулеті ғой, Әмірсанадан гөрі оның құқы молырақ, әрине. Атасы Церен Дондоба баяғы Батыр қонтайжының үлкен ұлы Сенге ханнан тарайды...

— Е, солай деңіз... Атаңыз да, анаңыз да хан тұқымы, сіздің дәрежеңіз Әмірсанадан гөрі жоғары екен! — деді Қабанбай сөзге араласып. — Біз де бұдан былай сізді ханзада ретінде сыйлайтын боламыз.

— Е, тәйірі, ата даңқы қашанға дейін азық болар дейсің. Хандық та, мұрагерлік те қалады ғой бір күні, — деді Банжыр қолын сермеп. — Дегенмен, ата жұрттың жөні басқа. Кейде ойраттардан көңілім қалғанда, өз жұртым — Тибетке кетіп қалғым келеді. Хан болуға емес, әрине. Мойнымдағы қарызды өтеу үшін... Тибеттің байтақты Үлхасса — сіздердің Меккелеріңіз секілді, біздің дін орталығымыз ғой. Сонда барып, жазықсыз құрбан болған ойрат әулетінің рухына дұға бағыштап, тәңірге жалбарынсам деймін.

Қабанбай Банжыр ноянның әңгімесін тыңдай отырып, құдасына бір түрлі жаны ашып кетті. Қайтсін байғұс, ағынан жарылып, бар сырын ақтарып отыр. Демек, бұдан артық жақынды таппағаны ғой!

— Онда былай болсын, тәйжі! — деді құдасының көңілін орнықтыра сөйлеп. — Қазақтың жері кең, көңілі одан да кең. Ойрат Ордасындағы ойпыл-тойпыл басылғанша осында алаңсыз тұра беріңіздер. Арғы жағы құдай ісі, бұйырғанын көре жатарсыздар... Мен тірі тұрсам сіздерді шөміштен қысып, шетке қағатын ешкім болмас. Айтпақшы, біз әлі Мүней келінімізге дұрыстап қалыңмал да айдата алғанымыз жоқ қой... Құда

қаласа, биыл жаз қораңызда қой, желіңізде бие, көшіңізде түйе болады. Біздің ауылмен қанаттас көшіп-қонып жүре беріңіздер!

«Мың сіз-бізден бір шыж-мыж артық» деген ғой. Қазақ болсын, қалмақ болсын, көшпендінің қорасында бес садыра мал жатпаса, көңіл шіркін көнши ме?! Мына сөзге Банжыр байғұс мүлде жығылып түсті.

— Апыр-ай, сардар, Сізге не десем екен?! Аузыма тіпті сөз түспей тұрғаны... Бәлкім, құдай бізге ойраттан көрмеген опаны қазақтан көруді жазған шығар. Не дейін, бала-шағаңыздың игілігін көріңіз! Осы еткен жақсылығыңыз менен қайтпаса, жаратушы тәңірден қайтсын! — деп қашан үйден шығып кеткенше алғыс айтумен болды.

Қыс маусымына арнап ағаштан қиып салынған, еңсесі биік тошала үйде қазір батырдың өзінен басқа ешкім жоқ. Ортада маздап жанған арша томарының қызуы әлі қайта қоймаған. Қабанбай барқыт жағалы түйе жүн шекпенін жамылған күйі күс жастықты шынтақтап, іргедегі көрпенің үстіне қайтадан қисайды. Осылайша, сауыт-саймансыз, жаныңа да, тәніңе де тыныс беріп, өз отыңның басында еркін көсіліп жатудың өзі арман екен ғой. Әлденеден жүйе-жүйкесі балбырап, тұла бойы қоламтаға көмген жас талдай балқығанын сезеді...

Әлгінде Банжыр құда не деп кетті өзі? Атыс-шабыстан, ел ішінің ырың-жырыңынан әбден қажыдым деді-ау... Иә, оған сенуге болады. Анасынан қан шеңгелдеп туған біреу болмаса, қырғын соғыс кімді қажытпас дейсің... Біз ел үшін, жер үшін, ата жұртымызды жау қолынан азат ету үшін алысып жүрміз. Ал осы ойраттар не үшін арпалысады екен? Бақ үшін, тақ үшін, жайлы қоныс үшін... Қиянат пен зорлық қой — басып өткен жерлері. Соны жаңағы Банжырлар сезбейді дейсің бе? Сезеді, әрине. Сезген соң да түңіледі дүниеден... Адамдар қызық. Бәрі де бақыт іздейді. Ал шын бақыт түзде емес, өз отыңның басында бүркеніп қана жату екенін білмейді-ау солар...

Ақыл-ойы марғау тартып, көзіне тағы бір тәтті ұйқының тығылғанын аңдады. Тү-у, мына тыныштықты-ай, ә?! Әттен, дүние, соғыс аяқталса, туған жер түгел азат болса... Алакөлдің бойына оңаша үй тігіп қойып, армансыз бір тынығар еді. Көк теңіз! Мың-сан сауысқан... жоқ, сауысқан емес, мың-сан аққу қонып отырғандай ала қанат, ақбас толқындар... Сол толқынның шуылын тыңдап, шіркін, ұйықтай берер еді, ұйықтай берер еді...

Сыртқы есікті сықырлатпай ашып, Майсара ішке кіргенде, күйеуі әлдеқашан тәтті ұйқының құшағында жатқан-ды. Жорықтан кейінгі батырдың ұзақ ұйқысы бұл әйелге таң емес. «Осы батырлар да қызық-ау! Неге кіріссе де, қабырғасын қаусата, түбін түсіре кірісетіні несі екен?!» деп жымиды да қойды. Сонан соң күйеуінің күпісін кеудесіне таман тартып жапты да, аяғының ұшымен басып шығып кетті.

XII

Мешін өтіп, тауық кіретін 1753-жылдың қысы Арқа жерінде өте қатты болды. Сол жылы желтоқсан туа аттың жалпақ тізесінен келетін қалың қар жауып, арты ақ түтек боранға айналды да, оның соңы түү деген түкірігің жерге түспейтін үскірік аязға ұласты. Көшпелі қазақ ауылдары қыс бойы күнкөріс малдарын жұтқа бермей, аман сақтау үшін арпалысты. Бір тәуірі, ел іргесі тыныш, азаматтар ауылда-тұғын. Осының алдында ғана жауын жеңіп, жорықтан қайтқан жігіттер қылышы мен найзасын тастай бере қолдарына құрық алып, енді дүлей табиғатпен жағаласты. Бірақ, соған қарамастан, азаматы, ат-көлігі сай кісілер болмаса, көп ауылдар жұтқа ұшырап, тіпті кей жерлерде тігерге тұяқ қалмай, жүген ұстап қалғандар да бар. Әйтеуір, адам шығыны жоқ көрінеді. Егер наурыздан кейін күн жылынып, қар тез еріп кетпегенде, жыл ақыры неге апарып соғары белгісіз-тұғын.

Қыс бойы жұтпен жағаласқан қазақ елінің бір көзі төрт түлік малда болса, екінші көзін іргедегі ойрат Ордасынан айырған жоқ. Оған себеп, жыл басында-ақ ел ішінде: «Жоңғарияда биыл қыс жайлы көрінеді. Ойраттар қашқын нояндарды ұстау үшін, Орта жүзге әскер атандырады екен», деген дақпырт тараған. Дегенмен, осы бір алыпқашты сөздің астарында шындықта жоқ емес-ті. Қонтайжы Лама Доржи бір жатынан, бітім сұрап Абылайға елші жіберсе, екінші жағынан, өткен жылдың есесін қайыру үшін Бұратола маңында Орта жүзге қарсы қол топтап жатқаны да рас еді. Тіпті Сайын-Бөлек ноян бастаған он бес мың әскер шекараға таяп келіп, Жоңғар қақпасындағы жолдың ашылуын күтіп тұрған-ды. Егер ойрат әскері сол бетінде келіп, шығыстан тарпа бассалса, қыстан қалт-құлт етіп әрең шыққан қазақ қауымына сұмдық апат боп төнері анық еді.

Дегенмен, құдай сақтады. Әлде қалмақтың қайтқан бағы, әлде қазақтың өрлеген ырысы... Жоңғар жолбарысы кек қайтармақ болып қанша шабынғанымен, қазақ ханы Абылай бұл жолы да оның алдын орап кетті. Ол Сайын-Бөлектің көп қолмен қазақ шекарасында, Бұратолада жүргенін, Намеху-Жырғалдың бір түмен әскермен оңтүстікте бас көтерген қырғызға қарсы аттанғанын естіді де, ешкімнің ойына келмейтін бір құпия жорық дайындады. Дабашы мен Әмірсананың төңірегіне топталған үш мыңдай қалмақ жасағына қазақтың сайдың тасындай іріктелген екі мың жігітін қосты да, бес мың қолды Жаркент жолымен Құлжаға қарай суыт аттандырып жіберді. Аса құпия әзірленген бұл жорықтың мән-жайын Абылайдың өзінен басқа Қабанбай, Бөгенбай, Малайсары, Көкжал Барак секілді қолбасы батырлар ғана білді.

Қонтайжы Лама Доржи қақаған қыс ішінде қазақ жағынан дәл мұндай қауіп төнер деп күтпеген-ді. Басты нояндар жорыққа аттанып, басқалары қыс қамымен өз ұлыстарына тарап, Орда маңында екі мыңдай ғана жасауыл әскер қалған. Сол күні жас қонтайжы әкірге лықия тойып алып, әлі ыстық-суығы басылмаған тағы бір Қашқар сұлуының қойнында жатқан-

ды... Бас-аяғы жинақы, қару-жарағы сай бес мың қолмен қалаға түнделетіп кірген Дабашы мен Әмірсана 1753-жылы қаңтардың 13-жұлдызында хан Ордасын қоршады да, Лама Доржиды жылы төсектен суырып алды.

Ортақ жауға қарсы бірлікте күресіп жүргені болмаса, болашақ ойрат ханы кім болады дегенде, Дабашы мен Әмірсана арасында әзірше бір бәтуаға келген ашық келісім жоқ-тұғын. Бәлкім, Лама Доржидың қанын кім бұрын ұрттаса, хан тағына сол отыратын шығар. Қолын артына қайырып, алдына желкелеп алып келген қонтайжыны Дабашы тілге келтірмеді. Әлденеге асыққандай, Әмірсанадан бұрынырақ қимылдап, қанжарын қак жүректің басынан салып жіберді де:

— Бұта түбінен жаралған арам неме, осымен сенің дәуренің бітті! — деп, қанжардың алаулаған жүзіндегі жып жылы қанды рахаттана жалап алды.

Сонымен, үш жылдай ойраттағында отырған Лама Доржи да небәрі жиырма жеті жасында бұл дүниеден өте шықты. Соның артынан көп кешікпей Дабашы өзін Жоңғарияның жаңа қонтайжысымын деп жариялаған. Қазақ шебінде тұрған әскерді кері шақырып, Сайын-Бөлекті қамауға алды. Тек қырғыз жерінде жүрген Намеху-Жырғал ғана қолға түспеді. Жаңа қонтайжының неше рет бұйрық жіберіп шақыртқанына қарамай, өз қарауындағы бір түмен қолмен түстік жақта қыңырайып жатып алды. Мұны көріп, Дабашының билігін мойындағысы келмеген Орда маңындағы басқа да кейбір ақсүйектер түстікке қарай ойысқан. Сөйтіп жаңа қонтайжыға бағынбай, ашық қыр көрсеткен тағы бір топ пайда болды. Бақталас топтың басында тұрған — баяғы Сары Манжы ноянның баласы Намеху-Жырғал. Ол да — Батыр қонтайжының әулеті. Ата тегі, ақсүйектік дәрежесі, мұрагерлік құқы Дабашыдан бірде кем емес. Кешікпей әрқайсысы өзіне тиесілі ұлыстарын белгілеп, жанталаса әскер топтап, так үшін басталатын тағы бір шайқас жақындап келе жатты.

Міне, осындай жағайда қазақ хандығы не істеуі керек? Ел ішін жайлаған жұт, халық басына түскен ауыршылық болса мынау! Биылша аш-арық елдің аялына батып, бейтараптық сақтай ма? Жоқ әлде қазақ жері толық азат болғанша қару тастамай, аттанысты жалғастыра бере ме? Жылда мамыр айында шақырылатын дәстүрлі хан кеңесінде, міне, осы түйіндер өз шешімін табуы керек еді.

Алдын ала хабарлағанындай, биыл хан кеңесі бұрынғыдай Сарысу бойында емес, Абылайдың жазғы ордасы — Қарқаралыда өтетін болған. Оның бір себебі жұттан шыққан елдің жоқ-жітік, жадау тірлігі болса, екінші себеп: биыл басты оқиғалар өтетін шығыс аймаққа жұрт назарын көбірек аудару еді.

Күткеніндей-ақ, биылғы кеңес үш жүздің басын түгел қоса алмады. Жиналғандар — негізінен, Арқаны жайлаған Орта жүздің төрт арысы: Арғын, Найман, Керей, Уақ кісілері. Ұлы жүзден — Балқаш төңірегіндегі

Жалайырдың Ескелді, Балпық секілді билері келсе, Кіші жүзден — Сарысу бойындағы Тама руының бірер батырлары ғана қатысты. Көп рулар алыста жатып сәлем жолдапты. Айтатын сылтаулары — жер шалғайлығы, биылғы қыстан көп ауылдардың жұтқа ұшырап, тым жүдеп шыққандығы... Жағасынан алған жаудың қолы сәл босап, басынан құрық, малынан сырық кетсе-ақ болғаны, арқасы кеңіп, керенау тарта қалатын — біздің қазақтың әдеті ғой ежелден. Кіші жүз тағында отырған Нұралы ханнан о бастан үміт жоқ-тұғын. Әкесі Әбілқайыр сияқты ол да соңғы жылдары шығыс майданнан мүлде қол үзіп, Орынбор әкімдерінің сызып берген жолымен ғана жүретін болған...

Ал Жоңғар бодандығынан таяуда ғана құтылып, әлі толық ес жия қоймаған Ұлы жүз рулары биыл да ту түбіне келе алмады. Оның үстіне, оңтүстік жақ көктем шығысымен көші-қонның әлегінде жүрген көрінеді. Көп жылдар бойы аядай Арыс пен Ташкент төңірегінде ұйлығып отырған қалың ел қазір жаппай ірге көтеріп, Талас пен Шу бойына, бергі Алатау бөктеріндегі ата қоныстарына оралып жатса керек. Тұтас елдің жаңа жерге көшуі оңай ма, мұндайда ағайын арасында өріс-қонысқа таласқан дау-шардың да қоса жүретін әдеті... Ол да ештеңе емес-ау, былтыр ғана бетін қайтарып, бел асырып тастаған Нарынқол, Кеген, Шонжы өңіріндегі ойраттар мен қырғыздар биыл түстікке жорық жасаған Намеху-Жырғалдың түменімен бірге қайта оралып, сонда көшіп барған Албан ауылдарын кері қуған ба, ол да оңай тимесе керек. Сірә, Алатаудың сол бөктерінде биыл да әжептәуір қақтығыстар болатын түрі бар...

Ханкелді мен Наурызбай, Бердіқожа батырлар үшбу хат-тарында осы себептердің бәрін жіпке тізе келіп, осы жолы хан кеңесіне қатыса алмайтындарына өкініш білдіріпті.

Абылай ашудан жарыла жаздап барып, сабырға жеңдірді. Амал не, биыл тоқсанға толып, тұғырдан тайған Төле бидің орны үңірейіп тұр. Иә, ұлы бидің қадірі жыл өткен сайын білінері сөзсіз. Түбі оңтүстік өлкесі тағы да жанған өрттің дау-жанжалдың ошағына айналмаса не қылсын?!

Міне, осындай жағдайда Абылайдың қолда барды қанағат тұтпасқа амалы қалмаған. Хан кеңесі өтетін жерде биыл жылдағыдай молшылық, сән-салтанат та байқалмайды. Ханның ала шатырына Орта жүздің әр ұлысынан келген жетпіс-сексендей ғана адам жиналды. Бұл хан кеңесінен гөрі аттаныс алдындағы әскери кеңеске келіңкірейді.

Абылайдың қабағы қату, түсі суық. Бет әлпетінде әлденеге алаңдап, шиыршық атқан адамның қалпы бар. Кейінгі кезде хан Ордасына астыртын түсіп жатқан мәліметтер де бәлендей көңіл көншітерлік емес еді. Рас, Ойрат ордасы ендігі жерде қауіпті жау болудан қалды. Жоңғар тағында кеше ғана қазаққа күні түскен, бұдан кейін де күні түсетін адамдар отыр. Бірақ ондағы жағдай әлі де тұрақты емес. Жан-жақтан өре түрегелген азулы нояндар Дабашы мен Әмірсананы қаншаға шыдатары белгісіз. Намеху-Жырғал түстік жақтан өзіне одақтас іздеп, Қоқанның жана әмірі Ерден

бекпен және қырғыз манаптарымен келісімге келген көрінеді. Қырғызға Ыстықкөл аймағын қайтарудың сыртында, соған шекаралас Шонжы, Нарынқол, Кегеннен қоныс бермек болып, соңын қарымтасына олардан әскери көмек алуға келіскен... Әркімнің өз көйлегі өзіне жақын деген осы. Кеше қазақтың басына екіталай күн туғанда қол ұшын созбаған ағайын енді, міне, оның жауымен тіл табысып, өз үлесін қамтып қалуға әзір отыр.

Бұлар да ештеңе емес-ау, Жоңғарияның түбіне жететін ен үлкен апат шығыстан төне ме деген қауіп бар. Соңғы жиырма шақты жылда жоңғар хандығының әр қимылын бақылап, маужырап тыныш жатқан Маншың айдаһары кейінгі кезде батыста байлаулы тұрған тоқтысына қарап, сілекейі шұбыра бастаған деседі. Әзірше үрей тудырып дабыраламаса да, шекара бойына біртіндеп әскер топтап жатқаны анық. Көршілері тас санаса, бұл ежелден құм санап отыратын халық қой. Өз жемін қай күні тарпа бассаларын бір құдайдың өзі білсін. Ол батысқа қол созған бетте Жоңғария мен Қашқарияны ғана жұтып тынса жақсы. Олардан тоят таппай, бірден қазақ даласына ауыз салса не болмақ? Бәріне болмағанмен, бұрын-соңды жоңғар басып алған жерлерге көз қызартуы мүмкін ғой. Сондықтан арқаны кеңге салып жата беруге жағдай жоқ. Биыл қалайда шығыс аймақтарды қалмақтан тазартып, қазақ жерінің байырғы шекарасын қалпына келтіріп үлгірмесе болмайды.

Ал батыстағы орыс патшалығына келсек, олардың көкейін тескен өз мақсаты бар. Ордаға келіп-кетіп жүрген тілмаштар мен тыңшылардың айтуынша (бір тәуірі: мұндайлар екі жаққа бірдей қызмет ете беретін), Орынбор мен Сібір өкімдері қазақ хандығы мен ойрат Ордасының тым жақындасып кетуінен сескенетін секілді. Жоңғар тағына басқа емес, Абылай қанатының астындағы нояндардың отыруын олар осы бірлесудің басы деп есептеген. Намеху-Жырғалдың қолтығына су бүркіп, Дабашыға қарсы айдап салып отырған біреулердің бары сөзсіз. Жақында Орынбор әкімдері И. Неплюев пен А. Тевкелев екеуі бірдей қол қойып, патшайым Елизавета Петровнаға жолдаған хаттарында, дәл осы кезеңде Намеху-Жырғалға көмек көрсету арқылы Жоңғарияны Ресей бодандығына кіргізудің сәті түсіп тұрғаны жайында төндіре жазуы көңілге күдік ұялатпай қоймайды... Егер Ақ патша Еженханның алдын орап, Жоңғарияны өз құзырына кіргізіп алса, қазақтың соры қайнады дей бер. Онда екі ортада қалған қазақ хандығының қол-аяғы мүлде байланып, тыпыр етуге шамасы келмейді. Демек, қазақ елі үшін дәл осы сәтте Жоңғарияның жойылып та кетпей, ешкімге бодан да болмай, өз жерінде аман-есен тұрғаны керек. Жоңғардың жойылуы — шығыс жағының лыпасыз, жалаңаш қалғаны...

Абылай кеңеске жиналғандардан қазіргі ішкі-тысқы жағдайды жасырмай, жан-жақты баяндап шықты. Биылғы жылдың ауырлығына хан аузынан шыққан зілмауыр сөздер қосылып, еңселерін езгендей, билер мен батырлар біразға дейін ойға шомып, үнсіз отырып қалды. Әлден уақытта оң қанатта отырған көкжал Барак қана алып денесін ебедейсіз қозғап, сөйлейтін ыңғай танытқан. Бұл өзі ерлігі мен қайратында қапы жоқ,

қарсыласын жерге тықпай қоймайтын күш иесі болғанымен, Орда маңының ой-шұқырына бойлай бермейтін аңғал батыр еді. Өзі Абылаймен құрдасын деп, хан алдында еркін сөйлей беретін-ді. Бүгін де сол мінезіне басып:

— Ойыңның ұзын-ырғасын ұқсам да, кей сөзіңді түсіне алмай қалдым-ау, хан ием! Сонымен не болды өзі? Ойратқа қарсы соғысамыз ба, жоқ, әлде жәрдем береміз бе? — деді отырғандарға жағалай көз тастап. — Басқаларыңды білмеймін, менің қалмаққа кеткен есем әлі қайтқан жоқ. Ата жұртым Алтайға жетпей тоқтаман!

— Ойпыр-ай, құрдас-ай, қалмақтың бір емес, үш қызын бірдей құшсаң да кегің қайтпай жүр ме? Сенде де нысап жоқ екен! — деп қалды қарсы бетте отырған Балталы Оразымбет батыр әзілдеп.

Барақтың қазіргі төрт әйелінің үшеуі шынында қалмақ қызы болатын. Отырғандар ду күліп, қарық боп қалды. Бірақ оған жаси қоятын көкжал Барақ жоқ-тұғын:

— Ішің күйсе тұз жала! Олжаға түскен ойрат сұлуларына таңдау берілгенде, мына саған көз қырын да салмай: «Бараққа тием» деп майысып тұрса, мен не істеймін?! — деп жұртты тағы бір күлдіріп алды да: — Бірақ мен жалғыз ба екенмін? Қазақта қалмақтан қатын алмаған, не келін түсірмеген хан мен қарашы болса көрсетші, кәне! — деп сөз ұшығын Абылай мен Қабанбайға да тигізіп өткен.

Абылай оны бірден аңғарып қалды да:

— Әй, көкжалым-ай, аңғалсың-ау! Бізде бір-бірден болса, сенде тіпті үшеуі бар екен ғой. Жұрт соны айтып отырған жоқ па? — деп рахаттана күлді.

Әңгімеге әзіл араласып, тоң-торыс отырған жұртты жадыратып, тіл-жақтың да тиегін ағытқандай болып еді.

— Жаңа сен аңғармай қалған екенсің, Барақ батыр! — деді Абылай енді байсалды қалыпқа көшіп. — Жоңғарды қорғаштап отырған ешкім жоқ. Қайта қазақ жерін қалмақтан тезірек босатып, шеттен бірер қауіп төнсе, өз шекарамызды бекемдеп, дайын отырайық деген жоқпын ба? Биыл Барқытбел мен Алтайды қалайда жаудан тазартуымыз керек. Қаруыңды қайрай бер: Алтайға бет алған жорықтың бір қанатын өзің бастайсың, көкжалым!

Осы тұста әңгімеге Қанжығалы Бөгенбай батыр араласты:

— Қырық бірдің қырқына шыдаған жан біріне де шыдайды. Ақырғы айқасқа қылша мойнымыз талша, бәріміз де әзірміз! — деді ол сөзін Абылайға қаратып. — Бірақ біз кімге қарсы соғысамыз? Өз қолымызбен

таққа отырғызған достарымыз: Дабашы мен Әмірсанаға қарсы ма, әлде басқаларына ма? Жаңа қонтайжы бейбіт бітімге келсе, ендігі қалған қазақ жерін соғыссыз-ақ қайтарып бермес пе екен?

— Иә, Бөкең дұрыс айтады. Ол жағын да ойласу керек: Егер ойраттар мәмілеге келіп, Барқытбел мен Алтайды қайтарса, бәлкім, қан төгістің қажеті болмай қалар, — деп оны Малайсары да қостады.

Абылай айтар ойын жинақтағандай, аласа сандал тақтың үстінде шалқая түсіп, сәл ойланып отырды да:

— Дабашы ойрат тағына бір отыруын отырды-ау. Бірақ бақталастары соның құйрығын қоныс таптыра қояр ма екен?! — деді көпшілікті бір шолып өтіп. — Ол жақтан кеше ғана хабар келді. Намеху-Жырғал мен Сайын-Бөлектің әскері жақында Дабашыны Құлжадан қуып шығыпты. Хан ордасынан еріксіз ығысқан қонтайжы, амал жоқ, солтүстіктегі Әмірсана ұлысына қарай бет алған көрінеді. Қазір Манас пен Жырталаң өзендерінің бойында кескілескен ұрыс жүріп жатса керек... Әмірсананың да жағдайы мықты емес. Ертіс өңіріндегі торғауыттар мен Еміл бойындағы дүрбіттің кейбір басшылары Намеху-Жырғал жағына шығып, өздерінің ұлыс бегіне қарсы бас көтерген деседі... Қысқасы, Дабашы мен Әмірсана бұл күнде өзімізден көмек дәметіп, қазақ қолының тезірек атқа қонуын күтіп отыр, — Абылай соны айтып Қабанбай жаққа бұрылды да: — Дарабоз, сен ойраттармен көршісің ғой. Ол жақтың жағдайын мына жұртқа түсіндірші, — дегенді қосып қойды.

Иә, іргедегі ойраттың жай-күйіне Қабанбайдың қанық екені рас. Осылай қарай аттанар алдында бұған Әмірсанадан арнайы елші келген. Ноянның Қабанбайға жолдаған сәлемі өз алдына, сол ауылдағы атасы Банжырға хат жазып, тез арада қазақ әскерін бастап әкелуін сұрапты. «Әзірше ырықтан шығып, құрық әкетіп тұрғандар — Тарбағатайдың теріскейіндегі торғауыттар мен күнгейіндегі дүрбіттер. Лаж болса, қазақтар биыл найзаның ұшын осы жаққа қаратсын!» депті үшбу хатта... Банжыр байғұс «бұдан кейін ойрат ісіне араласпаспын-ау!» деп ант-су ішіп-ақ жүруші еді, әлгі хаттан кейін інісінің тілегін жерге тастай алмай, тым құрыса ұлысты ұстауға көмегім тиер деп, өз төңірегіндегі аздаған қолмен Жоңғарияға аттанып та кетті...

Қабанбай осы жайларды қысқаша баяндап өтті де:

— Иншалла, іс оңына айналатын шығар, хан ием! Өйткені құланның қасынуына мылтықтың басылуы тіпті дәл келіп тұр, — деді ол ханның да, қаранын да көңілін орнық-тыра сөйлеп. — Май сұрасаң — міне, құйрық! Біздің биылғы аттаныс бағытымыз да — сол бүлік шығарып жүрген төртауыт пен дүрбіт емес пе?! Ендеше бөгелетін не бар? Жорық мерзімін белгілеп, әскер санын анықтап, іске кірісуіміз керек.

Әрі-бері ақылдаса келіп, хан кеңесіне жиналғандар аттаныс мерзімі

шілденің басы болсын деген бәтуаға тоқтады. Оған дейін мал семіреді, қыстан көтерем боп шыққан ат-көліктің де жілігіне май жүгіреді. Әскер санына келсек, ол ең аз дегенде екі түменнен кем болмауы керек... Ал бас қолбасы кім болады? Оң қол, сол қол деген кімдер? Әр ұлыс қанша жасақ шығарады? — деген мәселені Абылай өз қолына алып, ары қарай таратып әкетті.

— Ақырғы айқастың ауыр жүгі, Орта жүз, тағы да өздеріне түскелі тұр, — деді ол әлденеге уыттана ширығып. — Бұл «киіз кімдікі болса — білек соныкі» дегендігім емес, биылғы жағдайдың өзі осыған әкеліп отыр. Арқаның қатал қысынан жілік майы үзіліп, жүдеп шыққан жұртың мынау. Жаудың қолы жағасынан ажырап, тынысы сәл кеңіген күні құдайын ұмытып, өзгеде ісі болмайтын етек-басты еліңнің түрі анау... Өзіңнен басқа кімге сеніп, кімді аужал тұтарсың. Сондықтан осындағы хан мен сұлтан, батыр мен би, жыршы мен жырау ертеңнен бастап атқа қонып, ер-азаматты ту түбіне жинайтын болайық! — деп бір тоқтады.

— Уа, Артын аға баласы! — деді сонан соң тер жақта отырған Бөгенбай, Малайсары, Олжабай, Байғозы батырларға қарап. — Сен өрісім кең, қонысым шалғай, жау шебінен бір табан алыс жатырмын деме. Ағалығыңды осы жолы да бір көрсет! Егер Ертіс пен Еміл алқабын жау қолынан босатып, Керей мен Найман шығысқа қарай серпілсе, ісі қазақ игілікке жетеді. Сенің де өрісің кеңіп, көсіліп бір тыныстайсың... Уа, Қанжығалы Бөгенбай! Бұл күнде Орта жүзде өзіңнен жасы үлкен батыр жоқ. Биылғы аттаныста қазақ әскерінің бас қолбасшысы сен боласың. Қандас бауыр, аңдалас ағайынды ата жұртына бастап барып, өз қолыңмен қондырасың!

— Бәрекелді!.. Әміріңе құлдық, хан ием! — деп бұл күнде алпыстың ішін мол аралап кетсе де, әлі де тұғырдан таймаған Бөгенбай батыр оң қолын кеудесіне қойып, сәл иілді.

— Уа, қара ағаштай қалың Найман! Дана туған Дарабоз! — деді Абылай, енді сол қанатта отырған Қабанбай, Ақтамберді, көкжал Барақ, Оразымбет, Есенгелді, Баймұрат батырларға бұрылып. — Күні кеше шығысқа елден бұрын шеру тартқан сендер едіңдер. Барқытбелдің батыс сілеміне ат басын тіреп, аңсатқан Алакөлді алыстан тамашалап, Тоқта-Барлықтың төбесін көріп отырғандарыңа да біраз жылдар өтті. Күш-қуаттың кемдігінен, не жігердің жетпеуінен емес, ағайынның аялына бағып, аттаныс кезегін күттіңдер. Хан жарлығына құлақ асып, Түркістанды тұғырына қондырдың. Сырдың бойын сыпыра сүзіп, талас қала Ташкентке қол ұшын бердің. Ата жауды Алатаудан алас-тап, Жетісудан желкелеп қуып шыққанда да, майданның қызу ортасында сендер жүрдіңдер. Алаш ұранды ағайыннан аянып қалған жерің жоқ. Рақмет, бауырларым! Бүгін, міне, кезек өздеріңе келіп, ата жұртты азат етер күн туды. Есептескен ел болмайды. Қандас бауырдан қарымта қайтпады, аттың тері, ердің еңбегі төленбеді деп тарықпаңдар. Илегеніміз — бір терінің пұшпағы, қорғағанымыз — бір

казактың даласы. Жаңа айттым ғой: биылғы жүк ауыры — өздерінде. Найман атан баласы өзінің ежелгі салтын сақтап, биыл да бір түмен қолмен ту түбінен табылар деп сенемін!

— Ол жағына қам жеме, хан ием! Дәл биыл ата жұрттың жолында құрбандыққа шалынбаған мал мен жан адыра! Найманның бойында жаны бар, бауырынан саритын еркегі тегіс атқа қонарына сене бер! — деді Қабанбай әлденеге қатуланып.

Абылай енді оң қанатта жайғасқан ер Жәнібек, Батыр Баян, Байтайлақ, Жантай сынды Керей мен Уақ кісілеріне назар салды:

— Уа, найзасының ұшы алтын ағайынды Керей, Уақ! Ту көтерген Тұтрыл ханның, Еркөкше мен Еркосайдың ұрпағы! Сендерге де арнап айтар сөзім бар. Бір кезде Алтайдан — Сырта, Сырдан қайта қырға көшкен асау-арда ел едің. Сол көшкеннен мол көшіп, еш жерге табан тірмей, әлі күнге дейін ата жұртты аңсаумен келе жатырсың. Енді, міне, ат айналып қазығын табар, сол Алтайға қайта оралар кез келді... Ал сен, ер Жәнібек! — деді сонан соң, бұл күнде қырықтың қырқасына жана ілінген Керейдің бас батырына көз тоқтатып. — бір жыл туған тол едік. Бұ жолы шығысқа қарай бет алған Керей көшін сен баста! Сенімен қанаттас, оң жағында батыр Баянның, сол жағында көкжал Барағың жүріп отырар. Бірақ байқандар: өңкей құрдас біріңе-бірің сеніп, жұрт алдында ұятқа қалып жүрмеңдер! — деп сөз соңында қатар-құрбыларына қатаң талап қойды.

Аты аталған үшеуі уәделескендей орындарынан қатар ұшып тұрып, қысқа-қысқа серт ұстатты.

— Ел қонбай, ит тынбайды. Бұл жолы атамекенге жетіп, аттың басын бір-ақ тартамыз, хан ием! — деді Жәнібек батыр.

— Бұл сапарда ат арыды, тон тозды десем, Еркөкшенің аруағына тапсыр! — деді батыр Баян.

— Мен де бір қайраусыз қара қылышың едім. Дәл осы жолы сілтемесең саған серт, өтпей қалсам маған серт! — деді көкжал Барақ.

Осымен хан кеңесі де аяқталды. Кеңеске келген хан мен қараның, би мен батырдың тілегі бір жерден шыққанына жұрттың бәрі разы болды. Әр ұлысты өз алдына жатқан бір қойма десек, сол қоймалардың қоңыраулатып ашар кілтін хан Абылай дәл түсіре білуші еді. Алдағы аттанысқа құрметті қолбасы етіп Қанжығалы Бөгенбай батырды қойғаны да өте орынды. Арқадағы қалың Арғынды атқа қондырудың ең төте жолы осы екенін әркім-ақ іштей пайымдаған. Абылай шатырында соңғы рет дәм татқан батырлар енді бір жарым айдан кейін Аягөз аңғарында бас түйістірмек болып, ел-елге асығыс аттанып кетті.

Аттанысқа дейінгі бір жарым айда Қабанбайдың өзі де, Ақтамберді, Боранбай, Төбет, Есенгелді, Құттыбай секілді ел басшылары да тыным-тағат тапқан жоқ. Олар Қарқаралыдан қайтар жолда-ақ бүкіл Шыңғыс алқабын, Қызыл-су-Шар мен Қалба өңірін жайлаған Найман руларын түгелге жуық аралап шыққан. Ақтамберді ағыл-тегіл жыр айтып, Боранбай, Төбет, Құттыбайлар атаның аруағын шақыра қарасөздің майын тамызып, қатал қыстан есеңгіреп шыққан елді қайта бір серпілткендей болып еді.

Бұл маңайдағы ауылдар — атамекенге жетуді арман етіп, осы аттанысты көптен күтіп отырған ел ғой. Жылдың ауырлығына, тұрмыстың күйзеушілігіне қарамай, бірден құлшыныс танытты. Аз күнде қару-жарағын сайлап, жылқыдағы күйі тәуір аттарын ұстап мініп, азамат атаулы ер үстіне қонып та қалған. Егер аттаныс сәтімен аяқталса, мынадай ашаламан, жоқ-жітік кезде қалмақтан олжа түсіріп қайтамыз ба деген үміткерлер де жоқ емес.

Маусымның аяқ шенінде Аягөз өзенінің бойында, тоғыз таңбалы Найманнан бір түмендей қол жиналды. Шежіре бойынша, Найман ұлысы мынадай үш буынға бөлінуші еді: Найман атаңнан Белгібай туса, оның бәйбішесінен тарайтын төрт Төлегетай: Тортуыл, Қаракерей, Матай, Садыр — бір буын. Сонан соң ортаншы әйелден туды делінетін ергенекті Найман: Көкжарлы, Бура, Сарыжомарт, Терістанбалы — бір буын. Осыларға тете, бірақ «Ақтабаннан» кейін іргесі бөлініп кеткен Балталы мен Бағаналы — бір буын. Найманның осы тоғыз баласына таңба үлестіргенде, ең кенжесі оныншы отауға таңба жетпей қалып, бір ағасының таңбасын теріс басқандықтан, Терістанбалы аталыпты деген сөз бар. Әйтседе, осы аталған үш тармақтың өрісі басқа болғанмен, жусауы бірге еді. Төлегетай жағы Барқытбел — Зайсан, Шыңғыстау — Алакөл арасын жайлап, Ергенекті Найман Ертіс бойын мекендеп, Балталы мен Бағаналы Ұлытау өңірінде жүрсе де, жаугершілікте ежелгі берекесінен айрылмай, қашанда бір тудың астынан табылатын. Аз-көбі, қою-сұйығы аралас, жаңағы тоғыз таңбалы Найманның әрқайсысы бір-бір мыңнан жасақ шығарғанда, мал-басы өсіп-өнген, түтін саны мол Қаракерейге қашанда екі үлес тиюші еді. Биыл да сол үрдіс сақталды. Мойны қашық жердегі басқа ұлыстар келіп жеткенше, іргелес жатқан Найман қосыны уәделі жерде күтіп тұрды.

Шілденің алғашқы жаңасында Арғынның алты мыңдай қолын бастап, Бөгенбай, Олжабай, Малайсары батырлар келіп жеткен. Оның артынан ілешала Керей-Уақтың бес мыңға жуық жігітін ертіп батыр Баян мен ер Жәнібек келіп түсті. Әскердің басы құралған соң бұлар Аягөз өзенінің басындағы Ақшәуліге ту тігіп, кәдімгідей жорық дайындығына кіріскен. Дәл осы тұста Қарқаралыдан қасында бір мыңдай Төлеңгіті бар Абылай да келіп қалып еді. Кешікпей бұлардың үстіне күтпеген жерден тағы бір шағын қол келіп қосылды. Бұл — соңына ерген екі мың сайдауыл сарбазы бар Ералы сұлтан еді.

Жалпы, Кіші жүздің Сарысу, Сыр, Арал төңірегіндегі руларын билейтін

Ералы сұлтан кейінгі кезде ағасы Нұралы ханның киыс тартқанына қарамастан, Абылайға бір табан жақын жүруші еді. Ол әнегүнгі хан кеңесіне де қатыспақ болған екен, Нұралы хан мен Орынбор әкімдері шырғалап жібермей қалыпты. Бірақ аттаныс дүбірін естігенде шыдап жата алмаған... Мұндайда кімнің аузына қақпақ боласың. Біреулер: «Орынбор әкімдері Абылайдың аяқ алысын аңду үшін жансыз ретінде Кіші жүз сұлтанын әдейі жіберіп отыр» десе, енді біреулер: «Бауыры езіліп бара жатса бұрын қайда қалыпты? Ералы сұлтан биылғы ақырғы айқасқа олжа алу үшін келді» десіп, сырттай тон пішкендер де болды. Бірақ, қалай болғанда да, алыстағы ағайынның осынша жерге ат арытып келуі мұндағы жұрттың еңсесін бір көтеріп тастағаны анық.

Абылайды ортаға ала отырып, қолбасы батырлар ақылдасқанда, аттаныс екі батытта, Барқытбелдің күнгейі мен теріскейінде бір мезгілде басталсын деген бәтуаға келісті. Осы арада әскер үш топқа бөлінген. Құрамында көкжал Барак, ер Жәнібек, Оразымбет, Олжабай, Байғозы, Ақпантай батырлар бар Бөгенбай бастаған бір түмен әскер сол-түстіктегі Қалба, Қарғыба-Базар, Шорға бағытына түсті де, негізінен Төлегетай жасағынан құралған, Қабанбайдың өзі бастаған бес-алты мың қол күнгейде, Қатынсу, Еміл, Алакөл, Барлық бағытында жылжитын болды.

— Осы жолы Дарабоздың обалына қалмайық Алакөлге бет алған жорықты өзі бастап, ата жұртына азаттық туын өзі тігіп, шер-құмардан бір шықсын! — деп ұсыныс жасаған Абылайдың өзі еді.

Ал Малайсары, батыр Баян, Ералы сұлтан басқарған бес мың сарбазды Абылай өз қарауына алып қалды. Ондағы ойы — Жоңғар қақпасы арқылы төте жолмен Бұратолаға асып түсіп, сол манда Намеху-Жырғалмен соғысып жүрген Әмірсана мен Дабашыға қол ұшын бермек. Ат-көлік, қару-жарағы сай бұл төтенше топты ханның өзі бастап баратын сыңайы бар.

Бұл жолы Қабанбайдың өз қоластында қалғаны: Есенгелді, Еспембет, Баймұрат, Дәулетбай, Қасабай, Шынқожа бастаған мыңдықтар болатын. Сардар жорық алдында жасақты сапқа тұрғызып, бір шеттен мұқият қарап шықты. Аламан әскер арасында талай соғысты бастан өткеріп, қалмақпен талай қидаласқан сары тісті, сақа сарбаздар да, мұндай жорықта батын бірінші рет сынағалы тұрған жас жігіттер де аз емес-ті. Қабанбай басқа жұртқа үлгі болсын деп, осы жолы өзіне қарасты жеті ұлдың ауылдағы мал-жанға ие болатын Үмбетей мен Байтоқтан басқасын түгел атқа қондырған. Бұларға Мырзатай, Назым сияқты қыз-күйеулер мен Мүней секілді жас келіндер де қалмай ере шықты. Солардың біразы Дәулетбай жасағына, Әлі бастаған жастар жағы Еспембеттің ертауыл тобына қосылыпты. Бұл жастардың бәрі де әлі күнге дейін өз көздерімен көрмеген, тек үлкендердің әңгімесінен ғана білетін ата жұртқа жеткенше асық еді.

Найманның бұл рулары ежелден жаумен жағаласып, күнде қылыш суырысып келе жатқан сыралғы жұрт қой. Сауыт-сайман, қару-жарағы біршама толық көрінді. Тек ат-көлік жағы әлі жетіле қоймаған. Күйсіздеу.

Амал жоқ, қолда барды қанағат етуге тура келеді. Бір тәуірі, ат арып, тон тозатындай жорық жолы қашық емес, жаудың шебі іргеде тиіп тұр... Қабанбай мың басы батырларын соңынан ертіп, Қубастың алшандаған аяңымен саптағы сарбаздарды бір айналып шықты да, орта тұсқа тоқтап, жорық алдындағы сөзін айтты.

— Ал, бауырларым! — деген саңқылдаған зор дауыспен. — Ата жұртқа ат басын бұрсақ-ау деген бір арман күндіз есімізден, түнде түсімізден шықпаушы еді. Міне, бүгін сол аңсаған күнге де жеттік. Қайда барам, кіммен соғысам дейгін емес, ата жауың — алдында. Туған жердің сай-саласы, ой-шұқыры — жадында. «Айдаболдың асына шаппағанда, атаңның басына шабасың ба?» депті ғой баяғыда біреу. Сол айтқандай, қимылдап қалатын кездерің келді. Мұндай арманды күнге жеткен де бар, жетпеген де бар, жігіттер. Жеткеніміз жете алмағанымыздың кегін алайық! Басқа не айтам: жортқанда жолдарың болсын! Ата-бабаның аруағы қолдасын сендерді!!!

Әр саптың алдында қолбасымен талай жорықта бірге болған жасамыс сарбаздар тұр еді, солар әр тұстан найзаларын көкке сермеп:

— Жаса, Қабанбай!

— Тәңір төбесіне тұтсын!

— Бұл күнді біз күткелі қашан?!

— Қазаққа талай жеңіс әперіп едің, енді Барлыққа қарай басташы. Ердік соңыңнан! — десіп дуылдасып кетті.

Осындағы мыңбасы батырлардың ең жасы — Тума, Тоқмақ, Байғана жігіттерін бастап жүрген Шынқожа болатын. Өзі мыңбасылық шенге биыл жетіп, алып ұшқан көңілі әлі басылмай тұрған-ды. Қабанбай алдында өзін еркін ұстайтын әдетімен, сол бір сұрақ қойды:

— Ақшәуліде ту тігіп, ата жауға қарсы атқа қондық. Сонда тізгін тартар жеріміз қай мөлшер, сардар аға? Байқамай ет қызумен шүршіт асып кетіп жүрмейік. Тоқтайтын тұсымызды бір айтып қойыңызшы, — деген жұртты ду күлдіріп.

Аттаныс алдында сарбаздың сағы сынбай, көңілді жүргені бек жақсы. Қабанбай да қосыла күліп, әзілдей жауап қатты:

— Әзірше аттың басын ірікпей шабуылдай бер, бауырым! Межелі жерден ағындап өтіп бара жатсаң, шаужайыңа жармасып: «батыр, сабыр ет. Осы алған жеріміз де жетеді» деп ескертеміз ғой! — дегенде көпшілік тағы дуылдасып қалды. Алайда сардар тез байсалды қалыпқа көшіп еді. — Баратын жеріміз тым алыс емес. Барқытбелді бөктерлеп жүріп отырғанда, Қатынсудан өтіп, Ақшоқыдан ары ассаң, түстік жерде Қараүңгір дейтін

өзен мен Шәуешек деген қала бар. Солтүстік меже — сол ара. Ал түстігіміз Еміл, Алакөл, Токта-Барлықтауына дейін кете береді. Бұл жолы қалмақты Емілді өрлете, Барлықты бауырлата қуып, Жоңғар қақпасынан ары өткізіп тастасаңдар болғаны!..

— Е, жақын екен ғой!

— Қараүңгір дегенің ұзаса үш күншілік жол емес пе?!

— Токта-Барлықтының төбесі, әне, көрініп тұр. Бірер айда қалмақтың апай-топайын шығармаймыз ба?! — десіп жер жадысын білетіндер қуанысып тұр.

Алайда бұл екі ара онша қашық болмағанымен, кейбіреулер ойлағандай, желе-жортып өте шытатын керуен жолы емес-ті. Алдағы Ұрыжар, Қатынсу бойы, Еміл мен Алакөл алқабы сыңсыған қалмақ. Қалмақ болғанда, әлі маңдайы тасқа тиіп, меселі қайтып көрмеген жанкешті дүрбіттер. Олардың қырық жылдан астам бауыр басып қалған шұрайлы өлкені оңайшылықпен қолдан бермесі анық.

Рас, қазір ойраттар өз ішінен бірнеше жікке бөлініп, өзара қырқысып жатыр. Бас нояндар мен әскер басылар Дабашының немесе Намеху-Жырғалдың төңірегінде жүр. Ал шеткері жатқан ұлыстар бір-біріне көмек берерлік халде емес. Тарбағатайдың теріскейі мен Ертіс бойындағы торғауыттар таяуда өздеріне қарсы қозғалған Бөгенбай мен көкжал Барак қолынан қорғану қамында болатын. Түстіктегі хошауыттар, шорстар мен хойттар Алатау өңірінде Ұлы жүз жасағы мен Қоқанға қарсы шайқасып жатқан-ды... Қысқасы, Жоңғар хандығының қазіргі жағдайы түс-тұстан қамалаған арлан төбеттерінің арасына түскен көкжал қасқырды еске салар еді.

Әйтседе, осының бәріне бой бермей отырған ойрат әулетінің қайсарлығында қапы жоқ. Көзін соғыспен ашқан жұрт қой бұлар. Ойраттың тұрақты әскері қайсы, жай шаруасы қайсы — айырып алу киын. Әскердің бәрі — кешіп жүрген малшы, малшының бәрі — қару ұстаған әскер... Қазақтардың биыл Аягөзде қол жинап, Ақшәуліде ту тігіп, жорыққа аттанғанын дүрбіттер де естіп отырған сияқты.

Найза ұстауға жарайтын еркек кіндігін атқа қондырып, жау қолына алдымен түседі-ау деген жылқысы мен ірі қарасын шығысқа қарай беттетіп, қаруын қайрап, жүгін буып дегендей, неге де болсын әзір отырғаны байқалады.

Ақшәуліге тақау қонған шеткі күрендер қазақ қолының қарасын шалысымен-ақ, жаппай ірге көтеріп, шығысқа қарай көше жөнелген. Қазақтар көшкен елді бөгемей, төрт түлік малын ғана басып қалды. Асығыста киіз үйлер, жасау-жабдық та қалып жатыр... Дүрбіттердің күре салдырып, көптен қордаланған бір мекені Ұрыжар маңы болатын. Ал

қалмақтың құдай үйі — күре тұрған жерді жан сала қорғайтын әдеті. Қазақ жасағы табан тіреген алғашқы қарсылыққа осы арада жолықты.

Әскер саны көп емес, ұзаса төрт мыңның айналасы. Ұрыжар өзенінің батыс қабағында кәдімгідей түзем құрып, данғыра-дабыл соғып, ұрыстың бүкіл үрдісімен-ақ қарсы алды. Сан жағынан басым қазақ қолы да тым астамшылық көрсетпей, тұрыстық беретін жерге таяп келіп тоқтаған. Алдын-ала белгіленген түзем тәртібі бойынша, Еспембет мыңдығы — маңдайда, Баймұрат пен Шынқожа — екі қанатта, Есенгелді мен Дәулетбай артқы тұтқауылда тұр. Қаптама ұрыс кезінде кімнің қақ маңайдан соғып, кімдердің қос бүйірден қысқаштай қысатыны күні бұрын тәптіштеліп, белгіленіп қойылған-ды.

Мұндай кездесу жекпе-жексіз өтпейтіні белгілі. Әсілі, жеке сайысқа шақыруға әскер саны аз, әлсіз жақ көбірек мүдделі. Мақсат — уақыттан ұту, сәті түсіп жатса жаудың бас батырын мерт қылып, сағын сындыру, сол арқылы күш теңестіру... Мұнда да солай болды. Көп кешікпей қарсы жақтан қалмақтың қаба жалды, жатаған торысына мінген біреу ортаға көлбеңдеп шыға берді. Қалмақ жағы:

— Жекпе-жек!

— Жекпе-жек! — десіп шуласып тұр.

Қазақ жасағында бұрын жеке сайысқа шығып ысылған батырлар аз емес-ті. Қабанбай маңындағы Баймұрат, Дәулетбай, Еспембеттер осы жолғы кезек менікі дегендей, қаруларын сайлап дайын тұрған. Бірақ жас батыр Шынқожа бәрінің алдын орап кетті. Астындағы кертөбелді ойната бастырып, қолбасыға тақай берді де:

— Қалмақ батыры да жас жігіт екен, сардар аға. Тақ бір маған арнап жібергендей тең-тұсым көрінеді. Аттаныстың алғашқы айқасы ғой... Батаңызды беріңіз! — деген, аттан қарғып түсіп, бір тізерлеген күйі.

Қабанбай алғашқы сайысқа тіс қаққан, егде батырлардың бірін шығарам ба деп тұр еді, бірақ жігіттің меселін қайтарғысы келмеді.

— Жолын болсын, бауырым! Жауынды жайратып, абыроймен қайт! — деді ықылас білдіріп.

Шынқожа бұдан ары бөгелген жоқ. Лып етіп атына мінді де, Кертөбелге қамшыны басып жіберіп, құйғыта жөнелді.

Екі жақта аттарын баяу бастырып, айқас аланына тақау келіп тұрысты. Дәл ортада қолбасыны қоршай Еспембет жасағы орын алған. Қабанбайдың кенжесі Әлі мен қыз, келіні де осы топта еді. Әсіресе, бастарына алтынды дулыға, үстеріне жеңіл бектер сауыт киіп, садақ асынып, семсер ілген қос ару — Мүней мен Назым егіз қозыдай жарасып, көздің жауын алады.

Жастар әрнені сөз етіп, өз алдарына бөлек тұрған-ды. Ортадағы қалмақ батырынан көз алмай қарап қалған Мүней кенет әлденеден шошынғандай:

— О, тәңірім! Мынау — Серенжап қой! — деп қалды.

— Ол кім — Серенжап деген? — деді қасында тұрған Назым да сол жаққа көз салып.

— Қолқа зайсанның баласы. Атақты сайыскер, жүрген жері лаң еді... Аттеріс қайнағаны жазым етіп жүрмесе жарады...

— Сен оны қайдан танысың? — деген мына жақтан Әлі де қандауырдай қадалып.

— Е, танымай... Қолқа зайзан әкемнің қоластында, біздің ауылға таяу отыратын.

— Біздің Шынқожа батыр сенің Серенжабынды қазір-ақ жер қаптырады! — деді әлденеге қиғытып қалған Әлі.

— Оны менің Серенжабым деп кім айтты саған? деген Мүней де беріспей.

Бұл кезде Шынқожа мен Серенжап арасындағы айқас басталып та кеткен. Бұлар егде батырларша тәжікелесіп жатпай, бірден қаруға қол қойған-ды. Әзірге бір-екіден найза сілтесіп өтті. Шақылдаған найзаның қышырлаған қалқанның дыбысы естіледі. Қалмақ батырының астындағы жатаған торы сағымдай сусыған жылдам жылқы екен. Иесінің де қимылына көз ілеспейді. Көкжалды шалған тазыдай оп-оңай орағытып, найзаны оңды-солды сілтегенде, әншейінде шапшаң саналатын Шынқожаның өзі зорға қорғанып жүр.

Ал Мүнейдің екі көзі — қарсы жақтағы қалмақтарда. Дүниенің асты-үстіне келіп, алмасып кеткені сонша, жас келін көз алдындағы мына көріністі санасына сидыра алмай тұрған. Күні кеше ана тұрғандар мұның ауылдасы, қандасы, туысы саналатын. Бүгін қас дұшпанға айналып, қарама-қарсы беттесіп тұр... Сонда бұл қазір кімнің тілеуін тілеуі керек? Дос, туыс кім? Дұшпан кім? Қарсы алдында — тілі, діні, қаны бір қалмақтар. Қасында — қиын күнде пана болған, алақанға салып аялаған, жар құшағын ашқан қазақтар... О, тәңірім, адамды өстіп те азапқа салады екенсің-ау!

«Бірақ осы қалмақтардың діні, тілі бірге болғанмен, тілегі, ділі бір ме? — деген ой келді Мүнейдің басына. — Тілегі, ділі бірге болса, осылар менің Әмірсана көкем мен әкем Банжырды неге сидырмады? Дабашы мен Намеху- Жырғал неге бір-біріне қарсы жан алып, жан берісіп жүр? Қалмақтардың өздері неге бір-бірімен жауласады?!»

Осы арада әкесінің биыл көктемде Жоңғарияға аттанарда айтқан соңғы сөзі түсті есіне: «біздің ойраттар құдайдың қарғысына ұшырады. Түбі не болары белгісіз. Сен енді бізді ойламай, келген жеріңнің тілеуін тіле, қызым! — деп еді қоштасып тұрып. — Сен енді Банжырдың ғана қызы емес, Қабанбайдың келінісің... Ал Қабанбай жалғыз саған ғана емес, бәрімізге де пана болуға жарайтын адам».

Осы сөздерді еске алысымен жалт етіп, өзінен сәл қиғаш, саптың алдында тұрған қайын атасы Қабанбайға қараған. Мың кісінің ішінен бойы асып, қазақтар «Қубас» деп атайтын нардай құбақан торының үстінде таудай болып жеке тұр. Егескен жауын жерге тықпай қоймайтыны сырт тұлғасынан-ақ көрініп тұрғандай. Ал осы таудай қазақтың керемет мейірімді, балажан екенін Мүней күнде көріп жүр. Өз қызы Назымнан кем көрмейді Мүнейді. «Шаңырақ иесі — кенже келін» деп, ауыл адамдары да мұны ерекше құрметтейді. Жалпы, қазақтар — қалмақтай қатал емес, аккөңіл, мейірімді... Осы ойлардың басына келуі мұң екен, Мүнейді әлдебір мақтаныш сезім кернеді. «Иә, мен — қазақтың, бас батыры Қабанбайдың келінімін» деді іштей күбірлеп.

Ортада Шынқожа мен Серенжап әлі шайқасып жүр. Жас келін өз ойымен әлек болып тұрып, жаңа аңғармай қалыпты. Ат арыны басылып, білек талған шамада екі батыр найзаларын жерге шаныша салып, қидаласуға көшкен екен. Әсілі Шынқожаның қаһарлы қаруы қылыш болса керек, айқын басымдық байқалады. Қарсыласын жан таптырмай тықсырғанда, анау ұршықтай үйіріліп, тез тайқып кетіп жүр. Ал келесі бір кезекте Серенжап өршелене ұмтылып, көз ілеспес жылдамдықпен үсті-үстіне төпелей жөнеледі. Екеуінің де қимылында қапы жоқ. Күн нұрына шағылған қос алдаспан кезек қайшыласып, қамшыдай өрілгенде, батырлардың басында лапылдап алау жанғандай әсер қалдырады.

Серенжаптың атақты сайыскер екенін Мүней жақсы біледі. Осы бір басбұзар, тентек жігіттен жұрттың бәрі жасқанатын-ды. Ал Мүней одан қатты қорқушы еді. Оның көзі түссе болды, жылан арбаған торғайдай қалтырап қоя беретін. Серенжаптың жасы бұдан он жастай үлкен болса да, өзіне өліп-өшіп қараған еркектің уытты жанарын бұл бірінші рет осы жігіттен сезінді. Онда Мүнейдің он төртке жана шыққан кезі. Әлгі жанардың сумақы, өткірлігі сонша, қатты тіксініп, қорқып кеткен. Жиын-тойда, немесе әскер ойыны кезінде оның көзіне түспеуге тырысушы еді. Сонда да бәрібір, сұқ көздің бір қалтарыста қисынын тауып, өзіне қадалып тұртанын сезетін... Кейін Серенжап Мүнейді айттырмақ болып, Банжыр ноянға кісі де салған. Бірақ мұның әкесі «құдаларды» тізесіне де отырғызбай, құр ауыз қайтарды. «Қолқа зайсанның баласы шамасына қарасын. Ол ханзаданың қызын алуға әлі жеткен жоқ» депті қысқа қайырып. Содан кейін ғой, Серенжаптың Банжыр ноянға өштесіп жүргені. Алдыңғы жылы ел іші екіге бөлінгенде, ол өзінше Банжырдан кек алмақ болып, Шабдардың жасағына қосылып кетті... Ендігісі мынау — өлсе өз бетінше өлмей, Мүнейдің дәл алдына келіп, майдан ашып тұрған!..

Сайыс созылған сайын қолбасы Қабанбайдың көңіліне де қобалжу кіре бастап еді. Мыналар бірін-бірі жеңе алмай, жекпе-жектің тең аяқталуы да мүмкін-ау. Иә, мұндай жағдай өте сирек, бірақ ілуде бір кездесіп тұрады. Екі батыр да қалжырап, бес қарудың қайсысын қолданса да ештеңе шықпай, сайыстың қызығы кете бастағанда, әр екі жақтың қолбасылары көрініске шығады да, жекпе-жекті тоқтады. Бұдан ары сайысқа басқа батырлар шығуы мүмкін. Не уақытша бітімге келіп, ұрысты орта жолдан үзіп тастауы да ғажап емес. Алайда, қалмақ жағы болмаса, дәл қазір қазақтың бітім сұрайтын жөні жоқ. Демек, мұның арты жаппай шабуыл деген сөз. Осы жайды Баймұрат пен Еспембетке ескертпек болып оқтала бергені сол еді, кенет арттағы қалың қол шу ете түсті... Дереву ұрыс алаңына жалт қараған. Көзіне алғаш түскені — Серенжаптың қолындағы қалқаны мен қылышы ұшып кетіпті де, өзі қалмақы ердің қасынан ұстап, еңкейе тұқырып қалыпты. Ал Шынқожа үзеңгіге шіренген күйі, алдаспанын құлаштай көтеріп, қас жауын көк желкеден қия шабуға ұмсынып қалған екен. Сілтесе болғаны, дулығалы бас домалап жерге түскелі тұр... Төңіректе тырс еткен дыбыс жоқ. Екі жақта сілтідей тынып қалған. Алайда Шынқожа қару жұмсамады. Әлдебір ой түскендей, қылышын жайлап қынабына салды да, қалмақ батырын шылбырынан іліп алып, өз тобына қарай жетелей жөнелді.

Қастарына келгенде байқады: Серенжап жаралы екен. Торғай көз бадана сауыттың әр жерінен шыпылдап қан шығып тұр. Ұлы денеге дендеп дарымаса да, қыпшақы қылыштың қандауыр ұшы тұла-бойын шұрқ-шұрқ қылып шабақтай беріпті. Оң жақ бетін де кеңсірігімен қоса ырсыта тіліп түскен екен. Саулап аққан қызыл жоса қан үсті-басын жу-ып кетіпті. Арттағы қалың топқа жете бере, есінен танған Серенжап аттан ауып түсіп қалды.

Шынқожаның да сол жақ иығы мен қара санына найзаның ұшы дарыпты. Бірақ жеңіс буына мастанған жас батыр жедел жараны елейтін емес, қолбасыға қарап ақсия күлді де:

— Қалмақ та болса ер екен! Жаралы жігітті өлтіруге дәтім бармады, — деді ақталғандай.

Қабанбай бұларды дереву арттағы бақауыл топқа жөнелтті. Жау жағынан жекпе-жекке шығам деп талпынған ешкім көрінбеген соң, жедел дабыл қақтырып, жаппай шабуылға белгі берген. Манадан арқасы қозып, тықыршып әрең тұрған жігіттер тасқын селдей бірден лап қойды. Айғай-ұран құлақ тұндырады. Қалмақтар да тайсала қоймай, біразға дейін тіресіп бақты, әрине. Алайда қырғын шайқас бір шай қайнатымнан аспады. Қазақ қолының екі қанаттан орап бара жатқанын сезіп, ойраттар аттарының басын кері бұрып алған. Бұрынырақ қимылдағаны тым-тырақай қаша жөнелді де, көпшілігі қоршаудан шыға алмай, қолға түсті.

Кілең жүйрік ат мінген Еспембеттің ертауыл тобы қашқан жаудың өкше ізіне түскен-ді. Арада ет асым уақыт өткенде олар да қайтып оралды. Тақа

бір шалдырмай кеткені, ұры сайларда бұғып қалғаны болмаса, бірталайынақ жебеге жем қылған түрлері бар. Бұл жасақта жастар көп. Әлі, Мырзатай, Назым, Мүней секілді Қабанбайдың өз балалары да осы топта болатын. Мыңбасы Еспембет бұларды шеттерінен мақтап келді. Жастардың бәрі де мергендігімен көзге түскен. Соның ішінде, әсіресе, Мүнейдің басынан құс ұшырар емес.

— Келініңіз өзіңізге тартыпты, сардар аға. Жіберген жебесі жерге түскен жоқ. Әй, жаудың кемінде он шақтысын бір өзі жер қаптырған шығар-ау! — деген сүйінішін жасырмай.

— Мүнейдің аты ұшқыр. Ол басқамыздан гөрі жауға бір табан жақын жүрді, — деді Әлі қызарақтап. Бірақ Назым оның сөзін өрге бастырған жоқ:

— Жарайды, Әлі... Намыстанбай-ақ қой. Кең жерде нысана атысып та көрдік емес пе: біздің Мүней Мырзатай екеуіңнен әлдеқайда мерген! — деп бауыры мен күйеуін оп-оңай жығып берді.

Жастардың жаудан қайтпас ерлігіне Қабанбай да мерейленіп тұр еді.

— Бәрекелді, балаларым! Алғашқы қадамдарың сәтті болған екен... Осы беттеріңнен таймандар! Құда қаласа, Барлықтың баурайына ту тігіп, ата жұртқа барып аунайтын кез де алыс емес! — деп балаларын кезек-кезек құшағына алып, әсіресе, келіні Мүнейге мол ықылас білдірді.

Қолбасыны бұл жолы таңдандырған — Мүнейдің мергендігі де емес, төркін жұртына, кешегі қандас бауырларына қарсы қолы қалт етпей оқ атуы. Жас келінді, өз тілегі бойынша, осы жорыққа ертуін ертіп шықса да, ұрыс кезінде өзін қалай ұстар екен деп іштей алаңдап жүруші еді. Бүгін көңілі орныққандай болды. Обалы кәнеки, Мүней алғашқы сыннан сүрінбей өтті.

«Бұлар — айтқан сертінде нық тұратын, бір беткей, берік халық қой. Мұсылман дінін қабылдап, қазақтың бесігін тербеткен екен, қалмақ қыздары бұл жолдан ешқашан айнамайды, — деп ойлады Қабанбай өзі білетін біраз әйелдерді еске түсіріп. — «Қатын алсаң қалмақтан, төрінде жатып салмақтан» деп Бұқар жырау тегін айтты дейсің бе?! Түбі менің осы келінім де келешек өніп-өсер ұрпағымның құт-берекесі болар-ау!» деді іштей ырым етіп.

Бұлар Ұрыжар бойында бірер күн еру болып, алғашқы жеңіс тойын мерекеледі. Көпшілік мәре-сәре. Қос сайын көкқасқа жытып, ақсарбас сойып жатқан жұрт... Көңілге қаяу түсірмесе де, қуанышқа керетар болған бір ғана жай: сол күннің ертеңінде тұтқындағы Серенжап қана өзін-өзі мерт етіпті. Емшілер оның жарасын таып, дәрі-дәрмек ішкізіп, бетін бері қаратқан сияқты еді. Алайда қалмақ батыры жарық дүниеде қалғысы келмеген. Қалтасында жүрген уы бар екен, соны ішіпті де, сеспей қатыпты.

«Кәпір неме жаңылдығына басқан-ау» десті былайғы естіген жұрт. Бірақ шын себебіне үңілген ешкім болмады. Серенжап таңертең ғана аман-сау, итарқаның көлеңкесінде отырған-ды. Кенет ол төмендегі бұлақ бойынан Мүнейді көріп қалды. Танданған жоқ, оның қазақ арасында екенін білетінді. Қасында — қазақтың жап-жас жігіті. «Қабанбай батырға келін боп түсті деп еді. Мынау — күйеуі бол- ды-ау, шамасы» деп ойлады ішінен. Екеуі су жағасында қарама-қарсы отырып, беті-қолдарын жуды. Бір-біріне су шашып ойнады. Содан кейін бірін-бірі қуып, тал айнала жүгірді дейсің, сықылықтап күлді дейсің... Бір мезетте бұрандап, жорға сүрінген Мүней жігіттің қолына түсіп қалып еді, ана пәле тас қып құшақтап, шалқалай күлген қыздың ақ торғын тамағына сүліктей жабыссын келіп!..

Серенжап дол осы сәтке дейін өмір мен өлімнің қайсысын тандарын білмей, екідай күйде отырған-ды. Мына көріністен кейін берік бекімге келді. Ол қыз көзіне мынадай міскін халде көрінгісі келмеген. «Кеше масқара болып жеңілгенімді де Мүней көріп тұрды-ау!» деген бір ғана ойдың өзі жігіттің өзегін өртеп кетіп еді... Ол бұдан ары көп ойланып жатпады. Жан дәрмен ішкі қалтасында жүрген шынашақтай шишаны іздеген. Сонысы орнынан табылғанда, кереметтей қуанып кетті өзі...

XIV

Қазақ қолы шығысқа қарай жылжыған сайын, Қабанбайдың көзі жеткен бір нәрсе: жалпы ойрат әулеті зауал шағына жақындап, күні батуға айналған екен. Байтақ елдің басынан бақ тайды дегенше, оның ханын да, қарашысын да қырсық шалды дей бер. Өйткені жер басып жүрген әрбір жеке адам өз елімен тағдырлас. Еліңнің тасы өрге домалап, туы биікте желбіреп тұрған кезде, сен де өрсің, өжетсің. Жебең жерге түспейді, қылышың қара тасты қақ бөледі. Ал туың төмен жығылып, ел еңсесі еңкейген кезде, бәрі басқаша: ханыңда қасиет қалмайды, байың балпан, батырың жалтаң тартады. Қосқан итің қыңыр жүгіріп, тілеп ұшқан құсын түлкі алмайды.

Дүрбіттер Қатынсу бойында тағы бір рет бас құрап, өздерінше тұрыстық бермек болған. Бірақ ол талаптарынан да ештеңе шықпады. Жеке сайысқа шақырған Бадынжап зай-санды Жұмық Дәулетбай батыр екі айналымға келтірмей найзамен іліп тастады. Жеңіс құсының түбегейлі қолға қонғанына Қабанбайдың күмәны қалмаған. Ендігісі тек уақытқа байланысты. Сондықтан ол асыққан жоқ. Ұрыстарды мүмкіндігінше шығынсыз өткеруге тырысып, межелі жерге қарай біртіндеп ілгерілей берді. Төрт түлік малын тастап, Ақшоқыдан аса қашқан дүрбіт кешіне де кедергі жасамады. Үрей билеп, үрке кешкен қалмақтар, жыртық қаптан сусыған тарыдай, жоңғар шебіне қарай шұбыра босып жатыр... Соғысқан екенсің, уақытша үстемдік құратын оның да өз заңы бар. Сол заң бойынша жігіттердің қолын олжадан қақпады. Төрт түлік мал дейсің бе, жасау-жабдық, асыл бұйым дейсің бе, өңі тәуір қыз-қырқын, бала-шаға дейсің бе — бәрі де қолға түскен. Бірақ қолбасы олжаға айналған адам мен мал-

мүлікті қашан бөліске түскенше шабуылдағы әскер арасына тоқтатпай, бақауыл тобын басқаратын Шағалақтың қарауына жіберткізіп отырды.

Бұлар тау бөктерін жайлаған ойраттарды Ақшоқыдан ары асырып, Қаракітат өзенінен өткізіп тастады да, тізгін тартты. Өйткені «Ақтабаннан» бұрынғы жоңғар шебі осы тұс болатын. Сол маңда екі-үш күн еру болып, биік төбелер басына шекаралық оба-белгілер орнатты да, ат басын түстікке қарай бұрды.

Бұл арадан Барлықтың батыс сілеміне дейін ұзаса екі күншілік жол. Одан ары Алакөл де тиіп тұр. Бірақ бұлар асықпады. Бақтыны бауырлап, Қарабас биігінен асып түскен соң, Арқарлы қыратының шығыс қапталын ала жайлап жылжыды да отырды. Екі аралықтағы Еміл, Шағантоғай өзендерінің бойларында сыңсыған қалың қалмақ бар-ды. Шолғыншылардың айтуынша, олар да бас құрап, қорғанысқа дайындалып жатқан көрінеді. Алайда Қабанбай олар күткендей ел ішіне бірден сұғына қоймады. Алдымен жер жадысын жақсы білетін Қасабай, Шөрек, Есенгелді бастаған жолбасар жүздіктерді жіберіп, Еміл бойынан бірнеше дүркін жылқы айдатып алды. Мұнысы — әдейі алыстан жасаған айбары. Мұндайда жаудың тікелей шапқанынан гөрі «ойбай, келіп қалды!» дескен дүмпуі қиын болады. Бопсаға шыдағаны отырсын, шыдай алмағаны үрей билеп, үрке берсін.

Қолбасының бұл ойы да көздеген жерден дәл шықты. Бұлар түстікке жылжыған сайын қалмақ күреңдерінің іргесі сөгіліп, алды шығысқа қарай ығыса бастаған... Көшпей табан тіреп отырып қалғандары да аз емес. Дүрбіт зайсандары ұйымдастырған сондай бір қарулы топ Шағантоғай өзенінің бойында кәдімгідей қарсылық көрсетті.

Жау қарасы көп емес, ұзаса үш мыңның о жақ, бу жағында. Онда да ойлағандары — қазақ әскерінің шабуылын түбегейлі тоқтату емес, уақыттан ұту, алды қозғалып, арты абыр-сабыр жүк артып жатқан күреңдерді аман-есен бел асырып жіберу болса керек. Өйткені қимылдары тым сылбыр. Өздерінше түзем құрып, шыңдауыл соғып, ұрыстың барлық үрдісін сақтағандай көрінгенімен, біразға дейін ортаға ешкімді шығармай, найқалып жүріп алды.

Қазақ қолының жарты шақырымдай жерге келіп күтіп тұрғандарына да әжептәуір уақыт өткен. Еспембет мына кідіріске шыдай алмай:

— Сардар ата, мыналардікі — көрінеу уақыт созу ғой. Осылардың ырғалып, жырғалғанын күтіп тұрамыз ба? Одан да қақ маңдайдан тура соғып, таптап өте шықсақ қайтеді?! — деген астындағы теңбілкөкті көкке шапшытып.

— Асықпа! Асыққан — сайтанның ісі, — деді Қабанбай байсалды қалпын бұзбай. — Соғыстың да өз заңы, жол-жоралғысы бар. Оны қалай болса солай аттап өтуге болмайды.

— Күшіміз қаптал жетіп тұрған соң алып та, шалып та жықпаймыз ба, сардар аға?!

— Онсыз да ашынған жауды тым қыса бермейік те! — деді қолбасы. — Жарайды, қалмақтың мыңы қырылар. Бірақ сенің жүзіңді ала жығылады ғой... Мен жеңісті бірер сағатқа тездетем деп, жүз шаңыраққа қара ту ілдіре алмаймын!

— Соғыс болған соң құрбандықсыз бола ма?!

— Құрбандық — шарасыздықтан болатын нәрсе. Ал мыналардың онсыз да құйысқаны көтеріліп тұрған жоқ па?! Дұшпан көзі қып жекпе-жекке шықса шығар. Сонан кейін-ақ шығысқа қарай жосып бермесе, маған кел!

Айтқанындай-ақ, дәл осы сәтте қарсы жақтан астында құйрық-жалы төгілген қаракөк аты бар бір дәу қалмақ желе-шоқырақтап ортаға шыға берді. Арт жақта тұрғандары «жекпе-жекке» басып даурыққанымен, жеке шыққаны онша желігіп те кеткен жоқ. Соған қарағанда, талай шайқасты бастан өткерген, қырықпа сақал қырқылжыңның өзі болса керек.

Қазақ жасағы қазір Барлық тауының батыс баурайына жақын, бас қолбасы Қабанбайдың кіндік қаны тамған жерге таяу келіп тұр. Осы бір соңғы шайқаста қайрат көрсетіп, көзге түсіп қалуға батырлардың бәрі-ақ ынталы болатын. Тіпті Еспембет, Дәулетбай, Қасабай батырлардың арасында ептеген бәсеке де жоқ емес-ті. Бұрын да емеурін танытып, ентелеп жүрген сол жігіттер қолбасының алдына қатар келіп, рұқсат сұрады... Қабанбай жақсы көретін інілерінің қайсысына кезек берсем екен деп, сәл ойланып қалған. Бірақ дәл осы кезде Төртуылдың бас батыры Баймұрат әлгілердің алдын орап, көлденеңдеп тұра қалды.

Баймұрат кезінде жекпе-жектің хас шебері атанып, даңқы ерте шыққан батыр болса да, өз басы анау-мынауға желп етпейтін, өте байсалды кісі-тұғын. Кейінгі кезде жеке сайысқа да көп сұғынбай, ал қаптама ұрыста қабыландай қайрат көрсетіп, қалың қолға жол ашып отыратын-ды. Сол Баймұрат бүгін төтенше мінез танытып, ортаға шықты да:

— Амал жоқ, жігіттер, бұл жолы кезекті маған бересіңдер! — деді жаңағы үшеуіне күле қарап. — Ауыл өздеріңдікі ғой... Мен де өзімді соңына сақтап жүр едім. Қабекеңнің туған жерінде маған да бір сыбаға тиетін шығар?!

Сөз тапқанға қолқа жоқ. Қаракерейдің үш батыры ата баласы — Төртуыл батырына жол берді. Батырлар арасындағы бәсекенің ойда жоқта оп-оңай шешілгеніне Қабанбай да разы еді.

— Жолың болсын, Баймұрат батыр! Расындада, бұл жолы кезек сенікі... Бұқа бабаңның аруағы қолдап, жауынды жайратып қайт! — деді шын ықыласымен.

Осы сөздің ауыздан шығуы мұңкең Баймұратта астындағы Нарқызылға қамшыны басып жіберіп, айқас аланына құйғыта жөнелді. Аты белгілі егде батырлар сайысқа шыққанда алдымен жөн сұрасып, реті келсе қарсыласына ащы-ащы сөздер айтып, аруақ шақырып, арқа қоздырып алатын әдеті ғой. Мұндайда тауып айтылған бір сөз мірдің отынан кем болмайды. Арттағы қалың қолдың да намысына тиіп, жігерін қоздыратын — осы сөздер... Қалмақ батырының денесі домбай болғанымен, даусы жағымсыз, шіңкілдеген неме екен:

— Ал жөніңді айт!.. Кімсің сен? Тал түсте ел шауып, бүлік бастап жүрген қай бұзақысың? — деп қасына жақындаған Баймұратқа бірден дүрсе қоя берді.

— Ата жұртын азат етуге кімдердің келе жатқанын естімей, білмей отырған шығарсың жаманнан қатты?! — деді Баймұрат астындағы атын көкке шапшыта, тізгінін зорға тежеп. — Осы қазір жаныңды алатын әзірейіл — атақты Бұқа батырдың немересі — Баймұрат батыр мен болам! Осы жердің қожасы, қазақ қолын бастап келе жатқан әйгілі Қабанбай батыр әне тұр... Ал енді жұрт тақалған күшіктей шәуілдеген өзің кімсің?

Қабанбай атын естігенде қалмақ батыры айтар сөзінен жаңылғандай, сәл мүдіріп қалды.

— Мен бе? Мен — баяғы Өлжежырғал ноянның немересі — Мөңке-Жырғалмын! — деді даусын барынша айбынды шығаруға тырысып. — Қабанбайда атамның құны бар еді. Жақсы болды ғой... Ендеше маған сол қолбасыларыңның өзі шықсын!

— Ойдойт дегенің!.. Дәмесін қарай гөр! — Баймұрат маңайды басына көтере қарқ-қарқ күлді. — Сен, бәлкім, жекпе-жекке Абылай ханды шақыратын шығарсың?! Қабанбай сен сияқтыларға қолын былғамайды. Алдымен мына мені жеңіп ал! Егер басқамызды баудай түсіріп, шак келтірмей бара жатсаң Қабанбай да қарап тұрмас. Кәне, сайысқа шығасын ба? Жоқ әлде осылай мылжыңдасып тұрамыз ба? — Баймұрат соны айтып атының басын бұрды да, межелі жерге қарай шаба жөнелді.

Қалмақ батырының жанағы сөзін анық естіген Қабанбай өз құлағына өзі сенбей, таңданып тұр. «Мынау, шынында баяғы Өлжежырғалдың немересі ме екен? Иә, солай болуы да мүмкін-ау! — деп ойлады іштей есепке көшіп. — Өтіп бара жатқан заман... Өлжені өлтіргенде Қабанбай он алты жаста еді. Содан бері де, мінеки, аттай қырық жыл өтіпті. Айтпақшы, сол жылы оның бір ұлы қайнына аттанғалы жатыр емес пе еді... Тіпті сонда туған бала да қырыққа келіп қалыпты-ау! — деді басын шайқап. — Бәрінен де бұл құдайдың шеберлігін айтпайсың ба?! Барлық тауда Өлженің өлімінен басталған қанды кек қырық жылдан кейін айналып келіп, оның немересінің қанымен аяқталса, тағдырдың бұл да бір хикметі шығар?!»

Қабанбайдың ойын кенет жер жаңғырта көтерілген айғай-ұран бөліп жіберді.

— Абылай-Абылай!

— Қабанбай-Қабанбай!!

— Баймұрат-Баймұрат!!!

— Түйреп таста атана нәлетті! — дескен дауыстар құлақ тұндырады.

Ұрыс аланында айқас қызып жатыр еді. Баймұрат пен Мөңке-Жырғал екі-үш дүркін найза сілтесіп өтті. Қабанбай Төртуыл батырының қалт жібермес кәнігі шеберлігіне разы боп, сүйсіне қарап тұр. Баймұраттың жай күндегі мінезі сондай ауыр болғанмен, шайқастағы қимылы шалт, көз ілеспейді. Қайратының қапталдығы, машығының молдығы бірден аңғарылған. Қалмақ батыры қара терге түсіп, әр жолы көктен төнген көк сүңгіге әрең легенде тосқауыл қойып жүр. Бір рет Баймұраттың найзасы төс сүйектің тұсынан ілініп те қалып еді, Мөңкенің аты оқыс жалт беріп, иесін бір қатерден сақтап қалды.

Әлде төртінші, әлде бесінші реткі сұрапыл соққыдан қалмақтың қолындағы болат қалқан тұтқасынан үзіліп, сонадай жерге ұшып кетті. Жекпе-жекте қалқансыз қалу анық ажалға бас қоюмен бірдей. Ұрыс тамашасына берілген жұрт Баймұрат енді найзаны қай тұстан қадар екен деп, соны күтіп тұрған. Қалқансыз қалған Мөңке-Жырғал да қолындағы найзасын онды-солды сермеп жанталасты. Алайда Баймұрат бұл жолы елдің есіне келмеген мүлде тосын тәсіл қолданды. Ердің алдыңғы қапталында «барып кел» аталатын шоқпары жүруші еді. Бұл — екі құлаштай шынжыр бауы бар, бір ұшы ердің алдыңғы шеттігіне бекітілген, аумағы кіші-гірім құмандай домалақ шойын... Екпіндеп шауып келе жатқан беті «барып келді» ілгегінен ағытып алды да, найзаның өтінен қалай жалтарудың амалын таппай жанталасқан Мөңке-Жырғалды тұсынан өте бере дулығалы бастан көздеп тұрып, бар пәрменімен періп кеп жіберді.

Сол күйі артына қарамастан, ағындап өте берген. Өйткені мұндай

соққыдан ешкімнің сау қалмасына, қалмақ батырының қазір-ақ ат үстінен кескен теректей қопарыла құлап түсеріне сенімі кәміл еді. Мөңке-Жырғалдың жусанды далада шаң қауып жатқанын ол едәуір ұзап барып, артына қайрылғанда ғана көрді.

Манадан осыны күтіп тұрғандай, дүрбіттер де атының басын шығысқа қарай бұра берген. Олардың соңынан қазақ жасағы да лап қойды. Ең алда алдаспандары күн нұрына шағылған сақа сарбаздар, олардан сәл кейінірек садақшы жас мергендер кетіп барады. Атқа жеңіл, қимылы ширақ жастардың көзге түсетін кезі де, міне, осы тұс.

Әлі, Мүней, Мырзатай, Назым төртеуі бүгін де жұп жазбай, қатар шауып келе жатқан. Ұзаса жүз, жүз елу қадам жердегі жау әскерін ту сыртынан санап ату — жастарға бір түрлі қызық, әрі мергендігіңді сынауға таптырмайтын нысана. Қазақтар секілді дүрбіттердің де сауыт кигені некен-саяқ. Көпшілігі — киіз тұтқырлы, не желең шапанды бейбақтар. Көк желкеден кездей тартылған садақ оғына оп-оңай жем болады. Қозы жауырын, не сауыт бұзар жебелердің ысқыра зулай ұшып, жауырын ортаға қалай барып қадалғаны, жаңа ғана далаңдап шауып бара жатқан салт аттының екі етегі жайылып, аттан қалай ұшып түскені, не үзенгіде сүйретіліп бара жатқаны бәрі-бәрі көз алдында өтіп жатады. Мынаған обал болды-ау деп ойлауға мұрша жоқ. Өйткені соғыстың заңы солай. Сен оны өлтірмесең, ол сені өлтіреді.

Бұлар қашқан дүрбіттерді Еміл мен Шағантоғай аңғарын өрлете, Барлықты бауырлата қуып, түстік жерге барғанда тізгін тартты. Қарулы шеріктің құтылып кеткендері тым аз. Көпшілігі қылыш пен жебеге жем болып, қазақ жерінде қансырап қалып қойды. Қуғыншылар күн бата жер қайысқан көп малды алдарына салып, табыспен оралды. Олжаға түскен қыз-қатын, бала-шаға да баршылық.

Тақа бір асырауға көнбейтін тағысы, не ақсүйек бекзадасы болмаса, былайғы қалмақтар қазаққа тұтқын болуды бәлендей жан шошырлық нәрсе деп ойламайтын. Өйткені қазақта құл базары жоқ. Тұтқындар құлдыққа сатылмайды. Айдау, қинау, қамау, қапас азабын да тартпайды. Қазақ қауымында олжаға түскен адамдар ерікті. Ұрыста қолға түскен ересек адамдар, егер өзі қаласа, тұтқын айырбастаған кезде еліне қайтады да, шабындыдан түскен бала-шағаны қазақтар өз бауырына салып, ұлын-ұл, қызын-қыз етеді. Ал жас әйелдер осындағы ер-азаматтың заңды зайыбына айналады. Олжаға түскен қыз-келіншекке тандау берілгенде: «мен пәленшекеңе тием!» деп кергітінін қайтерсің!.. Қазақтың кең қолтық мінезінен туған бұл дәстүр мынау байтақ далада халық санын кемітпеудің, жаугершілікте селдіреп қалған ұрпақтың орнын толтырудың басты бір амалы еді.

Қалың қол сеп жайып, Емілдің төменгі сағасы мен Алакөл жағалауын, Барлықтың батыс сілемін түгел сүзіп шықты. Жан-жаққа аттанған шолғыншылар бұл төңіректе тірі қалмақтың қалмағанын, тайлы-таяғына

дейін жоңғар шебінен өтіп кеткенін айтып келді. Тоқтаның бергі беті мен Жоңғар қақпасының қос қапталында да ойрат әулеті жоқ деседі. Сірә, осыдан бір ай шамасы бұрын Үшарал, Көктұманы басып өткен Абылай жасағы Алакөлдің түстігін жайлаған қалмақ күреңдерін шығысқа таман ысырып, өздерімен бірге ала кетсе керек.

Алайда Қабанбай Барлықтың батыс сілеміндегі арасан бұлағы бар кең қоныста бір-екі күн ат шалдырып, жігіттерді тынықтырып алды да, қалың қолды бастап Жоңғар қақпасына дейін барып қайтты. Бәрін өз көзімен көруі, шекара шебіне оба-белгілер орнатып, ресми түрде жүріп өтуі керек болатын.

Тәңірім-ай, қырық жылдан бері бұл өлкені көріп тұрғаны осы! Таныс жер, таныс аспан. Осы жердің әр тасы, әр бұтасынан бір туыстық сезіледі. Тү-у, мына бір сарайыңды ашып аңқылдаған салқын самалды-ай! Мана танертең өткінші жаңбыр жауып өтіп еді. Сол жаңбырға бөрткен қараған мен тобылғының, жусан мен изеннің иісі танауды жарып, әкетіп барады. Алғаш шыр етіп жерге түскенде өкпесін қауып, нәр берген туыс ауа ғой бұл! Бала кезінде қозы қайырған қоңыр белдер, жылқы жусатқан жылғалар... Әкесі соғыста мерт болып, жолдастары сүйегін артып әкелгенде, Қожақұл ауылы сонау бір қалын ши өскен көк өзекте отырушы еді... Ал Ерасыл ағасы Есенбайдың кегін жоқтап, жалғыз өзі жорыққа аттанғанда, Мәмбеттер бұл арадан үркіп, Қатынсу бойына шегініп кеткенді.

Қабанбай әскер қосынын бергі тау бөктерінде қалдырып, өзі шағын қолмен Тоқтаның сыртына шықты. Өзіне таныс Сарыбелге көтерілгенде, баяғы қырғыз жігіті Ерденемен кезігетін ескі қыстау, түнделетіп барып Өлжежырғалды құм қаптыратын сонау бір өзен бойы көз алдында мен мұңдалап тұра қалды. О, жасаған! Содан бері арада қанша заман өтті десейші!.. «Ат баспаймын деген жолын үш басады, ер көрмеймін деген жерін үш көреді» деген рас екен. Әйтеуір, көруге жазыпты Алла-тағала. Сонда өз туған жеріңді қайта айналып көру үшін, қырық жыл қырғынды бастан өткеру қажет болғаны ғой?!

Бұлар Тоқтадан кері қайтамыз деп тұрғанда, шолғыншылар Тентек өзенінің басындағы Үйгентас жайлауында қалмақ күреңдерінің қалпы құрамай отырғанын айтып келді. Осыны ести салысымен Қабанбай әскердің аттары нарау жарым-жартысын Барлық бөктеріне қайтарды да, өзі үш мың қолмен Үйгентасқа қарай бет алды. Өйткені шекараның бұл бетінде ойрат тұқымы қалмауға тиіс. Қалса, көзге шыққан сүйелдей, екі жаққа да жаман әсер береді.

Алакөлге құятын Тентек өзенінің жоғарғы аңғарын жүздеген түтін дүрбіт ауылдарының жайлап отырғаны рас екен. Елбасы нояндары мен зайсандары Жоңғариядағы ішкі соғысқа аттанып, қалғандары қай жаққа бет түзерін білмей, әзірше өздеріне сырттан төнген қауіп болмаған соң жұрт көзінен қата беріс салқын жайлауда отырып қалған секілді. Бұл төңіректің

Үйгентас аталатын себебі: өзен бойындағы қазан шұңқыр кең алқапта әлденеше үйілген оба, тастан қаланған бейіттер тұр. Сол тас обаның бірі — қазақ жеріне тұңғыш баса көктеп кірген ойрат қонтайжысы Цеван Ребданның моласы деген сөз бар... Мына қалмақ күредерінің табан тіреп отырған тағы бір себебі: бес жүздей жасауыл осы молаларды қысы-жазы күзететін көрінеді.

Сол жасауыл тобы бар, онан-мұнан құралған басқа да қарулы жасағы бар, мындай қалмақ бас құрап қарсы шапқан болып еді. Оларды қазақтың іріктелген үш мың жігіті бұйым құрлы көрген жоқ, ортаға таман енгізіп, қоршап ала қойды да, лезде ұйпап жіберді. Бірақ өздері шіріген бай немелер екен. Жігіттер төрт түлік малын олжалап, өздерін түп қотара көшірді де, бөктерге қарай тырқыратып айдап түсті. Сол күйі қазақ жерінен қоныс таптырмай, Жоңғар қақпасынан ары өткізіп тастады.

Айқас аяқталып, ап-сап басылған кезде Қабанбай бір топ адаммен өзен бойындағы үйілген обаларды көруге келген. Өзен суы шаймайтындай жасыл алқапқа жағалай қонған ауыл секілді қаз-қатар тізілген тас бейіттер... Қонтайжының моласы делінген ен үлкені, әрі сәулеттісі дәл ортада тұр. Аумағы — он екі қанат хан ордасындай, биіктігі — түйелі кісінің бойындай. Аңғардың кесек-кесек жұмыр тасынан жымын білдірмей әдемі жиналған. Біреулер әдейі келіп қопармаса, жауын-сөлге мизімей ұзақ уақыт тұра беретін түрі бар. Қайдан білсін, ұрпақтарым осы жерде мәңгі жасайды, солардың ортасында мен де мәңгі тұра берем деп ойлады ғой.

Қабанбай Қубас атты баяу бастырып, обаларды жеке-жеке тамашалап көріп шықты да:

— Ойраттың ордасын ойрандасақ та жетер. Моласына соқтықпай-ақ қоялық! — деді қасындағы серіктеріне естірте сөйлеп. — Қазақтың байтақ жерінде кімдердің басы қалмаған?! Қайта қазақ жеріне кімдер басып кіргенін, біздің кіммен соғысып қан төккенімізді келер ұрпаққа осы обалар әйгілейтін болады.

— Моласы құрсын... Кәпірдің өлігіне тиісіп неміз бар?! Тек кейінгі бір замандарда ойраттар осында ханымыздың басы жатыр деп жер даулап жүрмесе болғаны! — деді Еспембет әлдебір уайымның шетін шығарып.

«Иә, ол да мүмкін-ау! — деген ой келді Қабанбайдың басына. — Осы бір шығыс аймақтарға қазақтың да бір ханын жерлеп, Алаша ханның моласындай басына күмбез тұрғызу керек еді... Бірақ қазақ хандары шетінен әулие ғой. Мұндай түкпірге келіп жатар деймісің?! Бұл күнде хандарды былай қойып, жай қарашы бектердің өзі Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи мазарынан орын алғысы келеді... Әлде осынау шекара шебіне өзім келіп жатсам ба екен? — деп ойлады ол, әлденеге тұла бойы дір ете қалып. — Қазір емес, әрине. Кейін жасы жетіп, қартайған кезде... Өмір бойы желдің өті, жаудың бетінде жүру пешенеме жазылған сыбағам еді. Өлгенде де тек жатпай, қазақ жерінің бір шетін күзетіп жатпаймын

ба?!»

Арада тағы екі күн өткенде бұлар Барлықтың бауырындағы негізгі қолға келіп қосылды. Аңада кілең тау бөктерімен төтелей тартқан жасак Алакөлге бұрыла алмаған-ды. Қайтар жолда әдейі қол жағалап отырды. Көлдің бұл жағалауы қоғалы қопа, нар қамыс өскен, жолбарыс жортар қалың жыныс. Дәл арасанға бұрылар тұста құмдауыт, ашық алаң бар екен. Осы арада басын саздауыт шиден алатын Жарбұлақ атты шағын жылға ағып жатыр. Сол жылғаны бойлап жаңағы ашық алаңға шықты да, қалың қол Алакөлге келіп ошарылды.

Қазір тамыз айының ортасы, күн қапырық ыстық болатын. Апта бойы ат үстінде, бел шешпей, тер сасып жүрген сарбаздар аттарын матастырып тастап, көлге барып тырдай жалаңаш қойып-қойып кетісті. Бірақ қыр қазағы жүзе жөнелуге жоқ, бәрі дерлік тоғытқан қойдай топырлап бергі жағалауда жүр.

Ал Қабанбай биік жарқабақтың басында көлден көз алмаған күйі ат үстінде әлі тұр.

«Қайран Алакөл! Күндіз естен, түнде түстен шықпайтын асыл айдын, саумал көлім! — деп іштей тебіренеді. — Шараға құйған қымыздай көбігің сынып, кемерінді сүзіп, бәз-баяғы сол орнында жатыр екенсің-ау, жарықтығым! Ал мен сені бір көруге зар болып, өмір бойы аңсаумен жүрдім...»

Кенет батыстан аңқылдап самал есіп қоя берген. Сол-ақ мұң екен, көл беті көпіршіп, ала қанат толқынға толды да кетті. Бейне мың-сан аққулар бір мезгілде келіп қона қалған секілді. Тұ-у, танауды жарған мына бір етене таныс иісті айтсайшы! Тұзды теңіздің, шалқар көлдің иісі... Ақыры Қабанбай да шыдамай кетті. Аттан қарғып түсіп, шылбырын қосшысына тастай берді де, апыл-тұпыл шешіне бастады. Найзасын жағалауға шаншып, сауыт-сайман, киім-кешегін соның түбіне үйіп қойды да, жартылай жалаңаштанып, көлдің жиегіне келді.

Бала кезінде Емiлдің суына да, Алакөлге де талай шомылған. Біршама жақсы жүзуші еді. Құрбыларының ішінде осы Шағалақ қана су жыландай сусылдап, басы қайқайып, жеткізбейтін. Бірақ одан бері қанша заман өтті?! Әйтседе, адам жас кезінде үйренген машығынан есейгенде де жаңылмайды екен. Алыс жорық күндерінде Сырдарияға, не Ілеге жолы түсіп қалғанда, бұл ұлы өзендердің ар жақ, бер жағына еркін малтып өте беретін-ді... Қазір де көлді кешіп, шылбыр бойына дейін жалдап барды да, тереңге жете бере құлаштап есе жөнелді.

Па, шіркін, дүниенің рахаты мұнда екен ғой! Тұла бойына бірден салқын леп ұрды. Шөл қысып келе жатыр еді, ол да сап тиылды. Бойды бұған қапырық ыстықта ізім-қайым жоқ болды. Қабанбай апайтөс, алып денесімен жай қобыланып қана жатқан майда толқындарды кемедей

жарып, едәуір ұзап кетті. Бір мезгілде артына бұрылып қарап еді, жағалаудағы адамдар күрттай құжынап, зорға шалынады. Басқа батырлар қолбасының суға түскенін жаңа байқаса керек, «енді ұзамаңыз» дегендей, қолдарын бұлғап шуласып тұр...

Қабанбай таты біраз жерге жүзіп барды да, кейін қайтты. Қайтқан жоқ, айдын төсіне қол-аяғын жазып жіберіп, шалқалап жата кеткен. Қол суы мақпалдай жұмсақ, әрі жылы екен. Батырды аялай аймалап, бесіктегі сәбидей баяу ырғап тербетеді. «Қырық жыл ат үстінен түспей, әбден арып-шаршаның ғой. Сен де бір уақыт құшағымда байсал тауып, тыным алшы!» дейтін секілді... Бір мезгілде қайтадан аунап түскен Қабанбай көлдің суын киіздей қарпып, тағы біраз құлаштап алды. Жағалауға бірер арқан бойындай аралықта ғана қимылын баяулатқан. Судан шыққысы келмейді. Біреулер ит малтаумен бұған таяп келіп, бірақ одан ары ұзауға жүректері дауаламай, кері қайтып жүр. Судың тазалығы сонша, көлдің түбі көрініп жатыр. Қабанбай алабұғаша бірнеше рет шаншыла сүнгіп, бала күнгі әдетімен, сонау тереңнен әр түрлі тастар алып шықты... Тек құмары қанып, ыстығы басылғанда ғана жағалауға бет алып еді.

Киініп тұрып, тағы да қол бетіне қараған. Айдынның ортасындағы Аралтөбе мына жерден тіпті тиіп тұр. Өспеген де өшпеген, сол баяғы қалпы. Қысы-жазы бірдей асау толқын тепкісіне қалай шыдап тұр екен? Баяғыда жаз бойы соны тұратын Аралтөбеге қыста мұз қатқан соң Мәмбет ауылдары мал апарып қыстатушы еді. Тек көктемде, мұз түспей тұрғанда құрлыққа жетіп алуың керек... Айтпақшы, осы Аралтөбе жайында бір аңыз бар сияқты еді-ау. Аңыз емес, болған оқиға.

Бір жылы Аралтөбені қыстап шыққан бай ауыл көктем шыға құрлыққа көшіп келе жатқанда, аяқ астынан мұз ойылып кетіп, төрт түлік мал да, шұбырған көш те харап болыпты. Жағалауға тек, аты сенімді байдың өзі ғана аман шыққан деседі. Бала-шағасынан, бүкіл дәулетінен бір-ақ сәтте айрылған бай бұл қасіретке шыдамай, көлге батып өлмекші болады... Тек сол кезде жаратқан ием әлгіге үн қатқан екен дейді: «Пендем, сен өйтіп күпірлік жасама. Осының бәрі менің әміріммен болып тұр. Бүгінге дейін жасаған күнәң үшін мен сені жазаладым. Егер осы тауқыметке төзіп, тәубеңе келіп, қайтадан хақ жолына түсер болсаң, мен саған алғанымның бәрін қайтарып берем. Түбі қайыр болады...» депті... Әлгі адам Алланың әміріне құлақ қояды. Жаңадан шаңырақ көтеріп, тірнектеп мал жия бастайды. Арада тағы біраз жыл өткенде, сол адамның бала-шаға, мал-жаны түгенделіп, қайтадан байып кеткен деседі.

«Бұл Алакөл де, Аралтөбе де — тұрған бойы сын мен төзім ғой! Шыдаған кісі ғана жетеді мұратқа деп тұрған жоқ па, мына қалпының өзі де?! Мен де Алакөлмен қауышар осы бір арманды күнді қырық жыл күттім емес пе?!» деп толғанды Қабанбай, ақ жоңқалана көпіршіп жатқан ала қанат толқындарға сүзіле қарап тұрып.

Қолбасының көңілі бүгін керемет көтеріңкі еді. Өмірі мұндай тыныққан

емес — кұр атқа мінгендей қунап қалыпты. Бұл кезде қолбасы батырлардың бәрі киініп алып, мұны қоршап тұрған-ды.

— Бұл не тұрыс?! — деді Қабанбай қасындағы Баймұрат, Дәулетбай, Шынқожаларға қарап. — Ақтарыңдар ақ түйенін, қарнын! От жағылып, ошақ қазылсын!.. Бүгін осы арада жеңіс тойын бастаймыз!!!

Сол күні Алакөл жағасында ұлан-асыр той басталған. Айтып сойылған ақсарбаста, көпке бұйырған көкқасқада есеп жоқ. Көл жағалай жорық шағырлары тігілген-ді. Ет тау боп үйіліп, қымыз көл боп ақты. Ойын-сауық, ән мен күйге де кезек енді тиіп еді.

XV

Той думаны тарқап, әскер қосыны енді елге қайтамыз деп тұрғанда, шығыстан қуанышты хабар келді. Сүйінші! Осыдан бір жарым айдай бұрын Жоңғар жеріне аттанған Абылай жасағы көп олжамен, аман-есен қайтып келе жатқан көрінеді. Кешелер Жоңғар қақпасынан бері беттеген қол бүгін кешке қарай осында келіп қалуға тиіс.

Қабанбай қасына мыңбасы, жүзбасы батырларын ертіп, түстік жерден Абылайдың алдынан шықты. Айтса айтқандай, қазақ жасағы бұл жорықты өте сәтті аяқтағаны көрініп тұр. Әскер қосыны жасыл тулары желбіреп, қатары сиремей, оқ бойы алда келеді. Соңында ұбақ-шұбақ көш, мыңғырған мал... Тынымсыз ұзақ жол мен атыс-шабыс қанша қажытқанымен, батырлардың көңілі көтеріңкі, мерейлері үстем. Аралары арқан бойы қалғанда Абылай да, Қабанбай да аттан түсіп, екі жақ бір-біріне құшақ жая ұмтылысты.

— Алыс жорықтан аман-есен оралдың ба, хан ием? Әмісе Алла-тағалам жар болып, абыройың ассын! Ата жауын қашанда табаныңда жатсын! — деді Қабанбай, үш қайтара төс түйістіріп көріскеннен кейін.

— Өзің қалайсың, Дарабоз? Ел-жұрт тегіс аман ба? Ата-жұртыңа азаттық туын тігіп, көзайым болдың ба?! — деді Абылай да батырдың екі қарынан ұстаған күйі сілкілей ырғап қойып.

— Қарашы халқың, ереуілді елің түгел амандықта, хан ием! Азамат атаулы ат үстінде. Барқытбел мен Барлықтың бұл бетінде тірі қалмақ қалған жоқ. Дүрбітті дүркірете қуып, өз шебіне өткізіп тастадық! — деді Қабанбай.

Абылай тал бойына әлі де артық ет біте қоймаған, еңсегей, ірі кісі болатын. Бірақ Қабанбаймен қатар тұрғанда, бойы оның иығынан ғана келіп, шарғаланып шалынады.

— Бәрекелді! Айың оңынан туған екен. Ұзағынан сүйіндірсін! — деді хан жүзінде қуаныш нұры шалқып. — Дарабоз, сен өзің бұл өлкенің қай

жерінде туып едің?

— Нақты қай қоныс екені есімде жоқ. Қой қоздап жатқанда, осы Алакөлдiң шығыс жағалауында, Барлықтың бөктерiнде дүниеге келiппiн.

— Мыналар өзiңдi туған жерiңе дұрыстап аунатты ма?

— Аунағанда қандай? Шалғынына шалқалап, айдыныма шомылып, бiр жасап қалдым! — дедi Қабанбай ағынан жарылып.

Бұл кезде Малайсары, Баян батырлар да таяу келiп, ағайын жұртпен көрiсiп жатқан.

— Хан ием! Қолбасыны бiз өзiмiз аунатпасақ, басқалардың соған батылы барды дейсiң бе? — дедi Малайсары сөзге араласып.

— Онда, кел! Әлi де кеш емес... Бұл Дарабоз будан кейiн қолға түсе бермейдi! — деп желiгiп алған Абылай мен Малайсары екi жақтап, Қабанбайды атан түйедей шөктiрдi де, көк жасаңға әрi-берi аунатты.

Айнала ду-ду күлкi. Әр тұстан сүйiнген, қуанған дауыстар естiледi.

— Жаса, Дарабоз!

— Қуанышың құтты болсын!

— Қырық жылдан кейiн туған жердiң бесiгiне бөленiп, сәбилiк шағыңа қайта оралғандай болдын-ау! — десiп жатыр.

Бұлар сол күнi Қабанбайдың шатырына келiп, той салтанатын қайта жалғастырған. Қолбасылар жата-жастана әңгiме шертiсiп, екi жақ та өткен жорықтың хикаяларын баяндады. Айтыстарына қарағанда, Абылай жорығы дер кезiнде, әрi өте сәттi болған көрiнедi. Ен бастысы, Намеху-Жырғалдың әскерiн жеңiп, Дабашыны ойрат тағына қайтадан отырғызып қайтыпты.

Әсiлi, ойрат қонтайжысы Дабашыға қарсы бас көтерген Намеху-Жырғал мен Сайын-Бөлек нояндар осал жау емес-тi. Екеуi де — ақсүйектер арасында беделдi, әскер iшiнде ықпалды адамдар. Ал Дабашыны орталықтан шалғай жатқан солтүстiк аймақтар болмаса, Iле өңiрiндегi ойраттар көп бiле бермейтiн-дi. Оның үстiне Дабашы мен Әмiрсананың бiр рет елден қуылып, ойраттың ата жауы — қазақ елiне қашып барды деген атағы тағы бар... Сондықтан, Дабашы Лама Доржиды өлтiрiп, хан тағына қолы жеткенiмен, оны Орда тiрегi щорстар да, түтiн саны мол дүрбiттер де бiрден мойындай қоймаған. Намеху-Жырғал мен Сайын-Бөлектiң бүлiгi аз болғандай, бұларға соңғы сәтте дүрбiт шонжары Тоғыз-Кашка деген бiр қызыл көз пәле тағы қосылған. Осы үшеуi үш жақтан қысымға алып, арада екi-үш ай өтпей қонтайжыны Ордадан ерiксiз ығыстырған-ды. Шарасы таусылған Дабашы Талқының кезеңiнен аса қашып, Бұратола маңында қол жинап жүрген Әмiрсанаға келiп паналайды.

Ал бұл аралықта Намеху-Жырғал өзін ойрат ханы деп жариялап та үлгерген. Бірақ ол онымен де тынбайды, өзіне Тоғыз-Кашканың әскерін қосып алып, Дабашының өкше ізіне түседі. Бұл кезде Әмірсана мен Дабашы да маңайларына бір түмендей қол жинап үлгірген-ді. Екі жақтың әскері Жырғалаң өзенінің бойында ұшырасып, бірнеше дүркін кескілескен ұрыс болады... Жоңғар қақпасы арқылы төтелей тартқан Абылай жасағы, міне, дәл осы кезде ойламаған жерден жаудың қыр желкесінен шығады ғой.

Жан-жақтан қыспаққа алынып, тығырыққа тірелген Дабашы мен Әмірсана тек осыдан кейін ғана еркін тыныстап, күш ала бастайды. Намеху-Жырғал амалсыз әскерін екіге бөліп, Абылайға қарсы қол аттандыруға мәжбүр болады. Бірақ Абылай келе жатқан қалмақ қолынан күні бұрын хабар табады да, ұрымтал жерде қақпанға түсіріп, тас-талқанын шығарады. Енді Намеху-Жырғал мен Тоғыз-Кашканың өз әскеріне қоршауда қалу қаупі төнеді.

Намеху-Жырғал одақтас екі ноянның арасына жік салғысы келіп, бұдан бұрын да Әмірсанаға астыртын кісі салған көрінеді. Ал ту сыртынан жеңісті жорық жасап, шабуылдан келе жатқан қазақ әскерінің дүбірін естігенде жаны қысылған жалған қонтайжы сол өтінішін тағы қайталапты.

— Егер опасыз Дабашыны тастап, менің жағыма шықсаң, жарты хандығымды саған берейін. Бұрын жартылай Дабашыға қарап келген Алтай мен Тарбағатай өлкесіндегі аймақтарға бұдан кейін бір өзің қожа боласың! — дейді ол Әмірсанаға.

Білетіндердің айтуынша, мұндай батпан құйрықты көргенде Әмірсана әжептәуір толқыған деседі. Қарсы жаққа өтіп кетуге, шынын айтқанда, Дабашыдан емес, қазақ хандығынан жасқанған... Ақыры, солқылдақ Әмірсана ең соңына дейін өз одақтасымен бірге болуға бел байлайды. Сөйтіп, қысылтаянда өзін бұлдап өткізгіеі келген әккі ноян «бұған не айтасың?» дегендей, Намеху-Жырғалдың хатын Дабашыға көрсетеді... Одақтасының құлқынын анау да түсіне қояды.

— Саған керегі жеке билік пе? Жанағы айтқан өлкелерді мен де сенің қарауыңа берейін. Ойрат Ордасының құрамында кіші хан болып отырарсың! — дейді Дабашы.

Сонымен, екі дос қайтадан тіл табысып, қас жауларын қақпанға түсірудің қамына кіріседі. Алдымен екеуі жорта араздасып, әскерлерін бөліп әкетіседі. Бұл дақпырт, әрине, қарсы жаққа да жетіп жатады... Сондай күндердің бірінде Әмірсана қонтайжы Дабашының алтын зерлі қалпағы мен қыл шашақты туын алып, еңтігіп Намеху-Жырғалта жетеді ғой.

— Мен ойланып көріп, сенің ұсынысыңды қабылдадым. Дабашыны ұйқыда жатқан жерінде қолға түсіріп, саған байлап әкелейін деп едім, әккі неме күні бұрын сезіп қалып, құтылып кетті. Мынау — соның қалпағы мен туы! — дейді айғақты заттарын табыс етіп.

Намеху-Жырғал осының өзіне-ақ мәз болады: Демек, көптен жұптары жазылмай жүрген нояндардың арасына от түссе, Дабашының өрісі тарылды деген сөз... Екі жақ шұрқырасып табысады. Әмірсана жаңа одақтасы Намеху-Жырғал мен Тоғыз-Кашканы өз шатырына қонаққа шақырып, сол күні ұлан-асыр той жасайды. Астау-астау ет тартылып, әркі дегенің дария боп атады... Ақыры түннің бір уағында қонақтардың сілесі қатып, ұйқыға кетеді ғой. Міне, дәл осы кезде дайын тұрған Дабашының адамдары келеді де, әлгілерді шетінен бауыздап шығады... Бас кеткен соң басқалары не істемек? Осы қырғыннан кейін Намеху-Жырғал әскерінің бір бөлігі Дабашының қарауына еніп, қалғандары тоз-тозы шығып босып кетеді...

Жорық мақсаты орындалған соң, Абылай да ол жақта көп бөгелмеген секілді. Соғыстан түскен олжасына қоса Дабашы мен Әмірсананың мол сый-сыяпатына ие болып, елге қарай бет түзеген.

— Ноябрьдар арасындағы үздіксіз қырқыстан ойрат жұрты да тозып бітіпті, — деді Абылай әңгімесін аяқтай келе. — Бұлардың жай шаруа баққан арат, албаты дейтін қалың бұқарасы бар. Солардың қай-қайсысының да соғысқа құлқы жоқ... Ал ақ сүйектерінің тақ құмарлығын айтпа! Тақ үшін туған бауырын шалып жіберуден тайынбады. Сол Дабашы мен Намеху-Жырғал — бір-біріне ұзаса үш атадан қосылатын шөбере деп кім айтады. Әмірсана болса — қыздан туған жиен. Ал істеп жүргендері — анау. Надандық қой, әрине... Бұлар хандық дәрежені халық алдындағы қасиетті парыз деп емес, тек билік пен байлықтың көзі деп ойлайтын секілді.

Абылай осы сөздерді айтқанда, іргелес жатқан қазақ пен қалмақты іштей салыстырып отырғанын Қабанбай да аңғарып қалды. Қазақ бұл жөнде қалмақтан көш ілгері тұр екен ғой. Мәселен, ұлы хан Әбілмәмбеттің көп жылдан бері өз тағын аталасы Абылайға жалынып өткізе алмай жүргенін ел ағалары жақсы біледі... Қандай кереғарлық?!

— Қалмақтар, қанша дегенмен, құдайларын балшықтан илеп алатын дінсіз халық қой?! Өздерімен кетсін, бәтшағар! — деді Қабанбай ойлы пішінде: — Сонымен, Дабашы ноян арманына жетіп, хан тағына отырды ма, әйтеуір?

— Ол ойрат тағына бір отыруын отырды-ау. Бірақ бұдан былай сол Дабашы мен Әмірсана екеуінің басы бір қазанға симай ма деп қорқамын. Енді пәле шықса, сол екеуінің арасынан шығады...

— Олар біздің Барқытбел мен Алтайға жорық жасағанымызды біліп отырған болар? Ол туралы не айтады өздері?

— Не айтушы еді? Ел қамын жеген Едігені көрмедім-ау мен солардан... Жорық жайында сөз қозғасам: «Терістіктегі төртауыт пен дүрбіт ырықтан шығып, құрық әкетіп жүр еді. Қайта соларды бері таман ығыстырып, бізге бағындырып беріндерші» деп өзімізге қолқа салады. Енді оларға қарайлайтын ештеңе жоқ. Аттанысты жалғастыра беру керек! — деді

Абылай.

Осыдан кейін әр рудың батыр, билері бас қосқан отырыста Абылай тағы бір маңызды мәселені сөз етті. Жай сөз емес, хан жарлығы. Жалпақ жұртқа жеткізсем деп асығып келген сол ойын бірінші рет осында жария қылды.

— Өздерің білесіңдер, соңғы жылдары ақ білектің күші, ақ найзаның ұшымен, талай ер-азаматты құрбандыққа бере отырып, қазақ жерінің негізгі бөлігін жаудан босаттық. Мұрнағы жылы қасиетті Сыр бойында қан төгіп, былтыр Жетісу үшін шайқассақ, биыл Барқытбел мен Барлыққа қолымыз жетті. Ертең Ертіс өңірі мен Алтай азат болады! — деді хан отырғандарға жағалай көз салып. — Ендігі мәселе: осы қоныстар иесі жоқ жер сияқты бір күн де бос жатпауы керек. Ақшәуліден ары, Аягөз, Балқаш, Шыңғыстау аралығында иін тіресіп отырған елдің біразы осы күзден бастап-ақ осылай қарай көшетін болсын! Кімнің қай қонысқа ие болатынын тәптіштеп, айтып жатпай-ақ қояйын. Жапсарлас жатқан Жалайырды есепке алмағанда, бұл жаққа көшетіндер, негізінен, Найман атаң балалары ғой. Енші бөлісу, қоныс үлесу жағын мына Дарабозды ортаға ала отырып, өздеріңіз бір жайлы етерсіздер... Тек менің тілейтінім: атаның ұлы атаусыз, ер еңбегі ескерусіз қалмасын!

Жер бөлісі, көші-қон қамы Қабанбайдың да көптен көңілінде жүрген жайт болса керек. Абылайдың сөзін зейін қоя тыңдап отырды да, іле жалғастырып әкетті.

— Жақсы айттың-ау, хан ием! Осы жағдай мені де көптен толғандырып жүр еді. Ақсақалдармен ақылдасып, нобайы осылай болса деп, бір жоба да жасап қойған ем. Көп талқысынан, хан қаулысынан өткізу үшін сол жобамды айтып көрсем қайтеді? — деген көпшілікке қарап.

— Айтыңыз, сардар аға!

— Жұрт ертерек құлақтанып, көші-қонға дайындала берсін! — десті отырғандар.

— Айтсам, менің ойым былай: әзірше жау қолынан босаған Барқытбел мен Барлық, Жоңғар Алатауы мен Балқаш арасы ежелден бері-ақ Найманның Төлегетай тармағы жайлаған жерлер,—деді Қабанбай сөзін жалғастырып. — Осы өлкенің әр сайында ата-бабамыздың сүйегі жатыр. Сондықтан әр ру, мүмкіндігінше, өзінің байырғы ата қонысына оралғаны жөн сияқты. Барқытбелдің теріскейі әлі де жау қолында. Ол туралы әңгіме кейін... Әзірше күнгейдегі ел жаңа қонысқа мына тәртіппен көшсе деп едім, — деп сәл бөгелді де, ойын таратып айтып кетті. — Алдымен Жетісу жерінен бастайықшы: соңғы жылдары Сыр бойынан көтеріліп, Балқашқа иек арта, Іленің төменгі құйғанына келіп қоныс тепкен ағайындас ел бар. Олар — ежелден бері Найман ұлысымен иық сүйесе қатар кешіп келе жатқан, төсекте басы, төскейде малы қосылған Жалайырлар. Ел берекесін ойлаған Ескелді, Балпықтай биі бар. Күні кеше осы жер үшін жан қиған

Тәттібайдай батыры бар. Сол ағайындар Іленің оң қапталынан бері қарай өріс кеңіту үшін, Қаратал мен Көксудың қос алқабын сұрап отыр. Іштарлық жасамайық. Андалас ағайын ортамыздан ойып, оң қанаттан келіп қоныс алсын! Бұған не дейсіндер? — деп жұртқа жағалай көз салған.

Көпшілік дуылдасып, әр тұстан қостау сөздер естілді.

— Дұрыс-ақ!

— Жол — ата бал асы Жалайырдікі. Ойбай-ау, олар исі қазақ кастер тұтқан нокта ағасы емес пе?!

— Әлі топырағы да суып үлгірмеген Тәттібайдай қыршынның аруағын қалай ұмытамыз? — десіп жатыр.

— Бәрекелді! Онда бұл сөз осымен бітсін! — деді Қабанбай. — Ал Найманның өз ішіне келсек, «Ақтабаннан» кейін көп жылдар Балқаштың сыртын, Аягөз бен Тоқырауынды жайлап келген Садыр мен Матай былтырдан бері Ақсу мен Лепсіні өрлей көшіп, шығысқа қарай өріс кеңіткенін білесіздер. Осылар сол үрдісін бұзбай, түстікте Жалайырмен жапсарлас, шығыста Жоңғар шебіне дейін қанатын кең жая берсін. Лепсі мен Қараталдың арасында, арқасын Алатауға тіреп, аяғын Балқашқа қарай көсілсін. Ал Матайдың бір бұтағы Қызайды ағайыннан ажыратпай-ақ қоялық. Оларда осылармен қанаттас, қатар қозғалсын. Бұған не дейсіндер?

Бұл билікке Матай мен Садырдың Шоңқа, Тауасар, Алдияр секілді батырлары дән риза болып, тұс-тұстан қостап кетті.

— Дұрыс-ақ, сардар аға!

— Бұл айтқаның тіпті құдайға жөн!

— Біздің сіңірімізді созып басқа бір жаққа көшірмей, қонысты таяу жерден бергенің тіпті оң болды! — десіп жатыр.

Тек Қызайдың биі, әрі батыры Есенгелді ғана бір сөз қыстырып қалды.

— Бұл күнде Қызай да құйрық-жалы төгілген бесті айғырдай ел болды. Ендеше ол қашанғы Матай атаңның соңынан ілесіп, енесін қақтап еме береді? Лажы болса, бізге де бір сыбаға жер берілсін. Ал жер жетпей жатса, Қызай бұрынғы орнында, Аягөз, Ақшатау маңында қала тұрады, — деген, жасы қырықтың ішін мол аралаған Есенгелді байсалды қалпын бұзбай.

— Айтқаның орынды, Есенгелді. Жұрттың бәрі шығысқа қарай аунағанда, Аягөзді арда еміп, жеке жайласам дегенің тіпті жөн-ақ! — деді Қабанбай. — Ал енді аяндап Қаракерейге келейік. Байыс балалары: Ақымбет, Сыбан, Мұрын, Қыржы болып өздерінің қазіргі жайлы қоныстары Шыңғыстау, Қалба, Аягөз аралығында қала берсін. Ал Семізнайман аталатын Байсиық әулеті Ақшәулі, Балқаш, Алакөл арасын

алып жатқан кең өлкеге қоныс тепсін! Алакөлдің түстік жағы мен Тоқта таудың сай-саласын Жаңбыршы мен Тоқпаққа қалдырып отырмын. Ал Төлегетайдың шаңырағын ұстаған кенжесі Төртуыл атаңа төскейден ойып орын берейік. Ұрыжардан — Ақшоқыға дейінгі Барқытбелдің бөктерін сол ауылдар жайлайтын болсын! — деп айтар ойын жинақтағандай аз-кем тыныстаған.

Осы кезде манадан бері ұлыстың ішкі әңгімесіне бой салып араласпай, бірақ зейін қоя тыңдап отырған Абылай бір ауыз сөз қыстырды:

— Дарабоз-ау, өзінді ұмытып кеткен жоқсың ба? Сонда Байыстың бір бал асы Бәйжігіт қайда қалады? — деген жай ғана езу тартып.

— Өзімді неге ұмытайын, хан ием?! Менің орным — қашанда желдің өті, жаудың беті ғой. Мен өзіме табиғы Мәмбет пен Қарақұрсақ ауылдарын бастап, атамыздың басы қалған Барлықтың бауырына келіп қонсам деймін. Барлық тауын басыма жастап, аяғымды Алакөлге созып жатып алсам, менің үстімнен ешкім аттап өте қоймас! — деген лекіте күліп.

— Бәрекелді! Жоңғар қақпасының кілтін басқа ешкімге бермей, өзін ұстайын деген екенсің, Дарабоз. Мұның тіпті құдайға жөн! — деп Абылай да разы боп қалды.

Дәл осы тұста қашанда бірдемеге көңілі толмай өкпелеп жүретін Жұмық батыры Дәулетбай ғана қарсы сұрақ қойды:

— Пәлі, сардар аға! Алыс-жуықтың бәріне қасыңыздан орын беріп жатқанда, Бәйжігіттің қалған балалары Жұмық пен Тоғасты мүлде атамадыңыз ғой? — деді кәдімгідей реніш білдіріп.

— Иә. Соны айтам-ау! Ағамыз қоныс болу кезінде бізді тіпті ұмытып кетті-ау деймін?! — деп қалды Тоғас Қосай батыр да қосанжарлап.

— Соңғы түйенің жүгі ауыр. Тоғас пен Жұмықты әдейі кейінге қалдырып отырмын, — деді Қабанбай күле тіл қатып: — Биыл, құда қаласа, Барқытбелдің теріскей беті де жаудан тазармай ма? Бәйжігітке сол жақтан тиген үлесті түгелімен сендер аласыңдар!

Қабанбай сөзін аяқтағанда, жиналған көпшілік тағы да дуылдасып кетті.

— Төрелігінде қапы жоқ. Ата жолы, түтін саны түгел ескерілген.

— Ойбай-ау, жау басып қалған осы жерлердің қарасын көрмегенде де шыдадық емес пе?!

— Жана жұртқа бір қонып алайықшы. Танғы нәсіп — тәңірден. Арғы жатын тағы көріп алармыз, — десіп жатыр...

Осының ертеңінде қалың қол дүрк көтеріле атқа қонып, Ақшәуліге қарай

бет алды. Екі қол қосылғанда аламан әскердің өзі қазір бір түменнен асады. Айдаған мал, шұбырған көш-керуені одан да көп. Бұлар араға бір қонып, Ұрыжар аңғарына жеткенде, теріскей бетте жорықта жүрген Бөгенбай мен көкжал Барақтан жаушылар келіп қалды:

— Ертістің сол қапталы мен Қалбаның қалың бұйратын кесіп өтіп, Қарғыба-Базарға қарай өрлеп келеміз. Бірақ торғауыттар одан ары бастырап емес. Бұл жақта от қару көп екен... ілгері жылжытпай діңкемізді құртып тұрған — сол «белі бүкір» пәле. Лаж болса, қосымша әскер жіберіңіздер! — депті ондағы қолбасылар.

Бұған дейінгі жорықтарда үнемі айы оңынан туып, беті қайтпай келе жатқан Абылай мына жайсыз хабарды естігенде, қанын ішіне тартып, сұрланып кетті.

— Қап! Ойраттың Ордасын ойрандап келе жатқанда, тосқауылды торғауыттан көретін болдық-ау! Оларға от қару ұстатып, қолтығына дым бүркіп отырған — орыстар ғой, дәу де болса?! Ал, Дарабоз, сіз бен бізге биыл тыным жоқ екен. Ақшәуліде бірер апта ат шалдырып аламыз да, терістікке аттанамыз! — деді қасындағы Қабанбайға ширыға тіл қатып.

XVI

Ақшәуліге келген соң жағдай тағы өзгерді. Ақырғы айқастың басы-қасында жүруге қатты құлшынған Абылай бұл жорыққа қатыса алмайтын болды. Арттағы хан Ордасына Орынбордан да, ойрат жағынан да елшілер келіп жатқаны туралы хабар жетіп, Қарқаралыға асығыс аттанып кетті. Таяуда ойрат Ордасына елшілікке жібермек болып, Малайсарыны да өзімен бірге ала кеткен. Сонымен алдағы аттаныстың бар ауыртпалығы тағы да Қабанбайдың мойнына түсті.

Әскерді сұрыптап қайта құруға тура келген. Алакөл- Барлық бағытында шайқасқан қол мен Жоңғария жорығына қатысқандарды біріктіргенде әлі де бір түмендей әскер бар еді. Бірақ Құбанбай осылардың ішінен жаралыларды, аты арып, тоны тозғандарды және әр ауылдағы биылғы көші-қонға қажет болатын адамдарды шығарып тастады да, өз қоластына жеті мыңдай ғана найза алып қалды. Сөйтіп әскердің бас-аяғын жинап, бірер жұма ат тынықтырып алды да, қыркүйектің алғашқы жұлдыздарының бірінде Ақшәулінің кезеңінен Өкпетіге қарай тіке асып түсті.

Алдарынан қарсы жолыққан жаушылардың хабарынан мұндағы қазақ қосыны қазір үш бағытта соғысып жүргені мәлім болды. Бөгенбай бастатан бес мың қол қазір дәл ортада, Қартыбаның Зайсанға құяр сағасында табан тіреп тұрса керек. Ал көкжал Барақ бастаған сол қанат әскер Қалбаның қалың бұйратын жаудан арылтып, Ертісті өрлей жылжығанда, Керей Жәнібек батырдың оң қанат жасағы Барқытбелдің теріскейіндегі торғауыттардың күшті қарсылығына ұшырап, аса көп ілгерілей алмаған. Қолбасылар ішінен Қабанбайдың алғаш жолықтырған адамы да осы

Жәнібек болды. Оның үш мыңдай қолмен Баспан-Базар шатқалындағы қалмақтармен тіресіп тұрғанына он күннен асып кетіпті.

Қабанбай бастабында мұндағы қазақ қолының бір тудың астында тізе қосып ұжымдаса қимылдамай, күштерін бөлшектеп алғанына іштей ренжіп еді. Бірақ кейін жағдайға қаныға келе қолбасылардың бұлай етпеске амалы қалмағанына көзі жетті. Ең бастысы, мұндағы ойраттардың саны бұлар ойлағаннан әлдеқайда көп болып шыққан. Мұндағы Қарғыба- Базар, Шорға, Боғас, Манырақ өңірі сыңсып отырған торғауыттар. Ал торғауыт дегенің — төрт ойраттың ішіндегі алған бетінен қайтпайтын ең бір жауынгер тайпасы. Бұлар және Жоңғариядағы ішкі бүлікке де, Жетісу, Сыр бойындағы қан төгіс соғыстарға да көп қатыспай, тың жатқан ұлыс. Қару-жарағы сайлы, ат-көлігі күйлі... Одан ары барсаң, Алтай мен Сауырды түгелімен ұранхайлар алып жатыр.

Бұл өлкеде ойрат ұлыстарының тым тығыз қоныстануының да өзіндік себебі бар. Бір кезде, Жоңғар хандығының түтіні түзу ұшып тұрған заманда, оның иеліктері сонау Енесай, Байкөл, Обқа дейін жеткен ғой. Өткен ғасырдың аяғында орыстар Сібір жерінен ойраттарды бірте-бірте ығыстырып, көшпенділердің тынысы тарыла бастаған. Евенектер мен торғауыттардың бір бөлігі буряттарға қосылып, Ресей боданына айналды да, оған көнгісі келмегендері орыс бекіністерінен үркіп, түстікке, Ертістің сол қапталына өтіп кетті. Олардың ойрат Ордасына таяу отыруды қалаған ірі алпауыттары Енесайдан көшірген қырғыздармен бірге Алатауға дейін ішкерілеп барды да, ал көпшілігі Алтай, Тарбағатай өңірінде мекендеп қалып қойды. Өздері ежелден аңшылықты кәсіп еткен, атқан оғы жерге түспейтін жауынгер, мерген халық еді. Орыс бекіністерімен алыс-беріс, сауда жасап, іргелес отырғандықтан, бұларда пілтемен атылатын от қару да жеткілікті көрінеді...

Арттарынан Қабанбай бастаған қалың қол келіп ошарылғанда, Жәнібектің төбесі көкке жеткендей қатты қуанды. Қасына Жәдік Жантай мен Шеруші Байтайлақ батырларды ертіп, түстік жерден алдынан шықты. Небәрі екі айға созылған жорықтың бұларға оңайға түспегенін Жәнібектің сырт келбетінен де аңғаруға болатындай. Сақал-мұрты ұйпаланып, жағы суалып жүдеп кетіпті. Күнге күйіп тотыққан жүзінде, қанталап қызарып кеткен көзінде ұйқы-күлкі көрмеген мазасыз күндердің ізі жатыр. Әншейінде оттан-судан қайтпайтын өр мінезді батырдың қыры сынып, жүні жығылып-ақ қалған екен. Соғыста қатты қайрат көрсетіп, жеке ерлік жасау бар да, өз алдына қол бастап, ұрысты ұйымдастыру бар ғой. Мұндай үлкен майданға бірінші рет тап болған батырдың ес жия алмай, сасып жүргені байқалады.

— Ой, сардар аға, Сіздің келгеніңіз мұндай жақсы болар ма?! — дей береді әлсін-әлі. — Бұрын кім білген, тұқымың құрғыр ойраттың бәрі терістікте жүр екен ғой. Тек осы беттегі торғауыт пен ұранхайдың өзі үш түмен әскерді еркін шығарып тұр. Біздің үш топқа бөлініп, екі

қанатымызды созбасқа амалымыз қалмады. Бір қанатты бос қалдырсаң болғаны, ту сыртымыздан орап, қолма-қол қоршап алатын түрі бар.

— Мылтық көп пе өздерінде?

— Бәрінде емес, әрине. Бірақ әр мың адамнан от қару ұстаған жүз мерген шытары анық. Жарты шақырым жерден топтасып тұрып атқанда, жай оғындай жалын бүркіп, ортамызды ойып түсіреді. Амал не, қой боғындай қорғасын талай боздақты қыршынынан қиып кетті.

— Ал бұл арада неге бөгеліп тұрсыңдар? Шабуылға шыққан кісі осылай отыра ма екен?

— Мына Баспан шатқалында бірнеше мың қалмақ бекініп жатыр. Соларды ешқайда шығармай қамап отырмыз. Түтіні — аузында, түлкісі — түбінде...

— Қалмақты сен қамап отырсың ба, әлде шығысқа бір адым бастырмай, сенің жолыңды олар бөгеп тұр ма? — деді Қабанбай езу тартып.

— Қалай десем екен. Соның екеуі де бар, сардар аға! — деді Жәнібек ағынан жарылып. — Қалмақпен қоян-қолтық ұстасып қалдық та, ақыры бір-бірімізден ажыраса алмай сіресіп тұрмыз. Шабуылмен алайық десек, биік тұрғылардың бәрі солардың қолында. Асуда тұрған мергендер мылтықтан оқ жаудырып, қия бастырмайды... Ал бұларды қалдырып кетуге желкемізден түре соға ма деп тағы қорқамыз.

Қабанбай Жәнібектің жауға қарсы ешбір айла-тәсіл ойластырмай, текке уақыт өткізіп алғанын іштей құптаған жоқ. Бірақ ойын ашық айтпай, сөз аяғын әзілге бұрды:

— Әкең жаман еді... Соған тартып кеткенсің ғой! — деді бар кінәны әлдеқашан сүйегі құрап қалған жездесі Бердәулетке аударып. — Әйтпесе, түнделетіп барып, төбесінен тас домалатсаңдар да, бір амалын таппадыңдар ма?!

— Қайтеміз енді... Әкеміз жай кісі болғанмен, нағашымыз мықты еді. Сонда да қолымыздан ештеңе келмеді,— деп Жәнібек кәдімгідей қызарақтап қалды. — Бір жағы, өздеріңізді күттік.

Інісіндей болып қолында өскен Жәнібекті Қабанбай аяп кетті. Он алты жастағы Ерасыл баяғыда Өлжежырғалды құм қаптырған соң, Керей ішіндегі апа-жездесін қара тартып, Нор Зайсанға барғанда, осы Жәнібек аяғын апыл-тапыл басып жүрген бір жастағы бала еді. Өтіп бара жатқан заман деген сол, әнеки... Қабанбайдың әпкесі Меруерт ұзын бойлы, кесек бітімді, адуынды кісі болатын. Жәнібек сол анасына тартқан... Содан бірер жыл бұрын Меруерт осы баласына жас босанып отырғанда, Бердәулеттің үйіне бір сапардан қайтып келе жатқан Шақшақ Жәнібек батыр түсіп, ата-

анасының тілегі бойынша нәрестеге ат қойған екен: «Бесігін көтергенде көңілім толды. Өз атымды қояйын: аты Жәнібек болсын! Біреулерге атын атап боқтатпа, ат жалын тартып мінгенде, бетінен қағып тоқтатпа!» деп бата беріпті... Ол кезде шаранасы кеппеген сәбиді батыр болар деп кім ойлаған. Бердәулет байғұс бірталай жыл бала көрмей жүріп, бір ұлға қолы жеткенде жарты дәулетін шашып, ұлан-асыр той жасаған көрінеді. Марқұмның жаны осы баласының үстінде-тұғын. Қайта, оған қарағанда, Меруерт әпкесі балаға зейіл, қатал кісі еді.

Ал Қабанбай кішкентай жиені Жәнібекті мойнына көтеріп жүріп өсірген-ді. Бала да бұған әбден үйірлесіп, бауыр басып алған. Кейін бұл жездесінің ауылында бес-алты жыл тұрып, өз еліне қайтқанда, осы Жәнібек қыр соңынан қалмай, шырылдап жылағаны әлі есінде... Бірақ бұл айрылысу ұзаққа созылған жоқ. Әкесі Бердәулет қайтыс болған соң, он жетіге жаңа толған Жәнібек біраз жыл Қабанбайдың тәрбиесінде болды. Жаугершілікте нағашы атасының қасында жүріп, әскери өнерге жетілді. Тек бертінде, жасы жиырма беске толып, ел көзіне түскен соң ғана, өз еліне қайтып барған... Қазір ер Жәнібек аталады. Бір ұлыстың бас батыры, әрі сөз ұстар көсемі. Әйтсе де, кейінгі кезге дейін, тақа бір амалсыз жағдайда болмаса, Жәнібек көп жорықтарда Қабанбайдан іргесін бөлмей, қанаттас, қатар жүруші еді...

Қабанбай сол бір алыс жылдарды көз алдынан өткеріп, қиын-қыстау күндерде өзіне сүйеніш, пана болған апа-жездесін көңілі босай еске алып, бір сәт үнсіз отырды да, тез серпіліп, Жәнібектің жүзіне күле қарады.

— Ал, Бердәулеттің жалғызы, қалмаққа қарсы енді не істейтін ойың бар?

— Бердәулеттің жалғызы енді ештеңе де ойламайды, — деді Жәнібек баяғы бала күнгі еркелігіне басып. — Оның қасында қазір қазақ әскерінің бас сардары отыр... Сол не бұйырса, соны орындайды.

— Жарайды ендеше. Амалын тапсаң алынбайтын қамал жоқ. У бар екен, оның заһарын қайтаратын усойқы да болуға тиіс! — деді Қабанбай. — Алдымен жер жадысымен танысайық... Айтпақшы, бұл қалмақтарды азық-түлікпен кім қамдап тұр.

— Ойбай-ау, бұл таудың сай-саласы сыңсыған қалмақ емес пе? Қызылтас пен Үштөбені, Базар өзенінің басын жайлаған торғауыттар етекке әлі түскен жоқ. Былайша айтқанда, булар сол арт жақтағы елін қорғап тұр деуге де болады.

— Олай болса, қалмақ қолының артқы елмен байланысын кесу керек қой! — деді сардар. — Қалмақ өткен жерден қазақ та өтетін шығар... Біз оларды қақпанға түскен көкжалдай, әлі-ақ ұрып аламыз!

Қабанбай сол күні күнгеіден келген қолды жаудың көзіне түсірмей түнделетіп әкеліп, бөктердегі мол сулы ұры сайлардың біріне жасырды да,

өзі ертеңінде қасына мыңбасы батырларды ертіп, жер шолуға шықты. Ал Жәнібектің қолын күндегі орнынан қозғамай, әдейі көрінеуге қойды. Барлаушылардың айтуынша, мұндағы қарулы қалмақ көп емес, ұзаса екі-үш мыңның айналасы. Бірақ тауға апаратын көш жолдары мен ұрымтал асуларға күні бұрын бекініп алған. Жаудың ордалы жыландай ұя салған бір мекені — Базар өзенінің оң жақ қапталындағы Баспан үңгірі. Соның шығар аузына от қарулы мергендерін қойып, ылдидан шабуылдаған қазақ әскерін жақын жолатпай тұрған көрінеді. Ал жауды ту сыртынан айналып қоршап алуға Жәнібектің жасағы аздық еткен.

— Иә, жауды жай түсірер жарағынан бұрын Барқытбелдің биіктері мен шыңырау шатқалдары қорғап тұрған болды ғой, — деді Қабанбай сол төңіректі аралап шыққан соң. — «Әлі жеткен алып та, шалып та жығады» дейді ғой. Біз енді олардың ту сыртынан шығып, көк желкеден соғамыз!

Соны айтып, қыр астында жатқан әскер қосынына келді де, Баймұрат пен Дәулетбайдың екі мың жігітін қараңғы түсе Базар өзенінің сол жақ қапталындағы сезік тудырмас алыс сайлардың бірімен арты жонға қарай аттандырып жіберді. Қайтарда қия жартастан өрмелеп төмен түсуге қажет болар деп, ондаған арқан жинап берді. Жортуылшы жасақ түнімен жүріп отырып, таң ата қалайда Баспан шатқалының қыр желкесіне жетуге тиіс еді. Бұл мезетте ойдағы әскер де көрінеуге шығып, шабуылға дайын тұрмақ. Қорғаныстағы жаудың есіл-дерті ылдидағы әскерге ауғанда, биікте тұрғандар күтпеген жерден атой салып, ту сырттарынан дүрсе қоя беретін болады.

Ертеңінде күн көтеріле бере етекте қалған әскер де түзем құрып, біркелкі аяңмен асуға таман жақындап келе жатты. Онан-мұнан құрағанда қазақ жасағында да елу-алпыстай шиті мылтықтар бар екен. Оларға бәлендей сенім артпаса да, тым құрыса тарс еткен дауыс шығарсын деп, мылтық асынғандарды әдейі алдыңғы қатарға орналастырды.

Қыркүйек айы туғалы таулы өңірде күз ызғары білініп, салқын түсе бастаған. Бүгін тіпті көк жүзін бұлт торлап, жаңбыр жауатын сыңай танытып тұр. Манадан күн райын батып келе жатқан Жәнібек:

— Апыр-ай, күн қатты жауып кетсе жер езіліп, таудағы жігіттерге бөгет болар ма екен?! — деп аландаушылық білдірді.

— Жаңбыр жауса құдайдың бергені... Мен қайта жалпағынан болсын деп тілеп келе жатырмын, — деді Қабанбай.

— Қалайша? Қарудан қайтпаған қалмақты жаңбырмен жасқамақсыз ба?

— Баламысың деген... Жанбырлы күні білтелі мылтықтың істен шытатынын білмеуші ме едің? Білтесі дым тартқан соң, мылтық та — бір, көсеуде де — бір.

— Апыр-ай, ә?.. Мынау бір есте болатын нәрсе екен! Бұдан кейін кілең жауынды күні жауға шап демейсіз бе, одан да! — деп Жәнібек масайрап қалды.

— Жауын-шашында ғана емес, таңертең шық түскен кезде, жалпы бұлтты күндері дым тартқан мылтық білтесі от алып жарытпайды.

— Бітті ендеше!.. Өнегүннен бері «белі бүкір» бәледен текке қорқып жүріппіз ғой! — деді Жәдік Жантай батыр.

Қалың қол шатқалдың аузына тақап келіп, түзем құрып тұрғанын ада биенің бір сауымындай уақыт өткен. Әскердің алдыңғы сапында, Қабанбайға таяу орналасқан Еспембет пен батыр Баянның, Оразымбет пен Жәнібектің екі көздері — тау жақта. Бүгін қазақ жасағының қарасы молайып қалғанын аңғарған болар, бөктердегі қалмақ қолының да дүрлігісіп қалғаны байқалды. Мергендерін топ-топқа бөліп, қарбаласып жүр... Дәл осы кезде арғы асулардың бірінен, әлдекім сақар қайнату үшін алабота өртеп жатқандай, бірнеше жерден будақтаған түтін көтерілді. Бұл «межелі жерге жеттік, шабуылға әзірміз» деп Баймұрат пен Дәулетбай берген белгі еді.

Бұл мезетте қыбыладан соққан жел үдей түсіп, себелеп жаңбыр жауа бастаған. Жау бекінген жерлер белгілі. Мыңбасылар нысаналы биіктерді алдын ала бөлісіп алған-ды.

— Ал жолдарың болсын! Білтелі мылтықтан қалмаққа енді қайыр жоқ. Тек бір жерге топырламай, жазыла шабыңдар! — деді қолбасы қасында тұрған батырларға.

Осы сөздің ауыздан шығуы мұң екен, мыңдаған қол жер құйқасын дүңкіте, өрге қарай аттың басын қоя берді. Ұрандаған айғай-сүреңнен құлақ тұнады. Аспан астында:

— Я, аруақ!

— Ақжол-Қаптатай!

— Абылай-Абылай!

— Қабанбай-Қабанбай!

— Ұрып таста!

— Қан құстыр атаңа нәлеттерге! — деген сөздер ғана жаңғырып тұрғандай.

Қабанбай ту ұстаған топпен бірге бір биікке көтеріліп, ұрыс алаңына алыстан көз салып тұрған-ды. Сәлден соң сүрең салған тағы бір құдіретті үн тау жақтан да естілгендей болды. Әрі-беріден соң екі жасақтың шатқал

ауында түйіскені аңғарылды... Қолбасының зейін сала күткені мылтық даусы еді. Әр тұстан көксау қойдай күркілдеген бірнеше мылтық атылды да, біраздан соң оның да үні өшті. Іләйім, соның үні өшсе екен! Орып түсер от қарудан құтылып, қылыш пен найзаға, садаққа бір кезек тисе, қазақ әскері ешкімге есесін жібермейді.

Бұл жолы қазақ қолы қалмақты сан жағынан бірнеше есе орап кететін. Көп көптігін істемей қоя ма. Ұлы сәскеде басталған шайқас шалқар түске жетпей тыным тапты, сай-сайды паналаған жеке топтары болмаса, торғауыттың тірі құтылғаны аз. Үш жүздейі ақ жалау көтеріп қолға түсті де, қалғандары түгелге жуық харап болды.

Ұрыс аяқталған соң Қабанбай шайқас өткен жерлерді әдейі барып аралады. Шынында да, Барқытбелдің мына тұсы жауды ту сыртынан барып қоршамаса, төменгі жақтан төте барғанға алдыратын жер емес екен. Тау шатқалына кіретін санаулы соқпақтар болмаса, басқа маңайдың бәрі — құз-қия, жалама жартас. Әсіресе, «Баспан үңгірі» дегені бір ғажайып жер екен. Ежелден ұры-қары мекендейтін белгілі орын болса керек. Жаугершілікте төртауыттарға да таптырмас камал болыпты. Түйелі көш өтіп кеткендей тас үңгірі біраз жерге созылады да, арты жақ аузы ашық алаңға ұласады. Аланның аумағы бір ауыл қоралы қойымен еркін сиып кетердей... Жаңағы үңгір аузынан басқа сырттан келетін жол жоқ. Торғауыттың әскер басы батырлары тас қақпаның аузына күшті күзет қойып, өздері жаңағы алаңда үй тігіп, қаннен-қаперсіз жатқан көрінеді. Қазақтың құздағы бүркіт ұясына талай шығып жүрген жанкешті жігіттері белдеріне арқан байлап, төбелерінен топ ете түскенде, құдай ұрғанын бір-ақ біліпті. Көпшілігі қолма-қол ұрыста қаза болып, бірнешеуі қолға түскен.

Сонымен, Баспан-Базардағы шайқас қазақ әскерінің үлкен жеңісімен аяқталды. Әрине, соғыс құрбандықсыз болған ба. Осында екі-үш күн аял жасап, ата жұрты үшін шайқаста шейіт кеткен алпыстай азаматты ақ арулап жерледі.

Өз әскерлерінің қаралы хабарын ести салысымен, жайлауда отырған қалың торғауыт та шығысқа қарай үрке көшкен-ді. Біреулері Қартыба, Хабарасу арқылы Маңыраққа қарай асып түссе, енді бір бөлігі Өкпеті, Қызылтасты басып, Тазтаута қарай тура тартыпты. Бірақ арттарынан өкшелей жеткен қазақ жасағы торғауыт көшін жартылай басып қалды. Қыруар малын, адамдарын олжаға түсірді. Ал ертерек қимылдап, аман құтылғандарына да кері қайтар жол жоқ-тұғын. Қуғыншы жүздіктер оларды Тазтаудан ары асырып, Жоңғар шебіне өткізіп салып қайтты...

Арада бірнеше күн өткенде қалың қол Барқытбелді бауырлай отырып, Қарғыба өзенінің аңғарына келіп жетті. Бөгенбай бастаған қазақ әскерінің ту тіккен жері будан сәл төменірек, Қарғыбаның көлге құяр сағасында екен. Қабанбай өзіне қарасты негізгі қолды оты, суы мол тау бөктерінде қалдырды да, өзі бір топ адаммен жасы үлкен аға батырға келіп сәлем берді.

Бұл күнде алпыстың ішін мол аралап кеткен қарт батыр соңғы күндері белінен шойырылып, атқа міне алмай жатыр екен. Бірақ сүйінші сұраған жаушыдан Баспандағы жеңіс хабарын естігенде қуанышы қойнына симай, қатты масаттаныпты. Ал Қабанбай келді дегенде шатырда шыдап отыра алмай, сардардың атын өзі келіп ұстады. Белінің ауырғанына қарамай, көп жылғы қанды көйлек досын айқара құшағына алды.

— Жеттің бе, Дарабозым?! Жан қысылғанда жанымнан табылатын жампозым! — деп үш мәрте төс түйістірді. — Естіп жатырмын. Алғашқы айқаста-ақ торғауыттың тосқауылын бұзып өтіпсің. Жеңіс қуанышы ұзағынан болғай!

— Өз жағдайың қалай, Бөке? Дүрбітті дүрліктіріп, төртауытты торғайдай тоздырып, қуып келесің бе, әйтеуір? — деген Қабанбай да жарқын үн қатып.

— Шүкір... тым төтеден шауып төске озбасақта, Алланың берген қуатында абыройсыз емеспіз! — деді Бөгенбай. Сірә, дәл осы сәтте сегізкөзі қатты шаншып ауырып кеткен болар, қабағын шытына теңселіп барып, қасында тұрған тарақты Байғозы батырдың білегіне сүйеніп қалды.

— Апырай, Бөке-ай, сіз кәдімгідей наукасыз ғой?! — деді Қабанбай да батырдың екінші жағынан сүйемелдеп. — Сізге жылы оранып, қозғалмай жату керек қой.

Бөгенбай шатырға кіріп, төрт қабаттап салған текемет пен көрпенің үстіне жайғасқан соң да, кірігі тарқамай, түйіліп біраз отырды. Тек әлден уақытта ғана сөйлеуге шамасы келген.

— Қалмақты қойшы, ол құрғыр үйреніскен жау ғой. Маған бәрінен де мына белдің ауыруы батыңқырап тұр, — деді сол кіржиген қалпында. — Бұдан екі жыл бұрын бір ұстап, тез жазылып кетіп еді. Биыл осы жорықты күтіп тұрғандай, тағы да сайтандай сап ете қалғаны...

— Жастықта қар жастанып, мұз төсенген кезіміз аз болды ма, сіз екеуіміздің? Соның зардабы ғой, жас ұлғайғанда білініп жатқан, — деді Қабанбай, өзінің де оқта-текте белінің сырқырайтыны есіне түсіп.

Бөгенбай шағынғандай белінен ұстаған құяңның жайын әңгімелеп біраз отырды да, жорық тақырыбына сонан кейін ғана ойысты.

— Естіп жатқан шығарсың, бұл торғауытың — хойт пен дүрбіттей емес, томырықтау жұрт екен, — деді езу тартып. — Бұрын «орысты мылтық беріп шетке қой» деуші еді қазақ. Мыналарға да солардан бірдеңе жұққан ба, шетінен «кұлдыр мамай» ұстаған мерген болып шықты. От қаруды булар орыстан да, Еділ бойындағы торғауыттан да ала беретін көрінеді... Жазайыл⁹ мен мылтық қазақ үшін сыралғы болмаған, үрейлі неме ғой. Енді қартайғанда Бөгенбай қол астындағы әскерін қырып алыпты дегізбейін деп,

басында қорқа соққаным рас. Келе-келе оның да сырын ала бастадық. Торғауыт қанша тулағанымен, түбі қалмақ қой, қайда барар дейсің?! Ақыры айналып келіп, қолға тұратын шығар, — деп батыр шаншудан қорғанғандай оң қолымен бүйірін басып, кіржие күлді.

— Шолғыншылар не айтады? Бұдан былайғы торғауыттың топталып қалың отырған жерлерін анықтай алдыңыз ба? — деді Қабанбай әңгімені басқа арнаға бұрып.

— Барқытбелдің бұл беті — сонау Алтай, Сауырға дейін ойраттар көптен орын теуіп қалған жерлер ғой. Жаудың әсіресе жиі отырған қоныстары — Қарғыба-Базар мен Ойшілік, Боғас, одан ары Шорға мен Маңырақ... Ал қалмақтар ерте қордаланған қара Ертіс пен Нор Зайсан, Марқакөл мен Нарын төңірегінің әлі мұрты да бүлінген жоқ. Осылардың қайсысына барсаң да, бізге оңайшылықпен орын босатайын деп тұрған ойрат жоқ. Барлық жерде қасарысқан қарсылыққа жолығасың... Анадан бері Қалба жақтан ығысқан қалмақ атаулы осыдан күншілік жердегі Ойшілік пен Боғас бойында қол құрап жатыр деп естідім. Алдағы бір ауыр шайқас, сөз жоқ, сол маңайда болмақ, — деп Бөгенбай аз-кем бөгелді де, манадан көмейінде іркіп отырған негізгі ойына көшті. — Мен де бұдан кейінгі жорықтың жайы не болады деп қатты қиналып отыр едім, дер кезінде жақсы келдің, Дарабоз! Мамырдағы кеңесте ханың бастап, қарашын қостап, мені бас қолбасы етіп сайладыңдар. Алда разы болсын! Құрметтеріңе көп-көп рақмет! Ел үмітін ақтап, осы жорықты аяқтап-ақ шығатын жөнім бар еді. Оған, міне, көріп отырсың, белінен мертіккен Ер Тарғындай, қиралаңдап қалған түрім мынау... Амал жоқ, аттаныстың ендігі тізгінін өзің ұстайсың, Дарабоз. Акшәуліде ту тігіп, құба қалмақты Қалбадан — Қарғыбаға дейін түріп бердім ғой, осыған разы болыңдар! Мына науқастың беті жаман. Егер, рұқсат етсеңдер, мен мүлде жатып қалмай тұрғанда, елге жетіп алайын, — деді Қабанбайға шын қолқа салып.

Қабанбай қарт батырдың жағдайын көре тұра, оны бұдан ары ұрыс майданында қал деп айтуға дәті шыдамады. Күн болса мынау — суытып келе жатқан. Қалың қол қаңтарылып ол тұр, сондықтан сөз бұйдаға салмай бірден келісті.

— Жарайды, айтқаныңыз болсын, Бөке. Сізді мына қалпыңызда жорық шатырында ұстау обал болар. Елге барып емделіңіз... Ал мен сіз бастаған жорықты жол ортада қалдырмауға тырысармын! — деді шын ықыласымен.

— Бәрекелді! Осылай дерінді біліп ем, Дарабоз! Бөгенбайды берген қазаққа Қабанбайды қоса бере салған бұл құдайдан айналып кетпейсің бе?! — деп Бөгенбай да разы боп қалды.

Осыдан кейін көп бөгелмей, қасына жеткілікті жолсерік ерткен Бөгенбай батыр өзіне тиесілі сый-сыяпат, олжасын алып, Ерейментауға жүріп кетті. Алтай-Сауыр бағытындағы аттаныстың ендігі тауқыметі тағы да Қабанбайдың мойнына түсті.

Жаңа қолбасы Барқытбел мен Алтай аралығында жайылып жатқан қазақ әскерін енді бытыратпай, бір тудың астында ұстауға бел байлаған. Өйткені бұдан былайғы жерде ұзын-ырғасы жүз елу шақырымға созылатын Зайсан көлі бұл өлкені екіге бөліп тұр. Ертіс өзені ұлы көлге Қара Ертіс боп құяды да, Ақ Ертіс боп ағып шығады. Егер көкжал Барақ бұрынғыдай Алтай бағытымен тарта берсе, қашан көлді айналып өткенше екі әскердің арасы үзіліп қалары сөзсіз. Сондықтан ол Күршім маңында жүрген көкжал Барақты қарауындағы үш мың жасағымен бірге Қарғыба бойына шақыртып алды.

Оның қарауындағылар негізінен Найманның Ергенекті тармағына жататын Саржомарт, Бура, Көкжарлы, Терістаңбалы жігіттері болатын. Көкжал Барақ қасындағы Бура Ақпантай, Саржомарт Танаш, Ақнайман Жаман батырлармен бірлікте Ертістің сол жақ қапталымен жылжып отырып, өткен екі айда әлденеше сәтті ұрыстар жүргізіпті. Ұрыс алдындағы жекпе-жекте Барақ Күршім ноянды, Жаман батыр Доланқараны құм қаптырыпты. Ең бастысы, бұлар торғауыттарды Қалбада байыз таптырмай түре қуып, бұрын жылтындап бара беретін Жетісарай мен Өскемен бекіністерінен бөліп тастаған. Ойрат нояндарының Жетісарайдан оқ-дәрі, мылтық, бұл-шай артып келе жатқан сауда керуенін қолға түсірген... Әрине, шейіт кеткендер де жоқ емес. Алғашқы арында ет қызумен от қаруға қарсы шабамыз деп ондаған жігіт оққа ұшыпты. Әйтсе де, көкжал Барақтың бұл сапардағы адуынды, кесек қимылына қолбасы дән риза болды.

— Сен Ертіс бойын онды-солды тәуір-ақ шарлған адамсың ғой, мына көк көз көршілердің бізге деген пиғылы қалай? — деді Қабанбай екеуі оңаша қалған бір сәтте, терістік жақты иегімен нұсқап.

— Кімді айтасыз? — аңғал батыр сөз астарын бірден түсіне алмай қалды.

— Орыс қамалдарын айтам да... Өскемен жақтың аужайын түйдің бе? Түтіні қалай ұшып тұр?

— Орыстар әзірше Ертістің бергі бетіне өткен жоқ. Дәл іргесінде жүріп жатқан соғысқа тікелей араласпағанымен, қамал төңірегіне жезайылдарын құрып қойып, екі шоқып, бір қарап отыр, — деді Барақ әңгімесін жалғастырып. — Бірақ солардың бізден гөрі ойраттарға бүйрегі бұра ма деймін...

— Оны неден аңғардың?

— Орыстардың қазаққа сипатпайтын от қаруды ойраттан аямай отырғанын өзіңіз білесіз. Осы жағдайдың өзі-ақ көңілге еріксіз күдік тудырады... Жақында мынадай оқиға болды. Біздің Танаштың жігіттері ойда-жоқта төртауыт жүздігімен ұшырасып қалып, тықсыра қуған екен. Қалмақтар сасқанынан Өскемен қамалына барып тығылыпты. Ал күзетте

тұрған орыс әскерлері не істеген дейсіз ғой? Ойраттарды ішке тоқтаусыз өткізіп жіберіп, біздің жігіттерді оқпен қарсы алған... Соған қарағанда, ойратқа от қару ұстатып, қазаққа айдап салып отырған осылар емес пе деген ой келеді.

— Орыстардың оғынан өлген кісі болды ма? — деді Қабанбай елең етіп.

— Үш жігіт оққа ұшты, екеуі жаралы...

— Бұдан өткен қандай қақтығыс болуы мүмкін? Ойраттарды ашықтан-ашық жақтау деген осы емес пе?! — деді

Қабанбай сұрланып. — Сен мұны жақсы айттың. Осы бүгін Абылайға кісі шаптырамыз. Орынборына ма, Омбысына ма, елші жіберіп сөйлессін!

Қолма-қол ұрысқа болмаса, ел арасының жіңішке саясатына көп араласа бермейтін Барақ бірдеңені бүлдіріп алған жоқпын ба дегендей, алып денесін қайда сиғызарын білмей қопандап, ыңғайсызданып қалды. Ал Қабанбай болса, аңғал батырдың мінезін қызықтап, әрі оның сырт тұлғасына сүйсіне қарап отыр еді.

Әсілі, көкжал Барақ Көкжарлының Өтей деген атасынан тарайды. Әкелері Шөрек ертеректе жау қолынан өліп, Барақ, Жаманқұл, Басар атты үш бала жастай жетім қалғанды. Дегенмен, әкесінің інісі Шона батырдың баулуымен жаңағы үш ұлдың үшеуі де жаужүрек батыр болып өсті. Осылардың ішіндегі тұлпар мініп, ту ұстап, кейін бүкіл Ергенектінің қолын бастағаны — көкжал Барақ. Ол бірінші рет жиырмаға толар-толмас жасында, сонау Аңырақай соғысында-ақ көзге түскен. Қабанбайдың әлі көз алдында: Барақ алғаш мұның жасағына келіп қосылғанда, қол-аяғы серейген, бойы ебедейсіз ұзын, сырықтай балаң жігіт болатын. Кейін ғой, оның бақан бойлы, жалпақ жауырынды, атпал азамат болып толысқаны...

Ал оның «көкжал» атануы — өзінің құдай жаратқан бітімінен. Зайыры, арғы аталарынан келе жатқан нысана болса керек, Барақтың желкесінен белдемесіне дейін, қыр арқасына біткен жал бар. Жігіттер жорықта жүргенде талай шешіндіріп көрді ғой: кәдімгідей омыртқаның жігін бойлай, арқаға біткен қалың түкті жал. Кейін жаратылыстың осы бір нышанына батырдың бойына біткен қалың қайраты мен ерлік қасиеті сай келді де, «көкжал Барақ» атанып кетті.

Осы жолы Барақпен бірге Қарғыба бойына қызу әңгіме, көңілді күлкі де ере келгендей болып еді. Ол өзі тумысынан ақ көңіл, салдырлаған қызық адам. Қашанда әйелсіз жүрмейтін әдетімен бұл жолы да кейінгі тоқалдарының бірін жорыққа ала шыққан екен. Онысы, бас қоса қалғанда, Баймұрат, Баян, Оразымбет секілді құрдастардың әзіл-қалжыңына таусылмас азық болды. Барақтың әзірше қазақ-қалмағы аралас төрт әйелінен өрбіген жиырма шақты баласы да тілге тиек болмай қалмайды.

— Әй, көкжал, осы сенің қатынсыз жүре алмайтын жының бар ма? Қашанда құлынды биеше біреуін ертесің де жүресің, — деп алдымен батыр Баян бастайды сөзді. Бірақ оған жаситын Барақ жоқ:

— Керек тастың ауырлығы бола ма? Бірде болмаса бірде қажет боп қалады, — дейді жұртты ду күлдіріп. — Бәлем, көзің қызыққан соң айтып отырсың ғой. Шамаң келсе, күн сайын құрыс-тұрысың жазылып, ұрғашының қасынан өргенге не жетсін?!

— Е, бәсе, бұл Бәкен қатынды түр-түрімен неге жинай береді десем, осындай мәні бар екен ғой! — дейді Баймұрат аңқаусып.

— Е, тәйірі, Барақтың да адам сияқты қалың төлеп, айттырып алған қатыны — Тойбике ғана. Басқаларының бәрі — тегін олжадан түскен жолбикелер! — деп мына жақтан Оразымбет өкірештейді.

Бәрі осылайша тұс-тұстан жабылып жатса да, Барақтың бақайынан келмейді.

— Әй, сендерді кім ұстап тұр? Намыс бар ма өздеріңде? Бір-екі қатынға зорға не болып жүріп, айтып отырған сөздерінің түрін! — дейді қолын үмітсіздене сермеп. — Мәселен, мына мен әр жорықта қалмақтың бір сұлуын құшпасам, айызым қанбайды... Сонан соң, жігіттер, қатынды алған мақтан емес, қасына күн құрғатпай барған — мақтан. Ол байғұстарды қаншырдай қатырып, бауырынан жаратпай, жыл сайын аузы-мұрнынан шығара тойғызып қою керек... Әйел заты өз күйеуіне сонда ғана разы болады. Солай емес пе, сардар аға? — деп, Барақтың кейде қолбасыдан төрелік сұрайтыны бар.

Шатырдағы кешкі ас үстінде, немесе далада лаулап жанған от басында осындай әңгімелер өрбиді. Көңілге қадалар тікені жоқ зілсіз әңгімелер. Күн сайын қырғын соғысты бастан өткеріп, ажалдың қасынан жанап өтіп жүретін, ертеңгі айқастан тірі қалар-қалмасы екіталай, тағдыры қыл үстінде тұрған адамдар бір уақ осылай көңіл көтеріп, уақыт өткізеді.

XVII

Өткен ұрыстарда азды-көпті шығынға ұшыраған мындықтардың қатарын толықтырып, қосынды қайта жасақтағанда Қабанбай қоластында әлі де он бес мыңдай әскер бар еді. Әрине, ат арыған, адамдар қажыған. Аламан әскердің ұзаққа созылған жорықтан титықтап шаршағаны байқалып-ақ тұр. Әйтсе де қазақ сарбазын жан ұшырта алға жетелеген бір күдіретті күш бар. Ол — ата жұртты азат ету арманы. Не де болса осы жорықтың ақырына дейін шыдап, ақтық жеңісті өз көздерімен көргісі келеді.

Сонан соң бұл аттаныстың бұрынғы соғыстардан айырмасы, әйтеуір, нәтижесі көзге бадырайып көрініп тұр. Бір адым ілгері басқан сайын

қазаққа жаңа бір өлке, өріс, қоныс қосылып жатыр. Бұл соғыстағы ең үлкен олжа — жер, өзіңнің ата қонысың. Бір кезде жоңғар түмендері де қазақ даласына басып кіргенде, осы жер үшін барын салған болатын. Бүгін де жердің қымбаттығы сонша, күшпен тартып алмасаң, өздігінен босататын түрі жоқ...

Сондықтан Қабанбай жорыққа шығар алдында бүкіл әскерді сапқа тізіп қойды да, көптің алдында тұрып, мынадай ұран тастады:

— Кімде-кім алдағы соғыста ерен ерлік көрсетсе, қай рудың жігіттері береке-бірлік танытып, аттаныстың ақырына дейін шыдаса, осы өлкедегі ең шұрайлы жер, шүйгін қоныс соларға беріледі!

Қашанда мал баққан қазақтың буынына түсіп кететін, ең зәру нәрсесі — жер. Қалың қол ду көтеріп, бірден қостап кетті. Әр тұстан:

— Бәрекелді!

— Осы сөзің құдайға да, адамға да жөн тіпті!

— Көше-көше көк жұлын боп біттік. Өттең шіркін, мынау менің қонысым деп, көк жайлауда көсіліп жататын күн болар ма екен?!

— Тек, атаңа нәлет, мына бір от бүркетін «белі бүкір» немесі пәле боп тұр. Әйтпесе, ендігі Алтайдан бір-ақ шығатын едік! — дескен дауыстар естіледі.

— Ендеше былай болсын, ағайындар! — деді колбасы жұрт дабыры басыла берген кезде. — «Ел қонбай, ит тынбайды» дейді қазақ. Осы жерді өзіміз азат етпесек, оны бізге ұстата қояйын деп тұрған ойрат жоқ. Атаның аруағына сиынып, тағы бір ышқынып көрейік те... Тіпті жеңіске дейін көп те қалған жоқ. Ойраттарды Барқытбелді бауырлата қуып, Алтайдан ары асырып тастасақ болғаны!

Қабанбай осыдан кейін қасында тұрған Бараққа бұрылып, бірдеңе айтқандай болды. Ол қолындағы көк туын сермеп, түземнің бас жағындағы біреуге белгі берді. Сол-ақ екен, қосының сырт жағынан ерекше қару асынған бір топ салт атты көрінді де, осылай қарай сап түзеп келе жатты.

Оның мәнісі былай еді. Бұлар осыдан бірер күн бұрын Барақтың энегүні ойрат керуенінен тартып алған екі жүздей білтелі мылтығына бұрыннан қолда бар жүзден астам шитілерді қосып, үш жүздей сарбазды қаруландырып қойған-ды. Бұрын қалың қазаққа сыралғы болмаған, атылса аузынан жалын құсып, тарс еткен даусы үрей тудыратын мүлде жат қару. Бұл жақта торғауыттың мерейін үстем етіп тұрған да — осы пәле. Сондықтан Қабанбай, өз басы мылтықты бәлендей әтуер тұтпаса да, көптің көңілін орнықтыру үшін, әдейі дұшпан көзі етіп, арнайы мергендер тобын ұйымдастырған... Міне, қазір Орақбай батырдың басқаруындағы көк темір

кұрсаған үш жүз сарбаз түземдегі әскердің алдынан өтіп келеді.

— Қымбатты бауырларым! — деді Қабанбай санқ етіп, жаңағы мергендер тобы орта тұсқа келіп тоқтаған кезде. — Ұранхай мен ойраттың көңілімізге үрей тудырып, көзге ұрып тұрған бір артықшылығы — осы мылтық емес пе еді?!

Көріп тұрсындар, сол атышулы от қаруға біздің де қолымыз жете бастады. Біздің қазақ: «Белі бүкір, алысқа түкір» деп жұмбақтағаны болмаса, бұрын бұл пәлені қолына ұстап көрмеген. Бірақ «қару алсаң мылтық ал: қарның ашса — тамағың, жаяу жүрсең — таяғың» деп Ақтамберді тегін айтты дейсің бе. Заманымызға қарай шыққан жана қарудың игілігін енді біз де көретін боламыз. Ендігі жерде қаһарлы қаруы бар деп қаймықпаңдар қалмақтан! Оқ-дәрі жағы жеткілікті... мергендеріміз құралайды көзге атады. Бұдан кейін біз де жаудың өз бидайын өзіне қуырып, от қаруды торғауыттың тобына қарай ала өгіздей мәңіретеміз!

Қалың қол дуылдай қостап, жер-көкті таты да басына көтерді.

— Сауап болған екен!

— Көрсін иттер, күлдір-мамайдың қазақтың қолында да бар екенін!

— Өзі қанша тұрады? Үй басы бір-бірден алып қоятын неме екен...

— Осы орыстар да қызық, ойратқа сатқан қаруын бізге неге сатпайды?

— Бұл өзі қой күзеткенге жақсы. Түнде бір-екі рет тарс еткізсең, қораға қасқыр жоламайды, — дескен сөздер де әр тұстан шақпақша шағылады...

Қабанбай, осылайша, жігіттердің жігерін шарыққа ұстағандай қылпыта жанып алды да, сол күні қалың қолды бастап, шығысқа қарай бет түзеді. Салт бойынша, бұл жолы да әскерді әлденеше топқа бөлген. Көкжал Барак бастаған бес мың қол — ортада. Оның қасында Еспембеттің ертауыл жасағы мен манағы мылтық асынған мергендер тобы бар. Жәнібек, Баян, Жантай батырлар бастаған Керей, Уақ жігіттері — сол қанатта. Баймұрат батыр қолбасылық еткен Оразымбет, Дәулетбай, Шынқожа мыңдықтары — оң қанатта. Ал Шағалаққа қарасты барша бақауыл топтары артынып-тартынып, арт жақта бөлек келе жатыр.

Бұлар осы бетінде жақында ғана жайлаудан түсіп, Ойшілік, Боғас, Арғанаты аралығында күзем алып отырған торғауыт күреңдерін келіп шапты. Бұл маңнан әзірше арнайы бас құраған іргелі әскер кезіге қоймады. Ел шетіне ілінгенде «қайт-қайттап» қарсы шапқан бірер мыңдай қарулы қалмақты екпіндеп келе жатқан қалың қол шыбын шаққан құрлы көрген жоқ, шырпыдай жапырып, баса-көктеп өте шықты. Толып жатқан түйесі мен қос-қос жылқысын қолға түсірді. Олжа ретінде бақауыл тобына барып жатқан бала-шаға, қыз-қырқын жағы да аз емес... Алайда Қабанбай жан

сауғалап үрке көшкен былайғы бейбіт елдің жолын тоспады. Табаны тайғақ босқындар барған жерінде үрей тудырып, көңілдерін қобалжыта берсін дейтін ежелгі дағдысы бойынша, бетінен қақпай қоя берді.

Әзірше қарсы шабар қалың әскердің төбесі көрінбейді. Қолға түскен тұтқындардың айтуына қарағанда, қалмақ қолы алдағы Үш Бошан, Шорға бойында, сондағы торғауыт нояны Балдынзаның төңірегіне топталып жатқан көрінеді. Білетіндер рас айтса, бұл Балдынза — бұрын қонтайжы Лама Доржиды қолдап келген, былтырдан бері Дабашы мен Әмірсанаға бағынбай бүлік шығарып, Намеху-Жырғал жағында соғысқан кісі. Өзі патша бекіністеріне де жиі қатынап, қару-жарақ алып, көп жылдар орыспен ойратты жалғастырып тұрған. Демек, қазаққа ежелден қаны қас, бейбіт бітімге көнбейтін қызыл көз, қырсық нояндардың бірі болса керек. Онысы ел шетіне іліне бере-ақ мәлім болды.

Тарбағатайдың осы тұсында Жақсы Арғанаты және Жаман Арғанаты деген екі бөлек тау терістікке қарай қатар салбырап, көлденеңдей созылып жататын. Қазақ әскері соның Жақсысынан өтіп, Жаманына жақындағанда, әр төбенің басынан түтін будақтап, әлдебір атты кісілер көрініс берді де, тағы біраз жүргенде, арғы жағынан шандатқан қалың қолдың да қарасы көрінді. Екі жақ та жүрістерін тежеген жоқ, желе-шоқырақпен суыт жүріп келіп, бір-біріне жарты шақырымдай қалғанда ғана тізгін тартты.

Қабанбай қарсы жақтың әр қимылын бағып алдыңғы қатарда келе жатқан. Алдырған — албырт. Қазір қалмақтан бәрін де күтуге болады. Ашынған жау алды-артына қарамай бірден дүрсе қоя бере ме, жоқ, әлде түзем құра тоқтап, ұрыстың ежелгі үрдісін сақтай ма? Қолбасы осының екеуіне де іштей дайындалып, жол-жөнекей мыңбасы батырларға әмір-пәрменін беріп те қойған. Бірақ ойраттардың мына келісіне қарағанда, бірден шабуылдауға олардың да жүректері дауаламай, әліптің артын бағып қалғаны байқалады... Осыны қапысыз аңғарған көкжал Барак:

— Жекпе-жек болатын түрі бар-ау, сардар аға! Егер бәкін-шүкін жастардың бірі шықпай, тақымға толар тарланы кезіксе, осы жолы мені жіберіңіз! — деді ол астындағы бұқа мойын көк тұлпардың шап айылын қайта тартып тұрып:

— Болсын, Барак батыр! Бірақ сен ойраттарға менің сәлемімді айта бар: егер олар қажетсіз қан төгіске бармай, қазақ жерін ерікті түрде босататын болса, малына да, көшіне де тиіспей, Жоңғар шебіне аман-есен өткізіп тастаймыз! — деді Қабанбай.

— Алдарынан өтермін, бірақ жалынбаспын! — деді Барак бес қаруын сайлап, атына қайта мініп жатып: — Бітімге келмесе тіпті жақсы. Құлашымыз енді жазылып келе жатқанда несіне асығамыз? Қоңыр күздің салқынын төске алып, әлі де біраз ойранды салмаймыз ба?!

Бұл кезде екі жақ та ақырын-ақырын жылжып, оқ жетер, дауыс естілер

жерге дейін жақындай түскен. Жау қарасы онша аз да емес. Ел ішіндегі тосқауыл топтарын қоспағанда, мына келіп тұрғанының өзі жеті-сегіз мыңнан кем болмас... Көп кешікпей екі жақтан да дабыл қағылып, шыңдауыл ұрылды. Бұл — ұрысқа дайынбыз деген белгі. Сол-ақ мұң екен, қарсы жақтан ер-тұрманы сәнді, қара жал, қара құйрық құлаға мінген біреу ортаға шоқырақтатып шыға берді. Сол қолында — қалқан, оң қолында — найза. Өзі сауыт-сайманы күнге шағылған, шомбал денелі, егде қалмақ екен. Өріп қойған добалдай айдары алтынды дулығаның желкесінен салбырап шығып тұр.

— Құдай берді... Мынау — нағыз маған лайықтап соққан шойқараның өзі екен! — деді Барақ екі көзі оттай жайнап. — Сән-салтанаты жұрттан бөлек, осы неме әлгі Балдынзаның өзі болмасын?! Бата беріңіз, сардар аға!.. Мен, қайсысы болса да, атаңа нәлеттің шаруасын бітіріп қайтайын!

— Жолың болсын, Көкжалым! Сенің жекпе-жегің жеңістің басы болсын! Атаның аруағы қолдап, жауынды жайратып қайт! — деп Қабанбай ықылас білдірді.

Барақ көк тұлпарды қамшымен жанып жіберіп, ортаға бірден шауып шықты. Сол күй қалмақ батырын таптап кетердей қасына екпіндеп жетіп барды да:

— Мен — қазақ-қалмаққа бірдей аты шыққан әйгілі көкжал Барақпын! Ал сен кім боласың? Құрбандыққа байлаған құр кеуденің бірі боп, мені ұятқа қалдырып жүрме! — деді күркіреген зор дауыспен.

— Құр кеудені тапқан екенсің! — деп қалмақ батыры гүж-гүж етіп, оқыраңа күлді. — Торғауыттың топ жарған нояны Балдынзаны танымай, осы күнге дейін не бітіріп жүрсің?!

— Естісем құлағым керең болсын! — деді Барақ басын шайқап. — Барқытбелдің бір қуысында тығылып жатқан көп суырдың бірі болдың ғой, шамасы?! Дегенмен, салымың бар екен: басқа емес, Барақтың қолынан аттанасың о дүниеге!

— Өзің де қапыда қалмай, иманыңды айта бер, Барақ батыр!

— Көп сөзді қой да, ақыл-есіңнің барында тыңдап ал! — деді Барақ көк тұлпарын көкке шапшыта, айбат көрсетіп. — Қолбасы Қабанбайдың ойрат әулетіне жолдаған сәлемі бар еді. Соны жеткізейін. Талас пен Шуда, Арыс пен Сырда, Алатау мен Алакөлде тірі қалмақ қалдырмай айдап тастағанымызды естіген шығарсың? Біз енді аттың басын Алтайға тіремей тоқтамаймыз... Сондықтан «Төртауыттар топырлап текке қырылмасын. Қазақ жерін өз еріктерімен босатсын» дейді Қабанбай. Жоңғар жеріне көшеміз дегендерге жол бос. Малына да, жаяына да тимей, Барқытбелден асырып тастамақ... Міне, осы — қолбасының айт деп тапсырған аманаты!

Бірақ қалмақ нояны дәл қазір оның сөзін құлағына ілер жағдайда емес еді.

— Нор Зайсан мен Алтайды қазақ жері деп кім айтты саған? — деді бүйірін таянып. — Біздің Тарбағатайға да «Барқытбел» деп өздеріңше ат қойып алыпсыңдар! Естерінде болсын, мына тұрған қалың торғауыт пен дүрбіт туып-өскен жерін тастап ешқайда көшпейді. Солай емес пе? Мен дұрыс айтып тұрмын ба? — деп артындағы қара нор қолға бұрылған. Сол-ақ мұң екен, қалмақ жағы:

— Дұрыс айтасың, ноян!

— Туған жерді қолдан берді деген не сұмдық?!

— Өлсек сүйегіміз осында қалады! — десіп шуылдасып кетті.

— Ол жағын өздерің білесіңдер. Мен айтып қарызымнан құтылдым, — деді Барақ. — Онда не тұрыс бар? Ал, Балдынза, шамаң келсе қорғанып бақ!

Көкжал Барақ соны айтып, сүңгісін оңтайлаған күйі, межелі жерге дейін шегініп кетті. Екі жақта жер жаңғырта ұрандасып тұр. Дегенмен:

— Жекпе-жек!

— Жекпе-жек!!

— Іліп таста кәпір немені! — дескен қазақ үні басымдау естіледі.

Барақ пен Балдынза бір-біріне өршелене ұмтылысып, бір-екі дүркін қару сілтесіп өтті. Шақылдаған найза, шақырлаған қалқан дабысы қатты шыққанымен, екеуі де ұлы денеге дарыта алған жоқ. Күштері тепе-тең түсіп, қапы кетер кезеңді аңдысып қалған қалпы бар. Барақтың қолындағысы жай найза емес, ұңғысы ортан беліне дейін келетін, анау-мынау кісі көтеріп шаба алмастай алты қырлы, ауыр сүңгі болатын. Ол екпіндеп жанасар тұста қалмақтың астындағы құла ат қос аяқтай көкке шапшып, оңтайына келтірмей жүрген-ді. Сондай бір кезекті шабуыл сәтінде Барақ оң қолындағы сүңгіні басына асыра, үйіре толғап келді де, қас жауына шылбыр бойы қалғанда құлаштай лақтырды. Қалмақ қалқан тосып үлгірмеген. Егер мынадай жойқын күшпен зулаған көк сүңгі діттеген жеріне дәл тисе, ұлы кеудені қақ жарып өтері кәміл еді. Алайда ауыр найза адамға жетпей, дәл осы сәтте көкке қарғыған құла аттың тура өндірішегіне барып қадалды. Қадалғанда, төс сүйекті жара екі-үш сүйемдей еніп кетті.

Жануар арқырай кісінеп, шыңғыра тулады. Ат омырауына шаншылған сүңгі біразға дейін бұлғаңдап, суырылмай жүрді де, бір мезетте барып түсіп қалды. Сол сәт найзаның орнынан шүмектеп қан ақтарылды да, бейшара құла тұмсығымен жер сүзіп, етпетінен түсті. Бір ғажабы; үстіндегі

Балдынза жығылған жоқ. Ат мойнынан аса біраз жерге дейін шатқаяқтап барды да, найзасына сүйенген күйі төрт тағандап тұра қалды. Бұл кезде ат ағынымен ұзап кеткен Барақ қолына енді алдаспанын алып, қайта оралып келе жатқан.

— Жігіт болсаң аттан түс! Күш сынасамыз! — деді қолындағы найзасы мен қалқанын лақтырып жіберген қалмақ батыры, шеңгелдерін жаза, тарбия тұра қалып.

Батырдың батырлығы әйтеуір жауды жайратқанында емес, қалай жеңгенінде ғой. Егер көкжал Барақ дәл қазір ат үстінде тұрып, құр қол жаяуға қару сілтесе, оны қалмақ түгіл қазақтың өзі кешірмес еді. Олай ету көшпенділер заңына қайшы... Барақ та ер ғой, ойланбастан аттан қарғып түсті. Көк тұлпарды қамшымен бір салып, өз тобына қарай айдап жіберді де, қолындағы алдаспаны мен қалқанын ол да лақтырып тастады. Енді, міне, екі дәу атылатын жолбарысша шеңгелдерін жазып, бір-біріне тақап келеді.

Сөйтіп, күтпеген жерден ат үстіндегі жекпе-жектің күш сынасар палуан күресіне айналып кетуі екі жақты да дүр сілкіндірді. Бұл — тіпті сайыстан гөрі де арқа қоздырып, намыс отын қатты тұтандыратын нәрсе. Қазақ-қалмақ бір мезгіл өздерінің соғысып жатқанын ұмытып, тақ бір ас пен тойдағы палуан күресін тамашалағандай алға таман ентелесіп, бір-біріне жақындай түсті. Әсіресе, қазақ жағы қатты дүрлігіңкі:

— Я, аруақ!

— Көтере соқ, көкжал Барақ!

— Атаң жаудан қайтып көрген жоқ! Намысты қолдан берме! — десіп дуылдасып тұр.

Аттан түскенде анық байқалды, Балдынза да үйелмендей ірі неме екен. Бақан бойлы Барақтан гөрі жуан сіңір, мелжемділеу ме, қалай?! Екеуі а дегенде шаппа-шұп ұстасып, арпақ-тұрпақ алыса кетті де, тез ажырасты. Үстеріндегі торғай көз тоқыма сауыттар қолтықтарын еркін жаздырмай, ұстасқанда қолдан сусып шыға береді...

Жекпе-жек сайыстың ақыры аяқ астынан бұлай боп шыққанына Қабанбай іштей қобалжып тұрған. Барақтың ұрыстағы ерлігіне, қайратына шүбә келтірмесе де, оның күреске түсіп белдескенін көріп тұрғаны осы.

— Біздің Барақ күреске қалай еді өзі? Әдіс-айла бірденесі бар ма? — деді қасындағы жігіттерге бұрылып.

— Көкжалдың асау жамбасы бар... Соған бір іліндірсе, жан баласын шыдатпайды! — деді Барақпен бала жастан бірге өскен Жаман батыр.

Әйткенмен, екі дәу бірін-бірі ала алмай, сүт пісірімдей жүріп қалды. Оқта-текте қоян қолтық келіп, тіресе кетеді де, сүйек сықырлап, сіңір созылған шамада қайтадан ажырасып, шеңгелдерін жаза тарбиысып қалады. Табан астындағы тас уатылып, айқас аланының қыртысы лезде тозып кетті. Әлде ауыр киімді алыптарды тер басып кетті ме екен, Барақ әлсін-әлі еңкейіп, жерден топырақ қармап жүрген-ді. Бір мезгілде уысындағы топырақты Балдынзаның бетіне шашып жіберді де, атылып барып тіктесе кетті. Шамасы, «асау жамбастың» сәті осы жолы түссе керек, былайғы жұрт та шу ете қалған. Ақырғы айқастың көз ілеспестей жылдам өткені сонша, көпшілік Балдынзаның екі аяғы көктен кеп, шаншыла құлағанын бір-ақ көріп қалды.

Шаң сейліп, у-шу басылып, жұрт назары тегіс солай ауған келесі сәтте, көкжал Барақ төбедей боп, қалмақ батырының кеудесінде отыр еді. Ол кенет қынындағы қанжарын суырып алды да:

— Балдынза! — деді саңқ етіп: — Ажалмен бүгін бір емес, екінші рет беттесіп тұрсың. Енді өкінішің жоқ шығар. Бірақ манағы айтқаным — айтқан, егер еліңмен бірге ірге көтеріп, күнгейге көшетін болсаң, қаныңа ортақ болмайын. Саған жан — олжа, бізге жер мен мал — олжа... Осымен бітіссек қайтеді?

— Мен де қатын емеспін, екі сөйлейтін! — деді Балдынза да қырылдай дауыстап. — Осыдан кейін мені жер басып жүреді деп ойлайсың ба?! Өлтіріп кет, Барақ батыр!

— Ендеше өз обалың өзіңе, ноян! Төгілгелі тұрған торғауыт қаны — сенің мойнында! — деп көкжал Барақ қолындағы екі жүзді алмас қанжарын қақ жүректің басынан ұрып жіберуге оңтайлана берді де, ойына тағы бірдеңе түскендей іркіліп қалды. — Жоқ, мен сені қазір өлтірмейді екенмін. Сен тірі қалып, «жер менікі» дейтін ойраттың осы өлкеден қалай тоз-тозы шығып босқанын өз көзіңмен көруің керек. Ендігі жерде сенің өмірің — менің қолымда. Басыңды қашан алсам да өзім білем! — деп қанжарын қынабына салып, Балдынзаны сүйрегендей орнынан тұрғызып алды да, өз тобына қарай алып жүрді.

Орта жолда алдынан шыққан Жаман батыр жетегіндегі көк тулпарды Барақтың алдына көлденең тарта берген. Енді біреулер Балдынзаны бассалып, байлап алып жатты.

Бұдан ары күтіп тұрудың орны жоқ. Қабанбай жаппай шабуылға белгі берді. Сол-ақ мұң екен, манадан арқасы қозып әрең тұрған қазақ түмені бірден лап қойды. Қалмақтар да өліспей беріспейтінін білдіріп, қарсы ұмтылған. Бірақ жақын жерден басталған жанталаста мылтықтарын оқтап үлгірмеді. Сан жағынан басым, әрі мұндай ұрыстардың талайын өткеріп келе жатқан қазақ әскері жау жағын лезде жапырып, тиген жерін оңдырмай ойып түсті.

Обалы кәнеки, торғауыттар да барын салды. Әйтседе, олардың қазіргі әрекетінде өз күшінедеген нақты сенімнен гөрі бұрын мұндай қырғын соғысты бастан кешпеген, жеңілістің ащы дәмін татпаған ноқайлық, өлермендік басым еді. Ақыры қалмақ жаты биенің бір сауымындай шыдастық берді де, кенет қазақ әскерінің екі бүйірден бірдей орап бара жатқанын сезіп, шығысқа қарай жалт берді. Жартысына жуығы шығынға ұшырап, біразы қоршауда қалып, сытылып шыққандары Маңыраққа қарай бет түзеді. Олардың өкше ізіне түскен қазақ қолының бір бөлігі жауды Толағай тауға дейін қуып барды да, одан ары ат сабылтып жатпады. Жалпы, Қабанбай қашқан жаудың қыр соңынан қалмай қоюды білместік деп есептейтін. Қалмақпен соғыс бір күнде бітпейді. Ертеңгі айқасқа атты да, азаматты да тың сақтау керек. Қорқақтың көзі — төртеу. Қашқан жау аққан сел тәрізді, жолындағысын өзімен бірге ала кетеді.

Оның есесіне қазақ қолы Шорта мен Ласты аралығында отырған қалмақ күреңдерін басып қалды. Қарсы жақтың күшін анық пайымдамай, өз нояндарының жалған доңайбатына, көпірме сөзіне сенген торғауыттар жайлаудан түскен күйі бейғам отыр екен. Сондайлардың көбі-ақ мал-жанымен қолға түсті.

Шабындыға тап болған күреңдердің ішінде Балдынза ноянның ордасы да бар еді. Көп жылдар теріскейдегі торғауытты жеке билеп, тұлыптай сорған ойрат ақсүйегінің байлығы бастан асып, осы өлкені түгел алып жатқан-ды. Ақтылы қой, алалы жылқысы тұтасымен қолға түсіп, қазақ қосыны олжаға батты. Алайда бұл реткі олжаның ең қастерлісі, малы да, басқасы да емес, ноянның он жеті - он тоғыздарға келіп бой жетіп отырған, ай мен күндей екі қарындасы еді. Екеуі де — қалмақ жұртында сирек ұшырасатын тана көз, оймақ ауыз, аққұбаның әдемісі. Үлкенінің аты — Барын, кішісінің аты — Шарын екен. Үріп ауызға салғандай сүйкімді сұлуларды көргенде, батырлардың бірталайының-ақ көңіліне құрт түскен. Көкжал Барақтан бастап Жәнібек, Еспембет, Дәулетбайлардың да пиғылы бұзылып, қыздар орналасқан бақауыл қостарын жиі торуылдайтын болған.

Ер-азаматтың бір осал жері — ақ жаулық қой, қашанда. Мал үшін, жер үшін түс жыртыспайтын ағайын, ұрғашы жұртына келгенде, кейде арадан өрт шығып, бітіспес жауға айналуы да мүмкін. Осыны есепке алған қолбасы жорықтың соңын күтпей-ақ, мына бір арқыраған азбандардың көңілін тезірек тындырғысы келді. Төсек жаңғыртқысы келген дәмелі жігіттерді түгел жинап, бір шетке тізіп қойды да, тұтқын қыздарды да ортаға әкелдіріп, олжа үлесу заңы бойынша аруларға таңдау берді.

Кімнің ойында не жоқ дейсің. Елуден төменгі, қырықтың қырқасына шыққан қырқылжындардың көбі-ақ үсті-бастарын түзеп, сақал-мұрттарын басып, қыз алдында айбынды да асқақ көрінуге тырысады... Әйтседе, көшпелі елде туып, жаугершілікпен көзін ашқан, зерделі қыз-келіншектер де дайындықсыз емес-ті. Әрқайсысының өз ойлағаны, көңіліне түйген кісілері бар. Бастарына қандай тауқымет түскенін, түбі осы бір

кылкөпірден өтпей қоймайтынын жақсы білетін ондай қыздар арада өткен екі-үш күнде белгілі қазақ батырларының жас мөлшерін, ел ішіндегі беделі мен отбасында кімдері бар екенін алдын-ала сұрастырып біліп алған-ды. Балдынзаны жекпе-жекте басым күшпен жеңсе де, Барақ батырдың оны өлтірмей тірі алып қалғаны, ал ағаларының дәл қазір сол Барақтың жан жолдасы Жаман батырдың қолында тұтқында жатқаны да екі қызға мәлім еді. Олар бүгінгі таңдауда өздеріне лайықты күйеу тауып қана қоймай, болашақта сол ағаларын аман алып қалуға бел байлаған... Кезек соларға келгенде, Барын сұлу орнынан тұрып:

— Артық туған көкжал Барақ, ағатайым Балдынза ноянның қасықтай қанын қиғанда, мен неге ондай азаматқа жанымды қимаймын?! Ездің қойнында жатқанша, ердің аяғын құшқаным артық... Мен бесінші болып барсам да, Барақ батырды таңдадым! — деп бұрала басып барды да, дәл ортада тұрған батырдың білегінен ұстады.

Әпкесінің соңынан іле орнынан тұрған кіші қыз Шарынның сөзі де қысқа болды:

— Қазақтың көкжал Барағы қайсымызға жетеді?! Мен аты Жаман болса да заты асыл Жаман батырға тиемін! — деп Ақнайман Жаман батырдың қолтығына барып тығылды.

Торғауыттың ауқатты, текті жерінен шыққан, өңі түзу басқа қыз-келіншектері де өзі таңдаған қазақ жігіттерінің етегінен ұстап, жан-жаққа тарап кетіп жатыр. Араларында сыры кетсе де сыны кетпеген, әлі де бала тауып берерлік күйі бар кексе қатындар да ұшырасады. Кейбіреулері тіпті екі-үштен бала жетектеп жүр... Қазекен мұндай «көйлегімен туған» балаларды да сыртқа теппейді. «Бұқа кімдікі болса оныкі болсын, бұзау өзімдікі» дейтін қағида бар. Қазақтың осы мінезін жақсы білетін тұтқын әйелдер, басында жылап-сықтаса да, өзінің жаңа жағдайына тез көндігіп кетуші еді.

Айнала айғай-шу, көңілді күлкі. Өзіне үлес тимей қалып, бір-бірінен сауға сұрап жүргендер де жоқ емес... Ал қыз жетектеген жігіттердің бірден мерейі тасып, шоқтығы асып шыға келген. Соғыста ерлік көрсетіп, көзге түсу — бір басқа да, мұндайда ару қыздардың таңдауына ілігудің жөні тіпті бөлек. Ер-азамат үшін бұдан асқан мәртебе, сый-сыяпат болмас...

Құрбы-құрдастарының біразы Барақты қоршап алыпты:

— Мына көкжалдың салымын-ай, ә?!

— Жұпар кіндік қой нағыз!

— Не кереметі барын кім білсін, әйтеуір ұрғашы жұрты осыны көрсе болды, желімдей жабыса қалады!

— Кеше Балдынзаға қолы батпай қойып еді. Сонда көкжалдың бір ені ішінде жатыр екен ғой! — десіп, Баймұрат, Оразымбет, Еспембеттер бір атып, бірі қағады. Оларға мына жақтан Дәулетбай қосылды.

— Әй, көкжал, сен қысырақтың үйіріндей бес қатын алып, пайғамбар межесінен асып кетпе... Сауға деген қайда? Сен, жөн білсең, мына жас иісінді маған бер!

Бұларға келгенде Барақтың қайтарар жауабы да дайын тұрушы еді.

— Жоқ, жігіттер, өрістегі малымды талап алсаңдар да қолдарыңды қақпаймын. Тек әйел жағына қолқа салмандар! — дейді қарқ-қарқ күліп. — Ал артығын міндеп, жуанды жонып жеймін десеңдер, алдымен ана сегіз қатын ұстап отырған Абылайды талапайға салыңдар!

Сол күні әр қоста ақсарбастар айтып сойылып, жолдары болып ару құшқан азаматтар кіші-гірім той жасады. Бірақ қолбасы әскер арқауын босатқан жоқ. Сәл ерік берсең болғаны, жігіттердің жайылып кететін түрі бар. Сондықтан жеңіс қызуын суытпай, келесі күні-ақ жаңа жорыққа аттанды. Ендігі беталыс — Маңырақ. Шолғыншылар әнегүннен бері қашқан-пысқан қалмақтың бәрі сонда жиналып, қайтадан күш топтап жатқанын айтып келген.

Маңырақ — Барқытбел сілемдерінің Сауырға ұласар тұсында солтүстікке қарай созылып жатқан өз алдына бір бөлек тау. Мол сулы, шүйгін шөпті, кең қоныс. Ойраттардың соңғы жарты тасырда бауыр басып, мекен тепкен бір жері осы еді. Кейін, осыдан біраз жыл өткен соң, әйгілі Үмбетей жыраудың:

Қозы Маңырақ, қой Маңырақ

Арасы толған көп қалмақ.

Қалмақты қуып қашырдың,

Қара Ертістен өткізіп,

Алтай таудан асырдың.

Ақшәуілге қос тігіп,

Ауыр қол жидырып алдырдың,

Қалмаққа ойран салдырдың.

Қабанбай мен Бөгенбай,

Арғын менен Найманға

Қоныс қылып қалдырдың! —

деп жырға қосқанындай, тарихта жоңғарға қарсы жойқын ұрыстың бірі осы Маңырақ маңында болып еді.

Шорғадағы шайқастан кейін, Маңырақты жайлаған, одан ары Күзуін, Шілікті, Шағанобада отырған торғауыт пен дүрбіт тегіс атқа қонып, қазақ қолын бір тойтарсақ осында тойтарамыз деп, Маңыраққа келіп бекінген-ді. Ұзын-ырғасы жеті-сегіз мыңдай әскер сол таудың қиын кезең, биік тұрғыларына алдын ала орналасып, қазақ жасағының жолын тосып жатқанына да бірнеше күн болған.

Жекпе-жек сайыстан да, ашық алаңдағы бетпе-бет ұрыстан да жүректері шайлыққан ойраттар енді осылай жол торыған бұқпантай тәсілге көшіп еді. Олары нәтижесіз де болған жоқ. Алғашқы арынмен тебіндей жетіп барған шолғыншылардың бірі тобы күтпеген жерден тосқауылға кездесіп, арандалып қалды. Бұл топты бастаған — жер жағдайын жақсы білетін, бұл күнде жасы жетпістен асып, Бәйжігіттің ақсақалына айналған Сайболат Тама батыр болатын. Сол кісі қасына Дәулетбай жасағындағы Жұмық жігіттерін ертіп, жау жақты барлап келуге өзі тіленіп аттанған-ды. Шолғыншылар тау бөктерлеп барып, Маңырақтың қыр желкесінен асып түспек болғанда, кезеңде жасырынып жатқан ойраттар білтелі мылтықтан бір мезгілде оқ жаудырып, жиырма шақты адам шейіт боп кетті. Оққа ұшқандардың ішінде Тама батырдың өзі және Дәулетбайдың немере інісі, жас талап Кенже батыр бар еді.

Осылайша қайғылы қан төгіспен сәтсіз басталған Маңырақ шайқасы едәуір ұзаққа созылды. Жер жадысын пайдаланып жақсы бекінген жау ұры сай, биік тұрғыларға мергендерін үстемелей орналастырып, бірнеше күн бойы Маңырақтың маңын бастырмады... Ақыры мұнда да Баспан-Базардағы ұрыс тәсілін қолданып, жаудың ту сыртынан орап келуден басқа амал қалмаған. Ол үшін Баймұрат, Дәулетбай, Еспембет бастаған үш мың қолды Күзуін айналдырып, Маңырақтың шығыс жағына түнделете өткізіп жіберуге тура келді. Олар жаудың артқы елмен байланысын үзе, көзге түспей кен айналып келгенше екі-үш күндей уақыт керек еді. Дегенмен, жігіттер діттеген жерлеріне уәделі мерзімде жетіп үлгіріпті. Ойраттардың бар назары батысқа ауып тұрғанда, олар тау асып келіп, жаудың ту сыртынан шабуыл жасады.

Шығыс тараптан айғай-сүрең естіліп, ойраттар алақтап артына бұрылғанда, мына жақтан көкжал Барак, Жәнібек, Оразымбет, Ақпантай, Шынқожа, Жаман батырлар бастаған қалың қол да ат басын қоя берген.

— Абылай-Абылай!

— Қабанбай-Қабанбай!

— Қаптағай-Қаптағай!

— Ошыбай-Ошыбай! — деген айғай-ұран мен тарсылдаған мылтық үнінен бүкіл Маңырақ тауы жаңғырығып, дүние төнкерілгендей болып еді.

Бұл ұрыста Дәулетбай батыр бастаған Жұмық жігіттері ерекше көзге түсті. Қадірменді қарттары Тама батыр мен жас қыршын Кенженің оқыста жау оғынан мерт болуы азаматтардың кегін қайнатып, қатты ызаландырған. Әншейінде әр қадамын аңдап басып, сақ жүретін Дәулетбай бұл жолы өлер-тірілерін ұмытып, үнемі алдыңғы шепте шабуылдаумен болды. Батырдың көзіне қан толып, бет-әлпеті де жан шошырлықтай өзгеріп кеткен. Шамасы, мұндай жанкешті өлермендіктен ажалдың өзі де қаймығатын болуы керек, ақ көбігі шыққан төрт төбелдің үстінде ұршықтай үйіріліп, алдаспанын онды-солды сілтегенде, бейне орман отап келе жатқандай, жау ортасын қақ жарып, арттағы әскерге жол ашып отырды...

Екі жақты қыспақта қалған ойраттардың ет асымдай ғана шайқасуға шамасы келді. Ақыры қатарлары сиреп, мүлде құрып кету қаупі төнген кезде, қаша ұрыс салып, түстікке қарай бет түзеген. Бірақ қанына қарайған қазақ қосыны бұл жолы олардың қыр соңынан қалмады. Сол беті Шіліктінің кең жазығына да тұрақтатпай, Күзуіннен ары асырып, Сары Емілді құлдата, Құлыстайға өткізіп жіберді. Аман құтылғандары тым аз, ұзаса бір жарым мыңдай ғана адам болар. Ал қалғандары түгел дерлік Маңырақтың сай-саласы мен Шілікті жазығында ажал тапты... Әрине, қазақ жағында да едәуір шығын бар. Ұрыстан кейін әскерді түстеп түгендегенде, ұзын саны үш жүзден астам азаматтың шейіт кеткені анықталды.

Ақшәуліден басталған биылғы жорықта Маңырақ соғысы ең қымбатқа түскен шайқас болды. Тағы да жүздеген қазақ шаңырағы қара жамылатынын ойлағанда, Қабанбайдың қабырғасы сөгіліп, қатты қайғырды. Амал не, құрбандықты қанша аз беруге тырысқанымен қолынан келгені осы болды. Осы арада әскерге бір жұмадай тыныс беріп, шейіт кеткендерді ақ арулап жерледі. Маңырақтың бір қойнауынан әрқайсысына жеке-жеке қабір қазылған. Жерлеу алдында үш жүз елудей арыс азаматты қаз-қатар салып қойып, Жүсіп-қожа жаназа шығарып еді, қазаққа бәрінен қиын тигені сол болды... Жерлеу аяқталған соң, қаза тапқандардың рухына құран оқылып, Шілікті жазығында ас берілді.

Бұл кезде қазан айы орталап, күн де салқын тарта бастаған. Маңырақта бел омыртқасы үзіліп күйрей жеңілген торғауыттар бұдан ары қарсыласуға жарамады. Жаппай ірге көтеріп, күнгейдегі жоңғар шебіне қарай бет түзеген. Біразы Шатаноба, Күзун асуларымен ұжымдаса көшсе, қалғандарының оған да мұршасы болмай, Тарбағатайдың қуыс-қуысын сағалап, босып кетті. Жер қайысқан көп мал мен көшке ілесе алмай қалған бала-шаға, қатын-қалаш қазақ әскерінің қолына түсті...

Дегенмен, Барын сұлу ақыры өз мақсатына жетіп тынды. Ол небәрі он шақты күннің ішінде-ақ көкжал Барақтың нақ сүйеріне айналған. Күн сайын батырдың құлақ етін жеп жүріп, атасы Балдынзаны тұтқыннан босаттырды. Барақ қолбасыға бар беделін салып отырып алған... Ақыры Қабанбай Балдынзамен сөйлесіп көріп, оның тозып жүрген торғауытты жинап, күнгейге көшіріп әкетуге келісімін алған соң, ноянға бостандық беруге рұқсат етті...

Бірақ аттаныс әлі аяқталған жоқ-ты. Алда тағы бір үлкен шайқас тұр. Ендігі беталыс — Қара Ертістің басы мен Өр Алтайдағы ұранхайлар. Аз-кем ат шалдырып алған соң, осыларды күнгейге таман бір ысырып тастаса, биылғы жорық өз мақсатын толық орындады деп қаймықпай айтуға болады.

Алайда күтпеген жағдай қазақ әскерінің міндетін күрт жеңілдетіп жіберді. Қосынның бас-аяғын жинап, ертеңдер жорыққа аттанамыз деп отырғанда, Қабанбай шатырына шығыстағы Сауыр тауын бөктерлеген бөгде жүрісті отыз шақты адам келіп түсті. Бәрі де — шошақ тымақ, шоңқима етік киген ұранхайлар. Ең ғажабы, бұларды бастап келген кім дейсіз ғой? Банжыр ноян... Кәдімгі Әмірсананың ағасы, Қабанбайдың туған құдасы — Банжыр! Қонақтар аттан түсіп жатқанда, Қабанбай өз көзіне өзі сенбегендей бір сәт қарап қалды да, ақыры сол екеніне шүбәсы қалмаған соң, екеуі шұрқыраса табысты. Құдасын өткен қыстан бері көріп тұрғаны осы еді. Банжырдың бала-шаға, туыс-жұраты әлі де Қабанбай ауылында болатын. Арттағы үй-ішінің аман-саулығын естіп, ол да масайрап қалды.

Айтып отырса, биыл көктемнен бері Банжыр ноянның да бармаған жері, баспаған тауы жоқ көрінеді. Дабашыны қайтадан таққа отырғызамыз, өз ұлысында Әмірсананың билігін қалпына келтіреміз деп, жаз бойы тыным таппаған. Құдай қолдап, бұрқынның ықыласы бұларға ауып, әйтеуір бүлік басы Намеху-Жырғалды жеңген көрінеді. Дабашы қайтадан Іледегі ойрат тағына барып орнығыпты... Алайда бұлар ана жылы сүргінде жүргенде, қонтайжы бұл жақтағы ұйып отырған ұлысты талапайға салып, көрінгеннің қарауына бөліп жіберсе керек. Күнгейдегі дүрбіт өз алдына, теріскейдегі торғауыт өз алдына быт-шыты шығып бытырап кеткен. Енді сол тоз-тозы шыққан тайпалардың басын құрап, Әмірсананың құзырына жинап беру міндеті тұр. Сол үшін Банжыр ноян көптен бері аттан түспей, бұл жолы Қобық пен Қостолағайды, Алтай мен Сауырды аралап келе жатқан беті екен.

Қазақ әскерінің биыл Ертіс бойымен, Барқытбел, Алтай бағытында торғауыттарды түре қуып, Жоңғарияға қарай көшіріп жатқанынан бұлар да хабардар. Әмірсана мен Дабашыға бірде бағынса, бірде бағынбайтын тоңмойын торғауытты жуасытып, өз ұлысына бағындырып бергеніне қуанбаса ренжімейді... Ал Алтай, Сауырдағы ұранхайларға келсек, олардың жөні мүлде басқа. Жалпы ұранхай ұлысы төрт ойраттың санатына кірмегенімен, тілі, әдет-салты жағынан осылармен ағайындас, көп

уақыттан бері жоңғар хандығының құрамында өз міндетін адал атқарып келе жатқан ел ғой. Бұлар — ойраттардың Халқа-монғол бетінде тұрған болат қалқаны. Соңғы жылдары Дабашы мен Әмірсананы ең ақырына дейін қолдағандар да — осы ұранхайлар. Ендеше ойрат нояндары да ұранхай ұлысын қазақ әскерінің шабуылынан қорғауы керек. Қорғағанда олар бүгінгі қонысында мұрты бүлінбей отырып қалсын демейді. Ұранхай жұрты Қара Ертістің бойын сонау Марқакөл, Қатынқарағайға дейін қазаққа босатып беріп, өздері Алтайдың күнгей бетіне қоныс аударады. Үлгіргендері биыл, үлгіре алмағандары келер жазда... Тек жалғыз ғана тілектері бар: қазақ қолы ұранхайды шаппай, бала-шаға, мал-мүлкіне тимей, бейбіт бітіммен көшіп кетуіне мүмкіндік берсе болғаны.

— Ертіс бойы мен Өр Алтай қазақ хандығына қараса, бізге де енді солтүстік жақтан қауіп жоқ, — дейді Банжыр ноян. — Ұранхайларды түстік Алтайдағы Көктоғай, Шіңгіл, Бұлғын, Бурылтоғай өзендерінің бойына қоныс аудартуға біздің өзіміз де мүдделі боп отырмыз. Бізге ендігі қауіп — шығыстан. Ұранхай ұлысы бұдан кейін де төрт ойраттың шығыс беттегі қалқаны болып қала береді.

Қабанбай әр рудың мыңбасы, жүзбасы батырларын оңаша жинап алып ақылдасты да, ұранхай елшілерінің бұл тілегін қабыл алды. Ұранхайды шапқанда да, батып қалатын байлық шамалы-тұғын. Бұлар, әсілі, терістіктегі орман ішінен ауып келген ел ғой. «Таулы алтайлықтар» деген атпен бір бөлегі орысқа қарап кетті... Мал басы аз болғандықтан, көбінесе аңшылықпен күн көреді. Қыстың күні көлікке мінбей, табанына сиыр сірісін қаптаған қайқы бас ағаш шаңғымен зырлайтындар — міне, осылар... Оның үстіне күн суытып, қыс жақындап қалғанда, онсыз да алыс жорықтан қажып келе жатқан жасақты бұдан ары ұстап тұру тіпті де оңай емес-ті. Сөйтіп, қан төгіссіз бейбіт бітім ұранхайдың ғана емес, қазақтың да тілегіне сай келе кетті.

Банжыр ноян бастаған ұранхай кісілері аттанып кеткен соң, Қабанбай олжаға түскен көп мал мен әскердің ат-көлігі нарау бір бөлігін Қарғыба бойына алдын-ала жылжытып жіберді де, өзі іріктелген бес мың қолмен Ертісті өрлеп, одан ары Марқакөл, Нарын, Қатынқарағайға дейін барып қайтты. Елшілер арасындағы бітім өз алдына, енді жер иесі ретінде, былайғы қалың ұранхайға айбат көрсетіп, жаңағы айтылған өлкелерді қарулы қолмен бір аралап шығуы қажет еді. Шынында да, бұдан былайғы жүріс тек жер шолу, қоныс көру есебінде өтті. Артық қан төгіс, ұрыс-қағыс болған жоқ. Өр сайдың қуысында шанжау-шанжау қоныстантан ұранхайлар, келісім бойынша, онсыз да нарта-қостарын жығып, шығысқа қарай ірге көтеріп жатыр екен. Орталарына найзалары көк тіреп, самсаған қазақ әскерінің келуі олардың көшін бұрынғыдан да жеделдете түсті.

Сонымен ұдайы үш жылға созылған қазақтың ең соңғы аттаныс жорығы да өзінің көздеген нысанасына жеткендей болып еді. Өр Алтайдың қалың қатпарлы қойнауын сүзіп, ақ бас шындарын қар басып қалған Үлкен Нарын

тауларына жеткен қазақ жасағы осы арадан кері қайтып, жол-жөнекей Марқакөлге бұрылды. Биік құздардың қоршауында шарайнадай жарқырап жатқан мөп-мөлдір, сұлу көлдің жағасына таяғанда, жасамыс, егде сарбаздар шыдай алмай, аттың басын қоя берген:

— О-о, қасиетіңнен айналайын Марқакөл! Бұл тірлікте сені де көретін күн болады екен-ау!!!

Жастар жағы бұл көлдің бұрын атын естігені болмаса, өмірі көріп тұрғандары осы. Көпшілік жапа-тармағай аттан түсіп, қол суына беті-қолдарын жуып, мәре-сәре... Қабанбай да жаңа ғана атан түсіп, найзасына сүйенген күйі, көлдің төңірегіндегі ақ қайың, жасыл самырсын көмкерген биік беткейлерге тамашалай қарап тұрған-ды. Бір мезетте жаңағы ырду-дырду көпшіліктен бөлініп, атын жетелеген Шынқожа батыр келді оның қасына. Бетін жаңа ғана жуған екен, мөлідей қап-қара сақал-мұртынан су тамшылап тұр.

— Сонымен, қазақ жерінің шетіне жеттік пе, сардар аға? Әлде бұдан ары да бір өлкелер бар ма? — деді ол, өзінше бір масайраған көңілді кейіпте тұрып.

— Не? — деді әлдебір ой құшағында тұрған сардар оның сұрағын аңғармай қалып.

— Ата жұрттың шегіне жеттік пе деймін?.. Қазақ жерінің шығыс шекарасы осы болғаны ма сонда?

— Қайсы ата жұртты айтасың? — Арғы атаң ер түрікті айтсаң, оның жері сонау Шынмашынмен шектес, Сары теңізге дейін созылады. Ал бергі Тайбұқа, Бұйрық хандар ту тіккен Найман хандығын сұрасаң, қазір солардың нағыз құт қонған ата қонысында тұрсың. Хандықтың шығыс шегі осыдан жарты айшылық жерде, Алтай-Ханғай тауларының терістік қапталында жатыр...

— Мен бергісін айтып тұрмын, сардар аға. «Ақтабанның» алдында ойраттар бізді қай жерден ығыстырды? Соны білгім келеді.

— Ә-ә... Соңғы жүз елу жылда шекара талай ауысты ғой. Алтай мен Барқытбелді бірде қазақ иемденсе, бірде қалмақ алып, ит жығыс түсіп жүрмедік пе... Ал қазақтың қазіргі шекарасын сұрасаң, ол — міне, мына жерде! — деп Қабанбай қолындағы найзасын қол жиегіндегі дөңеске апарып шанышты. — Алдымен жаудан босаған осы өлкені бойға бір сіңіріп алайықшы. Бұйырса, арғы жағын тағы көре жатармыз!

Ертең елге қайтамыз деген күні Қабанбай осы жорықтағы рубасы би, батырлар мен кейбір сары тісті сарбаздардың басын қосып, кіші-гірім кеңес өткізді. Соғыстан түскен мал-жан олжасы анада, Маңырақ шайқасынан кейін-ақ бөлініп берілген-ді. Құр алақан қалған ешкім жоқ. Батырдан

бастап бақыршы балаға дейін өзіне лайық үлесін алған. Енді жұрттың көкейін тескен бір ғана жай бар. Ол — жаудан босаған өлкелерді ру-руға береке-бірлікпен бөліп беру мәселесі. Қолбасы көптің көңілін күпті қылмай-ақ, жорық қызуы суымай тұрғанда, алдағы қоныстар межесін де атап өтуге бел байлаған.

— Ұзаққа созылған азаттық соғысы, аққан қан, төккен теріміз текке кеткен жоқ! — деді ол жиналған жұртқа жағалай қарап өтіп. — Мінеки, көп жылдар бойы бір көруге зар болған ата жұртымыз азат боп алдымызда жатыр. Бақ дарыған Барқытбелге бауырымызды төсеп, қасиетті Қара Ертіске бетімізді жудық. Енді, міне, ақ иықтар ұшқан Алтайға да жетіп, Марқакөлдің бойында мамыражай күн кешіп отырмыз... Ойрат әулеті бауыр басқан бұл өлкені оңайшылықпен босатқан жоқ, ақ найзаның ұшы, ақ білектің күшімен тартып алдық жерімізді. Қайтпас қажыр, ерен ерліктеріне мында бір алғыс, бауырларым! Тірі қалғандарымызға сый-құрмет, шейіт кеткен құрбандарға иман бұйырсын! — деп аз-кем бөгелді де, сөзін қайта жалғады. — Енді көп болып ақылдасатын бір мәселе бар. Хан жарлығы бойынша, жаудан босаған аймақтар йен тұрмауға тиіс. Сол жаңа жерлерге қалай қоныстанамыз? Бұл жөнде менің көңілімде жүрген мынадай бір жоба бар. Лайық көрсендер, соны орталарыңа салайын. Оған қалай қарайсыңдар?

— Айта бер, сардар ата!

— Әркімнің көңілі жоғары болғанмен, түбінде біреу төрелік айтуы керек қой.

— Қан майданда қол бастап, жеңіске жеткізген адам өзіңсің. Билікті де сенін аузыңнан естиік! — десті.

— Айтсам, Арғын ата баласы еді, ағалығын осы жолы да көрсетті. Бас қолбасшы Бөгенбай Ақшәуліде ту тігіп, жорық жолын бастап берді. Содан кейін де Арғынның жаужүрек батырлары күнде қылыш сермесіп, ата жұртымыз Алтайға дейін бірге келіп отыр, — деді Қабанбай өзінің оң қол жағындағы Байғозы, Олжабай, Сырымбет батырларға иіле көз тоқтатып. — Бірақ мен мамырдағы хан кеңесінде де, одан кейін де Арғынның игі жақсыларының алдынан талай өткенмін. Ата баласы шығыс аймақтан қоныс дәметпейді. Олар өз бауырлары Керей мен Найманның өрісі кеңіп, Өр Алтайға дейін құлаш сермеуін қуаныш етеді де, Арқаның ұланғайыр кең даласында еркін жайлап қала береді. Тек іргемізге кейін көшіп келген Тобықты батыры Мамайдың ғана өтініші бар. Бура-Матай мен Мұрын, Сыбан ауылдары шығысқа қарай ірге көтеріп, жер аяғы кеңісе, олар Шыңғыстаудан қоныс сұрайды. Ол жағын кейін ақылдаса жатармыз... Ал сонда бүгінгі бөліс, негізінен, Керей мен Найман арасында болмақ, — деп тағы біраз тыныстады. Әр тұстан құптаған, ризалық білдірген сөздер айтылып жатыр.

— Ендеше, ағайынның өкпесіне қалмау үшін алдымен Керей атан

әулетінен бастайын, — деді сардар өз ойын қайта сабақтап. — Керей, Найман әлмисақтан бері, сонау Шыңғысхан заманынан да бұрын, Тұғрыл мен Тайбұқа хандардың тұсында-ақ Алтай мен Барқытбелді қатар жайлаған, төсекте басы, төскейде малы қосылған, тату-төтті ел болатын. Содан бері іргеміз бөлініп, жұбымыз жазылып көрген жоқ. Ата жұртынан ауған ел ретінде ащы-тұшыны бірге таттық, арман-мұнымыз да ортақ болды. Бәлкім, сондықтан да болар, биылғы шығысқа бет алған аттанысқа барын аямай салған да — осы ұлыстар... Алғашқы үлес сендердікі, Абақ керей әулеті! Мына көшіп жатқан ұранхайларды ығыстыра, Алтай асып, Қара Ертісті өрле де, атыңның жеткен жеріне дейін кең көсіліп, қоныстана бер! Судың тұнығы, шөптің шүйгіні сендердікі, ата баласы! Бұған не дейсіндер?

Бұл сөзге Керейдің Жәнібек, Жантай, Байтайлық сынды батырлары бірден ризалық білдірді.

— Айтқаныңның артық-кемі жоқ, Дарабоз!

— Төрелігіңе құлдық!

— Ата жұртымыз Алтайға ат басын бір тірелікші. Арты жатында қонысты қалай кеңітуді өзіміз білеміз! — десіп, бәрі де емен-жарқын үн қатты.

— Бәрекелді! Олай болса, енді аяндап өз ағайындарыма келейін, — деді Қабанбай да жадырай күліп. — Онда да, қарыстан сүйем жуық демесін, қашанда ерлігімен ел құрметіне бөленген Ергенекті әулетінен бастайын. Көкжарлы, Бура, Саржомарт үшеуі тел қозыдай тете өскен Терістаңбалымен бірге «Ақтабаннан» кейін көп уақыт Шыңғыстау мен Шардың екі аралығында сығылысып, зорға сиып келгенін бәріңіз де білесіздер. Бураның күні кеше Жоңғар қолынан мерт болған Бақанас және Байқошқар сынды батырларының сүйегі қазір де Шыңғыс сыртында жатыр... Көңіл қанша кең болғанмен, шыдамның да шегі бар. Ата жұртқа аман-есен жетсек-ау деп еңіреген елдің бірі осылар еді, міне, сол арманға да қол артқандай болып отырмыз. Оның бергі жағында, осы жорықтағы көкжал Барақ, Танащ, Ақпантай бастаған Көкжарлы, Бура, Саржомарт жігіттерінің ерлігі бәріміздің есімізде. «Еңбек қыл да — міндет қыл» деген бар... Енді сен ағайын жұртың Ақнайман, Қожамбетпен бірге Ертістің оң қапталын жағалап көше бер, Ергенекті! Мандайыңды Марқакөлге тіреп, Қатынқарағай мен Нарын, Самарды бауырыңа бас та, аяғыңды Ертісті құлдата соза бер! Тастаған таяғың тал боп өсетін сулы да, нулы өлке сендерге қалсын! Бұған не дейсіндер?

Ергенекті жігіттері мұндай батпан құйрықты күтпесе керек. Бірден жүздері жайнап, дуылдасып кетті:

— Бәрекелді, сардар аға!

— Осы айтылған өңірді мал-жанға толтырып алсақ та жетер.

— Арқамызды Алтайға тіреп, екі аяғымызды Ертіске малып отырсақ, бұдан артық құдайдан тілегеніміз не?

— Тек, «ит жастанғанның ұйқысы қанбас» деп, орыс бекіністері мазаны алып жүрмесе, Ертіске жетер жер бар ма?! — десті Барақ, Танаш, Ақпантай, Жаман батырлар.

— Бәрекелді! Бұл да бір біткен іс болды, — деді Қабанбай өз сөзінің риясыз өтіп жатқанына разы болып. — Ал, Қаракерей, Төртуыл, қабақтарың кірбің тарта қалыпты ғой? Тураушыдан туғаның болғанда, жетіскеніміз осы ма деп, түңіліп отырған жоқсыңдар ма? Түңілмеңдер! Төрелік Төлегетайға тиген екен, төзбеске, ақырын күтпеске амалың қайсы. Алдымен қара шаңырақтағы Торғуыл баласы, тұтас қонысқа қол жетпей шашырап жүрген ағайынның бірі сен едің. Бұл күнде өр жатың — Өкпеті, аятың — Аягөзде, аядай өңірге сынадай сығылысып отырған жайың бар. Күнгейде Ақшәулі мен Ақшоқы арасынан қоныс кеңейткенің биыл ғана. Бірақ ол да аздық етеді саған. Осы жорықта көрсеткен ерен ерліктерің үшін, Сауыр мен Марқакөлдің арасындағы Ертіс алқабынан тағы бір үлес ал! Кім қай қонысқа көшеді — ол жағын ағайын болып ақылдасарсыңдар...

— Сонда қалай болғаны, сардар аға? Төртуылдың төрт баласы қак жарылып, тағы да екіге бөлініп қалғанымыз ба? — деді Баймұрат батыр сәл қоңырқай тартып.

— Оған амал бар ма?! Төртуыл атаң дәл сондай түс көріп, оны Төлегетай бабаң солай деп жорыпты... Бұл да болса тағдырдың жазуы шығар, — деп қолбасы жақсы көретін інісі Баймұрат батырды жұбатқандай болды.

Бұл аңызды білетіндер күлісіп жатыр. Баяғыда Төлегетайдың төрт немересі бірдей түс көріп, аталарына жорытыпты дейді. Сонда: «түсімде қысырақтың үйірін қанша қайырсам да, бір жерге басын қоса алмадым» депті кіші немересі Төртуыл. Сонда Төлегетай атасы: «Апыр-ай, балам-ай, сенің ұрпағың тым шашыраңқы болады екен-ау!» деп қатты қайырған екен деседі... Жаңа Қабанбайдың еске алып отырғаны сол әңгіме.

— Ал Жұмық пен Тоғас, ендігі сөзім сендерде! — деді Қабанбай, үзілген әңгімесін қайта жалғап. — Бір Бәйжігіттің баласы едік... «Ит ұяласын қаппайды, қапса да тісі батпайды» деген сөз бар. Өкпелеріңді көтеріп алармын. Қалба мен Қарғыбаның екі арасын Мұрын атаң иеленгенде, Барқытбелдің бергі бөктерін — Шағаноба, Шіліктіге дейін сендер қоныс етіндер. Осы жорықта шейіт кеткен Тама батыр мен Кенже батырдың аруағы және солардың кегі үшін жауға қарсы арыстандай алысқан Дәулетбайдың ерлігі осы құрметке әбден лайық... Ендігі міндет — жеңіс ізін суытпай, қалмақтың қайта қайрылуына мұрша бермей, осы жерлерге тезірек қоныс тебу! — деп Қабанбай сөзін бітірді.

Осымен кеңес те аяқталған. Ертеңінде қалың қол атқа қонып, елге қарай бет түзеді. Ең алды — жасыл тулары желбіреп, шашақты найзалары күн нұрына шағылған дулығалы батырлар. Олардың соңында осы жорықтың бар ауыртпалығын көтерсе де, жеңістен кейін соның бәрі ұмыт болып, бастан кешкен қызық хикаяларын айтып тауыса алмай келе жатқан лек-лек сарбаздар... Ең артта қора-қора мал, қос-қос жылқы, артынып-тартынған көш керуені келеді.

Алайда олжаның ең бастысы бұл да емес. Ең үлкен олжа — алды бір ғасыр, арты қырық жылға жуық жау шеңгелінде қалған ата-жұрттың азат болуы еді. Осы бір жеткізбей қойған арманды күнді қазақ елі сарғая күткелі қашан! Осынау ұлы қуанышты айдай әлемге жариялау үшін, кеше қазақ жерінің түкпір-түкпіріне, Абылай мен Әбілмәмбет хандарға қос-қос атпен жаушылар аттанған. Тымақтарын аспанға лақтырып, алақайлап сүйінші сұраған сол ұшқыр атты ұландар да тізгін ұшымен ендігі талай жерге барған болар... Қазір қазақ даласы теңіздей толқып, қуаныштан тасып төгіле жаздап, езінін жеңімпаз ерлерін асыға күтіп жатқаны анық.

Қабанбай бір топ қолбасы батырлар қоршауында, басқалардан оқ бойы алда келе жатқан-ды. Мерейі үстем, көңілі көтеріңкі. Өмірінде талай жорықтан олжалы оралып жүрсе де, өзін діл осы жолғыдай бақытты сезініп көрген емес. Бұрын үнемі еңсесін басып тұратын бір зіл-батпан жүк болушы еді. Сол жүк бүгін иығынан сыпырылып түскендей, тұла бойының жеңілейіп қалғанын аңдады. Бір сәт көкірегін кере тыныс тартып, күні кеше қырғын соғыстардың куәсі болған күзгі далаға, аңсаған ұлдарын ұзатып салғысы келгендей сол қанатта өздерімен жарысып, қалмай келе жатқан Барқытбелдің мұнарлы биіктеріне қараған. Оның көз алдында: ұрыстан қалжыраған қазақ даласы да дәл қазір төрт құбыласы түгенделіп, төрт пұшпағын төрт тарапқа созып жіберіп, еркін тыныстап жатқан батыр сияқтанды.

«Я, пәруардигар! — деп тіледі сардар, көзінен қуаныш жасы парлап тұрып. — Қазақ жерін қан төге, тер төге жүріп, көп машақатпен бір азат етуін еттік-ау! Енді тек осы жеңіс, осы бостандық баянды болғай!».

(Бірінші кітаптың соңы)

Оглавление

БІРІНШІ БӨЛІМ

ЕКІНШІ БӨЛІМ